

833

Ж82

# Тұрсын ЖҰРТБАЙ

“Күйесің,  
жүрек...  
Сүйесің.

Абай  
“Жан  
бостандығы...”  
немесе  
рухани  
тәуелсіздік

83.2(3)az)1-8(жанр)

Тұрсын ЖҮРТБАЙ

№ 82  
к

# “КҮЙЕСІҢ, ЖҮРЕК... СҮЙЕСІҢ!..”

(Абай: “Жан бостандығы...”

немесе  
рухани тәуелсіздік)



АЛМАТЫ “САНАТ” 2001

ББК 84 (Каз) 7-44  
Ж 82

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

**Жұртбай Т.**


Ж 82      Күйесің, жүрек... сүйесің. — Алматы: “Санат”,  
2001. — 408 бет.  
ISBN 5-7090-0115-5

Абайды тану мәселеңі үлтимыздың рухани өміріндегі  
толастамайтын мәдени саясатың мүдделі және күре тамыры  
бағыты болғандықтан да бұл кітаптың маңызы зор

Ж 460202400-08  
416(05)-01 1-2001

ББК 84 (Каз) 7-44

ISBN 5-7090-0115-5



## **“ҚАЙФЫ ШЫҒАР ІЛІМНЕН...”**

**Ой қайрағы**

Жарық дүниеге, Абайдың пайымдауынша айтсақ, “кейіс дүниеге” келген адамның түбінде жалғанның жалғандығына бір көзі жетептіні анық. “Жылап туып, кейіт өлгение” маңдағына жазылғанды басыңдан кешіріп барып, “әурешілікті көре-көре” тіршілік етесің. Қуаныш-ренішін, жұбаныш-жалғандығын, рахат-азабын сезініп, өкініш-ұмтіпен өмірінді откізесің. Түптеп келгенде, мәселе онда емес, мәселе: ғұмырыңның қиуы қалай келсе, соған ыңғайланнып өзінше қам-қаракет жасауында. “Алыстың, жұлыстың, айтыстың, тартыстың” (Абай). Бәрі де көрген түстей бол кейін қалды. Енді өкін мейілі, өкінбе мейілі, бәрібір қайыра қалтына келмейді. Енді ақылыңа азық боларлық жалғыз-ақ жол бар, ол — сол “кейіс дүниеден” мағына іздеу.

Бұл нағын көсемсіп кетті дей корменіз. Мен Абайдың көніл күйінің құлақ бұрауымен сөзімді үндестіріп отырмын. Абайдың сөзінің астарын үғу үшін ең алдымен сол Абайдың жандуниесіндегі запыранды, сезімнің буырқасының өз жүргегінен откізе білуін керек. Жетеміз жетер, не жетпес, тіпті ол біздің мақсатымыз да емес. Мұрат — Абайды түсіну. Сондықтан да Сіз өзіңізге өзіңіз:

“Жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып откіземіз?” — деп Абай қойған сұрақты қойыңыз.

Және сол ұлы Абай:

Қайғылы қартаң біздей шал,  
Қараң берсөң қайда жоқ?  
Есер, есірік болмасаң,  
Тіршіліктен пайда жоқ,—

деп мына жалғаннан соншама неге түніліп кетті?

“Жүргегін қырық жамау еткен” тіршіліктің мұқтаждығы ма, жоқ “етек бастылықты қөп көргендігінен” бе? “Жүргім, ойбай, соқпа енді” деп күйінуінің сыры не?

Күйінсе — Абай күйінді, ал сенің соған нең күйіп кетті — дерсіз. Оның мәнісі: XIX ғасырда орыс қоғамын еркін ойымен,

теннек мінезімен тітіркенткен П.Я.Чаадаевтің: “Мен өз отанымның басына әңгір таяқ орнатуға дайынмын, оны түңілдіруге де дайынмын, тіпті қорлауға да дайынмын, тек оны алдай кормесем еken деп жаңталасам” — деген созінің астарында жатыр. Дәл осы “жасынан түсін билеп, сыр бермеген” — Чаадаевті “Евгений Онегин” романының әдеби кейіткөрі етіп алғандағы Пушкиннің ойын Абай терең түсініт, шерлі серінің жасына жақын санаған. Жоғарыдағы: “Есер, есірік болмасаң, тіршіліктен пайды жоқ” — деуінің бір жаңғырығы осы Чаадаевтің тағдырымен сабактасады. Онегин образы арқылы Абай Чаадаевті сүйген. Оны сүйіндіріп отырған Қасиеті — ыстық отанышылдығы, турашыл, жасын-куйғен мінезі. Сондықтан да Абайды да жасын күймей, ысынып-суынып отырмай, онымен бірге назаланбай “сұық ақылмен” оку мүмкін емес.

Себебі: Абай да “журегіне кір жасырмадаң” ақын.

Айығын айттық, егерде ертеңгі күнімізді қайтып өткізетініңізді білсөніз, не қалај өтері “пайғамбардың хатына жазылғандай” анық болса, онда құдай тілеуіңізді берсін, отінемін, коз отыңызды бұдан өрі қарықтырмай, оқуды осы арадан үзіп тастаңыз. Болашағыңызды біліп тұрып, оған бүгін талдау жасау:

“Елім туралы сөз қозғағанда мен сіздердің журектерінізге тілімің тікенін қадауга мәжбүр болдым: бірақ та мен тек қана шындықты айттым, алайда соның өзі толық шындық емес болатын”, — деп орыстың өрекші ойшылы П.Я.Чаадаев айтқандай, өзініздің жасыңызды көру үшін өз тәніңізді өзініз мүшелеумен бірдей.

Ал, Абай шындық үшін ешкімді де аямайтын өте қатал синши.

Тәнірім ондай азаптың бетін аулақ қылсын сізден. Тек іздегеніңізді таппасаңыз, мұратыңызға жетпесеңіз, жалғаннан жалықсаныз, мәңгіліктің де, бақылыштың да баянсыздығына көзіңіз жетіп, коніліңіз сенсе ғана іштегі шеріңіз еріп, ойныңызға өт құйылса ғана Абайдың “іші толған у мен дерт” жаса дүниесін түсіну сапарына аттанаңыз. Ол Сіздің өзініздің таным сапарыңыз болады.

Абай арқылы өзінізді танысаңыз — мұратқа жеткеніңіз.

Өйткені: “Еркін ой дегеніміздің өзі ойлау жүйесінің бір түрі болып табылады. Еркіндігіңің шегі бар деп немесе шетсіз-шексіз әлем деп ойлайсың ба, бәрібір, әйттеүір, түйсігінді қозғалысқа келтіретін бір себептің бар екенін мойындаисың: сондықтапда сен мұны бостандықтың басы деп емес, шарттылықтың бастамасы деп қарауың керек”, — деп

*Спиноза айтқандағы, бұл да өзініздің ойлау жүйенізді сыйнайтын бір себеп деп қараныз.*

Біз ешкімнің санасына салмақ салмаймыз. Пікірімізді мойындауды міндеп те етпейміз. Дұрыс-бұрыс, ақиқат-жалған, бұрын айтты, кейін айтты демейміз. Керісінше салыстырмайтын нәрсені салыстырамыз. Түзу жолмен әркім жүреді. Жүрсін. Біз ілгері аттау үшін теріс бағытты таңдалық. Өйткені, Жер — Жұмыр, Жалған — Жалғыз, Шындық — біреу. Бетінді құбылаға беріп жүрсөн де, не тұра соған теріс бағытпен жүрсөн де — Меккеге бараңың. Басқа барар жерін жок. “Дүние шыр айналып қазығын табады” дегеннің мағынасы сол. Эрине, біздің жолымыз — таным жолы болуы керек. Танымға таптаурын із жараспайды. Әлеуметтік зерттеу, даналардың ойын жарыстыру әдебиет тануда келмеске кеткен тәсіл дегенді естіп жүрміз. Бірақ ол әдісті қай қазақ жазушысы пайдаланды? Ешкім. Ендеше бізде де бір із қалуы керек қой. Ол да таным жолы емес не! Тарихи ойлау жүйесінің тамырышы В.О.Ключевский: “Адамның ығына жығылмайтын кіслердің екі түрі бар: 1) Өзгөнің сөзінен өзінің пікірін табатындар. 2) Өзінің сөзінде өзгенің пікірін қайталап алатындар” — деп ой енбегімен айналысатындарды екіге болғен екен.

Тура осы сөзді оқыңыздар да бізді коз алдыңызға келтіріпіздер. Жатқа да, жақынға да жек көрінішті корінейін деген ниет жок. Бірақ Абайды озгелермен салыстыра, жарыстыра отырып, оның танымының озгеше қырын таныстыргып келеді. Таптаурыннан бас тарттық. Оның үстіне заманымыз да соған мүмкіндік беріп түр. Кім біледі... Ендеше, Сіз бен бізге өзгелер таныған Абайдың керегі жок, өзіміз тапқан Абайдымыз қымбат.

*Сонымен қалған өмірді қайтіп өткіземіз?*

*Қайтіп өткіземіз?*

Бұл сауалды Сіздерге қою арқылы өздеріңізбен де сырласқалы отырмын. Себебі: фәл осы басытымның оқырмандарының ішінде ақыл тоқтатыған бойжеткен мен бозбала жок. Және барлықтарыңыз да сөздің астарын, оидың емеурінің түсінетін зиялы қауымнансыздар. Ендеше еркін пікірлесудің айып-шамы болмас және мұны жазушының әдеби тәсілі деп түсініңіздер. Қызына жазған хаты арқылы бүкіл Индияның саяси-әлеуметтік, даму тарихын баяндан берген қайраткердің бар екенин еске алсақ та жеткілікті гой. Ал, Абайдың жандүниесіне бойлан кіру үшін Сіздерді ортақтастыруға тырысуымының мәні — адассақ бірге адасайық. Өйткені: “Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның олғен. Қапашыл-

дықтың бәрі — соның басында” — деп Абай айтқандай жалғыздықтан бой тартқым келіп отыр. Сіздерді көз алдыма елестете отырып П.Я.Чаадаевтің: “Еркін ойлы адамдар Францияда қайтеді? Ойын ашық айтады. Англияда ше? Оны тәжірибе арқылы сынап көреді. Германияда ше? Оны бойына сініреді. Ал бізде не істейді дейсіздер ме? Тіс жармайды: мұның себебін білесіздер ме?” — деген пікіріне сүйеніп, әңгіме өрбітейін.

Сонымен, біздің әлі бір нәрседен үмітіміз бар. Ақылымыз сүйіп, жүргегіміздің от қызыу басылып, тіршіліктен алар дәмелі събағамыз таусылып үлгерген жок. Бұл, әрине, сөзімізге жан бітіреді. Біз — беріліп қайғырмайтын, тубегейлеп түнілмейтін, құр қиялға ермейтін; адамдарды — күнім түсестін және күнім түспейтін; дүниені — қажетті, қажетсіз; кәсіпті — керегіме жарайды, жарамайды деп тіршілікке тұтыну тұрғысынан қарайтын, тіршілігімізді таным арқылы танудан горі тұрмыс тәжірибесіне бейімдейтін замана үрпактарымыз. Сондықтан Абайдың дүниеден тұнілуі бізге түсініксіз.

Бірақ: “Барлық неміс ақындарының ішінен мен тек Гетеғе ғана қарыздармын: ол менің мұқым ықылас-ниетімді өзіне аударып алды да, кейде түнілдірді, кейде жұбатып шабыттандырды, кейде өзінің соңынан ертіп әкетеді, кейде тұра өзімен пікір таластыруға шақырады”, — деп Нобель сыйылышының иесі Герман Гессе айтқандай, осы бізді қазақ ретіндеге түнілдіретін, қуат беретін, немесе шапалакпен тартып жіберетін Абайдан басқа кіміміз бар?

Ендеше, есептен есесін жібермейтін ептілердің дөүірінің төлі емеспіз бе, біз мұны Зерде мен Зейіннің “оійны” деп қарайық. Абай: “Ойлы адамға қызық жок бұл жалғанда” — деп неге түніледі? Бұрынғы, Кешегі, Бұғінгі дүниені салыстырайық та Абайдың бетін бері қаратуға тырысайық. Табатын пайдамыз — Шындық болсын. Таным Шындығы. Біз ара ағайын ретіндеге үшінші жақтан сойлейік. Және жас мөлшеріміз алпыс төрттің бер жағында, қырықтың ар жағында деп шамалайық. Себебі тіршіліктің көкпарынан қайтпаған, дүние додасында жүрген жас қайраттың бетінен қакпайық. Онсыз да үміті көлеңкелене бастаған, жалғанның жазығынан өтіп жарына тақаған жандардың үрейін алмайық. Қөнілдеріне де келмесін, ондай күн бізді де күтіп тұрганы хақ.

Бұған келістік делік. Ал, жалғанның жалғандығы туралы, яғни, Абайдың түніліп өтүйнің себебін ашатын әңгімені неден бастаймыз? Дүниенің баянсыздығынан ба? Жоқ, бұған көз

жеткізу үшін адам қалған қызықтын бәрінен жалығын үлгеруі керек кой. Адамның қызығы бала емес не? Бала адамды жарық дүниемен жалған тұрған тамыр. Тамырды ерте кеспейік. Және Абай бала тәрбиесін — ел тәрбиесі деп қараган. Оған жету үшін де біраз жол қажет. О, таптық! Бала мен Дананың жасын бірдей арбайтын Билік бар емес не! Абайдың өзі де: “Бұл жасқа келгенше жасқы өткіздік не, жаман өткіздік не, әйтегір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айттыстық, тартыстық” — дегенде сол билікті мегゼн отырғой.

Абайды — Абай еткен де, Ұлылардың ойына тамыздық болатын да сол билік емес не. Дананың өз заманына деген көзқарасын анықтайтын тез — өзі өмір сүрген қоғамы. Жаратылыс тану ғылымын кім білсін, ал қоғамдық сана іліміндегі ұлылардың ұлылығын өз дәуірі тұғызады. В.О.Ключевскийдің: “Егер мен Петр I мен Екатерина II арасындағы екі дәуірдің табанды түрде дайындауының нәтижесінде Пушкиннің ақындық таланты дүниеге келді десем — асырып айтқандыққа жатпайды. Біздің тарихымыздың бүкіл бір ғасыры орыс көркем ойының осындағы данасын өмірге әкелу үшін орыс өмірін мәнделеп-ак бақты” — дегі сондықтан. Ал, Абайды тудыру үшін қазақ халқы Абайға дейінгі барлық тағдырын тарих таразысына салды. Абайды өзінің “соктықпалы сокпақсыз” заманы тудырды. Заманының тізгіні Билікті болды.

Биліктің тізгіні қолына бір тимеген адам Өмірден қалай жалыға қойсын. Сенбесеңіз, иманыңызды аузыңызға алып тұрып, Ақ Орданың ішіне кіріп, төріне шыққым келмейді немесе шыққым келмен еді деңізі! Пиғылыңыздың согуы — соққан, ниетініз болған, тоқтатса Ақылыңыз тоқтатты. Ал Абайға ақылы тоқтау айта алмаған. Себебі:

Озім де басқа шауып, төске өрлемедім,  
Қазакта кара сөзге дес бермелім’ —

деп тегін айтып отырған жоқ және “Өзім деген қазактың бәрін көрген”.

Кезінде “екі тізгін, бір шылбырды” қатар үстаган. Бірақ Биліктің де мағынасыздығына көзі жеткен сон, жерініп шыға келген. Жүргегі запы болған Абай үшін билік: ақылы — албырт, жүргегі — шайлықтаған, қайратты, құшті кезінде аңдамай уыстап алған шоқ, “емдеусіз дерптің” бірі болды. Сондықтан да: “Ел бағу? Жоқ. Елге бағым жоқ. Бағусыз дерптек үшырайын деген кісі бақпаса, не албырттықтан көңілі басылмаган жастар бағамын демесе, бізді құдай сактасын!” — деп зәрезен

болып, бетін басады. Құдай бізді де ондай дерптен сақтасын дейік. “Бағысыз дертке ушырап” неміз бар?!

Шындығында да біз Ұлы Біліктің дәмін татқамыз жок, соның озі де жақсы-ау. Абайдың айтуынша Білік пен Байлыш күмарыңды — құнығуга айналдырып, құныққанның үстінен құнықтыра беретін анын сияқты пөле корінеді. Баға — анау, жалалық — манау, бізге енді сол байлығы құрғыр да конбас, білем. Сырымды сезіп, барымды біліп қалауды дейтін түгіміз жок. Ендеше ниет — таза, сезім — ақ. Абайша айтқанда, “ниғызымыз қалыс”. Дүниеде бір шындықтың бар екеніне “иланып сенеміз” (Абай).

Жә, бәрі дұрыс, бірақ осыншама азанты өз басымызға сатып алудың мақсаты не? Не үшін? Біzsіз де Абайды жүрт біледі және одан асырып ештеңе айта алмайсың. Абай сияқты біздің миқабымыз — Ақылдың қоры емес. Иә, дәл осылай бірімізді-біріміз қайран біраз уақыт қаржасуға болар еді. Бірақ... бұл түңілу де, шүйлігу де емес. Сіздерді Абайдың “құлақ қүйіне” түсіру, сөл де болса үйреншікті қалыпта ойлан тақыстаниң қалған түсінігімізді “жібіту” еді.

Біз үшін Біліктің Әлеуметтік астары және бар. Өйткені Білік тәуелділік пен тәуелсіздікті тудырады. Ол бір адамның екінші адамға, бір ұлттың екінші ұлтқа деген қарым-қатынасынан туып жатыр ма, бәрі бір. Еркіндікті сүйіп, ендаланы кезген қазақ ұлты, әрбір қазак үшін рухани тәуелсіздіктің құны — әмір мен олім арасындағы айырмашылықпен нара-пар олшенеді. Осы соңғы 250 жыл ішінде тәуелсіздіктің осы бір түрі қазақ ұлтының жасын жесегідей жеп, іштен кеміріп бітті. Әмірі түрме түрғызып көрмеген ұлт үшін рухани тәуелділік оның рухын жансебіл күйге үшіраратты. Соның бірі және рухани тәуелділікті қатты сезінген тұлға — Абай. Дәл осы айтылған коніл күйі мен философиялық ойлар Абайдың жасын жесеген, жүргегін шымшыған жайлар. П.Я.Чаадаевтың: “Құлдыққа құлдық үрган ұлт — касіретті ұлт. Ол халық құл болу үшін жаралыған” деген пікірінің Қазақ еліне қарата мағаны және оның тарихи шындыққа жетпайтыны аян. Бірақ тәуелділік психологиясы ұлттымыздың бойына сіңбеді деп ешкім де жалған намыс етеп қоймас. Мұны Абай да жанға батыра айткан. Мүмкін біздің әдебі елкітіре баяндаған созіміздің желісін шыжымдан отырып аңғармай қалуыңыз ықтимал. Онда қайтадан бір саралаптызыбы. Әмірдің мәні, Мәңгілік Үғым, Мықты Білік, Үліттық Мактанды, Үліттық Сана, Таза Пиғыл, Әділ Зап, Толық Адам, Жан Бостандығы, Рухани Тәуелсіздік, Тәуелсіз Ой, Қайырымды Байлық, Ел Тәрбиесі іспетті үғымдардың

елесін байқарсыз. Жоңе сол үғымдарды біз Абайдың тұсінігімен жүргелей жаздық. Тек сөз бен сөйлем басқа, ой мен пікір Абайдың озінікі. Ал, Абайдың ойы тұңғышық. Оның әр сөзіне арнағы зерттеу жазса да асылық етпейді.

Ойткені, ол біздің Ұлтымыздың Дүниеге атын таратқан қайталанбайтын Данамыз. Біз сол Абай арқылы Әлем халқының алдында озіміздің Ұлт ретінде омір сүруге қақымыз бар екендігін дәлелдейдік. Рабинранат Тағордың:

“Әр халық өзінің тағдыр-тауқыметін әлем алдында айта алғатын болуы керек. Егер ол халық төрткүл дүние үшін рухани ештенде бере алмаса, онда мұны ұлттық қасиетті қылмыс деп бағалау қажет, бұл өлімнен де сорақы жай және оны исі адамзат ешқашанда кешірмейді. Әр ұлт өзінің ең асыл қасиеттерін адамзатқа ортақ қазынага айналдыруы тиіс... Өзінің ғана жеке мұддесін жеңіп, оны сыртқа шығару арқылы бұл халық өзінің рухани мәдениетінің салтанатына бүкіл адамзатты шақыра алады”, — деп жазғаны дүние жүзіне кеңінен тарап кетіп еді.

Біз мұндай әлемдік Сананың салтанатына Абай арқылы қатысып отырмыз. Яғни, қазақ ұлтының дүние жүзілік Парасат майданына шығарған ұлы Ғұласы — Абай. Өзгелерге таныту арқылы өз мәдениетіміздің үлгісін озгелерге ұсынамыз. Сол Абайдың асыл ойын өзге түгіл өзіміз терең тусіне алдық деп айта аламыз ба? Әлі де Абайды бір жақты, қасаң тартқан қағидалар арқылы танып келеміз. Ондай жеңіл-желті тәсілге Абай көне қоймайды. Тек қана “толық адам” деген үғымның өзін таратып беру үшін Шығыс пен Батыс философтарының барлық еңбектерін қотарып шығып барып ой түюгө тура келеді. Абайды тұсінін оқу үшін сидыра коз жүргірту не жалал җасаттан алу жеткіліксіз, оның “жүргегінің түбіне терең бойлау” шарт.

Абай — ұлттық ар-ожданымыз. Әрбір қазақтың жүргегінде өзінің Абайының бейнесі сақталуы тиіс. Сондыктан да Сізді білмеймін, өз басым — көсібім — “оі сауын”, “сөз қуу” болғандықтан да, дүние ойшылдарының ойы мен пікірлерінің Абайдың ойымен тоғысын жатқан тұстарын қөшіріп алып, екеуін қатар қойып салыстыруды біраз жылдан бері машық етіп ем. Салыстырмайтын норсені салыстырамыз дегенінің астарындағы емеурін осы еді. Мүмкін бұл пікірді қабылдамасыздар. Бірақ тентек ойшыл П.Я.Чаадаевтің: “Сіз идеяның өкілі ретіндегі уәжілдіктен дәметесіз бе: оданша өзінізге тол идея тауып алуға тырысыныз, борінен дұрысы сол”, деген пікірін сізге де қарата айтамыз. Ал біздің идеямыз — рухани тәуелсіздік. Сол үшін әр ойшылдың пікірін еркімізше

пайдаландық, әрі еркін қолдандық. Кейде сениң түсіндіруіннен ғөрі дәл айтылған дананың пікірі әлдекайда тиімдірек және жеке талдауды сол саланың мамандарына қалдырыбық. Сондай-ақ Абайдың көзқарастары кейде жаңсақ түсіндіріліп келеді. Соның бірі — рухани тәуелсіздік, жан бостандығы, бодандық деген үғымдар. Міне, осы бағытта ой сабактасақ деп едік. Абайдың өзі:

**“Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса — жазып алсын, я оқысың; керегі жоқ десе — өз сөзім өзімдікі”** демей ме?

Сол сияқты, сөз — бізден, зейін — сіздерден.

Сонымен, Абайды: “Мен өзім тірі болсам да анық тірі емесін” — деп айтуға мәжбүр еткен қандай жағдай?





*Бірінші бөлім*

**“Күйесің,  
жүрек,  
күйесің...”**



## **1. “ТҮЗЕТПЕК ЕДІМ ЗАМАНДЫ...”**

*(Абай және отарлау саясаты)*

### **I**

Адамзаттың ақыл-ойының даму тарихы туралы сөз қозғалғанда, мына біз, қазак ұлтының перзенттері, жат жүрттардың алдына даналықтың үлгісі ретінде неге Абайды мақтанышпен атаймыз?

Әлем толық танып болмаған, олардың жүргегіне жетіп, санасына сінбеген, оның үстіне мұлдем өзге ойлау жүйесі мен өмір сүру құбылтысына ие тұлғаны дүниеауильтаналармен қатар қоюымызға, тіпті кей тұста оған ешкімді тенгермеуімізге қақымыз бар ма?

Ар-ұттымызды, ұлттық намысымызды, ой-парасаттымызды кепілдікке бере отырып, ашығын айтайық: еш алансыз сеніммен “Бар” деп мәлімдей аламыз. Ойткені, Абай — қазақ халқының ар-ожданы, ұлттық мақтанышы және намысы. Ол тек қана қазақ елінің тегін тектегендеганда қасиеті артатын ұлы тұлға емес, қадым заманынан бері көшпендер мәдениетінің барлық болмысын бойына сінірген жиынтық қасиет. Абай қазақ ұлтының ұлт бол өмір сүргендігінің және ұлт ретінде өмір сүрүте хұқы барлығының кепілі. Себебі, дүние жүзілік ауқымға сай қазактың ұлттық санасын оятқан және оны қалыптастырыған адам — Абай. Озге де дара тұлғалар қазақ жерінде өмір сүрді. Алайда соның барлығы тұтаса келіп Абайды толықтырады.

Бұл — шындық. Себебі...

Абай өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін менгерген, бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көркем ойының мүмкіндігін танытқан, сол арқылы адамзат санасының дамуына үлес қосқан дара дана. Қазактың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов туралы: “Мұхтар Әуезов — бүкіл түркі халқының әлемдік мәдениетке қосқан ұлы үлесі” — деп пікір білдірген Шыңғыс Айтматовтың бұл сөзін сөл өзгертип: “Абай — мұқым көшпелілер мәдениетінің әлемдік рухани қазынаға қосқан ұлы үлесі” — деп айтуға болады. Ойткені, Абайдың өмірі мен шығармасы — көшпелі өмір мен отырықшы өмірдің арасындағы тіршіліктің, танымның,

мәдениеттің, салт-сананың, рухани өмірдің, заң мен дәстүрлің, билік пен қоғамдық қайшылықтың, тұрмыстың, көзкарастың алмағайып арбасқан тұсының толық көрінісі болып табылады.

Шығармаларындағы ұлы тоғыс пен толғаныстарды былай қойғанда, оның жеке өмірінің өзі ірі-ірі рухани және дүниесе трагедияларға толы болды.

Ол ескі көшпенде өмір мен жаңа қоғамдық қатынастардың қақтығысып “бір заманды екінші заман илемек болып” жатқан тұста өмір сүргендіктен де — бүкіл болмыс-бітімі мен ойлау жүйесі “дәстүрлі қазак пен дәстүрлі ақындардан” мүлдем бөлекші тұрды. Абай өзінің тіршіліктері характері арқылы еркін елінің ен жайлаудан айрылып, ұлы отарлық бұғауға түсіп, көшпелі өмірдің бодандықта бұлығатынына көзі анық жетті. Әсіресе, ұлтының “Жан бостандығының тұншыққаны” оған қатты батты.

Абай көшпелі заманың соңғы, жаңа низамның алғашкы Ұлы тұлғасы болды. Сондықтан да оның шығармаларындағы жан күйзелісі қазак халқының қасіреті мен рухани дүниесінің айнасына айналды. Көшпелі қоғамның ұлы катарсисі тұсында ұлы ақын өмірге келді. Абай өзінің “заманды заман билеп” жатқан тұстағы арпағысты сезімін ақылына суарып, откен мен жаңаның арасындағы құбылыстарды тең байқап, оны өлеңіне өзек етті. Абайдың өлендеріндегі Ұлы күйзелісінің, “жүргегінің басына у мен дерттің толуының” және:

*Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңдан кеткен соң сенде өз ырқын —*

деуінің запыранды қыжылы осында.

Ол өз ұлты басынан кешіп отырған екі өмірдің де Уымен Балын қанып ішті. “Ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей” — деуінің өзі сондықтан. Абайдың “жүргегін ашып көрген адамның жанынан шошуы да” тарихи занұлдылық. Өйткені:

“Ұлы тұлғалардың өмірдегі қаракеті — халық өмірінің көзге түсер талмалы тұсына дөп келді. Ұлы тұлғалар көзге көрінбейтін жұмбақ құбылыс арқылы төңірегімен тіл табыса отырып, көпшіліктің ұсақ-түйек, быт-шыты шыққан мүддесі мен мұратының басын қосып, өзінің жеке толғанысы арқылы оны ұлы мақсат пен құреке жұмылдырады; сөйті отырып, сол қоғамның бойына жиған қуат-күші мен мүмкіндігін ашады да оның будан әрі қарайғы даму жолын көрсетіп береді. Мұндай ұлы қайраткерлік — халықтың сананың даму көрсеткіші әрі олардың тағдырының қай-

бағытта даму керектігінің құбылнамасы болып табылады. Сол тұлғаның келбетінен біз, айнаға қарағандағы өз сүкпітымызды көреміз, сол бейненің жанар оты арқылы өзіміздің жүргегімізге үнілеміз, сонда олар бізге — өзіміздің өзімізге түсіндіріп береді. Ұлылардың құлпытасының қасиеттілігі сонда, олар халықтың ұлттық санасына үнемі жан бітіріп отырады”.

Ұлы Пушкин қақында айтылған В.О.Ключевскийдің бұл сөзін Абайға қараты қолдануға да болады. Ол өзінің туындылары арқылы қазақ ұлтының “бас-басына би болған... өңкей қықым” мұдделерінің басын қосып, ұлттық тұтас мақсатқа айналдырыды. Сол арқылы жол көрсетті. Әрқайсымыздың “жүргегімізге үніліп”, “калың елім, қазағым, кайран жұртый” деп, “бірінді қазақ — бірін дос, көрмесен істін бәрі бос” — деп рухымызды тұтастырып, мұдлемізді біріктіріп кетті. Абайдың қазақ халқының алдындағы ұлы қайраткерлігінің бір сарасы осы.

Жалпы, Абайды толық түсіну үшін оның өскен ортасын және сол тұстағы бодандық пен толықтай басыбайлы отаршылдыққа бет алған қазақ елінің басынан кешкен заманы мен түйікқа тірелген тағдырын жан-жакты әрі тереңдеп сарапау кажет. Себебі, “желмен бірге желдей ескен” еркін тіршілікке отаршыл темір бүгая тұсті. Фасырлардан бері кең даланы емен жайлап, қаздай тізіліп, қозғалуын тоқтатпаған Ұлы Көш құрдымға кеп тірелді. Енді бір аттаса — тарихтың шынырауына құлап, діні де, тілі де, салт-дәстүрі де, ойлау жүйесі де, құнқоріс қам-қаракеті де, түрі мен киімі де, билік пен заң жүйесі де, тәлім-тәрбие ғұрпы да құрып, Басыбайлылықтың жылымы жұтып қоюға әзір түр еді. Ойткени, Жаһангер Жаһил Империя — Ресейдің саясаты:

“Егер мемлекеттің мұддесі қажет ететін болса — онда қазақтарды құрбандыққа шалуга ешкім қарсы болмайды” — деген комағайлық пен қорқау пифылға негізделген болатын.

Яғни, Өзінің қандастарын — “басыбайлы шаруаларды еркіндікке шығара отырып, оның есесіне “Азияның қақпасы” (Петр I сөзі) — қазақ даласын толықтай Басыбайлы бейшараға айналдырып, қазақтарды шоқындыру еді, егер оған қоңбесе — “ұлт үшін әскери серуен жасап”, оларды жер бетінен бүтіндей жойып жіберу еді. Жаһил Жаһангерге — ел емес, жер керек болатын. Қазақ даласын отарлаудың жоспарын жасаған сұркия саясаткер граф Нессельрод Николай I патшага:

“Өкіметтің щекарадан тыс жерге көз тігудегі басты мақсаты — егін егетін жерді игеру... Ол үшін: қазақтардан

**көшіп жүрген мекендерінен кетіп, жерді тазартуын талап ету керек” — деп жазды.**

Ал, қазақ халқын айламен, аярлықпен алдарката отырып шоқындыру, оған қөнбесе қызыл қырғынға батырып, “крест жорығын” жасау туралы 1891 жылғы және 1902 жылғы Архирей басқармасының хатымен Абай таныс еді. Абай рухани сәйкесіздікті өлеңдерінде де, қара сөздерінде де ашына айтты.

*Үрүсса орыс,  
Елге болыс,  
Үйден үрген им күсан —*

шыға келетінін Абай өзінің “етекбасты” өмірінде күнде көрді.

Ол отаршылдық биліктің ғұнсырлығына барынша жеккөрініштілікпен қарады.

Өкінішке орай тұңғиық заманның тұтқасын таба алмады.

Бодан елдің ұлы түгілі ұлы империяның төл перзенттері де түйікқа тірелген Ресейдің тұңғиықтан шығар жолын таба алмай жанталасты. П.Я.Чаадаевтың да отанышыл жүрегі булыға соғып: “Жат халықтардың ғана мұддесі үшін емес, ең бастысы соның (Ресейдің — Т.Ж) өз мұддесі үшін оны (Ресейді — Т.Ж.) жаңа жолмен журуге мәжбүр етсек — өте пайдалы болар еді-ау” — деп күйінді. Жатқа да, жақынға да ескерте кететін жай: біздің пікіріміз ешқашанда орыс ұлтына қарсы бағытталмаған. Отаршыл империялық жүйеге деген қарсылық. Ол жүйе ең алдымен орыс ұлтының дамуын тежеп, орыс тарихын сергелденге салып, орыс ұлтының тағдырына кесірін тигізді. Сондықтан да шам көріп, шамкөстік таныту — өз тарихын сыйламау болып табылады. Ал, отаршыл саясатты ешкім де актайды.

Абайдың тағдыры мен тауқыметті толғаныстарының тамырын өзі өмір сүрген заманынан, отаршылдық езгіден бөліп алып қарau мүмкін емес. Осы уақытқа дейін Абайдың зарға толы өлеңдерін бай мен болысқа ғана қаратыла айтылған, орыстың шенеуніктерін ғана әшкерелеген деп бағалап келдік. Шындығына сайғанда, Абай осы туындылар арқылы Ресейдің отаршылдық пиғылын, құлдыққа айналдырмақ болған құлқын қолқасымен суыра әшкереледі. Эйтпесе:

*Орыс айтты: Өзіңе ерік берем деп,  
Кімдің сүйіп сыйласаң бек көрем деп.  
Бұзылмаса оған жүрт түзелген жок —*

деп еріккеннен айтты дейсіз бе?

Мейлі бай, болыс, кедей, қыдырмашы, жарлы, жағымпаз, жақсы мен жаман туралы болсын, мейлі ұлық пен билік, Алла мен Ар туралы болсын, қай өлеңін алсаңыз да онда ең алдымен “елінің мүддесі” козғалады. Абайды “Ел” деген ұғымды қарауылға ала отырып түсіндірмеу — қарабайрылышқа ұрыну деген сөз. Біз оның Ең Ұлы Нысанасын, “гүлденген ой өлкесін” жапырақсыз, тамырсыз қалдырып та, ак сөңкеге айналған ағаш сияқты жаттанды, сыйған сілтемелермен бүркемеледік.

Өйткені:

Абай — кез келген идеология үшін ең қауіпті тұлға.

Ол ешқандай ақыл-ойдың, сезім тамырдың, биліктің, заның өлшеміне сыймайды. “Қалай айтылып кетсе — жайы сол”. Ал ондай адамды: отаршыл саясатты мойындасты, “дүниенің кілті” — отарлануда, онсыз өмірің тұл деп — айтты деп түсіндіру қәдімгі тоңмойындық, топастық. Егерде рухани тәуелділіктің халықты жұтататын қылқұрт екенін сезінбесе, Абай онда “жан бостандығы” туралы пікір қозғамас еді. Ол осынау теріс баққан заманның бетін бері қайырып, елімен еңшілестіргісі келді. Оны өзі:

Тұзетпек едім заманды,  
Озімді тым-ак зор тұтын —

деп мойындасты да.

Толғана жүріп түнілді, түніле жүріп толғанды, ақыры — торықты. Оны торықтырган “барымта мен партияның” “мастығы”, “апиыншысы” (құмар) болған “сыптыра елірме” (“белая горячка”), сүркія (“провокатор”) болған елі және... елін солай мәңгүрттендірген Жаһангер Жәніл — Империяның басыбайлы отарлау пиғылы!

Абай мұны білді және білгенде қандай! Сондықтан да:

Оздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Оз колыннан кеткен соң енді өз ырқың —

деп отыр.

Бұл дегеніңіз бір кітапқа жүк болуға татитын астарлы сөз.

## II

Зады, Ұлылардың пікірімен тым еркін араласуға болмайды. Бұл өте қауіпті жайт. Себебі, даналардың ой астарының қат-қабаты көп және сол пікірдің қылы-қылы жағдайда және басқаша емеуінмен айтылуы мүмкін. Сол

сияқты Абайдың да сөздерін өз ойына бағындыра қолдану аса иждаһаттылықты талап етеді. Өре мен ойдың арасындағы жіктің жымдаспай қалатын жайлары өте жи ұшырасады. Философиялық ұтымдарды былай қоя тұрып жоғарыда келтірілген “Тоғызының сөздегі”: “тірі емеспін” деген үғыммен “Қайғы шығар өлімнен” дегенді қалай талқыласақ болады? Абайдың шығармаларындағы қасіретті сарынды (трагизмді) оның өмір сүрген заманынан көріп келдік. Бұл дұрыс.

Бірақ сол заманың қай қасіреті оның жүрегін “қырық жамау етті” әрі “жабықтырды”?

Дұрыс, Абай өз заманына сыймады. “Халқы надан болды”. Билік пен мансапты қекседі. Сол үшін бір-бірінің жағасынан алды. “Айтысты. Тартысты. Жұлысты”. Абайдың өзі де ел ісіне он үш жасынан бастап араласты. Өзі сынаған “тартыстан” елу жасқа дейін бойын аулақ салған жоқ. Еркімен болсын, еріксіз болсын, әйтеуір өз дәуіріндегі ірі оқиғалардың ішінде журді. Сырт қалған жоқ. Қазақ халқын қалай билеу керектігі туралы Заң жобасын да жасады. Былайша айтқанда Абай өз дәуіріндегі қазақ халқының ең бақытты әрі беделді адамының қолы жетер игліктің бәрін көрді.

Ендеше халқына қарап торығатындағы ұлы себеп жоқ.

Ұлылар қай заманда да жалғыз. Олар қай дәуірде өмір сүрсе де өз заманынан озып туады. Соның барлығы дүниеден түнілуге алып келмейді. Гетеңін, Пушкиннің, Толстойдың кезінде Билік пен мансап мәселесі болмады деп кім айта алады.

Ендеше Абайдың өз елінен жерінетіндегі реті жоқ екен.

Бай мен кедейдің арасындағы өлеуметтік тартыс Абай шығармаларындағы басты трагизм емес. Түнілудің түбірі басқада.

Әйтпесе, “байтар да мал қызығын біле алмай жүр” демес еді.

Ол халқын жақсылыққа бағыттады. Ол үшін күресті. Ақыры түнілді. Түнілгенде ұлтынан үмітсізденген жоқ. Ұлтының болашақ тағдырының тұманда түрғаны күйіндірді. Оны түнілдірген біз осы уақытқа дейін жігін ашпай келген ұлы империялық отарлаудың жаһилдік және өте сұркия саясаты еді. Абайдың орыс білімі туралы жылы пікірлерінен мысал алып, оны сол халыққа дәлірек айтсақ орыс ұлтына емес, ұлы империяға деген шексіз махаббатының белгісі ретінде даурығыса жамырап, оны ұранға айналдырыды. Менің ойымша бұл әрекет арқылы біз Абайға қиянат жасап келдік. Өзінің ойлаңызшы, өзге-өзге ұлы Абай өз ұлтының отарлық

еңгіде тұншығып отырғанын сезбеуі, көрмеуі, ол туралы ойланбауы мүмкін бе? Егер ойлана қалса, онда қазақ халқының азат ел болғанын қаламады дейсіз бе? Олай болуы мүмкін емес. Елінің бұғауда тұрганын және ол бұғаудың бір күні тұзаққа айналарын білді.

Біліп қана қойған жоқ, басынан кешірді.

Өмірінің соңғы жылдарындағы ақын жүрегін жаралаған ең ауыр оқиғалардың бірі — патша жандаралдарының үйін тінтуи және оны астыртын бақылауға алуы еді. Дала данышпаны дәл сол жылы рухани басыбайлылықтың қазақ халқына мықтап төнгеніне көзі жетті. Оның түнілуіне себепкер жайдың бірі осы. “Мұсылман діншілдерінің реакциялық қозғалысы туралы” қылмыстық іс қозғап, соған Абайды да іліктіре кетеді. Тінту кезінде төмендегі “Жарлық” Абайдың үйінен табылады. Тергеу ісінде тіркеулі тұрған “Жарлық” қазакты шоқындыру туралы мәселе қозғайды. Бұл “Жарлықты” Абай оқыған. Біз де оқысық:

“1891 жылы қыркүйек айында Діни (архирей) басқарма Мәртебелі Ағзамға мұсылмандардың арасында Иса пайғамбардың православиелік дінін тарату туралы ұсыныс айтқан еді. 1902 жылы наурызда Мәртебелі Ағзамның бекіткен заңына сәйкес мемлекеттік қупия істер жөніндегі кенесші: “Патшаның бодандығындағы барлық бағыныштылар бір дінге көшуі керек, бірақ та оларды бағындыру және шоқындыру, бір дінге Ережеге байланысты қупия, ыңшыңсыз, бірте-бірте, күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда аскан ептілікпен, айламен, “олардың өздері дінге кіруге ризалық берген-міс” — деген желеумен жүргізілуі тиіс. “Оздері православие дініне өтүге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енеді” — деген айлалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек” — деп нұсқау берді.

Бұл құжатты оқығанда Абайдың қандай көңіл күйде болғанын түсіну қын емес. Таным тұрғысынан алғанда оның халқын заман-акыр күтіл түр еді. Өмірінің соңында “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деп өлең жазған және кара сөздерінде дін мен иман туралы бірнеше ғақлия жазған Абайды рухани шоқындырудың еш кисыны жок болатын. Сондай-ақ, Семей қаласындағы діни айтыстар да Абайға мәлім болатын. Шіркеудің тақуаларымен Абайдың өзі де бірнеше рет айтыска түсті. Елінің ертеңін ойлаған жан үшін осы құжаттың өзі де жүргегінің басына құюға жетіп жатыр еді.

Абай жаһангерлік бодандықты, рухани тәуелділікті, ұлттық езгіні өте жақсы сезінді. Сонда өз қолыннан билігін кетіп отырған нәрсең не? Тәуелділік! Тәуелділік болғанда

жай тәуелділік емес, толық тәуелділік! Осы толық тәуелділік дегеніміз не? Ол — экономикалық, саяси-әлеуметтік, әкімшілік және ең бастысы рухани тәуелділік! Абай сол тәуелділіктің әр кайсысын терен сезініп, құмыға отырып өлеңмен ой түйген. “Үмітсіздіктің басы” жеке өзінің тағдырында емес, Елінің басыбайлылығында жатыр. Ол — елінің ертеңін ойлап туңғылған. Абай жеке өзінің ғана емес, мұқым елінің рухани бостандығын аңсаған. Ол Елін емінтіп қойған Басыбайлылықты “өңшең нольден” көрген. Соған ішінде үйде ашыған Абай:

“Сократқа у ішкізген. Ионна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп, ендеше көpte ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал” — дейді.

Сол көптің бірі — бізбіз. Ал, қалай көмпіс болдық, ол дербес өнгіме.

## 2. “ӨЗ ҚОЛЫҢНАН КЕТКЕН СОҢ ЕНДІ ӨЗ ЕРКІҢ...”

(*Абай және рухани бостандық мәселесі*)

Адамзаттың тарихы — Рухани Бостандықтың тарихы.

Әлмисақтан бері ақыл иесінің Сыртқы Дүниенің, Ішкі Элемнің, Қоршаған Ортаның өктемдігіне қарсы күресі еш толастаған емес. Дін де, Мемлекет те, Қогамдық құрылымдар да оның “жан бостандығына” (*Абай*) үмтүлған құштарлығын қанағаттандырмаған. Өктемдіктің жолы қүштейіп, оның тамыры “үкімет зорлығы” (*Абай*) арқылы рухани тәуелділікке барып тірелді. Жаһилдік бұл түзлімнің адамзатты арандатқанына да ықылым заман өтті. Әлмисақтан басталған өктемдік XX ғасырда өзінің шегіне жетті. Сол жаһилдік өктемдікті жүргізуілер де, оған қарсы тұруышылар да өзара құресті еш тоқтатқан жоқ.

Даналардың ойы осы қарама-қайшылықты шешіп беруге дәрменсіздік танытты.

Жаһилдік отарлау рухы өмір сүріп тұрғанда Рухани бостандықтың рухы да өлмек емес. “Жан бостандығына” жету жолында түрлі амал іздең, қылыштықтың тағдырыды басынан кепшил, түрлі діни сенімдерді ұстанып, соны медет тұтқан үлттар мен ұлыстардың мұддесі рухани мойынсұнбауға алып келеді.

Мұны үлттық мұдде деген үғым толық бере алады.

Қашшама дана, инсаншыл, өділетті болғанмен өз Ұлтының мұддесі үшін бүйірі бүрмәған данышпан жоқ.

Аристотель — Ескендір Зұлхарнайынның, Конфуций — Хань патшалығының, Гете — неміс шаһзадасының, Пушкин — орыс империясының, Бұқар жырау — Абылайдың, Нысанбай — Кенесарының рухымен өмір сүрді. Бұлардың ешқайсысы өз заманының шапанын шешіп тастаған жоқ.

Ал олардың ішкі бұлқынысы мен бұырқанысына келетін болсақ, оның тегеурінің түпкі топшысы — рухани тәуелсіздік.

Ұлылар алмағайып күйсіз (“раздвоение личности”) даналық кемерінен аспаған. Олар өз заманының рухымен, бірақ іштей қасарысып, тістесіп, тісін басып өмір сүрді. Бұл ретте орыс ойшылы Н.А.Бердяевтің:

“**Тек қана Пушкиндеға, озық ойлы бірден-бір орыс адамындаға өмірге басқаша көзқарас жылт ете түсті. Пушкин өзінің бойына зиялыштардың ойлау жүйесі мен империялық ойлау жүйесін қатар сіндіре алды. Ол төңкерісшіл өлеңдер жазды, бірақ та ол ұлы державалық орыс өктемедігінің ақыны болып қалды**” — деген пікірі өте дәл айтылған.

Қандай ғулама болмасын оның санасында өзі өмір сүрген дәуірдің сәулемі мен қоленкесі түспей тұрмайды. Мұндай құбылыстан Абай да бойын аулақ сала алмаған.

Ол жөнінде Мұхтар Әуезов:

“Ел ішінің сөзі мен тартысуында, араздық-жаулығында көпті билеп, өмір жүргізген уақытта өз бетіне көпшілікті бағындыруда Абай түгелімен әкесінің шәкірті болған. Өзге әке болса, әке істеген іс пен әке құған мақсат жолындағы әдісі мен ебі ғана өзге. Одан басқа мойнына алған міндеті, беттеген тілек бағыты түгелімен әкесінің жолы болды... Сонымен, Абайдың жас кезінде әкесінен ел ажырап кетіп, Құнанбай басының жалғыздық қөрген кезінде бұл тұқымның қолынан шығып кетуге айналған бақ пен абырай, қайрат пен қожалық болса, соны бүріншіша толық қалпында қайта қолына жылп алу, жігіт болған Абайдың барлық бойындағы құатымен түгел ұмтылып құған арманы, мақсаты болды. Абай жігіт қунінде өзіне бұл жолдан басқа жол бар, осы істен түзу іс бар деп түсінбеген... Үлғайып келіп артында қалған өмірге сұық сыншы көзімен қарап, өткеннің бәрін өкінішпен еске алған уақытта: “Қаны қара бір жанмын, жаны жара” — деген сөзді тегін айтпаған”, — дейді.

Сондықтан да Абайды “бай ұлына жалшы ұлы жалынышты” заманының жанашыры болды деп қарауға мүлде болмайды. Керісінше, Абай басыбайлықтың емес, рухани бостандықтың ызалы да қасіретті, ойшыл және табанды “толық адамы” (Абай) болған. Ол өзіне де, өзінің туған еліне

де және оны бодандықпен тұншықтырып отырған рухани тәуелділікке де “ыза болғандықтан күлген, ызала күлкінің өзі де кайғы” — (Абай) деп қараған.

Неге? Бұл ұлы ойшылдың үйлестіріп айтқан сөзі ғана ма?

Жок. Оның астарында қоғамдық құбылыстардың және өзі өмір сүрген заманың дерті жатыр. “Революция дегеніміз — қоғамның дерті” дейді Спенсер. Ал Абай ғұмыр кешкен заман, Ресей империясы сол “дерттің” ошағына айналған еді. Қоғамдық ой-пікір, мемлекеттік парасат, накты мақсат пен бағыт-бағдары қалыптаспаған Ресейдің патшалық саясаты мен орыс психологиясы жалғанды жалпағынан басып, қомағайлана асап қалуға, шайнамай жұта беруге бейімделді. Құні кеше ғана “басыбайлылықтан құтылған шаруалардың, тақуалардың, дінбасылардың, ұсақ қызыметкерлердің, дұмшы кәсіпшілердің оқыған бала-ларының” (Бердяев) қомағайлық пиғылына құрылған әлеуметтік ой мен билік Ресейдің аранын ашқызып, қалыптасқан дәстүрлік саясатты бұзды. Бұрын уызына жарымаған “шаруа байғустың” ашқөздігі енді мұқым империяның тәбетіне айналды. Сондықтан да рухани тұрғыдан алғанда:

“Орыс адамының алдында ұшы-қыырсыз қын міндет тұрды, ол өзі жайлап алған жаһанды ретке келтіріп, ұжымға үйитуы тиіс еді. Орыс жерінің шетсіз-шексіз кеңдігі, олар үшін шекараның болмауы және оған шек қойылмауы оның рухының қалыптасуына да әсер етті... Орыс халқы өзінің жерінің кеңдігінің, бойына біткен табиги бассыздығының құрбаны болды. Оған өзін-өзі игеру қынға соқты, ал орыс адамының белгілі қалыпта түсуге деген қабілеті онша мәз емес еді. Орыс тарихшылары орыс мемлекетінің өктемдік дөрекілігін аса кең, шексіз орыс жазығын игерудегі дәрмен-сіздігінен деп түсіндіреді. Орыс тарихшыларының ішіндең тамаша ғалым Ключевский мұны: “мемлекеттің қолемі қампая берді, ал халық болса көтеремге айналды” деп бағалады. Белгілі бір дәрежеде бұл пікірдің шындығын кеңестік коммунистік мемлекет те одан әрі дәлелдей түсіп отыр, себебі мұнда да халық мұддесі кеңестік мемлекетті үйімдастыру мен оның қүшін молайту үшін құрбандыққа шалынып отыр” — деп түсіндіреді Н.А.Бердяев.

Демек, бұл дегеніңіз адамның мемлекет алдындағы рухани тәуелділігінің шегіне жеткендігін көрсетеді. Орыс адамы орыс халқының ак жолын қиған ашқөз мемлекеттің азығына айналды. “Ұлт дегеніміз — халық емес” деп

Бердяевтің айтуында үлкен мән бар. Тобыр, тобырға косылған халық, тобырлық психологияға ерген көпшілік — Үлт емес. Мағжанның “Тоқсанның тобыры” деп айдар таққан тобыры — казак ұлтының толыққанды өкілі бола алмайды. Өйткені олар рухани тәуелділіктен арылмаған “мемлекеттік идеологияның тетігі” ғана еді. Абай:

*Не болады өңшең ноль,  
Бастамаса бір кемел —*

деп мегзегені солар болатын.

Яғни, “елді етекбасты ететіндер де” сол рухани басыбайлылар. Рухани басыбайлылық психологиясын Ұлы Құрескерлердің өзі де жене алмаған.

“Басыбайлылықтан арылмаған” Ресейдін қайыс ноктасы казақça киілгенін және ол “ноктандың” орыс халқының өзін-өзі билеп, рухани тәуелсіздікке жеткенде ғана алынатынын, не шіріп тусетінін Абай толық сезінді. Өйткені орыс ұлтының өзін тұншықтырып жатқан жалмауыз пиғылды ең алдымен сезінген де, сол үшін күйінген де нағыз рухани тәуелсіз орыс рухын көксеген орыс зияллылары еді. Өжет мінез, өткір оймен патшаның өзін сескендірген П.Я.Чаадаев осынау түмса тоң мойындыққа шыдамай:

“Мәселенің барлығы мынада: біз еш уақытта өзге халықтармен қатарласа, ілесе өмір сүргеміз жоқ, біз өзімізге мәлім адамзат атаулының бірде-бір тегіне — не Батысқа, не Шығысқа жатпаймыз, иісі адамзатқа ортак тәлім-тәрбие бізге жетпеген” — деді ызадан жарыла жаздал.

Заманың ашқөз пиғылын байқаған Абай сондықтан да “ызалы күлкімен” аңы зарын төгіп, сол басыбайлылыққа қарсы шыкты.

Сол кездегі билікке, салтқа, занға қарсы шығудың өзі Абайдың рухани тәуелсіздікке ұмтылғанын байқатады. Әйтпесе:

*Бас-басыңа би болған өңкей қыкым,  
Минеки бузған жеке па елдің сикын  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Оз қолыңдан кеткен соң енді өз ырқын, —*

демес еді.

Бұл арадағы Абайдың “Оз қолыңдан кеткен соң енді өз ырқын” — деп отырғаны — рухани тәуелсіздік. Яғни, басыбайлы бодандық. Ырық, жігер, қайрат, билік, зан, мұқым ел — жатқа, жаттың ырқына тәуелді. Себебі, қанша ұмтылсаң да сениң еңбегің еш болмак. Яғни:

*Басың дауға, малың жауға —*

кетеді. Сондықтан да:

*Көр қыма, көрға, татулас, —*

дейді Абай.

Неге басың дауға түседі? Малың неге жауға кетеді? Кім осының бәрін арандатып отырган? Неге ұлттық татулыққа шақырады? Астарына үнілсеніз Абай өзінің елін Азаматтық мойынсынбауга үндеп отыр. Себебі: әділ заң жоқ, дұрыс экономикалық жүйе жоқ. Тек қана сені қанау бар және ешқашанда әділдік тілеп ақиқатқа жетпейсің, өйткені:

*Өтірік, ұрлық,  
Үкімет зорлық,  
Құрысын, көзің ашылmas, —*

деп ойын одан әрі сабактайды Абай.

Демек, мұқым елді тығырыққа тіреп, “ырқын алған” зорлықшыл күш — жаһил мемлекет болдығой. Ал Абайдың түсінде қос үкімет жоқ, жалғыз-ақ патша ағзамның дәргейі жүріп тұрған. Абай сол ағзамды “зорлықшыл үкімет” деп бағалап отыр. Ойын дәл осылай ашық айтқан орыс ойшылдарының біразы итжеккенге айдалды. Чаадаевті “акылынан адасқан” деп өсек таратып, ақыры делбе қылды емес пе. “Шетсіз — шексіз мұжықтардың патшалығына айналған Ресейден” (Бердяев) бұдан артық не күтүге болады?

Абайдың рухани тәуелсіздіктің ақыны екенін “акындар канғып, жендеттер билеп жүрген” (З. Тілеужанов) Ресейдің “мұжық патшалығының” дәбірлері оның өмірінің соңында барып бір-ақ аңғарды. Екіншіден, Абайдың өлеңдерінің жинақ боп басылмауы да септігін тигізді. Демек, Абайдың отаршылдыққа қарсы бағытталған өлеңдері казақ даласында емін-еркін насиҳатталды. Әлихан Бекейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың Абайды бірден түсініп, “қазақтың бас ақыны” деп бағалаудының бір себебі сонда. Мұны Абайдың өзі сезіп:

*Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сөзімді ойлансын, —*

деп емеурін танытады.

Дәл осы қолданымдағы “ұятың, арың” деген сөздің мағынасын — намыс деп түсіну керек. Ел намысы, жер намысы, ар намысы, азаматтық намыс. Намыстың мақсаты — Тәуелсіздік. “Басыңды дауға, малыңды жауға қор қылмау”. “Бұл сөзімді ойлансын” дегендегі астарлы мегзеу

сөған жетелейді. Ал Абайдың “ұміт еткен жасөспірім достары” ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де мұқым ұлттық мұддені “Алаш” деген ұранға біріктірді. Біріккенде саналы “кемелдер” ғана намыс байрағының астына жанын қасым етіп жиналып:

*Алаштың туы астында,  
Күә болсын арымыз,  
Көбейтуғе алашты,  
Құрбандақ біздің жсанымыз, —*

деп журегін жалау қып ұсталды.

Мұндай азаматтық бостандыққа, рухани тәуелсіздікке үшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бекейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі сөған дәлел. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер үрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы. Өкінішке орай, сол ұлы ұстаздың “қор кылма корға, татулас” деген емеуріні орындалмады. “Алаштың”:

*Ішкі жсанжас, таласты,  
Күншілдік пен һарасты,  
Мына жерге көмдік біз,  
Жасасын, Алаш, жасасын! —*

деп анттасқанына қарамастан “ант бұзған антүрғандар” (Абай) да кездесті.

Бір қазақты қырық жамау етіп, ақыры өздері құрған құлдық диірменінің тасына жанышылды.

Мұның себебі не және оның “қарға тамыры” қайда жатыр?

Абайдың: “Бірінді қазақ бірің дос, қөрмесен істің бәрі бос” деген әрі түсінікті, әрі шындық сөзін ұфу үшін де ақыл керек болды ма? Жоқ. Оның сыры — психологиялық тәуелділікте. Адам санасының жан түкпірінде жатқан осынау кілтиганды құпияны жеңу — өзінді-өзің жеңу деген сөз. Өзгені билай қойғанда ата-ананың күнделікті тәрбиесінің өзі баланы соларға психологиялық тұрғыдан тәуелді етеді.

Ал адамның ойының барлық мүмкіндігін пайдаланып, оны екінші бір халықты басыбайлы етуге жұмсалған отарлау саясаты әлмисақтан бері толассыз дамып, адамның ең нәзік сезімдеріне дейін баурап алады. Дүниеде ешқандай ғылым дәл осы тәуелділік түйсікті қалыптастырудай тұракты дамыған жоқ. Оны біз қазір саясат деген тұлғасыз сөзben алмастырып жүрміз.

“Саясаттағы әділеттілік — ақымақтық” — деген Напалеонның сөзі ең дәл айтылған анықтама.

Саясаттың астарындағы ең бірінші шындық — психологиялық тәуелділік болып табылады. Оған сүйенбейтін қоғам жок. Сондықтан да П.Я.Чаадаевтың:

“Тобыр — қоғамның жоғарғы сатысында тұрған белгілі күштерге бойсынады, олар өз беттерінше дербес ойлай алмайды. Солардың ішінде әлгілер үшін ойлайтын, ұлттық тобырлық сананы қалыптастырып, қоғамдық қозғалысқа келтіретін аз санды ғұламалар болады. Аз санды кемелдер қоғамды кесіп-пішеді, қалғандары құп алады, сөйтіп қозғалысқа түседі... Ал, енді айтыңыздарды, осы біздің ғұламаларымыз қайда, біздің кеменгерлеріміз қайда?... Қайсымыз бір нәрсеге бас ауырттық, сонда біз үшін кім басын ауырталы?!” — деп сұрак қоюдың мөнісі осында жатыр.

Қоғамның, империяның, жеке қайраткердің, белгілі бір топтың алдында өзінді басыбайлы сезінесін. Ол идеяның жаңынның түкпіріне, құнделікті тіршілігіне, танымына, қызметіне, үй ішінің қызметіне араласып кететіні сондай, тіпті сол құбылысты табиғи тәуелсіздіктің кепілі ретінде сезінесін. Бұл жөнінде Абай “Жиырма үшінші” сезінде күйініп тұрып:

“Енді жұбаныш (ы) — жалғыз біз бе, елдің бәрі сөйтіп-ақ жүр ғой: “Көппен көрген ұлы той”, көппен бірге болады да — деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па: “Көптен қалмасаң болды” — деп, “Көпке қаһарым жүрмейді” — деп? “Көпке тұзағым жетпейді” — деп пе? Фылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет (керемет, алып) көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме?... Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш?”! — дейді.

Адамның ең қасиетті сезімінің бірі — діни сенім. Былай қарағанда біз оны тұмысымыздан танымымызға тән құбылыс ретінде қабылдаймыз және оны қатты ұстанамыз.

Мен де бір Алланы медет тұтамын және бір құдіретті құштің барлығын мойындаимын.

Ал “сүйкі ақыл” тұрғысынан келсек, дін атаулының барлығы да өзінің жолын қабылдаған адамдарды тұа сала рухани және психологиялық тәуелділікке мәжбүр етеді ғой. ТАкуалар, рабиналар, моллалар арқылы жүргізілген уағыздар ойлануға мүмкіндік қалдырмайды. “Құран-кәрим” бойынша әрбір мұсылман: “Алла біреу, киямет кайым хан, Мұхаммед алланың елишісі” екенін уағызбен емес, өзінің білімі арқылы танып табынуы керек. Бұл “Құранның” ұлы және әділетті қағидастының бірі. Абайдың:

“Кімде-кім жақсы, жаман ғибадат қылыш жүрсе, оны ол ғибадаттан тиоға аузымыз бармайды. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, (ғибадат) қылса еken. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе еken. Әуелі: иманның иғтихатын (байланын) маһамлемек (бекітпек) керек, екінші үйреніп кеткенше осы болады гой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты — ғибадат болмайды”, — деп отырғаны да сол.

Алланың ҳаң екенін ақылынмен біл дейді. Демек, рухани тәуелділікті бос құлшылықпен алма, ғылымды қару етіп таным арқылы иман келтір дейді. Бұл деген сөз психологиялық тәуелділікке қарсы пікір. Абай табиғи түсініктібылай қойғанда Алланың өзін сеніммен танып құлшылық етпеген пендені “жанның коры” деп есептейді.

“... Иман сактауга корықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек. Яғни (оку арқылы таныған) иманы бар деуте ғылымы жоқ, Таклиди (түйсік арқылы) иманы бар деуте беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я пайдаланғанға қарап: “ақты қара” деп, я қараны “ақ” деп, өтірікті “шын” деп айт ететүгін кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын! Әринешік білмек керек, жоғарғы екі түрліден басқа иман жоқ”, — деп қорытады Абай.

Иман — Абай үшін жан бостандығының кепілі.

Міне, ұлы ойшылдың дәл осы түйіні ашылмай келді. Түйсіндік. Бірақ тұжырымдамадық. Абайдың:

*Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас, —*

деуі жайғана үағыз емес.

Мұнда Алла жолын терен зерттеп, оған шын ниетімен сенген, ғылыми тұжырым жасап, философиялық мағына тапқан тұлғаның толғанысы, санасының сәулесі жатыр. Ол Аллаға біреудің үағызы арқылы, яғни рухани және психологиялық тәуелділік арқылы жеткен жоқ. Тәуелсіз таным арқылы жетті. Бұл пікір — өзгенің пікірі емес, Абайдың өз пікірі. Сондықтан да ол сеніммен:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаинан тәтті, —*

дейді.

Жан бостандығын, жан тазалығын Абай Алладан іздейді және Алланың ақ жолынан табады. Алладан өзгеге рухынды тәуелді етпе дейді. Ал Абай патша ағзамның қазақ халқын

шоқындыру туралы жарлығы дайындалып жатқанын жақсы білген. Дінді өзгерту, Абай үшін рухани құлдыққа, басыбайлылықта тұсу. Ол шырмауға бір түскен адам қайтып шыға алмайды.

Қазақ елінің жағдайында бұл толықтай ұлт ретінде жойылып кету деген сез.

Психологиялық тәуелділікten, дәлірек айтсақ, басыбайлылық пен бодандықтың психологиясынан елін ел етіп, ағылшын отарлаушыларынан азат еткен Джавахарлал Неру сияқты дана құрескерлер де арыла алмапты. Мұхтар Әуезовтың мұражай үйіндегі Дж. Нерудін “Индияны тану” атты кітабындағы белгі қойылған мына пікір соны дәлелдейді. Онда:

“**Индияның бүкіл болмысы менің қанымда қайнап тұр, оның бойындағы құбылыстардың барлығы менің жан дүниемді қатты тебірентеді. Сонда да мен өз еліме. оның бүтініне, өзім байқаған өткеннің сарқыншақтарына жаттың көзімен және сондай жеккөрінішпен қарадым. Мен өз елімді Батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі европалық оған қалай қараса, мен де солай қарадым. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жазылған еді**”, — деп жазыпты.

Тура сол түсқа Мұхтар Әуезов қаламмен:

“**Менің халқымның да тарихы солай жазылған**” — деп белгі қойыпты.

Ұлылардың ойының тоғысусы тегін емес және тарихи шындық.

Ұлы адамдардың ұлы жүргегін кеулей кемірген тәуелділіктің күйдіргісі Абай, Неру, Мұхтарлардың танымын токыратқанда қарапайым пендениң “көл қатса қалыбына баратынын” дәлелдейтіні белгілі.

Сана тәуелсіз болмай ешқандай ұлт бостандыққа жетпейді.

Рухани Бостандыққа жету — рухани басыбайлықтан, психологиялық тәуелділікten толықтай құтылу деген сез емес. Мысалы: осыдан мың жыл бұрын жат елге тәуелді болған елдің танымында, салт-дәстүрінде басқыншы жүрттың бір белгісі сөзсіз қалады. Бөгде үлтты былай қойып, қазақ жүрттың ғана алайықшы: арабтардан діни сенімді алдық, Шыңғыс ханнан басқару жүйесін еншиледік, орыс империясынан европашылдықтың мүмкін болған ғылыми тұжырымының барлығын сінірдік.

Біздің тарихымыз “солардың көзқарасымен жазылды”.

Енді одан бой тарту үшін әлденеше үрпақ жаңару қажет.

Дәл бүгін тұған нәрестенің түсінігіне өзгеріс кіру, кірмеуі екіталаі. Өйткені оның әкесінің санасы, танымы, тәрбиесі психологиялық тәуелділіктен арылған жоқ. Ол нәресте “Кеш жарық, балалар” атты шарайна хабарындағы торайды әр күн сайын асыға күтеді. Енді оған торайдан сүйкімді жануар жоқ. Демек, оның санасы толық таза тәуелсіз сана деуге болмайды.

“Бұлғактың (смута) жемісі оны тудырғандарға бұйырмайды: себебі ол суды шайқап толқын шақырады, ал ондағы балықты өзге ұрпақ аулайды... Мәртебелі ағзамның ұлы сарайының іргетасынан бастап қабыргасына дейін құлату, оны қабыргасынан бастап шатырына дейін құлатудан гөрі өлдекайда оңай”, — деп Монтең айтқандай, империяны құлату оңай.

Ал оның сеуіп кеткен психологиялық басыбайлылығын женуу киын.

Психологиялық тәуелділіктің шырмауына оралған тобырлық түсініктің ықпалының жансебілділігі сондай, кей кезендерде сол “бодандық белсенділік” үлттық психологияны түншішкітырып, оған өшпендейтік сезімін тудырған. Оған “коммунистік колонизаторлық” деп Смағұл Сәдуакасов дәл басып айтқан дәуірді еске алсақ та жеткілікті. Ленинизмнің санаға кіріп кеткенінің бір дәйегі мынадай: Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері болып отырған дәбірлер кенесінің төрінде құлаған империя көсемінің бейнесі үш жылға дейін ілулі тұрды. Бұл жөнінен алғанда Лениннен гөрі Николай патшаның тұзы жеңіл бол шықты. Мәселе — Ленин мен Николайдың суретінде емес, басыбайлылық психологиясында. Әңгіме Монтеңнің билеушіні тақтан құлатуын құлатасың-ау, бірақ адамдардың басына сіңіп қалған басыбайлықтан қалай құтыларсың деген емеуріні туралы. Абайдың:

Оздерінді түзелер дей алмаймын,  
Оз колыңнан кеткен соң енді өз ырқын, —

деген пікірінің астары да соны аңғартады.

Елді іріткіге айналдыру үшін құрылған патшалық болыс сайлауына қазақтардың желігіп кеткені сондай, олардың арасындағы жанығудан генерал-губернаторлардың өзі де сескеніп қалыпты. Қазақты отарлаудың соңғы низамын дайындаушылардың бірі Мельниковтың Омбы генерал-губернаторы Н.Н.Сухотинге берген мәлімдемесінде:

“Соңғы кезде би мен болыс сайлауы жүйесінің шырмашықтай шатасып, түрғындардың желігіп алғаны сондай 1897

жылы партия арасындағы жанжалды бәсендету үшін Жетісу далалық генерал-губернаторы көптеген болыстарды бірнеше жеке бөлікке бөліп тасталды. Алайда қолданылған шара күткен нәтижені бермеді. Сайлау тұсында қазақтардың арасында пара, ант бұзу, бақастық, жанжал, кісі өлтіру іспетті қылықтар бүрінгідан да өршіп кетті, отырықыныңызға кесірін тигізіп, егін егу жайына қалды. Болыс пен би сайлауы болатын жылдары олардың сайлау науқанына желігін кететіні сөндай, Жетісу облысындағы қазақтар егін егіп, астық оруды да ұмыттып кетеді”, — деп жазды.

Тәуелді тобырлық психология деген осы. Бердяевтің “Ресей мұжықтардың мемлекетіне айналады” деп түнделуінің, Абайдың:

*Бас басыңа би болған өңкей кикым,  
Мінекі бұзған жок па елдің сиқын, —*

деуінің астары осында жатыр.

Бұл ретте: “Халық — ұлт емес” деген Бердяевтің пікіріне қосылудан басқа амал қалмайды.

Абайдың да пікірі соған саяды. Ол да тобырға қарсы және тобырлық психологияның зардабын Абайдан асырып мінеген ойшыл кем де кем. Өйткені патшалық отарлау жүйесі қазақтың елдік қасиетінің, дәстүрінің тамырын бірінен кейін бірін баспалап жүріп балтамен шауып жатты. Ең бірінші хандық билікті құртты. Бұл отарлаудың ең жаһилдік тәлімі мен көшпелі жұртты терең зерттеп барып тапқан аяр айласы еді.

Хандықты жою — мемлекеттікіті жою, мемлекетпіз деген үғымды жою, біртұтас билікті жою, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан елді басқару дәстүрін жою. Елдік, ел болыппызы ау деген үғымды санадан мұлдем өшіру.

Патшалық монархия бастаған бұл сүркия пиғыл “коммунистік колонизаторлық” тұсында толықтай жүзеге асты. “Озге ұлттың патшаларының бәрі жақсы да осы қазақтың ханына келгенде бәрі жаман боп шыға келетіні несі екен?” — деп анқауси ашына айтқан ақын Faфу Кайырбековтің қүйінетіні де сондықтан.

Әлемдегі отарлау жүйесінің негізін қалаған испандар мен ағылшындар, жапондар неге өзінің корольдары мен императорларын әлі күнге дейін сактап отыр. Себебі:

“Баланы ұлша тәрбиелесең — ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең — құл болмақшы” (A. Байтұрсынов).

Түрік ұланы: “Сен дүниеге түрік болып тұғанын үшін бақыттысың!” — деген Ата-Түркінің сөзімен арқаланып,

өзін-өзі ер үстап өсті. Американдықтар: “Сен — дүниедегі ең қуатты, еркін ойлы, ең озық елдін азаматысың. Сенің Америка Президенті болуга толық қақың бар және президент боласың!” — деп тәрбиелейді баласын. “Сенің ұтың — Жапонияның ұты. Жапонияның ұты — император!” — деп үйретеді ұл-қызын жапондықтар. “Болашак Индия — сенсің! Сен кандай керемет болсан — Индия сондай ғажайып болады!” — деп үран тастады Джавахарлал Неру.

Ал біз қалай тәрбиелендік және қалай тәрбиеледік? Біз, қазақ ұлтының ұлдары, “кеше сауатсыз, караңғы жүрт едік. Орыстар кеп шырақ жакты. Қозінді ашты. Сол үшін балаңын баласына өсінет ет: аға халықтың алдында иіліп өтсін. Онсыз күнің жоқ!” — деген басыбайлық рухында еңсеміз езіліп, беліміз бүгіліп өстік. Ақын Төлеужан Ысмайылұлы айтқандай:

*“Аға!” — дедік — туымызды он үстар,  
“Баран!” — деді сонда бізді орыстар.*

Бұл басыбайлы күйге біз көндік. Көндірді. Тәуелсіз мемлекет атанғаннан соң да піфыл мен жалтақтық жойылған жоқ.

Бала тәрбиесінің астарында ұлттық үстемдік, мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік мұdde, мемлекеттік идеология және ұлттық мақтаныш жатыр. Мұны Абай түсінген. Ол:

*“Сәүлең болса кеуденде,  
Мына сөзге көніл бөл.  
Егер сәүлең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл.  
Танымассың, көрмессің,  
Қаптаған сон көзді шел” —*

деп қатулана сөйлейді. Сондагы айтпағы:

*Көп шуылдақ не табар,  
Бастамаса бір кемел, —*

деген ой.

Абай биліктің жағдаятын және оның баптарын жақсы білген. Өзі де заң шығаруға қатысқан. Ол дербес әңгіме. Дәл қазір биліктің басыбайлы тобырлық психологиясы қақында пікір козғалып отыр фой. Абай халықты неге жақтады? Себебі 1822 жылғы низам бойынша хандық билік жойылды.

Бұл — қазақ мемлекеттің жойылды деген сөз.

Енді әр дуанды аға сұлтан билейтін болды. Оның қасында міндетті түрде орыс майоры болады және әскерге сол иелік етеді. Болыстық ежелгі түзілім бойынша емес, бір руды екіге

бөліп, аралас сайлау тәсілі арқылы өткізілді. Мұның астарында сайлаушыларды және сайланушыларды бір-бірімен жауастырып қою мақсаты түрдү. Дуан сайын бекет салынды. Оnda негізінен орыстар қоныстанатыны белгілі.

Бұл сайлау жүйесі бойынша елдік мұлде деген мұлде қозғалмайды. Яғни қазақ елінің мұн-мұқтажын көздеген ортақ бағдарлама талқыға салынбайды. Эр аға сұлтанның күкі өз дуанында ғана жүреді. Демек, ортақ елдік мұлде өшті деген сөз. “Бас басына би болды”. Ал ол билер ел ішіне алауыздық өкелді. Қазактың тұтастығы жойылды. Берекесі кетті. Абайдың ойынша:

*Берекелі болса ел,  
Жағасы жайлай ол бір көл.  
Жапырағы жайлайтып,  
Бұлғактайтын сокса жел.  
Жан-жагына құркіреп,  
Қүйіп жасатса ақкан сел.  
Оның малы өзгеден  
Өзгеше бол есер — еді.*

“Жаңа низам” сол берекені бұзды. “Көп шуылдақ” ештеңе тапқан жоқ. Керісінше берекесі кетті. Ал:

*Берекесі кеткен ел,  
Суы ашыған батпақ көл.  
Құс қанқылдан, жағалап,  
Сурай алмас жазғы төл.  
Оның суын ішкен мал,  
Тышқан түін, аспас бел.  
Көл деп оны кім жайлар,  
Суы курсын ол бір шөл — болды*

Демек, өлеңді саяси тілге аударсақ, “Жаңа низам” қазақ мемлекеттігін ғана құртып қойған жоқ, сонымен қатар оның елін де, жерін де тоздырыды. Құт-берекесін қашырды.

Жақсы болсын, жаман болсын, әйтеуір қазақ елінің ішінде ханның сөзі өтімді болатын. Ханның кенесшісі — билер еді. Оларға ақыл қоспай шешім қабылданбайтын. Хан мен би арасындағы дауды тағы да сол ара би шешетін. Халықтық демократия сақталатын.

Ен бастысы — мемлекеттік ұғым бар еді. Жер, жесір, күн дауын хан шешетін мемлекеттік мәртебе бар еді. Соның бәрінен айрылған ел көшбасшысыз қалды. Яғни елдің еркі, болашағы, бостандығы тобырдың колына берілді.

Аға сұлтандар бір-бір қошқар болып алды да бір қазанға бастары сыймады. Ал қазан дегеніміз — халық берекесі емес пе еді? Соны толғана келіп Абай: “сөз біреу, билік біреу болса керек” дейді. Бұл пікірін ол өлең арқылы:

*Единица — жақсы,  
Ерген ел бейне көл.  
Единица нөлсіз-ақ,  
Оз басындық болар сол  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл? —*

деп жеткізеді.

Абайдың бұл өлеңі осы уақытқа дейін талданбай келді. Ол түсінікті. Өзі тобырға сүйенген мемлекет тобырды жоққа шығара алмайды.

Мемлекет басындағылар өзін “көсем, кемел” деп сезініп, дәріптеткенімен, халықпен жасырынбақ ойнады. Оларға ұлт емес тобыр, тәуелдік психологиясы санасынан өшпеген “қара халық” керек болды. Ал сол тобырлар қоғамында өскен әдебиетші мен философтар, тарихшылар Абайды қағытумен, Абайды (!) түзеумен және оны үйретумен болды. Эрине, оған Абайдың ештеңесі кеткен жоқ. Тек сондай керазуларға жауап ретінде:

*Берекенді қашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол  
Рас сөзге таласып,  
Ақжем болма, жаным, кел, —*

деп сөз тастап кетті.

Керазудың аты — керазу. Сондықтан да олар Абайдың бұл сөзін ескермедин. Абайдың несі кетті?

Тек керазу енді сынар езуге айналды. “Ақжем болма” деген сөзінің мағынасы — “бас басыңа би боламын” деп желікпе. “елдің шырқын бұзба”, “берекесін қашырма”, “елің тыныш болсын” десен: “рас сөзге таласып, ақжем болма, жаным”, “кел”, “өз басындық болайық”, тәуелсіз жанға ерік берейік және соның соңынан ерейік деген емеурін ғой. Жоқ, “Тоқсанның тобы” олай істемеді, керісінше, “ел ішіндегі бір кемелдерді” тұтқынға түсірді, оқтың ұшына байладап берді. Міне, рухани, психологиялық тәуелділіктің кесірі.

*Көп айтса — көнді,  
Жүрт айтса — болды,  
Әдеті надан адамның, —*

дегендегі ашу-ызынның түп төркіні сонда.

Дана адам ретінде Абай бұл шындықты өте терен түсінді. Сол отарлау, орыстандыру, шоқындыру, жою саясатын қарапайым патша дәбірі де білді. Білді де қазак ұлтының болашағын:

“Будан әрі қарай оларға жойылып кету жолы ғана қалды. Жер бөлісі тұсында олардың біразы көрге кіреді, екінші тобы христиан дінін қабылдан, орысқа айналады, үшіншілер тұқым қалдырмastaн тұздай құриды, тортіншілерін жалға алған жерінен біреу ығыстырып шығарады, дәл қазір темір жолға жақын шекаралы жерде сондай оқиға болып отыр, олардың қаңырап басы қалады немесе жалданып жүрген жалшыға, қаладағы фабрикалар мен зауыттарда күнелтіп жүрген жұмысшыға айналады. Қысқасын айтқанда, олар жұмысшының күйін кешеді, жоғалады, сіңіп кетеді, қолайлы жағдай туса тағы да пайда болады. Сондықтан да Ертіс бойындағы жатақтар мен көшпелі қазақтар туралы пәлендей аландаудың қажеті жоқ, оларға ариап отырықшыландыру, жер беру туралы жарлық шығармай-ақ қойған жөн, онсыз да олар өз-өзінен жойылып бітеді”, — деп сәуегейлік айтты.

Бұл жай сөз емес, Мельниковтың қазақ жері мен елін бүтіндей игеріп, даланы орыстандыру туралы жоспары болатын. Ол жоспар бірнеше рет талқыланып, 1902-1916 жылдардың арасында жүзеге асырылуы тиіс еді. Қазақтың бақталайы бар екен. Ресей жаһилінің ол пиғылын 1902-1905 жылдар аралығындағы орыс-жапон соғысы мен 1914 жылғы I дүниежүзілік соғыс жүзеге астыртпай тастады. Абайдың:

*Шыдасан есті қашырмай,  
Күлдатып, Кор қып жіберmek, —*

деп отырганының өзі осы ғой.

Мельниковтің “пролетариаттынып”, шоқынып, орыстаннып, жалданып кетеді дегенін ұлы Абай “Қүлдатып, кор қып жіберmek” — деп олең жолымен білдіріп тұр.

Мұдде — екеу, пікір мен қорытынды біреу — тәуелділік. Бұл іс жүзеге асырылып жатты. Оған мына дерек дәлел.

“Осындай шаралар арқылы істі оңға қойып, жолға түсіріп алған соң миссионер жіберу керек. Олар қазақтардың ұстанған дінінің дұрыс емес екендігін және Иса пайғамбардың жіберуімен келгендерін, сонымен қатар Патша ағзам қандай дін ұстанса, оның құзырындағылар да сол дінге кіруі керек екендігін, ал қазақтардың дінінің бұл дінге (бір сөз нақты танылмады — Т.Ж.) жат екенин дәлелдеуі тиіс. Содан кейін император ағзам бүкіл консулдықтарға: “Менің құзырындағы қазақтарым ислам дініндегі мұфтилерге бағынатын, бірақ та исламның шаригатына қазақтар бағынғысы келмейді. 68 жылғы Ереженің 97 және 98 тармақтарына сәйкес олар мұфтілік бағынудан алынып,

қазақстан

Республикасының  
Ұлттық кітапханасы

159022

әр болыста діни ресімді өтеу үшін жеке-жеке молда сайланған болатын. Сонымен бірге молдалардың міндегі — тұған балаларды тіркеп, оларға ат қою болатын. Қысқасын айтқанда, шаригаттың барлық талаптарын орындауга тиіс еді. Алайда қазақтар өзінің молдаларының талаптарын орындаамады. Оларды көзге ілмеді, өзінің рухани дәстүрін ұстанды, балаларына — Қойлыбай, Жылқыбай, Итаяқ деп ат қойды, кейін өздеріне арнап орыс мектебін ашууда талап етіп өтініш білдірді. Мектеп ашылды. Енді қазақтар өзінің дінін өзгерктісі келетіні туралы өтініш жасап отыр”, — деп хабарлауы керек еді”

Дінін сату — Абай үшін қасиетсіздіктің белгісі. Шоқынуды антүрғандық деп үгады. Миссионерлік қозғалысқа, оның жымысқы тәсілдеріне жиіркене қарап:

*Қасиетсіз тұған — ол да жат,  
Күнкіден берер сазанды, —*

дейді Абай.

Шындығында да Архирейдің жоғарыдағы нұсқауы сол, күңкілдеуге құрылған. Абай “Уағызды” — күңкілдеу деп отыр. Мұләйімсіп жүріп мұскін ететін тақуалар Абайға таңсық емес еді.

Абайдың ногайларды “дінге де берік” деп үлгі тұтуының бір мәнісі осы шоқындыру туралы уағызды білгендігінде. “Басынды дауға, малынды — жауға, қор қылма қорға, татулас!” — дейді сондықтан да Абай.

### 3. “ӨҢКЕЙ ЖАЛҒАН МАҚТАНМЕН, ШЫННЫҢ БЕТИН БОЯДЫ”

*(Абай және жалған нағыс, орынсыз мактап мәселесі)*

Осы үлттық мінезді кім қалыптастырады? Таным ба, тағдыр ма, жоқ сол үлттың тіршілігі ме? Әлде жазымыштың мандағы жазғаны сол ма? Қалайда үлттық ерекшелік деген үғымның астарын толық түсіндіріп берген ғұлама жоқ. Әркім өз үлттының бар-жоғын сарапап барып түйген ойы сол халықтың өз өкіліне түсінікті болғанымен, жат жүрттың өкіліне терендең бағамдау және сол пікірді пайдалану өте байыптылыкты кажет етеді. Қандай бауырмал қазақ болса да Чаадаевтің:

“... Ресейдегі ерікті адамдарға қараңызыш! Олармен басыбайлы шаруалардың араларында пәлендей айырма

жоқтың қасы. Менің ойымша, мұләйімсіген, мұттәйімсіген алғашқылардың алаңға толы жанарынан ғөрі соңғысының басыбайлы бағыныштылығының өзінен өрлік міnez сезіліп тұрады... Ресейдегінің барлығынан — адамгершілік талғамынан, мақсатынан, білім жүйесінен, тіпті қыл аяғы бостандықтың өзінен құлдықтың таңбасы байқалады, тіпті осы ортада құлдық таңбасы басылған бостандықтың өмір сүре алатынына да күмәнім бар” — деген өз үлтты туралы ашы сөздерін еркін пайдалана алмайды.

Алайда ғұламалардың түсінігіне сүйеніп пікір білдіруге құқымыз бар. Әнгіме рухани тәуелділік қалыптастырыған үлттық міnez хакында болмак.

Арлы-берлі замандағы орыс пен қазақ халқының танымы мен тағдыры, үлттық міnezі, тіршілік философиясы мен өмір сүру түзілімі жөніндегі ойшылдардың тұжырымдарын сарапасақ, осы көрші коныстанған және ғасырлар бойы бірін-бірі кезек-кезек билеп келген екі үлттың бойындағы кемшіліктері де үқсас екен. Ол шетсіз-шексіз кеңістікке үмтүлу. Ұлы кеңістікке құлшыну орыстардың түйсігіне сініп кеткені сондай, ол үлттың үюйнә мүқіндік бермеген. Ресейдің өз ішін игермей жатып, жаңа қонысты жаулап ала берген. Мұны сол П.Я.Чаадаевтің өзі:

“Сөйтеп тұрып халықтардың қазіргі тарихына көз салсақ, мемлекеттердің шекарасының ғана кеңейіп, жағырапиялық тұрғыдан қосылғанын ғана байқаймыз, ал қоғам мен халықтар сол қалында қалды. Испаниядан маврларды қызып шығару, американлық тайпаларды қызып салу, Ресейдегі татар ордасын (Алтын орда — Т.Ж.) құлату іспетті оқиғалар мұндан зорлықтың дәстүрлі заңға айналып бара жатқанын көрсетеді. Бұдан кейін біздің ықпалымыздан қашығырақ орналасқан іргелес, христиан дініне кірмеген халықтардың кезегі келеді” — деп түсіндіріп береді.

Империяның жерді жаулап алуға деген дәл осындай ашылған араны үлттық экономиканың қалыптасуына кесірін тигізген. Өзге халықтардың есесінен үстемелеген олжа ғана олардың табыс көзі болып табылған. Сондықтан да “қанағатты түзден іздең” (Абай).

Ал керісінше, қазақ халқы осыншама кеңістікке ие болып, оны емін-еркін жайлап, жаз жайлау, күз күздеу, қыс қыстау, жазғытұрым көктеу ретінде пайдаланған, бірақ та, араларына сына кірмestей етіп орнатқан тұракты бекеті мен тұrmесі болмаған. Сондықтан да дүниені де жалған деп үғып, жалғағынан басқан. Мәнгілік қозғалысқа ие бола отырып бір сәт сабыр тауып, жердің тамырын ембеген. “Жерді емуді”

жаттын есесіне қалдырған. Оны игерген жат жүртқа әуелде құле қарап, ақыры күніреніп тынған.

Сойтіп, шексіз кеңістікке ұмтылған екі халық та рухани тәуелділікке тап болған.

Сырттай женіл пікір көрінгенімен, екі халықтың тартқан тауқыметінің тамыры осында жатыр. Ділі тастайін боп жиналмаған ұлттың мінезінде әмәндә әлдекімге арқа сүйегісі келіп тұратын, соған жығынды болып тұрғысы келетін тәуелділік түйсігі қалыптасады. Бұл -- дерт. Бұл дәстүр де, кең пейілділік те, бауырмалдық та, көңілдін кеңдігі де емес, жағымсыз ғадет. “Дәніккеннен кәніккен жаман” дегеннің кері. Бұл түйсік — ұлтты масылдыққа машықтандырады. Ұлттың ұлттық психологиясына талақ боп жабысқан жабысқақ мінезді жapsырады. Тарихи билік жағынан қарама-қарсы дамыған орыс пен қазақ елінің арасындағы осы бір қарама-қайшы мінездін қалыптасуына не әсер етті? Оны орыс психологиясын жете зерттеген Александр Герценнің пікірімен жеткізег болсақ, онда:

“Славяндардың әсершіл мінезі, әйелге тән жұмсақтығы, өз бетінше қайрат көрсете алмауы және өзгенің іс-әрекетін бойына тез сініре білу қабілеті мен солқындақтығы оны үнемі өзге халықтардың араласуына мұқтаж халық ретінде қалыптастырады. Олар өздерін өздері толық менгереп алмайды. Оларды өздерімен өздері болатында жағдайда қалдырсаң-ақ болды, өзінің әніне өзі маужырап, византиялық бір жылнамашы айтқандай, қалғып сала береді. Ал жат жүрт шабына тұртсе бітті, онда есі кеткенше аласұрын шыға келеді. Өзімен-өзі бола тұрып өзге жүрттың ойын бойына терең және мықтап сініріп алған мұндай халықты таппайсың. Осы бір әдемі, тез сініріп алатын және еліктегіш елдің тамырында өзгеге мырзалық пен желиккіштікке деген тәуелді қажеттілік жатыр” — делінген.

Бұл пікірді орыстардың барлық ойшылдары қостайды.

Демек, астары теренде жатқан дерт. Еліктеудін ар жағында — есерлік, желігудің желісінде — жөнсіздік, қызығудың қасында — көрсекзыарлық, жатсынбаудың жабығында — бәрін бойына сініретін жылым жатыр. Бұл пифылдық ұғымдарға ешқашан тоқтау жоқ. П.Я.Чаадаев та, А.Герцен де, Н.А.Бердяев та жетіскендіктен айтып отырған жоқ, дерптің тамырын дәл басып, ыза боп талдап тұр.

Жаттың жарығына өзінің үйінің шырағын айырбастайтын дәл осындаған мінез, Абай айтқан, “жалған желік пен жалған намыс, жалған мақтаныш” қазақ ұлтында да бар. Бұл қасиеттердің барлығы ұлттық бірлікке жұмсалса, Абай қүйініп жазбас еді, сүйінер еді. Ұлы ғұламаны ызаландырып отырған

нәрсе — осы үлттық намыстың, ортақ үлттық мақтаныштың, ортақ үлттық мақсаттың болмауы. Мұндай нәзік өрі құдіретті сезімдерді қүйкі тіршілікке жендеріп, болмашыға бола шабылып, оны өз жүртynың берекесіне емес, ерегесіне айналдырғанына назаланды.

Женілтектік, еліктеушілік, сәл нәрсеге күйіп-пісіп, сәл нәрсеге болып-толу. “бір атым насыбайға өкпелеп”, кісінің құнын бір ауыз сөз үшін кеше салу, әруақ шақырса ру намысы деп топырласа қалып, олжа бөлісуге келгенде тышқақ лақ үшін өкпелесу сияқты тағы да басқа үшқалақ мінездер қазактың да бойында Герцен айтқан “әйелдік кірпияздықтың” барлығын көрсетеді. Абай:

*Алашқа ши жау бол, сырты күлмек,  
Жакынын тіріде андып, өлсө өкірмек  
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,  
Күдай сүйт жаратқан осы демек, —*

дейтіндерді өз шығармасында барынша әшкерелеген.

Ол еркек, әйел деп бөлмеген. Үлттық мінезге айналып бара жатқан кесаптты жалпылама көрсеткен. Соның ішінде “әйелдік кірпияздыққа” келсек, расында да: қызықпайтын, қызғанбайтын, күрбисының қызылды-жасыл үлдесі мен бүлдесіне көз салып, сәл әшекей үшін өкпесін ұмытпайтын әйел заты кем де кем. Тез елігеді. Абайдың:

*Атаңды анаң азғырып,  
Тұргызбаған бейішке  
Алласы оны жазғырып,  
Өкелді бастап кейіске, —*

деп отырғаны да сол.

Бұндағы кейіс — мына жалған дүние.

Ал осындаған мінез халықтың бойына үлттық психология ретінде қалыптасса қалай болады? Хая анамыз жұмактағы жеміске қызыққаны сондай, қатаң тыым салынғанына қарамастан Адам Атаға жегізді ғой. Сондай еліккіш, көрсекзызарлық ғадет үлттық мінезге айналса қайтеді?

Онда ол халық өзінің үлттық мұддесін ұмытып, бар ақыл, қайратын бойындағы дүлей, соқыр сезімге жендеріп, Абай айтқан “корсекзызар жалмауызға” айналмай ма? Оны Абайдың өзі:

*Сырттансынбақ, қусынбақ, өршилденбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек  
Арамдықпен бар ма екен жаңнан аспак,  
Өзи мен өзи бір күн болмай ма әлек? —*

деп баяндалап та береді.

Бұл піғыл барлық үлтқа ортак. Үлттық жалған шамкестік — ең қауіпті әрі тез тұтанғыш ессіз сезімнің жиынтығы. Орыс ойының патриоттарының өзі Ресейді “әйелдік кірпияздығы” арылмаған ел деп бағалауы: оны тұртіп отырсаң бітті, үргашы арыстан сиякты шабынып, долы әйелдей ызаланып, қашанда қалғымайды деуі сондықтан. Бұл біздің терминіміз емес, орыс ғалымдарының арасында қалыптасып қалған пікір. Әрине тенеумен айтылған. Н.А.Бердяевтің “Орыс рухы” атты зерттеуі соны дәлелдеуге, тегін тексеруге арналуы тегін емес. П.Я.Чаадаевтің:

“Әсте қателесе көрменіз, бибім! Қоңе дүниені қүйреткен тағылар емес: ол дүниеніз ішінен үтіле шіріп біткен еді, тағылар тек соның күлін желге ұшырды” — дегенде, осы “кірпияздықты” мегзеп отыр.

Қазак та мұндай “кірпияздықтан” ада емес. Өзінің бойындағы жалған сезімді жеңіп, үлттық муддеге бағындыра алмаған үлттың бойына тән міnez бұл. Дәстүрге айналған жалған намыс, мақтаныш, қызығу — үлттық қасірет. Абай мұны жете анғарып, жеріне жеткізе мансұқтаған. Ол:

“Біздің қазақта қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озын барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуаныш бар ма екен? Эй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де казақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, іә бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, болмаса баласы емес. Мұның бәрі — қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір ұлken іс қылған кісідей қуанған болыш, ана өзгелерді ызаландырсаң екен демек. Біреуді ызаландырмақ — шаригатта нарам, шаруаға залал, қылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың иесін дәулет деп біліп, қуанады екен? Жә болмаса, ана ыза болушы соңшалық неге жер болыш қалады екен?” — дейді “Жиырма алтыншы сөзінде”.

Біз “әйелдік кірпияздық” дегенді белгілі бір ойшылдарың ортасында қалыптасып қалғандықтан да колданып отырмыз. Ал соның шын мағынасына үңіліп көрейікші.

Осы жоғарыдағы Абай айтқан “ызаландырмақ” мінез казақ үлттының бойында жоқ деп кім айта алады? Рушылдық намыстыбы лай қойғанда, “Аталастың аты озғанша. ауылдастың тайы озын” дегендегі жалған намысшылдықтың қайда қоямыз? Осы да үлттық намыс па?

Бұл күнде өзге атандық қасында жүріп, дәмдес болуды нағыз үлттық бауырмалдық деп түсініп, кәдімгідей қоқырайып қаламыз. Ирі қайраткерлер өзінің үлтжанды

екенін сырт жүртқа көрсете үшін өзге рудың не жүздің адамын маңына жияды.

Ал ол жағымпаздың өз руластарының ішіндегі жағымпаздан екі есе артық тырысып, ұлыктың көңілін тауып бағатының:

*Атаны баға аңдиды, ағаны іні,  
Ит корлықпен немене сүйткен күні?  
Арын сатқан мал ушин антүрганың,  
Айтқан сөзі құрысын, шықкан үні.  
Алыс, жақын қазактың бәрі қанғын,  
Аячай бірін-бірі жүр ғой андын, —*

деп Абай аңғарғанда, өзге жүрт аңғармай ма?

Тіпті ана ұлық өзге жүзден сарбаз жиыпты, өзі ел қамын ойлайтын жігіт екен деп мәрдымситынымыз тағы бар.

Ұлттың мұддесін өзінмен бірдей ойлайтын аталасынды өкпеден тен те, тілінді алатын алыс ағайыныңды жаныңа тарт деген кім?

Осы әділдік пе?

Адамды мақсат, мұдде, идея біріктіру қажет емес пе?  
Демек, ондай әкімнің өз басында дербес билік болмағаны.  
Абай мұндаイラрга:

*Мактандың үшін қайратсыз болыс болмак,  
Иттей қор бол өзіне сөз келтірмек, —*

деп баға береді.

Пәрменсіздің қасында дәрменсіздің жүретіні занды.

Білмегенді білгенсіп, түсінбегенді түсінгенсіп, жеңілгенді жеңгенсіп, бетпе-бет келгенде тайқып кетіп, сырт айнала бере күңкілдегенін батылдыққа санайтын, көлгірдің көленкесі болғанына мақтанағын “өнерсіздердің” (*Абай*) жалған мақтаны мен жалған намысы қорлықпен, құлдықпен пара-пар.

“Мемлекеттің саясатын билеуші емес оның сарайындағы дәбірлері жасайды” — деген В.О.Ключевскийдің пікірі Абайдың:

*Мал мен бактың кеселін үя бұзар,  
Пәрүәрдігегер жаратқан несін жан ғып, --*

деп жазған жолдарымен дәл келеді. Себебі ол “өнерсіз”:

*Тура сөзін айта алмай,  
Қит етуге бата алмай,  
Корлықпенен шируге,  
Аз ақшага жалданып,  
Өнбес іске малданып,  
Жол таба алмай жүріп”, —  
кімге тұлға болмак?*

Мемлекетке ме, еліне ме, қожайынына ма, жок, өзіне ме?

Ешқайсысына. Ол өзінің пасық қеудесіндегі жалған желік пен мактан арқылы көкірек көзін қөміп, қарынның қамын қамдап, ішін мидың нәрімен емес, қидың зәрімен нығыздап тастаған, “Нан таптаймын демейді, булінсе елдің арасы” дейтін тоғышарлықта жеткен пенде. “Кіреді. Тығады. Шығады” (Абай) “Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем деп, мертігіп жататынның” (Абай) нағыз өзі.

Жалған намыс пен мактанның мемлекеттік ұлғісінің бірі және ең қауіптісі осы.

Мұндай “сыбағадан” орыс империясы да құр қалмаған. С.М.Соловьев “ұлы” деп, В.О.Ключевский: “Ол орыс империясының тағына отырған желөкпе цыган диуанасы еді” — деп бағалаған Екатерина II сондай тұлға еді. Желігіп, жерініп, жерік бол, ерігіп жүріп-ақ қазақ еліне қайыс ноқтанды мықтап салған ағзамымыз, қазактар айттын “қатын патша” осы болатын. Себебі Анна Иоановнаға тапсырылған дәргейде одактастық сипат басым болатын. Ал оны қүшетіп, нақтылаған, алашты темір жүгенмен ауызыңдаған осы “цыган диуанасы” еді. Абайдың:

Көрсекзызар келеді, байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн бүртың, —

дайтін “пәруәрдигердің” нақ өзі.

Мәселе, Екатерина “катын патшаның” “тыртың мен бүртыңында” емес, оның әйелдік “көрсекзызарлығы мен байлауы жоқ” көңілінің мемлекеттік саясатқа айналуы. Ал мемлекеттік саясат қандай болса оның қарамағындағылардың да мінезі сондай болмак.

Қазақ елі Ресейдің “әйел кірпияздығы” үстем алып тұрғанда бодандықта түсті. Демек, Ұлы даланың отарлауында да жаһангірлік күшпен қоса әйелдік аярлық, жымысқылық, қылымсу мінезі жатты. Бұл сол отарлаушы елдің де мінез-құлқына, пиғылына өсер етті. “Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық көрінеді” — дегендегі бағынған жүрттың ырқында “корлықпен шіруге, аз ақшага малданып, өнбес іске” жалданды. П.Я.Чаадаевтің:

“Халықтар да жеке тұлға сияқты, ол өзінің қалір-қасиетін өзі толық сезінбесе бір адым да алға баса алмайды: тіпті оны былай қойғанда ондай сезімсіз өмір сүре алмайды; міне дәл осы жағдайлардың өзі сіздердің қателіктерінізді қөрсетеді, ейткені өзінің үлттық сезімін жоғалтқан халық болған емес, ол үшін өзін-өзі сыйлау қасиетінен айырылуы қажет, ал біз дәл қазір

**сондай жансебіл күй кешіп жатқан сияқтымыз-ау”** — деген сөзін сол тұстағы қазақ қауымына қарата айтуға да болатын.

Империя өзінің астамшылдығына сенгені сондай, боданға алған үлтты дұрыс заңдастырып, құжат толтыруға да мән бермелі. Элихан Бекейхановтың Дума алдында дәлелдең бергеніндей Анна Иоанновнаға жолданған дәргей тек одактастықты ғана білдіретін. Өйткені, бодандықтың шарттары көпестердің өзара сауда келісімдерінің дәрежесінде ғана жасалып еді. “Жансебіл күй кешкен” үлттың мойынсының ғана ол. Әйтпесе ол дәргейде үлт азаттық күресі мен отаршылдыққа қарсы қозғалыс түсінінда бодан үлттың бостандық нысанаһы мен мақсаты, бағыт-бығдары, рухани тәуелсіздігінің шешуші түйіндері, ықтисаттық (экономикалық) дамуы, ортақ үлттық мұdde анық ажыратылуы тиіс еді.

Бұл — тарихи заңдылық.

Қазақ елі тәуелсіздік алған кезінде оның нақты тұжырымы болмады. Мұның себебі: Әуел баста Тевкелевтің Анна Иоанновнадан әкелген дәргейін Әбілхайыр хан тұн ішінде жасырып оқып Бекенбай мен Жәнібек батырга жағалы ішік жауып, ордадағы бұлік пен қарсылықты сыйға сатып алғандығында.

Егерде мемлекет пен мемлекет, ел мен ел, патша мен патша аралығындағы мәміле ашық майданда жүргізілсе, онда жаңағыдай “жымысқылықтар” ешқашанда өтпес еді. Әрі ел-жүрт өзінің бодандығының себебін және оған мәжбүр еткен тарихи жағдайларды өмір бойы көкірегінде үстар еді. Бұл үлттың үлттық сезімін оятуға, ортақ мұddeге және келешектегі күрес жолдарының тарауларын анықтауға негіз қалар еді.

“Бұлғын ішікпен” беті бүркемеленген бостандық үлттың бойындағы табиғи қарсылық сезімін жойды. “Катын патша” таққан күміс тұмар мен жалған атаққа, “жәдігей қағазға” (В.О.Ключевский) малданып қалды. Абай айтпақшы:

Оңкей жалған мактаммен,  
Шының бетін бояйды.  
Бұл сезімде жалған жек.  
Айтылмай сезім қалған жек.  
Абайлаңыз, байқаңыз,  
Елдің жайы солай-ды, —

дегеннің кері келді.

Әйтпесе нақ сол заманда бодандықтың құрығы қазақ жүртінан алыс еді. Құрып кеткенде үрланнып келген елшіге еміне қоятындаі күйікі күйден аулақ еді. Тен дәрежеде тұрып, мемлекеттік қызметкерлердің лауазымды адам-

дарымен мемлекетаралық пәтуа жасауға болатын. Шоқынған башқұрт аудармашысы бүкіл қазақ жұртының мойнына жасырынып келіп басыбайлылықтың қамытын кигізіп кетті. Яғни тен дәрежедегі келісім емес еді. Әйтпесе осыдан үш ғасыр бұрын Алтын Орданың құрығынан құтылған Ресей жұрты мұншалық мардамсуға жете қойған жоқ болатын. Алайда:

**“Қазақтың ұлы қозғаушы қүші атаққұмарлық, барлық бостандықты құрбандыққа шаллы”** (Ш. Уәлиханов).

Бодандықтағы осы бір анықталмаған, ажыратылмаған екіжүзділік казак елінің ортақ ұлттық тәуелсіздік сезімін қалыптастыруға үлкен кесірін тигізді.

“Жымысқы, қылымсуға” құрылған мәмілені әуелі кіші жүз қазактарының өзі кәдімгі “қалжың” қатарында сезінді. Тіпті бұл хандықтың тен жартысы Ресей бодандығын XIX ғасырдың ортасына дейін мойындағады. Тек Әбілқайырдың бір өзіне қатысты “сыбаға” тәрізді көрінді. Абылайдың қарауындағылар да мұны өздеріне кесірі жоктай көріп, мән берmedі. Ұлы жүз хандығының тіпті көперіне де кірген жоқ. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында ғана Ресей дәргейіне мойынсұнды. Шындал қелгенде, “қатын патшаның” салған тұзағы осы үшеуіне де ортақ болатын.

Ресейге тәуелділікті мұқым қазақ елі бірден сезген жоқ.

Кайта бірін-бірі мұқатумен, өзінің бір күнгі бостандығына мақтанып, сестеніп, соны артықшылық, жұздік ерлік ретінде масаттанумен болды.

Ол — жалған және сатқындық намыс еді.

Кайта “бұлғын жағалы” шапанды жамылғандарға:

*Пайданы көрсөң бас үрын,  
Мақтанды ізден қағы атма, —*

деп тоқтау салып, ортақ ұлттық тәулісіздіктің күрес амалын қарастыруы қажет еді.

Сонда намыс та, мақтан да, мұdde де ортақ арнаға тоғысып, елдіктің іргесі бұзылmas еді. Өкінішке орай, “бұлғын жағалы ішікке” “қайғы сатып алды”, “қайғы” дегеніміз — басыбайлылық.

Неге елдің басы бірікпеді? Бұл көшпелі жұртқа жат сезім бе? Ол үшін С. Соловьев айтқандай қайратты әрі қатігез тұлға керек пе еді? Әлде осы тарихшының көшпелілер туралы:

“... Халықтың құрылым мен мінез құлық дегеніміз — сол халықтың өткен әмірінің көрінісі. Мысал үшін, дамудың бастапқы сатысындағы бір халықты, Орта Азиядағы көшпелі бір халықты, қайдағы бір монголдарды алайық. Мұндай

халықтар, әсіресе өзінің тұрмысына байланысты, сыртқы кездейсоқ құбылыстарға, аса қайратты жеке адамдарға тәуелді келеді. Бұл халықтардың ішінен анда-санда аса қуатты, даңққұмар хандардың шығатының білеміз, олар ерте ме, кеш не, әйтеір өзге халықты жойып, осы уақытқа дейін ұсак-ұсак хандыққа бөлінген ордалардың басын қосып жекелеген елдерді тонап, жауап алды, соның нәтижесінде аса кең әкімшілік аймаққа ие болды. Бұдан бұл халықтардың өзінің ірі тұлғаларына, Шыңғыс хандары мен Темірландарына бойыснатының байқаймыз. Шыңғыс хан мен Темірлан дүниеге келгенше ол халықтың аты естілмен еді; олар тарих үшін тылсымнан келген, заты өшкен ел еді, атақты бір ханның арқасында тылсымнан шығып, аты әйгіленіп, қуатты, билеп-төстеуші жүртқа айналды. Содан да даланың осы адамдары, Шыңғыстар мен Темірландар өз халқының өкілі болмағандықтан да, сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, оның өмірлік күнкөрісіне, жалпы дәстүріне ешқандай өзгеріс енгізе алмады. Бұл халық соларға дейін де жыртқыш, соларға дейін де өзінің күнін таза тағылық күш, тонау, қырып-жою арқылы көріп жүрген, тек ол кездегі отжалардың мөлшері аз еді, қайратты да қабілетті адамның сонына ерген соң олардың отжасы көбейді, бар айырма сол ғана. Ұлы адам өлтеген соң — олардың ие болған шекіз жері бөлшектеніп, әлгі сілкінген халық өзінің баяғы қалпына түседі де тарихтың тылсымына қайта түсіп кетеді. Бұған ұлы адам не істей алсын? Халқы неге қабілетті болса, неңі машық етсе соны ғана бере алады: бір адамның қажыр-қайраты, еркі арқылы сырттай жай ғана бірігіү мүмкін, жаңағы біріктіруші тұлға кеткен соң қайтадан пышырайды, ұлы адамның өзі де олардың құлқына өзгеріс өкеле алмайды, оған тырысса да етекbastылықтен өліп тынар еді”, — деген пікірі шындыққа сая ма?

Мұндай ұлы тұлғалар сол заманда да болды. Егер Абылайдың ақ туынын астынан табылғанда исі казак “қатын патшаның” тырнағына ілінбес еді. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның” тұсындағы алауыздықты актап, әр тарихшы мен жазушы өзінің жүзінің ханын жақтап, оның саясатын қорғап, екіншісін мінеу ағымы әлі де қылаң беріп отыр. Демек, С.Соловьевтің “қайдағы бір көшпендердің бойында ұлттық ортақ мұdde болуы мүмкін емес” деген тұжырымы жанға батса да шындық. Абай мұны:

Бірлік жек, береке жек, шын пейіл жек,  
Сынырлды байлығың, баққан жылқың  
Баста — ми, колда — малға талас қылған,  
Құш сынаскан күндейстік бұзды-ау шырқын.

*Оңалмай бойда жүрсө осы Қыртың,  
Әр жерде-ақ жасалмай ма, жаным, тыркын?  
... Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын, —*

деп үстемелей түседі.

Оқінішке орай, мұндай харекеттерді істеп отырган тәуелсіз қазақ мемлекетінің өзекті саясатын жасауга бірден-бір мүдделі бол жүрген зиялы қауым өкілдері. Оның ішінде үлтжандылары. Қай жуздің ханы мен батыры мықты? Біздің батырымыз ана батырдан кем болған жоқ? Нағыз женісті біздің ана батырымыз өкеліп еді? Оның қасында Абылай мен Қабанбай кім?

Міне, біздің үлттық мактандымыздың түрі. Елу жыл нақты қан майданға айналған даланы қорғаған ең бірінші үлттық рух емес пе?

Жауды бірігіл женгеннен соңғы мактанды бөлісе алмай қазақ елі бөлшектенуге үшінрады! Әуелі мактанды бөліспей түрүп ортақ үлттық мактанды орнықтыру қажет еді. Қазақтың бүл мактанды Абай “Екінші сөзінде” өте дәл әрі аскан ызамен әшкерелейді. Онда өзге үлттың барлығын мазакқа айналдырып, тәжікті — сарт, ноғайды — нокай, орысты — сасыр бас деп келеке қылған қазақтың сөздерін айта келіп:

“Сонда мен ойлаушы едім: “Ей, құдай, бізден басқа халықтың бәрін антүрган екен, ен тәуір халық біз екенбіз” — деп. Әлгі айтылмыши сөзді үлкен бір қызық көріп, қуаныш күлүші едім. Енді қарап тұрсам: сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмелеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ ... Орысқа қарамай түрғанда қазақтың өлгенинің ахиреттігін, тірісінің кімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды да кірлең (әлшеп — Т.Ж.), сол айдан кетіп тұрды ғой... Ноғайға қарасам: солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтағ, дін күтуге де шыдайды... Оның малдыларына құзғын тамағымыз үшін біріміз жалишы, біріміз қол алушымыз. Орысқа айттар сөз де жоқ: біз құны, күні құрлы да жоқпаз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, құлғен сөздеріміз қайда?” — дейді.

Шынында да, әлгі мактандымыз қайда?

Хандарымыз берін батырларымыздың теңдесі жоқ. Бәрі мықты. Бірақ сол мықтылардың елі басыбайлылыққа неге түсті? Тәуелдіміз. Тәуелді бола түрүп мактандымызды қоймаймыз.

Жыраудың орнын тілемсек өлеңші алмастырғанда:

*Көбиз бен домбыра алып топка сарнап,  
Мактау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеменменен қашыр тілен,  
Кемірген сөз қадірін жүртты шарлан, —*

деп Абайдың күйінде күйінетіндей жөні бар.

Елдің рухын өсіретін батырлық дастанның дәуірі өтіп, бергеннің жыртысын жыртып, сөзін сойлейтін ақындар шыкты. Елдің еңсесі еңкейді. Абайдың өлеңшілерден гөрі “Қобыланды” жырлаған Марабайды “казақ ақындарының зоры” деп бағалауы сондықтан. Ал Марабай мақтаса ерлікті, елдікті мақтады. “Күрмеуге келмеген қысқа жіптің ұшына кендір байлад жіберген” өлеңшіден гөрі ерлік дастаның жырлаған ақынды жоғары қоюы заңды да. Монтеңьнің:

“Біз сондай бір тәқаппарлықцен: “Цицерон былай деңті” немесе “Платонның адамгершілік туралы ілімі мынадай”, сондай-ақ “Аристотельдің өзі сөзбе-сөз айтқаны мынау” деп айтуға шеберміз. Ал солай-ақ болсын, бірақ біздің өзіміз өз атымыздан не айттық? Біздің жеке пікіріміз қандай? Біздің әрекетіміз қандай? Әйтпесе жаңағы сөздерді тоты да қайталап береді”, — деген сөзі соны аңғартады.

Мактандың пен мактандының мағынасы екеу. Пендешилік Абайда да болған. Құс салған. Тазы қосқан. Бәйге ат ұстаған. Палуан күрестірген. Бірақ та оның сонына түспеген. Тіршілік ретінде қараған. Құмарлықты жүрекке түсірмеген. Оны Абайдың өзі де:

*Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мактанды қалдым күтіп, —*

дейді.

Абай өзegenі міней отырып, өзін де тыс қалдырмайды. Бірақ өмірдің әр құбылысынан өзіндік пікір түйе білген. Соңғы тұжырым:

*Бірінді қазақ бірің дос,  
көрмесен істің бері бос, —*

дегенге келіп тіреледі.

Бұл — ортақ ұлттық идеология. Ұлттық ортақ идеологияны таба білгендіктен де орыс қоғамы дүр сілкініп шыға келді.

Әр халық өзінің өткен өміріндегі жақсылық пен жамандықтан, жеңіс пен жеңілістен сабак алғып, оны сарапай білсе ғана ылгері дамиды. Өзгеге жем болмайды. С.М.Соловьев мұны “ақыл үстемдігі” деп атайды. Халықтың санасына ой түсіп, өзін-өзі тәрбиелеуі шарт. Өзін тәрбиелемеген халық ертеңін болжай алмайды. Өткенін талдалап, бүгінін сарапалап,

балашағын анықтаған халықтың есесі ешкімге кетпейді.  
В.О.Ключевский

“Халықтың басынан кешкен тарихы — жеке адамның бойындағы табиғи міnez сияқты, ойткені біздің бойымыздағы қасиеттердің барлығы да ата тегімізден келе жатқан түсініктердің жиынтығы. Демек, қайрат дегеніміз — адамның өз жағдайына байланысты сыртқа шығаратын түйсіксіз (бессознательный) құбылыштың жиынтығы, ал қоғамдық билеу түзілімі дегеніміз — қоғамдық ішкірge төуелсіз, бірақ та қоғамдағы шектелген бостандықтан туындастын жағдайға байланысты қалыптасқан халықтық міnez. Халықтың қоғамдық пікірі дегеніміз — әрбір адамның санасындағы жеке пікірі. Демек, қажыр-қайрат (қоғамды өзгертетін — Т.Ж.) санаға байланысты емес, сондай-ақ билеу түзімі де қоғамдық пікірге төуелді емес. Алғашқысын тәрбие арқылы өзгертуге болады, екіншісі халықтың сауаттылығымен анықталады”, — дейді.

Демек, мақтан да саналы болуға тиісті.

Ал жалпы ұлттық мақтаныш дәрежесіне жету үшін ұлттық сана керек. Оның сара жолы — ұлттық тәрбие. Орыс ұлты өзін-өзі тәрбиеледі. Петр сияқты ақылды, қайратты билік иесіне жолықты.

Абылайдың тұсында басы бірікпеген қазак ақыры:

Сабырсыз, арасыз, ернешек,  
Көрсекъязар жалмауыз  
Сорлы казак сол үшин,  
Алты бакан, Ала ауыз, —

болды. Сөйтіп жүріп біз:

“Орысқа айттар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқопыз” — деген күйге түстік.

Міне, жалған намыс пен жалған мақтаныштың бізге берген “сыйы” осы. Сонда біз шынымен намыссыз халық боп шықтық па? Намысымыз баяғыдан мақтанға айналып кетіп пе еді? Жоқ, мемлекет болып көрмеп пе едік? Қандай тұрғыда бага алса да Монтеньйнің өзі де:

“Қазір бізге белгілі әлемдегі ең күшті мемлекет түріктердің империясы. Бұл халық қару-жарақты құрмет тұтып, ғылымға қырын қарайды. Менің ойынша, Рим империясы ғылымға бой айрығанша аса құдіретті күшке ие болды. Біздің заманымызда да ең жауынгер әрі тағы және оңбаган халықтар үстемдік құрып отыр. Оған скифтер, парсылар және Темірлан дәлел бола алады”, — деп мойындаған мемлекеттік жүйе мен тәртіп, сарбаздық намыс, әскери мақтаныш ұлтымыздың есінен қалай шығып кетті?

Естен тандырлыштай тарихи таксіретті оқигалардың астында қалған ұлы дала үрпактарының бір сәтке С.М.Соловьев айтқандай “тарихтың тылсымына” сініп кеткені рас. Қанағат, Ұлыс, Орда атанған бірлестіктерден соң ұсақ хандықтардың қыргыны басталды. Тек пен тамыр киылды. Орданың үшке болінуі. Тоқтамыс, Едіге, Мамай, Темір, Шайбани тұқымдары қырық болашекке салған елдің есі кіресілі- шығасылы күйде қалды. Әйтпесе, намыс та, ұлттық мақтаныш та, ортақ мақсатқа бағындыратын ұлы тұлғалар да болған. Абай өзінің “Отыз тоғызыншы сөзінде” мұныбылай еске алады:

“Рас біздің ата-бабамыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа үқсамайды, сайтандыққа тартып барады. Жұрттан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі: ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Қоші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жүрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылар қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен... Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? Екінші – намысқор келеді екен. Аты атальып, әруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен... Кәнікі, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дүшпандығы – кейіс емес, не тыныш отыра алмагандық”, – дейді.

Демек, қошпелі халықтың ортақ мұддесі, ортақ намыс, ортақ ұлттық мінезі болған. Абайдың айтып отырғаны да, іздел отырғаны да сол ұлттық нысанана. Жеке бастың мақтанынан аулақ, оған мүлде керегар ұғым.

Ұлттық намыс, мемлекеттік ортақ билік кеткен соң аза бастадық. Соның кесірінен арылсақ “біз де ел қатарына кірер едік” дейді. “Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің барлығы адамшылыққа үқсамайды, сайтандыққа тартып барады” дейді.

Бұл дегеніміз рухани тәуелділік.

Ел емессің тағысын. Жабайысын деп тұқыртып алып, хандықты құрту – осындағы рухани мүгедектікке алып келді.

Оның орнын “орынсыз мақтан”, “жалған намыс” алмастырыды. Сол мінез халыққа жүқпапты дерт болып жабысты.

Замананың талқысынан өткен шақта халықты ақыл билеу керек еді. Ал қазак жұрты мінезіне жеңдіріп алды

Өзінің даму сатысының ең қуатты кезеңін XII-XIV ғасырдың тұсында басынан кешірген көшпелі қауым Алтын Орда ыдыраған соң кемелділікке қадам басуы тиіс болатын. Үлттық тұгастықтан айрылып калған сон ұсақ хандықтардың шолак қырғыны оған мүмкіндік бермеді. Ағалы-іній екі адамның бірі — Тоқтамыстың, бірі Темірдің өскеріне қолбасылық еткеннен кейін ортақ үлттық намысты тауып алудың өзі де қын іс.

Тағдырдың тезіне орай біздің тарихымыз осындай ашы шындық пен қасірет, тағдырдың тәлкегі арқылы қалыптасты. Көшпелілердің бағы Алтын Орданың ыдырауымен бірге қайтты. Осындай аса зауатты тарихи кезеңде “акылдың билігі” қажет-ақ еді.

Әйткені:

“Халық өмірінің екі сатысы бірден одай ажыратылады: алғашқы сатысында халық өзінің мінезіне сүйеніп өмір сүрелі: бұл жастиқ кезеңі, саяси түйсікке билеткен құшті құштарлықтың, зор қозғалыстың жетегінде жүрген үмітті ләуірі. Бұл тұста халықтың көкірек отының құшімен өр салада өшпейтін із қалады немесе сол ескерткіштің негізі қаланады. Халықтың дамуының екінші сатысында — халық есейелі, осы уақытқа дейін мінезіне жеңдіріп келген әдеті бірте-бірте ұмытылып, ақылына ерік береді. Ойлану, бұрын қалтқысыз сенетін нәрсеге құдікпен қарау, істеген харекеті ақылға сыйымды ма, жоқ па деп саралау, бұрын ешқандай да өзгертуге болмайтын мәселелердің басқа қырынан келіп, орнын ауыстырып, әр қырынан қарау — халықтың екінші сатыға, яғни ақылға билік берген ессею дәүіріне қадам басқанын көрсетеді”, — дейді С.М.Соловьев.

Көшпелі қауымның тарихы дәл осындай “акылға билік беретін” дәүірде өзінің табиги мінезіне жеңдіріп алды. Адамзат мүлдем басқа сатыға көтерілгенде “көшпендердің көші” жүртта қалды.

Озған елдін шоқтығы биік, көзі қырағы, ойы алысты болжайды. Петрдін арқасында Ресеи сондай деңгейге көтерілді де тұзден олжа іздеді. С.М.Соловьевтің: даму сатысының биік деңгейіне жеткен, ақылға билеткен ел өзінен төмен тұрған елге өктемдігін жүргізеді және бағындырады, онда тұрған түк те жоқ, бұл әділетті заңдылық деген пікірдің жаны бар. Әрине, Ресейдің отарлау саясатын,

оның ішінде көшпелі жұртты отарлауын: “орыс халқының кенәдікке, мұхитқа ұмтылуы, ол қорғаныстық сыпат алды” деп бағалауын теріс тұжырым десек те, халық санасының тарихи даму кезіндегі мінез-құлыкты дәл ажыратып отырганы анық.

“Женгенді жазғырмайды”. “Ақылды билікті” Абай мойында:

*Мен мақтанның құлы емес,  
Шын ақылға зорлық жок —*

деп лажсыздық танытады.

Шындыққа қарсы тұра алмайсын.

Өкінішке орай көшпелі елдің тарихы өзінің мінезімен жасалды.

Бірігетін тұста — бөліндік, ақылға салатын кезде — араздастық. Мамайдың, Токтамыстың, Едігенің, Ақсақ Темірдің қол астында 250-300 мыңдан әскер болды. Олар өзара екі-үш рет майданда кескілескен ұрысқа шықты. Әр ұрыстан кейін жасағын қайта жасақтады. Сонда өзара қырғынға түскендердің саны миллионнан асып жығылады. Сол елу жылдың ішіндегі ерек кіндіктің аласапыраны халықтың да мінезіне әсер етті. Әкесіне қарсы баласы жорыққа аттанды. Бір-бірін танымады. Қылыштасты. Қырқысты. Екеудің екі ханның ұранын шақырды.

Бұл арада қайдан ұлттық мұdde, ұлттық ортақ намыс бола қойсын.

Биліктің басына тұлға емес “тұқымдар” таласты. Ал халықта оның еркінен шығатындей жігер табылмады. Себебі: есеке дәүірінен өтпеді. Ел басында “бір кемел болса”, онда “акылды” артынан еріп”. Монтень айтпақшы:

“Егерде дәл осындағы жүгегенің және парықсыз көсемнің артынан ілесе қалсақ, онда қандай да болмасын айтамен де, сұңғыла ақылмен де бізді оның соңынан еруге көнліре алмас еді: мұндай өсек пен дақылттың, женіл-желпі пікірдің арасынан иненің жасуындағы сәүлелі жолды таба алмайсын. Мұндай аумалы-төкпелі, жалтақ мақсаттың керегі жок; оданда бәріміз де ақылдың дегеніне көніп, соның жолынан таймайық, егерде көпшілік қауым макул көріп, колласа біздің соңымыздан ерсін” — дер еді.

Өкінішке орай ондай кемел ол заманда тумады. Көшпелі жұрт атадан қалған “екі жақсы қасиетті” — елдік пен намысты ұмытып, басы бірікпеген күйі рушыл күнде стіктің коленкесінде қалып қойды. Бұрын түзделгі жауға қарсы аруақ шакыратын ел, енді өзінің ағайынына аттанғанда әруақ

шақырып, атой салатын болды. Рушылдықтың “қаны басына шапқан ел”, Абай айтқандай:

*Татулыкты бұрынғы  
Не қылғын ол ойласын:  
Ашып берер жауына,  
Өзі көрген коймасын  
Желиккен жауың кез болса,  
Араздығы сөз болса·  
“Бәрекелді, батыр!” — деп,  
“Мыкты бол бара жатыр!” — деп,  
Мактап-мақтап қоздырап, —*

кулқілі күйге жетті.

Бәйгенің дауы, палуанның күші, құстың тұяғы, тазының азыу “әруақтаудың” күшімен шешілді.

Ал отаршыл жаһангер Ресей болысты — болыска, ауылды — ауылға қарсы қойып, өштікті бұрынғыдан да өршітіп жіберді. Олар үшін елдік деген үғымды қалайда өшіру керек. Ол мақсатына тез жетті. Жалпы, Абай өз халқын жек көрген нигилист емес. Оның ызалы сөзінің астарында халқына деген ұлы маҳаббат жатты.

Бірақ өзге елдің өрісіне қарап отырып кейде түніле сөйлем:

“Жер жүзінде екі мың миллионнан артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дүшиандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұртты тануы ешбір халыққа үқсамайды. Бірімізді-біріміз андып, жаулап, үрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Ұш миллионнан халқы артық дүниеде қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз андып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да үрлық, өтірік, өсек, қастық қалыш, өнерді, маңды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздел, өрістерлік күн бар ма екен? Әй, не болсын! Жұз қараға екі жұз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құрттай, құрымай тыныш таба ма?” — деп теріс қарап кететін кезі де бар.

Осы айтылғанның бәрі де шындық. Әлі де ұлттық мұддеміз бір мақсатқа жұмылды, анду, алдау, арбау, арыз қойылды деп айта аламыз ба?

Сыртқа ұмтылмай, түзден қанағат ізdemей, ақылға билік бермей, ортақ ұлттық мұdde мен міnez таппай, рухани тәуелділіктен құтылмай, жалған мактан мен намысты догармай басыбайлылық психологиясынан, тәуелді мінездікүлшіктан арылу мүмкін емес.

Ал одан арылмасақ, Абай айтқандай, “жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз андып өтеріміз” анық.

Казақтан жомарт, қазақтан дарқан кең, қазақтан қонақжай, қазақтан сауықшыл, қазақтан батыр, қазақтан бауырмашыл, қазақтан құшағы кең, қазақтан ақ көніл халық жок деген мақтанды енді ойланып айтатын кез жетті. Кімге жомарттық жасадық, неге жомарттық жасадық, бауырмалдығымыз қайда көрінді, қалай қабылданды, нендей қайырымы болды, батырлығымыз қайда көрінді, кімді қонақ қылдық, кімге құшак аштық, кімге не бердік және неге бердік? — деп ақыла салмақ салатын кез жетті

Намыстансақ “Біз кетіп, қазақтар өздері ғана қалатын болса, онда біргіп өмір сүре алмайды. Біз — олардың татулығының кепіліміз”, — деген сөзге намыстанийық.

Жоғарыдағы “орынсыз мақтанға” жол бергенше орнын тауып, ой айтайық. “Есепті достын, есесі кетпес” дегенді еске алатын кез келді. “Берекеге қас болып, айтакқа желігетін, ел тыныш болса — ерігіп өле жаздайтын” (*Абай*) заман өтті. Енді жалған мақтан мен жалған намысты қүйттеп, мәселені мінезбен шешудің жөні жок. “Досқа күлкі, дүшпанға таба қылмай”:

*Ағайын жок нәрседен етер бұртын,  
Оның да алған жок на құдай құлқын!* —

дегізбейік.

Абайдың арманы да, көніл қалауы да осы. “Орынсыз мақтаннан” арылайық ағайын. Жат мақтасын.

#### 4. “ЖАЛЫНАМЫН, МҮНДАЙ СӨЗ АЙТПА БІЗГЕ ...” (*Абай және идеологиялық тәуелсіздік мәселесі*)

Даналық ойдың маржаны тереңде жатады. Оны түсінүе және дұрыс талдап, ұғу үшін де санаңмен саралап, түйсігіңмен терең топышылау қажет. Ұлылардың астарлы тұжырымдары қатпар-қатпар. Оны тенізден бетіндегі көбік сияқты қалқып алу — қиянат. Бірінші: даналықтың мәйегін өзін қате түсінесің. Екінші: жалған түйін арқылы өзгені адастырасың. Ең бастысы ұлылардың ойын бұрмалайсың. Шын зиялды үшін мүндай қиянатқа барғаннан гөрі үндемегеннің өзі ғанибет. П.Я.Чаадаевтің: “Тәнірім жар болсын, мен өлеңіммен де, қара сөзіммен де Отанымды ақ жолынан тайдыратын бірде-бір жалған сөз айтпалпын!” — деп тәубесіне келуінде де сондай үлкен мән бар.

Өйткені, ғылымның жолы таза жол, ғылым — “ар ұялар іс”. Өкінішке орай, мүндай қиянат Абайға да жасалды.

Ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі жекелеген жолдарды мысалға ала отырып, оның астарын байыптамай, Абайдың айттар ойына көрі мағынада сипат бере талданады. Мұндай жағдайлар үзак уақыт белең алыш келді.

Егер Абайды әрбір өзгерген заманың саясатына бейімдеп құбылта берсек, онда оның мұраларын түсіну тәмсілін мүлде жадағайладап жіберуіміз мүмкін. Абайдың пікірлері мен тенеулерін, бейнелі тұжырымдарын оймен саралап. ақылмен анғарып, таза ниетпен қорыта білу шарт. “Біз тарихтағы оқиғалардың деректерін көп білеміз, бірақ та әрбір құбылыстың себебіне ой жібермейміз” — деп В.О.Ключевский айтқандай, Абайдың өлеңдері мен ғақпияларының ұзына мазмұнын жатқа білсек те оның астарына назар салмаймыз. Жалаң түсінеміз. “Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел”, — деп Абайдың өзі тегін ескертіп отырған жоқ.

Абай “қызықты, қыздырмалап айтқан хикаяны” тыңдайтын оқырманға зәру емес. Оған өзінің ойына ой қосатын, оны тереңдетіп талдайтын, түсінетін зерделі жан керек. “Әншіейін күн өткізбек” әңгіменің адамы — Абай емес. “Абайға абай болайық!” — деген дауырығу бар да бәтуә жоқ. Себебі: “Некені молда бұзар” дегендей, осындаі жалған, теріс тұжырымдардың қалыптасуына ең бірінші мұрындық бол жүргендер — ғалымдар, әдебиетшілер, мұғалімдер. Бірі — жазады, екіншісі — насиҳаттайды, үшіншісі — жас үрпақтың миына сініреді.

Сойтіп, Абай “өз сөзіне өзі иелік ете алмай” қалады. Ақыры қазақ ұлтының рухани тәуелсіздігі үшін қурескен Абайдың сөзін өзгеге емізіп, тәуелді етіп қойдық.

Міне, “Шала молда құранды теріс оқыр” дегеннің көрі осы.

Ал киянатын кім көтереді?

Ұлы жүргімен ұлтын сүйген Абайды ұлтшыл деп ешкім де айта алмайды. “Тәнірім жарылқасын, мен өз отанымды өзімнің жеке басымның мұддесі үшін емес, отанымның мұддесі үшін сүйіп сынадым” — деп П.Я.Чаадаев айтпақшы, қазақты Абайдай сынап-мінеген адам жоқ. Өзге ұлтты да құрмет тұтқан, жақсы касиеттерін еліне үлгі еткен. Бірақ та кез келген даналар іспетті өз халқының және өзге жүрттың, өсірепе отаршыл мемлекеттің бойындағы жаһилдік пиғылды астарлап отырып ашып берді.

Теріс тұжырыммен түсіндіріліп келген Абайдың сондай еңбегінің бірі оның “Жиырма бесінші сөзі”. “Білім — орыста”, “Дүниенің кілті — орыста” деген сөздер әрбір оку

орнының мандайшасына жазылды. Абай орысттан өзге халықтың мәдениеті мен ғылымын мансұқ еткен және оны мойындаған тәрізді.

Егерде осы сөздің астарын ашпай, таза мағынасында қолданса, Абайды біз бар болғаны ағартушы деп қана таныр едік. Оның ұлылығы сонда, жай сөзінің өзінде терең мән жатады. Тура осы “Жиырма бесінші сөзде” ол не үшін оку керек және патшалық отыраушы мемлекеттің ағарту жүйесінің түпкі мақсаты не, оны қазақ шәкірттері қалай түсініп, елінің бостандығы үшін қалай жаратуы лазым, рухани еркіндікке қалай жетуі тиіс, соны бағамдай отырып, жалданып өкіғаннан жалдамалы басыбайлы адам шығады деген мәселені қозғайды. Егер көкейіндегі қыжылды жеткізбесе Абай қаламын сияға батырмас еді.

Абай орыс қоғамының даму бағытын, оның ағымдарын, европалық өктемдік пен славяндік үстемдікке құрылған ғылымның қандай пиғылды көздегенін, оның жат жүрттүктардың ойлау жүйесі мен дәстүрлі мәдени танымын жоюға бағытталғанын жақсы білді. Тіпті ол жүйе орыс халқының өзін сауатсыздыққа итермеледі. Ол жөнінде А.И.Герценнің өзі:

**“Орыс халқы кітап оқымайды. Сондай-ақ Вольтер мен Дантеңі шаруалар емес, дворяндар мен орта шаруалардың бір бөлігі ғана оқитынын сіз білесіз. Ресейдегі орташалардың ішіндегі сауаттылары баяғыда халық болудан қалған дворяндарға сүйенеді... Бір сөзben айтқанда, Петр I бергі Ресейдің тарихы — дворяндардың тарихы, білім де соларға арналған”,** — деген пікірі шындыққа саяды.

Сонда орыс халқының өзінің мұддесін толық өтей алмайтын ағарту жүйесі “тағы даланың қайсақтарына” қалай тәлім бермек? Сперанскийдің қазақ даласын отарлау туралы жоспарын, “Бірінші низамның” баптарын зерттеген Абайдың таза орысшыл болуы екіталаі. Егерде біз түсіндіріп жүргендей мағынада орыс ғылымын насиҳаттаса онда Абайдың қазақ халқын рухани тәуелділікке тәрбиелегені болып шықпай ма. Ендеше Абай таза орысшыл ма? Оның ғылымына сүйсінгенде не мақсат көздеді? Тілін, дінін, тұрмыс-салтын, дәстүрін қабылдауға уағыздады ма? Жок, оған белгілі бір шек қойды ма? Бұл түрғыдан алғанда “Жиырма бесінші сөздің” астарын тура мағынада түсінуге болмайды. Өйткені отарлаушы жаһангөр мемлекет және оның зиялды ғалымдары ешқашанда қазакты оқытуға құмар болған жок. Оку-ағарту жүйесінің барлығы қазакты тәуелді етуге және діні мен тілін өзгертуге бағытталды. Мұны біз

табынып жүрген орыс ғұламаларының өздері де ашық мойында, казактын рухани дүниесіне сәуле түсірмеуге тырысты. Мәселені толық түсіну үшін Санжар Аспендияровтің “Қазақстан тарихындағы”:

“Орыс тілін білудің өзі қанаудың көзі болып табылады. Генерал-гебернаторлардың кеңсесінен бастап болыстың хатшысына дейінгі аралықтағы тәржімашылар патшалық отарлаушылардың далага тереңдеп бекуіне және сінуйне ықпал етті... Патшалық өктемдік ағарту саласында да жүргізіліп, “самодержавие” мен “православие”, “ақ патшага” адалдық рухында “тәрбиелеу” деген бағытқа негізделді. Бұл бағытты тек қана өкіметтің реємі өкілдері ғана жүзеге асыруға тырысқан жоқ, сонымен қатар Погодин, Григорьев, П.П.Семенов-Тянышанский сияқты ғалымдар мен профессорлар да соны үстәнді, олар “Ресейдің тарихи-мәдени міндеті” — шетжүртты орыстандыру және сіңіріп (жұтыш) қою саясатын жүргізу деп үқтый. Шындығына келгенде жаңа отарлау жүйесін қамтамасыз ету үшін патша өкіметтіне “кадр” керек болды. Жоғарғы және орта дәрежелі басқару жүйесінің қызметкерлері ресейлік бюрократияның әккі, Салтыков-Щедриннің үлгиты қаламының қарғысына үшіраған сұмырай қызметшілерінен іріктелді. Осындай сұмпайылардың ең сұмпайысы Қазақстанға жіберілді” — деген пікірін мысалға келтірсек те жетіл жатыр.

Осындай обырлық және тәуелділік, үстемдік пиғылы өктемдік құрған Ресейдің оқу жүйесін Абай жактауы мүмкін бе? Онда:

“Баламды медресеге біл деп бердім. Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім”, “Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой. Иә тұмаш, иә адвокат, болсам деген бәрінде ой”, “Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге”, — деп шәкірттерді сактандырmas еді ғой. Мұнын барлығы жоғарыда С.Аспендияровтің айтқанында “даланы отарлауға” қызмет ететін кәсіп екенін Абай өте терең түсінген. Бұл пиғылын орыс шоқындырушылары мен ғалымдары жасыраған. Ашық жүргізген. Ыбырай Алтынсариннің “пірі” болған Н.И.Ильминский орыс оқуының мақсатын:

“Оларды оқытудағы басты назар мынаған аударылуға тиісті: бұл жастар өздерінің туыс ортасын жатсынбасын, олар өзінің ауылына қайтып келген соң, мектепте алған мәліметтерін таратысын. Соңдықтан да бұл шәкірттерге аса жоғары білім мен тәрбие берудің мәнісі жоқ. Қазақтарды біздің орта дәрежелі оқу орындарымызға тарту зиянды”, — деп түсіндірді.

Ал керек болса! Біз ғой Н.И.Ильминскийге көшө атын бергенді азсынып, оған ескерткіш орнату туралы ұсыныс

жасап жаныбып журміз. Абай айтқан “орыстың зор білімі” осы болса, онда бұл “білім” бізге “дүниенің кілтін” емес, басыбайлылықтың, тәуелділіктің кілтін қолға ұстаратын болды ғой. Өзгені былай қойғанда бүкіл түркі тарихының шежіресін бір ізге салғанағылым В.В.Бартольдтің де піғылым таза болмапты. Түркілердің тарихы оған тек тарих пен атақ үшін және “өлі тарих” жасау үшін керек екен. Әсіресе, зиялыштардың ішіндегі ғуламалардың өзі екінші бір халықтың жер бетінен жойылып кетуін тілеп:

“Түземдіктерге олардың өз тілінде ғылыми мағлұматтарды тым көп бермеу керек, соңдай-ақ сол арқылы олардың әдебиеті мен мәдениетін орнықтыра дамытуға жағдай жасамау қажет, мұның барлығы олардың орыстануына кесірін тигізді”, — деуінің өзі төбе шашынды тік түрғызады. Мұндайда еріксізден еріксіз Абай —

*Сенбе жұртқа тұрса да қанша мактан,  
Әуре етеді шине құлық сактан, --*

деген жолдары ойына түседі.

Көшпелілердің “өлі тарихын” тірілткен академиктің сол халықтың “өлімін тілеуі” түсініксіз. Бұл пікірді оқығанша В.В.Бартольдтің пір тұтқан қазактың бірі біз едік. Иә, “Фылымды білімді болу деп жиі шатастырамыз. Бұл барып тұрған тұрпайы түсікісіздік. Фылым дегеніміз тек қана білім емес, ол — таным, яғни білімді орынды пайдалану деген сөз”, — деп В.О.Ключевский тауып айтқан. Бартольдтің білімділігінде шек жоқ, ал танымынан тәрбиесіздік танылып қалғаны оның жеке басының қайшылығы және Ресейдің мәдени дәрежесінің, өресінің жемісі. Басқаша ойлауына жол да қалмап еді. Әрине, кейін өзгеріске ұшырады. Бірақ та:

*Бізаты жүрек, долы кол,  
Улы сия, ащи тіл,  
Не жазып кетсе -- жайы сол,  
Жеке көрсөндер өзін бил, --*

деп Абай айтқандай, Бартольдтің “улы сиямен жазылған ашы сөзін” енді өшіре алмайсың.

Окініштісі, Бартольд сияқты ойлайтын академиктер жалғыз емес еді. П.П.Семенов-Тянъщанский, Ф.А.Щербина, П.И.Пестель, С.Соловьев іспетті тұлғаларда бір халықтың екінші халықты құлдануын тарихи заңды құбылыс деп қабылдады. 1 мемлекеттік Думаның депутаты Т.И.Седельников академик Ф.А.Щербинаның қазактардың жерін тартып алу туралы зерттеуін сынай келіп:

“Қазақтардың жерін келімсек қоныс аударушыларға алтып беру туралы мұддем заңсыз әрекеттермен айналысқан дағаның Ф.А.Шербина мен А.А.Кауфман сияқты белелі “зерттеушілері” мен “білгіншілері” қазақтардың мұқтажы мен талаптарымен бетпе-бет келгенде олар “кошиел өмірлің тіршілігіне тән өзіндік ерекшелік” дегенді желеу етіп, отырықшы-егіншілерді алдыра тарта қояды, әйтпесе, олар “нағыз орыс жер иеленушілеріне” пайдалы тұрғыдан жүргізілген дағаны отарлауды тоқтатып, қазақтардың өзін жерге орналастыру туралы қын да күрделі іспен айналысқан болар еді”, — деп пікір білдіреді.

Демек, академик Ф.А.Шербина қазақ халқын өз жерінен қуып шығып, оны бүтіндей отарлау жоспарын жасаған және теріс ғылыми тұжырым түйген. Жалған ғылыми бағыт үстанған. Мұндай ірі-ірі көзбояушылықка барған академиктердің соңынан оның жолын қуған Лысенколар мен Мишуриндердің шығуы және азызға пара-пар дәрежеде дәріптелуі заңды да. “Нағыз ұлы болудан гөр өзінді ұлымын деп көлгірсі көрсету өлдекайда оңай”, — дегенді “канатты сөздің шебері” Ключевский өзінің осындай әріптестеріне қаратып айтса керек-ті.

Әйтпесе, исі империяны алға дамыту үшін оның рухани дәрежесін көтерудің орнына етегінен тартып, бар пиғызын бодан елді тұнышқытыруға жұмсай ма. Мысалы, Ө.Әблімановтың дерегі бойынша, балаларын өз бетінше оқытқан қазактарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып салып, үшінші жолы 5-15 тәулік мөлшерінде тұрмеге отырызу туралы үкім шығарылыпты. Егер оку жағдайы дәл осындай болса, онда Абайдың “ұндеуі” қалай жүзеге аспақ?

Бұл китүркіларды Абай білмеді деуге өсте болмайды. Өз баласын да, өзгелерді де оқыткан тәжірибесі бар. Ел сенген болыс. Ендеше жаңағы “Жиырма бесінші сөзді” қалай түсінуге болады? Жалған көзқарасты, ұлттық өктемдік пен ештікті жақтаған ғалымдардың тағымы отарлаушы мемлекеттің мұддесімен сай келетін және XIX ғасырдың жартысындағы Ресейде:

“Мәдениеті жоғары адамдар болды, бірақ мәдениеті жоғары орта болмады. Сол кезде өмір сүрген адамдар өздерін қараңғылықтың тұмшалауында қалғанын, оларды ешкім түсінбейтінін және түсінгісі келмейтінін айтып шағынады. Орыс дворяндары мен чиновниктерінің дені мәдениетсіз, қасиетсіз және ешқандай ықылассызы тобыр еді. Бұлар, Пушкиннің “қара тобыр” деп атаған тоғышарларының өзі еді”, — деп Н.А.Бердияевтің баға беруі отарлаушы мемлекеттің мәдени дәрежесін танытады.

Озі қандай болса, сондай адам тәрбиелеп шығаратын империяның жай-жапсары Абайға таныс еді. Абайдың айтып отырған “кілті” бұл емес болатын. Сондықтан да ол:

*Бул сөзді тасыр үклас, талантты үғар,  
Көңілнің көзі ашық, —*

деп негізгі пікірінің теренде жатқанын мегзейді.

Абай осы “Жиырма бесінші сөзі” арқылы қазақ халқын ілгері мәдениетке шакыра отырып, оның өзіндік бағыт-бағдарын жасайды. Қалайда “қазаққа күзетші болып” шығаратын азамат атану үшін ұлттық тәуелсіздікті бірінші орынға қояды. Оның ішінде рухани тәуелсіздік алдыңғы катарда тұр. Қазақ мәдениетін дамыту және оның өркенін өсіру үшін әр адам ең бірінші өзінің рухани мәдениетін менгеруі қажет. Онсыз білмін “казақтың өзін аңдитын қаруға айналады” — дейді Абай. Енді осы сөзді талдауға көшейік. Абай:

“Балаларды оқыпқан да жақсы, бірақ құлыштық қыларлық қана, түркі танырылық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дәрілхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көнілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Асан ішуге малдың тапшылыны да, ағайынның араздығы да әр түрлі бәлеге, ұрлық, зорлық, құлық, сүмдышқа секілді нәрселерге үйрлендіруге себеп болатын нәрсе. Мал тапса — қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойна жақсы түседі. Орынша оку керек, хикмет те, мал да, ғылым да — бәрі орыста зор”, — деп сөзін сабактайды.

Осы уақытқа дейін соңғы сейлемнің соңғы сөзі айтылмай, “ұмытылып” келді. “Орыста”, яғни ғылым мен өнер, мәдениет тек орыстаға емес, “орыста зор”. Дүниенің тұтқасын ұстап тұрган жалғыз ұлт ол емес. Тек даму сатысы мен европалық көзқарас тұрғысынан алғанда қазақтан озып тұр деген сөз. Бұл сөздің мағынасы екі басқа. Біріншіде одан өзге өнерлі ел жоқ. С.Аспендияров айтқандай, “ақ патшаның” арқасы деген басыбайлық тәрбиесі жатыр. Ал екіншісі, ол бізден гөрі ілгері деген мағына береді.

Иә, орыстың қоғамдық ой-санасы қазақтан ілгері еді. Бірақ та, XIX ғасырға шейін, яғни Пушкин өмірге келгенге дейін әлем алдында мактанаrlықтай дәрежеде емес еді. Пушкиннің өзін түсінуге дәрежесі жетпеген орыс қоғамы үшін намыстанған Пушкиннің досы Чадаев:

“Уақыттың ықпал-сабағы деген бізге жүрмейді. Дәүір мен ұрпақтардың тәжірибесі біз үшін сұға сініп кетті. Бізге қарап

**тұрып: иісі адамзатқа ортақ заңдылықтардың бізге қатысы жоқ, екен дең баға беруге болады. Жағанда жалғыз қағандықтан да біз дүниеге бір жақсылық жасағанымыз да жоқ, олардан біз бір нәрсө үйренгеміз жоқ, біз адамзаттың дамуына бірде-бір идея қосқамыз жоқ, біз адамзат ойының дамуына бірде-бір пікір білдіргеміз жоқ, сол даму козғалысынан үйренгеніміздің өзін бұрматап тыңдық. Біздің әлеумет ретінде өмір сүре бастаган алғашкы күнімізден бастап адамға қайырымдылық жасайтын ешқандай ізгілік жасамаппайыз, біздің отанымыздың құнарсыз жерге себілген бірде-бір дәніміз көктеп шықпапты, біздің арамыздан бірде-бір ұлы пікір жүртқа жайылмапты; өз ойымызben өзгеше бір әлем орнатуға күш салмаппайыз, ал өзгелердің үлгісінің тек жағттыраған қайырсыз дүниені шашқан даражылығын ғана алыптыз” — деп назаланады.**

Осындай азamat ойшылдардың өткір сөзінің қамшылауымен XIX ғасырдың ортасында Ресейде үлттық таным оянды. Ұлыдегжавалық менменсуімен қатар өзіне-өзі сын көзбен карау ағымы қалыптасты. Бұл ойдың ұшығынан Абай да хабардар еді. Бірақ ондай озық пікір қазақ даласындағы отарышыл миссионерлерге жетпелі. Тіпті империяның ішіндегі піфыл да ескі тәртіппен тәрбиеленгендейдіken де ең соракы түрғыда жүргізілді. Адамзаттың, оның ішінде ғылым мен білім саласындағы жетістіктер бұратана үлттарды рухани тәуелді ету мақсатында жұмысалды.

Сондықтан да:

Абай бірден орыс мәдениетіне бас үр демейді. Қайта оқып қаранызышы: әуелі “түркі танырлық” дәрежеде сауатынды аш дейді. Демек, өз жұртыңың мәдениетін, тарихын, дәстүрін біл. “Құлшылық қылатындаі” яғни дінінді, тілінді, танымынды танитындаі тағым алатын бол. Рухың тәуелсіз болсын. Тілінді, дінінді бойына сінір, содан соң білім жолын ку, “жанбай жатып сөнү үшін” талпынба, рухыңды бекіт деген емеурін емес пе бул.

Содан соң барып “араб пен парсы керек”. Неге бүйтіп сатылап айтып отыр.

Себебі, араб пен парсы мәдениетінің казакпен рухани байланысы, ортақ тарихы мен ортақ діни мұддесі бар. Оны менгермей халқыңын толық сауатты өкілі бола алмайсын.

Заман қалыптастырыған рухани байланыстын үзілүйнен Абай карсы. Оның өзі де осы саты бойынша дәріс алғып, “дүниеге қөзі ашылды”. Жат дін мен мәдениеттің ықпалына ерте түсіп кетпе. Толық рухани бостандықта болу үшін “мал тап”. Экономиканы түзе. Еліннің еңсесін көтер. Өзің біреуге жалынып жүріп ұлтыңың қамын ойлай алмайсын. Үлкен

ғылым мен өнер үшін ең бірінші рухани және экономикалық тәуелсіз адам болуың керек. Өйткені, томеншектеп тұрып түйсігінді тәуелсіз ете алмайсын.

Осы шарттар келіссе ғана өнер ізде, соның бірі — өзіне жақын орыс жүрты. Оның бізден өнері зор. Араб пен парсыны, түркін біліп барған адам үшін “зордың ықпалына тұсу” ете қын. Тен дәрежеде сөйлесіп, тең тұрғыда білім ал. Әйтпесе, жоғарыдағы “шоқындыруышы” даярлайтын “білімнің кадры” болып шығасын дегелі отыр. Абай ол үшін өзінің оқырманын, тыңдаушыларын өзгеше ойлай білуге үмтүлшіп:

*Тұзу кел, кисық, қыңыр, қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес, сырын білмей.  
Шу дегендे құлағын тосаңсиды,  
Оскен сон бұндай сөзді бұрын көрмей, —*

деп ескертеді.

Абай жалаң сөзге беріліп, буырқанып келген ішкі толғанысты ойланбай қағазға түсіретін ақын емес. Әр сөзінде астар бар. Ол үлттық идеяның ойшыл оқымысты жырауы. “Қара сөздері” мен өлеңдерінің айттар ойы өзара байланысып, тамырласып жатады. Ақылмен саралап барып қауырсын қаламын қолына алады. Сондыктан да “Фақлиядағы” ойды өлеңмен жаңғырта баяндауы Абайдың өзі түйген тұжырымына анық көзі жеткендігін танытады.

Сонда “сыртын танып іс бітпес, сырын білмей” деп астарлап отырганы не және “қазаққа қарауыл болу үшін” қандай білімді қалай және не үшін игеру керек? — дейді. Абай отаршыл елдің өктемдігін жою және одан күтылу үшін сол елдін даму дәрежесіне жет, өз каруын өзіне колдан, рухынды тәуелділіктен құткар, өзің де “оқуың, хикметің, малың (экономикаң — Т.Ж.), өнерің, ғылымың зор болсың” деген нысананы нұсқайды. Ал енді сол сөзді осы тұрғыдан бір рет ой сала қайта оқып көрейікші:

“Орыша оку керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсен — көкірек көзің ашылады. Әрбір елдің тілін, өнерін білген кісі — онымен бірдей дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды”, — дейді Абай.

Егер “кисық, қыңыр, қырын келмесек”, бул сөздің астары біз түсіндіріп жүрген “орысшылдыққа” мүлдем қарама-қайшы фой. Қарапайым тілмен түсіндірсек онымен “бірдейлік дағуасына кіресің”.

I. Кімге тәуелді болдық, бізге не берді және ол елдің қандай зорлық-зомбылығы бар, жақсылығы неде — соны санаңа салып талда. Несімен таңдандырады, несімен түнілдіреді, піғылды қандай? Соны біл. Зеріте, “Залалынан қашық бол, пайдалысын ал”. Окуы, ғылымы қандай дәрежеде, оның мақсаты не екен? Тілін білсең, зерттесен көкірек көзің ашылады. Олардың піғылдың түсінесін, — дейді. Ол піғылдың қандай екенин жоғарыда білдік.

II. “Әрбір елдің тілін, өнерін білген кісі — онымен бірдейлік дағуасына кіреді” — дегені: сол елдің ішкі даму қозғалысына тәң дәрежеде еркін аралассың, билігінің тізгінін ұстайсың, малыңды малданып, оған иелік етесің, сөзінді тәң сөйлейсің. “Дағуасына кіресін”, — күресесің, халқыңды басыбайлықтан құтқару үшін ұлт атынан сөйлейсің. Қорлығына қөнбейсің — деген мағынаны білдіреді. Дағуа — араб тілінде қоғамдық қозғалыс, күрес, пікір таласы, майдан деген ұғымды білдіреді. Яғни, өзге ұлттың, бұл арада Ресейдің, өктемдігін мойындаға. Тәң дәрежеде қарым-қатынас жаса деген сөзі. Егер:

III. “Дағуасына кірсөң — аса арсыздана жалынбайсың”, рухани тәуелділіктен құтылассың, тәуеліз ел атанасың.

Міне, Абайдың астарлы ойы осы. Мұны “орысшылдық пікір” деп бағалауға әсте болмайды. Орыстың білімі мен ғылымы рухани және ұлттық тәуелсіздікке жетудің бір жолы. Қазақ дамудың басқа сатысында тұрған ағылшын, неміс, француз мемлекеттерінің отары болғанда, онда рухани тәуелсіздік, ұлттық тәуелсіздік жолындағы курсес “дағуасы” өзге арнамен дамыр еді. Абай онда: “ағылшында, француздарда немесе немістерде бәрі зор, солардың дағуасына аралас” дер еді. Күштінің қаруын менгермей күшінді теңестіре алмайсың. Еуропалық елдердің отарлау саясаты экономикага негізделеді. Елді емес, жерді сорды. Олардың дініне, танымына, тағдырына араласпады. Тек пайдағана көзdedі. Экономикалық мұддесі өтелген кезде отар елін тағдырың тәлкегіне тастап, алтын қазбасын қотарып жіберіп, кемеге мініп жүре берді. Әрине, күшті отарлық билік жүргізді.

Ал Ресейдің отарлау саясаты мұлдем басқаша бағытта жүзеге асырылды. Себебі, орыс қоғамы Н.А.Бердяев айтқандай: “тек қана идеологиямен ғана өмір сүрді”. Сондықтан да отарлау науқаны мен саясаты идеологияға негізделді. Басты бағыт пен күш-куат оку-ағарту жүйесіне, шоқындыруға, рухани тәуелді етуге, өзіне сініріп алуға жұмсалды. Орыс мемлекетінің үйіткиси православиелік дін еді. Басыбайлы шаруалардың қатарына қосып, ерік-жігерден мулдем айыруды

көзdedі. Дворяндық тек өз халқын менсінбеді, жек көрді. Ал жалпыорыстық мұдде оларға жат болды. Түпкі мақсаты қазактарды басыбайлы құл ету болғандықтан да ең бірінші олардың дінін, тілін, дәстүрін, халықты, елміз деген ұмымын жоюға ұмтылды. Мәнгүрттікін бағдарламасын жасады. Бұған тарихшы Е.Б.Бекмахановтың:

**“Басыбайлы еңбек күшін пайдаланатын ірі-ірі тау-кен заводтарының иесі мен орыс помешиктеріне балаларды құлдыққа сату туралы Александр I патшаның арнайы шығарған заңы арқылы рұқсат берді. XIX ғасырда Гурьевте бір айда 100 қазақ баласы: ұлдар — 4,5 дорба, қыздар 3,4 дорба қара бидай ұнына сатылды”**, — деп жазғаны дәлел.

Осыны көре тұрып Абай отарлаушы мемлекетті жаңына жақын тарттты деуге бола ма? Қайта Абай жаңағы үш-төрт дорба үшін баласын сатқандарға ашынып:

**“Жақсы білгенді (жақсылар білген білімді үйренсем, жүзеге асырсам дегендерді — Т.Ж.) жорғалықпен (құлықпен — Т.Ж.) көңілін алсаң екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын, жауырынынан бір қаққан (яғни орысқа — Т.Ж.) құлгени керек деп көті ашылса да қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күндеге орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазакты аңдысам дейді. Жоқ, ондай ниет керек емес”, — дейді.**

Абайдың күйзелісі — ақылдың күйзелісі. Мұндай қорлықты көрген Абайдың “білімінен — қайғы, тілінен — зар шықпаганда” кайтеді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі де аңы шындық еді. Ақмоладағы Қоңырқұлжа Құдаймендин, Оралдағы Ахмет Жантуриндер сондай күмүйіздер. Ал болыс пен старшин, тәржімашы тәрізді “күні үшін жүрген кулардың” (Ж.Кәрмен) “бұртыңы мен жыртыны” аз сыналған жоқ. Абай сауатты қазактың өз елін сауғаны туралы мегзеп отыр. Білгеннін, білімін қатардағы қазактан күлығын асыруға жұмсаған пысықтар да отаршылдардың “жемтіктесі” бол “момын далаңың қүйрығын обырлармен қоса сорысып” (М.Әуезов) жатыр. Бұған Абай түтіл орыс зиялышырының өзі назаланып:

**“Екінші жағынан алғанда, 300-400 десятина егіндік жері мен бірнеше мың сомдық сауда айналымы бар бай қазактардың өзі “көшпелі қазаксың” деген сыйтауды малданыш жаңағы мырзалардың (отарлауны көлімсектердің — Т.Ж.) иелігіндегі жерді, яғни нағыз кошпелі қазакқа тиесілі сыбағаны өзінің етегінің астына басып алды. Сөйтіп, сырт қараганда қазақ өмірін жалған сыйтаумен бүркемелеген аярлықтың нәтижесінде орыс жер иеленушілері мен дала буржуазиясы (мұны оқыған**

қазақ деп түсінің — Т.Ж.) байлыққа белшесінен батады, ал қазақ халқының өзіне, оның кедейленген бөлігіне... “риза болудан басқа ештеңе қалмайды”... Қайсыбір жағдайда алып қарасаңыз да тұлданған қара халықтың өмірлік мұқтаждыны сырты жылтыр, іші арам осындағы әділетсіздікпен аяусыз күресуге мәжбүр етеді”, — деген қорытынды шығарды. (Т.И. Седельников. “Қазақ даласындағы жер үшін күрес”).

Қазактың көшпелі қоғамындағы жіктелуді жоққа шығарған пікірлердің желісі шындыққа тартылғанмен, мұнда да қарабайыр топшылау жоқ емес. Абай аңғарған оқыған пысық пен Т.И. Седельников жазып отырган “буржуазия” дала төсінде де болды. Капиталын қалай үқсатты, ол басқа мәселе. Алыска арқан тартпай-ақ көптің көз алдында жүрген төре тұқымдарын алайық. Мысалы, Бекей ордасын қаранды. Олардың қарауындағы жер тек солардың меншігі іспетті болды. Былайша айтқанда қазактың төртінші жүзі тәрізді өмір сүрді. Хан халыққа жағымды болса Жоламан мен Исадай, Махамбет пен Құрманғазы кудалауға түспес еді. Сондай-ақ Үәлиханың еншісіндегі Сырымбетті алыныз. Ақ патшаның өзі ол жерді мәңгілікке бекітіп берді. Келімсектерді кіргізбеді. Накты шындық сол.

Ал, сол меншік Кенесарыға неге тимеді?

Себебі, ол “қазактың құзетшісі” еді. Империяға ең қауіпті, отар елге ең қажетті тұлға болатын. Қазактың ең шүрайлы жеріне иелік еткен Бекей ордасы мен Сырымбеттегі төрелер қазактың қай мұддесін шешті? Қандай ниет қосты? Жекелеген адамдар мен руладарға жасаған қайырымы исі қазактың тәуелсіздігіне септігін тигізді ме? Көшпелілердің тәрбиелі, білімді аксүйектері шыққан бұл ордалардағы мырзалар Абай сияқты елі үшін күйініп:

“Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа құзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылуың қамын жейік деп ниеттеніп үйренді ме?”

Қайдам. Шоқан сияқты жас кезінде есін жиып, “окалы киімнен” бас тартқандар санаулығана. Оқыған, өнерлі Серінің өзі де өмір сонында ауыл айналасындағы әнни болып қалды. Әскери ғылымина хабары мол Серіз Серіні Кенесарының көтерілісінің ішінен көргісі келген қазак жауынгері болмады деп айта аласыз ба? Абайдың: “қазаққа құзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді

біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек”, — деп отырғаны да сол.

Білімді өзін үшін алма, елін үшін ал. Соның керегіне жарат. Етек басты болма. Өзінді өзін тәрбиеле. Бөріге қосылып елінді қоса талама.

Міне, оқудың максаты осы. Бұл Сперанский жобасын жасап, Бартольд, Семенов-Тяньшанский, Ильминский, Щербина, Алекторов, Остроумов жүзеге асыруға тырысқан патшалық оқу ағарту жүйесіне мүлдем қарама-қайшы бағдар. Рухани тәуелсіздік жолы. Қазактан шыққан сауаттылардың жолы — салауат жолы, азаматтық жолы болса еken деп тілейді Абай. Сондай-ақ, “ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік” — деген сезінде де үлкен астар жатыр. Егер шындалп занға жүгінетін болсақ Әбілқайырдың Анна Иоановнаға берген дәйегі бойынша біз Ресейге бодан емес, одактас ел болуымыз керек еken. Мұны көтерген I Думаның депутаты Т.И.Седельников мырза. “Бұлғын жағалы шапанға” айырбасталған бостандықтың асығыспен “бодандыққа” айналғаны сондай, оның баптарын байылтап тұрып түзеуге шамамыз келменті. Тым құрыса басыбайлықтың өзін занды түрде негізделеп алмаппаз фой. Масқара! Мұны Т.И.Седельников:

“**1731 жылы қазақтарды бодандыққа алған кезде орыс үкіметінің олардың жер иеленуі мен шаруашылықты жүргізу тәртібі туралы мағлұматы өте бұлыңғыр болса керек. Міне, сондықтан да Анна Иоановна патшайым қол қойған дәргейдің мазмұны түсініксіз әрі анық емес... 1905 жылы тамыз айында берген қыр елінің озық ойлы азаматтарының көшілік мәлімдемесінде ғана оның мазмұны ашылды, ол бойынша жер қазақтың бүтіндей меншігі болып табылады еken, өйткені әлгі дәргейде “қазақтардың бодандығы башқұрттардың бодандығымен бірдей дәрежеде екендігі” көрсетіліпті, ал башқұрттар жерді рулық меншік (вотчина) ретінде пайдаланады...** Бұл сауатсыздық қой. Егерде жаңағы сөзді біз сол мағынасында түсінетін болсақ, онда жер жөнінде бодандар емес, керісінше үкіметтің өзі қазақтарға қысым мен қиянат жасап, **150 жылдан астам уақыттан бері үнемі күш көрсетіп келеді** деген қорытынды жасаймыз”, — деп мәселені ашық түсіндіріп береді.

Ал қоғамдық ғылымның биік дәрежесіне көтерілген “тоқыраудын толқынында туған” ғалымдар 150 жыл емес, 250 жыл бойы занды түрде өз еркімізбен басыбайлы болдық деп қалың-қалың кітап жазып, ұлы кеңестік империя дәрежесінде ұлан-асыр той өткіздік. Соншама тарихшы мен

зангерлердің зейіні мен білімі жалғыз Әлихан Бекейхановтың зердесіне жетпегені ғой.

Тағы да масқара!

Абай туралы және оның “Жиырма бесінші сөзі” туралы дақпырт таратып, оку орындарының майдайшасына жаздырып жүрген де сол ағайындарымыз-ау! Соңда, Абайдың “ұлықсыған орыстың жүртқа бірдей законы болмаса, законсыз зорлығына көнбес едік” — деген арманы қайда қалды.

Іә, біліміміз өсті, бірақ ол ғылым дәрежесіне көтерілmedі. Білімділер шықты. Бірақ олар тәуелсіз ғалым дәрежесіне көтеріле алмады. Оқу-ағарту жүйесі еуропалық үстемдік, ұлыорыстық тәуелділік түрғысында енбек етті. Оның жемісін Ильминский мен Остроумовтың, Александровтың орнын басқан “коммунист-колонизатор” (*C Садуакасов*), оқу министрінің орынбасары Щевченко көрді. Өзінін патшалық самодержавие тұсындағы үстаздары жүзеге асыра алмаған оқу-ағарту мен тіл, мектеп саясатын кандидаттық диссертация арқылы орындалғанында. Республика жаппай орыс мектебін ашу бағытына көшті. Біздің заманда да Ұбырай Алтынсариндер шықты. Бірақ Ұбырай Алтынсарин өмірінің сонында бұл ісіне қатты өкініп, елден кешірім сұрап, 99 молдаға жаназа шығарту туралы өсiet айтЫП, “Мұсылмандық шарты” атты кітап жазып кетсе, біздің заманың “қазақ миссионерлері” беті бұлк етпестен докторлық, кандидаттық дипломдармен әлі де күнін көріп жүр. Соның нәтижесінде марқұм Оралхан Бекей ашына әшкөрелеген “будандар” қазақтың рухани дүниесіне әкімдік етті. Мұндай “будандарды” Абай да жақтырмаган. Ол:

“Қазірде орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да түр. Себебі ата-анасы, ағайын-туғаны бір жағынан бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді үқтыраса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта кедейдің балаларын орысқа зорлан берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және кейбір қазақтар ағайынмен араздасқанда “Сенің осы қорлығыңа көнгенише баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!” — деуші еді. Осында жаман сөзді құдайдан қорықтай, пендеден үлімай айтқан қазақтардың баласы оқығанмен де не бола қойсын! Соңда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене? Қайбір көп үйреніпті? Кірді, шықты. Ілді, қашты. Түбебейлі оқыған бала жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын негізп шығарсын?” — дейді.

Абай жақтырмай отырган “оқыған шәкіртпен” кейінгі замандағы оқыған орыс тілді шәкірттің арасында көп айырмашылық бар. Абай әуелі түркіні, одан соң араб пен парсыны, содан кейін экономиканы үйрен десе, кейінгілер қазақ тілі мен дінін де ұқпай өсті. Сондыктан да олардың бойындағы қан — таза қазақы қан емес. Будан. Ал будандар үшін ең қауіпті нәрсе — ұлттық сезім, ұлттық мұdde, ұлттық билік. Олар өз ұлтын ешқашанда сүйе алмайды және түсінбейді. Қандай қызметте отырса да айналып кеп “қазақты аңдысам” дейді. Ұлттық тәуесіздікке қарсы құрес майданы басталған тұста солардың шулдірлең босы қосыла қалатыны сондықтан. Колбиннің тұсындағы “будандардың” буы бүркырап шыға келгені соған дәлел. Яғни Абай айтқандай олар:

*Орыс съезд қылдыра,  
Болыс елиң кармайды  
Орыссыз жерде топ болса,  
Шакырган кісі бармайды, —*

дегеннің нағыз өзі.

“Кіреді, шығады. Іледі, қашады”. Тұбегейлеп елдің қамын ойламайды. Дәл қазір Абаймен бірге тұңғылудің кажеті жоқ. Тек бостандық рухын жүрекке мықтап сініру керек. “Дейлі, деді, депті” дегеннің заманы өткен. Фылымды, білімді тәуелді болу үшін емес, тәуелсіз болу үшін игеру lazым. Тәуелсіздік рухы — қасиетті рух. Тәуелсіздік фылымы — қасиетті фылым. Дәл осы жол үшін:

“Тұрасын ойтағанда, балаңа қатын өперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың (қандай фылымын үйрепу керек екені қазір түсінікті — Т.Ж.) фылымын үйрет! Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пенледен үял, балаң бала болсын десен — оқыт, мал аяма. Эйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсетер ме, өзі рахат көрер ме, иә жүртқа рахат көрсетер ме?” — дейді Абай.

Абайды енді тобырға женілірудің өзі киянат. Ақыл, ойға жасалған қорлық. “Тыңдаушымды ұғымсыз, қылып Тәнірім берген-ді” дейтін зердесіз заман өтті. Ұлттың рухы өзгерді. Қаншама зауалды тарихи кезеңді бастан кешіріп, сабак алды. Енді “акылға сүйеніп” өмір сүретін дәуір туды. Елге күзетші болатын зиялды үрпақ келді дүниеге Сондықтан:

*Оғені бар, оперлі шім, сізге,  
Жаңынамын, мундан соғ айтпа бізге, —*

деңен Абайдың сөзінің мағынасын терең талдан түсінейік.

Бұл — өситет, Абайдың өситеті. Оның себебін “Жиырма бесінші сөзді” талдау барысында түсіндіруге тырыстық. “Сәулен болса кеуденде, мына сөзге көніл бөл”, — деген емеурінмен әңгімені аяктаймыз.

## 5. “ОЗІМДІКІ ДЕЙ АЛМАЙ ӨЗ МАЛЫНДЫ... ”

(*Абай жөне экономикалық тәуелсіздік мәселесі*)

### I

Дананың ой-ағымына тосқауыл қойылмайды. Даналықтың үш мәйегіне: “сүyk қылға”, “ыстық жүрекке”. “қол қайратына” сүйеніл, санасын сарғайтып барып қорытқан олардың тұжырымдарының қай-қайсысының да астарында түйсіктің (интуицияның) ашылмаған сәулесі жатады. Кейде оны ой иесінің өзі де сезінбеу мүмкін. Бір толқынды екінші толқын қуып, шайқай-шайқай тас пен тамырды маржанга айналдыратыны сияқты, ойды ой қуып барып ұлы ұымдар қалыптасады. Мұндай тосын тұжырымдар Абайда да жиі ұшырасады. Соның бірі арнайы сөз еткелі отырган ұлттық тәуелсіз ықтисатқа (экономикаға) байланысты.

Әрине, ақыннан, оның ішінде Абайдан ықтисатшы шығара алмайсың. Ол — далбасалық. Бұл туралы Мишель Эйкем де Монтеньнің: “Ақымақтық кез келген құбылысқа тән нәрсе, тек поэзияға ғана ақымақтық жараспайды” — дегені бар. Бірақ та, “еріншек, бекер мал шашпақты” қалай түсіnlіруге болады? Мұны қандай ықтисаттық заңдылыққа сыйғызысың? Әлде, ақынның тіл үшіне оралған қатардағы нақыл сөздің бірі ме?

Өзге туралы мұны айтуда болар, алайда Абайды әншнейін адам деудің өзі құпірлік. Өз заманы мен ұлтының озық ойлы екілі ретінде тіршілік алқымына назар салмауы мүмкін емес. Оның үстіне қазақ ұлтының саяси және әлеуметтік жағдайы соған мәжбүр етті.

Ел жүрті тәуелді болған ақынның тәуелсіз өмір сүруі мүмкін емес. Ұлттың жат жүртқа басыбайлы болуының басты себебінің ең үлкені сонда жатыр. Дерптің емін білмесе емдел қажеті не?

Ал экономикалық тәуелділікті өлеңінде де, “Қара сөзінде” де қозғап, көркем ойдың өзегіне арқау еткен және соның өлшеміне сыйдыра білген Абайды тым қарабайырландыруға да болмайды. Бұл ретте Қадыр ақынның Абайдың

әр жолын жеке бүтарлап алып, оны орынды-орынсыз қиын-кылы құбылыстармен салыстыру жөнсіздік деген пікір дұрыс. Дегенмен де, Абайдың астарлы ойын таза поэзиялық толғау, образ, тенеу түрғысынан қарап, женілдетіп жіберу де “жанашырлық” емес. Біз жиі-жиі сөзіне жүгінген П.Я.Чаадаев: “Ақындық шабыт дегеніміз менің көзқарасым-ша, тек қана жалынды сөздердің шарпысы емес, сонымен қатар идеялардың да буырқанысы... Қарасөзге сүйенген ақын емес... Мен ақындардан: менің рухымды қалай астан-кестенін шығарып тебіренлірсе, жүйкемді де дәл солай сілкілеуін талап етемін” — депті. Абай осы екі қасиетке де ие ақын. Абайдың оқығаннан кейін “жүргегің тілім-тілім” бол, өзегің өртеніп, сілікпен шығып қалады. Он-он бес күн өзін-өзін келіп, ойынды жинактай алмайсың. Өмірдің теренде жатқан бар құбылысы ақыл толқынының бетіне шығып, сергелден күй кешесін. Соның ішінде үлттың, құнқөрістің қамы да бар. Бұл пікірді кекетуге болар, бірақ соны айтып кеткен Абайды кекете алмайсың. Сіз түсінгеннен гөрі ол әлдеқайда астарлы жайды мегзеп түр.

Абайдың Ұлылығының өзі сонда жатыр. Егер экономикалық тәуелсіздікті тілге тиек етпесек, онда:

*Өзімдікі дей атмай өз маңынды,  
Күндіз күлкін бұзылды, түнде үйкүн, —*

дегенді қалай түсінеміз және қалай түсіндіреміз?

Тамыры елінің тәуелсіздігінің тағдышымен жалғасып түрған бұл пікірді поэзиялық құрделі ой ағымын білдіретін елең жолдары ғана деуге бола ма? Астарсыз, “қыздырмалаған қызыл сөз” үшін жазылса, онда Абай — Абай бола ма? Олай болуы мүмкін емес. Егер солай болса, онда Абай:

*Сөз айттым “Әзіретән, айдаһарсыз”,  
Мұнда жоқ “алтын иек, сары ала қыз”  
“Әсіре қызыл емес” — деп жириенбениз,  
Тұби терең сөз артық, бір байқарсыз, —*

демес еді.

Сондықтан да, поэзияны “ақымақтандыру” бір басқа да, оның астарын ашу бір басқа. Яғни Асан қайғы айтқандай:

*Таза мінсіз асыл тас,  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз,  
Ой түбінде жатады  
Су түбінде жатқан тас,  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз,  
Шер толқытса шығады.*

Ал Абайдын “ой түбінде жатқан сөзі” де, оны “толқытатын шері” де бір басына жеткілікті болатын. “Жарлы емеспін, зарлымын”, — деуі де сондықтан.

Демек, экономика мен поэзия да тоғысады екен. Оны тоғыстырып тұрган “шерлі толқын” — тәуелсіздік.

Карабайыр түсінікпен қарасаңыз, экономика мен поэзия ешқашан басы қосылмайтын үғымдар, яғни ит пен мысық сияқты. Демек, экономист пен ақын керегар тұлғалар. Бірақ даналардың ойына шекара жүрмейді. Сол экономика мен поэзияны, экономист пен ақынды, тіпті ит пен мысықты да рухани татуластырып, поэзиялық бейнеге айналдырып жіберетін ұлы, сикырлы, қасиетті үғымдар болды. Соның бірі — бостандық деген сөз. Егер азаттыққа, рухани еркіндікке, тәуесіздікке қызмет етсе, кез-келген қарама-қайшы үғымдардың өзі үйлесім тауып тұрады. Өйткені, “жан бостандығы” — ақын Абайға да, физик Сахаровқа да, зұлыс Чакага да, қасиетті һәм қажет. Қытай ғұламасы Конфуций:

**“Әрбір нәрсенең бастауы мен аяқтауы болады. Адамның ісі де солай: Өзінің бас-аяғының бірде-бір іс жоқ. Оның басталуы мен аяқталуын анық түсінген адам ақиқатқа жақын тұрады”,** — депті.

Ендеше, біз де басталған ойды одан әрі Абайдың өлеңдері мен “Қарасөзіндегі” “экономикалық тақырыпты” сабактау арқылы дамытамыз. Ешқандай қисынсыз һәм үмітсіз тақырып. Бірақ ұлы Абайдың өзі соған еріксіз мәжбүр етіп отыр.

Әңгімені саясаттан, дәлірек айтсақ, саяси экономикадан бастайық. Дүниенің құлқын өзгереттін және оны зерттейтін ғылыминың бул саласының жетістіктерін түгелдей саралап шығу қын. Бірақ Абайдың “экономикалық поэзиясына” жақынырақ тамырластыру үшін Абаидың өзі тікелей әкімшілік тұрғысынан бағынған және сол жердің елі мен мекенін отарлаудың жоспарын жасаган аға тексерушінің (ревизордың) пікірі мен мәліметтеріне жүргінеміз.

Сонымен, қазак жері толықтай Ресейдің отарлық дәрдійіне қошті. Жерді аршындаң өлшеп, әр тасын есептеп алды. Билік “Екінші низамнан” кейін толықтай патша дәбірлерінің колына өтті. Рухани тәуелсіздіктің рухы жойылды. Енді халықты бүтіндей тұншықтырып, басыбайлылықка айналдыру үшін экономикалық кіріппарлыққа түсү керек еді. Мұның алғышарттары белгіленіп койылған. Тек соңғы дайындықтар жасалып жатты. Омбы бақылау палатасының аға ревизоры И. Мельников қазак ұлтын бүкілдей басыбайлы етіп, шоқындырудың шешуші жоспарын, яғни “Үшінші

низамды” тағы да бір тексеруден өткізіп, ол туралы тұжырымын мәртебелі ағзамның кенсесіне жолдады. Мұндай әрекеттің жүргізіліп жатқанынан Абай толық мағлұмдар болатын. Олардың максаты да белгілі. Сонда қазактарды не күтіп тұрды? Отар елдің келешектегі тағдыры шешіліп қойылған еді. И.Мельниковтың пікірінше:

“Қазақ халқының тағдыры біздің жер шарын мекендеген өзге елдер сияқты адамзат қоғамының пайда болуы мен дамуындағы тарихтың жазылмаған заңына бағынышты және солай аяқталады. Ол заң бойынша: жер бетіндегілердің барлығы, оның ішінде адамдар да қоршаған орта мен қалыптасқан жағдайға бейімделсе және оған бағынсаға өмір сүре алады. Ал оған мойынсұнғыларды келмегендегер жер бетінен аяусыз түрде жойылады. Қалыптасқан осындай жағдайға қазақ халқы мойынсұның отыр ма? Қалай? Қайда? Не үшін және қандай дәрежеде? Бұған жауап беру деген сөз — қазақ халқын алда не күтіп тұр, қантөгіске ұшырамау үшін не істей керек деген мәселелеге жауап беру болып табылады” — екен.

Мұндағы “қалыптасқан” жағдай деп отырғаны отарлау мен басыбайлылық. Оған көнбесе, “жер бетінен аяусыз жойылады”. Міне, империяның қазакқа дайындалған қойған “тарихи орны”. Қазақтан әскер алу екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі мемлекеттік қажеттілік емес, одан он бес жыл бұрын жоспарлап қойылған жай. Тек соның “шағымды” сәтін күтіп тұр еді. Ол үшін жаппай шоқындыру және отырықшыландыру жөніндегі жазалау шаралары жүзеге асырылтуы тиіс болатын. Жердің қазактарға қоныс болудан қалып бара жатқанын, жанына қысым түсіп келе жатқанын Абай да сезіп:

*Басқа — сая, жанға — олжаса дәнене жоқ,  
Кайран ет осымен жүр далактан, —*

деп күйзеледі.

Қара бұлттың төнгенін дәл Абайдай сезініп, қалың ойдың коршауында қалып, торықкан жан ол заманда сирек кездеседі. Түйсінгендегер бар, бірақ, жүргегі қапа мен қайғыдан жарыла түнілген Абай ғана. Қалыпты қазақ тіршілігінің бұзылуы, көшпелі өмірдің керуенімен қоса қазактың да жер бетінен ысырылтуы оның жанына қатты батты. Қалайда елімді ел етемін деген арманы кесілді. Сондай сәттерде торығып:

“Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым. Байды қадірлейін десең — бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па? Ешбір байдың өз малына еркі өзінде жоқ ... Болыс пен биді

құрметтейін десең — құдай берген болыстық пен билік те жоқ. Сатып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Ендігі қалғаны қу мен сүм. Олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес. Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің?” — деп көніліне медеу іздейді.

Ондай демеу мен медеуді Абай таба алмады. Табуы да мүмкін емес еді. Жер де, ел де, оның байлығы да толықтай империяның дәргейіне көшкен. Олардың костауынсыз, қолпаشتауынсыз малыңды малдап, жаныңды жандай алмайсың. Билік те, тіршіліктің көзі де жаттың қолында. Бірақ соны қазақ елі түсінбей, әрқайсысы өзінің бір күндік кам-харакетін “ұнем қылып”, елдіктің рухынан айрылды. Жаппай көрсекзызарлық пен пысықтық, жалған мақтан мен жалған намысты малданып, тіршілік еркінен айрылып қалғанына ызалаңып:

“Ендігі жұбаныш: “Жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той. Көппен бірге болса болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па: көптен қалмасаң болады деп, көпке қаһарым жүрмейді деп? Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Фылым көпке келіп пе? Біреуден тараң па? Хикмет көптен тараї ма? Бірден тараї ма? Көпке қорлық жүрмей ме?” — деп назаланады.

Біреудін малы жұтқа ұшыраса қүйінбейтін, өзінің малының амандығына сүйінетін жүрттың томырық психологиясына ашынды. 1864 жылғы “Екінші низамнан” соң жер де, оның байлығы да Ресейдің меншігіне көшті. Анна Иоановнаның бодандық дәргейіндегі кателіктерді отарщыл ел түзеп, зандастырды. Бұл тұзак жекеге емес, баршаға түскен тұзак. Абай өзінің қара сөзінде соны мегзеп отыр. “Көпке қорлық жүрмей ме?” деп сұрап қоюдың мәні сол.

Көпке зорлық жүреді. “Көп” қана емес, мұқым ұлтқа қорлық пен зорлық көрсету заң арқылы бекітіліп, енді сонын жузеге асатын мезгілі анықталып жаткан болатын.

Ресей үшін оның мәселесі шешіліп қойған. Тіпті қатардағы чиновниктердің бірі И.Мельников үшін оның өзі айдай анық еді. Мұны қоныс аударушылар да білді. И.Мельников өзінің “Қазактарды Сібір казак әскерінің маңынан 10 шақырым (верст) аулақ қоныстандыру үшін оларды көшіру және кора-жай салу үшін 500 сом бөлу туралы мәселеге орай” берген мәлімдемесінде:

“Інжілдегі” дәрүіштер сияқты емін-еркін өмірдің, Арабстандағы бәдәуилер іспетті көршілеріне шапқыншылық жасаудың дәүірі біткендігін, енді жерге қоныстанудың қажеттігін, болашақта өздерін не күтіп тұрғанын қазактар да

сезетін сияқты. Олардаң тым сылбырсын жүргендігінің бір себебі, олардың қай жерге барып ұя салары толық белгіленбейдіктен деп есептеу керек. Осы халықтың тағдыры туралы тарих шығарған қатігез үкімге қарамастан қоңылға уайым түсірер бір күдік туралы айтпай кетуте болмайды, қыр жағдайымен етene танысқан соң мұндағы адамның өмірі табиғи ерекшеліктеге бейімделе ала ма деген ой келеді. Бұл арада орыстар тұрақты қоныстана ала ма? Қазактардың маддарына қолайлар жерлерін алған соң олар кедейленіп шыға келеді. Ал ол арага қоныстанған орыстар кетіп қалу қаупі бар, ендеше бұларды асығыстықпен көшірмей, қарайласа дұрыс болар еді. ... Олардың өміріндегі мұндай экономикалық қасірет номадтардың тарихы мен әлеуметтік жағдайының нәтижесінде қалыптасқан қажеттілік... Қазақ даласындағы экономикалық құйзелістің басты себебі — номадтардың көшпелі тіршілігіндегі дәстүрлі қарым-қатынастың бұзылуы екенін үкімет ескертүй тиіс”, — деп жазды.

Иә, әрі үкім, әрі нұсқау.

Қазақтар жерге қоныстанса да аштан өледі, сол көшпелі қалпын сақтаса да аштан өледі, сол көшпелі қалпын сақтаса да жұтқа ұшырайды. Жаз жайлау, күз күздеу, қыс қыстау жайына қалады. Шөл мен тастақ жерғана олардың еншісіне тиеді. Көшпелілерді құйзелту — экономикалық саясаттың басты бағыттарының бірі. “Жер өспейді, ел өседі”. Мұны көзімен көрген Абай өз тұсындағы келімсектер араласқан жүрттың жайын:

*Жетіліп жаз жайлауға кона алмай жүр,  
Күз күзеуде жсанжалсыз бола алмай жүр  
Қыс қыстауың қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып еш шаруа оналмай жүр, —*

деп бейнеледі.

Дәл осы сөздің рас екендігін көп өзеуреп жатпай-ак әлгі И.Мельниковтың:

“Түркістанды бағындыру арқылы даланың оңтүстігі қоршалды, бұл қазақтардың толықтай Ресейдің қол астына қошкендігінің ен шешуші пәрмені болып табылады: соның нәтижесінде, бір жағынан, қазақтардың азиялық хандықтарға емін-еркін көшүі тоқталса, екінші жағынан, қазақ даласына орыстардың жаппай қоныстануы қүшейді, олар қазактардың қонысына жайлы жерлерді орыстар егін салу үшін басып алғып, өздерін қып шықты, қысылып-қымтышылған қазақтар түйіктан шығу үшін сулы жерге, көбінесе жағасы шалғын, нұлы, бірақ та орыстар бекініп алған Ертіс өзенінің жағасына

**қарай ығысты, онда бос жер қалмағандықтан да жайылымды жалға ала басталы”, — деген мәліметін көлтірсек те жеткілікті.**

Қазақ елі өз жерінде, өз елінде отырып, жатқа жалынышты болды. Бұл дегеніңіз нағыз экономикалық тәуелділік еді. Соны білгендіктен де Абай:

*Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде үйқын, —*

деп отыр.

Ресей империясы “қазактарды жер бетінен мұлдем күрткіп, жойып жіберу” үшін оның ең алдымен дәстүрлі көшпелі экономикалық қарым-қатынасын бұзды. Ал қыр елінің бар тіршілігі соған негізделген болатын. Көшпелі өмір салтына бейімделген құнқөріс камы — олардың өмір тірлігінің кепілі, ең касиетті мұддесі, ешқашанда бұзуға болмайтын заны еді. Жайлау, күзеу, қыстау, көктеу — тек кана “канғыбастық” құмарлық емес, өмір сүрудің тәсілі болатын.

Ұшы-қырысыз жерді мекендейген көшпелілердің солтүстік қанаты көшпелі, онтүстік қанаты жартылай көшпелі, жартылай отырықшылық тіршілік құрып, егіншіліктен айналысты. Олардың арасындағы экономикалық байланыс үзілген жоқ. Соның нәтижесінде көшпелілер тілдік, ортақ экономикалық, ұлттық бірлігін сақтап қалды. Сондай ұлттық экономиканың ең көне әрі негізгі көзінің бірі — Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясында күз айының салтанатты бір суреті ретінде суреттеліп, ауылдың қасынан өтіп бара жатқан керуенге қарап: “Алақай, Ақ шом кетіп барады!” — деп куана айқайласатын, ал Абайдың өзі:

*Қаз, тырна қатарласып қаитса бермен,  
Астында “Ақ шомшы” жүр, ол бір керуен, —*

дәйтін “Ақ шомшы”.

Осы “ақ шом” экономикалық дәстүрін сактаймын деп “Алаштың” Әлихан бастаған азаматтары өзінің өмірін киды. “Ақ шом” — қазақ көшпелі экономикасының ең мұдделі тәсілі еді.

Ол — нарық. Ол — тіршілік. Ол — елдіктің кепілі.

Қысы ұзак солтүстікте астық өндіру, жеміс-жидек, бақша баптау қыын. Ал онтүстікте егіншілік өлкеде мал түяғы умен тен. Сондыктан да көшпелілер “Ақ шом” айналымын қолданды. Күзде солтүстікте малшылыр өзінің теміртерсек, жұн-жүрқасын артып, түйеге қомдап, онтүстікке аттанады. Әр үйден, ауылдан белгілі азаматтар ере шығады. Сарыарқа мен Мұғаджардан ағылған “ақ шомшылар” күзде

қаздай тізіліп оңтүстікке кетіп бара жатқан. Қайтқан құстармен қоса даланы дуга бөлеген бұл салтанатты көріністі Абайдың жырлауы тегін емес.

“Ақ шомшылар” арысы Бұхара, Самарқандан, Хиудан, берісі Түркістан, Шаштан “тамыр” табады да әлгі апарған тері мен жунін астыққа айырбастайды. Эркімнің өзінің күні бұрын келіскең адамы бар. Екі жақ та өзгеге қолындағысын бермейді. Өнімдерінің сапасына сенеді. Жұт, қуанышылық жылдары несиеге алады. Сонау миладиден бұрынғы скиф заманында да солай болыпты. XX ғасырға да сол қалпы жеткен. Ол туралы элладаның саяхатшысы Страбон жыл кайыруымыздан бұрын бес ғасыр інгері заманда:

“Номадтар қаракиытың, шапқыништықтан гөрі, көбінесе дүркін-дүркін жорыққа аттанып тұруға әуес және қолұздік үшін аттанады; олар жер өндеділі білетін дикандарға өздерінің қол астындағы жерді боліп береді, шықсан егінен белгілі бір мөлшерде болмашы ғана ұшыр алады. Мұны олар қорлану, баю үшін емес, күн сайынғы тіршілік қажетін қамтамасыз ету үшін ғана жияды; егерде әлгі несиені бермеген жағдайға ғана оларға қарсы жорыққа аттанды... Шындығына келсек, сол несиенің өзі оларға дұрыстап төленбейтін. Өйткені, олардың шабуылын оп-оңай тойтарып гастанымыз немесе қарсы жорыққа шығамыз деп үміттенетіндер мен өз күшіне сенетіндер ғана салым төлемейтін”, — (VII.4.6.) — деп жазды.

Демек, “ақ шомның” негізі есте жоқ ескі заманда қалыптасқан. Ол кезде Ресейдің қандай мәдени-экономикалық дәрежеде болғанын бір алла біледі. Аныбы, көшпелілердің тіршілік саясаты айналымға құрылған. Олар бұл түзілімді бұзғандарды аяусыз жазалап, тиісті сыбағасын сиптирып алғып отырған.

Дәл осы экономикалық саясатты Әлихан Бекейханов пен Швецов та ұсынады. Егерде жедел отырықшылануға қошсе қазақ халқы сөзсіз ашаршылыққа ұшырайды. Екіншіден, көшпелі экономикалық түзілімді сақтамаса, онда сөзсіз тәуелділікке көшіп, таза шикізаттың құлына айналады. Үшінші, олар крестьянданып, тез шоқынуға бейімделеді, — деп есептеді. Ресейдің қазакты отырықшыландыруға қатты кірісіп, бар ынтасын салудағы пиғылы да сол шоқындыру болатын. “Айқап” журналына қарсы пікір айтқан “Қазак” газетіндегі “Алаш” азаматының ойының түпкі төркіні сол еді.

Ол жоспарды “коммунист-колонизаторлар” (Смагул Садуақасов) жүзеге асырды. Қазақ даласы мен ұлты таза экономикалық басыбайлы шикізат коры ретінде өлі денеге

айналды. Абайдың тұсында бұл дерт мәндеп бара жатқан. Әлі де ет қызыу басыла қоймаған жастарға осы “жансыз болашақты” мегзеп:

*Салынба, қылсан-дагы сан құмарлық,  
Алдында уайым көп шошынарлық, —*

дейді.

Шынында да, “шошынарлық заман” алда еді. Абай экономикалық тәуелділіктің “одак” деген бүркемесінің де тамырын басып, оның басыбайлылыққа қызмет ететінін білген. Ол өзінің “Алтыншы сөзінде”:

**“Малынды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні  
басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса  
— ант ұргандықтың басы осы”, — дейді.**

Мұның астары — шикізатынды беріп отырсаң “күшті өкіметке” жағасын, саудаң жүрсе — доссың, сарқылған күні — итке тастаған кү сүйексің. Соған тәуелдісің. Бұл — бірлік, достық, интернационалистік емес, “ант ұргандықтың”, яғни құлдықтың басы дегенге саяды. Жалданудың бүгінгі көрінісі — жалакы. Бірлігінің — одак. “Антұргандық” — экономикалық тәуелділік. “Өз малынды өзіндікі дей алмай, күндіз күлкінің, түнде үйкynың бұзылуының” себебі де сонда. Көмпіс елге қаратада:

*Бірлік жок, береке жок, шын пейіл жок,  
Санаырлды байлышын, баккан жылқын, —*

дейді Абай.

Бұл — толық бодандықтың сыпаты. Кен сапырылды. Тасылды. Одан қазакқа бір тыын да пайда тұспеді. “Бірлік жоқ” дегені — ұлттық тәуелсіздік жоқ дегені. “Береке жоқ” дегені — ұлттық экономика жоқ дегені. Ал, “шын пейіл жоқ!” дегені — “жан бостандығы жоқ!” — дегені.

Поэзия мен экономика түйіспейтін үғым болса да Абайдың өлеңдерінде бұл екеуі кәдімгідей әлеуметтік рух танытады. “Ақ шомның” керуенінен басталған көрініс ұлттық бостандық ілхамына ұласады.

Ресейге деген экономикалық тәуелділік бұрын да болған. Әсіресе, “Алтын орданың” дәүірінде ол қатты жолға қойылды. Бірақ ол кезде кешпенделдердің толық тәуелсіз, ал Ресейдің жартылай бодан кезі болатын. Бірақ алыс-беріс тең дәрежедегі сыпатта жүргізді. Абай тарихтың сабағын да ұмытпайды. Ол:

**“... Орысқа қарамай тұрғанда қазактың өлгеннің  
“ахиреділігін”, тірісінің киімін сол (ногай көпестері — Т.Ж.)**

**жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтүғын малынды кірлеп (өлшеп — Т.Ж.), сол айдан кетіп тұрды ғой. Орысқа қараган соң да орыстың өнерлерін бізден олар (ногай, сарт, т.б.) көп үйреніп кетті”, — дейді “Екінші сөзінде”.**

Тарихтың көшпелі сипаты көшпелілердің саяси сахналан ығысына мәжбур етті. Еркін елдің еркінің жат ықпалына ілігүі осы алыс-берістен басталды. Құнанбайдың насыбайға, шайға, торғын-торқаға қырын қарауы тегін емес. Дәстүрлік тіршіліктің салты бұзылған соң және жаттың дәстүрін бойына сініргеннен кейін одан арылу қын. Ахиреттік бұлды, киер киімді жат жүрттан алу экономикалық тәуелділіктің басы.

Экономикалық тәуелділік ен бірінші тұтыну заттарынан басталады. Қытай апиынмен улады. Көшпелілерді шайға үйретті. Осы заманда арак-шарапқа ауыздандырыды.

Қазір қазақтың тұрмысына бұл қажеттіліктің сіңіп кеткені сондай, онсыз дастанқан жайылмайтын болды. Өз жерінде шықпайтын өнім мен затқа дәніктіріу отарлаудың ежелден келе жатқан әккі дәстүрінің бірі. Бұл саясат жыл қайыруымыздан бұрынғы IV-III ғасырдан мәлім. Орталық қытай мемлекеті көшпелі жүртты осындай үлде мен бұлдеге алдандырып, экономикалық тәуелділік арқылы жаулап алмақ болған. Хұн қағанатын одан ақылды қытай кенесшісі құтқарып алды.

Атақты Мөде тәніркұты дүниенің төрт бұрышын жаулап алды. Қытайдың өзін кіріптар етті. Оның мұрагері Лаушан-Қызай хань империясынан алым-салық алғып, жібек пен торғынға, тәтті тағамға қарық болды. Байлық пен мырзалықта өмір сурген қағанаттың әскері мен әйелдері бірдей жылы-жұмсаққа, үлде мен бұлдеге, шарапқа құнығып алды. Бірде Лаушан-Қызайдың ордасына Мөденің досы кәрі қытай келіп, көшпелілердің мына қалпын көріп қатты назаланды. Қытай елшілігі келгенде көшпелілер мен қытай жауынгерлерін бәсекелестіреді. Бұтаның арасымен жүгіргенде хань жауынгерлерінің киімі жыртылып қалып қояды. Тері шалбарлы, тері шәркейлі хұн сарбазы озып келеді. Екі жақтан екі адамды тастай сұық құдықтың ішіне қатар салады. Қытай талып қалады, хұн аман шығып, қымызбен бойын жылытады. Сонда әлгі қытай кенесшісі:

“Көрдің бе, сенің жауынгерлерің бәрінен үстем болды. Себебі, сендер жастайларыңнан малдың етін жеп, сүтін іштіңдер. Терісін киім етесіңдер. Мал шөп жейді. Шөпте барлық нәр бар. Ал мыналар тәтті тағамға үйренген. Жібек киіп, жылы жерде өскен. Төзімсіз. Егер сен әскеріңде қытай-дың үлдесі мен бұлдесін киуге, тәтті тағамын пайдалануға

тиым салмасан, елінді аздырасың. Қазірдің өзінде жастарың жаттың дәстүріне үйреніп алды. Бұл — қауіпті. Ертең отырыкшы ел жұтып кояды. Ал үрпағың жібек пен торғынға құлқын сатады. Тәуелді боласың”, — деп ақыл айтады.

Содан бастап хүн жұрты өзінің көшпелі салт-дәстүріне, үйреншікті күім мен тамағына қошкен.

Абайдың “ахиреттік” бұл мен “күімді” тілге тиек етуінде сондай астар жатыр.

Осы аңызда үлкен тарихи, әлеуметтік шындық бар. Араға екі мың жыл салып барып осы қатер көшпелілердің басына тағы да төнді. Бұл жолы ақыл айттар қытай кеңесшісі де, оны жүзеге асырап Лаушан-Қызай сияқты хан да табылмады. Абай мен Шәкәрімнің қазактың күім үлгісі туралы өлеңдері елігіп алған жүрттүң еркін ақылға жендерімді. Абай “Той болса, тон киелік, жүр баралық” немесе “Жарлылық, жалынышты, жалтаң көздік, Сүйкімді, киімі жок шалдуарлық” — деген жолдарында әр нәрсені аңғартады. Әсіресе, “жалынышты, жалтаң көз” бол саудагерден алған күім туралы сөз еткенде әр түрлі ойға қаласың. Боз үшін боз өкпе болып күйінгендердің көңілін аудару үшін “Ескілік күім” деген өлең жазып:

Ойланып, ойға кептім жұз жылғы откен,  
Тон қабаттан, кигенім — шидем шекпен.  
Жейде, дамбал ақ саңан, жарғақ шалбар,  
Жырым балак, матамен әдіптеткен.  
Мықшима аяғында былғары етік,  
Кіз байтак тоңдырмас ызғар отті  
Улken кісе жанымда жес залдырған,  
Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жүрк етін  
Күләпара басымда, пүшик тұмак,  
Іүкі бауын өткізген тесік күлак.  
Тобылғыдан кесіт-ап, жіппен қадап,  
Артын белгел қыстырған бар күрьискақ.  
Қалмакы кара үзенгі, бій қасты ер,  
Қанжығамда байлауды жілтін шидер.  
Жарғақ жастық — көпшілім, жезді пыстан,  
Бір келесті сайманым топка чінер —

деп насиҳаттағандай да болады.

Бұл жөнінде Шәкәрім мен Ахметтің өлеңдерін еске алсақ, онда еріксіз қарт қытайдың ақылы жадында жаңғырады.

Абай тек қана ақын деп оған көркем ой түрғысынан ғана қарауға болмайды. Абай — қазактың бүкіл болмыс, тіршілігінің, танымының, тарихының, жан дүниесінің, рухани өмірінің энциклопедиясы. Казак болмысының заманалар бойы қорытылған құймасы. “Пушкин жеке

адамның жалқы сезімі мен көңіл қүйінің, тіпті сол дәүірге ғана тән жалпы сезім мен көңіл қүйдің ақыны ғана емес: оның поэзиясының өзегін түгелдей талдаң, түсіндіру үшін бүкіл адамзатқа тән сезім пернесін түгел басып шығуға тұра келеді”, — деп В.О.Ключевский Пушкин туралы қалай дәл айтса, біздің Абай қақында да солай деуге толық дәлеліміз беренше мүндаидар болады.

Ол жаңды да. Олар өз ұлтының қадір-касиеті, жаксылығы-жамандығы, қасіреті мен тағдыры арқылы исі адамзатқа ортақ мүдделі мәселелерді қозғайды. Абайдың еншісіне тиғен соңдай сыйбағаның бірі — халықтың басыбайлы тәуелсіздікке үшірауы. Ал бұдан еткен уайым болуы мүмкін емес. Бұл ретте халық жөнінде алдыңғы екеуінен горі Абайдың қабырғасы сөғіле “зар төгі” жаңды. Халықты тәуелділікке әкелген мінез беренше мүндаидар болады. Абай “Ұшінші сөзінде”:

“Қазақтың бірінің біріне қасқунем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтүғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының себебі не?” — деп сұрақ жаңды да оның жауабын іздейді.

Ұлтың бойындағы барлық керенаулықты талдаң, қазымырлана санап, оны бір-бірімен байланыстыра келіп, басты себеп — экономикалық тәуелділікте деген түйін жасайды. Өйткені: бірінің біріне тілеу тілеуі үшін ортақ ұлтық идеология қажет. Ондай бірлік “Бірінші низамнан” кейін хандық, яғни мемлекеттік жүйемен бірге құрып кетті. Ұлтық рух біріктірмеген ел-жүрт бір-біріне “қасқунем болмай” не істейді? Әркімнің пигылы — өз құлқына қызмет етті. Сені жарылқайтын, бәрінді тең көріп, екшеп басқарып отыратын “орталық басқару орны” — мемлекет жок.

Ресей қазақты жарылқамақ түгілі оның күн көріп отырған жерін тартып алғып, бұлағының қозін бітеп отыр. Тартысып жүріп жан сактамасаң өзін жем боласың. Ол үшін “рас сөзінді” айтпайсың. Онда “ұлық сені жек көрем” — дейді. Ұлыққа жек көрінішті болсан “итжеккенге” айдаласың. “Қызмет” — осындай құқайдан құтқаратын бірден-бір орын. Оның өзі бәріне жетпейді. Ендеше ған кім ұмытылмайды? Ал “жалқаулық” дегенінің сол “қызметтің” жоқтығынан шығады. Өндіріс жок. Бәрі малыши бола алмайды. “Қызмет” санаулы. Ортақ мемлекеттік қам-қарает деген ұмытылған.

“Жалқаулықтың” бір себебі - жұмыссыздықта жатыр. Сауда дегеніңіз халықтың дәстүріне жат. Оны құдайдың қарғысымен тең деп түсінеді. Абай осыны түсініп, жаңа қоғамдық жағдайға байланысты “ақылмен билеп”, елдің есін кіргізуге тырысады. Заманға қарай бейімделмесе құрып кететінін ескеріп:

“намма ғаламға белгілі данышпандар өлдекашан байқаған: әрбір жалқау кісі — қорқақ, қайратсыз тартады: әрбір қайратсыз — мақтаншақ келеді: әрбір мақтаншақ қорқақ — ақылсыз, надан келеді: әрбір ақылсыз надан — арсыз келеді: әрбір жалқаудан — сұрамشاқ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Мұның бәрі — төрт аяқты малды қебейтемінин басқа ойдаң жоқтығынан. Өзге: егін, сауда, өнер, ғылым — солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас елі”, — дейді.

Міне, экономикалық тәуелсіздіктің кепілі осы — “егін, сауда, өнер, ғылым”. “Өнбес іске” өшпендеңдік журмейді. Ортақ ұлттық экономика ғана елді толық тәуелсіздікке жеткізеді. “Кіріптарлық, жарлылық, жалтаң көздік” — ұлтты “сүйкімсіз”, “шалдуар” етеді. “Еңбегін сатпай, сақалын сататындар” заман ұсынған жаңа “ырыздықтың көзін” тапсын, соны түсінсін. “Терін сатпай, телміріп көзін сатып, аларман болған жүртқа” Абай қатты назаланып:

“Ешбір қазақ қөрмедік: малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады. Бейнет, күйігі, ызасы — сол үшеуінен басқа еш нәрсе бойында қалмайды”, — дейді.

Орынды да ойланатын сөз.

Енді, осы “иттікпен табылып”, “иттікпен жұмсалған”, “бейнет пен күйік”, “ыза” ғана сыйлайтын “малдың” астарлы мағынасына үнілейікші. “Мал” дегеніміз — экономика. Бұл түсінікті. Ал, неге “иттікпен” табылады? Себебі: өнім өсіру үшін, малды төлдету үшін жер керек. “Екінші низамның” жарлығы бойынша жер патшаның менишігіне қошті. Шетінен жырымдалып. Бальзактің “шегірен былғарысы” сияқты тараиып барады. Орман, көлі, суаты, бәйектік шалғыны қоныстанушы орыстарға, өскерилендірлген казак қосындарына берілді. Соның нәтижесінде қазақ үшін даудың ең үлкені — жер дауы болды.

Екінші: неғұрлым мал басың қебейген сайын солғұрлым алым-салық та қебейді. Жер салығы, жан салығы, түтін салығы, орман салығы, өскер салығы, сайлау салығы, “кара шығын” іспетті алымдар көз ашырмады. Еріксіз “құдайдың мал табарлыққа берген қуатын” “адал кәсіп қыларлық

орынға жұмсамайсың”. Сен біреуді алдайсың, ол сені алдайды. “Бұл — құдайдан тілеген емес. Бұл — абыройын, арын сатып, адаға жаулағанлық, тіленшілік”.

Ал, “сөйтіп иттікпен тапкан малды” неге “иттікпен жұмсайсың?” Оған не себеп?

Малының өнімін жәрменеке ашқан көпеске өткізесің. Ондағы малдың құны шықкан шығыннан екі-үш есе аз. Сенен арзанға сатып алғып, Ресейге үш есе артық бағасына өткізеді. Өзіңнің малыңа өзің баға қоя алмайсың. Сатпай тағы отыра алмайсың. “Жеті ағайынды жұттың” андып отырғаны анау, мына заманның қылғымай жұтып жатқаны мынау. Барынта мен сырымта тағы бар. Еріксіз “итішілеп жүріп”, базардан бедекіші жалдап, “көзінді сатып”:

Әрі-бері айналса аты арықтап,  
Шығынға белшесінен әбден батып, —

акыры малынан акы бергендей бол құтылады-ау.

“Иттікпен жұмсаған” емей немене бұл? Бұдан құтылудың жолын Абай:

“**Қош. Сөйтіп жүріп-ақ акыл, мал таптың. Байылдың. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң балаң табу керек. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық, ешбір гибадат орнына бармайды**”, — деп түсіндірді.

Бүкіл тіршілік атаулының тұтқасы “ғылым” екені рас. Бірақ та Абай осы арада бұл сөзді ауыстырмалы мағынасында да қолданып отыр. Таза ғылым жолы — ол да зәру, қажетті, мүдделі жол. Алайда, Абайдың мына айтқан “ғылымы” өнермен қоса өмірдің де мектебі. Өйткені, “иттікпен” тапқан мал “иттікпен” жұмсалмас үшін қоғамның экономикалық зандылығын білу керек. Онсыз бәрібір тәуелділіктен құтылмайсың. “Өз малынды өзімдікі” деп толық айта алмайсың. Соны мегзеген Абай:

“... Және мал тілейсіндер. Неге керек қылайын деп тілейсіндер? Әуелі құдайдан тілеймісің? Жоқ, тілемейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай саған еңбек қылып, мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарп қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымаісың. Ол ғылымды оқыса, ұгарлық акыл берді, қайда жібергенінді кім біледі? Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі — біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдаң алсаң болғаны, ізлегенің сол”, — дейді пікірінің тамырын терең бойлатып.

Бұл арадағы Абайдың айтып отырған “ғылымы” — тәуелсіздік ғылымы. Осыншама неге мұсәпір болдың, неге кіріптарлық күй кештің, қуатынды алауыздыққа жұмсағаның не? Талмай ізде, зертте, сонда тәуелді тұрмысың мен тіршілігінің тамырын табасын. Тұнілме дейді.

Демек, экономикалық басыбаилылықтан “қара малдың қүшімен” шыға алмайсын. Дербес күн көру үшін өнеркәсіп аш, сауда жаса, ғылымын, өнерін біл. “Өз қаруын өзіне пайдалан”. Өлсең — ахиреттік бұлың өзіңден болсын. Онсыз: “оқыған намазыңнан” аирыласын, “тұтқан оразан” нарам болады, “қажылыққа” бара алмаисын, ғибадатын мешіт емес, ширкеу болады, өйткені — рухани тәуелдісін, “дүние де жок”, себебі — экономикалық түрғыдан да тәуелдісін — дейді Абай.

Әрине, “ақ шомның” дәуірінің өткенін Абай білді. Сондықтан да “қалың елі — қазағын” жаңа экономикалық сатыға көтерілуге шакырды. Сондағана “өз малың — өзіндік болады” — деді. Мұның ақиқаттығына дәл қазір көз жетіп отыр.

## II

Рухани және экономикалық тәуелсіздік — ұлттық бостандықтың кепілі. Экономикалық тәуелділік бар жерде — тенденциялық жок. Тенденциялық жерде — бостандық жок. Бостандық болмаған жерде — рухани тәуелділік бар.

Ал, рухани тәуелділік — халықтың, ұлттың, мемлекеттің өлімге бет алаты деген сөз.

Рухани және экономикалық тәуелсіздік деген ұғымды Абай бір-бірінен бөліп қарамаиды. Ол өзара өзектескен, басыбаилылыққа карсы ұлттық мойынсұнбау қозғалысының шешуші құретамыры болып табылады. Бұл тамырлар ұлттық толық азаттық жолына бастайды.

Оқиňшке орай, қазақ халқының бостандық жолы Абай өмір сүрген тұста толықтай кесіліп қалып еді, империяның салған жолы тәуелділіктің тұзағы бол киілді. Оттарлау саясатының колындағы ғылым да сол тұзакты қыса түсуге қызмет етті. Темір жолдың қазақдаласына келуінін өзі оның ең соңғы тұяқ серпер жантәсілім сәтін жақындағат тұсті. Мұны тұсіну үшін пәлендей зеректіктің қажеті жок болатын. Қатардағы ревизордың бірі И. Мельников өзінің “Дала облыстарын басқару жөніндегі ережесінің жобасындағы кемшіліктер” атты мағлұмдамасында:

“Ресей әлемді бөлісіп билеу барысындағы өзінің оңтүстігіндегі Орта Азия аймақтарындағы үлес мәселесін шешіп қалған кезде, империяның алдағы тарихи өміріндегі қазақ халқының тағдыры мен талайы үзілді-кесілді анықталған кезде, Ресейдің құрамындағы қазақтарды өзінің байырғы қам-қаракетсіз, жартылай кезбе және қошпелі тұрмысына қайтып оралды деуі далбасалық; Азияның саяси картасы соңғы рет қайта жасалғанға дейінгі, не Азия даласының оңтүстігіне орыстар кіргенге шейінгі кез болса бір сәрі, ал қазіргі кезде, Ұлы Сібір темір жолы салынып, орыстардың бұл өлкені ерекше қарқынмен отарлауы жүріп жатқан сәтте ол мүмкін емес”, — деп кесіп айтты.

Тәуелділіктің бұл екі түріне Абай өлеңі мен “Қара сөзінде” ерекше мән бере тоқтадады. Накты осы ұғымдарды ашиқ атамағанымен “сөз таныр кісі болса” оның астарын бірден аңғарады. Зады, Абай өзінің пікірін нактылап жатпайды. Ол үшін уақыттық сипат пәлендей міндет атқармайды. Ойын бүкіл халықтың көңіл күйімен астастырып, күйдіргі мәселені қозгайды. Қай заманда да болсын Абайдың өлеңдерінің көкейкестілгі жойылмайтыныңің бір себебі осында жатыр.

Тәуелділіктің ішіндегі ең қауіптісі Абай үшін рухани басыбайлық. Әр пікірі соған сабактала жалғасып, ойын үстемелеп отырады. Тіршілік қамына, қазактың құнқөрісі мен жалған мактанына жазылған “Екінші сөзінің” өзінде де рухани басыбайлықтың зардабына тоқталып, ісін берсе де ішін бермеген ногайларға сүйінеді. Ол:

“Үлкен байлар да, молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық — бәрі соларда. Ноғайға қарасам: соллаттыққа да шыдайды (елін қорғай алады, жауынгерлік рухын сақтаған); кедейлікке де шыдайды (шаруашылыққа тәуелсіз); қазага да шыдайды (рухы биік); молда, медіресе сактаи, дін құтуге де шыдайды (шоқынып кеткен жоқ). Еңбек қызып мал табудың жөнін де солар біледі (экономикалық тәуелсіздікке ұмтылады)”, —дейді.

Демек, мұндай басыбайлыққа түскен елдің түбі құлдыққа, қайыршылыққа, “жалтаң көз, жалынышты” күйге ұшырайтынын Абай білген. Бар байлығын тоналады. Рухың өледі. Тілін мен дінін қүриди. Бодансыз күн көре алмайтын күйге түскен шакта өкінгенмен еткен өмір, еркін дәурен қайтып келмейді. Жақшаның ішіне алынған сөздерді Абай айтқан жоқ. Бірақ мегзеп отырган ойы сол. Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған мұндас халықтың бойындағы азаматтық мойынсұнбауға сүйінеді. Өз елін де соған шақырады.

Жауынгерлік рух, тәуелсіз тіршілік көзін табу, рух қайраты, дінге беріктік іспетті қасиеттерді ұлғі тұтады. Ол осы ойын “Төртінші сөзінде”:

“Адам баласы жылаап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескеруеіз, босқа, жарамсыз қылышқен қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды”, — деп дамытады.

Абайдың мұндағы “бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды” — деп отырғаны — адамның таза рухы. Тәуелсіз рухы. Малға айырбастаған рух — өлі рух. Онда рух қайратының өшкені.

Рұхтың бірі — дін. Таза иман. Тәуелсіз жүрек. Алладан басқаға тәуелді болмау. Рухани бостандық.

Оны бір рет аяққа таптасаң қайтып таппайсың. Сондықтан да “қазаға да шыдап, дін құтуге де шыдап, медіресе сактауға да шыдап” кету үшін, “...мұндай иман сактауға корықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек” (“Он үшінші сөз”). Демек, үлттың рухы өлді деген сөз. Рух — елдіктің, ерліктің мәйегі. Рұхтың өлуі — елдіктің өлуі. Гете айтқандай:

“Байлығынды жоғалттың ба — аз жоғалттың! Арнамысынды жоғалттың ба — көп жоғалттың! Ал ерлігінді жоғалттың ба — онда бәрін де жоғалтқаның! Одан да адам болып тумағаның жақсы!”.

Елді ез қылатын — “есепті достың” алдындағы рухани дәрменсіздік.

Сондықтан да Абай “несиелі тамырлыққа” өте сақ, аскан қауіппен, жақтырмаған жек көрінішпен қарайды. “Батпан қүйректың” астындағы құрулы қакпанды — басыбайлылық, тәуелділік, рұхтың өлуі деп түсінеді. Яғни, күнін үшін құл болма дегенді ұсынады. Әсіресе, тобырлық “бірліктен”, тобырлық басыбайлылықтан сескенеді. Ол “Алтыншы сөзінде”:

“Қазақтың бір мақалы: “Өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік” дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады — білмейді?” — деп сұрак қояды.

Расында да, Абайдың ұғымындағы елдің бірлігі, елдік ортақ мұдде, бізше түсінгенде, экономикалық одак қандай елде болады? Тәуелсіз экономикаға ие тәуелсіз елде ғана экономикалық бірлік болады.

Ал Абайдың тұсында қазақ елі өзге түгілі олген адам арулайтын “ахиреттің” өзін өзгеден телміріп сұрайтын

басыбайлы халге, мұсәпір қүйге жетіп еді. Тіпті, сол “ахиред шүперегін” қажетсінбей, табытпен көмілестін құнгеде тақап қалған болатын. Мұны өзге-өзге, ал Абай терең түсінді. Әйтпесе ногайларды “дінге берік” деп тегіннен-тегін тілге тиек етпейді. Арыстанның тәбетіне байланысты қалт-құлт етіп, жалтақ ғұмыр кешіп, “бір құндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмай” отырған елдің тағдыры алаңдаталы. Соны “қалың елі, қазағына” аңғарта келіп:

“Қазақ ойлайды: бірлік — ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен — дейді. Олай болғанда: байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?” — деп сауал қояды.

Мал мен жанды, дәулетті, бірлікті ортаққа айналдырған социализм мен коммунизмнің идеясын Абай білді ме, жок па, ол жағы көмескі. Алайда, Париж коммунасының, Чернышевский мен Герценнің идеяларымен жете таныстығы мәлім. Қоңіліне қандай ой түйді? Қалайда “Еуропаны кезіп жүрген елестен” хабарлар болған.

Жоғарыдағы пікірге қарағанда Михаэлиспен, Гроссспен, Добролюбовпен каншама етене пікірлес болса да олардың қоғамдық қисындарымен келісе қоймаған. Тәуелділік тұрған жерде тенденция, бостандықтың, “жан бостандығының” болуы мүмкін емес. Сондықтан да Абай мұндай алдамашы “бірлікке” үзілді-кесілді қарсы шығады. Сол “Алтыншы сезінде” Абай:

“Жоқ, (бұл) бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсан: атасы басқа, діні басқа, құні басқалар да жалданыш тірлік қылады. Бірлік сатылса — антүргандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек”, — дейді.

“Ақылдың бірлігі” мен “малдың бірлігін” Абай ете терең әрі оның әркайсысына ерекше саяси, әлеуметтік, экономикалық және үлттық астар бере талдайды. Егерде “бірлік” малға құрылса — онда ондай “бірлік” экономикалық тәуелділікке, басыбайлылыққа, “тәуелді тірлікке” жетелейді. Басыбайлы “бірліктің” иесі — “алмай тұрып бірлік қымайтын” ағайынның пиғылына тәуелді. Қоңіліне жакпаса ол “алғыш ағайын”:

“Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдан, ол болмаса бір пәле салып, қорғалатын (біздің ойымызша — қарғанатын — Т.Ж.), әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шығады?” — дейді Абай.

Абайдың сонғы сезінің шындығын отарлау саясатының тәжірибесі дәлелдеп береді. Айтқанына көніп, айдағанына

көнбесен — жазалату жасағын шығарады. Ал, ондай бірлікті — бірлік, ондай одакты — одактастық, ондай теңсіздікті — теңдік, ондай үстемдік пен өктемдікті — ынтымақтастық деуге бола ма?

Абайдың елін отарға айналдырган Ресей патшасын былай қойғанда Тәуелсіз Елдің Ынтымақтастығы түсында да Қазақстанды қапы қалдырып, отар ретінде қарап, қысым мен қоқан-локы жасаған мойны жуан Ресейдің ер-тоқымы әлі де ауғақ. Саясаттағы сұлтату мен тәсіл өзгере береді, мақсат өзгермейді. Экономикалық тәуелділікке негізделген бірлік — бодандық басыбайлылық. Рұхтың емес, “шықпа жаным, шықпа!” — деген күйкі тірліктің, күнкөрістің камы.

Сұлтандық емес, ұлтандық психология.

Абай мұны да қабылдамады. Ол:

“**Ырыс алды — тірлік**” дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар, — дейді.

Абай бұл арада рухани тәуелсіздік мәселесін де қозғап отыр. Тәуелді “бірліктен” ғөрі — тәуелсіз бірлікті қасиетті санайды. Тәуелсіз тірлік үшін қурестін ұлкені — тәуелсіз бірлік, яғни экономикалық бостандық деп түйеді. Өлі рух — Абай үшін құлдықтың белгісі. Нағыз “тірлік” деп, рухани бостандық деп, елдің:

“**Көкірегі, көнлі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да көкірегін өлі болса, ақыл табуға сөз үға алмайсың.** Адал (тәуелсіз, басыбайлылықсыз, еркін) еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

*Кеселі жасақау, қылжасак бас,  
Әзір татақ, әзір ас  
Сыртын — пысық, шин — нас,  
Артын ойлан үя имас, —*

**былып жүріп тірімін десе, онан да Алла жіберген ақ бүйрықты өлімнің өзі артық”, — дейді.**

Демек, тіршілік, күнкөріс үшін откен еңбегінде де рухани мағына бар.

Енбек — Абай үшін бостандықтың белгісі. Басыбайлы еңбекке қонгенің — құлдыққа қонгенің. Құлдықта жүріп “адал мал табуға жігер қыла алмайсың” — дейді. Осы ретте оның бұл ойы “Мениң пайымдауымша: барлық дәуірде де барлығымыздың да жалғыз-ақ мақсатымыз болды, атап айтқаңда, ол — еркіндік және тәуелсіз өмір сүру”, — деген Монтеңьнің сезімен астасын жатыр. Тек біз “свобода” деген сөзді мағынасына қарай сәл өзгертіп қолданық. Шындығын

айтсақ, Абай экономикалық тәуелділікті айтып отыр. Бұл дегеніміз — азат елдің еркін экономикасы деген сөз. Әйтпесе:

“Малынды беріп отырсаң: — атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жағданып бірлік қылады. Бірлік сатылса — аңтүргандықтың басы осы”, — деп зілмен тұжырымдамас еді.

Ол өлімнің жай ғана саяси, әлеуметтік, ұлттық және рухани тәуелділікке жетуін тілеп коймайды. Сонымен қатар:

“... Өстің, жер жүзіндегі жүргттың қоры болып, біріміздің біріміз андың өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да үрлік, өтірік, өсек, қастық қызып; өнерді, мадды тұзден, бөтен жақтан, тұзу жолмен іздең, өристетерлік күн болар ма еken?” — деп (“Жиырма төртінші сөзі”) армандаиды.

Қандай Ұлы арман! “Әй, не болсын! Жұз қараға екі жұз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма!” — деп күйінсе де. Абайдың бұл арманы — Ұлы арман.

Озі тәуелсіздіктің қамытын киіп, басыбайлылыққа басын сүккан елінің болашақ тәуелсіздігін аңсал: шіркін, толық бостандыққа жетіп, өзінің дүниенді өзің игеріп, елдің іші түтіл сыртқа, шет елге өнім шығарса ғой — деп қиялға берілуі ғажап! Араға бір ғасыр өткен кезде де сол қиял қүйінде қалып отыр. “Жалыныштылық” пен “жалтаң қөздіктен” арылғамыз жоқ.

Ұлының қиялы да зиялды. “Қиялдың да қиял екенін ұмытпасаң, сонда қиял да саған пайдалы қызмет етеді және жақсылыққа жетелейді”, — депті Э. Ренан деген данагой. Мұндай толық тәуелсіздікті басынан кешіруге және оның дәмін татуға Абайдың елінің — қазақ халқының толық құқысы бар. Іқылым заманнан бері Құлтегін мен Тонықөктің “Ел!” деп тасқа қашатқанынан бергі дәуірдегі тағдыр тауқыметі мен бодандықтың рухы соған толық құқық береді.

Тәуелсіздіктің, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық тәуелсіздіктің жолын Абай нақпа-нақ көрсетпегенімен, дәл осы бодандық бұғаудан құтылар саяси жолды, ақ жолды нұскады. Тоқсан түрлі көніл қуйімен жазылған “Карасөздің” өзінде де ол бұл мәселеге үнемі оралып отырады. Егерде Абай қолданған “мал”, “дәулет”, “іс”, “пайда” деген сөздерді қазіргі “экономика” деген терминмен ауыстырсақ, онда оның ойы барынша ашыла түседі.

Қазақ елінің толық тәуелсіздікке жетуі үшін сол көфамның экономикалық занын жаксы біліп, білгенін елінің игілігіне жарата алатын, “қазаққа күзетші болатын” “кейінгі толқын інілеріне” үміт артады.

Абайдың өзі қоғамдық өмірдің құбылысына белсene араласып, ойы сапырылышкан заманда отырықшытыққа қарсы кайрат қосатын ұрпактар толқыны саяси сахнаға шыға қоймаған еді. Бірақ жүргегіне бостандық үшкыны үялаган, “қазаққа құзетші болайын” — деген аса тегеурінді, “акылы мен қайраты, ыстық жүргегі” бар қайраткер буынның буны тастулектің қатқан топшысындаі боп бекіп келе жатқан.

Олар: “малды қалай адад еңбек қылғанда табады”, “қазаққа қалай құзетші болу керек”, “ұлықсыған орыстардың законсыз зорлығына қалай қоңбей керек”, қалай “ел боп, жүрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жеу керек” екеніне жасынан “ниеттеніп” өсіп келе жатты. Ұлттық тәуелсіздіктің кепілі — саяси, экономикалық, рухани тәуелсіздік, мемлекеттік дербестік, жер-судың ұлттық меншікте болуы екендігін терең түсінді.

Оның басты себебі: олар білімді “шен-шекпен, оқалы күм ушін” емес, керісінше:

“... Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмекке” ұмтылды. Сейтіп олар “дүниенің тілін білді”, оны білу арқылы “көкірек көзі ашылды”. Әрбір елдің “тілін, өнерін білтегі” олар сол елдің ой-санасы мен саясатын түсініп, терең дәрежедегі “дағуасына кірді”, “аса арсыздана жалынбады” (“Жиырма бесінші сөз”).

“Кейінгі толқын інілер” рухани тәуелсіздігін сақтап өсті. Азаматтық мойынсұнбауды бостандық жолындағы қүрестің бір тәсілі ретінде үстады. Абайдың өз ойымен айтқанда:

“... Не қылса да сөзді үктың. Олардың әкелері: “Балаңа катын әперме, енші берме, барынды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пәнден үял; бір ит қазақ боп қалған соң: саған рахат көрсетер ме. Иә жүртқа рахат көрсетер ме?!” — деген өсіетін орындады.

Олар “Алаш” деп туып, “Алаш” деп азаппен өмір сүріп, “Алаш!” деп қаза тапқан қасиетті толқын еді. Абай мен Ыбырай оларға:

*Жас өспірім достарым,  
Сендерге бердім батамды, —*

деп ықылас ниетін қосып кеткендей еді (Ыбырайдың өлеңі).

Ұлылардың арманы орындалмай қоймайды. Өйткені, данышпандар — “Құранның” сөзін Мұхаммед пайғамбардан бұрын түйсініп, инсандық ілхамымен Алланың ақ жолын үстанған Уәйіс әулие іспетті. Даналардың санасына Алланың өзі сәүле түсіріп, ойын оятатын сиякты.

Абай да сондай Алланың рахымы түскен Ұлы Тұлға.

### III

Сонымен: “Бір істі қолға алған кісі — құдық қазушының кебін кешеді. Егерде ол құдыкты терен қазып, судың көзіне жетпей тоқтаса, онда бар еңбегінің зия кеткені”, — деп Конфуциймен ой таластырған көне қытай дегдары Менцзы айтпақшы, біз де Абайдың таза экономикалық көзкарасын баяндау арқылы пікірмізді тұжырымдағымыз келеді.

Алайда, түйіншектеліп тұрған бір кілтипап бар. Ол Абайға емес, мына бізге қатысты мәселе. Яғни уш кластық білімі бар Абайдың зейіні жетіп, түсіндіріп берген экономикалық ұғымдарды ғылыми лауазымы бар біздің тарқата алмауымызда болып отыр. Абай өзінің “Отыз бірінші сөзінде”:

“Егерде мал (экономика) керек болса — қолөнер (кәсіпшілік) үйренбек керек. Мал жұтайлы, өнер жутамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолы өнерлі (кәсіпкер) — қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдайтағала қолына аз-маз өнер (іскерлік, кәсіпкерлік, өнеркәсіп) берген қазақтардың кеселдері болады”, — дейді.

Бұл пікірдің мағынасына жақша ішіндеі бүгінгі терминдер арқылы түсіну қынға сокпайды. Сол кеселдерді талдауга келгенде тасырқап-ақ қалдық.

Мұндағы қазақ халқының бойына біткен мінезі мен психологиясына қатысты пікірлердің сыртқы қабығын сипарып алсақ, оның астарынан таза экономикалық талдау шығады. Тек бүгінгі терминдердің тілінде сөйлесең жетіп жатыр. Пікірмізді дәлелдеу үшін, яғни “құдыкты судың көзіне жеткенше қазу үшін” экономиканың төрт әліппесін бүгінгі ұғымдармен қысқаша қайырмакпаз. Төрт “кеселдің” біріншісі:

“Өуелі: бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп артық ісмерлер ізден жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырамын деп, түзден өнер ізdemейді. “Осы қолымдағы аз-мұзыма мақтапамын, осы да болады” — деп баяғы қазақтың талапсызылдығына тартып, жатып алады”, — деді Абай.

Бұл — өндірісті дамыту қорын жасамайды, ғылыми-техникалық жаңартуларды енгізбейді — дегенді білдіреді.

“Екінші — ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара танса, малға бөге қалған кісімсін, “маған мал жоқ па?” — дегендей қылыш, еріншек, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады” — дейді.

Бұл — табыс қорын еселеп осіре бермейді дегенге саяды.

“Үшінші — “дархансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым” немесе “ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!” — дегенге

**... мақтандып кетіп, пайдасыз алдауға, ку тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді**” — дейді Абай.

Бұл түскен пайданы дұрыс бөлмейді дегенді мегзейді.

“Төртінші — тамыршылдау келеді ... Борыш есінен шынып кетіп, олар қысқан күні біреудің малын бұлдан (ақшаға айналдырып) қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп; сонымен табысы құралмай, борышы асып дауға айналып, адамшылықтан айырылып, қор болып кетеді”, — дейді.

Бұл бәрімізге түсінікті, кәдімгі өсімі жоғары, уақыты тығыз несие — кредит кой.

Ал, енді Абайды экономист демей көрініз. Менің бұл пікіріме, Ақселеу Тарақты ағамыз бер Фалым Доскен ініміз айызы қанғанша күлді. Асырып айттың деді. Сол күлкіні мен қабылдамадым. Өйткені, Абайдың экономикалық тәуелділік туралы пікірі еріккеннен айтылды деп есептемеймін. Әрине, Абай есеп-шоттың экономисі емес, ол тіршілік заңының, қоғамдық құбылыстардың оқымыстысы. Оған кекесін жүрмейді.

Сонымен, басыбайлыш экономикалық қарым-қатынасқа негізделген империялық отарлау құрылымы да жаңағы “төрт кеселдің” кесіріне кесір қосты. Қазақ арасындағы іскер адам деген:

*Саудагер тыныш сауда қыла алмай  
Колдан беріп, қор болып ала алмай журсе, —*

көшпелі қауымның экономикасы түгілі өзінің қара басына қарға қарақшы етіп шанышқысы келген патша шенеуніктері:

“Қазақтардың өздері қаша ұмытылғанымен қазақтардың көшпелі өмір салтын сақтап қалуы енді мүмкін емес, ал олардың отырықшылануы үшін үкімет қаржы бөлгеннен кейін қазақтардың өткен тұрмыс салтына қайтып оралу мүмкіндігін былай қойғанда, дәл қазіргі тіршілігінің өзін сақтап қала алмайды. Жер басып жүргендерінің сыйбағасы сол. Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, ең бірінші қазақтардың өзін жерге орналастыру қажет, содан кейін барып орыстарды енгізген жөн. Жерге қоныстанушыларға арналған мемлекеттік шығынды жұмсауды қоя тұрып, жергілікті тұрғындардың табиғи отырықшылығына жол беру керек. Орыс па, қазақ па, бәрі бір, кімде кім қыр өміріне бейімделсе, сол тұрақтап қалады. Менің өзім тұптің түбінде бұл араны орыстар мекендереп қалатынына, ал тірі қалған қазақтар сөзсіз орыстанып құрып кететініне ешқандай күмәндандаймын. Қазақ даласына қарай бағытталған біздің

ішкі саясатымыз дәл осындағы нәтиже беруі керек”, — деп қазақ халқының келешегін кесіп-пішіп қойды.

Бұл қауіпті “елдің естілері” де білді. Сондықтан да Абай:

*Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
“Ел азды!” — деп надандар мұнаімай жүр, —*

деп мұнын шакты.

Осындағы экономикалық тәуелділікке түсуге мәжбур өткен тетік — отаршыл билік еді.

## 6. “БАС-БАСЫҢДА БИ БОЛҒАН ӨҢКЕЙ ҚИҚЫМ ...”

*(Абай және тәуелді билік мәселесі)*

### I

Аргы-бергі дүниеде билік мәселесіне көнілі көншіген данышпан болған емес. Тақуа тарих биліктің барша түрін кешірді. Патша да, қолбасшы да, залым да, қайырымды да, қайырымсыз да, адал да, арам да, сараң да, жомарт та, дана да, надан да, бай да, кедей де, еркек те, әйел де, қарт та, бала да билік жүргізді. Бірақ солардың басқару жүйесінің бірде біреуі иісі адамзатқа үлгі боларлықтай нұсқа қалдырган жок. “Кемшілігі әр жерден көрініп түрдү” (*Абай*).

Соның біразын қөшпелі қауымның түрік тармағынан тараған қазақ жұрты да өз тіршілігінде аткарып таставды.

Жақсы ма, жаман ба, оны тарих таразылайды. Алайда, мемлекеттік биліктің тәуелді болу қаупі үнемі төніп түрдү. Бірақ та мұның барлығы қөшпелі түрік жұртының тарихи екі көршісі империялық піғылдың қасында пәлендей үрей туғызбады. Оны дала даналары: “Қытай — темір нокта, орыс — қайыс нокта” деген сөзben жеткізді.

Орталық хань патшалығы түсінда хұндарды қалай отарлап, олардың бос жатқан “тың жерін игерудің” амалын қарастырган жоспары жыл қайырумыздан 24 жыл бұрын жүзеге аса жаздал қалды. Бірақ та Темірдің қайырымы түсіп, “темір ноктаны” сыйырып таставды. Тек шекара бері жылжып, Қытай қорғанының сыртына шықты. Сарыозен (Хуанхэ) мен Сарыжазық (Ордос), одан бергі дәуірде Тәңіртау (Гималай) мен Байқара (Кунь лун) орталық империяның қол астында қалды. Енді Шығыс Түркістанды да бауырына басты.

Бірақ олар дәл XV-XX ғасырдың ортасында жүргізген Ресейдің өктемедігіне ешқашанда жеткен жок. “Қайыс

нокта” бұқаның бас терісінен жасалған талыс болып шықты. Себебі Ресей Еуропаның орталық саясатын бойына қатты сіңіріп “ноктаның”, билік ноктасының терісін ін кандыра илеп еді. Жаһангерлік саясатының жақтаушысы әрі актаушысы тарихшы С.М.Соловьев “көшпелі орданы” Ресейдің “мәңгілік жауы” деп жариялад:

“...осыншама жерді қалай қаратып алды? Әрине, шапқышылықцен. Бұл арада шетелдіктердің ықпалымен емес, орыстардың өзі бірін-бірі жорыққа шақырып, шапқышылықтың мағынасы не екендігін түсінбестен шабуылға шықты. Бала кезден бастап Иван IV патша үш патшалықты: Қазан, Астрахан, Сібір хандығын жаулап алды деп мишина сіңірді! Мәскеу патшалығының шығыс шекарасында орыстарға тыныштық көрсетпейтін татар қаракшыларының үясы бар еді; ұзақ шылдады, ақыры құш жиып, жорыққа аттанды да қаракшылардың үясын тартып алды; енді осыны да Қазан хандығын жаулап алды деп айтамыз ба!” — деп “қайыс ноктанды” қазақ даласына салынуын тарихи зандылық ретінде бағалады.

Мұндай рухта тәрбиеленген империя кешегі “Алтын орданың” быт-шытын шығарып, “тегін жатқан жерді игеру” (С.М.Соловьев) науқанын Ресейдің “жоғары даму сатысына көтерілгендігі” (тағы да сол С.М.Соловьев) деп сөүегейлік айтты. Сондай-ақ Сергей Михайлович қазақ мемлекеттігінің күру себебін оның биік құрылымындағы “тағылыш жүйеден” екендігін тап басып:

“XVII ғасырда орыстың әскери жасақтары ұлы мәртебелі әміршінің жерін кеңейте жүріп, Солтүстік Азиядан ру-ру бол әмір сүретін, әр ру рубасына не төреге бағынатын тағыларға тап болды; әр рудың қорғаныс қүрені болды, кей кезде орыс адамдары қызыл қырғын жасай отырып шапқынға ұшыратты; әр қүренде он торт үй, әр үйде он шақты отбасы бар”, — деп атап көрсетті.

Әрине, “Алтын орданың” ыдырауынан кейінгі көшпелі түркі жұрттының, оның ішінде қазак елінің ішкі билік жүйесі дәл осындаған күнде екені тарихтан мағлум. Соны пайдаланған Ресей империясы “азиаттық тағылардың” осал жерін дәл тапты. Ен әуелі хандық билікті оңай жоюы да рулық психологиямен астасып жатыр. Қалай дала тізгіні қолына тиді. солай хандардың қадірін кетіре бастады. Қонғенине көпшіл қойды, қөнбекеніне қонек кигізді.

Бір сөзбен айтқанда, халықтық билік дәстүрін жойды. Оны бұзбаса — ешқашанда елдіктің тұтастық идеясын өшіре алмас еді. Халық та — елдіктің сырпаты. Ресей сиякты

Еуропалық отаршылдық ілімі мен тәжірибесін және қаруын менгерген жаһангермен ру болып тіресе алмайсың. Жанак ақынның:

*Ханнан — қайыр, байынан — қайыр кемін,  
Телмірген, тенделгі жоқ ел болған кез, —*

деп күйіне жырлауы сондықтан.

Қазак даласының екі бүйірінен қадалған екі империяның найзасы мен өктемдік пиғылы атам заманнан бері бір рет те толастаған емес.

Билік құрылымы заманына сай болған тұстарда көшпелілер өзінің тиісті сыбағасын қайтып алып отырды. Бірақ та әрбір арпалыстан соң қомағай жұрт жердің бір пүшпағын жамбасына басып қалды, оны темір не қайыс нокта жасайтын “ұстаханаға” айналдырды. Сөйтіп, Ертіс пен Еділдің арасын тарихы тұрғыда иемденіп, қанағат тұтты. Жә, отарлау тарихы мұлдем басқа әңгіме. Бізге қажеті Абай сынаған билік құрылымы. Абай XIX ғасырдағы Ресейдің билік құрылымының сиқын:

*Бас-басына би болған өнкей қикым,  
Мінеки бұзған жоқ на елдің сиқын, —*

деген жалғыз-ақ ауыз сөзбен өшкерелеп берді.

Таратып айтсаң таңға таусылмайтын сөз. Абай мұны неге айтты? Қазак халқы, әлде тумысынан шенкүмар, бақталастықка бейім. көрсекзызар ел ме еді?

Ондай болса сонау көк түрік қағанатының түсында қалыптасқан “Ел” деген ұғым мен “Елім-ай” әнін қалай тудырды? Жоқ елдік нысана — идеология болған! Ұлттық тәуелсіздік пен бірлік идеясы рухани тұтастық дәрежесінде түргаланған. Сол қасиетті “жан бостандығы” (Абай) - жаһангерлік отарлаудың құрсауында қалды. Рухани және экономикалық тәуелділікке отаршыл аяр билік арқылы мәжбүр етті. Өзге түгілі Абайдың өзі де биліктен әбден запы болған.

Ол өзінің өмірлік мақсаттарын талдай келе:

“Ел бағу? Жоқ, елге бағым (баққым — Т.Ж.) жоқ. Бағусыз дертке үшірайын деген кісі бақласа не албыртқан көнілі басылмаган жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!”  
— деп биліктен ат-тонын ала қашады.

Неге? Абай “ел бақлады” дейсіз бе? Бақты. Баққанда қандай. Сайланаң та, тағайындалып та болыс болды. Сондай-ақ:

*Қазакта қара сөзге дес бермеген,  
Өзі де басқа шауып, төске өрлеген. —*

азулы, аузы дуалы билердің біреуі болды.

Ендеңе неге тіксінеді? Себебі, қазакқа тізгін тиғен бұл биліктің толық билік емес екеніне көзі жеткен. Бұл билік — елге билік емес, отаршыл елдің атқосшысы міндеттін атқаратын татымсыз билік. Жалдамалы билік. Басынан кешірген басыбайлы билікті мойындаамады.

“Болыс пен билік құрметтейін десен; қудай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас үршіп алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ” — дейді тұнітіп.

Қазактың мемлекеттік билігін жойған 1822 жылғы Сперанский жасаган “Бірінші низам” ережесі. Ол бойынша қазактардың ортақ хандығы ыдыратылды. Дуан құрып, аға сұлтандар сайланды. Істі оның қасындағы екі орыс майоры жүргізді. Барлық билік пен әскери күштің ырқы соларда болды. Болыстардың құрамы ру бойынша емес, жер бойынша бекітілді. Арапас рулардың өшпенделілігін туғызды. Ал, бұқіл қазақ даласы бір-біріне бағынбайтын үші мекеменің қарауына берілді. Орал, Торғай аймағы әскери генерал-губернаторға, ол ішкі істер министрлігіне қарады. Семей, Ақмола өнірі генерал-губернаторға, ол сыртқы істер мен зан министрлінің дәргейінде болды. Сырдария. Жетісу өлкесі генерал-губернаторға, ол әскери министрліктің қарамағында еді.

Бұлай бөлуі тегін емес. Бірінші: қазактардың басы ешқашан қосылмайды. Екінші: әр мекемеге өзінше саяси-экономикалық міндет жүктеледі. Үшінші: олардың іс-әрекетін бақылап отыру, тек орталықтан үйлестіру қолайлы еді. Төртінші: әскери күш те шешуші міндет аткарады. Бірдей қылмыс үшін, әйгілі барынтаны ғана алайық, үш мекеме үш түрлі жаза қолданды. Мұндай “бас-басына би болған” билеу жүйесінен қандай береке шыгады. Үш мекеменің қазактың камын бірігіп ойлауы мүмкін емес.

Демек, бұл қазактың дәстүрлі билігін құрту үшін қасақана жасалған шара. Елді аздыруға арналған билік жүйесі. Бұдан қазактың өз ішіндегі рулық берекесіздікті қосыныз. Отқа май құйғанмен бірдей әсер етті. Кенесары Қасымовтың үлт-азаттық көтерілісі түсында әркім өз руынан әскер жишип, бір-біріне қосылмай, бірінің басын бірі қескен соң, екіншісінің бас көтеруі соған дәлел. Бас араздығын жеңе алмаған адамдардың үлттық азаттық үшін құресу мүмкін емес. Ет пен терінің арасындағы қызу ғана. Абай соған ыза болып:

“Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жетен адамға екі түрлі нәрсө керек. Әуелі бек зор өкімет, жарлық қолында бар болуы керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарына алып, мәдіресеге беріп; бірін — ол жол, бірін — бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылым жолдары бар; сол әрбір жолда бір мәдіресе бар, соларға тоздырып, бірін — сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, hatta қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылыш үйретсе, онда сол жастар жетіп, бұл атаптары картайтып, сөзден калғанда түзелсе болар еді ... Енді бүндай халықты еріксіз қорқытып қоңдірлерлік күш-куат ешкімге біттейді... Қазақты іә қорқытпай, иә параламай, ақылменен не жерлеп, сырлап айтқанменен еш нөрсеге қоңдіру мүмкін де емес”, — деп күйінеді.

Абайдың күйінсе күйінетіндей жөні бар. Оған себеп көп. Отарлау саясатының басты бағыты — халықтық бірлікті жою еді. Ол мақсатына билік пен сайлау жүйесі арқылы толық жетті. Енді оны бұл бетінен қайыратындағы күш жоқ. Ол күшке ие болу үшін ең алдымен азаттық керек. Азаттыққа жету үшін рухани күш пен рухани тәуелсіздік қажет.

Оның жолы — ғылым.

Ал Ресейдің отарлауы түсында мұның “емі” — паралау! Иә, паралау еді! Ұлы Петр I өзі тия алмаған бұл жылбысық әрекетті өзі басбайлы болып жүрген қазактың болысы тия ала ма? Ресей монархиясының мәйегі парапа үйиған. С.М.Соловьевтің бұл жөніндегі мына мысалы соған толық дәлел бола алады:

“Сенаттағы қазына қымқырушылардың ісін қараган мәжіліске қатысып отырган Петр қатты ашуланып, генерал-прокурор Ягужинскийге: “Егерде кімде-кім қандай мөлшерде болсын арқан сатып алуға жааралықтай мөлшерден артық қымқыра соны дарға асу туралы жарлық шығар!” — дегіті. Сонда Ягужинский: “Падишах, сіз шынымен де қызметкерсіз, күтушісіз, болансыз император болып қалғыңыз келе ме? Біздің бәріміз де қымқырамыз, тек біреу қомақтырақ жеп көрсетіп қояды, екіншісі жымын білдірмейді”, — деген екен.

Бас прокурордың жауабы осындағы болғанда өзге шенеуніктерге не жорық?

Оның үстіне “тағы даға” тақыстарды ғана жіберді. Олар ешқашанда кісілікке жарып көрмеген жандар еді. Өзі қандай болса, оның қарамағындағылар да сондай болмак. Больс сайлауы түсында қазактардың арасындағы дорба мен жорға Әдеттен тыс сапырылсып кетуі сондықтан. Абайдың “қазақты түзеймін деген” адамға:

“Екінші: ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, бала ларын алыш, бастапқы айтқандай жолға салып, тағылым берсе, сонда түзелер еді. Енді мұндай халықты ерікіз қорқытып қөндірерлік күш-куат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап қөндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес... Енді не қылдық, не болдық?” — деп ызамен кекете отырып ақыл қосуы сол “мемлекеттік пара жүйесіне” ашынғандығының белгісі.

Бұл патшалық отаршыл билеу тәсілінің елді әбден аздырып, тоздырып, ұлттық мәйегін іріткенінің көрінісі. Абайдың өз сөзімен жеткізер болсақ, басыбайлылық, тәуелділік, паразорлық, корықканың сыйлаушылық, елдікті ұмытушылық, билікке құмарлық қазақтың:

“**етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, аナンЫң СҮТІМЕН ЕНГЕН НАДАНДЫҚ ӘЛДЕҚАШАН АДАМШЫЛЫҚТАН КЕТИРГЕН. ӨЗДЕРІНІҢ ЫРБАҢЫ БАР МА, ПЫШ-ПЫШЫ БАР МА, ГҮЛЛЕГІ БАРМА, ДҮРІЛДЕГІ БАР МА — СОНЫСЫНАН ДУНИЕДЕГІ ЕШБІР ҚЫЗЫҚТЫ НӨРСЕ БАР ДЕП ОЙЛАМАЙДЫ, ОЙЛАСА ДА БҮРҮЛМАЙДЫ. СӘЗ АЙТСАҢ — ТҮТЕЛ ТЫҢДАП ТУРА АЛМАЙДЫ, НЕ КӨҢІЛІ, НЕ КӘЗІ АЛАНДАП ТУРАДЫ**” (“Қырық бірінші сөз”).

Абай осы отаршылдық саясаттың уымен уланған тұқымды жек көреді.

Солардың қателігін өшкерелеу үшін жана толқынды тәрбиелеп шықса деген арманынан үміт күтеді. Ол толқын рухани тәуелділікten толық құтылса ғана тәуелсіздікке жетеді. Ресейдегі қалыптасқан отаршыл саясат пен мемлекеттік билік тұсында ол мүмкін емес-тін. Бірақ “ата-ананың бойындағы” әлгі “қасиеттерден” арылған үрпак бас жарып келе жатты. Соның бірі Мұхаметжан Тынышбаев халықтың тәуелді күйі мен отаршыл саясатты өшкерелеп, 1905 жылты думаға:

“**Қазақтар орыстардың қол астына кіргеннен бері бірде-бір шуақты жарық күн, бақытты сәт болған емес. Содан бері ешкімде, шын мәнінде ешбір адам қазақтар үшін сәл де болса иғілікті іс немесе сол игі іске үқсас бірдене істей туралы ойлаған да жок**”, — деп мәлімдеме жасады.

Бұл тұстағы Ресейдің басқару құрылымы да күйреуге жақын еді.

Ал өзге ұлтты билай қойып, өзінің қандастарын басыбайлылықтан енді ғана босатып, оның мұддесін шеше алмай отырған мемлекеттен жақсылық қутудің өзі сағымды уыстағанмен бірдей болатын. Өз ішіндегі билік тәсілін өзгерту туралы айтystар жүріп жатқанмен, отар ел туралы ойлары өзгере қойған жок. Орыс тарихшысы В.О.Ключевский Ресейдегі биліктің сиқын:

“Кез келген қоғам өзінің өкіметінен өздерін дұрыс басқару туралы талап етіп, әкімдерге: “Бізді жақсы өмір сүре алатындаі дәрежеде басқар” — деп айтуға күкілді. Бірақ та, әдетте бюрократия өкілдері бұған басқаша қарады және мұндай сұрапқа: “Жок, сендердің өздерің, бізге қалай жеңіл бағынуды ойластырыңдар, ол-ол ма, сендерді қоңліміз көтеріңкі жүріп басқару үшін бізге жоғары жалакы толендер; егерде сендер өздеріңді төмен санасандар оған өздерің кінәлісіңдер, біздің оған қатысымыз жок, өйткені сендер біздің басқаруымыз бойынша журмейсіңдер, соңықтан да сендердің тілектерің біз қызмет етіп отырган мекеменің басқару жүйесіне сай келмейді”, — деп керегар жауап береді.

Шынында да, дәл осы түйткіл барлық мемлекет атаулының көкірегіндеі запыран. Ол запыран отар елге қаратылғанда уға айналды. Абайдың:

Орыс айтты: өзіңе ерік берем деп,  
Кімді сүйін салласан “бек көрем” деп.  
Бұзылмаса оған жүрт, түзелген жок,  
Ұлық жүр бұл ісінді “жек көрем” деп,—

деп отырганы сол ғой.

Отар елдегі билік — елді азғырудың құралына айналды. Елдің шырқы бұзылды, жердің құты кетті. Қасақана арандатуға бағытталған билік өзара өшпенделікті қоздыры. Тіпті кейір болыстарда егін себілмей, астық орылмай қалды. Әуелі тұтатқан оты өртке ұласып, сол өрттің ішінде өздерінің қалу қаупі төнгенде ояздар болыстарды тағайындаған қоюға мәжбүр болды. Абай да дәл осындаі алауыздықтың түсында тағайындалып болыс болды. Билік — кісілік пен байлықтың көзі болды. Мұндай “кескілескен майданды” Абай:

“Әрі-беріден соң сыртымызға шықты: жауластық, даулас-  
тық, партияластық. Осындаі қастарға сөзімді етімді болсын  
және епте мал жилюға қүшім жетімді болсын деп — қызметке,  
болыстық, билікке таластық... Өз басын өзі осындаі таласпенен  
кісі қебайтеміз деп партия жигандардың бүтін біреуіне, ертең  
біреуіне кезекпен сатады да жүреді”, — деп бейнелейді.

Осындаі керегар психологиялық керістің түсында билік қолына тиген адамның мінез-құлқы да, билеу тәсілі де қомағайлықта негізделмек. Билік үлттың да, оның болыс, билерінің де құлқын өзгерtedі. Үлттық мұдде мүлдем ұмытылады. Алда үлкен болашақ, азат өмір тосып тұрған соң, салы суға кетіп, аумалы-төкпелі ұлықтардың қоңлін бағып, биліктің салындысына айналды.

Бұл нағыз мемлекеттің өкілі емес. Отар елдің қолына ондай құқықты кім береді. Амалдан күнін көріп, алдан өмір сүреді.

Абай империялық саясаттың құлы болған осындай адамдардың психологиясын өте дәл басып көрсетіп, халқына ой салды. Өзге тәуелділік бір басқа, ал биліктегі тәуелділік — басыбайлылықтың ең соңғы табалдырығы. Тәуелсіз үлттың, тіпті империяның өз ішіндегі биліктің қүйкі тіршілігімен тәуелді жүрттың “иттей болған корлығы” тең емес. Абай билік басындағыларға тоқтам айтып:

Колдан келе бере че жұрт би ғемек,  
Адалдық, адамдықты кім тенгермек?  
Мактандың үшін қайратсыз болыс болмак,  
Иттей көр бол өзіне сөз келтірмек, —

деп сақтандырады.

Билік тұрғысынан алғанда Абайдың айтылмаған сөз қалған жоқ. Бірақ соны үғатын үлт табылмады. Өзінің акылы өзінен асып елге жетпейтінін білді. Езілген үлттың есірген билік иелерінің тоңмойындығы Абайға аян еді. Олар ешқашанда үлттың қамын ойладап бас қатырмайды. Болыс пен бидің мүддесі — ел мүддесі емес. Жеке бастың мүддесі ғана болатын. Мұны “Сегізінші сөзінде”:

“Осы акылды кім үйренеді, кім тыңдайды? Біреу — болыс, біреу — би. Олардың акыт үйренейін, насиҳат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайландып та журмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі болыш, акыл айтартмыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзеліп қалған. Ол не қылыштың тыңдасын және тыңдайын десе қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болыш қаламыз ба, елдегі бұзакыларымызды бүлдіріп аламыз ба, яки, өзіміз шығынданып, шығыннымызды толтыра алмай қаламыз ба? — деген ебіне қарай біреуді жетелейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнеттің бері басында, қолы тимейді” — деп баян етеді.

Әрине, мұндағы “ұлық” — орыстың отаршыл үкіметі, “өз бұзакыларың — болыстың жемтіктері, “халқымыз” дегені — сөзін сөйлеген, дауыс берген жақтастары, руластары. Осылардың көнілін тапса ғана шығыны толады.

Демек, болыстықты тек жеке басының құлқыны үшін пайдаланады. Мұндай билік иесі үлттың қамын ойлауга, шындығында да, уақыт таба ала ма? В.О.Ключевский тауып айтқандай:

“Олар Ресейдің бүйірін жылтыту үшін оны өртеп жіберуге дайын”. Мұның қазақша нұсқасы “Атың шықпаса жер өрте” дегенге келеді. Әлгі болыстар “шығынданып. шығынын толтыра алмай қалмас үшін” қазақ даласына өрт қойып жіберуге бар.

Ондай өртті Абай сан рет көрді. Тұтініне тұншықты, таяқ та жеді.

Осыларға үлгі көрсететін ел ағалары да “алты бақан алауыздыққа” негізделген билік құрылымының қесірінен азып кетті. Елдіктің тізгіні есер мен ептіге тиді. Билер де соған бейімделді. Бұған қатты тұңғылған Абай:

*Ел жамаған билер жок,  
Ел қыдырып сандалды, —*

дейді ашынып.

Би — би емес, кәдімгі тілемсек тоғышарға айналды. Бидін билігі — рухани жан бостандығы болатын. Ол рух өлді. “Карулы қол, құшті өкімет” (*Шәкерім*) оны жеміттеп жіберді. Құышшыл, қүйлегіш, құлғір билік келді. Ел оған сенбеді. Келеге түсетін дәурен өткен. Келістіріп беретін билік берекесі кеткен. Ал:

*Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін кармайды  
Ку старшын, аш билер,  
Өз өзегін жалғайды*

Себебі болыс — отарлық билік. Онын сенгені — империя. Жаһангердің жалдалатары отыр. Бұлардың тақыстынып алғаны сондай:

*Орыссыз жерде топ қурса,  
Шақырган кісі бармайтын болды!*

Міне, биліктегі мәңгүрттіктің басы! Мұны жанымен түсінген Абай:

*Қызығы кеткен ел бағын,  
Қисыны кеткен сөз бағын, —*

жүргісі келмейді.

“Ел бағу? Жоқ... Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақласа... Бізді құдай сақтасын!” — деп азар да безер болады.

Мұның астарында ұлы отарлау саясатының тиянақты әрі табанды, жібек құртындағы жымысқылап жүзеге асырып келген пигылы жатыр.

*Каирауы жеткен қатты бидін, —*

нақ өзі — Абай.

Отарлық саясаттың осыншама сүркіялышын көріп, сезініп, талдаған Абайдың кайратмауына қақысы да жоқ еді.

Жә, отаршыл биліктиң саяси астарына шолуды доғара тұрып, енді сол қүйді басынан кешіріп отырған қазақ ұттының ішіндегі мінезд-құлқының өзгеруіне тоқталайық.

## И

Отаршыл аяр билік айлакер болысты дүниеге алып келді. Ол болыс жеке биліктің иесі емес, патшаның — империяның қарғы таққан майлышаяғы. Себебі, онда дербес билік жоқ. Шешімнің, ұқімнің, биліктің ыркы — отаршыл жүйеде. Дербес байладам айта алмайды. Оның еркі — екі жакты тәуелді. Әуелі — империяға, содан соң сайлаушыларына. Болысты қасақана солай тәуелді қып, екі ортаға қазық қып қағып қойған. Тұбі бос. Қашан суырып алғанша тұра береді. Демек, билік деген ұғымның толық иесі емес. Әдейі сондай амалсыздық күйге телінген. Ол — мұсәпірлікті еміздік еткен биліктің қанқасы. Қөзқарастың, белгілі бір жүйенің, билік құрылымының өкілі бола алмайды. Майысқақ. Жасқаншаш. Қөрсетіп берген жерге қол қоятын мөр иесі. Сол мөрді қоя алмайтындар да бар-ау. Сондықтан да:

*Күштілері сез айтса,  
Бас изейді шыбындан*

Жеке адамдық ерік-жігер, жігіттік кеуде, адамдық өрлік рух оған жат. Іші қуыс. Сырты жылтыр. Империяның маймылы. Елдің мұң-мұқтажын, елдігін, өлген рухын сезінбейді. Тек былайғы жүртқа көз етіп, жақын тартқансып ұлық арқасынан қағып қойса жетіп жатыр, болысың соған мәз! Мәз болғанда қандай! Егерде:

*Шелтрейтп орысын,  
Шенди шекпен жаба қалса, —*

бітті, ондайда:

*Күлкісі жақсы қарқындан,  
Үні бөлек сартылдан,  
Ағыны қатты анқылдан,  
Оязға кирсе — өзгеден  
Мерей үстем жарқылдан, —*

қалады.

Алайда осынау “сүйегі жасық, буыны бос, біраз ғана айласы бар” — жалдамалы биліктің маймылы — әбден өккіленіп алған, сол бодандықтың басыбайлылық психологияясына көндіккен ерекше мәңгүрт. Ұлы империяның ұлығының көзінше оның “Ұлы мәртебелісінің” шашбауын қағып:

*Оязға жетсін деген бол, —*

“барқылдан, боктап” жүрсө де, ол кеткен соң:

*Ояз бардағы қылышты  
Ояз жокта етпейді.*

О, мешін! Енді бағанағы қайқиған құйрығын жымыра қояды! Бұл — мыскыл да, мешіндік те, мешеулік те емес. Тура сол бір отаршыл дүниенің жасап шығарған билік иесінің кейпі ол! Артық та емес, кем де емес, дәл осындағы биліктің мешіні керек оларға. Оның бойындағы “жан бостандығы” өлген, ұлттық намыс өшкен, артық айласы жоқ, жаңадан жол таба алмайды. Міне, бүкіл халықты сол мешін қүйге түсірген соң, оны билеу де, құл ету де, шоқындыру да оңай.

“Күлембайлар” — биліктің құлы емес! Ондай ерлік оған қайдан келсін! Олар — рухани құлдар. Бүкіл халық Күлембай бол кете жаздал отыр. Абай соған қүйнеді. Күлембайдың өзі емес — Күлембайлар қауіпті. Олар:

*Өзі де ермейді және ерік те бермейді.*

Сондықтан да:

*Шыныменен тамам ел,  
Кете ме еken им бола, —*

деп күніренеді.

Қайіп — бүкіл ұлттың қүлембайланып кетуінде. Мұны Абай өзінің “Ұшінші сөзінде” өте аңғарлы баяндаған. Онда:

“Осы күнде қазақ ішінде “ісі білмес, кісі білер” деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің тұзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшыл, айлалығынан жетерсің деген сөз. Ұш жылға болыс сайланды. Әуелгі жылы: “Сені біз сайламадық па?” — деп елдің бұлданғанымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпен аңдысып күні өтеді. Ұшінші жылы сайлауға жақындал қалыш, тағы болыс болып қалуға болар ма еken деп күні өтеді. Енді несі қалды?” — дейді Абай.

Бұл дегеніңіз мәңгілік бітпейтін және бітіспейтін жауалық, жауыздық, аласапыран!

Кісі өлімі жоқ деменіз, өзінің ашу кегі, ызасы, күресі, “намысшылдығы”, “ерлігі мен елдігі” жағынан “Ақ табан шұбырынды, Алқа көл сұламадан” еш кем емес. Рухани жағынан, ұлттың келешегі, тұстастығы тұрғысынан алғанда одан гөрі қауіпті майдан. Көніккендік те, дәніккендік те бар. Өйткені:

*Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан, ала ауыз —*

боп жүр.

Әйтпесе, Абай билікті мансұқ етпейді.

Бірақ биліксіз — биліктегілерден жерінеді. Билік — ол үшін елдіктің кепілі. Елді Қулембай да, Қулембайлар да емес — би, рухани дербестігі бар тулға — “единица” баскарса дейді. Себебі:

*Единица нөлсіз-ақ,  
Оз басындық болары, — анық*

Бұл — “жан бостандығына” ие, өзінің кіслігін, кіслік намысын корғай алатын кіслікті кісі деген сөз. Елді — ел ететін толық билік иесін жақтайды. Тобырды — тобыр деп караиды.

Өйткені, әлгі Құлембайлар сияқты:

*Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.*

Сол дүрмек — тобырды бастайтын:

*Единица кеткенде,  
Не болады өңіш өні? —*

деп кесіп айтады.

Тобырлық психологияға құрылған Ресей қоғамын П.Я.Чаадаев:

“Қалада және өзге де ортада өмір сүретін адамдар өздерін көпшіліктің ішінде жүрмін деп ойлады: олар үшін — шынтаққа шынтығың тиіп, бір арада топтаныш, отардағы қой сияқты үйлігүш түру қөпшіліктің ішінде өмір сүру болып табылады”, — деп сыйнайды. Абай да:

*Не пайда бар — мың надан,  
Сыртын естіп таңдаңсын.  
Одан-дағы бір есті,  
Ішкі сыртын аңтарсын.  
Оздеріңде ойландар,  
Неше түрлі жсан барсың  
Фылым да жек, ми да жек,  
Далаңдағы андарсын.  
Жүргелімен тыңдамай,  
Құлағыңмен қармарсын.  
Соны көріп, соларға,  
Қайтпін қана сарнарсың?! —*

деп түніле караиды.

Абайдың бұл ойы өлең жолына қыысқан шабытты шақтың шалқуы емес. Жүргетінің түбінен сүзіп, тұндығын алған тұжырымды пікірі.

Ол өзінің “Карасөздеріндегі” пікірін өлеңге, керісінше өлеңдерінде айтылған сөзін “Карасөздерінде” тағы да бір

танным талқысынан өткізіп, сарапап, пысыктап алады. Кездейсоқ пікір мен тұжырымының Абайда кездеспейтіні де сондықтан. “Отыз тоғызыншы сөзіндегі” Абай толық билік иесі жөнінде қазактың өткен дәуіріндегі билеу жүйесінен мысал ала отырып, “қазактың екі артық мінезінің” бірі ретінде былай баяндайды:

“... Ол заманда елбасы, топбасы деген кісілер болады екен. Қоші-қонды болса, дау-жанжалды болса билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жаман-жақсы өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылар қалай қылса, қалай бітірсе, халық та соны сынамақ, бірден-бірге жүтірмек болмайды екен. “Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса — сақа қой”, “Бас-басыңа би болсаң — манаң тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса — жанған отқа құймессің” — деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған (дейді екен). Берген соң қайтып бұзылмақ түтіл жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, олардың қамын жемей қайтеді?” — дейді.

Әр сөзінің астарына үңілініші. Толық билік иесі — ешкімнен мал дәметпейді. Демек, экономика жағынан тәуелсіз.

Қайта “жетпегенін жетілдіруге” тырысады. “Бәрі өз бауыры, өз малы”. Рухани жағынан да тәуелсіз. Отар емес. Сондықтан да азбайды, елді де аздырмайды. Ол толық биліктің иесі, яғни, тәуелсіз мемлекеттің биі. Руының өкілі деп және қарамайды. Бұл қасиеттің барлығы:

“... арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық, Ендігілердің лостығы — бейіл емес, алдау, дүшпандығы кейіс емес, не құндастік, не тыныш отыра алмағандық”, — дейді Абай.

Ал рухани басыбайлы етуге құрылған отаршыл билік жүйесі сол “единицаларды” — тұлғаларды құртуға бағытталған еді. Бұл кез келген империяның мақсаты. Оған дәлел іздел жатудың кажеті шамалы. Абайдың өзі-ақ соның мысалы бола алады. “Етек басты көп көрген” Абай итарышылардың талауына бір кісідей-ак ұшырады.

Үрысса — орыс,  
Елге болыс,  
Үйден үрген им күсан, —

деуі тегін емес.

Өз үйінің төріндегі биліктің тәбеті боп өзінің төрінен босағасына қарап үреді.

Босағасының бұл түрі Құлембайлардан гөрі сергек, алайда ақылсыз жандайшап емес, нағыз арандатушы. Оны Абай билікке сай емес деп корланған мысқылдамайды, қайта қауітпенеді. Ол қасакана қастандықтың құтпаны. Халыққа қауіпті әрі қызыл көз, қанды қол пәленің өзі. Күйіп кеткен Абай ондайлар туралы:

*Танымадық,  
Жарымадық,  
Жақсыға бір іргем  
Колына алып,  
Пәле салып,  
Аңдығаны өз ели, —*

деді.

Зар заманның бір сырпатын Жанақ ақын:

*Аскар тауды бұлт басып, мұнар алып,  
Теріскей тебіні жоқ бел болған кез  
Ханнан — қайрат, байынан — қайыр кетіп,  
Телмірген теңдігі жоқ ел болған кез  
Жуан қамышы той бастар көсем болды,  
Елірмен екі есті шешен болды  
Би кетті малдылардың аитағында,  
Пәленді мұқатып бер десен болды  
Алдыңда құткен күннің түсі сұйқ,  
Бізді соған барады өмір қуып, —*

деп зарына қосады.

Іә, “Телмірген, теңдігі жоқ ел болған кез!”. Қандай кисыны мен қиуы келіскең сөз.

“Елірмелі екі есті шешенге” еліккен ел де берекеден айрылып, әрі-сәріге түсті. Жанақ ақын айтқандай “кешегі шеп бұзып, ту құлатқан батыр құрып, тебінгі сауған ұры ер болған кез”. “Екі есті” (екі елдің мұддесін көзделгенсімек болып жүрген жалтаң, екі жүзді болыс) шешен (қырт, демогог) болды.

Жанақтың “Жуан қамышы той бастар” дегені — диктатура. Ол монархиялық па, империялық па, пролетариаттық па, коммунистік па, әскери ме, Жанақ үшін бәрібір — “жуан қамышы”. Күш. Ол өз дегеніне мәжбүр етеді. Билік иесі.

*Өзі ұлыкка,  
Қадірі жоққа  
Қарамай —  
Өз халқына,*

*Сөз қаиырмай,  
Жөнді аиырмай,  
Тұра шабар талпына*

Бұл “талпыну” — елдікке, берекеге, ұлттық тұтастыққа шабуыл.

*Елдегі еркек,  
Босқа селтек,  
Қағып елін қармады, —*

дейді Абай ондайларды.

Елді қорғайтын ер-азамат елін аңдитын ұры-қарыға айналды. Отаршыл жікшілдікке құрылған билік құрылымы нәтижесін берді. Иштен ірітті, жаны мен арын өлтіріп, жаныгуды ғана қалдырды. “Еміренбейтін. еңді піспейтін” — басы бірікпейтін желекпе тобырға, мәңгүртке айналды. Абай мұны:

*Ел де — жасан,  
Ер де — жаман,  
Аңдығаны өз елі  
Елде — сияз,  
Онда — ояз,  
Оңбай-ак тұр сол жері  
Кемті бірлік,  
Сөнді ерлік,  
Енді кімге беттемек? —*

деп терендетіп, құбірткі жеген тамырдың қүйдіргісін басады.

Демек, елдік пен ерлік рухы сөнген. Рухани басыбайлыққа бой алдырган. “Енді кімге беттемек?” — яғни қайда бармақ, кімге сүйенеді ел, өзі кім болмақ? “Тайса аяғың кім көмбек?”. Бұл — өлімге, халық, ұлт ретінде жойылуға бет алды” дегені ғой Абайдың. Ишің — рухың өлген соң:

*Сөзге емексті,  
Ел керексті,  
Не болады мактанаын, —*

дейді Абай.

Ал, Жанақ ақын да содан сескеніп:

*Алдыңда күткен күннің тұсы сұық,  
Бізді соған барады өмір күшіп, —*

дейді. Сондықтан да ұлттың өзін-өзі жойып жіберуге итермелегеніне:

*Бейілі шиқы,  
Ақылы күйкі,  
Осы жүрт па тапканын, —*

деп түніледі Абай.

Бұл арада Абай ойы мен бойын “ақындыққа” алдырады.  
Абай елден емес, пысықтардан жерініп отыр.

*Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел, —*

деуі де сондықтан.

Оның бұлай күйінуге толық қақысы бар. Себебі: ол сол дергін емін тапқан дана. Бірақ:

*Тыңдауышысын үғымсыз,  
Қылып тәңдірім берген-ди*

Осы жұрт соншама неге меніреу болды? Өйткені ұлттық өр рухтың орнын отаршыл апиын-көкнәр биліктің буы басып:

*Тұға бойын жетік женген, —*

еді. Әйтпесе:

“**Қазақ та адам баласы той, көбі ақылсыздығынан азбайды: ақылдының сөзін үғып аларлық жүректе жігер, байлаулылықтың жоқтығынан азады.** “*Білместігімнен қылым*” дегенинің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманышылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жүрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі — бәлеге, жаманышылыққа еліртек үшін, бірін-бірі “айда, батырлан” қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратуғын сөздері. Әйтпесе, құдайға терістіктен, ар мен үятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ата алмаған кісі, үнемі жаманышылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?” — дейді Абай.

Тобырдың аты — тобыр. Тобыр — халық емес, ал халық — ұлт емес. Бұл әлеуметшіл философтар дәлелдеген тұжырым. Абайдың “*көп шуылдағы*” ұлт емес, тобыр.

Қазақ ұлтының парасат мәйегі, зейін зердесі, үғымталдығы, көнілі, дәстүр-салты өзге жүрттан кем емес. Өзгелерді де тамсандырған. Мәселе, ұлттық мінезді тобырлық психология жеңіп бара жатқанында. Ленин мен Сталиннің тұсындағы “жеке басқа табынуышылықтың” тууына сол тобырлық тәуелділік үйткы болды.

Абайдың “жүректе жігер, байлаулылықтың жоқтығы” деп отырғаны — рухани тәуелділік.

Тәуелділік психологиясы жыл өткен сайын “қазақтың сүиегінен өтіп, сүтімен сіңіп бара жатканы” жанына батады.

Ұлттың тұтастығының мәйегі ірігеніне ашынады. Жалған нымыс пен мактанға желігіп, пәлені өзі іздең тауып алады. Кіммен дос, кіммен қас екенін ажыратпай, құр “аттанға!” желігіп, тұра шабатынына налиды. Сондықтан да:

*Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі май, бірі қан бол екі үртүн, —*

дейді.

Неге казактың бір үртү май, бір үртү қан? Неге жақсы менен жаманды айырмады?

Қазак жетесіз халық емес, оның барлығын біледі. Бірақ Абай мегзеген гәп мынада: осы болыс пен би сайлауды тұсында пәлелеге ұрынбай кеткен билеуші бар ма? “Өштік пен өсек, жалаң, арыз неге тыйылмай кетті? Қандай айлат-тәсіл қолдансын, әйтеір, ебін тауып, шарды қөп жиып, басым дауыспен болыстыққа сайланды. Енді оның сөзі заң болуға тиіс кой. Ояздың, ұлықтың, губернаторлықтың, жер басқармасының, жандармериянын оған араласуға құқы жоқ кой. Бірақ “ақылы мен айласы өзгеден артық” сол “ел жақсыларының” үш жылғы билік кезінде үстінен арыз кетпеді. Неге? Ол туралы архив деректерін байқап отырсаныз, осы “таусылмайтын өштікті” қоздырып отырган ояз берінші істер кенсесі екеніне көзіңіз анық жетеді. Сайланған болыстың үстінен карсыласы міндетті түрде арыз жазады. Сотқа, оязға арыз жазатын қазактың өзі емес, кенсе қызметкерлері той. Болыстың бопсасын босатады да өзіне тәуелді етеді. Ол билікке еркін кірісе бастағанда тағы да карсы арыз үйимдастырылады. Эрине, оны өндеп, заң баптарына лайықтап жазатын жаңағы болыстың арызын туралап берген кенсениң адамы. Демек, актайтын да, қаралайтын да өздері. Бұл жолы онсыз да әрекемен откен сайлау мерзімі бітіп қалған болысты екінші арыздың иесіне жығып береді. Араға бір жыл салып енді әлгі болыстықтан түскен адамды қайта тұртқілеп, кейінгісін алдыңғысына тізе бүктіреді.

Міне, “таусылмайтын өшпенділіктің” сыры осында. Бұл бір генерал-губернаторлықтың дәргейіндегі қолданылған тәсіл емес, үш өлкеге де ортақ басқару жүйесінің саясаты. Мақсаты — қазакты қазаққа дос қылмау.

Бірінші және екінші низамның ережесінің өзі соған құрылған. Кезек-кезек женіп дәніккен арызшылар әр жолы “әділдікке жеттім” деп күпінеді. Негізінде олар ит пен мысықтың ойынын ойнап жүр еді. Бірін біріне жегізбейді,

талатады да қайтадан ырылдастырады. Ал желіккен адамның демігін басу қын. Ақылдың өзі “аттанға” жәнігіп алады да, “ұрты бірде — кан, бірде — май” бол жүреді. Абай:

*Күтүрді көпті қойып аз-ғанасы,  
Арызыши орыс— олардың олжасаласы! —*

болды дейді.

Міне, дәл осы арада Абай отаршыл, іріткішіл пигылды дәл басып әшкерелеген.

Болыстық биліктің ұлтты өзара өштестірге құрылғанын Абай түгіл Құнанбай да білген. Құнанбайдың тұсындағы билік кезінде қазақ жері — қазактың меншігі болатын. Даушар, жер дауы, барымта мен сырымта дауы казақ билерінің кеңесімен шешілетін. Абайдың кезінде жер патшаның меншігіне айналды. Құнанбайдың Абайды шақырып алып, үш түрлі ақыл айтатыны сондықтан. “Болыстық биліктің өз еркі өзінде емес” — тәуелді дейтіні сол.

Шындықты таба алмайсың. Ояз оған жібермейді. Ашынған соң:

*Бірде оны жарылқап, бірде мұны,  
Куды үнатты-ау Семейдің бұз қаласы, —*

деп ұлықтардың өзіне ызбар танытады.

“Куды үнатқан” жалғыз Семей қаласы емес, иісі отаршыл биліктің әкімшілігі. Ол — Қызылжар ма, Ақмешіт пе, Теке ме, Ақмола ма, Ташкент пе — бәрібір. Бірді-бірге айдал салып, бір жолы — біреуін, екінші жолы — екіншісін қолдап, кезек жығып беріп отырды. Біреуіне толық женгізбейді. Өйтсе — өштік өшіп қалмай ма?

Қазақ ұлты ұлттық бірлігін сақтап қалса — генерал-губернатордың сыңсыған сумақайлары неге отыр? Қандай жұмыспен айналыспақшы? Қазақ өзін-өзі оларсыз да басқарып келеді емес пе? Отар елдегі кеңселер сол үшін керек. Қанша жомарт болса да өзіне жетпей жатқан қаржыны патша тегін шаша ма?

Осындай арандатуға еріп, “әрекемен кеткен елін” көрген Абайдың:

*Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойда толғанып,  
Жұртым деуге арлымын,  
Озге жүрттап ұялып  
Барымтта мен партия,  
Бәрі мастық, жүрт құмар  
Сыныра елірме, сүркия,  
Көп пиянишік не қылар? —*

деп түнделуі орынды.

Абайдың тұсында қазақтың мас болатындай — аракқа, құмар болатындай — көкнәрға аузызы еркін тие қойған жок. Бір адам, екі адам, он адам ғана тартқан шығар. Мастық — аракқа мастық емес, “құмарлық” — апиынға құмарлық емес, “пияншіктігі” — алкаголик емес, ол — жалған мақтанға, барымтага, партияға — билікке мастық. Абайдың өз тілімен айтқанда “тула бойын женген желік”, билікке, өштікке деген құмарлық. Ақылға, парасатқа, тоқтамға келуден кеткен үлттық психология. Абай түніледі, түніле отырып:

*Адасын аланғадама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық қамалмай.  
Неғылым жок немесе еңбек те жок,  
Ең болмаса кептің гой мал баға алмай, —*

дейді.

Малды қазақ баға алады ғой. Бағып та келеді. Абайдың “мал баға алмай кеттің” деп мегзегені: мал да өзіндікі емес, жаттықі. Бүкіл иғілігің — империяға қызмет етеді. Яғни, “өз малыңды өзімдікі дей алмайсың” — дегені.

Абай жарықтық елдікті қалай сақтау керектігі қақында айтудай-ақ айтқан. Бірақ соны түсінетіндей “елін ұғымды” етіп бермегеніне кімді кінәлаймыз? Бүгін де соны түсініп жатқанымыз шамалы сияқты көрінеді де тұрады. Құдай қателестіруте жазсын.

Сонымен, Абай өз заманындағы отаршыл ырыққа құрылған билік жүйесін тәркі етті және оны өшкөреледі. Бірақ тірелген тығырықтан шығатын жол көрсетті ме? Енді соған келейік.

### III

Әрине, ол қазақ халқын отарлаудан құтқарып, толық азаттыққа жеткізетін “Алаш” партиясының бағдарламасын жасаған жок. Бұл оның міндеті де емес еді. Патшалық мемлекеттің басқару жүйесіне де өзгеріс енгізуге үмтүлған жок. Тек “тула бойын желік билеген елді” бір сәтке сабырға шақырып, “билікке құмарлықтан”, “билікке мастықтан” құтқаратын, саябыр таптыратын және қазақтың қолына тиетін билік тізгіні — болыстық пен би сайлау жөнінде пікір білдірді. Дәстүрлі заң үлгісін жасағысы келді. Бұл өзі жеке әңгіме. Біз тек билікке қатысты әңгімесіне ғана тоқталамыз.

Сонымен, қос низамның ережесімен бекітілген билік жүйесіне Абай қарсы болды. Енді өзі қандай үлгі ұсынды. Бұл жөнінде “Үшінші сөзінде” “қазақты” бір-біріне

қаскунем, қызметке таласқыш болатындығының” себептерін талдай келіп, оны болыстық биліктің жүйесіздігінен көреді. Отаршыл билік елдікті азғырудың ұйыткысы. Себебі:

“Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік “шапты, талады” деген әр түрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание — тергеу шығаралы. Өтірік: көрмегенін — көрдім деуші қуәлар да әлдеқашан дайындал қойылған, бағанаты жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса — оның адамдығының кеткені, егер жалынбаса — тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар өзі құлық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндегі арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп; егер қас болса — бір түрлі өзіме де залал жасауга қолынан келелі деп”, — дейді Абай.

Сондыктan да, “қазак ішінде “ісі білмес, кісі білер” деген мақал шықты”. Абайды толғантатыны — ең бастысы — ел қамы. Үлттың береке-бірлігі. Елді әрекетке бастайтын, өштікке итермелейтін, елдігін аздыратын билік ережесіне тоқтау салып, сәл де болса тыныс беретін жол іздейді. Әрине, өзінің ұсынған жолын империя шенеуніктері қостайтындај және олардың тәжірибесінде бар жолды таңдайды. Империядан тыс билік нұсқасын ұсынса сезі өтпейді әрі ол жүйені тез іске асыруға болатындај етіп карастырады. Тығырыққа тірелген түйіктan шығарғысы келеді. Сол ойымен:

“Осы қазак халқының осындаі бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң менің ойыма келеді: халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадір.ті орысша образование алған кісі болсын. Егерде орталарында ондай кісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уездный начальник пenen военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайда болар еді. Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді”, — дейді Абай.

Аматының жоқтығынан осындаі ұсыныс жасауга мәжбур болып отырғанын сез інінен-ак байқауға болады. Бірак шүғыл жүзеге асатын және патша әкімшілігі оны колдай коятындаі жолды таба алмайды.

Табуы да мүмкін емес.

Өйткені, кез келген үлттық дәстүрге құрылған билік үлгісін отаршыл мемлекет қостайды. Керісінше, осы бір арандатқыш болыстықтың билігі оларға “ұлтшылдық”

корінеді, оны жойып орнына приставтар мен попты өкелудің жоспарын қарастырып жатқан. Оның үстіне Абай үкімет билігінің болыстық жүйесі мен қоса би құрылымын да бүтіндей өзгертуді ұсынды. Осы екі билік қатар қолданылған жағдайда қазақтың дәстүрлі билігі қалпына келер еді деп үміттенеді.

“Пәлен қадарлы білімі бар адам” деп отырғаны — арнайы білімі бар, заң мен билікті үштастыратын қоғам қайраткері. Демек, билікті “ақыл иелеріне” берсе дейді. Олардың арасынан Құлембайлар шықпас еді, шықса да әйтеуір бір үміттнерлік, “анадан гөрі иығы асқандық” байкалар еді деп көксейді Абай. Шәкерім қажы да осы жайды қозғайды. Ол:

“Қазақтың дауын орыс судиясы бітіргенінің қолайсыздығын біз айтпасақ та тәмәм қазақ біледі... Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жолы ұмытылған. Себебі қобінесе орыс законына қарағандықтан болар. Мәселен, сайлау туралы закон пара-жақындықпен би болуга ыңғайлы болып, аузына не келсе соны айтқан. Және бір себебі, жазылмай қалғандықтан”, — дейді.

Билік туралы заң мен оның құрылымының өзгеруі уақыт талабына айналғаны анық байқалады.

“Тағайындау” мәселесі де тегін қойылып отырған жоқ, Абай: ол адам халықтың өз ішінен шықсын, сол халықтың өкілі болсын деп отыр. Қазақ оқығандары патшалық отаршыл биліктің “Ушінші низамы” дайындалып жатқанын білді. Соған алдын ала пікір косты. Империя да “тағайындалап” қоюды жақтады. Бірақ онда биліктің барлығы жоғарыдан тәменге баспалдақтап түсіп, сөзсіз орындалуға тиісті болды. Яғни ол орынға тек әскери генерал-губернатор мен ояздың адамдары қойылды. Бұл дегенінің — жергілікті үлттан ерік кетіп, әлгі таласып жүрген болыстығынан да айрылып қалды деген сөз.

Міне, Абайдың болыс “ел ішінен тағайындалып қойылса, ол адам тек орыс заңын емес, қазақтың көне заңын да білсе” деп, қадап отырғаны сондықтан. Ал Шәкерім жаңа билікті дерліктең ескі қазақ дәстүріне негізделсе деген пікірді айтты. Эрине, ол ой 1914 жылы білдірілгендейден де, кәдімгі дербес мемлекеттік билік құру керек дегенге негізделген. Себебі, бұл кезде қазақ даласының ішкі әлеуметтік саяси белсенділігі үлттық бірлік идеясына бет бұрып еді.

## 7. “ҚҰ ТІЛМЕҢ ҚҰЛЫҚ САУҒАН ЗАҢЫ ҚҰРЫСЫН ...” (Абай және дәстүр мен тәуелді заң мәселелері)

### I

Тағдырдың бір тауқыметі мен тәлкегі бар екені рас. Оны қасарысып жоққа да шығармайық. Алайда дүниедегі ұлылардың өміріне көз салсаңыз, солардың бірде-біреу өзінің атын тарихта қалдырган кәсібімен тікелей айналыспапты. Тек жанама, көніл көтерерлік ермек есебіндегі машығым немесе бос уакыттағы қосымша жұмысым деп қараған екен. Гете — сарай министрі, Омар Һайям — ғалым, Тютчев — елші, Салтыков — қазына бастығы, әйтеуір, таза өдеби кәсіппен күн көрген талант аз. Жоқтың касы.

ХХ ғасырда ондай жандар бар. Бірақ та туа біткен дәүлеті болмаса қаламның ұшымен қанағатын тапқандар шамалы.

Соның бірі — Абай. Отыз төрт жасына дейін өлеңді өнер түтпеган, қырық бірге дейін оған көніл бөлмеген жанның сөзбен күнелтемін деп дәме етпегені түсінікті. Көзі тірісінде қаламақы таппақ түгілі шығармаларының басын жинақтап көрмеген адам үшін пәлен деп сөүегейсу артық. Оның үстінен:

*Жүрттың бәрі сөз саткан,  
Сатып алып не керек?  
Екі сөзді тәңірі атқан,  
Шыр айналған дөңгелек.  
Сатып алма, сөз сатса,  
Ол асылды танымас.  
Біләткенің байы — ақша,  
Ер жақсысын таңдамас, —*

деп, “сөз сатқандардың” бетін бірден қайтарып тастанды.

Абай заманында көшпелі тіршілік үшін белгілі бір қызметтің қажеті де жок, реті де жок еді. Алайда Абайдың өмірі шүғылданған тұракты жұмысы бар болатын. Ол — билік айту, яғни би болды. Он төрт жасынан бастап қашан құсалы бол өлгенше қазақ жұрты оны би, болыс деп таныды. Демек, өзі өмір сүрген кездегі қауымға Абай қоғам қайраткері есебінде етene мәлім тұлға. Іштей сөзді өнер деп түсініп, өзінің өзгелерден дара талант екенін сезінсе де, тарихтағы орнымды өдебиеттен табамын деп көнілі сене қойды деу қызын.

Әрине, дәл қазір бұған өре түрегеліп, тәбе шашы тік тұратындар табылар. Бірақ шындық, өмірлік шындық солай. Абайдың “етек басты қөп көрдім” деуінің астарындағы айтпағы осы. Өнерді, ғылымды кәсіп ретінде кууга “қолын

кеш сермеп” қалғанын ол түсінді. Билік айтудан “ес білгелі” қолы босаған жок. Абай биліктен кетпеді, ал билік оның өзіне “ерік бермеді”. Мұрсейіт пен Сарымолда сияқты іжад-ғатты молдалардың, Кәкітай мен Тұрағұл сияқты жана шырларының, Әлихан Бекейханов, Ілияс Жансұғиров, Мұхтар Әуезов іспетті ғұламалардың ниет-ықыласы болмағанда, біз бүтін Абайдың орнына кімді қойып дәрітеп отырарымызды бір жаратқанның өзі біледі.

Сонымен, Абайдың өмірлік шұғылданған кәсібі — билік, оның ішінде болыстықтан тыскары міндеті — кәдімгі дала біи еді. Эрине, әділ би болды.

Мұны неге сонша қазбалап кетті дейсіз бе? Әңгіме Абайдың билік өнері, дәлірек айтсак, заң мен дәстүр туралы пікірі жөнінде өрбімек. Далаңың дәстүрі мен заңын Абайдан артық білетін және оны талдаң кеткен адам аз. Сондықтан да оның әрбір ойы тек ақындық үшқырлықтан қана айтылған ой емес, бидің өз толғауы. Мұнда, қазіргіше айтқанда, заң қызметкерінің, ережеге сәйкес баптары талданады. Эрине, әр сөзінің астары бар. Оған өмір тәжірибесі мен сол билік туралы толғанысы мәйек болған. Біз Абайды бұл тарауда таза зангер ретінде талдаудан аулақпыз. Оған өре де жетпейді. Бірақ Абайдың өмірлік мамандығы болғандықтан да, заң мен дәстүр жөнінде еркін пікір корытуға еркіміз бар деп есептейміз.

Әуелі Абай заң мен дәстүрді, жалпы билік тұтқасын қалай түсінді, соған келейік. Өзі қазакты қалай билеу керектігі туралы Ереже жасауға қатысқан ұлы адам өзге жүрттың билік дәстүріне жүгінбеді деу де әбестікке жатса керек-ті. Енді соның әлеуметтік астарына үнілейік.

Ең бірінші Абай жалпы билік үғымына қалай қарады, соған аял жасайық. Өйткені биліктің өнер адамы үшін екі түрлі мағынасы бар. Бірінші — тұра мағынасындағы билік, яғни мемлекеттік басқару жүйесі. Бұл жөнінде азды-көпті сөз айттылды. Екіншісі — жалпы билік, заң, дәстүр іспетті ауқымды мәселені қамтитын философиялық талғам. Қандай қоғамда қандай билік үстемдік құрады, ол неге негізделеді және би (судья) мен заның арақатынасы қалай ажыратылады немесе неге негізделеді?

Билердің шешімі Абай үшін тек қана басқару жүйесі емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымынан тамыр тартқан “толық үғым” (концепция). Абай үшін бір елдің заны екінші елге жетекші бола алмайды. Сондықтан да ол дәстүрсіз патшалық заң түзімін жақтырмай, оның отаршыл пиғылына сенімсіздікпен қарап:

*Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Кү тилмен кулық сауған зан құрысын, —*

деп сыртқа итереді.

Бұл не қылған “қойма”, “кулық сауғаны” несі? “Қысқа күнде қырық құбылатын” зан бола ма? Зан — зан. Оны өзгертуге бола ма?

Зан барлық жұртқа ортақ, оның жолы — ақ жол. Бірақ Абай Ресейдің занына сенімсіздік білдіреді. Себебі занының “қысқа күнде қырық құбылуы” сол занды шығарған елдің мұддесіне икемделіп, пифылына қарай бүрмаланып отыруына байланысты. Өйткені, отарлық билікті қамтамасыз етуге, соны қорғауға арналған занда тұрақ болмайды. Ол — мемлекеттің құнделікті саясатына орай бейімделіп, қақпақылға түсіп отырады. Тек бір ғана жақтың — отаршыл биліктің ғана мұддесін қорғайды. Мұны түсінген Абай кекесінмен:

*Қысық болса закон тұр,  
Судьяға беруге.  
Ол да оязной емес қой,  
Алуға теңдік, сенуге, —*

деп қандастарына мысқылдай ақыл айтады.

Әрине, сөздің сыртқы қисынына қарап Абай ісің түссе сотқа бер, әділ шешеді деп тұрган сияқты. Бірақ та соның алдында ғана:

*Қызмет қылма оязға,  
Жаңбай жастың сонуге, —*

дейтінің ұмытпаңыздар.

Ендеше, Абай кекетіп, кекесінмен айтып отыр. “Ояз саған теңдік бермейді, теңдік алмайсың, ал әлгі судьяң ояздан да төмен. Демек, оған несіне сенесің?” — деп ишара жасайды. Өзі әділетті билік пен би жүйесін жаңын сала жақтаған Абай неге занға соншама тітіркене қарайды? Астары теренде, алдамшы қоғағындағы бетінде тұрган көлгір, екі жүзді занға қалай жүргегі жылысын. Өйткені бұл зан елді бітістірмек үшін емес, кетістірмекке бағытталған. Оған дәлел жеткілікті. Ресейдің отарлау жүйесіне негізделген ұлы зандарын былай қоя тұрып, кәдімгі шенеуніктің пікіріне сүйенсек, қазакты билеу үшін ол халықтың “дәстүрі мен билеу жүйесін есте сактаған жадын өшіріп тыну керек” екен. И. Мельников қазакты қалай билеу керектігі жөніндегі “Үшінші низамды” жасауға қатыскандардың бірі. Ол өзінің пікірін:

“Халық дәстүрі мен жадына негізделген қазактың өйелдер мен зат-мұлік, жалпы билік қарым-қатынасы туралы ескі қағидаларға сүйенген халық билері бүтінгі біздің мақсатымызға қарама-қайшы, империяның заң мекемелерінің жүргізіп отырған азаматтық сезім, адамгершілік итілікке кесірін тигізеді, оларды бұдан бас тартуга итермелейді. Дәстүрлі заң мен салтқа және билерге негізделген бұл жүйе мемлекетке қарсы құрылым, қазақтардың бұл дәстүрлі заңын заң ережесіне кіргізу барыш тұрган кешірілмейтін қылмыс”, — деп жеткізді.

Екі пікір екі тұрлі тұжырымға жетелейді. И.Мельников ұсынып отырған заңға Абай неге түршіге қарап:

*Кейбіреу — закүнишік,  
Ондымасын берсе арыз.  
Кейбірі тұрға кол береген.  
Іши — залым, сырты — абыз, —*

дейді?

Жоғарыда қазбалап тұрып айттық, Абай жай ақын емес, кәдімгі заң шығарушы адам. Ол өзінің заманының биі. Демек, негіzsіз сөз айтса жауап беретінін біледі. Біле тұрып заңға қарсы келуі қалай? Ендеше, бір гәптің болғаны. Гәп демекші, Абай өмір сүрген заманың түйткілі де, түйнегі де, тұрткісі де көп еді. Себебі: Ресей империясының қазақ даласын билеу туралы қабылдаған екі “Ережесі” де дәстүрге сүйенбеген болатын.

Ал дәстүрге негізделмеген заң — қылмыстың көзі!

Ол қылмысты империя қасақана жасады. Өйткені, дәстүрсіз заң арқылы елдің елдігін, бірлігін, ортақ қасиетті мұдделерін, салттарын аяққа басып, кімде-кім оны қолдаса жазаға тартуды ойластырыды. Елдік рухты өлтіруді заң арқылы жүзеге асырды. Бұл ретте көне қытай философтарының:

*“Билемшінен айырылған мемлекет — құлауға бет алған мемлекет емес, заңынан айырылған мемлекет — құлауға бет алған мемлекет”,* — (“Хуайнань-цзы”) деген пікірі еске түседі.

Әрине, қазактың мындаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі заңын аяққа басқан Ресей отарлаушы мемлекеті ең бірінші оның мемлекеттігін жойды. Сол мемлекеттікпен қоса заңын да құртты. Демек, қазақ елі толықтай бодан ел болды. Егерде дені дұрыс заң қабылдайтын болса, онда қазактың қазақтығы қалпында қалмас па еді. Оған қалай жол берсін. Қазақ сол аздыратын заңды қолданған соң қалай онсын. Не ескі жолмен жүрмеді, ал жаңа низам тек берекесіздікке бастады. Ұстанатын сенімді заң болмағандықтан да иесіз қалған жүрттың есенгіреген күйін Абай:

*Үлгісіз үлттың үйретіп қалдық кейін,  
Көп надандар өзіне тартар бейім, —*

деп ашына жеткізді.

Сол берекесіз заның өзіне бейімделгендерді Абай “көп надандар өзіне тартар бейім” — деп отыр. Мұның мәнісі мұнда:

Қазақ үшін дәстүрлі салттың бәрі зан арқылы зансыз деп жарияланады. Мысалы, көрімдік, ерулік, сүйінші, сыбаға, базарлық, жылу, асар, қолудзік, аттың майы, жиенге тиесілі қырық серкеш пен қырық шыбар тай, бәсіре іспеттілердің барлығы да зансыз әрекет бол табылады. Күні кеше ғана кеңестік заның баптарына сүйенген сот пен тергеушілер сол үшін талай азаматтың иініне су құйды. Бір Колбиннің өзі қашшама зан шығарды. Эр қылмыстың үлттық мінез-құлқына байланысты ауырлы-женілді жазасы болады.

Ал Ресей империясы өзінін екі түрлі қоғамдағы билігі түсінде да заның мұндай ең қасиетті талаптарын аяқта басты. Бұны Шәкерім қажы:

**“Қазақтың дауын орыс судьясы бітіргенің қолайсыздығын біз айтпасақ та тамам қазақ біледі. Мысалы: қазақ көтере алмастай шығын, оның үстіне әдет-рәсімге теріс болыш, көп қыншылық, залал болмак”, —** деп ашып көрсетті.

Сайып келгенде, дәстүрге сүйенбеген зан — әділеттің таразысы емес, әділетсіздіктің өлшемі болады. Ол дүниені тек әділетсіздіктің таразысымен өлшейді.

Көшпелі қауымның көрген жалғыз құқайы бұл емес. Сонау Айса пайғамбардың аты-жөні белгісіз заманнан бастап өзінің дәстүрлік заңы мен билігін, елдігін корғап өмір сүрді. Сонда да өзінің тіршілік тегінің тамырын қиғызбады. Сонау скиф, сак, хұн, түркі бүтіні (бұдін) аталған атам замандағы ел билеу дәстүрі ішінара тузытулермен ғана XX ғасырға жетті. Ишпакай, Мөде, Алып Ер Тұңға, Еділ. Бумын (Түмен), Білге қаған, Таян хан, Кайыр хан негізденген хан сайлау дәстүрі, билер келесі мен сайлау жүйесі, мұрагерлік тәртібі, дәстүрлік рәсімдері, елдік жарғысы өзінің алтын тамырын сақтап қалды. Оған шығыстағы хань патшасының “жібек құрты сияқты біртіндеп кеміру”, “тың көтеру” саясаты да, Иран мен Туран шайқасы да, крест жорығы да, сақабалар да өзгеріс енгізе алмады. Тек мұсылмандық таным ғана дін ретінде жан жүргегін дауалап алды. Ал мұның өзінде де дала көшпендейлеріне сай негізде санаға сіңірілді. Ол туралы әңгіменің жүлгесі дербес сабакталады.

“Әлем өміршісі” Шыңғыс ханның түсінде ғана әскери занға байланысты кейбір салт-дәстүр жорық жоралғысына сай бейімделді.

Би қашанда көшпелі елдің мемлекеттік тұлғасы бол санауды. Зан сол билердің келесіне түсіп барып, дәстүрге негізделе қабылданды. Жәнібек, Хақназар, Тәуке, Есім хан, Абылай хан тұстарында билер келесі ен жоғарғы беделге ие болып, өзінін сұнғыла шешімдері мен тілмар. Әділ, тапқыр тұлғаларымен аты анызға айналды. Бұл — көшпелі демократияның шарықтау шегі еді. Тек “Ақ табан шұбырындыдан” кейінгі халықтың тұқымының әлсіреуі және екі жаһангердің қос бүйірден істікше қадалуы олардың ғұмыр баки жинақтаған отаршылдық мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тектік, халықтың негізді сүйілтүп, дәстүрін ірітті.

Ешбір жаһангер Ресей патшалығы іспетті көшпелілердің санасын сарылтып, тегін тебінге түсірген емес, Абайдың дәүірі соған дәп келеді. Далаңың дана бінің бірі ретінде оның дәстүрінен айырылып бара жатқан ұлтының тағдыры үшін талқыға түсіу занды еді. Мұны өзге-өзге, сол заманың шетін көрген және сол басыбайлылықты басынан кешірген “қаратаяқтар” түсінуге тиісті еді. Алайда “заманына қарай күйлеген” шолақ етектер Абайдың би келесі мен зан туралы пікірлерін XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін түсінбей келді. Дәлірек айтсақ, түсінгісі келмеди.

Онсыз да “етекbastы” күй кешкен Абайдың басын төменишектете тұқырта берді. Ол пікірлерінің бәрін тәптіштеу мүмкін емес. Тек соның басалқысы болған “қызылдардың қырағы қыраны”, өзі де сол жалған нысананың жазықсыз күрбаны болған Илияс Қабыловтың пікіріне токталамыз. Ойткені, дәл осы мақала Абай жөніндегі теріс тұжырымның тізгінін үстітты. Абай өз заманынан ақылы озған ой иесі емес, шынжыр балақ, шұбар төстің өзі болып шыға келді. Ол елінің бостандығы, рухани тәуелсіздігі үшін құрескен тұлғадан томсыраған түрпайы болыс пен “рубасының” шапаның киген үстемтап өкілінің “идеологінің” катарына қосылды. “Коммунистік-колонизаторлық” кесірлі саясатка — “қызыл боданға” түскен ұлттың ішінен заманынан ақылы озған адамның шығуы ұнамады. Тегі тектелді. Қозқарастарына толық мән берілді. Қатесін іздеді және ол қатені тапты. Ойткені, Абайды қалайда үлттың камын ойлады деген пікірден аулак ұстай қажет еді. Үлтшыл, үлтжанды адамдар ортақшылдар үшін ен қауіпті дүшпан болатын. Жетпіс жыл бойы осы Илияс Қабылов салған іздің беті толық бүркелген жоқ.

Ал тәуелсіз зан, дәстүрге негізделген зан, үлттың мұддесін қоргайтын зан деген үғымдар мұлдем санадан өшірілді.

Оның орнына тұлғасыз, тұrlаусыз, массондық идеяға күрылған ұлттық мұддесін және міндettі түрде империяның мұддесін көздейтін зан түзілді. Енді қай ұлтқа жататыныңды анықтамайтын төлкүжат алуға тақап қалған кезде жаһангердің желкесі үзілді. Сондықтан да біз кейінгі жылдардағы пікірге дәйек етпей, кесірлі кезеңнің басындағы кері пікірмен шектелуді жөн көрдік.

Әрине, санаңың дамуы бір адаммен шектелмейді. Уақыттың ығына жығылғансып отырып, Абайды арашалаған Ыдырыс Мұстамбайұлы іспетті жандардың жан айқайы Абайды тольқ болмаса да оның ойының өзегін сактап қалуға мүмкіндік тудырды. Әңгіме ел сайлаған би Абай туралы болғандықтан да билік жүйесіндегі әңгімеде ол туралы айтылған пікірді жасырудың да регін таппадық. Әйтпесе, бұл айтыссыз да діттеген мұратымызға жетудің мүмкіндігі бар еді.

Сонымен, Абай көдімгі би ретінде өмір сүрді.

Ұлы таланттың бұл кәсібін де, оның шығармаларын да карабайырлыққа санаған Илияс Қабылов оған:

“Әңгімеге арқау болып отырган осынау акын, оны едәүір дәрежеде ойшыл десек те болады, 1845 жылы текті де құрметті рубасының отбасында туған, өмірінің алғашқы кезеңінде, рубасының мұрагері ретінде, Абайдың өзі де рубасы болды, жүре келе Ресей Қазақ өлкесін жаулап алғанинан кейін қазақ халқының қоғамдық өмірінің біртіндеп дамуына байланысты, рулық негіздері көдімгідей шайқала бастайды. Ру ішінде жіктелу – боліну әрекеті туады да, ол Абайдың рубасылық жағдайына әсер етеді.

Озінің қоғамдық - әдеби қызметінің алғашқы кезінде Абай атқамінерлікке, болыстарға, алдау-арбауға, әділетсіздікке қарсы қазақтың рулық қауымының ескілікті өмір тіршілігін күйретуді қолдайтын ол кездегі режимге қарсы құрес ұранымен қазақтың рулық қауымына еніп жатқан жаңа тұрмыс пен жаңа қоғамдық қарым-қатынасқа қарсы рақымсыз да қатал құрес жүргізді. Сөйтіп, қазақ халқы өміріндегі бұрынғы тәртіпті қалпына келтіріп, рулық қауымын сақтап қалуды жақтайды. Абайдың және Абай текстес ру басыларының белсене жасаған қарсылығы қоғамдық өмірдің тарихи дамуына төтеп бере алмады. Абай және басқалары, қаша безінгенімен, тарихи қажеттіліктің құрбанына шалынып, өздерінің жағдайларынан айрылуға тұра келді.

Ақықат өмір шындығынан қатты таяқ жегеннен кейін Абай өрлең келе жатқан қоғамдық қатынасқа лажының жоқтығынан бейімделді де, кейін жүре келе ақын содан шабыт алып, оны сақтап, дамыта түсуді (жаңа тауарлы — капиталистік

**қатынасты) жанын сала жақтады. Біздің қолымыздағы мәліметтер соның айқын күесі”, — деп баға берді.**

Абайды орыс оқырмандарының алдында арандатып, халықтың арына айналған Абайды жалған идеяға сатқан және оның ойын бұрмалаған Илияс Қабыловтың қолында қандай “мәлімет болғанын” біз білмейміз, бірақ та Абайдың шығармасы мен оның өмірбаяндық деректерінен үлттын арандатуға бағытталған бірде-бір деректің табылмағаны анық. Кері кеткеннің теріс бакқан сөзінін түпкі нысанасы:

**“Коғамдық әлеби қызметінің екінші жартысында Абай өз өлеңдерінде қазак руларын бас қосып, бірігіп, өзара жауығушылықты қоюға шақырады, мәдениетке ұмтылып, халықтың алға басуының бірден-бір жолы — білім алуға үйдейді. Міне, осының бәрі өмірінің соңы кезінде, 1904 жылға дейін, Абайдың жаңа туып келе жатқан қазақ буржуазиясының идеологі болғанын дәлелдейді. Сол себепті де қазақтың үлттыл зияльларының оны тіпті материалист болды деп көтермелеуі тегін емес”, — деген пікірін бұлдан өткізу болса керек.**

Абайдың орнына Абай болғысы келгендер болды. Қазір де бар. Ертең де дәмелілер шығуы мүмкін. Бірақ олардың жолы бола қоймасы кәміл.

Үлттық мұддені қөздеген азаматтардың бәріне топырақ шашқан “жаңа заманның идеологінің” де бағасын оның сәуегейсіген сөзінен бұрын Абайдың өзі:

*Украйсың өз сөзінен басқа сөзді,  
Аузымен орақ оған өнкей қыртың, —*

деп кесім айтқанын есте тұтқан абзал.

Абай қалжынды қөтермейді. Біраз жыл бұрын “Біз Абайдан асып кеттік. Енді ол шалдың аты қазақта өткен ғасырда да ақын болды деу үшін керек” — деген ортақолды, өркөкірек бір ақынның күні кеше абышыл бола қалып, өмірбаяндық дерегін “шайтанқұлақ” (телефон — Т.Ж.) арқылы сұрап, шығарма жазбақ болғаны да ол адамның тәубесіне келгенін танытса керек-ті.

Біз тақырыптан ауытқып кеттік.

Жоқ, кешірініз, сол тақырыпқа енді келе жатырмыз. Себебі, біз Абайдың ақындығын емес, таза би, болыстық қызметін сөз еткелі отыргандықтан да, оған берілген бағаны аттап өте алмаймыз. Илияс Қабыловтың осы қылжырлығына ашық қарсы шыққан алаштың ардагер және өжет азаматы Ыдырыс Мұстамбаев болды. Оның:

**“Біздің көп жолдастарымыз Абайды даттағанда оның идеологиясының артта қалғанын, марксизмге көзқарасындағы бірқатар қайшылықтарды көрсетеді де, оның ақын ретіндегі**

және өз уақытының қоғамшылы ретіндегі тарихи мәнін назарынан тыс қалдырады, тіпті оған пролетарлық идеологияны көрсете алмады деген кінә қояды. Абай алашордашылар мен ұлтшылдарға үнайды деп те ілік іздейді. Мұның бәрі бос сөз. Абайдың марксизммен қайшылығы, оның қателігі мен өктемдігі бізге жақсы мәлім, бірақ бұдан кеңес жүртшылығы Абайды архивке тапсырын деген қорытынды мүлде шықпайды. Абай марксшіл бола алмайтын еді. Тіпті Чернышевскийдің, Салтыковтың өзінен, оған қоса тіпті Горкийдің өзінен біраз қайшылықтарды, маркстік емес нәрселерді қалағаныңша табуға болады, ал бұл кісілердің кейбіреуі орыс пролетариатымен, оның таптық санасты есіп қалыптасуымен бірге өсіп-өнді ғой, жаңа социалистік дәуірде өмір сүріп, орыс халқының рухани байлығының иғлігін азды-көпті көріп, Еуропа мәдениетімен таныс болды ғой. Сонда біз марксизм туралы Абайдан не сұраймыз? Чернышевскийлерді, Салтыковтарды және басқаларды ысырып тастай алмаймыз, олар ұзақ уақытқа дейін ұмытылмайды да. Олардың маңызы мен қадір-қасиеті қай дәрежеде марксшіл болғандығымен емес, мүлде басқа нәрседе. Абай туралы біз де осыны айтамыз”, — деген сөзі Абайды арандатуға тоқсауыл қойды.

Бұдан кейін Абайдың шыққан тегі мен құрған билігіне байқап баға беретін болды. Оның үстіне Ыдырыс Мұстамбаевтың:

“Оны осылай деп білуімізге Абайдың патриархалды отбасынан шыққаны да, өзінің болыс болғаны да бөгет емес. Жеке адамдардың тарихи қызметін бағалаған кезде олардың әлеуметтік тегін елге сінірген еңбегі басып кетуге тиіс. Бұған қатысты мысалдар көп-ак, бірақ оны келтірудің қажеті жоқ. Егер жеке адамның тарихи қызметі тұтас алғанда оның кейбір адасқан кезінен жоғары тұрса, оның жеке басының кемшіліктерін кешіруге болады. Тарихты тұтас бір үрпақтың рухани қөсемінің моралдық жағынан азғындал, құлауға дейін жеткен кездері де кездескен, мәселең, бұған Гейнені мысал етсек те жеткілікті. Абай болыс ретінде сол ортаның жемісі. Ал Салтыков қазына палатасының басқарушысы болған. Ескі бюрократық сатыда бұл кішкентай қызмет болмаған”, — деген уәжі де кейінгі жазушыларды ойға қалдыраса керек.

Ойткені, Абайға тағы бір шабуыл жасаса дәл сол түрғыдан келгенде орыстың біраз ұлыларының аты аталар еді. Ұлтшыл бол көрінуден тәбе шашы тік тұратын, оның үстіне Абайды терең түсінетін зиялыштар түрмеде жатыр еді. Ыдырыс Мұстамбаев та жазықсыз жазаға тартылды. Бірақ ол өзінің

азаматтық қабілетін танытып кетті. Елінің алдындағы парызын өтеді.

Елуінші жылдары да, тіпті тоқсаныншы жылдарға дейін Абайдың өмірбаяны оның алдына кесе көлденен тұрды. Қалайда Абайды жаладан аршу үшін Мұхтар Әуезов “Қарашығын” туралы арнайы тарау жазып, акылды болыс, би ретінде көрсетуден бойын аулақ салды. Әрине, көркем бейне ушін сыйымды тәсіл. Бірақ та көзкарас, өмірбаян түрғысынан алғанда өмірдегі Абайдан бас тартуға болмайды.

Абай — өз заманындағы белді болыс, би есебінде қоғам кайраткері болды. Ол қазак қоғамының ең талмалы тұстарын жақсы білді. Соның ішінде билік заңының отаршылдық ықпалда құрылуына қарсы шықты. Ал:

*Рас сөздің кім блер қасиетін,  
Ақылсыз шынға сенбей, жокқа сенбек, —*

деген сөздің астарына үніletін болсақ, бұған аз мысалмен емеурін таныттық қой деп ойлаймыз.

Абайды шындықтан алыстатьып көрсетіп, әрашалағысы келгендер де кездесті. Ниеті дұрыс. Бірақ “шын сөздің бетін бояудың” (Абай) реті жоқ. Сондықтан да біз заң мен дәстүр туралы сөз козғағанда Абайды таза би, заң шығарушы ретінде қараймыз.

Ал би ретінде Абайдың ең басты күресінін бірі заң мен дәстүр арасындағы байланысты сақтау, сөйтіп көшпелілердің мындаған жыл бойы пайдаланып келе жатқан билік уәжін Ресейдің отаршыл, басыбайлы заңынан басын аршып алу еді. Бұл ретте Абайды тек қана Ресейге қарап, басын шұлғытып қойғандар және соған санағы уланып қалғандар ұлы ақынның сонау отаршылдыққа деген рухани күресін мойындағысы келмей, тымырая қалатыны да түсінікті. Абай “өз дәуірінің жемісі” болғандықтан да, ол елінің дәстүр-салты бұзылып, ол әдет-ғұрыптар өктемдікке құрылған зан баптары арқылы жойылып бара жатқан күнді билер келесіне түскенде басынан кешірді, әрі сол бір қарама-қайшы төреліктің уәжін сәйкестендіре отырып, билік айтуға мәжбүр болды.

Ең ақырында заң ұлттық дәстүрге сүйену керек екендігіне әбден ден қойды. Абайдың өз ұлттының мұддесін ойлауға толық қақы бар болатын. Ондай сезімнен арлыберлі замандағы ешқандай данышпандар бойын тартпаған болатын. Оған Ыдырыс Мұстамбаевтың “Ақын Абай және оның философиясы” атты мақаласындағы:

“Философия, публицистика, әдебиет пен өнер, эстетика адамзаттың рухани мәдениетінің сабактас салалары екенин

ұмытуға болмайды. Бұған көз жеткізу үшін мынадай мысал келтірейік: Пушкиннің “Ресейдің жемқорларына” деген сүмдүк үйтты өлеңі бар, бұл өлеңінде ол XX ғасырдың I жартысында Николай I тағалы табанының астында зар илеген поляк халқының халықтық-революциялық қозғалысына жала жабады. Сонда не, бұл арада Пушкин жай адасты ма, әлде жаңылысып қара басты ма? Жоқ! Бұл — кеменгер ақын-классиктің, ұлттық ақынның орыс мырзасы ретіндегі әлеуметтік соқыр сезімнің жалт етіп бір көрінуі. Пугачев көтерілісін Пушкин мағынасыз да катыгез бас бұзарлық деп атаған. Оның “Бородино жылдығы” сияқты бірқатар кертарапта өлеңдері де бар, олардан шенеунік-төрелік идеологияның байқайсың”, — деген ойы мәйек бола алады.

Ұлттық намысты ойлау, корғау, шамдану дәрежесіне көтерілмеген ақын — ақын емес, сезімі топастанған өлеңші ғана. Олардың ой ұшқырлығын, әсершіл сезімін, шамқос шабытын тек солардың ақындық қасиеті ғана актап алады. Мұндай ақындарға кесімді үкім жүрмейді. Гейне де. Пушкин де, Абай да сондай тұлғалар.

Сондықтан да Абайдың би, болыс болғандағы өмір-ғұмырының қоленкесі емес, керісінше, ұлтына сінірген еңбегі. Дәл сол заманда Абайдың қолынан одан басқа еш нәрсе келе қоймайтын. Қайта отарлау түсінда көкірегіне ой түскен, елінің басыбайланып бара жатқанын аңғарған билік иесінің болуының өзі үлкен қоғамдық құбылыс. Сол Абайдың басқару мен билік үлгісі иісі қазаққа ықпал етіп, жарға бет алған халықтың бетін қайтарды емес пе.

Ұлы ақын билік иелерін кемелдікке, рухани тәуелсіздікке, әділдікке, ұлт қамын ойлауға шақырды. “Күлембайларды” мыскылдан, түніліп:

*Қай жерінен көңілге қуат қылдық,  
Кыр артылmas болған соң, мінse қырқын, —*

деп күйінуі сол үлтжандылықтың белгісі.

Абай заманындағы ең діттеген басыбайлылық — заңның отаршылдық пигылға қызмет етуі еді. Империя қазактың дәстүрлі заң жүйесін бұзып, қасакана қазақтың тіршілігіне кереғар заң жобасын жасады. 1868 жылы 21 қазан күні ұлы мәртебелі ағзам қол қойған “Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ереже”, қазақтар “Екінші низам” немесе “Жаңа низам” деп атап кеткен қазақ даласын басқару туралы заң тұра осы отаршылдық пигылда жазылды. Абай бұл кезде билікке енді араласып, би ретінде аты шығып, болыстықтың тізгінін

тартып жүрген тұсы. “Жаңа низамның” барлық іш майын ақтара зерттеуіне тольқ үмкіндігі болды.

Ол өзінің өміріндегі барлық билікті соған сәйкес жүргізуге міндетті болды. Дәстүрлі қазақ билігімен “орыс заңының” арасындағы айырмашылықты ғана емес, оның әлеуметтік астарын да терең түсінді. “Жаңа низам” казакты әділ билеу үшін емес, оны басыбайлыландыру, рухын өлтіру, салтын жою үшін, берекеге емес — әрекеге, бірлікке емес — күндестік құрылғанына көзі жетті.

*Баста — ми, колда — малға талас Қылған,  
Күш сынақсан күндестік бұзды-ау шырқын. —*

деп ашынады.

Бұл сөздің астары өте терең. “Баста миға” талас қылғаны деп отырғаны — билердің әділ шешіміне, дәстүрлі би келесінің кесіміне, оны сайлаудың құрылымына “Жаңа низамның” өзгеріс енгізіп, ғасырлар бойы ұлт-дәстүріне, ұлттық мұддесіне, өмірлік тіршілігіне бейімделген заңды бұзып, дала данышпандарының тәжірибеге негізделген уәжіне “ми таластыруы”. Демек, бұл “Низамның” қалыптасқан ұлттық басқару жүйесін мұлдем құртуға бағытталғанын мегзейді. Ал “малға талас қылғаны” билерге тиесілі сыбағаны үкім ұлесінен айырып беруі. “Күш сынақсан күндестік” дегені — сайлау жүйесінің бір руды екінші руға қарама-карсы қойып, бак таластыруы.

Сырты “көшіл” көрінген “Ереженің” мақсаты қалайда казакты біркітірмеу еді. Сол үшін де олардың арасындағы “қиғылықтарды” қалт жібермей бақылап отыру мақсатымен барлық билік генерал-губернаторға берілді. Болыс, би сайлауына ояз тікелей басшылық етті. “Ереженің” 41 және 44 баптарында бұл анық көрсетіліп:

“Дала облыстарындағы барлық іс қағаздары (акт) мен оны облыстық қалалардағы бекіту ресімдері Облыстық басқармаға жүктеледі, ал уездік жердегі және уездік қалалардағы сенім хаттар мен әр түрлі іс қағаздарын уезд соты бекітеді... Әрбір уезді басқару уезд басқармасының еркіне беріледі”, — деп жазылды.

Басқару әкімшілігі түрғысынан алғанда, бұл дұрыс та шығар. Бірақ казактың болыстары мен билерінің құқы қайда қалады. Егерде ояз бен болыс басқармасы олардың шешіміне кол коймаса, онда бұларды сыйлап қажеті қанша? Сайланған адамның билігі билік болып қалуы тиіс. Екінші: осы “Ереже” бойынша екі түрлі басқару заңы бар. Ресейлік орыстарға жеке заң, ал казактар үшін қосымша заң шығарған. Сыртқы

сұлабасы дұрыс. Ішкі құрылымы — керіс. Өйткені, жаңағы қазақтар сайлаған билер мен болыстар ең сонында облыстық басқарманың бір бөлімі ғана болып қалады және оның өзінде ол кеңседе міндегі түрде орыс соты отыруы туіс. Қазақтар үшін болыстықтан жоғары лауазым қаралмаған.

Сайып келгенде, “Ереже” қазақтарды мемлекеттік басқаруға іліктірмеуге және оның империя мақсатына сай келмеген істерін қакпайлап отыруға, тыйым салуға бағытталған, бұл әрекетті заңды түрде “заңдастырган” заң болып шыққан. Осының өзін көп көрген И.Мельников “жаңа низамдағы” жалған заңды бұдан да қатайтып, қазақтың құқын мұлдем жоюды талап етеді. Ол отарлау билігінің неғұрлым оңтайлы, өзгермелі болуын, ал діни шарифат жолына тыйым салуды басты шарт етіп ұсынады. “Үшінші низамда” соны ескеруін өтініп, мәртебелі ағзамға:

“Ақсүйектердің билік құрылымы тұсында қазақтардың арасындағы ханның үкімі өте әлсіз болды, соңдықтан да халықты негізінен рубасылары, аксақалдар мен билер келесі қалыптасқан халықтық дәстүр бойынша, оның ішінде “Құран” мен сунниттердің бүрмалаған жолымен басқарып келеді. Өркениетті жолға тұскен, үкімет бекіткен заң арқылы басқарылатын елдерде өмірдің дамуына байланысты және ынғайға қарай бұл заң кез келген уақытта күшін жоюы, өзгерілуі мүмкін. Ал мұсылман елдерінде... бұл заң ислам діні өмір сүріп түрғанда өзгермек емес”, — деп ақыл береді.

Әрине, уақыт ағымына қарай бейімделеді. Оны Абай да айтқан. Бірак И.Мельниковтың заң құбылмалы болуы керек дегендегі пиғылы мұлдем басқа. Оның көкейін тесіп түрған ой: қазақтарға хан билігі жүрмейді, оларда мемлекет те және мемлекеттік заң да жок. Билейтіндер — рубасылары, аксақалдар, молдалар. Солардың ықпалын жойып, құнделікті мұддемізге орай тез өзгерпіп отыратын, қазақтарға құйрығын ұстаптайтын заң керек. Ол заң империяның саясатына сай құбылышп отыруы туіс. Қалыпты заңның қажеті жок — деген пиғыл.

Абайды алдай алмайсың. И.Мельников ойлаған арамза кулықтың астарын дәл тауып, оның осы шырғасына тұскен қандастарының мінезін:

*Көрсө қызыр келеді байлауы жок,  
Бір күн тыртын етеді, бір күн бұртын, --*

деп мыскылдай шенейді.

“Көрсө қызыр” дегені — күнде өзгеріп отыратын заңға көзін салып, кез-келген сәтте “ләппай, жаңа нұсқауды біле-

міз”, — деп екі иығын жұлып жеп отырған саясаттың құлсы. Кеңес түсындағы күн сайын шығатын қаулылардың астын сыйып, бейімделе қалатын шенеуніктің Абай дәуіріндегі “ултісі”. “Байлауы жоқ” дегендегі “байлау” — кесім, зан. Тұрақты ұстанатын зан жоқ. Не дәстүрдің салтымен үкім айта алмайсың. Себебі: сол сәттегі империяның мұддесі не, соны білу қажет, ол үшін “көрсе қызар, қызыл көз” болу шарт.

Абай айтақпен билік айтатын занға қарсы. Айтақшыл болғысы келмейді. Одан да қазактың дәстүріне негізделген, ханға да, қараға да ортақ тұрақты дәстүрлі занмен кесім жасауды қалайды. Ол бір сөзінде ногайлардың “дінге беріктігіне” сүйнеді. Сондагы айтпағы, шаригат жолының да дұрыстығын аңғарту, екіншіден, христиан дінінің ықпалымен билік жүргізуге деген ішкі қарсылығы еді.

Дрепэр мен Спенсерді талдап қоқыған Абай шенеуніктердің тырнағының астындағы кірді аңғаруы онша ақыл жүмсауды қажет етпейтін. Пушкиннің:

Ол да мені тырнағымнан таныды,  
Мен де оны құлағынан таныдым, —

дегені іспетті Абай да оларды “құлағынан” таныды.

Ал, Абайдың “тырнағын” олар кейіндеу көріл қалды. Тінту жүргізді. XX ғасырда Абайдың сол тырнағын біз тірнектеп тұқылдаттық. Әсіресе, Пушкиннің “құлағынан таныдым” дегені — ол есек еді, ал “менің тырнағымнан танығаны — мен арыстан едім” — деген емеуріні болатын. Абай ақылойдың арыстаны болмаса: “... ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз зорлығына конбес едік”, — деп жалын құдірейтіп тұрып сес көрсетер ме еді. Сондықтан И.Мельниковтің қемекейіндегі қектүйнекті Абай бұлк ете қалғанда-ақ аңғарып үлгерген. Сол Абай айтып отырған “ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы” сол тұста казакқа бүйірмап еді. “Ереженің” 92-93 — баптарындағы казактарға қаратыла жасалған сот құрылымындағы:

“Жоғарыда бекітілген облыстарының ішіндегі, Сібір, Орынбор мекемесіне қарасты қазақтар: әскери сотпен, Империяның жалпы занының негізімен және халық сотымен сотталады... Опасыздығы, үкіметке қарсы қарсылық көрсеткені, әкіметке қарсы келгені, почта мен қазына көліктеріне шабуыл жасағаны, телеграфтарды бұзғаны, христиан дінін қабылдаған адамдарды өлтіргені, қызмет басындағы адамдарды өлтіргені үшін қазақтар әскери сотқа тартылады”, — деген ерекше ереженің өзі-ақ “законсыз зорлықты” аңғартады.

Біріншіден, неге тек қана қазақтар деп айтып тұр? Қылмыскер — бүкіл империяға ортақ қылмыскер емес пе? Украина да, белорусь та, қазак та Ресейдің боданы. Ал, заң неге ортақ болмайды? Себебі, әскери сот — тек соғыс жариялаған немесе соғысып жаткан елге қолданылатын төтенше жаза. Демек, патша қазақтарды өзінің дүшпаны, ата жауы деп санаған. Кез келген уақытта жазалау әскерін жіберіп, қырып салуға дайын тұрган. Әскери соттың шешімі қайта қарауға жатпайды. Түпкілікті шешім болып есептеледі. Екіншіден, кәдімгі сот пен халық сотының күшін әлсірету. Бар билікті әскердің күшімен сескендіре жүзеге асыру. Үшінші, жазаның мөлшерін, үкімді тұрақтандырмай “күбылтып” отыруға женіл болудың айласы. Сот — занға емес, бүйрыққа негізделген. Абайдың “ұлықсыған орыстардың … законсыз зорлығы” деп отырғаны осы. “Ереженің” сыртын емес, ішіндегі мерезін сезінген Абай сондықтан да:

Орыс аитты: “Озіне ерік берем” — деп,  
“Кімді сүйіп, сайласаң бек көрем” — деп  
Бұзылмаса оған ел түзелен жоқ,  
Ұтық жүр: “Бұл ісінді жек көрем” — деп, —

отаршыл пиғылдың қоясын сыртына шығарады.

Біз бұл жолларды басқару, болыстық құрылым жөнінде сөз қозғағанда пайдаланып едік. Ал сот, заң, би сайлау мәселесіне қолдануымыздың да еш айып-шамы жоқ сияқты. Өйткені, жоғарыдағы бір шумак — қазақтарды сотқа тарту қақындағы “Ереженің” көмейдегі бүлкілін ашып тұрғой. Заң бойынша қазақтардың халықтық дәстүріне сай билердің келесін қалдырған сияқты. “Озіне ерік берем” деп емеурін танытқаны сол. “Кімді сүйіп сайласаң бек қоямын” — дейді. Болысты, биді, старшынды сайлайсың. Бидің шешімін әскери сот кез келген уақытты бұза алады. Бұған жүртттың көзі жетіп, реніш білдірсе: “Бұл ісінді жек көремін” — деп әскери сотқа тартады.

“Ереже” — елдікке емес, ерегеске құрылған занының нақ өзі болып шықты деген осы емес пе! Содан барып Абай:

Кызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сонуге.  
Қалау сабыр қыларсын,  
Жазықсыз күнде сөнүге? —

деп заның өзіне сенімсіздік танытады.

Жазықты болсаң да — жазықтысың, жазықсыз болсаң да — жазықтысың. Ояз — іштегі рухани бостандығынды басы-

байлыландыратын, жүргөтінің отын өшіретін, көнсөн — жөнінмен, көнбесен — күшпен бас идіретін “зандағы қылмыс-керлер”. Күн сайын жазықсызды жазалауға қалай арың шыдайды? Міне, Абайдың емекріні. Бұдан асырып айту да киын. Ояздың заңсыздығын зандастырып беріп отырған занның өзі. Отаршыл, өктем, өзгенін рухын жоюға арналған аяр заң.

Жалпы, отарлаушы империядан бодан халық үшін дәстүр мен азаматтық, тәндік, адамгершілік тұрғысынан келетін занды дәмету далбасалық. Ондай инабаттылыққа жүгінсе отарлап несі бар. Ағылшындар да, француздар да, испандықтар да, ұлыбританиялықтар да, португалдықтар да соны негізге алады. Алайда, әлемдегі отарлаушылардың ішіндегі Ресей мен Қытайдың піфылы мен тәбеті төтенше болды. Бұлар малынды да, жаңынды да бірдей басыбайлыш еткісі келеді. Байлығынды алады. Өзің шоқынасың. Тілінді, лінінді қоса олардың еркіне бересін. Халықтың текті-тексіздігі оларға бәрібір. Бойына сініре береді. Таза ұлттық қан олар үшін қымбат емес. Жұтып қоюға өзір. Қаншама шоқынсан да қазактың ағылшынға сіңуі не олардың өз ішіне сініруі екіталай. Ұлттың қан тазалығын бәрінен жоғары қояды.

Ондай піфылды қазактың екі ұлы көршісіне бермек. Сондыктан да олардың зандараптерек “тәбетке” құрылды. Сол “тәбеттің” арқасында олардың саны күрт есті. Ал әр түкімнан құрылған тобырда қасиет болмайды. Бұл — орыс ұлттына айтылған сөз емес. Өзінің саясаты мен занын осы “тәбетке” құрған дәбірлері мен миссионерлеріне қаратылған қарсылық. Ойткені, солардың аяр саясатының негізінде қаншама халық өзінің ұлттық ерекшелігінен, тілінен, дәстүрінен айырылды. Мұндай аярлыққа негізделген саясат пен занды актап ала алмайсың. Ойткені ол заның мойнында бір адамның емес, біренше ұлттың қаны мен жаны тұр. Абай мұны:

*Үлгісіз ұлтты үйретпін қалдық кейін,  
Коп надандар өзіне тартар бейім, —*

деп астарлай сөйлейді.

“Үлгісіз” дегені — “заңсыз” дегені. Яғни зансыз елге бодан, рухани тәуелді, басыбайлыш болды. Ілгері тартқан иғі нысаналардан кейінге қалдық. Өзінің халқын құлдықта, басыбайлыштың ұстаған монархия өзге жүртты жарыт-пайды. Дүние ағымы алға кетті. Надан елмен надан занға теліндік — деп, өкінгенінің белгісі.

Еуропа мен Американың ақыл-оыйының дамуы туралы ілімнің негізін зерттей оқыған Абай үшін монархия

“Ережесінің” отарлау пиғылына құрылғанын аңғармау мүмкін емес. Аңғарды. Ойланды. Абай қатардағы кең қолтық болыс, тілмар шешен емес, “қазақтың күзетшісі” болайын деген тұлға. Орыс империясы мен Еуропадағы отаршылардың арасындағы отарлау саясаты мен оның тәсілдерін жақсы сінірді. Кейбір идеяны солардан да алды. Ол өз бағасын да білді. Өйтпесе:

*Патша құдай сыйындым,  
Тура баста сөзіне  
Жау жағадан алғанда,  
Жан көрінбес көзіме.  
Арғын, найман жысылса,  
Танырқаған сөзіме, —*

деп сеніммен айтпас еді.

Ол өзінің болыс, би сайланған кезіндегі әділдігіне, сөзінің салмағына сенеді. Кесім мен шешімнің барлығын дәстүрлі заңға сәйкес жүргізді. Тек Бөрібаев (Бурабаев) іспепті көпестер ғана “Ережені” алдына тартып, арызын астына алды. Абай мұны да женді. Ақылымен, парасатымен, ен бастысы отарлаушы империяның зандарын жақсы білген зандарымен женді. Дрепэр мен Спенсердің енбектеріндегі Еуропаның отарлануы туралы пікірлерді жаңына азық етті. Ол рухани тәуелсіздіктің түбінде бір боларына сенді. Сенгендіктен де:

*Кеселді түйін шешілсе,  
Кердең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне,  
О да құдай пендесі,  
Түспей кетер деймісін,  
Тәнірдің құрған тезіне, —*

деп нық сөйлейді.

Абайдың өзін көтере сойлеген осынау жалғыз оленінің астарында қаншама ыза, бостандыққа құштарлық, ішкі қанағатсыздық, рух өрлігі және “етекbastылықтың” қорлығы жатыр десенізші. Ондағы:

*Қайран сөзім кор болды-ау,  
Тобықтының езіне, —*

деген сөз — жалғыз тобықтыларға арналмаған. исі қазақтың “еzi” мен “есеріне” қаратылған.

Себебі “законсыз зорлықтың” өзі сол “ездіктен” туып отыр. Кезінде Еуропаның занына өзгеріс енгізген көшпелі қауым бүгін соның дәргейіне көшіп, шылауына еріп отыр. Ол тарихи занылдылықты Абай Дрэпердің:

“Азиаттық халықтардың тоқырауға ұшырауын мен олардың тектік қасиетінің бірден-бір әлсіреуінен деп топшытаймын. Азия тектік негізі жағынан әбден қалжырады, соның інтижесінде табиғи және саналық тосқауылдар пайда болды да, бұлар Азияның қол-аяғын байлан, тынысын тарылтты. Азиялықтар темір шенберлі мыңдаған тирандардың тырнағына ілінді, бәрінен қыны, олар көптеген тілдік алашақтықтарға ілігіп, ышырап кетті... Бұл жағдай халық көтерілісі мен өзара соғыстардың інтижесінде өзгеруі мүмкін еді, бірақ ол халықтың өміріне әсер етпеді, олар мыңдаған жылдар бойы өз дәстүрін сақтап қалды... Алайда осынау сұрықсыз тылсымның тіршілігі өзгеріп, әлсіреген, көне, тұлданып бара жатқан халықтың жаңа толқынмен араласып түлеуі ғажап емес” — деген пікірі арқылы болжауы мүмкін.

Шындығында да, адамзаттың белгісі болған Азия ортағасырда мұлгіп кетіп еді. Түркі жұрты тарыдай шашылды, тілі де, билігі де, мұддесі де жік-жік күйге ұшырады. Заңдарына да өзгеріс кірді. Тек ата жүртта қалған қазактарда ғана көшпелі дәстүрлі зан жүйесі мен тіршілік дәстүрін сақтап қалды. Қемелетке толған азаматтар астына ат мініп, қолына найза ұстап, біреуі Мамайға, екіншісі Токтамыска, ушіншісі Едігеге, төртіншісі Ақсақ Темірге, бесіншісі Бабырға, Мұхаммед Шайбаниға ілесіп Еуразияның топырағыннан тыңайтты. Қайтып отанына оралмады. Осының бәрі тектің тозуына әкеп соғуы занды. Есін жия бастағанда “ақтабан шұбырындыға” ұшырап, “мыңдаған темір шенгелді тирандардың” тырнағына ілікті. Дрәпер мұны дұрыс аңғарып отыр. Ал дұрыс сөзге Абайдың құлак түріп, ақылға салуы занды. Үрпақ оянағы. Қанша “темір шенгелді” болса да:

*О да — құдай пендесі,  
Түспей көтер деймісің.  
Тәнірінн күрған тезіне! —*

деуі орынды. Сондықтан да алдағы күннен үміт етіп:

*Біз болмасақ сіз барсыз,  
Жас өспірім достарым,  
Сендерге бердім батамды, —*

деп тілек етуі Абайдың болашақты болжай білгендейгін анғартады.

Сол үшін томаға түйіктан шығып: “әрбір елдің тілін біл, өнерін біл... дағуасына кір” — дейді. Яғни қоян-қолтық араласа жүріп, күрес дегенді нұскайды. Ұлттың ішіндегі тектік үшқынның басыбайланып кетпеуін, сондықтан да занның дәстүрге сүйенгендігін қалайды.

Адамзат тарихындағы XVII-XX ғасыр асқан үлкен каркындағы отарлау дәуірі болды. Мұндай ауқымды өктемдік қадым заманнан бері жүргізілген емес. Ескендір Зұлхарнайын мен Шыңғыс ханның өзі бір құрлықтың аумағында ғана ойран салды. Ескендір Шығыс Еуропадан Азияға, Шыңғыс хан Азиядан Шығыс Еуропаға аттанды. Бірақ та олардың бірде-біреуі түпкілікті отарлаудың жоспарын жасаған жок. XVIII-XX ғасырдағы жаһангирлердің аярлығы мен қатыгездігі сонда, мұнда басты назар майдандағы жеңіске емес, рухани отарлауға бағытталды. Ол үшін зан шығарды. Ал дәстүрлі зан мен отарлау пифылы туралы әңгіме дербес талданды.

## II

Дәстүр мен зан арасындағы ұғымның тамыры бір, тарқатылуы басқа. Мемлекеттік зандар қашалықты дербес, жетілді деғенмен дәстүрден үзілген тұстары шамалы. Ол қоғамдық қарым-катынасқа, дәстүрінің өзгеруіне қарай бейімделіп отырады. Алайда бұл тым ұзақ сүзілім. Ол үшін сол ұлттың санасы мен тіршілігі өзгеруі шарт. Діннің де әсерін жоққа шығара алмайсың. Мәселе, зан шыгарушы кім немесе қандай мемлекет, ол қандай мұддені көздейді, соған байланысты. Тәуелсіз мемлекеттердің заны еркіндікке жол бере алады.

Әңгіме рухани тәуелсіздік турасында дамып отырғандықтан да біз империя мен отар елдің арасындағы зан түзіліміне назар саламыз. Оның ішінде ұлы Абай көзқарасымен салыстыра пайымдаймыз. Сондықтан да зангерлер біздің тұжырымымыздың астарын ажыратса ангарғаны лазы姆.

Себебі: он сегізінші — он тоғызынышы ғасырдағы патшалық Ресейдің, жиырмасынышы ғасырдағы кенестік Ресейдің рухани тәуелдендіруге бағытталған саясаты мен өктемдігінің нәтижесінде қазак ұлттының әдет-ғұрпы, дәстүрі, танымы, психологиялық, діни көзқарасы, құқық пен құндылыққа, рухани қасиет пен меншікке деңен көзқарасы үлкен өзгеріске ұшырады. Оның жақсы жағы да, тексіздікке жетелейтін, психологиялық тәуелділіктің шырмауында қалған, дербес ойлау жүйесінен айырған мәңгүрттік әсері де бар. Қазақстан тәуелсіздік алған тұста ұлттық дәстүр — танымға, мұддеге негізделген зан баптарының болмауы соның бір дәлелі. Зангерлер, саясатшылар, қоғам қайраткерлері дәстүрлі заның не

екенін есіне алудан қалды. Оны ескінің сарқыншагы деп қарап, массондық идеялардың жетегіне ілесті. Әрине, бұл да өтпелі дәуірдегі және заман ағымындағы бағыт шығар. Бірақ әлемнің ең озық ойлы елдері заңын дәстүрге ишп отырғанда жасқанатын рет жоқ. Әу баста дербес анғарын таптаған өзеннің тарихи және тұракты жулгесі де болмайды. Әр көктем сайын жаңа арнаны жағаттап, ақыры Каспийге емес АРАЛға құйып тынған Әмудария сияқты түпкі тегінен айырылып қалуы мүмкін. Заң — ұлттың рухани танымының, дәстүр түсінігінің кепілі болғандықтан да, оның әкелер апаты табиғи апattan гөрі қауіпті.

Дәстүр мен заңды үйлестіру осыдан екі мың жыл бұрын да ушығып тұрған мәселе екен. Дәстүрмен негіздестіре билеу мен басқарудың барлық тетігін зан арқылы бітіре отырып, билікті бір адамның дәргейіне беру туралы айтысқа дүние мемлекеттерінің тарихы әлі де өз үкімін толық айтып бітірген жоқ. Ұлыбритания, Испания, Жапония, Сауд Арабиясы іспетті ең көне әрі дамыған елдер осы екі бағытты үйлестіру арқылы билік құрып отыр. Өзінің ұлттық дәстүріне байланысты дербес заң шығарған елдің саны қаншама.

Демократиялық негізді ұстанған мемлекетке монархия не үшін керек?

Тектілігін және ол мемлекеттің дәстүрі сонау атам заманнан қалыптасқанын білдіру үшін қажет. Император — ұлттың намысы! Мемлекет басшысы өзгереді. Император қалады. Халықты тоқтататын күш ол! Дәстүр оған сөзсіз мойынсұнуды талап етеді. Ал ешқандай ағылшын, испан, жапон, араб өзін тексізбіз деп есептемейді. Қазақтың қолынан шыққан дәстүрдің бірі сол. Енді құрмет үшін болса да хан сайлауының өте қоюы қын. Хандықты құртқан — империя. Империяға бодан елінің мемлекеттік негізін жою қажет болды. Абайдың:

*Үлгісіз жүртты билеп қалдық кейін,* —

деуінің бір астары осында.

“Үлгісіз” — заңсыз ел басқарыла ма? Жоқ. Ал заңдастырылған дәстүр қалай қалыптасты? Оның ішінде қазақтың дәстүрлі заңы қандай және оған Абай қалай қарайды? Міне, бұл сұрақтарға жауап беру үшін көшипелілердің жері мен елін бодан етуге үмтүліп келген екі империяның ережелерін салыстыра талдауды жөн көрдік.

Себебі әр ұлт өзінің рухани тәуелсіздігі жолындағы рухани құрестің тарихын білу шарт. Онсыз бүгінгі бағытынды түзеп, ертеңіне жол көрсете алмайсың. Ал мақса-

тымыздың өзі — дербес үлттық ойлау жүйесін қалыптастыру, өткеннің ізі арқылы болашаққа бағдар тастау, жоғалған сенімдер мен сезімдерді ояту, тарихтың азы-тұшы сыйбағасынан тәлім алу. Сондыктан да біздің жыл қайыруымыздан бұрынғы I ғасырда көшпелі жүрттың қағанатын құртып, енді соны қалай рухани төуелді етуге болады деген тақырыпта қытай патшасы Ижао-ди ағзамның ғұламаларымен мәслихатын және араға XX ғасыр салып барып казақ даласын басыбайлылыққа түсірген Ресей империясының “Ережелерін” салыстыра талдауға ден қойды.

Қапсыра қамтылмайтын кең тақырып. Бірақ нысана алдамышы емес, түптің тубінде тубін түсіріп талдауды кажет етеді. Оны келешектің еншісіне қалдырық. Біз тек Абайға ғана иек сүйейміз. Сонда бізді қызықтырған қандай мұрат? Абайдың хань дәуіріндегі ғұламалармен қандай қатысы бар дейсіз бе? Бар еken. Енді соны сабактайық. Қыздырмалап айтатын тақырып болмағандыктан да сабыр сактаған лайық кой деймін. Сонымен...

Дәстүрлі заң мен заң арасындағы Абайдың пікіріне жән сілтейтін арғы-бергі замандағы ойшылдардың жазғандарын қал-қадірімізше саралағанда, Айса пайғамбар тумай түрғанда Әмір сүрген қытай ғұламаларының пікірі назарымызды аударды. Ішінара Абайдың “Кара сөзінде” айтылған пайымдаулармен тоғызып жатқан тұстары жиі ұшырасты. Сөзден сөз туып, салыстырып қарағанымызда, олардың пікір жарыстырғандай боп үйлесе кететін ойлары көп еken. Бұл бізді қатты қызықтырады. Абай “Хань дәуіріндегі” философтарды білмеді. Тек Конфуцийдің-Кунь-цзының атына қанық болуы кеміл. Әйтпесе, хань дәуіріндегі ғұламалардың енбегі ол кезде орыс тілінде тәржімаланған жоқ. Ал Абай көне қытай тілін үйренбеген. Керісінше, қытай ғұламалары көшпелі хүн елін білгенмен, оның түқым-түқиянының дәстүр мен заң туралы не айтып, не қоятынына бас қатырмаған. Тәуекел деп біз сол пікірлерді жарыстырып көруге бел байладық.

Әңгімені өрбітпес бұрын сәл ғана шегініс жасап, түсінік бере кететін бір кілтипан болып тұр. Неге осы “Хань дәуірін” алдық? Басқаны былай қойғанда, сол қытай философтарының атасы — Конфуцийдің-Кунь-цзының өзімен салыстыруға болатын еді ғой. Мәселе: көшпелілер дүниесінің рухани әлемін төуелді етуге бағытталған екі тұрлі жоспарында Ресей патшасы қазақтардың рухани бірлігін құртып, оны ел ретінде ыдыратып, “законсыз закон шығарып”, билікті күшпен шешіп, қара халықты:

*Ел бұзылса табады шайтан өрнек,  
Першіте тәменшікten қайғы жемек.  
Өзінің иттігімнен болды демей,  
“Женди ғой” — деп шайтанға болар көмек, —*

деген дәрежеге жеткізе, қытай тәніркүты дәстүрлі зан арқылы “майпаздал” ұстауға тырысты.

Енді соған көшешік.

Қазақ елінің қалыптасуына катысы бар көне дүниедегі көшпелілер тарихына зер салсақ, онда атакты хұн бірлестігінің орны еркше дараланып көрінеді. Ордостын — Сарыжа-зықтың (казіргі Хуанхэ өзенінің солтүстік алабы) бойында Көкбөрінің басы жібеклен өрнектелген бөрлі байракты қөтерген Тұман тәніркүты мен Шудың бойында хань әміршісінің қолынан қаза тапқан Шәже тәніркүтының арасын жалғайтын үш ғасыр бойы өзара жанталаса арбасқан екі мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты бізді қатты ынтықтырды. Ұлы Қытай корғанын соғуға мәжбур еткен хұн бірлестігі құдіретті айбарынан айырылып, неге мұсәпір халға түсті? Ал, керісінше, атқа мініп алысқа бара алмайтын отырықшы жүргіттың жалдамалы жасағы Жердің түбіне жетіп, ата жауын жермен жексен етті.

Ондаидай дәрмен кайдан келді?

Мұның себебі көп. Соның ішінде ен куре тамырлы түйткіл — мемлекетті басқару құрылымындағы биліктің және соған қызмет ететін саясаттың піғылыш мен тәсілі.

Хань империясы ішкі билікте дәстүр-салтқа сүйенді. Сыртқы саясатта ұлы отаршылдық піғылды — “тың игеру”, “шекараны әскери еңбек армиясымен бекіту”, “өнімге мемлекеттік салық салу” және “негізгі шикізатты мемлекеттік меншікке айналдыру” бағытын үстанды. Былайша айтқанда, ашық наразылық туғызбайтын жымсымалы, жымысқы саясат. Бұл үшін билікке лайық Зан жасалды. “Тың игеруді” қазақ елі араға XX ғасыр салып басынан кешірді. Демек, ол “коммунистік партияның ұлы достық пейілі, әкелік қамқорлығы, орыс халқының бауырмалдығы” емес екен. Олардан бұрын хань патшалығы жол салған идея. Соны Ресей патшасы мен коммунистік партия иемденіп, екі мың жылдан соң жүзеге асырған екен.

Отаршылдық піғылыш мияның тамыры сияқты жер де, ел де, уақыт та таңдамайтын адам арам шөптен айнымайтын арам идея және жүқпалы ауру сияқты тез тарайды. Қошпелілер үнемі сол піғылдың қаупін сезініп отырган. Сол бір секем қазір де сейілер емес. Өйткені, “шекараны әскери еңбек армиясымен бекіту” тәсілін “ұлы көршіміз”

ХХ ғасырда да, коммунистік құрылымда да жалғастырып, Шығыс Түркістанның жиегіне шыбынданай құжынатып койып отыр. Енді оның шегінуі екітадай. Ал Ресейдің “еркін армиясы” казактар арамызда қылышын жаландатып тұр. Тәсіл басқа, мағынасы бір пиғыл. Жә сонымен...

Хань өулетінің тұқымы ауысқанмен де, “жер игеру” саясаты өзгермеді. Биліктің бұл тәсілі Заң жүзінде бекіді. Бұрынғыдан да тиянақты тұрде талданып, көр шегені тереңдетіп қаға тұсті. Жыл қайырумыздан бұрынғы 81 жылы Ижао-ди ағзам барлық ғұламаларын жиып алғып, мемлекеттік басқарудың осы екі жүйесі туралы пікір таласын откізіпті. Мұнда “тұз бен темірге салық салу” туралы сөз қозғалып, орталықтандырылған мемлекет билігі қақында келеге тұсті. Одан бұрын У-ди ағзам “екінші Конфуций” — Дунчжуңшуды үш рет пікір сайысина шакырады. Хұндардың көзін құрту, “шекараны әскери еңбек жасағымен бекіту” жөніндегі бағыт сонда қалыптасты. У-ди де, Ижао-ди де сарайдың бар мырзасын қатыстырып, өздерінің жүргізіп отырған саясатын корғайды. Ал ойшылдар олардың кәтелігін шығарып, бетіне баса сынайды. Император:

“Ойындағыны жасырма, айтарыңды жеке-жеке тақырып-ка боліп жазып ал, сынаған адамыңа әділ бол. Мені де аяма, ол үшін еш жазаға тартылмайсың, қайта біз сіздің пікіріңізді оқып, корытынды шығарамыз”, — деп батасын береді.

Мұндай айтысқа әрбір кіші өлкелер өздерінің ішіндегі ең әділ ғұламаларды таңдаپ жіберетін болған. Неге мұны тілге тиек еттік?

Біріншіден, дәл осы қорініс қазақтардың билер келесіне, хан кеңесіне үксайды. Мемлекеттік биліктің түзілімін билер жасаған. Заңды солар шығарған. Оған хан да мойынсұнған. Екіншіден, “Ақылласып пішken тон келте болмайды”. Ғұламалардың күшімен әскери жорықтан бас тартып, “идіріп тартып” отыру саясатын ұстанған қытайлар атпен алысқа аттанбай-ақ жата-жастана жылжып, көшпелілерді Хуанхэден бастап Шудың бойына бір-ақ індептіп тынды. Орлос — Сарыжазықтың жер болудан, Қытай қорғаны бекініс болудан қалып, олардың ата мекеніне айналып кетті.

“Екі тізгін, бір шылбырды тең ұстады” деген осы. Ресей өзінің отарлау саясатында бір-ақ тізгінді, күшпен, билікпен отарлауды ұстанды. Дәстүр атаулының бәрін белінен сызып таstadtы. “Ереженің” 103-бабындағы:

“Ояздық сотты генерал-губернатордың ұсынуы бойынша, юстиция министрінің бекітуімен Үкімет тағайындаиды” — деген тармақ арқылы бидің билігін жоққа шығарды.

Тағайындалып қойылған сот тек қана империяның мұддесін қорғайды. Соттың негізгі міндеті бүйрек пен жарлықты орындау болып шығады. Дәстүр бойынша билердің кесімі өзгертілмейді. “Ереже” бойынша халықтың сот, билер келесі санатқа кірмейді. Ендеше мұқым ел сот пен ояздың қоңлінен шығу үшін еріксіз жанталасқа түседі. Әділ шешім күту де киын. Үкім империяның қолында. Абайдың:

*Алыс-жасының бәрі қанаып,  
Аямаң біри-біри жүр гой аңдын, —*

деуі сондықтан.

Әсіресе, “Қара сөзінде” Абай бұған ерекше тоқталады.

“Тұз бен темір туралы” әңгіме мен “Қара сөздің” арасын артық-кемі жок түп-тура екі мын жыл уақыт бөліп тұр. Бірақ та, осыдан XX ғасыр бұрын көшпелітердің алдына қойылған “қандай ел боламын” деген көкейкесті мәселе шешілген жоқ, сол күйінде қалып койды.

Ендігі қауіп Шығыстан емес Батыстан төнді. Империяның аты басқа, бірақ піғылы, басқару тәсілі, түпкі мақсаты бір. Қайта қару жетіліп, қыспақ күшіне түсті. Аттың құлағында ойнайтын жендеттері де жеткілікті, патшаның құрығы ұзын, аиласы мол. шенгелі қатты еді. Қазақтардың барлық құқына шек қойылды да, тек қатігездік пен парага тосқауыл жасамады. Енді қалай билейміз, менің кемшілігімді бетіме айтындар демеді. У-ди мен Ижао-диден ақ патшаның айырмашылығы сол еді. Оның үстіне әйел патшаның женілтектігі боданның қамын ойлауга ерік те бермелі.

Екі оттың ортасында қалған елін көрген Абай қол қайратын, ақыл-оыйн, жүрек ділін ұлттың мұддесіне жұмсады.

Елдің елдік сипаты — оның заңында.

Қазақтың дәстүрлі заны оны қадым замандағы сан қылы зауалдан күткарды. “Ел” деген сөздің тасқа қашалып қалуы да сондықтан. Скифтер мен сактардың қосемі жасанып келген жауы Македонский мен Дарийге: “Егерде бізді шын ашуланырғың келсе — ата-бабамыздың қорғаны мен әдет-ғұрпымызды қорлап көрші. Әне, сонда біздің қылышымыздың жүзінің өткірлігін білесің”, — деп айтуы да дәстүрлі занның қатан сакталғанын байқатады.

Хан мен биді сайлау біздің жыл қайырумыздан бұрынғы VIII-VI ғасырларда болғанын Ишпақай мен Мәди, Анақарыс пен Атей тұсындағы оқиғалар дәлелдеп береді. Скифтердің өз занын қатты ұстайтындығын және билердің әділдігін

Гередоттан бастап барлық тарихшылар жазып кеткен. Бұл жөніндегі жәдігерліктерге үнілмей-ақ И.Мельниковтің мәліметіндегі:

“**Қазақтың дәстүрлі заңының басты негізі — халық билерінің кеңесінің төңірегіне топтасқан**, бұл көп ғасырдан бергі **халықтың дәстүрінде қалыптасқан**, жоғарыда айтылғандай, қазақтар ешкімге бағынбай, тек қана тонаумен шұғылданып жүрген кезден бері қолданылып келе жатқан заң. Содан кейін мұсылман дінін уағыздаушылардың қатты ықпалына, оның ішінде бергі замандағы шариғаттың уәжіберіне, тағы да басқадай мұсылмандық ілімінің ықпалына түсті, әтек ететін, ерлі-зайыптылардың арасындағы жанжалға қорлықпен қарайтын, ант-су ішетін, мұсылман емес үкіметке тәуелді болмай, қарсы шығатын болды. Қазақтардың дәстүрлі заңының қатарында сондай-ақ қазақтан шыққан Ликург — Тәуке ханның жарғысы бар, бұл кек пен зауал қайыруға жол беретін, халықтардың сәби кезіндегі тағылықты сақтаған қалдығы”, — деген жолдарды есте сақтасақ та жеткілікті.

Қазақтардың дәстүрлі заңын қалай инауаттаймын десе де еркі. Бізге керегі сол занның болғандығын мойындау. Эйтпесе, әтек болған қазақты кім көрген. Құн, жер дауы іспетті мәселелерді тағылыққа жатқызса оған халық кінәлі емес. Оған көз жеткізу үшін “Ережедегі” 204-бапты Абай қатысқан “Қарамола сиязындағы” дәстүрлі жарғының 35-36-тармактарымен салыстырып көрейікші:

Императордың ережесі: “**Көниелі елдің мойнына мыналар жүктеледі: жергілікті басқармаларды, яғни болыстар мен ауыл старшиналарын, олардың шабармандаларын күту, олардың көші-қондарындағы арықтарды аршу, көпірді түзеу, почта жолдарындағы ылди мен өрді тегістейу, жайлауға шыққанда ауруларға үй бөлу, ауылға келген шенеуніктерді үймен, отынмен қамтамасыз ету жүктеледі**”, —десе:

Билер жарғысы: “**Суга кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран немесе сол тәрізді апатқа үшырағандарға көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады...** Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған үкім бойынша жаһат қылмағандар болыстың приговоры бойынша З теңге айыпқа жазаланады. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта жаһат етпегендерге жаза көбейеді. Жеті күннен бір айға шақты абақтыға бүйірылады. Арық бұзғандар, копір, құдық бұзғандарға немесе өзге біреудің өз едебегімен жасаған заттарын бұзғандарға шығыннан басқа: ат-шапан айып бүйірылады немесе ақша бойынша 15 теңге төленеді”, — делінеді.

Осы екі “Ереженін” қайсысы әділдікке жақын? Эрине, халықтың дәстүрге негізделген заң қолайлы. Империяның “Ережесі” тек болыстар мен старшындарды, шенеуніктерді, мемлекетті ғана қорғайды және міндеттейді. Ал халықтың ереже адамгершілікті, иглікті, қайырымдылықты көздейді. Әлті И.Мельниковтың “тағызық дәуірден қалған сарқыт” деп отырған билердің шешімі, міне, осындай.

Би — көшпелі елдің мұқым жан дүниесінің көрінісі.

Олардың қолында халық тағдыры бар жөне оларды халық сыйлаған. Асан қайы, Жиренше шешен, Майқы би, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би, Кенгіrbай мен Құнанбай, Ақтайлак іспетті тұлғаларсыз қазақ халқының өткенін елестету мүмкін емес. Абай солардың билік айту жүйесін бойына әбден сінірген, солардың кесімдеріне жаңалық енгізген қайраткер. Үлгі тұтқан. Мұны:

*Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Би де — тақпақ, макал бар, байқап қара! —*

деген сүйсінісі анық байқатады.

Заманның ағымына байланысты Абайды өкесі Құнанбайға қарсы дүшпан етіп, жағасынан алдырып, жағаластырып қойдық. Бұл өмір шындығы емес, көркем шындықтың өсері. Өлеңнің таза мінсіздігі туралы қойылған өнер талабы жөніндегі:

*Ескі бише отырман құр тақылдан, —*

дегенді орынды-орынсыз малданып, Абайды өзінен өткен бидін бәріне қарсы деп мәлімдедік.

Эрине, билердің бәрі ақын емес. Сондай-ақ би кесімі — заңның тармактары есебінде саналатындықтан, оның жаттанды көрінетіні рас. Бірақ әңгіме — сөздің поэтикалық қуаты туралы емес, билердің шешімінің әділдігі түрғысы жөнінде екенін ойласақ, бұл дұрыс шешім болмақ. Сондай-ақ ауызекі тілде жи айтылатын:

“Өзінде жоқ болса — әкең де жат”, “Мал адамның бауыр еті”, “Малдының беті — жарық, малсыздың беті — шарық”, “Бергенді перде бұзар”. “Қарның ашса — қаралы үйге шап”, — деген іспетті мағынасыз сөздерді Абай жақтырмаған және оған өз айналасында тыйым салған.

Бұған қарап Абайды мұқым би атаулыға қарсы қою — кате. Ол түсінбегендікten немесе түсінгісі келмегендікten туған. Абай билерді елдің намысын қорғайтын тұлға ретінде ұстанып, олардың жағымсыз мінездерін көргенде кәдімгідей қуйініп:

*Бас қосылса арысқа,  
Кім шабады намысқа, —*

деп ұранға үқсас сауал қояды.

Алдамшы жемтік сияқты биліксіз билікке желіккен билерге налиды. Сол билік қалай болса деген ойға қалады. Өзі жалғыз мұнданып, “сүyk ақылмен”, “у толы тәнімен”, “өлген жанымен” қаруланып, ақ қағазға запыран төгеді. Конфуцийдің дәстүрге негізделген билік қағидасында заңды:

**“Дана заманның ауқымына қарай бейімдейді, ақылды оны уақыт талабына сай өзгертерді”,** — деген канатты сөзі бар.

Абай да іштей осыған бекінеді. Dana билерінің заманың откенін, келмеске кеткенін біледі. Біле тұра ұлттық мәйектің іріп кетпеуі үшін дәстүрлі билікті сақтағысы келеді.

Оның бұл нысанасы әрқалай бағаланып, түрлі тұжырымға сірге тартты. Жалпы дәстүрлі билікті шартты түрде сақтау арқылы патша өкіметі таптық қанауды қүшетті, феодалдық қоғамның үстемдігін сақтап қалды, кедейлер қаналды, байлар кенелді дегеннің уәжін түсінуге болады. Заманына сай “көленкесі ұлкеннің ығына жығылған” (*Абай*) амал дейік оны. Бірақ сол дәстүрлі заңдың артында ұлт тағдыры тұрганын түсінуге тиіспіз. Абайдың пікірін талқылау арқылы Абаиды сүйкімсіз етіп көрсетуге тырысадың өзі күпірлік. 1925-1990 жылдардың арасында мұндай әрекеттер сан мәрте қайталанды. Оның ішінде зангерлер де, пәлсафашилар да, атеистер де, әдебиетшілер де, тарихшылар да, компартияның идеологтары да болды. Сол пікірдің түйіні:

“... Рубасылар мігіреіз өсіп келе жатқан өмірдің жаңа қоғамдық сатысына қарсы жаулық ниетін жасырмай, әр түрлі амал-айланың бәрін қолданып, қатыгездікпен қасарыса күреседі. Бұл процесс Абайдың әдеби-қоғамдық қызметінің бірінші жартысында жазылған өлеңдерінен айрықша айқын көрінеді. Абай осы кезеңде, яғни 1886 жылы өз өлеңдерінде қазақ халқының откен өмірін марапаттап, жаңа қарым-қатынасты құстаналайды”, — дегенге саяды.

Абайдың танымдық әлемі кең. Өмірдің кез-келген күбылсызына тап келсең де, әйтеуір оның бір ауыз сөзі тілінің ұшына оралып отырады. Илияс Қабыловтың қай өлеңді алғанының (“Картайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” — Т.Ж.) бұл арада керегі шамалы. Мәселе — түйген тұжырымында. Ол Абайдың астарлық ойына үнілмей, өзіне қажетті-ау деген тұсын пайдаланған. Абайды мысалға келтіру керек, бірақ оның өзекті нысанасын өзгертпейтіндей етіп сактықпен қолданған лазыым. Әйтпесе, асау ат сияқты ерден

лақтырып жығып кетеді де өзің айдалада сандалып қаласын. Абайдың 1886 жылы жазған өлеңінің негізі “қазақ халқының өткен өмірін марапаттал, жаңа қарым-қатынасты құстаналау” емес, керісінше сынау еді. Сыншының: “жаңа қарым-қатынасты құстаналау” дегендегі — “жаңа қарым-қатынасы — орталық заң болса, онда бұл Абайдың “рушылдығы” емес, ұлтжандылығы. Байшылдығы емес — байыптылығы. “Қазақтың өткенін марапаттау” емес — ұлттық қасиетті сақтауга үмтүлғаны. Эйтпесе:

*Ендігі жүрттых сөзі — ұрлық-карлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді үғарлық  
Осы күнде осы еіде дәнгеме жоқ,  
Мейір қанын, мәз болыт қуанарлық, —*

деп күйінбес еді.

Тұсінген жанға Абай қазақтың өткенін емес, бүгін мен ертеңін ойлайтын “саналы” жан іздел отыр ғой. Елі мен жерінің тағдыры туралы “мейір қанып” сейлесетін азаматты ансайды. Қырық катпарлы, қырыс пікірлі патша дәбірлөрінің жер өлшеуші, саяхатшы, сөз жоющы, мал санаушы бол жүріп тыңшылық етіп жүргендердің мәртебелі ағзамға:

“Өркениетті елдің бүтінгі өмір құрылымымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жағдайда қалыптасқан, дәстүрлі заңға негізделген халық билерінің соты халыққа қатты ықпал етіп отырған сияқты көрінгенімен, билердің бұл сотын қазақ даласында қолдауга тыйым салу керек, оны империяның тәжірибесінен өткен, тұрғындарды тәрбиелеуде (басыбайлы етуле деп тұсінің — Т.Ж.) галамат жетістікке жеткен Александр II императордың заң институтының ережесімен жұмыс істейтін тиімді мекемемен алмастыру қындыққа түспейді”, — деп ызындал жүргенін Абай білді.

Біле тұра дәстүрлі билікті үстанды. Оған “Қарамола сиязындағы” заң жобасы айғақ. Мұнда билер өзінен бұрынғы көшпелі мемлекеттің билерінің жарғысын жаңғыртты. Билікке де, билеушіге де қатар талап қойып, оның әлеуметтік, саяси астарына мағына берді. Билік пен дәстүрді бір-бірінен беліп қарамайды, заң мен дәстүрді қат-қабаттап өреді.

Қазақ өзін-өзі жаңа бодандық жағдайда қалай билемек керек, нені мұрат етуі тиіс және сақтанатын қауіп не? Мұны ойлағанда Абай күшті мемлекеттің басқару жүйесін талдамайды. Ондай құдіретті күшті елінің қолына үстатпайтынын анық таныған. Ол бергі, қолжаулық пен қолшоқшылар есебінде жұмсалатын әрі-сәрі билік пен занды

ғана талдайды. Берекесіз билік — әрекенің үйтқысы, “антурғандықтың” басы. Сондықтан да империялық ойлау жүйесімен қанағаттанған хань әuletінің ғұламалары билеу мен биліктің мәйегіне жалпы ұымды талқыға салса, Абай жалқыны алады. Бұған келгенде Абай тәжірибеге сүйенеді. Билікті және сол биліктің иесін қабаттастыра қарайды. Дәлірек айтсақ, ол патша үкіметінің көшпелі жүртты қасақана жауласуға итермелеген болыс пен би сайлауының жүйесіне қарсы.

Себебі: Ресей ережесінің баптары қазақ дәстүріне, салтына, түрмисына, тіршілік мүмкіндігіне сай келмейді. Екіншіден, заң бойынша жазага тартатын кесімдердің құны мен ауыр-жеңілдігінің паркы мүлдем басқаша еді. Мысалы, өмірі түрме салып, түрмеге жатып, алды-артынан әскер айдал жүргуге үйренбеген, қабырғалы үйді қапас деп санайтын қазақ үшін үш құн түрмеге жатқаннан гөрі үш жылқысын беріп, айып төлеген әлдекайда женил. Сондай-ақ үш сом — Ресей түрғыны үшін арзан болғанымен, қазақ үшін ол бір жылқының құны. Қоғамдық өмірдің барлық құбылысын зерттеген ғұлама Шәкерім Құдайбердіұлының:

**“Қазақтың дамуын орыстың судиясы бітіргенінің қолайсыздығын біз айтпасақ та тамам қазақ біледі. Мысалы: қазақ көтере алмастай шығын, оның үстіне әдет-рәсімге теріс болып көп қыншылық, залал болмақ”,** — деуі соған кепіл. Бұған қоса ол: — **“Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жол ұмытылған. Себебі, қебінесе, орыс законына қарағандықтан болған”** — дейді пікірін дәлелдей.

Бүкіл ғұмырын елінің арасындағы дау-шарды бітістіруге арнаған, он төрт жастан бастап көзі жұмылғанша би, болыс болған Абай інісі Шәкерімнен гөрі ол қайшылықты терең сезінді әрі құн сайын іс жүзінде сәйкестіре қолданды.

Көшпелілер тіршілігіне әлмисақтан бері көк бауырдай жабысып келген жер дауы, жесір дауы, барымта мен сырымта, құн дауы іспетті “дәстүрлі даулар” өзге үлтқа түсініксіз. Бұлардың кесімі де басқа. Тіршілік қараетіне сай өзін-өзі актайтын да, өзін-өзі жоққа шыгаратын да жактары бар. Жеке басынан гөрі елінің, үрпағының мүддесін көшпелі өмірге сай қорғау ниеті бірінші мақсатқа айналды. Әменгерлік заны сондай ықылымға құрылған.

Даланың кеңістігімен өлшегендеге үзатылған қыздың төркініне балаларын жетектеп қайтуы ел үшін корлық, өйткені үрпағын әйелдің сонынан ертіп жіберіп отыр. Үрпақ — қазақ үшін ең асыл байлық. Елдіктің, ездіктің,

тектілік пен тексіздіктің өлшемі. Екінші, балалы әйел қайда сияды, қайда барады, төлеген қалың малын әкесіне қайтарып бере ала ма? Баланы қалай тәрбиелейді? Үшінші, қайтып келген қыз өзінің бақытын қайтып таба ала ма? Біреудің баласын біреу асырай ала ма? Сол ұзатылған елінен де бір азамат табылса құба құп, әрі түкымды қаңғытпайды. Қадыр ақынның:

*Бір жаманы — үйленіп женгесине,  
Бір жақсысы — жесіріп қаңғытпаган, —*

деп таразы басын тең ұстап салыстыруы сондықтан.

Әрине, тіршілік болған соң әменгерліктің әбігері мен дәмігері де кездескен. Бірак ол өү бастағы қошпенділердің өз үрпағын алансыз қамтамасыз ету мен тегін сактаудан туған ықыластың накты және заңды көрінісі емес. Оған “Қарамола сиязындағы” Абай қатысқан 1885 жылы мамыр айында Шар бойында жазылған “Семей қазактары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесіндегі”:

46-баптағы: “Егер қалындығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалынмалын қыз әкесі қүйеүіне қайтарады”;

47-баптағы. “Байы өлген жесір қатын: сүйсе байының туысқан бір бауырына, яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе — ықтияры өзінде”;

51-баптағы: “Егер байы өлген қатын, баласы жоқ болса да, бар болса да байға тимей отырса — байынан қалған барша малға ие болып, өзі билеп тұралы”, — деген дәстүрлі заң уәждері айғақ.

Мұның барлығы қошпелі өмір заңдылығынан туып отырған дәстүр. Исі қазақ пен қыргыз жүрті рәсіміне айналдырған бұл әменгерліктің де белгілі дәрежеде жатымды, үйлесімді жақтары болған. Қазірдің өзінде де жеке басының қызық-шыжығынан үрпағының бак-талайын жоғары қоятын отбасы иелері дүниенің төрт құбыласының кез келген түкпірінен табылады. Хань өүлеті тұсындағы пікір таластырған ғұламалардың “Хуайнань-цзы” атты жинағында дәстүр мен заң туралы:

“Зан — дәстүрден барып қалыптасып, дәстүр — көптің көнілінен шыққандаған орнығып қалады. Көптің көнілінен шықты деген сөз, қауымдардың ойының бір жерден тоғысқанының айғағы. Биліктің мағынасының өзі сонда. Сондықтан да не нәрсенің болмасын тамырын тапқан адам, оның сабағын сипалап сандалмайды. Тамырды ұстаптады, — ұсақ-түйекке алданбайды. Заңды тәңір жаратқан жоқ,

топырактган да (бүкіл тіршілік атаулыны айтып отыр — Т.Ж.) туған жок, ол адамдардың арасында қалыптасты, сондыктан да олардың өзі өзгеруге толық қақысы бар, өзінде бар нәрсөн өзгениң де иеленүіне тыйым салма (Абай: “Өзінде бармен көзге ұрма” — дейді — Т.Ж.), өзінде жоқты өзгеден тап деп талап етпе (Абай: “Қыстауы тарлық қылса — арызы жеткенді, сиы өткенді, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмак, ептең алмақ, тартып алмақ — ... әр қазақтың ойы осы” — дейді). Төменгі жүртқа жүретін пәрмен лауазым басында отырғандарға да бұлжымас дәргей, халыққа тыйым — саған да тыйым (Абай: “Өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек — адамның нұрын, ғулін бұзады”) — дейді.

Енді осы талаптың дәл Абай заманында орындалуы мүмкін бе? Жок. “Хуайнань-цзыдағы” дәстүрмен, замен билеуді — жақшаның ішіндегі сөздерге назар аударсаныз — Абай жақтап отыр. Бірақ ол дәл осы заманғы билік пен билеу тәсіліне риза емес. Біріншіден, империя заны — дәстүрдің негізінде жасалып отырған жок. Онда “малдың мүддесі”, яғни тұтынсам, алсам, жесем деген тұтыну пиғылы, барсын, келсін, жүрсін деген өктемдік пәрмені басым. Билік береке әкелмеді, берекесіздік тудырды. Тыныштық әкелмеді, лаң салды. Бұл зан — елдің өз заны емес, отаршылдық аяршылдықтан шықкан, зорлап телінген зан. Ол “Ереженің” басты зияны мынада.

“Мәселен: сайлау туралы закон пара-жақындықпен би болуга ынғайлы болып, кім болса сол би болып, аузына не келсе соны айтқан. Және бір себебі — жазылмай қалған”, — дейді Шәкерім.

Абайдың да қатты күйініп, елдің қасиеті кетіп, билердің не дәстүрлі занды ұстанбай, не “Ережені” толық сақтамай, күр сандалыспен өткен күргақ ділмарлығына ызаланып:

Келелі кенес жоғалды,  
Ел сыбырды колға алды, —

деуінің мәні сонда.

Абай өте дәл айтып отыр. Дауды кенесіп шешетін “келелі кенес” келмеске кетті. Ескі түзілім жойылды, жаңаның жолы салынбады. Қоғамдық өмірдің іші азынап, құр ызыны қалды. (Хаос). Мұнымен отарлаушы империяның шенеуніктері санақсан жок. Олардың пайымдауынша:

“Болыстар сияқты сайланып қойылатын қазақтардың халық сотын қоғамдық сананы дамытуға ықпал жасайтын, мәдениет пен өркениетке жетуге ынталандыратын қоғамдық басқарудың бір үрдісі ретінде бағаламау қажет, ейткені ол

биліктің негізі кәдімгі дәстүр мен дәстүрлі заңға құрылған заманда қалыптасқан құқықтық қатынастың, яғни, тағылық заманың сарқыншағы, оның үстіне идея тұрғысынан алғанда да, өмірлік қолдану тұрғысынан алғанда да пайғамбардың үмметтерінің еш уақытта өзгертуіне болмайтын, даму атаулыны жоққа шығаратын, мәңгілік бұзылмайтын мұсылмандық жолдың сәулесі түсken заң”, — еді бұл. (*И. Мельников*).

Бұл менменсудің акыры: “Осы күнде қазақ ішіндегі “ісі білмес, кісі білер” деген мақал шықты. Оның мәнісі — ісіңнің түзүлігіне жетпессің, кісінің амалшы, айлалығына жетерсің деген сөз”, — дегенге алып келді.

Бұл — заңды сыйламаушылық. Ал ол дәстүрдің бұзылуынан немесе дәстүр-салтпен сәйкес келмегендіктен, онымен санаспаудан туады. Ойткені, империя қай заңын қазактың дәстүр-салтына ынғайластырып қабылдағы дейсіз. Дәл осы сұрапқа бүтін де жауап берे алмаймыз. Үлттық ерекшелікке байланысты және соны корғайтын заңды қабылдаған жарлық көрдініз бе? Жоқ. Барлығы да бір кездегі ұлы орталықтың, одан кейін бейтараптық (массондық) ағымның құзырындағы құқықтардың үйлестірілген тәржімасы. Республика деген сөзден бастап заңның соңғы баптарына дейін рухани тәуелділіктің салқыны есіп тұрады. Заңға қатысты ұғымдардың (терминдердің) өзі ұмытылғандықтан да, оның казақша аудармасын тәжірибе жүзінде пайдалану мүмкін емес. Заң да, шығарған заңгер де “ығы зордың” ықпалынан айрылып болған жоқ. Хань дәүірі ғұламаларының:

“Ізгі ниетті мемлекет өзінің дәстүріне жүгінеді, қауіп-катер жайлаган мемлекет өзінің заңына жүгінеді”, — деген сөзі Абайдың “жұртқа бірдей закон болмаса... законсыз зорлығына қоңбес едік” — деген ишаратымен астасып жатыр.

Қазіргі күннің өзінде жүрт сайлаған өкілдердің күнде кеңес құрып, жарлықтың үстіне жарлық шығарып жатқанына қарағанда, хань дәүірінің ғұламаларының уәжі дәл келіп тұр. Шаңырағы шайқалған, заңдық іргесі құлаған қазақ мемлекетінің әлі біраз уақытқа дейін дербес, тәуелсіз заңға ие болуы негайбыл. Дәстүрсіз заң — толыққанды заң емес. Бұл — үлттың өзін-өзі сыйламауы. Заңсыздықты заңдастырган заңға үлттың емешесі ии қоймайды. Ол сөзсіз алашапқынға, аласапыранға, сенімсіздікке алып келеді. XIX ғасырдағы қазақ арасы дәл сондай күйге түсті. Осының барлығын ақылға салып, саралай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлы:

“Осы ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы. Бұрынғы ережелер де көбінесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келімсізін түзетіп,

бір жоба жол қылып жазса, қазаққа содан қолайлы жол болмас еді. Оны жазу қазақтың ескі құлақты кеменгерлері мен оқымысты жастарының ақылласуымен табылады. Өзге жүрт қазақ жайын қанша білем десе де, анық жете білмейді”, — деген пікір білдіреді.

Шәкәрім айтып отырган, “ескі құлақты кеменгерлік пен оқымысты жастың” бейнесі Абайдың тұлғасына толық сыйып түр. Мұндағы ойдың түп қазығы да Абайдың “Қара сөзінде” жатыр. Онда билердің қызметіне қатты талап қойылады. “Үшінші сөзінде” ол:

“Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайлаған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы “Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын”, Әз-Тәуекенің “Күлтөбенің басында күнде кеңес” болғандағы “Жеті жарғысын” білмек керек. Һам ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтуғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жараплық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ”, — дейді.

Енді осындағы пікірді тарқатайық.

Абайдың “татымды толық билік” деп отырганы — Заңғой. Заң болғанда жай заң емес, Ата Заң — Конституция. Ал жогарыда айтылған “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы”, Әз-Тәуекенің “Жеті жарғысы” қазақтың Ата заңы. Абай сол көшпелілердің Ата Заңын заманға сай өзгертіп пайдалануды ұсынады. Тек ұсыныспен шектелмей, ол тұжырымын нақтай түсіп.

“Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: “Би екеу болса, дау төртеу болады” — деп. Оның мәнісі — тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке кесілмей (мәңгілікке — Т.Ж.) сайланса: олар түссе — жаманышылығы әшкере білінгендейтін түссе, әйтпесе — түспесе. Ол биге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдал алып, үстіне біреуді посредникке (төбе би — Т.Ж.) сайлап алып, біте (бітістіре — Т.Ж.) берсе, яки оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып, жүгінсе сонда дау ұзамай бітім болар еді”, — дейді Абай би.

Көшпелі қауымның тарихында бар тәжірибеге сүйенген Абайдың бұл ұсынып отырганы — Конституциялық сот. Дамыған елдердің өзінде де, Американың штаттарындағы соттарда да тұра сондай дербес төбе билер бар ғой. Ешкімге тәуелсіз адам ешқашанда жеке мүддесі үшін қамырдан

қылшыкты сұымайды, сондай-ақ қара қылды қақ жарады емес пе. Әділет кімде, соның сөзін сөйлейді.

*Бас қосылса арысқа,  
Кім шабады намысқа, —*

дегенде келеге түсетін, міне, осындай тәбе билер.

Тәбе бидің билігі жойылған соң қоға билер қаптап кетті. “Бас-басына би болды”, “елдің сиқын бұзды”. Әлде сол заманда тәбе биге лайық адам табылмады ма? Шынымен қазақ тағылықтан арыла алмап па еді? Ендеше. Шоқан Уалиханов неге болыстыққа өтпей қалды? Абайдың өзі неге санаққа ілінбелі? Мұхаммед-Салық Бабажанов ше? Думаға сайланған Әлихан Бекейхановты қаитеміз? Бұлар өзге биліктен бас тартса да қазактың тәбе би болып елін “өркениетке” бастаудан бас тартпас еді рой! Бұл адамдарды патша дәбірлері жақсы білді. Абайды болыстыққа тағайындалап қойған солар емес пе? Бірақ солардың барлығы неге құғынға түсті? “Ереже” жобасы жасаларда олармен неге ақылдаслады? Гәп осында еді. Оның себебі казактарды басқару жөніндегі “Ереженің” 102-бабында:

**“Жергілікті тұрғындардың ісін қарап, шешім шығару үшін осы Ережеде көрсетілген уездердің әрқайсысына уездік сот тағайындалды”.** 103-бабында:

**“Уездік сотты генерал-губернатор ұсынып, юстиция министрі бекіткен соң барып үкімет тағайындалды”, —** делінген.

Демек, сот сайланбайды, тағайындалады. Біріншіден, “Ереженің” казактарды басқару жөніндегі баптарында олар үшін болыстықтан жоғары лауазым қаралмаған. Болыс пен бидің өзін ояз бастығы, одан облыстық баскарма, ен сонында генерал-губернатор бекітуге тиісті. Сондай-ақ болыстар мен билердің үкімін орындауға шабармандар мен старшындар ғана міндетті болған. Бұл дегенініз, жергілікті өкіметтің жандармерияға, казак әскеріне, орыс әскеріне еш ықпалы жүрмейді деген сөз. Кәдімгі қуыршақ өкімет. Арнайы мамандардың болуына қарамастан оларға қазыналық қызмет берілмеген. Тұлмаشتықтан аспаған, яки асырмаған. Оған И.Мельников мырза:

**“Қазақтардың табиғи қабілетінің сондай күштілігіне қарамастан көшпелі өмір салтының кесірінен олардың арасынан шыққан дәрігерлер мен заң қызметкерлері кездесе бастаса да, олар азаматтық істерді әлі де толық менгеріп кеткен жоқ”, —** деп көлгірсіп “бага” берді.

Қазына кенесшісінің ақыл-ойы, іскерлік қабілеті Шоқаннан, Абайдан, Мұхаммед-Салықтан, Әлиханнан

қанша асып кеткенін кім білсін, бірақ қыр азаматтарының дәл осындай лауазымға қолын жеткізбеу үшін жанталаса жаныбып, “Ережеге” кіргізіп жүргеннің бірі өзі болатын. Қазактарды ояз бастыры түгілі мұғалімдікке жолатпау үшін берілген жасырын нұскаулар империя кенесіне үсті-үстіне тоғытылып жататын.

Қазактардың үстінен бақылайтын мемлекеттік мекемелер жеткіліксіз болған жок. Бірақ “Ереже” бойынша екі түрлі билік заңын жасады. “Қазактарға арналған ережеге” назар салсақ, нағыз саяси, әлеуметтік теңсіздікті байқаймыз. Бір империяның астындағы халыққа неге екі түрлі заң шықты және олар неге тең дәрежеде емес?

Занды сұрап.

Ал жауабы біреу: казактардың даурыбып жүріп, таласып жүріп сайлаған болысы империяның ең тәменгі шені, олар сауаты шамалы шенеуніксымактарға, пристав пен ояздың хатшысына, атқосшысына тәуелді болды. Бүйрық бойынша тағайындалғандықтан да олар жанына жақын тартты. Болыстар сол хатшы құрлы жөнелдікке ие болмады. Қазак даласына империяның адал қызметкерлері мен миссионерлері емес, Салтыков-Щедрин мен Гогольдің кейіпкерлері, азғандар мен қызметтөн қылғандар келді. “Ереже” солардың мұддесіне сай жасалды. Мысалы: билер кенесі 146-бапқа орай:

“... Құны 300 теңге тұратын істі (15 жылқы, 150 қойдың құны) қарайды, бірақ тек 30 теңгелік шешім шығара алады”.

150-бап бойынша:

“Құндылығы 300 теңгеден асатын істі билердің сиязы шешеді”.

Онда да 500 теңгелік дауды оязға қалдырады. Ояз қол қойған соң барып шешім бекітіледі. Облыстық баскарма 2000 теңгенің ісін жоғары жаққа жібермей-ақ бітіре алады. Шағым қабылданбайды. Облыстың құрамына исі қазактың үштен бірі жататынын ескерсек, генерал-губернатор жеке мемлекет иесі болып шыға келеді.

“Ережениң” баптарындағы жайларды қазакы ұғымға жақындастырсақ былай: билер келесі 15 қойдың құнына сай мәселені түпкілікті бітіреді. Ал жер дауы мен жесір дауының, барымтанаң құны канша? Оны бүкіл қазақ жиналып өткізетін сиязында да шеше алуы екіталай. Әлі ояздың, баскарманың, губернатордың сүзгісінен өтуи тиіс. Сияз өткізетін ел жерінің отынан, келгендердің құтімінен ығыры шыгады. Сонда сияздың шешкен ісінің құнынан шығыны асып кетеді. “Абай жолында” Құнанбай сияз өткіземіз дегенде, болыстардың

“не жазып едік!” — деп зарлап қоя беретіні сондықтан. Демек, сияз — жайғана көз алдарқату. Кезекті бір сыйбағаны қарпып қалудың амалы. “Ережеде”:

“Екі жақтың келісімі бойынша уездік сотқа жүгінген қазақтардың ісін тексеру барысында сот өзінің ар-ұттын, жергілікті дәстүр мен жалпыға ортақ азаматтық ожданы басшылыққа алады, екі жақты бітістіруге үмтүләды”, — деп көрсетілсе де біз Абайдың қуәлігі бойынша мұлдем керегар жағдайды байқаймыз.

Дәл осы “Ереже” бойынша бітістіру — “Ереже” бойынша ерегестіру, “ұят пен ожданы сактау” — арсыздықпен пара алу, “дәстүрді құрметтеу” — дәстүрді пайдалана отырып қанау болып шыққан. Зан арқылы билік жүргізуге тиісті сот, тергеуші, прокурор, ояздың өзі жалақордың жақтауышы болған соң билікте әділдік қала ма? Себебі:

“Ұлықтар алып берем деп — даугерді жеп, құтқарам деп — ұрыны жеп жүр... Ұлықтар: “пәлі—пәлі, бұл табылған ақыл екен” — деп, “мен сені бүйтіп сүйтемін” — деп, ананы жеп; “сені бүйтіп сүйтемін” — деп, мынаны жеп жүр. Қара халық: “менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын” — деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-турмай ... басын, ауылын, қатын-баласын салып жүр. Осы бір ұры, бұзакы (әрекет) жоғалса, жүртқа ой түсер еді. Шаруда қалар еді. Бай малын бағып, кедей жоғын іздең, ел секілденіп талапқа, тілеуте кірісер еді. Енді жүрттың бәрі осы екі бұлік іске ортак, мұны кім түзейді? Айттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?” (“Он бірінші сөз”) — дейді, Абай.

Ұлы Абайды осынша түнілдірген империя ұлықтарынан бұдан кейін қандай әділеттік пен әділ үкім күтүге болады. Империяның “Ережесінің” өзі ұрлық қалта сияқты қалтарыстарды қасақана қалдырып отырганда, Қарқара жәрменкесіндегі Мұхтар Әуезов кескіндеген Ақжелке — Андрей Подворковтардың көмейін толтыру үшін бір ояз емес, мұқым болыстың парасы аздық етері анық. Жемтікtes біреу емес. үйірлі қорқау болатын. Мұндай жағдайда билікте отырган мемлекеттің басындағылар не істейді? Не істеуші еді, биліктен береке кетеді, жағымпаздық пен пара арласкан кезде алаяктық, аярлық, алыпсатарлық басталады. Қоңе қытай зангерлерінің жинағы “Хуайнаньцзы” да дәл осы жағдайда:

“Әмірші мен ұлықтар жанталаса аласұрады: қызметшілер топ құрады, сатылғыш келеді: карттар қызыл сөзді саудады,

зейінділері тек қарақан басының пайдасы үшін өзара бәсекеге түседі. Әмірші мен ұлықтар жарлық береді, іле өзінің тобының мүддесі үшін оның күшін жояды; заң мен жарлықтарда көрсетілген тыйым салулар пайдакунемдіктің кесірінен орындалмайды. Зеректер құлық пен өтірікті шымылдық етіп бетіне бүркенеді, ержүректері өзара сайысқа бар уақытын жібереді. Үлкен лауазымдағылар билікті уысында үстайлды, кіші ұлықтар — өз тізгінін тас қып үстап жібермейді, пікірдас достар жоғарғылардың билеп-төстеп кетпеуі үшін бірігеді. Мұндай күйге ұшыраған мемлекет әмір сүруін тоқтатпаса да, ежелгі адамдар мұны “күйрекен ел” деп есептеген”, — деп анықтама береді.

Бажайлап қарасаныз, Абай мен “Хуайнань-цзыдағы” пікірлер бірін-бірі толықтырып тұрған жоқ па? Хань дәүіріндегі ғұламалар бұған түйсік пен түсіну арқылы баға берсе, Абай мұның барлығын басынан кешті. Империя расында да Абайдың тұсында ішінен шіріп, “күйреуге бет алып еді”. Абайдың:

*Болды да партия,  
Ел іші үлінді, —*

немесе:

*Бас-басына би болған өнкей қиқым, —*

сондай-ақ;

*Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аи билер,  
Өз жүргегін жалғайды, —*

тағы да:

*Өзі залым зәкүншік,  
Танып алды талаиды, —*

және:

*Сөзуар, білгіш,  
Зәкүншік, көргіш, —*

деген өлең жолдары өзінен екі мың жыл бұрын айтқан ғұламалардың пікірін растап отыр.

Тек ақын өз елінің салты бойынша тез жатталып, ел арасында айтылып жүруі үшін пікірін өлеңмен білдірген. Абай кемшилікті көріп қана қоймайды, тәуелді елдің “тәуелді билерінің” сыйқыт-сымбыстығын бейнелі бедерлеп, образға айналдырды. Олардың, жалпы адамдардың аумалы-тәкпелі билігі тұсындағы жан дүниесін ашты. Пәйнегі жоқ биден

пәрменді көсем күте алмайсың. Абайдың “Күлембайға” арнаған өлеңіндегі жиынтық сиық ретінде сынаған:

*Орныңнан тұра шабасың,  
Атшабар келсе қышқырып.  
Ояз келсе қайтер ең,  
Айдаңардай ысқырып.  
Отырасың үйінде,  
Өз-өзіңен қүш кіріп.  
Босқа-ақ түсіп қаласың,  
Біреу кетсе үшкіріп’ —*

дегендегі кейпін көз алдына елестеткенде, шынымен-ак сол бір биліксіз билерді аяйсың.

Бұл адамның да, заңдың да, қоғамның да бейшаралыққа түскенінің белгісі. Осы айтылған дағдарысқа казақ елі тәуелсіздік алған тұста ұшырап отыр. Эбден тәуелділікке бойы үйреніп, “жазулы заңды” малданып, оны бас шүлғи қабылдап үйренген қоғам мен қауым рухани тәуелсіздіктің еркіндігінен басы айналып, дағдарып қалды. Ал оны “бюрократиялық машинаның” бұрынғы жүргізушілері өте кәнігілікпен пайдаланып, ұлттық қасиетті де, экономиканы да ығыр етіп, ыңыршағын шығарды. Себебі: бұрынғы империялық өктемдіктің екпіні басылған жок, біраз уақыт сол кезде атқа мінгендердің жүрістерінен жаңылатын сыйайы байқалмайды.

Қарама-қайшы заңдар бірін-бірі жокқа шығарып текетіресуде. Лауазымдылар мен лауазымдылар, ұлықтар мен ұлықтар, саудагерлер мен саудагерлер “социалистік жарыска” түсіп, бақталастыққа көшті. Олар ұлтына қарамастан, қазақтың жанды тамырларының бірі — рушылдықты өте сәтті пайдаланып, бүтін елдің берекесін кетірді. Ұмытылған дерптайтын аскына бастады. Құні кеше “коммунистік моральды” “Құран қәрімнің” орнына ұстаған компартияның орталық комитеті “мал табу” үшін — зорлық пен зомбылықты, қарақшылықты насихаттайтын коммерциялық телебағдардың демеушісі болып шыға келді. Мүшелерден жиылған жарнаның ақшасы “Крамдстың” еншісіне тиді. Зады, идеологиядағы жіберілген “кемшиліктің” орнын қылмыспен толтырысы келген болуы керек. Компартия кетті, компания қалды. “Есектің артын жусанда мал тап”, — деген Абайдың сөзін осылай түсінсе амал не? Саясаттағы екі жүзділік жонінде “Хуайнань-цзыда”:

“Ұлықтар мен қызметшілердің іске қырыздығының кесірінен көргенсіздікке және қырттыққа жол беріледі, сойтіп ортақ мұлдені сатады: оның есесіне жерлестері мен тамыр-

тансыстарына жең ұшынан жалғасады. Мұндай жағдайда міндетті адаптың қызметкерлер бір орнынан жылжымай ііріліп қалады. Бұлай болғанда халық арасында наразылық қозғалысы басталады, сонда да әккі саясаткерлер тақтың арасындағы таласын қоймайды, қайта өршіте түседі”, — делінген екен.

Осыдан екі мың жыл бұрын айтылса да нысанана қазір де дәл тиіп жатыр. Абай да ғұламалардан қалыс қалмады. Басыбайлылыктан құтыла алмаған, “басбілгіге” үйренген басыбайлы билерге қаратады:

*Орыссыз жерде топ болса,  
Шақырган кісі бармайды  
Бітім қызып бір кісі,  
Адал малын алмайды, —*

дейді.

Тәуелді саясаттың дәбірлері отырықшылықтың дәп осы басыбайлы кіріптарлығынан арыла алған жоқ. Дербес мемлекеттің дербес ұлттық, экономикалық және рухани бағдарламасының болмауы қазак елінің зиялышарының дер кезінде тәуелсіз идеология жасап бере алмағандығында. Ең бастысы: ұлттық дербестік тұрғыдан ойтай алатын саналы саясаткерлердің болмағаны. “Өзі зордың болады ығы да зор” — деп Абай айтпакшы, “өзінен зордың ығынан” ықтап шыға алмай келеді. Жоғарыдағы пікірді Абай өзінің “Үшінші сөзінде” одан әрі терендете талдап, кешегі пысықтар арқылы қазақтың бүтінгі пысықтарының пейіл-пиғылын ашып береді. Онда Абай:

“Кедей көп болса — ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе қыстау босар еді деп: мен — ананы кедей болса екен деп, ол-мені кедей болса екен деп әуеіде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де енгеп мал жиоға күшім жетімді болсын деп қызметке, болыстыққа, билікке таластық. Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпен көбейтеміз деп партия жинағандардың бүтін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді”, — дейді.

Ашығын айтқанда, Абайдың осы айтқандарынан бойын аулақ салған жан бар ма? Әй, қайдам!

Өзі би, болыс бола тұра Абайды осыншама түнілдірген не? Жүйрік атқа, алғыр қыранға, жүрісі жайлы жорғаға құмарлығы болмаса, Абайдың өзі дүниеге көз салмаған адам. Малының есебін алып көрмепті. Ал әділдігіне өзінің жауы

да сүйінген және жүгінген. “Досына достық — карыз іс, дүшпаныңа әділ бол” — деуі де сондықтан. Ендеше сол әділ билік күйдірген қандай қиқымет? Өзге билік қолынан келмесе де параны Абай неге тия алмады? Тыйым салуға үмтүлды. Бірақ оны тоқтату мүмкін емес болатын. Себебі, империяның өзі оған “Ереже” арқылы кең жол ашып отыр еді. Қазактың дәстурлі биінің кесімі туралы 138-бапта:

“Сайланған билік губернатор бекітеді: бірақ оларға жалақы төленбейді. Алайда халық дәстүріне байланысты айыпты адамнан (биликтен) кесім айтқаны үшін ерекше төлем алуға қақылы; төлемнің құны кесім айтқан істің оннан бір бөлігінен аспауға тиісті; ал жеке адамдардың арасындағы дауға дәстүр бойынша билік айтылады”, — дедінген.

Сыртқы сөздің бәрі түзу көрінгенімен, параның басы нақосы баптан басталады. Бұрынғы билер қоғам қайраткері болатын. Олар ел басы, рубасы міндетін атқаратын. Болыстық, старшындық лауазымдар жоқ еді. Абай айтқанда:

“Бұрынғы ата-бабаларымыздың ... бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Әуелі — ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Қоші-қонды болса, дау жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаманды өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен... Мал айтып, тілеу қылып: “Екі тізгін, бір шылбырды бердік саған” (дейді). Берген соң қайтып бұзылмақ түгіл, “жетпегенді жетілтемей”, — деп жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен, оны зор тұтып, әулие тұт (ады). Онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жок болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?”

Екі пікірдің астарындағы айырмашылық мүлдем керегар. Біреуі — биліксіз би. Кесімнің өзі киесіз. Оны кез келген сәтте болыс та, ояз да бұза алады. Екіншісі — мұқым бір елдің тұтқасы. Құнқөрісі, мал-жаны үшін қам жемейді. Айтқаны заң. Қайсысының кадірі күшті болары өзінен-өзі түсінікті. Ескі би ертеңіне аландамайды. Ал жаңа би — жалтақ. Өзінің құнқөрісі өзгеге тәуелді. Кесімнің оннан бір бөлігі әр старшыннан сайланатын билердің бәріне болініл берілсе өзіне не қалады?

Сондықтан да негұрлым қымбат құн кеседі. Айла-шарғыға жүгінеді. Нәпака — нәпсіні ашады. Нәпсіні қанағаттандыру үшін жен үшінан жалғасады.

Сондықтан да биге айыпкер де, даугер де кіріптар. Сөзін сатады. Егерде ісін бітірмей оязға жіберсе, екі жақтың шығыны екі есе көбейеді деген сөз. Ал “қайыс ноктага” басың бір ілінсе, одан қайтып шығарып алудың екіталай. Салпаңы мен сандалысының өзі-ақ титықтатып бітіреді. Сөйтіп Абайдың:

“Осы күнде қазақ ішінде: “Ісі білмес, кісі білер” деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісінің тұзулігінен жетпейсін, кісінің амалшыл, айлалығынан жетесін — деген сөз”. — дегенінің кері келеді. Бүтін халықты бұлдіріп, ішіне іріткі салу деген осы. Бір көзің екінші көзіңе сенбейді, бірін-бірі кірпік қақпай аңдып, ақыры ақиланып, кіжінісп шыға келеді. Болымсыз биге керегі сол. Дау көбейсе, мал көбейеді. “Өлімді жерде — молда семіреді, өлеңді жерде — өгіз семіреді”. “Би екеу болса — дау төртеу болады”. “Ереже” бойынша әрбір старшын, болыс би сайлайды. Сонда олардың саны қаншаға жетерін есептеңіз. Оған болыс пен ояз, старшын қосылады. Соттың сыбағасы бір басқа. Соны көріп әрекеден түнілген соң барып Абай қүйініп кетіп:

*Ел жамаған билер жоқ,  
Ел қыдырып сандалды.  
Астыртын барып жолығысан,  
Ақша беріп жалғасқан,  
Ақысын әрең сол алды, —*

дейді.

Кесімді билік, түйінді шешім, толымды төлем болмағасын бидің өзі дау иесіне тәуелді. Амалдан, “жолығысып, сыбырласып” жүріп “ақшасын” айламен алады. Абай іздеп отырған көне билердің “ата-бабаларымыздың бойындағы” жақсылықты аңсаса — аңсағандай ғой. Екінші қасиеті — “намыскер келеді екен” дейді Абай. Ақша мен аярлық жүрген жерде ар мен үтқа, намысқа орын қала ма? Жоқ, Абайдың сүйенген екі қасиеті — сүйінсе сүйсінерліктең қасиет. Қазақтың ескі билеріндегі сол қасиеттер қытайдың көне билеушілерінің де бойында болышты. Сенбесеніз “Хуайнань-цзыға” жүгінейік:

“Ертедегі билеушілер халықцен бірге қамығатын еді: егерде елге ашаршылық келсе — олар да тоя тамақ ішпейтін, егерде елі үсікке үшіраса — олар онда үстіне тон жамылмайтын еді. Ал жыл жайлы, астық мол, халық тоқ болса — олар да дауылпаз бен барабандарын іліп, қалқандары мен алдаспандарын жайып тастап, патша мен қызметшілері, жоғарышағылары мен төмендегілері бірдей қуанып, бірігіп той

**жасаушы еді, елдің арасында іріткі түспеуші еді”, — дейді Абай сияқты олар да өткен билеріне сүйсініп.**

Бұл сұрапқа келгенде біз сүйсеніп отырған екі дәуірдің даналары өзінен бұрынғы замандағы билердің дәстүріне жүгінеді. Мысалдар да, түйген пікірлері де үқсас. Өткеннің бетінен түкіріп жүрген біз ғана болуымыз керек. Кешегі мен бүтінгіні бағалауға келгенде Абай:

*Алашқа іші жау бол, сырты құлмек,  
Жакынын тіріде андып, өлсе өкінбек, —*

деп өлеңмен айтқан пікірін, “Қара сөзінде” одан әрі дамытып:

**“Осы біздің қазақта олген кісі де жаман жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?” — деп таразыласа:**

**“Олар өтіп кеткен дәүірді мақтайды да, бүтінгі заманды жатып кеп сынайды”, — деп Ян те лунь Конфуций-Куньцзыны жактаушыларды сынайды.**

Сонда бұрынғылардың несін ұнатып отыр? Эрине, қатаң дәстүрге негізделген әділ заң мен биді көксеп отыр. Эйтпесе, өткенге де, бүтінге де, ертенге де топырақ шашайын деген ғұламалар жоқ. Олар үлгілі үлгіні іздейді. Соған тілге тиек ететін өнегені дәйек қылады. Сондайда көңіліне дәйек таба алмаған Абай қапаланып:

*Бір кісі мыңға,  
Жән кісі сүмға,  
Әлі жетер заман жоқ.  
Қадірлі басым,  
Қайратты жасым,  
Айғаймен кетті, амал жоқ.  
Болнаска болып кара тер,  
Қорлықпен өткен кү өмір, —*

деп құмыға қамығады.

Қамығады да: “Қазақтың бірінің-біріне қаскунем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғындығының, рас сөзі аз болатұғындығының, қызметке таласқыш болатұғындығының, өздерінің жалқау болатұғындығының себебі не?” — деп өзіне-өзі сұрапқ қояды. Оның басты себебінің бірі — “Ережеде” бекітілген би сайлауының тәртібі еді. Нағыз былғақ пен сырғақтың басы 135-баптағы:

**“Қазақтардың арасындағы халық сотына қарасты (Осы Ережедегі 97-бапқа сай) қылмыстық істерді және басқа да кез келген дау-шар мен арызды шешу үшін әр болыстан 4-тен 8-ге дейін би сайланады. Сайлау болыстармен бір кезде сол**

**сайлаушылардың қатысымен, дөл сондай мерзімге және сол тәртіпен сайланады”** — делінген ережеден басталады.

Ертедегі билер “Күлтөбенің басында күнде кенес” жасағанда ұзаса үш ай, бес ай келеге түскен. Сол мерзімнің ішінде бүкіл қазақтың заңын ретке келтіріп, тиянақтап кетті. Ал мына заң бойынша әр төбенің басында күнде кенес құрмақ және ол “кенесте” кесім де, шешім де, әділдік те болмақ емес. Би-болыспен бір сайлауда шарға түспек.

Демек, әр болыс кімнің би болатынын алдын-ала келісіп, топ құрады. Сайлауда болыс жеңсе би де соның жақтасы болады. Қарсы жақтан үш-төрт би сайланады. Сонымен төрт бидің дауы сегіз, сегіз бидің дауы он алты болып еселеп есіп отырады. Жалақысыз сегіз бидің бітім табуы үшін төлемнің құнының өзі даудың құнынан асып түседі. Еріксізден ерегесті қүшейтіп, істі домбықтырып, ру-рудың қанын қоздырып:

*Бай алады: “Кезінде коп берем” — деп,  
“Жетпей түрған жерінде тек берем” — деп.  
Би мен болыс алады қүшін сатып,  
“Мен қазақтан кегінді өткөрем” — деп.  
Жарлы алады: “Қызыметпен откөрем” — деп,  
Елубасы: “Шар салып, леп берем” — деп.  
Жалаңқая, жат минез жаса алады,  
“Бермей жұрсаң мен сені жек көрем” — деп.  
Дос алады: “Бермесең бұлт берем” — деп,  
“Жауыңа қоылуға сырт берем” — деп.  
“Бұзынан соң мен оңай табылмасын,  
Не қылын оңайлықпен ырық берем” — деп.  
Сұм-сұрқия. “Сұмдықпен еп берем” — деп,  
Сүйер жансып, сұйкімді. “Бет берем” — деп.  
Жұз қараға екі жұз аларман бар,  
Бас қатар бас-аяғын тексерем — деп.  
Ел жиын, мал сойыңыз: “Ет берем” — деп.  
“Мал берсем — сен мендік бол деп берем” — деп.  
Қара қарға сыйылды шуласар жүрт  
“Кім көп берсе, мен соған серт берем” — деп.  
“Бұзыларда ойламас бет көрем — деп,  
Ант ішуді кім ойлар деріп көрем — деп.  
Қабаган итише өнігін шыға келер,  
“Мен қапсам бір жерінді боксерем” — деп.  
Орыс айтты: “Өзіңе ерік берем” — деп,  
“Кімді сүйіп сайдасан — бек көрем” — деп.  
Бұзылмаса, оған ел түзелген жок,  
Ұлық жур: “Бұл ісінді жек көрем” — деп”,*

шыға келді.

Империяның “Ережесі” әкелген әрекені, “терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс жүрттың бәрі аларман

болған” мұсәпірлік пен өлемендікті дәл осы өлеңнен артық жеткізу мүмкін емес. Шабындырып, шаптырып, өштікті қоздырып, қырық пышақ қып қырқыстырып, пиғылын бұзған “орыстың берген еркі” — “Ереже” екенін Абай дәл тауып отыр. Қазактың рушылдық жалған намысын қоздырып, басын біріктірмес үшін жаңағы алашапқынға қарқын беретін 136-баптағы:

**“Болыстықтағы билердің саны сондағы түгін санының мөлшеріне орай анықталады”,** — деген сөздің де қазақ үшін әжептеуір қызыл шеке болатын науқанды туғызды.

Қазақтың мәйегі рулық негізге үйіған. Ал “Ережеге” сәйкес болыстықтар рулық негізге емес жер жағдайына қарай бөлінеді. Табиғаттың мінезіне орайластырыла құрылған көші-қон тәртібі бұзылды. Күнгей тек бір елге тиесілі болды. Мал үшін бұдан артық қүйзеліс жоқ. Жайлау мен қыстаудың паркы кетті. Әуелі тіршілік амалымен, содан кейін әр рудың “намысы үшін” бір болыстағы ел екінші болысқа ауып отырды.

Оған “Абай жолындағы” даудың басын негіз етсек те жеткілікті. Шарға түсетін кезде Абайға қарасты рулар Оразбайдың түтін санын көбейтпей ме. Тура сол күйді исі қазақ даласы басынан кешті. Күнту сияқты төбенің басында анттасып, сөз байласып ап, қырқадан аскан соң аттың басын тартып, тағы да күнкілдесіп, бірден Оразбайдың аулына астыртын шабарман жібереді. Қазакты құртқан дәл осы түтін басынан би сайлау. Әу баста анттың ішінде болған, ел шар салған кезде нәтижесінің басқа бол шыға келгенінде “намыстанады” да қолына сойылы мен шокпарын алады немесе кек қайыргансып тағы да сыйырға көшеді. Ол “сыбырдың екіні” алдыңғыдан асып түседі. Сөйтіп, бітіспейтін жаулыққа үласады.

Ал билер болса өзінің “астыртын жұмысын” жүргізе береді. Дағдарысқа үшыраған:

*Ел састы, аңқайды,  
Би тартты егеске.  
Жүрт тағы мал жиды,  
Ой қылар бермеске.  
Кедей би жантайды,  
Сауыр мен өркеске.  
Саумакқа ол байды,  
Кеңесер би кешке.*

Билер келесі — түйені түгімен жұтатын жебірлердің желініне айналды. Тұн жамылып жиылтып, “байды қалай итіп сауу” үшін күнкілдесіп, шұнқілдесіп алады. Оған даугтер

не болыстықтан үміткер “иімесе” істі насырға шаптырып, “бiler егеске тартады”.

Қазақтың билерінің бопсасына шыдау қын. Жетпіс жеті ата-бабаңың әруағын бір-ак қоздырып, қаныңды басыңа шашытпай тынбайды. “Қанына тарлағанның қары сынын” немесе “Ағайынның аты озғанша — ауылдастың тайы озсын” — деген керегар мәтелдер кезек-кезек жаңыңды жегенде өзіңнің қалай “аттандал!” шыға келгенінді білмей қаласын.

Бұл да тәсіл. Психологиялық қысым. Қазақша айтсақ — бопса. Биліктің мұндай әkkі ырғағы көне қытай ғұламасы Ван-фуга да таныс екен. Ол:

“Ісі әділ адам ұлыққа жағынбайды, ал ісі теріс кісі істі жүргізушіге пара береді, сондықтан да болыс бастығымен екеудің бірігіп ақтың ісін қара етіп шығарады. Егерде адамның ісі жоғары жақтан әділ шешіліп қайтса, болыс басқарушы және кіші ұлықтар міндетті түрде жазаға тартылады. Сондықтан да олардың барлығы жабылып адалдың ісін қаралауга тырысады. Қарапайым адам әkkі біреумен соттаса қалса, оның ісі онға баспайды. Өйткені, әлгі әkkі құды облыстағылар, одан кейін ояздағылар қолдайды. Облыстағыларды аймақтағылар қолдайды... Оны Жоғарғы сот бекітеді. Себебі, бір адамның дауы бүкіл аймақтың беделінен күшті емес. Өзіне сөз келмес үшін аймақтағылар қалайда әділдік іздеген адамның мысын құртыш, теріске шығарады. Әйтпесе, өзі орынан алынады, ол кетсе — облыстағылар да орынан түседі, одан ояздағылар кетеді. Жоғарғы сот анық-қанығына жеткеннен горі соттың шығынын төлеуге асығады. Мұндай соттар байлар мен аяларға ғана қомектеседі”, — дейді.

Қандай дәл және биліктің “дөңгелегінің айналысын” (*Абай*) қалай қазымырлықпен суыртпактаң көрсеткен. Абайдың дәүіріне де сай. Занды биліктің бар халыққа бар дәүірде оргақ бір китүркісі болса керек. Заман да, заң да, дәстүр де өзгереді. Билік басындағылардың піғылы мен құлқыны және оны қанағаттандыратын “қитүркісі” өзгермейді. Тек сыртқы тонын шапанға, сулыққа айырбастайды. Парамен, аярлықпен, караулықпен, катыгездікпен, әділетсіздікпен “журегін жалғайтын” (*Абай*) тарамыс тамырлары үзілмейді. “Байдікі — байға құяды”. Абай мұны:

“Мұның барлығы төрт аяқты малды қөбейтемінин базақ ойының жоқтығынан”, — десе, хань әuletінің ғұламалары:

“Мұндай сот байларға ғана болысады және аяр келеді, кедейлер мен әлсіздерді қысымға, қыспаққа алады. Мұндай жағдайда әділлікке жетуге бола ма?” — деп назаланады.

Әрине, жетуге болмайды. Қайдан жетесің. “Ереженің” өзі бір қазакты екіге бөліп, оның ішінде елді отарландыруға, халқын басыбайлы етуге барын салған аксүйектерді зан арқылы қорғап, заңмен үйлестіре пара беріп отыrsa. Кім үлттық тәуелсіздікке ұмтылды, кім рухани тәуелсіздік танытты, оның барлығын арандаткан адамды ерекше құтімге алды. Өзін-өзіне талатты. Абайдың:

*Күшік асырап ит еттім,  
Ол балтырымды канатты.  
Біреуге мылтық үреттім,  
Ол мерген болды, мени атты —*

деуінің мәнісі сонда. Бұған “Ереженің” 186-бабындағы:

“Марқұм Шырғазы Айшуақов ханың және сұлтандар Баймұхамед Айшуақовтың, Ахмет пен Арыслан Жантөріндердің отбасына, сондай-ақ бүлікшіл сұлтан Кенесары Қасымовқа қарсы 1844 жылы аттанған жасақтың қатарында жүріп жараган немесе өлген қазақтардың отбасына тұтін салығын төлемеу туралы берілген жарлық және басқа да женілдіктер өз қүшін сақтап қалады”, — сонымен қатар 187-баптағы:

“Белгілі мөлшердегі мал басына салынатын салықтан босатылған бұрынғы хандар Үәли мен Бекейдің кіндігінен тікелей тараған тұқымдар тұтін салығынан босатылады”, — деген пәрмендер дәлел.

Хандықты жойған империяның өзі. Бұл аксүйектеке аксүйектің жасаған мырзалығы ма?

Жок. Арандатудың басы. Кім ак патшага сенімді қызмет етсе — соның мерейі үстем болмақ. Ахмет Жантөріннің Кенесары Қасымұлы бастаған үлт-азаттық қөтерілісті жаншу үшін он жылдан астам тыңыштық жасап, жазалау жасақтарын бастап, екі жақты да қызыл қырғынға батырғаны үшін алған “сыйы”, міне, осындей. Өзге төре тұқымдарының да дәл сол кезде қара қазақ үшін күйінді болғаны шамалы. Шен-шекленнен бас тартқан сұлтан Фұбайдолла мен Қасым Абылайханулының балалары.

Жә, кешегі мемлекеттің тұтқасы болған ханың тұқымдарының патшага сүйенбеске реті де қалмап еді.

“Мал ашуы — жан ашуы” — дегенді шығарған қазақ салықтан құтылған қандастарын көрсетуден еш тайынбайды. Арыз-жалаңың бәрі осыдан өршіді. Сайлау кезінде, санак кезінде мал мен жан басы туралы үнемі жасырын келісімдер жасалған. Бірақ олардың ашылмай қалғаны аз. Өйткені, “Ереже” бойынша:

“Егерде жасырып қалғандарды (мал мен жан басын — Т.Ж.) болыстың өзі немесе сайлаушылар әшкерелейтін болса, онда ол адам айып төлеуден құтылады”.

Қандай нәзік әрі әkkі бап. Ағайынның арасына іріткі салудын ең оңай әрі нәтиже беретін тәсілі. Қазақ ағайынға өкпелемей журмейді. Сөл нәрсеге бола Абай айтқан көп “дептінің” бірін айтып шыға келеді. Би мен болыс сайлауынан кейінгі қазакты арандатқан ең үлкен қырқыстың бірі осы салық жөніндегі “Ереже” болды. Абай өзі айтқандай:

*Екі елримге жән келер ме,  
Ақылы болмаған соң артын бағар, —*

дегізіп, ағайынды екі адамның әкеден алған еншісін де таласқа салдырган осы китүркі бап. Бәйбіше мен тоқалдың балаларын өш қылған да сол. Өйткені, бірі мен бірі байлықтың бәсекесіне түседі. Бәсеке бар жерде — бәсеңдік жоқ. Соны көрген, басынан кешкен Абайдың:

*Атана ба іа аңдиды, аға інни,  
Ит корлықпен немене екен сойткен күні  
Арын сатқан малы үшін антүрганың,  
Айтқан сөзі күрысын, шықкан үні.  
Алыс, жақын қазактың бәрі қаңғып,  
Аямаң бірін-бірі жүр ғой аңдып.  
Мал мен бақтың кеселін үя бұзар,  
Пәруардигер, жаратқан несін жан ғым!  
Анш шілтүндегі берген жасын күрысын,  
Арын сатып, тленген малы күрысын  
Қыска күнде қырық жерге койма койып,  
Қу тыммен күлкүл сауған запы күрысын! —*

деп іштей жеккөрінішпен қарауы сондықтан.

Балаға әкесін, ініге ағасын аңдитқан, малға арын саттырган дәстүрлі заң емес, отаршылдардың басыбайлы етуге бағытталған басқару “Ережесі”. Ыза боп кеткенде баланды өзіндей болсын десен “Азғыр, азғыр!” деп Абайдың ашудан жарылып кететіні сол тәуелді бишаралардың жалған билігі. Қазақтың келешегінін үкімі шығарылып койылған.

Тек “сәті түскен күні” күрдымға құлатуған қалған. Боранда ықтаған қой сияқты бірін-бірі тантап, жулып жеп, тоз-тозын шығарады.

Кайда барамыз, неге мұнша жауықтық, өшпенділік қайдан шықты, оның жолы бар ма деп ойлаған тұлға. дербес ойдың иесі табылмады. Табылды. Бірак аз еді. Және желігіп, жәнігіп алған жүрт оны тындаламады. Арабтың “Жынды су” ертеғісі іспетті ақылдылардың өзі жындандыратын су ішіп, “акылдан азап” шекті. Абайды өмірден, алдағы күннен

түнілдірген азаптың бірі осындай әрекеге түскен, “бір ат үшін күніне жұз құбылған”:

*Кызығы кеткен ел бағып,  
Кисыны кеткен сөз бағып, —*

жүру еді.

Бұдан асқан азап бар ма? Осы “Ережедегі” баптардың елді әбден аздырып болғанын жаңа “Ереже” дайындаған жатқан И.Мельников те аңғарып, оны өзгертуі үсынады. Әрине, империяның мұддесіне жыға қисындырады. Olsen шенеуніктің “Далалық облыстарды басқару туралы Ереже нұсқасының кемшіліктері туралы” мәлімдемесінде:

“Тұрғындардың қунделікті тіршіліктеріндегі құбылыстарды шешу және олардың талап-тілектерін қанағаттандыру үшін таңдаған алынған орыс заңына бірден-бір лайық жол — халық соты емес екеін парықтау лазыым, өйткені бұл сот (халықтық “билер соты”) жұртшылықтың алдындағы беделінен жүрдай болды, олар өздерінің билерінен қашып қазір орыс тұрғындарына келеді, өздерінің жырларында оны қатты қарғыспен қарғайды, мұны Жер бөлімі дайындаған дала ережесінің (25-бет) жобасына берген түсініктемесінде келтірген бір қазақтың сатириалық өлеңінен анық байқауға болады”, — деп жазады.

Халық билері келесінің қадірі кеткенін білген жалғыз И.Мельников емес. О баста жасалған “Ережеден” күткенінің өзі сол болатын. Енді әбден тоздырып біткеніне көзі жеткен соң, қазақтардың өзі сол тартады деген мықыр саясаты болатын. Жаңа “Ережеде” сол халықтық дәстүрдегі би келесін мұлдем қыскартуды талап ете жаған И.Мельниковтің оқыған өлеңі Абайдың өлеңі ме, жоқ, басқа біреудің өлеңі ме, ол жағын ашып айта алмаймыз. Көрсеткен іс қолға түспеді.

Бірақ айтар нысана біреу. Ол — “Ережеге” негізделген би сотының қадірінің кеткені. Бір ғана “Күлембайға” арналған өлең соның барлық қоясын ашып береді. Мұның бәрі бізге таныс жайлар. Ендеше: “Өзінің пайдасын бірінші орынға, ал қоғамдық парызын екінші орынға қоятын ұлықтарды” (*Ван-фу*) қалай биліктен аластауға болады?

Абай өзі би, өзі болыс міндетін атқарған қоғам қайраткери болғандықтан тығырықтан шығудың жолын іздең, екі түрлі пікірді талқыға үсынады. Ондағы басты мақсаты: қазақты мынау ала өкпе, ала шапқын болған өзара жауулықтан құтқару. Тым болмаса уақытша тыныс алдырып, елдікке шақыру, есін жигизу. Болыстық пен билікті бір адамға

жүктеуді жақтайды. Болыс пен биді сайлау елді аздырғанын айта келе ол “Үшінші сөзінде”:

“Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан-жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң менің ойыма келеді: халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадарлы орысша образование алған кісі болсын. Егерде орталарында ондай кісі жоқ болса, яки бар болса да — сайламаса, уездный начальник пешен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайда болар еді. Уә назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки, жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінеді”, — дейді де ішеріде мысалға келтірілген “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы”, Әз-Тәуекенің “Жеті жарғысы” туралы ойын сабактай келіп: — “Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей (мәңгілік — Т.Ж.) сайланас; олар түссе — жаманыштығы әшкере білінгендейтін түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугтер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдаап алыш, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе, яки оған да ынтымақтаса алмаса; бағанағы үш бидің біреуін алыш, яки жеребемен сайлап алыш жүтінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді”, — деп Абай дәстүрлі салттың негізінде билеуді еске салады.

Алдыңғысы — қысылған кездегі амал да. кейінгісі — түбекейлеп тексерген ойдың жемісі. Қазақтың ішіне індеттей тараған жанығуды тоқтату үшін тағайындал қоюлың да артықшытығы бар. Бірақ онда отарлық билік деңдеп кіріп, тікелей қолқанды суырып алуға жағдай тузызады. Тек білімді адамды қойсын деген сөз ғана тоқтам жасатады. Абайдың өзі де бір рет тағайындалып болыс, бір рет тағайындалып төбе би болды. “Қарамола сиязындағы” зан ережесіне қатысуы және өзінің тікелей араласуы көnlіне демеу берген іспетті. Ол сияздың сонынан арыз-шағым жүрмеді. Соны да ескерген. Дегенмен де бұл да үздік үлгі еместей көрінген. Сондықтан да дәстүрлі занға бүйірі бұра береді. Абайдың бұл пікірін арада біраз жыл өткен соң Шекерім де костап, “Қазақ” газетінің 1914 жылғы 65-санындағы “Би һам билік туралы” мақаласында:

“Мениң ойымша билерді азайту керек. Оларды қауым жасырын шармен сайлауы керек. Жаза кесілмейтүғын дауды третейский судқа (Абай айтқан “посредник”, аралық сот — Т.Ж.) беру керек. Сайлаулы болсын, третей болсын, биге

салған даугердің екі жағы да книгага жауабын жазсын. Жазу білмесе біреуді тауып жаздырысын. Посредникке келіспесе, сайлаулы бидің жеребеге шыққанына еркісіз салынысын. Жалғыз биге сал демек қалсын. Акы сурай келген елдің биіне салма деген қалсын. Себебі дау бітпесе созылып, қазақты барымталастыруға себеп осы болады. Билердің үстінен бір би керек. Олардың біріне-бірі қарсы айтқанын сынайтұғын. Орыс ұлығы, яки жоғарғы би сынаса да, жазулы жолға терісін тауып бұзсын. Бұл туралы тағы да жазамын”, — деп тұжырымдайды.

Әрине, одан кейінгі аласапыран заман Шәкерім Құдайбердіұлының ойлағанын толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Бірақ ол кісі де “Алаш” өкіметінін төбе би бол бір маусым кесім кесті. Төбе би сайлау туралы Абай қатысқан 1885 жылғы “Карамола сиязындағы” ережеде бекітілгенімен нақты тәжірибе жүзінде өуелгі ойдың нәтижесін бермеді. Оған империялық билік жүйесі еркіндік жасамады. Отарышыл шенеуніктер қазақтардың дәстүрлі занын аяқта таптап, “Ян-те-луңда” айттылғандай: “Көзі көріп түрғанды түкірта берді, құлағымен естігенді пір тұтты”. Мұның мәнісі: жоғарғы жақ не айтса, тек сонығана істеді. Занға сүйенбеді. “Көптің аузын қүзетіп, қүнелтіп күн” көрді. Басыбайлы, рухани тәуелді, өз бетінше ойлауға, шешүге, кесім айтуда дәрменсіз “мақұл” мен “лаппай, тақсырдың” иесі. Абай мұнданай ойсыз, пікірсіз, намыссыз, бисимақтарды:

*Тегін ойлан карасан,  
Мұнда ми жоқ, құлақ бар, —*

деп дәл тауып мінеген.

Шындығында да тәуелді рухтан тәуелсіз әрекет шықпайды. Ондай тәуелділіктен қазақ ұлтының толық арылуы үшін тәуелсіздіктен кейін дүниеге келген бір үрпак жаңарып үлгеруі қажет. Ал олардың заманына дәстүр мен дәстүрлі заның қайсысы жетеді, қайсысы жетпейді, тек бір Аллағағана мәлім. Тек сол үрпак ғасырлар бойы тепкі мен тебінде қалған елдің телім-телім тағдырының жыртығын жамап, бірде “қазакта қара сөзге дес бермедім” — деп, бірде “ақылдың азабын” шегіп, күйініп кеткенде:

*Мұндаі елден бойың тарт,  
Мен қажыдым, сен қажы.  
Айтын-айтып өтті карт,  
Көнбеді жүрт, не лажы! —*

деп түнілген ұлы азап иесінің болғанын есте үстап, ескере жүрсе бір ғанибет болар еді.

*Тәүелді заннан тәүелсіз ождан кымбат.  
Ең ұлы, ең қасиетті Заң — Ар-ұят.*

Ол қанағатқа, қайырымдылыққа, “сұық ақылға”, “қол қайратқа” негізделуі керек — дейді Абай тағылымы. Талап және бар. Бұлардың барлығының құдіретін анықтайдын және бағалайтын ұлы күш — мақсат. Сол мақсат болмаса және Абайдың арманын түйсіне жүріп көңілге түюге үмтүлмасақ, тәүелсіз тіршілік үшін талпынбасақ мұнша қазымырланып қаламды қинамас едік. Абайдың тәүелсіз заң туралы ой-тұжырымдарын саралағанда келген бір түйініміз бен пайымдауымыз осы.

Рухани тәүелділіктің ең нәзік әрі жанды тамыры — таным. Абайдың өз тілімен айтқанда “жан бостандығы”. Ол дербес тақырыптың желісі. Енді соған көшейік.

## **8. “АДАМДЫ СҮЙ, АЛЛАНЫҢ ХИКМЕТИН СЕЗ... ”** *(Абай және діни таным мәселелері)*

### I

Жалғанның жалған екенін, жанның тәнге қонақ екенін, “мені мен менікінің мағынасы басқа” (Абай) екенін бар рух-жанымен түсінген әрбір пенде үшін ең нәзік, ең қасиетті, ең нағысты әрі құпия сезім — сенім. Сенім — танымның тамыры. Адам Ата мен Хая Агадан бергі сабакталағын ақыл-ой иесінің түйсігі сол тылсым құштің тұтқынынан шыға алмай келеді.

Канша есті, есірік, ер жүрек, бауырмал болсаң да “шығардағы жаның басқа”.

Сондыктан да жалғанның жалғандығына, дүниенің тәркілігіне, “мәңгілік өмірдің жоқтығына” (Абай), бақылықтың барлығына, мынау “он сегіз мың ғаламның” сенсіз де өмір сүре беретініне. Өзінің, исі адамзаттың “бүгін — адам, ертең — топырақ” (Абай) екеніне сенгің келмей күмығып, құсалы қүйге түсетінің қеміл.

Канша ғұлама болсаң да, каншама өмірге өш бол тусанды, өмір сені қалай жаныштамасын:

*Камзолдай қыска пішken донғеленин,  
Дүние отерінде шыр аиналды, —*

деп Біржан айтқандай, жан күйігі ішінде түспеген адам жок.

Бар дейміз. Жантәсілім сәтіндегі қиналысын білдірмеген не білдіргісі келмеген. білдіргісі келсе де өзін-өзі тоқтатып,

сабырға шақырган адамның айла, амалы ғана. Біз сол амалды малданып, өзімізді-өзіміз жұбатқымыз келеді, жұбатамыз, жұбатуға тырысамыз. Жарық дүниенің сәулесі сөніп бара жатқандағы сананың дәрменсіздігі мен қиналышын, жаннның жан таласын ғұмырындағы ешқандай өкініш, ешқандай куаныш, ешқандай даңқ, ешқандай азап алмастыра алмайды. Өлімді ойламаған, ажалдан сескенбеген пенде — пенде емес, егер шайтанның бар екені және оның Аллаға бойсынбайтыны рас болса, ол адам тұра соның өзі. Қошпелі казак философиясы, “Тұмак бар да өлмек бар”, “Ағаш бесікке бөленсөң жер бесікке кірмек те ақиқат” — дейді.

Пәнидін пәнилігі сонда.

Бұл үрелті сезім, тұнғық таным, құтылмайтын шындық “санасында санылауы бар” адамның барлығын сарсанға салды. Арлы-берлі замандағы өзгөрмеген үкім осы. Эйтеүр, ажалды мойындаған пенде жок. Қорқыт та қашып құтыла алмаған. Сондыктан да ақылдың азабына тұншықкан Абай пенде ретінде ет жүрегі езіліп, санасына сабыр ұялатып, өзін де жұбатып:

Олеін деп өлемейді өтерлік жсан,  
Әсте өлемесін білгендей қылых қылған.  
Ақас телін бас салса, жапы ұрласа,  
Өмір кайды, сен кайды, соны да ойлан.  
Адамзат — бүгін адам, ертең тонырак, —

деп торыққандай қалыппен шарасыздығын сездіреді.

Шарасыздық, ажалдың алдындағы шарасыздық — әрбір пенденің мандайына жазылған жазмыштың жазуы. Бақталайың, тағдырың, пешенең деген ұғымдар соның баламалары. Кейде бүкіл өмірің — өзінің өліміне дайындық сияқты көрінү де сондыктан. Абайдың:

Жарлығына Алланың,  
Ерте ойланған конбек-ти, —

деуінде сондай мойынсұну жатыр.

Жә, “өлімнің бар екеніне” бойсындық. Сонымен қатар айтылатын тағы бір жалғыздың аты бар емес пе? Бүкіл адамзатты бұ дүниенің қызығын киып кетуге иланырган, о дүниеден өлдебір медеу тапқан амалы — сол жалғыздық. Оның аты жер бетіндегі пендelerдің тілінде әркалай аталғанымен, танымдық күдіреті біреу.

Ол — Алла.

Шығардағы жанынды соған аманат етіп тапсырасын. Жанынның терезе таптай тұрғандағы баар тұрағы сол. Сол Алланың шапағатына, қеңдігіне, қайырымына иланып,

иманыңды үйіресің. Алдағы машшар күннің жақсылығынан дәметесің. Көңілінді бекітесің. Өліміннің өзіне жұбаныш табасың.

Жаратқан иемнің жарлығына барлық пенде құлшылық етеді.

Бірақ оның түр-түсін, сипатын, мекен-тұрағын, сөйлейтін тілін ешкім де айтып бере алмайды. Ол тек санадағы сөүлелі бейне. Таныммен таныған құдірет. Әлемдегі танымға құрылған сенімнің (діннің) ешқайсысы оны суреттеп баяндауға, оған түсінік беруге дәрменсіз. Абай үстанған касиетті жолдың “Құран-кәрімінде” ол туралы:

“**Алла жалғыз. Алла мәңгілік. Ол ешкімнен тұмаған және ешкім одан туған жоқ**” — деп хатқа түскен.

Алланың тұрған жері белгісіз. Демек, адамның жаны үялайтын мекен де белгісіз. Бәрі де ғайып дүние. Мұны:

*Белгісіз сөз: “өлді, өлді!”*

*Белгісіз оның мекені, —*

деп тиянақтайды Абай.

Адамзат ғайыптан пайда болды. Өлген соң қайтадан ғайыпқа айналмақ. Тәннің шіріп, топыраққа айналады. Рухыңды, жаныңды Аллаға аманатқа тапсырасың. Рухың мәңгілік. Ол рухыңды жарылқайтын да, жазалайтын да жалғыз Алла.

Міне, адамзат адамзат болғалы танымның жеткені осы. Біз оны сенім деп танысадақ та дін ретінде үстанамыз.

Әр үлт әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне, тарихи жағдайына, табиғатына, тәрбиесіне, санасының даму дәрежесі мен заманның ықпалына орай түрлі бағытты шырақ етті. Пайғамбарлардың Алла мен Ажал, Қияметқайым мен Заманақыр, Ұжмақ пен Тозақ, Пері мен Періште туралы ілімі әлгі санадағы ұғымдық бейнені нактыландыра түседі. Оған өмірлік сипат береді.

Абайдың түсіндіруінше Алланың сегіз сипаты бар. Мұның барлығы философиялық түсініктермен астасып жатқан ұғымдар. Оған кейінірек тоқталамыз. Әзірге сенімнің әлеуметтік астарын әділтеу үшін Абайдың “Он сегізінші сезіндегі”:

“**Ол — Алла тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес, (оған) біздің қызылымыз мұқтаж. (Оны) жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлеп тағрифлан (анықтап, айырып) танымақта керек. Егерде ол сипаттарды бірден тағрифламасақ бізге мағрифат улла (Алланы тану) қын болады. Біз Аллатагаланы өзінің білінгені (сезінгеніміз) қадарлы ғана білеміз, болмаса түтел білмекке мүмкін емес. Заты түтіл хикметіне ешбір хаким**

(ғұлама) ақыл ілеңстіре алмайды. Аллатагала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Аллатагаланы — “бір” (Жалғыз) дейміз, “бар” дейміз: ол “бір” демелік те — ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айттылған сөз. Болмаса, ол “бір” демелік те Аллатагалага лайықты келмейді. Оның үшін мүмкиннен тың (мүмкін нәрсенің) ішінде не нәрсенің ұжуді (мүмкін болуы, бейнесі, сипаты) бар болса, ол “бірліктен” құтылмайды”, — деген тәпсіріне жүгінумен шектелеміз.

Ақылын сауған адамзат ғұламаларының ешқайсысы пендені ажалдан арашалап қалатын және жантәсілім сәтінде сиынатын Алладан басқа құдіретті жұбаныш ойлап тапқан жок.

Сондықтан да сенім — адамның ең нәзік, ең қасиетті, ең намысты, ең осал түйсігі. “Дін — апиын” — деді Маркс. Алланы жокқа шығарды. Бірақ кеңес өкіметі тұсында үш үрпақ өкілі ауысып ұлгерсе де дінге тиым сала алмады. Өйткені, қаншама әлеуметтік теңдікке жетуге ұмтылса да ажал алдындағы адам санасының әлсіздігіне тоқтам таппады. Демек, Дінді ешқандай идеология алмастыруы мүмкін емес. Абайдың:

“Енді мұндай иман сақтауға қорықлас жүрек, айнымас көніл, босанбас буын керек”, — деуі сондықтан.

Абайдың “акылыммен сенген, тағылымды ғылыммен зерттеген, өлтіремін десе де — таймайтын дінін” сақтап қалу үшін неге “корықлас жүрек, айнимас көніл, босанбас буын керек” деп отыр?

Себебі, дін — Абай заманынан ықылым уақыт бұрын-ақ әлеуметтік саяси, ұлттық, рухани тәуелсіздік сипатына ие болған еді. Тіпті дүниежүзілік қарама-қайшылықтың өте күйдіргі құбірткісі ретіндегі қаупіне көтерілді. XX ғасырда да, келер заманда да адамзаттың санасының мәйегі мен жүрек қабының ішіндегі құпия да қасиетті, нәзік һәм қастерлі түйсік есебінде көрініс тапқаны және табары ақиқат шындық.

Оның қоздырушысы — мемлекеттік жаһангерлік саясат, діни өктемдікке ұмтылу үағызы, нәсілдік намысты қоздыру. Діни сенім П.Я.Чаадаев сияқты сүйк ойлы философтардың да ақылын тұмандатты. Ол күш қолдану мен зорлықтың, өктемдік пен үстемдіктің барлық түріне тәбе шашы тік тұра карсы шықса да:

“Қандай да бір піғылды көзлесе де крест жорығы аса тарихи қажеттілік еді!” — деп үзілді-кесілді үкім шығарды.

Нені мегзеді? Оны ашып айтпайды. Бірақ емеурінін түсінуге болады. Онда жоғарыдағы үш піғылдың тілеуі жатыр. Бұл үш піғыл да адамның бір тамшы қанының

құнына татымайды. Алайда ажалды аманаттап тапсыратын Алланың алдындағы жұбанышыңды, сенімінді қорлағанда не қоздырғанда оның бәрі ұмытылады. Көзіне қан толады.

Адамзат тарихы мұның бәрін де бастаң кешірді. Соның ең сүркія көрінісінің бірі — рухани тәуелділік. Рухани тәуелділіктің ішіндегі соракы түрі — Аллаға аманат жаңыңды, сенімінді басыбайлыландыру. Абайдың діни сенімімен айтқанда — шоқындыру. “Зар заман” ақындарының зары халықтың, оның ішінде казақ ұлтының жаңын жегідей жеп, тамырын улап, дінсіздіктің ықпалы көшпелі елдің “жүргегін қорқытып, көнілін айнитып, буынын босатып” түр еді. Абай сол шоқындыру науқанымен бетпе-бет келді. Өзгеге келгенде назаланып қана тынатын Абай өмірінің соңында:

*Патша құдай сыйындым,  
Тура баста өзіңе, —*

деп ашық айтты.

Танымға, нанымға, сенімге зорлық жүрмейді. Түйсік пен сезімнің бұл түрі аса шамшыл құбылтыс. Оны апиынмен тұмандандыра алмайсың. Жаһангер мемлекет пен ұлттар рухы “жан бостандығын” өктемдікпен, саясатпен, үағызыдаумен, нәсілді будандастырумен, қылыштың жүзімен шешкісі келді.

Отаршылдықтың сондай сүркія пиғылышының бұғауына түскен ұлттың бірі — қазақ елі еді.

Өзінің даму тарихында тағдыр тауқыметінің барлық құқайын көрген көшпелі жұрт XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың өн бойында Шыңғыс Айтматов айтқандай, “ел ретінде жойылып кетудің” алдында тұрды. Отарлаушы жаһангер жер мен елді ғана емес, адамның ең асыл сенімін де қорлап, реті келген заматта оны зорлап өзгерктісі келді. Бірінші дүниежүзілік соғыс енді бір он жылға кешіккенде қазақ даласы “крест жорығының” майданына айналуы тарихи шындық еді. Отарлық билік пен зан жүйесі, оку парасы соған алғышарттарды жасап, тек мәртебелі ағзам мен патриархтың жарлығын күтіп отырған.

Бұл тек Ресей империясының ғана отарлау тәсілі емес, барша Еуропа жаһангерлеріне ортақ пиғыл еді. Ажалдан ғана сескенетін пендे үшін оның өкпе-бауырын түгелдей суырып алғанмен бірдей жаһилік болатын.

Адам құқы адамзат ойшылдарының алдында аса маңызды нысанға айналды. Мұндай еркін таным жүйесі қалыптаса қоймаған тұста бұл ұлы тағым еді. Жерге, байлыққа, саяси

өктемдікке елікпеген жандарды діннің күшімен қырғынга батырды. “Жаһат”, “ғазауат”, “крест жорығы” іспетті ұғымдар сол сенім соғысының санада қалған қара көленкесі. Абай тәлім алған философтардың бірі Джон Виллиам Дрэпер “Американың азаматтық дамуы” атты зерттеуінің қорытындысында Көне Азияны қөнекке айналдырган ежелгі Еуропаның осы піғылын талқыға сала келіп:

“Бұл елдерде ғылымның алға басқан әрбір қадамы үлкен керіс туғызады. Ал мұндай рухты өлтіретін қысым жасалмайтын, халықтың рухын білдіретін сан-салалы мекемелер қатар өмір сүретін Америкада өркениетті пікірге бостандық берілуі тиіс. Ал іс жүзінде солай ма? Бұл арада басқадай қыншылық жоқ дей аласыз ба? Телеграф сымдарымен торланған, соның нәтижесінде ақыл-ой жетістігін жылдам әрі арзан жолмен таратуға мүмкіндік алған елдің әрбір жаңа оқиға мен таным бағытына іштарлықпен қарап, сөзсіз мойындататын шынылдықтан ғөрі дөл қазіргі күннің мұддесімен сәйкестендіруге тырысуы жақсылық па, жоқ па?

Адамның жеке менишік пен жеке басының бостандығы қалай қорғалса, ақыл-ой, пікір бостандығы да солай қорғалуы тиіс. Философиялық түйін мен ғылыми жаңалықтарды бүтінгі күннің мұддесімен бағаламау керек, оның ақиқатқа жанаасымы тұрғысынан бағалау қажет... Таза ғылыми нысаналарға қарсы қозғалған қоғамдық, оның ішінде діни қуресті қоздыру — ғылымның алдындағы қатерлі қылмыс, бұл жағдаят әрбір білімді адамды сескендіруі тиіс. Зиялды республика өзін-өзі сыйлата білуі үшін мұндай жәбір-жапа әкелетін арашдатуларға бармағаны лазым”, — деп жазды.

Танымға таңылған зорлық — корлық. Ал мұқым бір ұлттың сенімін жоюға жанталасу — қылмыс.

Інквизиция түсындағы қызыл қырғын мен катыгездік тек діннің ғана мұддесіне негізделтеген, сонымен қатар бір ұлттың екінші ұлтқа өктемдік піғылышының көрінісі. Ресей отаршылдары бұл максатқа аяр саясат арқылы жетті. Буряттар мен сахалар, хахастар, қалмақтар діннен безді. Яғни, адамның ең асыл қасиетін қорлады. Бұл енесінің сүтін еміп есken құлынды мегежінмен телігенмен бірдей.

Зорлап дінге кіргізудің өзі дінсіздік. Рухани тәуелділіктің ең сорлы түрі осы. Табиғи мінезімен сіңген, тіршілік танымына айналған сенімнен айырылу — сүмелектік.

Демек, сенімді өзгерту арқылы бүкіл ұлтты сүмелек етіп, тегін, тілін, дәстүрін, қасиетін ұмыттыру өуелгі тәнір берген жанды суырып алып, оның орнына қолдан будандастырылған басыбайлы, қасиетінен тоналған сүмелектік мінезді

дарыту деген сөз бүл. Аллаға ғана қылп беретін жанды адамның қолымен арам ауыз арқылы жаттың демін салу деген сөз бүл.

Имен дегеніміз өзің иланып қабылдаған ең қасиетті сенім. Сенімнің ұясы — сана. Сананың көзі, Абай айтқандай “жан қуаты” — жүрек. Алланың атымен айтылатын “Құран-кәрімнің” өзі де сенімді күшпен телуге қарсы. Аярлыққа, әбжілдікке, алдауға тиым салады. Алла — сенім бостандығына еркіндік береді. “Кафирун”, яғни “Кәпірлер” атты сүреде:

**“Ей, кәпірлер сендер табынатын пүтқа мен табынбаймын. Мен ғибадат еткен Аллаға сендер де ғибадат етпейсіңдер, сендер шоқынған пүтқа мен шоқынған жоклын, мен ғибадат еткен Аллаға сендер ғибадат еткен жоқсындар. Сендердің діндерің — өздерің үшін, менің дінім — өзім үшін”,** — деп жазылған.

Мәселе, “Құранның” сүресін насиҳаттау емес, Алланың аян беруі арқылы Мұхаммед пайғамбардың айтуымен жазылған сенім бостандығында. Жанның иесі — Алла. Сол Алланың өзі сенімге тиым салып отырған жок. Ақыл-ойға, танымға, “жанның бақылық ұясын” таңдауға еркіндік берген.

Бүл — адамға, оның сезімі мен сеніміне, жалпы жалған дүниедегі жанталасқан тіршілігіне деген құрмет. Оған ешқандай мемлекеттік мұdde жүрмейді. “Жаныңды аманатқа” беретін құдайды өзің таңдал алуға қақылысың. Өз сенімің — сенім. Өйткені, ахирет алдында жауап беретін де сенің өзіңсің. Қай сенімнің жолын ұстансан, соның шартына сай тіршілік кешіп, құлшылық еттің, ендеше сол діннің талабына сай маңшар күнінде есеп бересің

Діннің ең діттеген философиясы осы.

Абай сенім мен ой еркіндігін тұра осы тұрғыда түсінген және соны өзі де уағызыдаған. Ол соқыр сенім мен имансызыңдан қатты шошынған ойшыл. Дінді тек қана сенімдік рәсім деп қарамайды, өмір сүрудің, адамның өзін-өзі жұбатының, ақылға тиянак табуының, тіршілікте тазалықпен ғұмыр кешіп, “ақ өліммен” о дүниеге аттанудың, адамгершілікті сақтаудың бір амалы ретінде түсінеді.

Дін — сенім. Сенім — адамның “жан қуаты”. “Жан қуатының” тіршілік жок. Ендеше, сенім — ең қасиетті ұғым. Сондықтан да Абай:

**“Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылыш жүрсе, оны ол ғибадаттан тиоға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниетінің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, (ғибадат) қылса екен”,** — дейді өзінің “Он екінші” сөзінде.

Абайдың бұл пікірі жоғарыда көлтірілген Джон Виллиам Дрэпердің “пікір бостандығы” туралы ойымен астасып жатыр. Бұл арада иман, иманың шарттары, Алланың танымдық “сегіз сипаты” жөнінде ой сабактамаймыз. Ол жеке әңгіме. Мәселе — танымның жолында. Абай танымды зорлықпен тануға қарсы. Ақылмен, біліммен, ғылымның күші мен өмірлік тәжірибемен Алланы таны дейді. Шын пейілсіз тану — антурғандық. Бұл жөнінде Абай өлеңінде де тоқталып:

*Алла деген сөз женіл,  
Аллаға ауыз қол емес.  
Бінталы жүрек, шын көніл,  
Өзгесі һаңқа жол емес, —*

деуі сондықтан.

Абай үшін сенімнің қасиетті тұлғасы — Алла, Мұхаммед оның елшісі. Сондай-ақ, Пушкин үшін — Иса, Ганди үшін — Будда. Біріне-бірі жалғаса өмір кешкен үш ғұламаның сенімі әр түрлі болғанымен де Алланы, Құдайды, Будданы сенім ретінде тану түйсігі тамырлас. Олар сенім еркіндігін бірінші жолға қойған. Қай сенім болмасын адамның рухы бостандықта болуы кажет. Оны ақылмен, жүрек қайратымен, сезім түйсігімен әр пенденің өзі танып, таңдал алуға тиіс.

Яғни рухани тәуелсіздік дегеніміздің өзі — рух бостандығы, сенім бостандығы, ождан еркіндігі. Мұндай ерікке ие болмаған халық — құл. Басбайлы шаруалардың өзінде сенім еркіндігі сақталған. Ал қазақ халқын Ресей империясы шоқындыру арқылы тұра рухани құл ұлтқа, ұлт емес, мәңгүрт тобырга айналдырығысы келді. Тұра сол пигылды сезген Абай өмірінің сонында ұлтын рухани құлдықтан құтқару үшін өзінің сенімін, “жан үясын”, намысын сақтау үшін таным жолына шақырып:

*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,  
Не қызық бар өмірде одан басқа, —*

деп зілді сұрақ кояды.

“Алланың хикметін сезу” үшін иманың бойында болуы керек. Ал иман үшін, “иман сақтауға — қорықлас жүрек, айнымас көніл, босанбас буын керек”. Бұл дегенініз ұлтық сенімді, сол арқылы рухани бостандықты сақтап қалу деген сөз.

Абайдың танымға құрылған өлеңдері мен “Кара сөзінде” осындағы әлеуметтік, саяси, философиялық астар жатыр. Оның жалпы сенім қақындағы пікірлерін жалан түсіну

жадағайлыққа ұрындырады. Негізгі тақырыбымыз рухани тәуелсіздік жөнінде болғанмен де Абайдың танымды тану тарихына шолу жасаған дүрыс іспетті. Өйткені, дін жөніндегі пікірін сан сакқа таратып, алтып-қашпа пікір туғызып, әрбір мемлекеттік құрылыш, саясат өзгерген сайын Абайды атка теріс мінгізіп қою кесірі қазақ оқымыстысымақтарының мінезіне айналды.

Жалпы Абай “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген түйінге қалай келді? Кездейсок көңіл қүйдің желігі ме?

Жоқ, сөзді тұздық үшін “қыздырмалатып” қолданатын ақын Абай емес. Абайдың әр сөзінің астары мен әдібі бар. Онда танымдық ұғым тамырланып жатады. Кем дегендеге Ғұламані Дауаниге дейінгі және Ғұламані Дауаниден кейінгі шығыс тілмарларының тағылымы талданады. Әйтпесе, адамзатқа ортақ ой қазынысының мәйегін екшеп пайдаланады. “Алла деген сөз женіл” — деп отырғаны да сондықтан.

Аллаға Абай жай ғана Жаратушы ретінде қарамайды, оны адамзат ойының түйінделіп келген жемісінің бірі есебінде талдайды. Кейде Алла деген ұғымның өзі Абайдың мұқым жаратылыстану туралы пікірінің жиынтығы тәрізді көрінетін тұстары да бар. Мұның барлығы білмеуден емес, әр сөздің мазмұндық, ұғымдық салмағын арттыру үшін қолданылған табиғи ақындық тәсіл. Қазақ ұғымындағы кейір танымдық ұғымдар ауыспалы сөз тіркестері арқылы қолданыла беретін занұлдылығын “казакта қара сөзге дес бермеген” Абай жақсы пайдаланып, мағыналық сипатта суреттейді. Абайдың әр сөзінің ауқымы кең әрі мол түсінікті қамтитыны да сондықтан. Қын түсініктерді женілдете жеткізеді.

Сөз бен ұғымның қысысып кетуі жөніндегі талабын оның:

Әуел аят, хадис — сөздің басы,  
Қосарлы байтсымағ келді арасы.  
Қысынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтын Пайғамбар мен оны Алласы, —

деген өлеңі толық танытады.

“Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы”, еkenі рас. Бірақ “қыыннан қыистырап ер данасы” да сирек.

Әйтпесе, философиялық жазба үлгісі жадтан шығып, жаттанды ережеге сүйенген қазақ үшін үлкен сын. Сондықтан да, “Алла”, “Тәнірім”, “Құдай тағала”, “хах тағала”, “Жаратушы”, “Жаратқан” деген ұғымдарды тек қана Алла аты еken деп үтуға болмайды. Алла — кейде жаратылыстың, кейде шындықтың, кейде — ғалам мен ғарыштың, кейде болмыстың орнына қолданыла береді.

Абайды аударғанда кетіп жүрген түсініспестіктердің басты кілтипаны осында жатыр.

Іә, сонымен Абай: “Адамды сүй, Алланың хикметін сез” деген жүгінске қалай келді?

## II

Дін тарихы — таным тарихы. Таным тарихы — адамзат тарихы.

Ең алғаш аспанды нұскап, Алланы аузына алған адамның аты хатта сакталмаған. Бірақ та қалайда бір жұмбак құштің барлығына, тәні мен жаңын аялап тұрған құдіреттің ісіне сенген сана иесі — данышпан. Оның жолдарын түгендеп тауыса алмайсын. Бірақ Абайға қатысты тұстарына келгенде жауап беруге міндеттіміз. Қаншама ғылыми ойымыз жетілді дегенмен де осы таным тарихы бір байыпты негізде тиянақтала жинақталмапты. Пікір көп. Тұжырым жеткілікті. Түйін жок. Мүмкін ол қажет те емес шығар. Бірақ болмыстан тыс жаратушы құштің барлығын ғылыми келеге салған кім?

Абай зерделеп оқыған Дрэперге сүйенсек, ол ғұлама табиғат пен адам арасындағы байланыстың ұлы қарым-қатынасы осы Жаратушы туралы ойға қалған күні деп есептейді. Ол “Американың азаматтық дамуы” атты еңбегінде дінге саяси және әлеуметтік астар бере:

“Идеялық сенімде саяси күш жоқ деп кім айта алады? Мұхаммедтің уағызыштары Гвинея шығанағынан бастап Қытай теңізіне дейінгі аралықтағы адамдардың рухын тебірентті. Ұш құрлық: Азия, Африка, Еуропаны дүр сілкіндірді. Ежелгі империя мен дін жоғалды. Қысты қунгі терезенің әйнегіндегі ғажайып қыраудың оюлары деміне қарай ерісе, Пайғамбардың уағызынан мұқым бір тайпаның адамдары мен олардың мұһимидері солай еріп сала берді. Бір адамиан екінші адамға тараған осышау акыл-ой сенімінде таңғажайып жарасымдылық бар. Әуелі оттың жалынынан тұтанып, содан кейін білтесіндегі жарық қызуын жоғалтпай бірін-бірі тұтатқан шырақ сияқты акыл-ой да бір адамиан екінші адамға ауысып, барған сайын жан қуатыша айналып, ешқашан өшпейтін, ішкі рухын жоймайтын күшке ұласты. Алла жалғыз, оның жердегі елшісі Пайғамбар еді деген бұл пайымдауды әуелі оның сенімді әйелі қостады. Арабстаниның жазғы інірінде қолдарын қусырып шатырдың астында Жаратқанға жалбарынып, енді не істей керектігін көрсетуді сұрады. Бірнеше айдан кейін оларға адал берілген шәкірттердің шырағы қосылды”, — деп жазды.

Табиғаттың қупиясы мен ғылыми нысаналарды жақтаған Дрәпердің өзі Алланың құдіретін сыйласп сөйлеп, адамның сенімін күрмет тұтып отыр. Мұның басты себебі, діннің астарында танымның тарихы тамырланып жатқанын ғұлама білді.

Абай да уағыз арқылы сенімге ие болған жок. Ол танып, біліп, жүргегіне сініріп, ақыл-ойымен Алла үұмының астарына үңгіліп, шын иланған соң мойынсұнған. Алланы тану, Жаратқанның бар екеніне мойынсұну, оның құдіретті қүшіне мұнәжәт ету мәселесі үлкен философиялық тәмсіл. Абай мұны өзінің “Жырма жетінші” сезінде Сократ пен Аристодимнің пікірталасы арқылы береді. Мұнда Аристодим Жаратушының бар екеніне күмән келтіреді. Ал Сократ өз ойын әр түрлі мысалдармен дәлелдейді. Сөзінің соңында:

“Жә, олай болса һамма мақұлыққа қара да өзіңе қара, жанды бәрімізге берілті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей үгарлық қылыш беріп не? Адам алдын, артын, осы күнін-үшеуде тегіс ойласп тексереді. Хайуан артын, осы күнін бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тегіс тексермекке тіпті жок. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғын басып тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һам өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп, бірі қанатына сеніп жүр, бірақ өзінде хайуанды құлданарлық лайығы жок. Адам өзі-өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылыш жаратса, еш нәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылдын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір-біріне ғылым үйретерлік шешенендік салахият (қабілет) ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шашар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар? Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыспен жасалған денеге кіргізіп, мұнша салахият (қабілет) иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұltтан қылғандығына дәлел емес не? Ол дәлел болса, адам баласын артық қөріп, қамын өүелден Алланың өзі ойласп жасағанына дәлел емес не? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағтұм болмай ма, — депті” — ғұлама Сократ.

Екі дегдарға Алла туралы ой жарыстырып отырган Абай.

Осы данышпандардың пайымдаусы арқылы Абай Жаратушының бар екенін өзі де мойындалап, өзгені де соған иландырғысы келеді. Оған Абайдың дәлелі мол. Сократ ғұламаның аузынан дәл осындаі сез шықты ма, жоқ па, оны суыртпақтаудың қажеті бар ма? Бұл арада Абай жалпы жаратылыс пен болмыс занұлдылығы, адамның жүргегіндегі

сезімнің мейірімге құрылған қасиеті, дүниедегі тіршілік иелерінің өзара келісімі қақында ой толғап отыр.

“Аристодим тарихты (зергтей) ойлап тексергенде: адамды жаратушы (Алланың) артық хикмет иесі екендігіне және (адамды) маҳаббатымен жаратқандығына шұбәсі қалмады... Өлшеуіне ой жетпейтүғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пінденің ақылына өлшеу бермейтүғын мыңты көркем законға қаратылып жаратылғанына” оның көзі жетті.

Абай бұл пікірін “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңінде тағы да тәкіралап:

*Бас жоғары жаралған, мойын төмен,  
Караши, дene біткен ретіменен.  
Істің басы — ретін танымактық,  
Иман білмес тағатты (кулшылықты) кабыл көрмен, —*

деп нықтай айтады.

Яғни, адамды мұлтіксіз жаратқан Алланың өмірі дегенге саяды.

Абайдың пайымдауынша, он сегіз мың ғаламның иесі де, оны жаратушы да, ондағы тіршілік атаулыға жан беруші де және олардың бір-бірімен үйлесіп өмір сүруін ынғайластырган да, “законымен жаратып”, “законымен қаратқан” құдірет иесі — Алла.

Абайдың “дін бұзатын шала молдалардың сынағанын желеу етіп оны бүкіл мұсылмандық ғылымның жауы етіп көрсетуге ғадеттеніп қалған зияллылар үшін бұл тосын тұжырым болар, бірақ әңгіменің таным туралы өрбіп отырғанын естерінізден шығармаңыздар. Абай Аллаға шын сендей ме, жоқ па, сенсе де ол Алланы қандай парасатпен таныды, бұл жеке тақырыптың арқауы. Жаратқан ием құат берсе оны да талқыла салатын шығармыз. Ал дәл қазіргі сәттегі біздің айтпағымыз:

*Саяз жүзегер сайқалдар ғапыл қылар,  
Ақиқат ма, дін-дағы теренінде, —*

деп Абайдың өзі нұсқаған бағдарды бір шолып шығып, оның танымының тамырын табу.

Жоғарыдағы мысалдарға илансақ, Абай дінді — ғылым деп түсінген. Ғылым болғандықтан да ол өзінің пайымдауларына сол діннің ішкі таным занұлдылығына мойынсұна отырып, уағыздың ой ырғағының ағынымен жүзе отырып пікір түйеді. Абай медреседегі біліммен шектелмеген. Ол өзі сенген діннің тарихы мен таным тамырын түбекейлей зерттеп, исламияттың ұлы ойшылдарының қатарына көтерілді. Тек

осы уақытқа дейін оның бұл жөніндегі көзқарастары мен тұжырымдары, талдаулары арнайы зерттелмей келді.

Бұл — қазақ ұлтының ойының даму жолындағы ең үлкен саңылаудың бірі.

“Құран-кәрімнің” өзінде де рухани азықты бірінші орынға қояды. Сол “жүрек қуаты”, “жан қуаты” арқылы өзінің ұлылығына тағзым еткізеді. “Баһра” сүресіндегі:

“Сендер қандай жақсылық жасасаңдар да оны Алла біліп тұрады. Рухани азық жинаңдар, ол азықтың ең жақсысы — діндарлық”, — дегеннің мәнісі сонда жатыр.

Мұндағы “рухани азықтың... ең жақсысы — діндарлық” — деп отырғандағы “діндарлық” деген сөздің ғылыми анықтамасы — сенім.

“Қасиетті Құран” сол сенімнің “қорықлас жүрек, айнымас көніл, босанбас буын” беретін оқулығы. Абайдың:

Әуел аят, хадис — сөздің басы,  
Қосарлы бәйітсұмал келді арасы.  
Қисынмен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы, —

деп бағалауының өзі “Құран” сөзіне иланғандығының белгісі.

Қашанда дана адамдардың ой іірімін бір жакты түсіну қателікке бастайтын жол. Абай да солай. Оның Алла туралы пікірлерін таза діні үгымда түсіну немесе түсіндіру жалған танымға жетелейді. Бұл арадағы сөз өзегі — жаратылыштың күпиясын түсіну және түйсінудегі Абайдың ой сарасының арнасы. Ол уағызшы емес, таным түрғысынан талдаушы.

Жалпы мұсылман діні үшін Алладан түскен төрт кітапта қасиетті саналады. Сондай-ақ Мұхаммедтен бұрынғы барлық пайғамбарларды пір тұтады. Мұхаммед пайғамбар өзінің алдындағы пайғамбарларды құрметпен еске ала отырып, олардың өмірінен мысал келтіре отырып, айтар пікірін сабактайды. Бұл реттен алғанды “Құран-кәрім” барлық танымдық кітаптардың қорытынды пікірінің жиынтығы іспетті.

Ал алдыңғы үш кітаптың жолын ұстаушылар “Құранды” мойындаамайды және оған өштік мен өшпенделікке негізделген көзқарасты ғасыр өткен сайын өршітіп келеді.

“Құранды” танымдық негізіне арқау еткен Абай “Інжіл” мен “Таурагаттың”, “Зәбірдің” қағидаларын санасында зерделеп шықкан. Оны жақсы білгендей 1898 жылғы Семейдегі шіркеу поптары мен мешіт қариялары арасындағы он екі мәселе жөніндегі пікірталасындағы уәжіптер мен

мысалдар дәлелдейді. Оның үстіне Абай оқыған Еуропа оқымыстыларының еңбектеріндегі тұжырымдар да оның ақылына мәйек болды.

Соның бірі — Джон Виблиам Дрэпер.

Ол таным тарихын зерттеуші, өз заманындағы ең озық пікірлі ғұлама. Абай оның еңбектерін оқып қана қоймай Семейдегі орыс, поляк достарымен ой бөліскең. Кейбір тұстарда үш кітаптағы танымдық жайларды қатты сүйсіне баяндап, “Құранмен” салыстырып әңгіме айтып отыруды машық еткені бар. Соның салдарынан біраз уақыт Семейдің мешітіндегі қарилар мен ишандар Абайды “шолақ етек шоқындының” қатарына қосқан. Бұл тұс — Абайдың таным үшін ақылойын сабылдырып, өзін де іштей зерттеп, “рухани азық жинап” жүрген кезі еді. Алайда “Төрт күбыланың” түгелін шарлағанмен өмірінің сонында “Құранға” келіп жүгінеді. Оның бұл ізденісі шіркеу мен мешіттің арасындағы діни таласта мұсылмандардың үстем түсінене мүмкіндік жасады.

Бұл өзі үлкен әңгіме.

Қазақты шоқындыру үшін жарты гасыр бойы дайындалған Ресей миссионерлерінің ең соңғы шешуші шабуылында Абайдың білімі мен парасатының және би, болыс кезіндегі іс тәжірибесінің нәтижесінде “Құран-кәрім” кәпірлердің табасынан аман қалды. Сол арқылы Семей өніріндегі мешіттер шектелмегі, қазақтарды шоқындыру науқаны кейінге ысырылды. Мұндай айтысқа түсken Науан хазірет жер аударылды, Ақмоладан Шаймерден Қосшығолов шыкты. Ол жан қысылғанда Абайға хат жазды. Осындаған жанталасқа қарамастан Ақмолада, Қарқаралыда, Оралда, Қостанайда үзын саны жиырма мыңдай адам, оның дені жетім-жесірлер шоқындырылды. Бұл рухани қорлық Абайдың дін туралы пікірлерін ашық айтуда мәжбүр етті. Өлеңде де, “Қара сөзде” де Алла мен Иман мәселеін ой азығы етті. Ол өзінің “Қырық бесінші” қара сөзінде:

“Құдай тәбәрәка уә-тагаланың барлығының үлкен дәлелі — неше мың жылдан бері әркім әр түрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір құдай бар деп келгендігі уә ham неше мың түрлі діннің бәрі де: ғаділет, махабbat құдайға лайықты — дегендігі. Біз Жаратушы емес, Жаратқан көлеңкесіне қарай білетүғын пандеміз. Сол махабbat пен ғаділетке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. “Нандым, сендім” — демек — “нандырамын”, “сендеремін” — деген емес”, — дейді.

Абайдың бұл арадағы мегзеп отырғаны — адамзат атаулының бәріне ортақ бір Алла деген үғымның барлығы

және олардың соған шұбәсіз сенетіндігі. “Неше мың түрлі діннің бәрі дең деп нақтап айтуы соған дәлел. Әйтпесе Абайдың өзі жақсы білестін төрт кітаптың аумағында тілге тиек табуға өрісі жетпей қалған жоқ.

Әлі де ортақ Тәнірге тәу етпейтін, бірақ кез келген табиғаттың құбылысын пір тұтатын қауым мен тайпа жер бетінде өмір сүріп жатқандығын Абай білген және олардың сеніміне құрметпен қараған. Бұл арада ол тек “Зәбірдегі”, “Інжілдегі”, “Таураттағы”, “Құрандағы” Алла үғымын айтып отырған жоқ, жалпы жаратылыстанудағы және оны сезінудегі таным ықыласын, “махабbat, ғаділет, сезім” тамырын басып отыр. Қалай деп атаса да, қалай септесе де, қандай жолды ұстаса да, әйтеуір, адам атаулының белгісіз бір болмысқа табынатын ішкі рухани медетін мезгейді.

Мұны Абай өлеңінде де қайталап баяндан:

Алла — мінсіз, әуелден, Пайғамбар — һаң,  
Мұһмин болсан үйреніп, сен де үксап бак  
“Құран” рас, Алланың сөзі — дүр ол,  
Тәһуәліне (шындығына) жетерлік ғылымың шак, —

дейді танымның жолын нұскапа.

Бұл арадағы “мұһминнің” — мұсылманның мағынасы — ілім іздеуші. “Құран” сөзінің растығын таным арқылы танып, “тәһуәліне” — ақиқаттығына, құбылыстың болмысының құпиясына жету үшін санаасын сарғайтағалымды мұрат тұтқан тұлғаны Абай “мұһмин” деп бейнелеп отыр. Таным арқылы сенімге ұласқан дінді ақылынмен сарала, өзінің ой-өрісің, ойлау қабілетің, тіршілік тәжірибелі арқылы шындыққа жет. Әйтпесе:

“Алла” деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз жол емес.  
Бінталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі һаққа жол емес, —

дейді Абай.

Танымды Абай ғылым ретінде түсінеді. Алла — Абай үшін танымның тұрақты нысаналы тұлғасы. Алланың мың бір аты, сегіз сыпаты бар делінеді. Абай осыншама үғымдардың әрқайсысына дербес баға беріп, осының жиынтық үғымын — Алла деген сөзбен бейнелеп, бір түсінікке сыйғызады.

Алла — танымның бір баламасы.

Алланың мың бір атының өзін түсінірүү үшін Алла, рахым, шапағат, құдірет, қуат, медет, қайырым, дана, сабыр, шыншыл, адал, камқор, ризық іспетті мың бір үғымға талдау

жасау керек. Абай осының ішіндегі сөздердің біразына шолу жасайды. Жан, қуат, ақыл, сезім, толық адам, иман үғымдарына терендең барады. Сондыктан да Абай өзінің ішкі жан дүниесі мен рухани азығының байлығына қарамастан дін жолын ұсташа үшін білімнің аздығын мойындаиды. Тығырыққа тіреліп, ойы мен өмірі түйікталып қалғанын сезген ғұмырының соңғы жылдарында да:

“**Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретесің, білмененіңді кімнен сұрапсың?** Елсіз-күнсіз де кездемені (жайнамазды) жайыш салып, қолына кезін (указка — Т.Ж.) алыш отырғаның не пайдасы бар? Мұндасын шер тарқатар кісі болмаған соң, ғылым (ның) өзі — бір тез қартайтатұғын күйік. Софылық қылышп, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық?” — деп өкінеді Абай.

Соның өзінде де “**күйіктен**”, “**акылдың күйігінен**” қашып құтыла алмады.

Қаламын сияға батырып, ақ қағазға торыққан ойының толғауын түсірді. Есесіне бұл жолды өзінің рухани шәкірті, бауыры Шәкәрім ұстанды. Ғылымның да, софылықтың да, ақындықтың да, өнердің де тынышсыз “тыныштығын” басынан кешірді. Ғұмырының соңында тағдыр оған бұл “тыныштықты да” көп көрді. Өйткені, танымға, сенімге, ғылымға, өнерге, жеке адамның өміріне саясат күштеп таңылды.

Ой еркіндігіне қарауыл қойылды. Дінге саясат араласқан тұста ол адамзатқа тек қана қасірет әкеледі.

Абайдың таным-сенімі кездейсоқ құбылыс емес екен. Ол бұған саналы түрде бойсұнған және “акылмен танып, жүргімен сезіп”, шын көnlімен иман байлаған.

Сол шындыққа, таным шындығына жету үшін ғылыммен қоса дін тарихын да зерттеген. “Інжілдің”, “Зәбірдің”, “Тау-раттың”, “Құранның” тарау жолын, Тәнірі ұғымының пайда болу кезеңін, таным жөніндегі ғұламалардың тұжырымдарын, ең соңында “крест жорығы” мен “ғазауат майданын”, инквизицияның таксіретін санасында саралап шыққан. Ол туралы зерттеулермен қоса көркем шығармаларды да оқыған. Оған дәлел көп. Ертекші Баймағамбеттің “Лейден деген қалада, Инквизиция деген патша болыпты” — деп басталатын әңгімесінің өзі біраз жайды аңғартады.

Оны әңгімелеп беріп отырған, әрине, Абай.

Сондыктан да ислам дінінің көшпелілерге қалай және қай заманнан бастап тарағанын Абай білген. Білді деу аз.

Ол сол туралы Шығыс пен Еуропа, көне түркі тілдеріндегі зерттеулерді зерделей танысадан. Өз ұлтының тарихы жөніндегі деректерге сусыны қанбай Шәкәрімді арнағы қажылықта баруға көндіріп, жолай Стамболдағы, арабтың Шам, Мысыр шаһарларындағы кітапханаларынан мәлімет жинауды аманат еткен Абайдың өзі болатын.

Білген біліміне қанағат етпесе де Абай өзінің “Біраз сөз қазактың тұбі қайдан шыққаны туралы” атты мақаласында исламның көшпелілер арасындағы таралу жайынан хабардар еткен. Әуелде тәнірігे табынған қазактың сенімін өзгертукен заманды да, сахабаларды тұнғыш көшпелілер даласына бастап келген колбасшыны да дәл басқан. Ол түркі жұртының негізін тектей бастағанда-ак:

“Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібіріде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдеттінен, түсінеп туыскандық анық көрініп тұр. Әйтпесе, Енисейскі губерниясындағы Минусинскі уезінде “ясаный татар” атында (деген) бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді және бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды”, — деп тарихты таратады.

Көне түркі жұртының тұмса тұтастырына түскен алғашқы сызаттың бірі осы діни таным.

Көк Тәнірі мен Алланың арасында санасы сарсанға ұшыраған көшпелі түркілер танымдық тұрғыдан алғанда талай аласапыранға тұсті. Танымдық сызат уақыт өткен сайын жарықшакқа, заман ауыскан сайын жол айрығына айналды. Қазір қазақ пен алтайлықтарды немесе Алтайдағы наймандар мен керейлерді, қыпшақтарды, уақтарды, арғындарды, алшындарды олардың тілі мен өніне қарап қана бауыр санайтын дәрежеге жеттік.

Халықтың негізі біреу, танымы — екеу. Сондықтан да тағдыр-талайлары да басқа.

Сенімнің ұлы күші осында.

Қазақ пен қырғызға, өзбек пен ногайға алтайлықтардан гөрі арабтардың жақын көрінетіндігі сонда. Ажал келгенде жанымызды аманатқа тапсыратын Алламыз біреу және жалғыз. Алайда түп-тұқияннан тартқан тамыр мен танымның кайынның шоры сияқты шомырланып, ажыратылмаған тұстары да бар. Ол туралы Абай:

“Сөйтсе де, бұрыннан бақсы, балгерге иләнип, отқа, шыраққа табыннатын әдettерімен (көне түркілер) исламға тез түсініп кете алмайты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса — оны “абыз” дейді екен. Ол “абыз” демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде

не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, ол нәрсені құдай қылып түр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып; “От ана, май ана, жарылқа!” — дегізіп, бас үрғызған секілді; жазғытұрым өуелі бұлт құркірегендеге катындар шөмішімен үйдің сыртын ұрып: “Сүт көп, көмір аз” — деген секілді. Бұған ұқсаған (әдет) көп еді, қудайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды”, — деп түсініктеме береді.

Иә, Алланы танып, мойындан, оның құдіретіне сеніп, “Құранға” илану арқылы қөшпелі қауым, оның ішінде қазак ұлты өзінің сонау түпкі тегіндегі Тәнірінен бас тартты.

Халықтың аты да, жер-су аты да, мәйітті көму дәстүрі де өзгерді. Алып Терек Қыран атты Отыrap ханы өзіне Қайыр деген есім алды. Кет бұқа жырау Иерусалимнің түбіндегі Айн-Жалид қорғанында мұсылман бауыры Ейбарыстың қолынан қаза тапты. Бұл қазақ халқының діни танымы ажыратылмаған тұстағы соңғы құрбандықтарының бірі еді. Абайдың бұдан да хабары бар. Ол:

“Ол уақытта жаңа дінге кірген соң бір Бұхардан басқа шаһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттары бұзыльшты (өзгеріп). Сондықтан да болғанға ұқсайды, әйтеуір, соナン (еліміз) қазақ атальшты”, — деп жазады.

Бұл — тарихи шындық.

Түркінің тұтас аты өзгеріп, тарам-тарам елге айналды. Түркімен, түрік, өзбек, казақ, қырғыз, ногай, қырым татары, башқұрт, татар, қарақалпақ болып телімденіп кетті. Ал Еуропадағы мадияр, болғар, гагаузы, қарайымдар, тіпті Иса пайғамбардың дініне кірді. Бұған бүтіндері “казак” атанып, шоқынып кеткен, тілін де, дінін де айырбастаған Құншақ ханның қол астындағы құба қыпшактарды қоссаныз, түркіден тараған тұқымдардың қандай тағдыр тауқыметіне ұрынғанын аңғаруға болады.

Бұл тауқіметтің тамырында таным, сенім, жан рухы жатыр. Сондықтан да гарасат майданы өте қанқұйлы өтті. Элемнің тарихы мен жағрафиясы мұлдем өзгеріп кетті. Джон Виллиам ҆рэпер танымның осынау құдіретті күші туралы:

“Сонымен, сенімде (идеяда) саяси күш жоқ деп енді кім айта алады? Жеті қат жердің астынан алған алтын мен күміс, темір мен тас көмір, мақта мен қағаз, май, қысқаша айтқанда, барлық шикізаттар ғана Аллаға қызмет ете ме екен? Жоқ, сенім (идея) адамзатты түбірімен дур сілкіндіре алады, идея әлемді билей алады. Мұндай таң қаларлық саяси оқиғалардың себеп-салдары туралы ұзынсонар шұбатылған дәйектер келтіруге болады”, — деп жазады.

Мұндаидәйекті Абайдан да табуға болады

Ислам дінінің қыпшақ даласына келуі түркі қағанатының соңғы хандарының бірі, қыпшақ дәүірінің басында өмір сүрген Сұлушордың тұсында басталды. Талас пен Шудың бойындағы ұлы майдан, шындығында да, ғарасат майданы болды. Екі жақ жанталаса кидаласты. Женеші де, женілуші де анықталмағанымен содан бастап Қек тәнірінің орнын Алла аты алмастырып, самал желмен бірге көшпелілердің рухына иман кіре бастады. Абай сенім жолындағы бұл күресті:

“Әуелден өзін-өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біротала біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Түбінде олар да маңғол нәсілі болса да бұларға жат көрініпті. Соң уақыттарда арабтан бұл Орта Азиядағы дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жана дінге қаратып жүргендерінде Құттайба (бұрынғы басылымдарда Құттайса деп кале жазылған — Т.Ж.) атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да (казақтар да — Т.Ж.) мұсылман болдық депті”, — деп баяндайды.

Міне, сенімнің, Дрәпердің айтуынша — идеяның саяси күші қандай!

Тұтас ұлт төртке бөлінді. Демек, Абай діннің таралу тарихын жете білген. Сондықтан Алланы таным көзі етіп алуы тегін емес. Дін — саяси, ұлттық, әлеуметтік күрестің құлына айналды. Абай соны жанымен сезіне отырып, “азаттық рухын өлтірмес” үшін танымның тәуелсіздігін ұлттың тамырына сініруге тырысты. Сенімді ең қасиетті ұлттық қасиет ретінде бағалады. Ресей отаршылдары мен шоқындыруышы уағыздаушылардың ықтальына түсіп, “жүргі қорқып, көнілі айнып, буыны босай” бастаған қандастарына:

**“Ноғайға қарасам: солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, молда. Медресе сақтап, дін күтүге де шыдайды”, — деп саны аз, бірақ дінге берік бауыр жүртты үлгі тұтты.**

Адамзат тарихына санамен көз салсак, әр заман өзінің сүркүлтай қайшылығы мен қатігездігін майдан сақнасына шығарып отырған.

Барлық қантөгістің көксегені — үстемдік. Ассирия, Фараон, Скиф, Рим, Грек, Вавилон, Византия, Араб, Гунн, Ежелгі Русь, Ханъ әулеті тұсындағы жорықтардың барлығы да өктемдік муддесіне күрүлді. Енді осыған бір буйірден діни соғыстар кеп киілкіті. Бұл бұрынғы қырғындардың бәрінен де қауіпті қақтығыс еді. Өйткені оның астарында адамның жанымен астасқан сенім жатты.

Ал отарлау саясаты кәдімгі мемлекеттік мұддеге үласқан XVIII-XX ғасырларда бір үлтты екінші үлттың рухани құл етуіне әкеп соқтырыды. Нәсілдік үстемдіктің алғышартына айналды.

Абай тұра осындай рухани ғазауат заманда өмір сүрді. Ол өз халқының шоқынуға бет алған зауалды құндерін басынан кешірді. Үлттың ондаған ғасыр бойы қаны мен санасына сіңген сеніммен қоса өзінің тарихынан да, салт-дәстүрінен де, бара-бара тілінен де айрылатынын білді. Сондықтан да Рим папасының Шыңғыс хан тұсында уағыз айтып, мұқым құрлықты өзге құрлыққа қарсы қоюға шакырган ұранының әділетсіздігіне қарсы құресті.

Абайдың діни танымы — үлттық тәуелсіздік үшін қурескен қайраткердің бір амалы еді.

Ол діни танымдық тәуелсіздік арқылы елінің де рухани тәуелсіздігін сақтап қалғысы келді. Өзге діндегі адамдарды, үлттарды, ұлыстарды, тайпаларды қалайда шоқындырып, бір сенімге — христиан дініне кіргізуің жоспарын XI ғасырда Рим папасы жасады да оны бүкіл Еуропаның мемлекеттік саясатына айналдырыды. Ол жөнінде Джон Виллиам Дрэпер асқан шабытпен жазып, Еуропалық одакты адамзатты құтқаратын жаңа жол ретінде бағалады. Біздің негізгі дәлелдемек пікіріміздің кілтипаны Рим папасының осы бір ұранында жатқандықтан да оны толық келтіруді жөн санадық. Миссионерлік саясаттың түпкі мақсаты Дрэпердің пайымдауынша, саяси, діни үстемдікке жеткізген. Ол өз ойын өрбіте келіп:

“Құрлықтардың басын қосатын мұндай талпыныстар адамзат тарихында бүрін да болған. Он бірінші ғасырда мұқым Еуропаны тұтас бір одакқа айналдыруға шешім қабылдаған ұлы адам дүниеге келі, оның басында Рим папасы тұру керек деді де императорлар мен патшалар оның кенесшісі қызметін атқарар еді, сөйтіп біз білетін әр түрлі табиғи жағдайлар мен түрлі тайпалар жайлаған Еуропа тұтас одакқа айналған болар еді. Сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты ойластырылған істін жүзеге асуына тек қана діни негіз ғана дәнекер бола алатын еді... Өзінің ойлаған ісін орындау үшін Григорий VII қандай тәжірибелік құралға сүйенді дейсіз бе? Оның сарбаздары Шотландиядан Испанияға, Атлантика мұхитынан Азияның түкпіріне дейін шеру тартып шыға алатын еді және жолдағы кездескен әрбір монастырь мен шіркеудегі адамдарды бір тілде сөйletip қою да қолынан келетін. Латын тілі христиан дінін алтын өзегі болатын, бірақ оны білімді адамдар ғана пайдаланатын. Ал біздің (американдықтарды

айтып отыр — Т.Ж.) табысқа жетуімізге мүмкіндік мол, өйткені бір мұхит пен екінші мұхиттың, төменгі тап пен ақсүйектер табының арасында жалғыз-ақ тіл қолданылады. Бұл одактық байланыс — аса қуатты байланыс. Ол әр түрлі табиғи құбылыстарды тең екшеуге көмектеседі, өткеннің тарихын ортақ етеді, болашаққа да ортақ үміт артады. Қоңсы халықтар өздерін ажыратып тұрған тау мен өзеннен ғері әр тектес тілдері арқылы бір-бірінен алшақтан тұр; алайда бір-бірінен алыс жатқан адамдардың тобы ортақ тіл арқылы табысуы мүмкін. Олар өздерінің саяси мекемелерінің бекемдігі мен ұлылығына бәтуаласа сенүте дағыланады және сенімлі одақ олардың жеңімпаз күшінің қуат көзіне айналды. Мұндай баға жетпес артықшылыққа ие бола тұрып біз өзіміздің алдымызыдағы ұлы мақсаттың орындалуына шабыттана сенеміз және егерде оларға тосқауыл қоймасақ, табиғи айырмашылықтарды жоя алмасақ, онда олар бізді әр түрлі ұлтқа айналдырып жібермей ме? — деп сұрақ қоюға қақымыз бар. Менің ойымша, оған екі-ақ ауыз сөзben: тәрбие мен өзара тұрақты байланыс арқылы жетеміз деп жауап беру керек”, — деп тәпсірледі.

Дрэпердің бұл пікірін Абай сөзсіз оқыды және қадағалай зерделеп шықты.

Зерделей отырып, өз ұлтына қарата Ресей империясының жүргізіп отырған миссионерлік шоқындыру саясатының түпкі мақсаты мен пиғылыми жете түсінді. Сонау XI ғасырда басталған саяси, діни, нәсілдік өктемдік XIX ғасырда толықтай мемлекеттік саясатқа айналып үлгеріп еді. Тіпті зиялдығалымдар мен ойшылдардың өзіне бұл идея көк бауырдай жабысып, ғылымда европалық астамшылық бағытын қалыптастыруды.

Дүниенің тарихы мен танымын шындыққа емес, әуелі өз ұлтының, дінінің, мемлекетінің, нәсілінің мұлдесіне қабыстыра тұжырымдады.

Сонын кесірінен мұсылмандарға өшпендейділік, азиаттарға кемсітушілік, әлсіздерге басқыншылық пен отарлаушылық көзқарас қалыптасты. Отарлауды анықтау үшін оны артта қалған елдердің ықтисаты мен мәдениетін дамығту бағытында өркениеттің әсері бар деп дәріптеді. Дрэпер де сол “одактық ұлы идеяны” нұрлы болашактын кепілі ретінде алға тартады.

Қаналған, бодан, рухани тәуелділікке түсken ұлттың өкілі қашанда шамшыл, күдікшіл, секемшіл және де сақ келеді. Абай да мұндай күйді торыға кешіп отті. Ендеше Дрэпер жар сала жариялаған “табиғи тілдік одактың, рухани байланыстың, саяси мекемелерінің бекемдігі мен сенім (діни) бәтуаластығының” астарын жүргегі қан жылап отырып

түйсінбеуі мүмкін емес. Оның үстіне массондық идеядан да хабардар Абай ғұлама Дрэпердің шырғаны қайда тастағалы лактырғанын тұспалдады.

Ажал аузында тұрып, тілін кәлимага келтіріп, “лө-иллаһа-иллал-ла” деп иман үйіретін мұһмин жұртының қоніліндегі жалғыз жұбанышын айыруға ұмтылған қасташықпағыр әрекетті барынша жек көрді. Уағызға еріп дінін сатқандарға түршіге қаралы. Имансыздарды ұлт сатқыны есебінде қабылдады. Абай мұндейларға қаратса өзінің “Он үшінші сезінде” қаһарын төге назаланып:

“... Иман сақтауга — қорықпас жүрек, айнымас қөніл, босанбас буын керек екен. Якини (өзі ақылмен ізден тауып сенген) иманы бар деуге — ғылымы жоқ, таклиди (уағыз арқылы иланған) иман бар деуге — беріктігі жоқ; іә азғырғанға, іә бір пайдаланғанға қарап, ақты — кара деп. іә қараны — ақ деп, өтірікті — шын деп, ант ететүғын кісіні не дейміз? Құдайтағала өзі сақтасын! Эрнешік (мынаны) білмек керек: жоғарғы екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында (иманға қарсы келген жағдайда) ешбір пендे құдайтағала кеңшілігімен кешеді-дағы демесін; оның үшін құдайтағаланың ғафуына (кешіріміне), яки Пайғамбарымыздың шағағатына (қайырымына) да сыймайды, (ол) мүмкін емес. “Қылыш үстінде серт жоқ” — деген, “Құдайтағаланың кешес күнәсі жоқ” — деген жалған мақалды қуат көрген мұндей пенденің жүзі құрысын (куйсін)”, — дейді қатуланып.

Абайдың бұлай күйінбеске амалы да жоқ еді.

Отарлық бодандық, іріткі саясат елін аздырып, үрпағын тоздырып бара жатты. “Заманақыр жастарының” “саудасы — ар мен иманың болды. Тіпті Көжекбай іспетті пысықайлар да Алла атын жамылдың қулық пен айла, пайда мен арамдық сауды. “Шелтірейген орыстың” шенінің түймесін көріп, дүниені төңкергендей күпсініп;

“Жауынды алдан қайттым” — деп,  
Құдайдан қорықтай ант үрган,  
Иманның жұзін тоздыратын. —

Сүркіялар шықты.

Абайдың жүргегіне тікен боп қадалып тітіркенткен жалғыз имансызы Көжекбай емес еді. Қоғ болатын. Соған түңілді. Тіпті үміт шырағы сөніп, сүйікті ұлы Әбіштен айрылған шақта да Абай Алладан медет күтіп, келіні Мағышты:

Ұмытқаның жарамас,  
Жаратушы құдайды

*Расуілі (Мұхамнедты) алған бұл өлм,  
Кімнен жөнди сұрайды, —*

деп жұбатады.

Демек, Абай жаратушы Алланы өзінің “қырық жамау жүргегінің” жұбанышы, ақыл жұбанышы, жалған дүниедегі жалғыз алданышы және “көnlін бекіткен, буынын қатырған, жүргегін орнықтырған” тірергі ретінде таным арқылы таныған. Алла тек діннің қазығына емес, Абайдың рухани азығына айналды. Енді сондай қасиетті сенімді жойып, үлтyn шоқындыру үшін мемлекеттік саясат жүргізген жаһангер жүртқа деген Абайдың көnlінін қалай қалғаны және Ресей империясы жаппай шоқындыру саясатын қалай жузеге асырмак болғаны туралы әңгіме ілгеріде сабакталады.

## **9. “ИМАН ІЗДЕ!...”**

*(Абай және шоқындыру саясаты)*

Жанынды, рухынды ажалға айырбастап алған иманыңнан қасиетті, иманыңнан қымбат, иманыңнан намысты еш нәрсе жоқ. Ал иман — Абай үшін рухани тәуелсіздіктің кепілі.

Иман — ата-баба әруағының жебеушісі.

Сені бақиға аттанған бейнелермен жалғастыратын жалғыз сөule сол иман. Олар иманына сеніп о дүниеге сапар шекті. Әруағы сенен құран дәметіп жүргеніне сеніп, ұмытпай хатым түсіртесін, өзін де иман тілейсін. Жаныңың қыл үшіне байланып тұрғанын сезініп тәубене келесін. Шаригаттың шартынан шықпайсың. Пайғамбардың ақ жолынан жаңылғың келмейді. Өйткені ғұмырыңың өзі сол иманыңа дайынды.

Ал осындағы ынтызарлықпен тілеп алған иманынды имансыздыққа қалай айырбастайсың? Жалпы айырбастауға бола ма? Оны былай қойып, иман дегеніміз айырбасқа жататын қасиет пе? Иманды сататындағы басына не күн туды? Егер басына күн тумаса Абай неге бұлай күніренді? Неден сақтандырды? Сенбесеніз “Жиырма сегізінші сөзіне” көз қылғын салынызшы. Мұнда ол:

“Құдайтағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге гибадат парыз деген екен. Және әрбір рас іс ақылдан қорықласа керек. Жә, біз енді (енлеши) ақылды еркіне жібермесек, құдайтағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? “Мені таныған — ақылмен танып”

— дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрган жалғаны жоқ болса ақылды (акылмен) оны ойлама дегенімізге пеңде бола ма? Ақылы тоқтамаған соң діннің өзі нeden болады? Әуелі иманды түзетпей жатып қылған гибадат не болады? Жоқ, сен (илан) жақсылықты, жамандықты жаратқан — құдай, бірақ (жамандықты) қылдырган құдай емес; ауруды жаратқан — құдай, ауыртқан құдай емес; байлықты, кедейлікті жаратқан — құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес — дең наңып үқсан болар, әйтпесе (иманың) жоқ”, — дейді ғой.

Яғни “әуелі иманды түзет!” — дейді. Неге? Абай неге сонша зарлаг иманды корғап отыр?

Себебі иман — адамгершіліктің, танымның, тұрақтылықтың, рух жақындығының нысаналы нысанасы! Ең қасиетті сенім мен сезімнің жиынтығы.

Иман өзгерсе — дінің өзгереді. Дінің өзгерсе — дүние-танымың өзгереді. Таныммен қоса сенім де, сенімге орай дәстүр де, дәстүрге сай тәрбие де өзгереді. Фылым мен өнер де басқаша мұрат-мақсатты нысанана етіп, жат арнаға түседі. Солардың ықпалымен адамдардың арасындағы қарым-катаинас, бауырмалдық сезім, тектік қасиет, сыйласым мен сыйластық та өзгеріске үшірайды. Дәстүрлі заң да, тұрмыс-салт та, биліктің түрі де жаңа низамның ырқына бейімделеді.

Мұның барлығы жиынтықтала келіп ұлттың өткенін ұмыттырады.

Демек, әлгі халықтың ежелгі тарихы жойылады, санадан өшеді. Бүтінін өзі күртады. Келешегі де кесілді деген сөз. Кәдімгі мәңгүртке айналады. Яғни иманын сатқан ұлт атабабасының әруағын да, өзін де, ертенгі үрпағын да корлап тірі өлікке теңелді.

Рухани тәуелді, таным тұрғысынан басыбайлы болу арқылы толықтай ұлттық қасиетінен айырылып, жансебіл күн кешіп, бишара тірлік иесі бол қана қалады.

Рухы өлген ұлт — қайта тірілмейтін, құруға бет алған ұлт.

Ал мұндаидай қатер дәл Абай өмір сүрген тұста қазақ халқының басына төніп-ак тұрган. Рим папасының жар салған үндеуі бұған дейін түркі тектес хахас (татар), сака, бурят, қалмақ іспетті ұлыстардың тағдырын шешіп, танымын өзгертіп, шокындырып үлгерген-ди. 1822 жылғы I низамнан басталған миссионерлік саясат 1868 жылғы екінші низамның тұсында нақтылана түсіп, 1892, 1898, 1902 жылдары оны жүзеге ассыратын жоспар жасалды. Сондай хаттың бірі Абайдың да қолына түсті.

Бұл хат ақынның дүниеден түңілуіне негізгі себептердің бірі болды.

Абай мұны рухани қорлық деп түсінді. Сондыктан да өлеңдері мен “Қара сөзінде” діни таным қақында бұрынғыдан төрі терең бойлай талдап, өз көзқарасын білдірді. Егерде миссионерлік саясат осы күйінше екпін ала берсе, онда қазақ ұлтының кабірі таяудағы ширек ғасырда қазылып бітіп, жантәслім беретін сөтін күту ғана қалатынына көзі жетті. Дүние, жалған, өмір жөніндегі философиялық ойлардың ішіне Алла мен Иман үғымын жиі кіріктіріп, өзінің көзқарастарын:

*Алланың, Пайғамбардың жолындамыз,  
Ынтымазды бұзбастық — иманымыз.  
Пайда, мактан, әуескөй — шайтан ісі,  
Кәні біздің нәспіні тығызымыз, —*

деп жариялауға көшті.

Абай үшін бұл саяси курестің бір түрі еді.

Ол қолына қару емес — қалам алды. Дүшпанына оқ атпады — сөз атты. Рим папасы мен Патша ағзамның пәрменіне ақын Абай азamat ретінде қарсы шыкты. Алғашқылары жат дінді ұстанған ұлттарды шоқындырып, рухани құл еткісі келген. Екіншісі, “жан бостандығын” тілеп, рухани тәуелсіздікті Алла, Иман деген үғым арқылы білдіріп:

*Мұһмин болсан әуелі иманды бол,  
Пендеге иман өзі ашады жол.  
Шыр айлан да таза ойла бір иманды,  
Мұғафик (екі жүзді) намаз қылман на мағлұм ғой ол, —*

деп өзі пайғамбардың ақ жолын көрсетеді.

Әрине, бұл таным тайталасы тең дәрежеде құш сынаса алмайтын. Христиандық жаһангердің он ғасырға жуық шоқындыру тәжірибесі мен европалық ақыл-ой үстемдігінің өрши түскен ағымының ағынына тосқаул қою Абай өмір сүрген заманда мүмкін емес еді. Ұлттың рухани тәуелсіздікті сезінуі үшін белгілі бір қоғамдық, саналық тезден өтуі тиіс еді.

Оған қазақ қауымының ішкі дайындығы жетпейтін.

Ресей империясының аяр саясаты мен православие патриархының шоқындыру пиғылы қабыса келіп, қазақ халқының рухын түншіктыруға бағытталды. Патриархтар мен архилейлердің, такуалар мен миссионерлердің, Патша ағзам мен министрлердің, генералдар мен полковніктердің, атамандар мен жұзбасылардың, солдаттар мен келімсектердің ашылған араны қазақ ұлтын жұтып тынбай тоят

таппайтын тәбетке айналды. Қаржы да, қару-жарак та үағыздардың негізі жазылған кітаптар да, оны жүзеге асыратын мамандар да сакадай сай тұрды.

Көшпелі қауым ырқына қөнбесе кез келген сәтте қызыл қырғынға батыруға өзір еді.

Абайдың қоюнда мұндай дәрмен болмады. Абай дейміз фой, исі қөшпелілердің басынан бақыты тайған зауалды заман еді бұл.

Түркі қауымының тектік, мемлекеттік, танымдық тұрғыдан азып-тозып, санасы бір сәтке қалғып кеткен тылсым тұс болатын. Өзара қырғыннан әбден титықтаған тұқымдық тектің, Лев Гумилев тауып айтқаныңдай, сұлай құлап солықтан жатқан шағы-тын. Сондай бейуақта батыстан екі басты самұрық шығып, “Азия қақпасындағы” үлттарды құзғын боп қылғуга аттанды. Орыстардың намысына қаншама кір келтірмеуге тырысқанымызben, ешқашанда отаршылдық әрекет пен шоқындыру саясатын актауға болмайды. Өз үлтyn өзі басыбайлы, құлдық дәрежесінде ұстап отырған патшалық Ресейдің дәбірлері де, миссионерлері де сондай топас, можантопай, беті қалың “қара жұзділер” еді.

Олар отарлау мен шоқындыруды да сондай қатігездікпен, қара ниетпен, қарабайыр күш қолдану тәсілімен жүргізді. Зенбірек пен “Інжіл” бірдей іске қосылды.

“Әскери серуендер” мен жазалау жасақтарының қанқұйлы жолын тілге тиек етпей-ақ қоялық. Тек танымдық тұрғыдан аяр ham жымыскы және аяушылықты білмейтін орыс мұжығының қолындағы екі жұзді балта іспетті бір беті — қанға, бір беті — қөлгірсіген “мейірім үағызына” суарылған шіркеу саясатының өзі де жан түршіктіреді.

Озгені былай қойғанда, орыс рухының бостандығының ту ұстары болған “желтоқсаншылардың” көсемі П.И.Пестельдің өзі:

“... Халық атаулының барлығы жойылып бір ұлт құрауды тиіс, ал Ресейді мекен еткен елдің түгелі орыстануы керек”, — деп жазса, будан гөрі қорқау пигылдардың қандай мақсат көздегені айтпаса да түсінікті.

Тілті патшаның құпия кенесшісі, сыртқы істер министрі болған Нессельрод қазақ халқының өмір сүруінің өзін көп көрді. Ол өзін Николай I патшага жасаған мәлімдемесіне қара жүрек пигылын жасырмай ашық айтып:

“Шекаралық шекті ішке қарай жылжытудағы үкіметтің басты мақсаты сол арқылы егін егетін жердің көлемін барынша ұлғайтып алу болып табылады... Ол үшін осы арада көшіп жүрген қазақтардан бұл жерді тазарту керек”, — деп “жоспар” ұсынды.

Жоғарыдағы екі мырза да өз дәүіріндегі орыс зиялла-рының ішіндегі ең ықпалды және білімді, белгілі бір дәре-жеде тарихка із калдырган адамдар. Ал олардың өзі жат үлтқа мұнданай жек көрінішпен қарағанда өзге можантопайлардың санасы мен қеудесіндегі пасықтық пигыл мен қасиетсіздікке таңдануға болмайды.

Міне, Абай осындай корқау заманда өмір сүрді.

Табиғат берген ұлы қабілет пен зерде оның “жан күйігіне” айналды. Не таным жолын таңдаудағы “ерік өзіне тимеді”, не “етекbastылыктan” құтылмады.

Өйткені: Абай бар болғаны — бодан, басыбайлы, рухани тәуелділікке ұшыраған үлттын азат рухты азаматы ғана еді және жалғыз болатын. Оның сенетіні — үлттын жан ұясына ұялаған, санасына сіңген, ділімен тамырласқан иманы ғана-тын. Өзге дәрмен мен пәрменді тағдыр оған бермегі. Сол иманды бекіту үшін санасын сауды, білімін пайдаланды, таланттын жұмсады. Өзі де өзінен бұрынғы ғұлама қандастары сияқты шоқындырудың шыргасына, отаршылдардың ырқына түспеді.

Ондай қауіп Абайға бір емес бірнеше рет төнген. Соның барлығында да шырмауықтың торынан құтылып отырған. Бұған әкесі Құнанбайдың көрегендігі мен тәрбиесінің ықпалы қатты әсер етсе керек. Он уш жасында орыс окуына жіберіп, “хат танырлық” (Абай) болған кезде, алты айдан кейін ауылға алып кетуі Абайды отаршылдардың талай арандатуы мен құйтырқысынан құтқарды. Қаладан санасының саңылауы аршылған тұста іргесін аулактатқан Абайға ағартушылықтың атын жамылған миссионерлердің идеясы қонып ұлгермелі. Ол Құнанбайдың дәстүрін ұстап, билік қамшысын қолына алды, қажы әкесінің тілеуін тіледі.

Сөйтіп, елі мен діні туралы дербес пікірі қалыптасып, жеке басы да, ақыл-санасты да тәуелсіздік алған тұста барып таным талқысына тұсті. Қыршын жасынан жалпы-орыстық, Дрэпер айтқан еуропалық, дүниелік “пікір одағы” идеясын нәзік тамырына дарытып алған Шоқан мен Ыбырай сияқты өмірінің сонын өкінішпен өткізбеді. Тұңғлі, бірақ, рухани танымдық құйзеліске ұшырамады.

“Жалпы еуропалық” идея мен миссионерлік ағартушылық саясатының тұрғы максаты біреу — діні де, тілі де ортақ ұлт қалыптастыру болатын. Эрине, ол дін — мұсылмандық емес, ол тіл — түркі тілі емес, Шығыс Еуропада — орыс тілі мен православие діні үстемдік құруы тиіс еді. Пестельдің де қөксегені осы. Шоқан мен Ыбырайдың рухани азабы жөнінде Смағұл Садуақасұлы дәл тауып айтты

және осынау сырты — жақсылықтен, іші — қара ниетпен сырланған жымысқы ағартушылықтан жас өспірім үрпақты сақтандырган ол, өзінің жастарға арнаған сөзінде мұның астарын қазбалап тұрып жеткізеді.

Ол 1926 жылдың 29 жүлдэзында Ташкент қаласында қазактың тұнғыш жоғарғы оқу орнының бір жылдығына орай сойлеген сөзінде миссионерлік ағартушылықтың зардабы туралы айта келіп.

“Осы тұста өткендегі бір жайларды еске сала кетудің де залалы жок. Кешегінің мысалы біздің ішерідегі жұмысымызға сабақ болуы тиіс. Қазақ жұртының Еуропа цивилизациясымен “мәдени” байланысының әр түрлі қыры бар. Өткен ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Алтынсарин деген бір қазағымыз болды. Алтынсарин — орыс мәдениетіне ауыл үй қонған алғашқы қазактың бірі. Біреуден қаймықданынан емес, өзінің ар-ожданымен правоставие миссионерлеріне көмектескен адам, орыс-қазақ мектептерін алғаш үйлемдистырган да, қазақ жазуын орыс әліппесіне көшіруді көзделген де осы кісі. Ол әйгілі орыс оқымыстысы, миссионері Ильминскийдің досы болған, соған қалтқысыз қызмет еткен. Міне, дәл осы Алтынсариннің өзі өлөр алдында: өзінің қазасын аза тұтуға бірде бір орыс адамын араластырмандар, тіпті маған етene жақын жүрген жандар болса да жуығиандар, — деп тапсырған. Және “Жаназама 99 молда шақырындар”, — деп өсінет калдырған. Бұл, әрине, көзі ашық деген зиялды қазактың басындағы трагедия еді. Орыстармен үзақ жыл үзенгілес өмір кешкен пенденің көңіліне түйгені, орыс миссионерлерінің қазақ жұрты үшін еш жақсылық ойламайтынына әбден көзі жеткен адамның көкірегіндегі қасірет болатын. Бәлки, бұл оның тіршілікте өз қолымен жасаған күнәсін қазақ деп қарс айырылған жүргінің жан тәсілімдегі айыптауы болар. Қалай да, ол пәлен жыл бірге істеп, біте қайнасқан орыс ымыраластарынан өлерінде безген” — деп тілге тиек етті.

Тұлғи мақсаты туған ұлтының мұддесі болғандықтан да Ыбырайдың ғұмыр сонында Николай Иванович Ильминскийден бесе — безетіндей жөні бар еді. 1846 жылдан бастап Қазанның діни академиясының “Мұсылмандарға қарсы құрес бөлімі” кафедрасын менгерген Н.И.Ильминский жылды жылды сөйлеп, жыланды інінен шығаратын жымсыма пиғылын Ыбырай миссионерлік ағартудың өмірге ашық енгізіле бастаған тұсында бір-ақ білді. Оған дейін Ильминскийді әкесімен тең дәрежеде құрметтеді. Ал жалған ағартушы болса:

“Алтынсарин қазактардың ортасында өзі мектеп апса, орыс һарпін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары әдейі істеп

отыр дегізбей, өзі ашқан сияқты бол сырт көзге көрінсе жөне оны ашқызып отырған орыс чиновниктері екенін халық сезбейтіндегі етіп жұмысқылап жүзеге асырса, бұл илея Алтын-сариннің идеясы болыш халыққа сіңіп қалар еді”, — деп астыртын сыйсымда хатты Ағарту министрлігіне жөнелтіп жатты.

Бұл шыргаға Ыбырай жақсылап тұрып тұсті. Өзінің миссионер болып шыға келгенін бірте-бірте түсінді. Екі оттың ортасында қалды. Мұны Мұхтар Әуезов:

“Ол шіркеу мен мұсылмандық ықпалдың қысымында қалды, екі бүйірінен бірдей шашу қадалды. Мұсылмандар болса оны қазақ шәкірттерін шоқындырығысы келді деп құстаналады, ал оған реңи түрде кенес берген Ильминский болса нағыз миссионер-християнның өзі еді, ол жұрттың бәрін осы мектеп арқылы тезірек орыстаңдыруға болады деп сендіріп, өзінің діттеген идеясын табандап тұрып жүргізді”, — деп түсіндірді.

Ақыры Ыбырайдың исі орыс жұрттынан тұңлуіне алып келген мұндағы оқиға кездейсоқ жай емес-ті. Смағұл Садуакасұлы өзінің сөзін бұдан әрі:

“Бұдан дарынды да, елге жайылған атак-данқы да асып түспесе кем емес тағы бір қазағымыз өткен, Ол — Шоқан Үәлиханов. Бұл — орыстың Шығыстағы адал қурескері болған. Үалиханов патша үкіметінің соғыс министрлігіне дерек жинау үшін Қашқарияға құпия сапар шеккен, дүниеден өтеріндегі мінезіне қарасақ, оның да ақыры Алтынсарин сияқты аяқталғанын көреміз. Ол да өмірінің соңында барлық орыс достарынан безген; орыс армиясының осынау бір сымбатты офицері кең қолтық қазақ шапаны мен қырдың саптама етігін киіп, сакараның шалғайындағы бір ауылда бұл пәниден өткен. Сібір аймағының билеушісі Ядринцев өзінің азанамасында: Шоқан Үәлихановтың қасіретті қазасы европалықтар үшін өктем ескерту, бұл әрі орыс адамын ойландыратын сабак, — деп атап өткен болатын. Жұрттымыздың үйқыдан оянуының таң сәрісінде тіршілік кешкен зияль қазақтарымыздың мәдени Еуропамен қалай арасын, не харекет қылғандығын байқау үшін осы екі мысалдың өзі-ақ жеткілікті ғой деп ойтаймыз... Алтынсарин мен Үәлихановтың басына тәнген ішкүста қасірет сол кісілердің өзімен қоса о дүниелік болған шығар деп үміттегенеміз”, — деп жалғастырады.

Өкінішке орай, Смағұл Садуакасұлының бұл үміті ақталмады. Ыбырай мен Шоқан отаршылдық пен миссионерлікten соңғы құрбаны емес еді. Аяр ағартушылықтан күтілғанына куанған оқу ағарту комиссарының өзі де төрт жылдан кейін “коммунистік колонизаторлықтың” құрбандығына шалынып. Шоқанның тағдырын құшты.

Ал Абай сол үмітті сәтті көре алмай тұнілумен дүниеден өтті.

Аса талантты Шоқанды қабірге жетелеген дерптің бірі де осы миссионерлік ағартушылық еді. Түркі халықтарының қамқоршысымағы ретінде танылған Н.М.Ядринцевтің өзі Шоқанның қыршыннан қылған өлімін шоқындыру идеясына пайдаланғысы келді. Ол үшін Шоқан ең алдымен насихаттың құралы, содан кейін барып ғалым болатын. Шоқанның Черняев жорығынан, Петербургтегі ғалымдардың миссионерлік пифылынан көnlі қатты қалып, ақыры орыстық идеяны ұстаған әкесіне де ренжіп дүниеден баз кешіп кетті.

Өзіне бейтаныс елді жағалап, Алтынемелдің топырағын жамылды.

Бұл да халқына көрсеткен бір мінезі еді.

Шоқан өзінің әрбір ақыл-ой жетістігі арқылы ұлтын рухани тәуелділікке баулитынын сезді. Мұның тарихи миссиясы миссионерлікке жол ашу екендігін көш түсінді. Түсінді де өз таланты мен талабына тығым салды. Шоқанның ең ұлкен қасіреті сол еді. Оның перзенттік парызын адал өтей алмайтыны анық еді. Себебі, мұның астарын Шоқанды жақсы көрді деген Н.М.Ядринцевтің өзі:

“Бұратаналардың экономикалық және азаматтық тіршілігінің жақсаруына байланысты бұратаналардың рухани дамуы (шоқындыру деп түсініціз — Т.Ж.) мен білім алудына көмек көрсетуді ойлайтын да кез туды. Біз бұл арқылы жалпы адам құқығының еркімен қоса көнтиген бұратана нәсілдерін құтқара аламыз деп батыл айта аламын. Егерде біз олардың арасынан сауатты, қаны мен тегі бір, сол халықтың рухы мен мінезін білетін, халықтың тарихымен тамырласып, өзінің жан дүниесі мен жүргегін, маҳаббатын бұратаналарды будандастыру (Эманципациялау, яғни шоқындыру — Т.Ж.) іспетті біздің ұлы мақсатымызды жүзеге асыратын және бүкіл ғұмырын өз бауырларын қорғауға (жат діннен — Т.Ж.) жаңын сала бағыштаған адамдарды тәрбиелеп шығармасақ, онда біз бұратаналарға әсер ететіндегі өзге тәсілді ойлан табуымыз көдік, онда біздің қайырымды құтқаруши қайраткер, ең бастысы, бұратаналардың қабілегі, қамқор жетекшісі және ұстазы болуымыз екіталай. Бұратаналардан мұндай тұлғалар оте аз шықты. Керісінше, біздің уағызымыз бұратаналарға кесірлі кейінте сіңірілді. Орыстандырылған әр түрлі тәржімашылар, шолақ етектер (кенсе қызметкерлері) және басқарудың тетігін меңгерген бұратана сұltандар мен тайшылар орыс қанауышыларынан да бетер қиғылық салып,

өзінің туыстарының ең кесірлі дүшина мен жәбірлеушісі болып шыға келді. Шоқан Уалиханов пен Доржы Банзаров сияқты жалғыз-жарым тұлғалар гана өзінің халқын жалынды ыстық жүргімен және европалық ғылымның жарқын да салауатты нарасатымен сүйе жүріп бұратаналардың үмітсіз келешегі мен түйікка тірелген қасіретіне көзі жетті, сонымен қатар қалыптасып келе жатқан жаңа жағдайдаң (орыстандырудың — Т.Ж.) шатқаяқтығын сезіп, қайғы-қасірет жүтқан олар жанталаса айқайлан, өздері шыққан қапас шынырауга қайта құлады”, — деп ашық жазды.

Шоқанның ширыға шымырқанып, ақыры тұнғиыққа батып тынуының себебін Н.М. Ядринцев дәл тауып отыр.

Шыныдағында да, асыл тексті, бекзат ойлы, сұңғыла на-мысты Шоқан өзін ет комбинатының қасапханасына отарды бастап баратын ку мүйізді серке — “козел-provokator” іспетті сезінді. Бұдан үлгі алған үрпакты да сол тауқымет күтіп тұрды. Оның шенге де, шекпенге де, әке үгітіне де қарамай бетін патша қенсесінен теріс қаратуының мәні осында жатыр еді.

Мұндай талантты тұлғалар орыс империясына да, православие миссионерлеріне де аса қажетті-тін. Шоқан Петербургте жүріп соны түсінді. Тіпті, “мен сізді тұған бауыримнан да артық сезіммен сүйемін” деген улы Федор Михайлович Достоевский, XIV ғасырдағы “Алтын орда” төресі Арсылан-бектің тұқымы Федор Михайлович Достоевский бұратаналардың шоқынуын тарихи заңдылық деп бағалауы сол тұстағы орыс оқымыстыларының барлығының да миссионерлік қөзқарасты қатты ұстанғандығы және оны “бұратаналарды күткеру, оқу ағарту” жолындағы “ұлы мақсат” ретінде бағалағаны — діні басқа ұлттың рухын қорлау еді. Ең бірінші бол оны ұғынған және сол рухани тәуелділікке шыдамай булығып өлген иман иесі — Шоқан Уәлиханов болатын.

Орыс мәдениеті оны ақыл-ойдың биік нарасатына көтерді, орыс отаршылдары мен миссионерлерінің “күтқарушы ағартушылық саясаты” оны көрге тықты.

Сондай құрбандықтарға қүйінген Абай кейде өзін-өзі:

*Ары кеткен алдағыш,  
Мені-ак алда, сөкнейтін  
Балы тамған жас қамыс,  
Ормасаныш қөктейін, —*

деп салауат жолына атайды.

Дербес тәуелсіздікті ойлаған қазақ оқығандарының патша тұсында да, кенес тұсында да түрмеге түспей

күтүлғандары шамалы. Олардың дені “көктей орылып” кетті. Абайдың бұл сөзі Шоқанға айтылған жоқтау сияқты.

Өйткені қарауылдың ұшына қашанда таланттылар бірінші ілінеді.

Ал империя мен православие миссионерлері ең алдымен жат жүрттың арасынан шықкан оқымыстылар мен таланттыларды өз ықпалына алып, ырқына көндірге тырысады. Олар орыс тәрбиесінен тәлім алған тұлғалардың тарих сахнасына көтерілуіне мүдделі болды.

Миссионерліктің өзегі — уағыз, уағыз өзегі — насихат.

Насихат арқылы православие мен отаршыл империяның беделін асыру көзделді. Олар қалай сақ қымылдаса да орыстандыру мен шоқындыру саясатының әшкереленетінін билді. Білгендіктен де халықтын рухани ашуын жұмсаарту үшін тілге гиек ететін “ұлы ұлт” қажет еді. Фылымға миссионерлік қызметінің себепкерлігімен келген Н.М.Ядринцев өзінің “Орыстық Шығыстағы бұратанаlardы ағарту” атты мақаласында:

“Соңғы уақыттарда алдына жалғыз-ақ мақсат — қазақтарды орыстандыруды ғана көздеңен оқу жүйесін бастауга бірнеше талпыныс жасалды, оның ішінде ерекше пансионаттар мен интернаттар болыстар жинаған қаржының күшімен ашылды, яғни мұндай мекемелердің ашылуынан зәресі ұшатын қазақтардың өз қаржысы жұмсалды... Оқу мен орыстандырудың бұл тәсілі пайда әкеle ме, жоқ па, белгісіз, бірақ та қазынаның көк тиіны шықпайтыны анық. Сұлтандардың балаларының бірен-сараны әскери оқу орындарында тәрбие-леніп жатыр, мұның өзі тек Батыс Сібірдегі қазақтардың санына шаққанда өте мardымсыз. Жоғарыдағы келтірілген деректерге жүгінсек, біз бұратанаlardы оқытуға көніл бөлмен-піз, бұл ортадағы ағарту жұмысы ешқандай да нәтиже бермепті. Отарға айналдырған елдердегі Англияның жат жүрттың терісін сыйыра қанап жатқандығы туралы қанша қақсасақ та, Индияда мектептер мен университеттер пайда болды, индуистардың арасынан Рамогун Рой, Дворканат, Жиджибтай сияқты тамаша ғалымдар мен қайраткерлер шықты, мектеп салуға және европалық өркениеттің жетістігімен бұратанаlardы таныстыру үшін қыруар қаржы болінді”, — деп өкінді.

Несі бар Н.М.Ядринцевтің, мемлекеттік деңгейдегі миссионер-ғалымның, өкінсе — өкінетіндей жөні бар еді.

Ресей бодан елдеріндегі бұғаулы саясат арқылы өзінің де мешеулігін танытты. Әлем жағрафиясында отарлау картасы жасалып жатқан тұста қылышқа сүйенген Ресей рухани өмірге келгенде тоңмойындық мұжықтық можантопайлық көрсетіп алды. Өзін-өзі әлемнің алдында актау үшін

енде қалайда бодан елден міндетті түрде миссионерлік ағартуды жақтайтын тұлға жасап шығару қажет болды. Ондай шырғаға түскен Үбірай Алтынсарин ажал алдында иман қайырып, 99 молдаға жаназа шығартты. Алла алдында құнәсін жуу үшін “Мұсылмандық шарты” атты діни оқулық жазды. Шоқан Абылай атасының мінезіне салып “қылыш үстінде серт беріп” шыға келді.

*Дүние — үлкен көл,  
Заман — сокқан жел  
Алдыңғы толқын — ағалар,  
Артқы тоқын — индер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер, —*

деп өзі айтқандай. ендігі кезек Абайдікі болатын.

Алдыңғы толқын ағаларының жан күйзелісін Абай білді ме, ол жағы беймағлұм.

Шоқан Семейде жүргенде Абай сонда шәкірт болатын. Ф.М.Достоевский келіп қымызы ішіп, тойға қатысатын Тінбайдың үйінде жатты. Таныс-таныс еместігі ешқандай құжат арқылы әлі дәлелденген жок. Бірақ та Шоқанның атын, оның қыршын жасында қаза тапқанын, оқымыстығы болғандығын жақсы білді. Шоқан оқыған Омбыдағы кадет корпусінде туған ағасы Халилolla оқыды. 1851 жылы Құнанбайды Омбы түрмесіне кепілдікке алып, Қарқарағына жеткізген Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиулы болатын. Демек, Абай Шоқанның қасиretін білді. Ал Үбірай туралы дерек түгіл жорамал да айтуға негіз жок. Естүі, не орыс һарпімен шығарған өліппесін окуы мүмкін. Соларға туған күн Абайға да туып, миссионерлер оны да жағаттай бастады.

Семейдегі орыс достарының бәрі де оның шын жанашыры емес еді.

Шіркеудің священниктері мен поптардың бетін қайтарған пікірталастарына қатысқандығы туралы ауызекі әнгімелер сакталған. Алайда Абайға жасалған осы жыпсыма жөнінде Мұхтар Әуезов “Абай жолының” қыскартылып қалған түсында барынша ашық және анық баяндады. Мұның егжей-тегжейі Мекемтас Мырзахметовтің “Қазақ қалай орыстандырылды?” атты кітабында тарқатылған. Мұхтар Әуезов қызын кезеңнің өзінде миссионерлік “ізгілік әрекеттерін” шығармасына тегін арқау етпеген.

Абай Семейдегі ак шіркеудің жанындағы қазак пен ногай, татар балаларын шоқындыратын діни мектепті қалаға барған сайын көрді және шіркеудің такуаларымен де, ағартушы-миссионерлерімен де сан мәрте жолығып, пікір

таластырды. Христиандық уағыздарды насихаттайтын кітаптармен де танысты. Ол неғұрлым рухани шабуыл күшеген сайын, соғұрлым исламның тарихы мен танымына талдау жасап, танымын терендете түсті.

Рас, ол әуелде діні айтыстан бойын аулақ салған.

Бірақ ақыры дін исламның басына шоқыну шындал төнгенде Семей шаһарындағы “ізгі миссионерлер” үйымдастырған таным тайталасына қатысып, жеңіп шыққан. Ол жеңіс оңайлықпен келген жок. Н.М.Ядринцев көксеген “ізгілікті ұлы адамның” барлық шартына Абай сай келетін. Ақыл-ойы озық. Орыс мәдениетін сүйеді және біледі. Томырық мінезді патша дәбірлері Абайды икемге келтіріп, бопсалау үшін қала жандаралының бастығын жұмсауы занды. Абайдың басынан дау кетпей жүргенде оны сескентіп барып “ізгілікке тартпак” болған.

Бұл жайларды архив деректері де растайды.

Ендеше, “Абай жолының” соңғы нұсқасына кірмеген жандарал мен Абай арасындағы әңгіме Мұхтар Өуезовтің көркем қиялы емес, омірлік шындық болын табылады. Сөзіміз дәлелді шығу үшін жариялауға Мұхтардың жүргегі дауаламаған, бірақ жазуын жазып қалдырған оқиғадан қысқаша үзінді келтіреміз. Лосовский өмірде болған, Абаймен біршама уақыт жақсы араласқан адам. Онда:

“Кейінгі сөзінде жандарал христиан дінін, соның ішінде православиені барынша мақтап, ұзақ сөйледі. Киргиз сияқты Ресей империясының қарамағына кірген Сібір бұратана өкілдерінің көпшілігі өз діндерін тастап, шоқыныш жатқанын көп таратып айтты. Және солардың осындай тарихтық өзгеріс арқылы ислам дінінде отырған қазақ сияқты елдердің бұдан былай тез өсетінін, бақытқа тез жететінін баяндал, дін үтішісі сияқты бол кетті. Бір кезек бұны үндемей, ойланып тындал отырған Абайдан үлкен үміт еткендей сөйлем барады. Абайға ақылны бол тоғанады. Бір ғана Пушкин, Лермонтовтар емес православие шіркеуінің үлкен ақылды, білімді өсінетшілері бар екенін де айтты. Сол жөнінде Қазанда аты шыққан миссионер Ильминскийді, Түркістанға мәлім миссионер Остроумовты және өсіреле өзімен таныс, Омскіде тұратын әрі ағартушы, әрі зор миссионер Алекторовты да айтты өтті...

... Сол елдердің шоқынған тарихтарын еске ала отырып, жандарал сондай зор жауапты жұмыста жергілікті беделді княздар мен рубасылардың, бектердің көп пайдалы істер істегенін айтты. Кейбір княздарды олардың көп пайдалы істер істегені үшін его императорское величество Петербурға шақырып, үлкен алғыстар білдіргенін айтты. Ол ғана емес, Иркутскінің

және Батыс Сібірдің кейбір губернаторларын да осы жолда жақсы ізгілік іс істегені үшін святеңші синод көп алғыс айтып мақтаған екен. Екі губернатор Петербурга шақырылып барып, көп сыйлықтар алынты. Аса қадірлі монаршая милост жарияланғанын да жандарал еске салып өтті” — деп баяндады.

**Бұндай бопсаға Абай:**

“ — Өз халқымның ортасындағы менің абырайымды, беделімді ұлық, дәрежелі әкімдер мұншалық ілтиратпен бағалайды деп ойлаган жоқ едім. Және халқыма менің ететін әсерімді осындай жолмен пайдалануды ұлықтар ойлар-ау деп күткен де емес едім... Менің халқым діндар болмаса да, фанатик болмаса да өздерін мұсылманбыз деп санайды. Оның тарихы, болашағы жақсылыққа ауысып өзгереді, еседі деп уміт еткенде, мен мұлле дінді өзгерту арқылы жақсылыққа жетеді екен деп ойлаган емеспін. Халқым шала мұсылман болса — мен өзім де сондай мұсылманмын. Шала діндар күйінде күн көремін. Бұл жасқа шейінгі өмірімде дін ұстазы, дін өснештісі болып көргемін жоқ. Сөйтіп мен нашар молда болған кісі едім. Енді менен: “жақсы поп жасауга болады” — деген сіздердің сенімдеріңіз қалайша туғанын аңғарып болғаным жоқ” — деп жауап береді.

**Сөйтіп, Лоссовский Абайды ута алмай, әзірше ең алдымен миссионерлік міндетті алатын (адамды) Құнанбаев ете алмай кетеді”.**

Дәл осындағыдай сөз дәлме-дәл айтылмағанымен Абай мен миссионерлердің арсында мұндай әңгіме болғаны шындық.

Бірақ та халықтың “дінін өзгерту арқылы жақсылыққа жетуге болады”, өзінің ақылмен таныған ичанын тастап “жақсы поп шығады” деген уағызға сенетін және ондай арандатуға көнетін адам Абай емес еді. Сыпайылық сөзді Мұхтар Әуезов жазушы ретінде қолданып отырғанымен, Абайдың орыс миссионерлеріне өкпесі қазанның қүйесіндегі қарайып шығып еді. Ал “Ұлы тұлғаларды” торға түсіруді жоспарлаған Н.М.Ядринцев, А.Е.Алекторов сияқты миссионер оқымыстылар болатын. Генерал-губернатор да, жандармерия да, прокурор да, сот та, ояз да бұл пәрменді құлышына орындаپ, “қасиетті синодтан” алғыс алып, олжага бөккілері келді.

**Күлкyn не істепейді десенші!**

Әйтпесе, сол “ізгі жақсылықты” ең әуелі басыбайлы орыс мұжықтарына жасаса, тілектерін Айса пайғамбар қабыл етпейтін бе еді? Қайдам. Қайта сауапқа жатқызатыны һақ емес пе.

Бұл арбау мен алдау кейін де тоқталмады. Әуелгіде мәдениет пен ғылымды үйрену үшін жағаттаған А.Е.Алекторвтан Ахмет Байтұрысның туңіліп барып, бостандықтың жолына түсті. Мұндай аяр “ізгілікті” орыстың бір ғуламасы А.Н.Кононов әшкереледі. Ол түркі мәдениеті мен тілін зерттеуді сұлтау етіп миссионерлік әрекет жүргізген “ағартушылардың” XIX ғасырда неге көбейіп кеткенін:

“Ресей империясының шығысын саяси-экономикалық түргыдан игеру үшін ондағы әмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстарды православие шіркеуінің ықпалы аясында алдын ала “идеологиялық түргыдан игеру” кажеттігі туды. Бұл міндетті шешуді православие миссионерлері өз мойнына алды, олар өздерінің болашақ құрбандықтарының (сөздің мағынасы бойынша аударылды — Т.Ж.) тілін менгеріп, тіршілігімен танысып, дәстүр-салтын білу үшін ерекше қамкорлықтағы оқу орындарында арнайы дайындалды”, — деп түсінік береді.

Іә, сол миссионерлердің аты тарихта уағыздарымен емес, ғылыми еңбектерімен есте қалды. Тағдырың тәлкегі деген осы. Олар мұқым ұлтты жойып, дінінен аздыру үшін келді де ақыры сол ұлттың рухани тарихшысына айналды. Қазақша өлең жазатын А.Е.Алекторвты қазактар ұлттың жанашыры деп қабылдап, көкке көтеріп бақты.

Бұл сауаттылық па, сауатсызылдық па, әлде намыссыздық па, кім білсін. Әй, осы соңғысы шығар.

Қазақтарды салтанатты түрде шоқындыруға арнайы кафедралық соборды салған Зеньковтың атына көшे берілді:

“Мұнда сарттарға, иттерге және қазактарға серуендеуге рұхсат етілмейді” — деп төрт күбылтадағы қақпаның алдына жазылған демалыс бағының ішіндегі собордың православие дініндегілерге қайтарылып беру рәсіміне тәуелсіз ұлтымыздың тәуелді басшылары қатысты.

Сонда олар өздерінің қандай рухани қорлықтың алдында тұрғанын сезді ме екен? Қайдам. Мансап үшін иманның да бөгеті болмағаны ғой. Ендеше тәуелсіз елді қандай ар-ожданмен басқармақ? Орыстың белгілі ақыны Ярослав Смеляков әлгі жазуы бар тақтанаң сілемін көріп, “Алматы бағында” атты өлең жазып, сол бір соракы топастық үшін қазақ ұлтынан исі орыстардың атынан кешірім сұрап:

‘Я перед тобой чутъ-чуть виноват’, —

деп жайдан-жай айта салды дейсіз бе?

Жок. Өзге-өзге, Ярослав Смеляков көлгірситін ақын емес. Мұның барлығы рухани тәуелділіктен әлі де толық арылып болмағанымыздың кесірі. Өз ұлтын өзгенің алдына тізелетіп,

бас идірген ел ағалары ар-ожданына жүгініп, халықтан салауат сұрауы лазы姆.

Тәуелсіз елдің ұлы мен ұлтанды да тәуелсіз болуға тиіс.

Ұлтының өткен тарихын, нағызын, рухын саясаттың мұддесіне бағындырып, өзін-өзі жеңе алмаған қайраткер — қайраткерлік түгіл, катардағы азамат атануға қақысы жоқ, Заманында Шоқан мен Ыбырай, Абай мен Ахмет түнгілген шіркеу саясатын, соларды жер астына жетелеген “ізгіліктің, ұлтты қорлау үшін жүргізілген әрекетті қайта тірілту — елінді, елінді ел еткен дегдарларды, өзінді әкім еткен жұртынды менсінбеу, ішкі рухани сезімнің тұлдығы. Кафедралық собордың қайта ашылуы: сен рухани құлсың бұл бақшаға саған кіруге рұксат етілмеген, сендер осы арада салтанатты түрде жаппай шоқынуга тиіс едіңдер, шоқындырамыз, біздің “игілікті ізгі миссиямыздың идеясы” өлген жоқ, сен бодансын. Біз сениң жаһангериңбіз — деп үнсіз жар салып, үрпақтан-үрпаққа ауысқан тұқымды тұқыртып тұратын болады.

Бұл оқиғага қазақтың бүгінгі зиялыштарының бәрі де кінелі. Кезінде орыстың атақты тарихшысы В.О.Ключевский шіркеудің корқаулық пиғылы қақында еш сескенбестен:

“Отбасымызға жайлары-жарқын және еш алаңсыз келуіміз үшін театрға барамыз, жаңынды жеғідей жеген қыжылды сонда қалдырып, жайбаракат басып үйге қайтамыз. Бірақ та театр мен шіркеуді ешқашанда бір-бірімен шатастыруға болмайды, ейткені шіркеуді қыз-ойнакқа (балаган) айналдырудан горі, қызойнақты шіркеуге айналдыру әлдекайда қын. Бұдан көрермендер ұтылмайды, мінәжат етушілер ұтылады: алғашқылары көрермен болыш қала береді, бірақ мінәжат етпейді, ал екіншілері құлышылықты қояды, бірақ ешқашанда көрермен болмайды” — деген болатын.

Астарлы да ауыр сез. Бұл шынайы мінәжат етуге арналған шіркеу такуаларының рухани азғындығын байқатады. Иса пайғамбардың уағыздарын жамылып, құдайсыздықты қоздырып отыр деген сез.

Сонын бірі — жат жүртты қорлап, оның рухын өлтіріп, иманын торап, жаңын азапқа салу болып табылады. Распутиннің зинақорлығы мен қылмысын емеурін етсе де мұнда тарихи шындық бар еді. Өзгенін діні мен рухын қорлау арқылы құдайдың қақпасын қаға алмайсың. Ол да күнәнің зоры. Иса пайғамбардың жолы бойынша тәубе жасап, кінәсін мойындал кешім өтініп жалбарыну арқылы ар-ождан азабын тазартуға болады.

Абай да ар-ождан мәселеңіне қатты назар салып, оны терендете талдайды.

Азаматтың азаматтығы ар-ұттында. Ұятты, намысты, әбес ісің үшін “өз акылың, өз нысабын өзінді сөксін”, ішіндең ұттың оянып, “жаза тарттырысын”. “Мұндаілдыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі” кешірім жасасын, егер ол кешірім қылмай “оның үстіне тағы да аямай өртендірсін деген сөз айтса”, ол “кісінің өзінің де адамшылығы жоқ” — деп тұжырымдайды Абай.

Мінәжаттың өзі — адамгершілікке, ұтқа, нысапқа, сыйласымдыққа, қайырымдылыққа, әлеуметтік, танымдық, нәсілдік, тектік теңдікке негізделуи тиіс.

Бұл ретте Айса мен Мұхаммед пайғамбарлардың пайымы бір. Ал оны отарлық, миссионерлік күралға айналдырып отырган — миссионерлік шіркеу.

Жалпы шіркеу емес, сол Айса пайғамбарлардың уағызын өзінің тоңмойын, топас түсінігі арқылы ұлттық мұддесіне жұмсал отырган тақуалар. Ондай мінездер мұсылман арасында да, оның ішіде қазақ қауымының арасында да бұрын да болыпты, қазір де бар, ертең де қылтиып шыға келуі мүмкін. Осы үш уақыттық мерзімде де Абайдың ар. иман туралы айткан:

“Пайғамбарымыз Сал-лал-лаху ғалайни үәс-саламның хадис шариғінде: ... кімнің ұтты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің макалы бар: “Ұят кімде болса — иман сонда” — деген. Енді бұл сөзден білінді, ұт өзі иманың бір мүшесі екен... Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түтіл, қызармайды да: “Ол істен мен ұтты болдым ледім ғой, енді нең бар?” — дейді. Иә болмаса: “Жә, жә! Оған мен-ак ұтты болайын, сен өзің де сүйтеп пе едің?” — дейді. Немесе: “Пәленше де, түтенше де тірі жүр ғой. Пәлен қылған, түген қылған. Менікі оның қасында несі сөз пәлендей, түтендей мәнісі бар емес пе!” — деп... жап-жай отырып дауын сауып отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек — хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Соның (сол адамның) иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?” — деген (“Отыз алтыншы сөз”) сауалына әркім іштей жауап берсе — рухани намысты саясат үшін таптатпаған болар едік.

Бұл сұралкка Абайдың өзі де екі-ак сейлеммен:

“Озің үшін еңбек қылсаң — өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң — Алланың сүйген құлдарының бірі боласың”, — деп жауап беріп кетіпти.

Біз де сол оймен тұжырымызызды тұйықтаймыз.

Иман — ар мен ұттың кепілі. Сондықтан да Абай: “Иманыңды түзет!” — дейді.

Ал оның өзі үнемі ұятына — иманын, иманына — ожданын қүзет етіп, рухани аздырушыларға да, дінін бұздырғысы келгендеге де, ұлтын қорлауға тырыскандарға да тойтарыс берді. Өзінің ұрім-бұтақтарынан да рухани тазалықты талап етті. Отаршылдық піғылдың көлеңкесі іспетті миссионерлік сұғанактық Абайдың жаңын түршіктірді.

Бұрынғы шығармаларында жаратылыстың заңдылығы мен заман қайшылығы, қазақ түрмисы мен мінезінің қылы құбылыстары, жастық пен маҳабbat, өткінші өмір, орындалмаған арман, өкінішті ғұмыр, мағыналы болашақ қақында толғанатын Абайдың ақындық әлемі енді жан мен рухты, ар-ождан мен иманды, сана мен Алланы таным арқылы таразылауға көшті. Күйініш пен сүйінішин жасырмай:

*Күні-тұні ойымда бір-ак Тәнірі,  
Озіне құмар қылған оның өмірі  
Хахихқа (Жаратушыға) маңлұқ (жсан иелері) арқылы жетсе алмаиды  
Оймен білген нәрсениң бәрі — даһри (белгілі), —*

дейді.

Таным талқысының зардабын терең сезінген сайын Абайдың “ақылы — у, ойы — кермек” тартып, зар мен наланың уыты бойына жайылып, енді ішіне түседі.

Озегі өртенген Абайдың күрт сынуына өмірінің соңғы жылдарындағы қыршын өлімнің көбеюі қатты әсер етті. Сүйікті ұлы, Шоқанның жолын қуған Әбіші — Әбдірахманы сол Шоқанның керін құшып Алматыда асқынған дертпен алысып жатқанда, Абай мойнына кісесін салмаса да салғандай күй кешіп, құндіз-тұні Аллаға жалбарынып, сауға сұрады.

Санасты — саққа, ойы — онға бөлінген әке — Абайдың бүкіл үміті Әбіште еді. Енді “сол қалқасын көп көріп”, “жаңа күннің алды болар” деген үмітіне жеткізбей қыршының киылғалы тұрған сәтіндегі:

*Иә, құдай бере көр,  
Тілеген тілекті  
Коркыттай орынктыр,  
Шошыған жүректі  
Шын жүрек елжіреп,  
Алладан тілеймін  
Шын (сол) қалкам осы күн,  
Болып тұр керек-ті, —*

деген тілегін “зар еткен пендесіне” сиынған Алласы берсе нетті деп қыстығасын.

“Зар қылып тілеген тілегіне Алласы рахым” етпеді. Сонда да Абай Алланың қайырымынан бас тартпайды. Бұ дүниенің қызығын көрмеген перзентіне бақылық ғұмыр тілеп:

*Арғы атасы қажы еді,  
Бейістен тартқай шәрбәтті, —*

деп о дүниенің қызығын сұрайды.

Бұл Абайдың дінге беріктігін танытады.

Мұндай күйінші тұсында адамның ашынуы заңды. Бірақ Абай ашынғанда да Алладан медет күтеді. “Өмірін берген құдайым, ажалын да беріпті” — деп қоңбес іске қонеді. “Дұғаның қуатын, жіберме өзгеге” — деп те дәтке қуат іздейді. Оны қыршын өлімнің тіршіліктері адал рухынан тауып: “Орынсызды айтпаған, тұзу жолдан қайтпаған. Жақсылық қылар орында, Аянып бойын тартпаған. Ортасында кәпірдің, арамынан татпаған”, — деп өзін де, Алланы да жұбатып, иман сауабын сұрайды. Қайғы рухын езсе де Әбішінің иманды бұзбағанына іштей сүйінеді.

Сол иманды бекіте тұсу үшін Абай өзін де, дін уағыздаушыларына да, дін ислам жолын қуушыларға да қатты талап койды. Танымдық тәуелсіздікті тек қана “қорықлас жүрекпен, айнымас көңілмен, босанбас буынмен” жеңе алатын. Сондықтан да Абай шалà молдаларға барынша шүйіліп:

*Мен жасылман көп көрдім,  
Мұсылманды, кәпірді.  
Абыра тыдай көрмедім,  
Намаз білмес пакырды.  
Осы оқумен намаздың,  
Қай жерінде сауап бар?  
Тегін ойлан карасан,  
Мұнда ми жок, құтак бар,—*

деп Абыралы іспетті жалған иман иелерін шенейді.

Абай дінге берік нөғайды үлгі тұту арқылы өз халқын да сондай рухани қарсылыққа шақырады. Иманды пиғылына қарай үстаган мұнағихтерді дінсіздердің қатарына қосады. “Ақылмен сенген ісінден ақсақал айтса да, бай айтса даң қайтпа:

*Надандарға бой берме,  
Шын сөзбенен өлсеніз.  
Аят, хадис емес кой,  
Күнір болдың демес кой,  
Қанша карсы келсөң”, —*

деп жас үрпакты да қайрай тұседі.

Абайдың сөзі — үағыз емес. Үлттық бостандықтың ұраны. Ол сол бостандықты рухани бодандыққа дейін құлдыратуға қарсы. Таным еркіндігін тәлім ретінде ұсынады.

## 10. “САУДАСЫ АР МЕН ИМАНЫ...”

(*Абай және “әулие әкейлердің” миссионерлік ілімі*)

Өзінің ар-ожданын, ұтын, иманын қорғамайтын, кез келген сыртқы және ішкі құшке тітіркеніп, рухани қарсылық көрсетпейтін ұлт болмайды. Дамудың қай сатысында тұрын, бәрібір, Абай айтпақшы, “босанбас буыны, айнымас көнілі, қорықпас жүргегі” болады. Бұл қасиеттерден ала ұлт — өмір сүруге қабілетсіз.

Рухани тәуелсіздігін сактауға ұмтылмаған елдің тәубесіз тіршілік кешуге құқы жок.

Рухани қарсылық — ұлттың мәңгілік ғұмырының кепілі.

Мұндай ішкі қуатқа, “жан қуатына” (*Абай*) көшпелі қазақ халқы да ие еді. Жалғанды жалпағынан жайпаған шағында да, өзімен-озі түйікталған тұста да, “төлмірген тенденсі жоқ ел болған кезде де” (*Жанак*) елдіктің қамын еш уақытта жадынан шығарған емес. Абай сүйсіне еске алатын “елдік намыс” — ұлттық намыс еді. Тіпті бұл қасиет қазақ жұртының ұлттық мінезіне айналып кеткен тұстары да бар.

Бірақ түркі тегінің өзара қырқысынан шаршаған тұқымдық әлсіреу мезетінде кейбір, Абай айтқан “бек шетін, бек нәзік” сезімдер мен саңылауы түмандана бастады. Оны ояту үшін сөзсіз сілкіну, тітіркену, ұшықтану қажет болды. Онсыз рухани қарсылықты қоздыру мүмкін емес-тін. Жаугершіліктен шалдықкан ұлттың тыныштығы тым салғырттыққа созылып кетті. Оның соңы бодандыққа, босбелбеулікке, боркеміктікке, намыссызыдыққа ұласты.

Ұлттың осы бойкуйез немкеттілігіне қатты күйінген Абай адамның жан бостандығын сактауға кепілдік беретін қасиеттерді талдай келіп:

“Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (айналайын) жаным, соған бек сақ бол, (ол) әсіресе әуелі — құдайдың (Алланың), екінші — халықтың, үшінші — дәулеттің, төртінші — гибараттың (ұлті, дәстүрдің), бесінші — ақылдың, ардың (қысқасы) — бәрінің дүшпаны. Олар бар жерде (уайымсыз салғырттық бар жерде) — бұлар (Алла, халық, дәулет, гибарат, ақыл, ар) болмайды”, — дейді.

Демек, ұлттың мәңгүрттігіне ықпалын тигізетін “рухани дүшпанға”, “жаныңдың жауына” Абай тітіркене, тіксіне, жек көре қарайды.

Көшпелі түркі қауымының, оның ішінде қазақ жұртының тегінің самарқаулықка салынып, XIX ғасырда қалғып кетуі тарихи және тектік заңдылық. Бар ұлттың басынан кешетін табиғи құбылыс. Әйткені, Шыңғыс ханның тұсынан бастап

Абылайға дейінгі жеті ғасырдың ішінде қошпелілер аттан түскен жок. Үрім-бұтақтың үрмізінің сүзліп, жінішкеретін тұсы Абай заманына тұра келді. Тынымсыз тіршілік кешкен тектің тыныс алуына толық қақысы бар болатын. Бірақ тарих үкімді оған басқаша етіп жасады. Өзі лақтырған арқаның бұғауына өзі түсті де боданға айналды. Енді бұл жаһангершілікке үлттың қарсылық көрсетіп, жаппай майдан ашаатын мұршасы қалмады. Ресей патшалығы жуасыған асау атқа нокта салғандай болды.

Сонда да рухани қарсылық жүріп жатты. Кенесары ханың көтерілісі сол үлттық мойынсұнбаудың, “халықты уайымсыз салғырттыққа” түсірмеудің, мәнгүрттендірмеудің бір амалы еді.

Абай “уайымсыз салғырттықтың” салдарын білген. Өз үлттың оған іштей дайындаған. Үлттына қарата айтылған емеуріннен жеке адамның басына ғана қатысты қасиетті іздеу — Абай үшін таяздықтың белгісі. Өйткені Абайдың ойлау жүйесі тым кен. Оны тар мағынаға сыйғыза алмайсың.

Болыстың, тағдырдың, тіршіліктің, сезімнің, танымның бір сәулесін ұстауы арқылы сол сәттегі қөніл күй ауанына байланысты, ақыл мен сана ағымына тежеу жасамай, ой ағымына ілесе отырып бүкіл бір күбылдысты қамтиды. Ол үшін жалқылық үғымы жок, бәрі де “адамзатқа ортақ қасиет” (Абай) болғандықтан да, астарын тереңдете тамырымен қопарады. Үлттың рухани корғансыздығын және оған сырттан жасалған қысымды жан-тәнімен сезінгендіктен де ол:

*Сенбе жүртқа тұрса да қанша мактап,  
Әуре етеді ішіне кулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Қайратың мен ақылың екі жақтап, —*

дейді үлттың сақтандырып.

Мұндағы “сенбе жүртқа” деп тұрғандағы жүртты кім? Сіз бен біз бе, анау ма, мынау ма? Мүмкін.

Егер Абайды солай түсінсөніз, онда Абайды ешқашанда түсінбегеніңіз және түсінуге тырыспағаныңыз. Өйткені, Абайдың сенбеуге, сеніспеуге, “ішіне жаулық сақтауға” шақырып отырган жүртты — қазак болса, сол “әуре еткіш құмен” күресу үшін “қайратың мен ақылтыңды екі жақтап” іске кос десе, онда Абайдың дүшпаны жат жүрт емес, қазактың өзі болдығой. Ендеше, оның “Калың елім, қазағым, қайран жүрттым!” — деп күніренуге қақысы жоқ және жалғыз егіліп отырган боладығой! Абайдың өзі айтпақшы, “мұндай пәрөүәрдигер” дүшпеннан құдай сақтасын.

Ендеше, гәп — Абайда емес. Мына біздің қапақ басымызда.

Өйткені Абай өзінің ойын “Өзінді сенгіштікпен әуре етпе” — деген келесі жолы арқылы білдіріп түр емес пе. Бұкіл тіршілік — ғұмырың өз үлтүннің ортасында өтсө, ешкіммен сеніспей, сенбей, өзіңде де сендермей ғұмыр кешсөн, онда өзі айтқандай, “дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгөні” дегеннің көрін құшпай ма. Абайдың өзі “әрекетсіз тақуалық пен соғылықты” адамзатқа жасаған қылмыс ретінде санайды.

Демек, Абайдың “сенбей” деп отырған жұрты — үлтты отарлап, оның өзін-өзі қорғайтын рухани қарсылығын жоюға үмтүлышп отырған жұрт. Ол жұрт өзінің отаршыл және шокындыру піғылын, жерінді иемденіп, елінді аздыру әрекетін қалай жағынЫп, жәмпейлесен де тоқтатпайды. Сенген жанашырың тосқауыл қойғысы келсе де шарасыз қалады. Себебі, бұл тарихи, табиғи зандылық болатын. Ал тарихқа патша да бағыт бере алмайды.

Абайдың міндеті, өз үлтүннің рухани қарсылық көрсете алатын қасиетін оятып, ішкі қорғаныс түйсігін қалғытпау, “уайымсыз салғырттыққа” түсірмеу еді. Сол үшін елін сергектікке, сақтыққа шакырып, бопсаға көніңкіреп жүргендерді “өзінді сенгіштікпен әуре етпе” деп, ал “ішіне қулық сақтаған жүрттың” ықпалына еріп:

*Саудасы — ар мен иманы,  
Қайрат жоқ бойын тыйғаты, —*

деген кейіпке түскендерге “қайратың мен ақылыңа сүйен”, сол екеуі сені екі жақтап “уайымсыз салғырттықтың” қўйынан алып шығады деп отыр.

Абай үнемі қатар колданатын “акыл, қайрат, жүрек” ұғымдарының ретін бұл арада әдейі бұзып отыр. Өйткені, жат жүрттың тәліміне, “қулығына” сеніп отырған — ерігіш жүрек. Сондықтан да Абай қайрат пен ақылды даралап алып түр.

Өзін-өзі қорғай алмайтын ұл та, өзін-өзі қорғауға дәрменсіз ұл та тарихта болған. “Өлі тіл” мен “өлі ұл” деген ұғым тегін қалыптасқан жоқ. Ал қазақ халқының өзін-өзі қорғауға рухани қабілеті мен тарихы және танымдық алғышарттары толық бар еді. Абайдың “қайратпен ақылды қарсы қой” дегені сол қасиеттің жойылмағандығын сезгенлігінен.

Каншама тауқыметке ұшыраса да көшипелі түркілер, оның ішінде казактар өзінің ғұмыр кешкен кеңістігінде танымдық.

дәстүрлік, діни және тілдік тұстастығын сақтап қалды. Бұғаудың қаупі түссе Ресей отаршылдарының тұсында тұсті. Ұлттық рухани дербестіктің бас асауы өлі басылмаған болатын. Мұның себебін Абай зейін қоя талдап, орыс зиялышарымен пікір таластыра талдаған Джон Виллиам Дрэпердің:

“Ұлттың тектік тұстастығы екі түрлі даму харакетіне ықпал жасайды: біріншіден — ол ұлттың бірте-бірте әлсіреуіне, екіншіден — сырттай әсер ететін табиғи құбылыстарға өте тез бейімделуге әкеп соғады. Өзінің түпкі нәтижесі жағынан бұл екі себеп те бір жерден тоғысады. Бірақ ұлттың тектік тұстастығы оны барынша кірпияз дәстүршіл (консервативті) етеді және ақыл-ойдың дамуына ортақ бағыт бере отырып, ұлттың ішкі ділінің беріктігін қүшайте түседі, өйткені қым-қуыт тіршілікті құған елдің түсіні әр кілін нәрсеге аландаса да, олардың ойлау жүйесі бір болуы әбден мүмкін. Азиядағы көне қағанаттардың тәсілі тұрғысынан алғанда, мұның сондай анық ақырат екендігін тарихшылар бұрыннан бері байқап келеді: саяси былғақ тұсында шаһтар мен уәзірлер қашшама рет алмасып жатқанына қарамастан, сол құрылымның жарамсыздығы немесе оған сәл-пәл өзгеріс енгізілуі қажеттігі туралы ой ешкімнің басына келмелі. Керісінше, Еуропадағы әр түрлі қауым әр түрлі ойдың жетегінде кетті, мұндағы ат төбеліндей ғана аз зиялышар мен сабылысқан топас тобырлардың тұжырымдарының арасында іштей қарма-қайшылық бар еді. Міне, басқарудың қындыққа соғып отырганының және олардың нақты бір ортақ мұддесінің жоқтығы, ортақ діннің болмауының басты себебі осында жатыр”, — деуі толық түсіндіріп береді.

Абай да бұл ұлттың тектік тұстастығын рухани бірліктен іздейді. Рухани тұстастық — ұлттың өмір сүруінің, қорғана білуінің кепілі. “Бас басына би болып”, тұс-тұска тартқан жеке мұдделерді Абай елдің азына әкеліп соғатын әрекет деп біледі.

Ол рухани тұстастыққа және ниет бірлігіне кесірін тигизетін барлық нәрсені мойындағайды. Екі ұшты ғып емеурін де танытпайды. Кесіп тастайды. Эуел бастағы тұтас тектік кеңістікке отаршылдықтың қара құрты түсіп, тұстастық нысанасы сетіней бастағанын көрген Абай қазаққа сол ұмытылған бірлікті есіне салды.

“Қазақтың бір мақалы: “Өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік” — дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады, (оны) білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік — ат ортақ, ас ортақ, кім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда: байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал ізден не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік —

ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік сатылса — антүргандықтың басы — осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді. Әйтпесе, құдайдан тілемейді, шаруа ізdemейді. Әуелі бірінебірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлап, не болмаса, бір пәле салып, қарғанатын (корғалатын), әйтеуір, бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?” — дейді.

Тамырын бассаң, Абайдың бұл пікірі Дрэпердің рухани алауызыдыққа үшыраған европалыктар туралы пайымымен астасып жатыр. Тек Абай мұнда сондай қауіптің өз ұлтының басына түскеніне ой салмағын салады. Зілмен айтады.

Бұрын жалпы тәуелділік қақында келтірілген бұл мысал дәл осы арада екінші бір астарға ие болып отыр. Абайдың жұмбактығы да сонда. Оның сөзін тұра не жанама, әйтпесе, бір тұрлі мағынада түсінуге болмайды. Абайдың әр сөзі басы біріккенде ерекше түрленеді. Тек соны ретінен каратай ойыңа азық етуін керек.

Дәл осы сөз тектік тұтастыққа қаратыла жазылмады деп ешкім ділмарси алмайды. Өйткені Абайдың мегзегені Дрэпермен түйіндес тұр. Еліне ескерту жасап, тұтастық нысанасын сактауға шакыруға ұлтының рухани корғанысынан айырылып бара жатқан күйін көріп, күйінген Абайдың толық құқы бар болатын. Тіпті ол бұған ар-ожданымен, ақылымен, кайратымен, адад, мейірімді жүргімен жауапты болды.

Өйткені ол — Құнанбайдың Абайы емес, халықтың Абайы еді.

Бойындағы бар иғі қасиет халықтан дарыды. Халықтың ғасырлар бойында қанында сактап келген мәйегі болатын. Сол мәйек ұлт басына екіталай тауқымет үйірілгенде ел данасының ақылы боп үюы тиіс-тұғын. Мұны Абай білді. Отаршыл пиғылдың ыдыратқан елдік сезімі қазактың да басына төніп, енді ғұлама Дрэпер айтқандай:

“Әрбір ұлтың сол сөтте алдында тұрган міндеті мен ұмытылсы оның мұддесі мен қолайына үйлескен жағдайдаған ол ұлт түбірімен тұқымын өзгертуі мүмкін. Оларға жасалған жан ауыртатын жаза мен қасірет ұмытылады, бірнеше үрпақ ауысқан соң артына із де қалдырмайды. Тіпті жеңістің өзін уақыт жеңіліске айналдырып жібереді. Адамзаттың (ұлттың) құруы ешқашанда күшпен жүзеге асырылмайды, адамдардың ішкі пиғылын өзгертетін танымдық, әрекеттермен жасалатынын”, — санасымен саралай түсінді.

Дрэпер келтірген бұл пікір жорамал емес, тарихи шындық болатын.

Дүниенін арғы-бергі тарихының шаңын қақпай, түркі жүртіның жүрнағын жүлгелесек те жеткілікті. “Мұддесі мен қолайына үйлескендіктен де” болгарлар, мадиярлар, құба қыпшақтар (половецтер) дінін де, тілін де, дәстүрін де, тегін де өзгертіп шыға келді емес пе. Қазір оларды Ұлы Даға тек тарих қана тели алады. Болгар христиандары мен мұсылмандары арасындағы қақтығыс соның салдары.

Бір тек қос жарылып, жау боп жағаласты.

Қазақтың ішінде де сондай “іштен іріту”, “танымдық әрекеттер” жүріп, дәл Абай өмір сүрген тұста “жемісін бере бастады”. Қазақтың арасынан шоқыншықтар мен “шоқындылар” шықты. Тектік тұтастықтың бүндай азына Абай көндіге алмады. “Көндікті-міс”, “мұсылманишылықтан бас тартты-мыс” дегеннің бәрі де жалған абайшылдардың бопсасы.

Егер Абай қазактың шоқындын жақтаған болса — ол Абай болмас еді. Бұл — ұлтының рухын сатумен пара-пар нәрсе. Ұлтын сатқан адам — ақын болмайды.

Абайдың ақындық ақылы болмаса, онда оның казақ ұлты үшін қадірі жоқ. Қазакша өлең жазған Алекторовтың бір сыңары ретінде бағаланарад еді. Абай рухани тәуелділікке қарсы күресті. Ұлтын рухани корғаныска шақырды. Бұл жолда барлық мұддесін күрбан етуге салауат айтты. Ол ұлтың бірлігін рухани нысанага топтастыруға бағыттап:

““Ырыс алды — тірлік” дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан қеудеден шықпағандық па? Жоқ. Ол тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлаған адам — өлімді жау көріп, аһиретке дүшиш болады. Жанын қорлатып, жаудан қашып, еріншек атаныш, ез атаныш дүниеде әлгі айттылған ырысқа дүшиш болады. Ол айтқан “тірлік” — ол емес. Қекірегі, көнілі тірі болса, соны атады. Өзің тірі болсан да, қекірегің өлі болса, ақыл табуга сөз үға алмайсың... “Артын ойлан ұялмас” болып жүріп “тірімін” деме, онан да Алла жіберген ақ бүйрікты өлімнің өзі артық!” — дейді.

Бұдан артық жеріне жеткізіп айтудың өзі де киын.

Абайдың мұнша таусылып отырғаны XIX ғасырдың аяғында казақ ұлты өзінің даму сатысын тоқтатуға мәжбүр болатында межеге жетіп, жардың басында лықсып түрған. Тек сәл ғана дем берсе шыңырауға құлауға бет алатындаид жағдайды отарлау әкімшілігі мен православие жойыттары дайындал үлгеріп еді. Солтүстік халықтары мен Урал өніріндегі ұлттар мен ұлыстарды жаппай шоқындырып,

дәніккен тақуа — миссионерлер тырнағын Ұлы Дағаға қарай шенгелдей салды.

Шіркеудін араны ашылғаны сондай, ол мұқым мемлекеттің идеологі болды. Григорий Распутиндердің патшамен тең дәрежеде үкім жүргізіп, сарайды бейбастақтыққа айналдыруы Ресей жағдайындағы заңды нәтиже болатын. Діни сенімді нәсілдік өктемдікке жеткізген отарлаушы елдің уағызыдаушылары В.О.Ключевский дәл тауып айтқаныңдай:

**“Інжіл” — полінейлердің жауынгерлік жарғысына айналды”.**

Мемлекет билігіне сұғын дәл Ресейдегідей қадала қадаған дін басыларын Еуропаның өзге шіркеу иелерінен кездестірмейсін. Ресей ежелден-ақ европалық мұдденің жаңғырығына айналып, оның үддісін қалайда бір жағынан ши шығара қолданып келді. Ол ешқашан толық европалық, не толық ресейлік нысанан үстанбады. Үнемі “азиялық” мінезбен менгеріп, нақты бағыттан ауытқып отырды.

Бірақ та ол екі нәрсені: отаршылдық пен миссионерлікті зәндеміне жеткізе жүргізді. Және бұдан үкімет басына қандай жүйе келмесін, ешқашанда бас тартып кешірім сұрап көрген жок.

Ұлы халық деген үғымға еті үйренген. Одан айырылу — ұлттық қорлықпен тең. Бұл біздің пікіріміз емес, Бердяев, Соловьев, Ключевский, Герцен, Чаадаев іспетті ғұлама орыс ойшылдарының ғылыми тұжырымы.

Мұны дәлелдейтін дәйектемелерді он-он бес бет көлемінде келтіруге болады. Діни философияның арнасын аршыған Бердяев Ресей мемлекеті мен ресейліктердің көзқарасы таза православиелік танымдаған емес, православиелік — орысшылдық бағытта қалыптасатынын, кей тұстарда православиелік саясат ұлтшылдықпен, ал ұлтшылдық піғылдың православиелік азанмен араласып, ерекше бір “орыс әлемін” жасайтынын тиянактал турып жазып кетті.

Мұндай тоғысулар қауіпті.

“Қаражүздіктер” деп аталағын бұл бағыт Ресейдің жүрт көзіне жек көрінішті, жексүрын жаһангер атануына мәжбүр етті. Поптар мен тақуалар, діни оқымыстылар жандармемрияның жазалау міндеттерін атқарды, кей тұста соттын орнын алмастырды. Діни уағыз бен жазалау әрекеттің арасында шек қойылмады. Мұны христиандық отарлау саясатының маманы В.Говитт жан-жақты талдай келіп:

**“Қанауши шенгеліне түскен барлық бөгде діңдегілер мен бөтен нәсілділерге өздерін христиандық нәсілміз деп атағандарды көрсеткен тағылышы мен аяр қатігездігі бұрынды-**

**соңды тарихи дәүірлерде кез келген нәсілдің, оның ішінде ең тағы, ең қасиетсіз, ең арсыз нәсілдің қырғын-топалаңынан асып түсті”, — деп жазды.**

Дүние тарихындағы отарлаумен аты шықкан XVIII-XIX ғасырларда европалық нәсілдердің әлемді бөлісу барысындағы ашқездігі, шындығында да, ешбір “заман-акырмен” салыстыруға келмейтін. Ресей де өзінің сыбағасын алып қалуға ұмтылуы занды. Бірақ та өзге отарлаушылар діни шоқындыруды алдына максат етіп қоймады, яғни шіркеу мен жандармерия жең үшінан жалғаспады. Шіркеу оларда өзінің сенім жолын құдайдың уағызы дәрежесінде пайыммен жүргізді. Бұқіл ұлтты емес, жекелеген адамдардың қарақан басын қарауылға алды. Ұлтының басына төнген рухани қауіптен құтылудың бірден-бір жолы таным күші, иман беріктігі, ішкі рухани қозғалыс екенін Абай түсінді. Түсінгісі келмесе де шоқындырудың зардалтарын сарапай келе сондай тұжырымға келді. Бұл жай ғана діни сенім емес, ұлтты Дрэпер айтқан “үйлесімнен” сактап, “мұдде мен қолайына” қарай бейімделіп, қадым заманынан канына сінген касиет пен дәстүрден, тілден, тіршілік көзінен айырылтып қалмауға ұмтылған перзенттік парыз еді.

Абай — біз түсінген мағынадағы ессіз ұлтшылдың қатарына жатпайды. Ол өз ұлтын жанымен, қанымен, танымымен, іс-әрекетімен, бүтін болмысымен “ессіз беріле сүйген” ұлт сыншысы. Қазақты дәл Абайдай бетін шиедей ғып сынаған ешкім жоқ және сынай да алмайды, ол үшін өз ұлтын сондай дәрежеде сую керек. Бұл ретте Герман Гессенің Гете туралы:

**“Данаalyқ сөзді айту — кез келген заманың, кез келген халықтың және кез келген тілдің пешенесіне жазыла бермейді, сондай-ақ құбыльстың құдіретін білетін және сөз шебері бол туған ғұлама кез келген ғасырда өмір сүрмейді, алайда кез келген дәуір мен кез келген халық ортақ қазынаға өз сыбағасын қосады”, — деген пікірі Абайдың тұлғасын толық бере алады.**

Абай сияқты өз ұлтынды батыл сынап, басқа ұрып отыру үшін Абайдың жүргегі керек. Гетеге берген Гессенің бағасындағы шартқа сай келуін кажет. Қандай мейірімді ұлт болмасын кез келген талантты тұқымын ретсіз тайраңдатып қоймайды.

Абайды мінеген міні үшін жазғырған қазақ әлі туған жоқ. Тua да қоймас.

Ойткені оның әрбір сөзі — сол ұлттың өз сөзі. Сол ұлттың ойлау жүйесінің жемісі. Абайдың ойы өз ұлтымен ғана шектеліп қоймайды, ісі адамзаттың сана дәрежесіндегі

кеністікке шығып, ақыл-ойдын дамуына тың ағыс, тыныс береді, ой қосады. Оның пайымы:

“Адам баласына — адам баласының бәрі дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде — туысың, өсүің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дene бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің, — бәрі бірдей; аниретке қарай өлүің, көрге кіруің, шіруің, маңшардағы сұрауың бірдей; екі дүниенің қайғысына, пәлесине қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың, бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріце-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге қонақ екенсің; біреудің білгеніне білмestтігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, иә көрсекзырлық қылып көз алартпақ лайық па? Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетіммен еңбегімді жандыр демей, пәлениенікін әпер демек — ол құдайға айтарлық сөз бе?” — деген ортақ дүниеауылтық парасатқа саяды.

Бұған қарап Абайды массондық тұлғасыз, үлттық ерекшеліксіз “ғылыми коммунизмнің” таным жақтаушысына жатқызуға болмайды. Ол Гете, Пушкин, Лу шың сияқты аса терен үлттық парасат иесі.

Өзге үлттың бәрін, мұсылманы бар, кәпірі бар, буддасы бар, түгелдей үлгі етіп отырып, өз үлттының да қасиетін жоғары қояды. “Інжілді”, “Тауратты”, “Зәбірді”, “Құранды”, Будда әфсанасын санада сараптай келіп, олардың ақыл, инсан мәйегін сора келіп, өз үлттының рухани қорғанышын танымнан іздейді. Таным болғанда “дін исламға” тиянақтанады.

Тіпті, ашып айтсақ, жойылып, сіңіп, шоқынып кетуден сактайдын бір медеуді иманнан іздейді.

Шындығында да, мұсылмандықтың қатал шарты мен мінәжаты, иманның ділі қазакты бурят, хахас, ойрат, чуваш, мордва іспетті халықтардың кебін құшып жаппай шоқынудан сактады. Әйтпесе, Абай Құнанбаев — Алексей Кириллов, Тұрсын Жұртбай — Тимофей Журавлев болып шыға келер еді. Оған тосқауыт жасаған Абай сияқты үлттық тұлғалар. Олар миссионерлікке өз үлттының мұдделерін карсы қойды. Бопсаға буыны босағандарға қарат:

“Құдайтағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?” — демек, “Құдайтағала сеніменен бірдей жаратыш па?” — демек, құдайтағалага жала жауып, өзін құтқармак болғандығы. Бұл — ойсыз, өнерсіз, надан адамның ісі. Оған құдайтағала: көрме, естіме, көрген, естіген нәрсенді ескерме, есіңе сактама деп не? Ойын-кулкі мен ішик-жемек, үйықтамақлен, мақтанмен өүре бол да, ішіндеңі қазынанда жоғалтып альып, хайуан бол деген жоқ”, — дейді.

Мұндағы әр сөздің астарында мағына бар. Ең бастысы “ішкі қазына” деп отырғаны — рухани тұтқа.

Алдағанға, аярлыққа, азғырғанға көнген адамның Алла-ның атын жамылып акташы Абай үшін сатқындыққа салынады. Рухани сатқындыққа себеп жүрмейді. Өзінің “ойсыздығын, надандығын” Аллаға “жала жабу” арқылы актауға жол жоқ. Өйткені, жаһангердің жойыттығы мен миссионерлердің жаһилдығын “көрмей, естімей” отырғансығанына Алла жауапты емес. Көрсе де — көрмегенсіп, білсе де — білмегенсіп, естісе де — естімегенсіп, “ескермегенсіп, есіне сақтамағансып” көлгірсу — адамдықтың емес, “хайуандықтың белгісі”. Саналы хайуан. Ал намысъына тиіссе — шамдана беретін, оған “ақылды хайуан бол деген ешкім жоқ”.

Міне, рухани корғаныска, “ішкі қазынаны жоғалтпауға” шақырған Абайдың амалы осы. Мұны қазіргі саяси тілмен айтқанда азаматтық мойынсұнбау дейді. Отаршылдық пен шоқындыру саясатының түпкі нәтижесі қалай ақтағанын Абай дегдар Дрэпердің:

“Халықтарды сіңістіріп, будандастырып жіберетін екі түрлі себентердің қайсысы қолайына келіп тұрса, сол үйлесім жеңеді, тіпті будандасу күшпен, мысалы жаулап алу арқылы жүргізілсе де оны тоқтата алмайды. Мәселенки, Италияны тағызықпен басып алу арқылы бірнеше ғасырдың ішінде сол уақытқа дейін сондай үйлесім тауып тұрған шығанақтағы Римнің тектік тұтастығын түбірімен өзгерту: ескі дәстүрлер жойылды, көне дін шеттетілді, тіл құрылды. Бірақ та жеңген тұқым жеңілген жүрттың кесемдігін мойыннадады. Олар Дунай бойының аңыздарын ешқандай қынжылмастан ұмытты да ұлы республикашылар заманының даңқына масаттанып шыға келді. Будандасқан қан будан ойды тудырады. Өзі италияндық, осы жайды терен сезіне білетін жоғарыда атап өткен мемлекеттік ұлы қайраткер, мынаны аңғартты: Цезарь мен Помпей жоғалды, олардың орнын Иван, Матвей мен Перт алды. Тағылардың кісі есімдерінің өзі сырт көзге де және быттай да тағызық идеяның белгісі болыш табылады. Күткенде-гіміздей, осы бір будандасқан қауымның дәстүрі де, тіл де, кіслер мен жер-су аттары да өзгерлі, өзендер, қалалар мен адамдар жаңа атқа ие болды”, — деген пікірін көз киығымен қарап шыққанда-ақ түсіне қойғаны анық.

Дәл осы күйді қазақтар да басынан кешті.

Абай заманында-ақ нышан танытқан бұл “үйлесім” жыл өткен сайын үстемелей түсті. Қызылжар — Петропавловскі, Алматы — Верный, Аяқөз — Сергиополь, Селебі — Челябі, Сарытау — Саратов, Йишік — Гурьев атанды. Ал адам

аттарына келсек, тағдырдың төлкегіне орай, бүкіл ғұмырын казақтың ұлт-азаттық құресіне жұмсаған, басын тұра мағынасында айтқанда, қылышқа қидырған Хан Кененің тұқымының бірі XIX ғасырдың орта тұсында мәжбүрсіз шоқындырылғанын, оның немересі Кеңес Одағының қолбасшысы, батыр генерал-майор Моисеевский Александр Гаврилович деген атпен мәлім болғанын айтсақ та жеткілікті.

Тұтқынға түссе де тұқымын ұмытпаған бекзада анымз тегін ұмытпау туралы өсiet қалдырса керек. Генералдың жұбайы оның суретінің сыртына “**Құрметті Нәтәй Әзімханұлы (Кенесарин — Т.Ж.) аяулы Халиша Ибыраймқызы (Нәтәйдің әйелі), осы бір адамның бейнесін мәңгілік ұмытпа-саныздар екен, бар күшін сарқа жұмсаған және өмір бойы өзін қазақ халқының өкілімін деп есептеп кетті**” — деп жазуына қарағанда текті адам тектілігін танытатынын байқатады.

Шоқынғаны үшін Александр Гаврилович төре жазықты емес еді. Жазықты — отаршыл ел мен қиянатшыл шіркеу тақуалары.

Нақты дәлелденбеген есеп бойынша жиырма мыңнан астам адам шоқындырылды. Соның ішінде қаншама қаны бұрқыраған ыстық сезімді, зерек зейінді тұқым будандасып кетті десенізші. Аты анызға айналған адвокат Плеваконың шешесі қостанайлық Алма атты қыз екенін, азамат соғысында әйгіленген генерал Корниловтың шешесі қарқаралылық Рахия, әлде Раҳила есімді әйел екенін дәйекке келтірсек те жеткілікті.

Алтын Орданың тұсында басталған шоқындылардың үрпағынан орыстардың мактанышына айналған Державин, Карамзин (Карамырзаның тұқымы), Тургенев (Түргенің тұқымы), Бекетов (Бекет), Менделеев (Менделінің тұқымы), Достоевский (Арсылан бектің тұқымы), Куприн (Құлыншақтың тұқымы), Ахматова (Ахмет ханың тұқымы) іспетті тұлғалардың атын атасақ та біраз жайды анғарамыз. Дүниеңін рухани тұтқасы христиандық сенім деп тұжырым ұсынған П.Я.Чаадаев шіркеу миссионеріне қаратады:

“**Сіздер славяндық ерекше таным әлемін құрғыңыз келеді той, ендеше өз қезегінде татарлар (Алтын Орда құрамындағылар — Т.Ж.) неге татар (Алтын Орда — Т.Ж.) әлемін құруға талпынбады? Осы екі нәсілдің өткен тағдырын салыстырып көріңізші, сонда сіздерге қарағанда татарлардың (Алтынордалықтардың — Т.Ж.) табысқа жету мүмкіндігі әлдеқайда көп екендігіне көзіңіз жетеді. Өйткені олар өздерін жауынгер қағанатының негізін қалаушы ретінде көрсете білді. Мұхаммед дінінің күні өтіп бара жатқаны аян, бұл — шындық,**

Олар әзірше мұсылман болып тұрғанда, әлемдік саҳнаға тағы да жарқылдан шыға алмайды, алайда сөті түскен сөттердің бірінде олар христианға айналады — міне, сол кезде олардың күні туады. Дүниені өте бір тосын болашақ күгіп тұр: әлемнің жартысы — славяндарға, жартысы — татарларға (бұрынғы алтынордалықтарға — Т.Ж.) қарайды. Міне, сол сәттен бастап адамзатты билейтін екі ұлы идея — пан — славяндық пен пан — татаршылық (Алтынордашылық — Т.Ж.) болады. Әрине бұл екі жүйе адамзат қоғамының ілгері даму қозғалысын сондай қарапайым күйге түсіретінін мойындау керек” — деп пікір айтқанда, шоқынған алтынордалықтардың тектік сипатын мегзеуі де мүмкін.

Мұсылман дінінің жойылып бітуіне және мұсылмандардың шоқынатынына көміл сенудің астарында, Ресей миссионерлерінің бағытынан толық мағлұмдар болғанын анғартады.

Чаадаев үшін Ресейдегі мұсылмандардың шоқынуы — рухани заңдылық еді.

Демек, Дрәпердің римдік текке өкінгені сияқты Абайдың да тек үшін аландауы орынды болатын.

Абай дінсіздіктен қатты сескенді және ессіз берілген тәркі діншілерді де, яғни өсіре өулиешілерді де жаратпады. Дінді “акылға, әделке, ынсалқа” (*Абай*) лайықтап ұстал; “құдайтағаланың қуатымен талап, ақылың арқылы тапқан рахатынды көр, қызығын кеш, оған сұық қозбен қарама” — дейді Абай. Мұның астарында үрпақ пен өмірдің қамын ойлаған қамқорлық жатыр. Тәркі дүниеге еріккеннің иманы да пәтусасыз келеді. Оның санаасында парық, пен пайым үғымы ажыратылмайды. Тектік дамудың мүддесі оған жат. Бұл — ішкі қарсылықтан, рухани қорғаныстан айырылған адам. Күрес қабілеті жойылған. Былайша айтқанда, дін жолындағы мәңгүрттер. Абай ондайлардан мұқым елді сақтандырады. Халықты “уайымсыз салғырттықтан” сескендіреді. Мұның кесірін:

“Саҳиб ниғметке (құдайдың жомарттықпен берген қабілетіне, қуатына) шүкірлігің болмаса, (онда сен) әденсіздігіңмен күнәһар болмайсың ба? Екіншісі: бұл жолдағылар қор болып (үрпақсыз кету) кету қаупі бар. Қәпірлерге жем болып кету де, қайсібір сабырсыз жолдан тайып, сабырмен (осылай) бір қарар (біраз журе) тұрармын деген (мен) кетсөлер де керек. Егер де бұл жол жарым-жартылай (тәркі дүниешілерге) гана айтылған (корсетілген) болса, (онда) жарым-жарты рас (шындық) дүниеде бола ма? Рас (шындық) болса — әммаға бірдей рас (шындық) болсын,

алалаған растық бола ма һам (ол) ғаділет бола ма? Олай болмағанда, ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі — хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда — кәмәләт та (толысу) жоқ”, — деп түсіндіреді.

Күрес қабілеті, пенденшілік сезімі, рухани қорғану түйсігі, үрпақ жалғастыру мүддесі, сабырлы пайымы қалыптаспаған өулие — өулие емес.

Алланың оларға жеке дара шығарған жарлығы жоқ. “Растық”, шындық — біреу. Бұл жолды “ұстаган жұртта — ғұмыр жоқ”, яғни өмір сұруге қақысы жоқ не “кәмәләтка жетуге” дәрменсіз қалады. Ұлтты жоюға бастайтын жол. Сондықтан да Абай діни арандатудан қатты тітіркенеді. Ол өте қауіпті тәсіл . Мұндай “жарым-жарты растықты” малдана берсе олардың “кәпірлерге жем болып кетуі де” мүмкін, “жолдан тайған сабырсыздардың” ұшырауы да сондықтан.

Абайдың ой ағымы осыған жетелейді. Ал тарихшы Санжар Аспендияровтың дәлелдеуінше:

“Арандату әрекеті патшалық саясаттың төрінен орын алды, әлемдегі өзге де империялық құштер сияқты оны әккілікпен пайдаланғаны” даусыз.

Әрине, отаршыл әкімшілікпен біте кайнасып, “жандармерияға айналған” миссионерлер де сол “арандату әрекетін” барынша әккілікпен енеп-септеп жүзеге асырып жатты. Олардың бұл аярлықтары іле әшкереленіп те жатты. Өйткені миссионерлік уағызды жүргізуге православие шіркеулерінің мәдени, рухани өрісі мен әдебі жетпеді. Орысшыл-ұлтшылдықпен суарылған діни уағыз құдайдың ақ сөзінен ғері ақ патшаның жарлығына ұқсан кете берді. Ал жергілікті жерлерде поптар мен урядниктердің айырмасы жокқа тән болды. “Қайырымды әкей” қайырымсыз қылыш иесімен шеру тартып, қатігездікті катар тұрып жасады. Файса пайғамбардың дінімен емес, шіркеудің шерміген попынан жүрт сескенді. Зады, жаугершілік те, миссионерлік жорық та, отарлау саясаты да сол зорлықшыл елдің бет-бейнесін, ішкі мәдениетін, даму дәрежесін көрсетеді.

Ұлт пен ұлттың сінісу заңдылықтарын жете зерттеген Дрэпер бұл жөнінде ой сабактай келе:

“Ең басты мына үш заңдылықты есте ұстau керек: 1) Жат жерге аяқ басқандардың саяси қозғалысы олардың қандай қоғамдағы қандай текten: жұмысшылар табынан ба, әлде, зиялылар қауымынан ба, қайсысынан шаққанына байланысты. 2) Тектік тұстастық қоғамның беріктігіне кепіл береді, бірақ кей тұстарда тоқырауға ұшырауы мүмкін. 3) Тек қана қаны будандасқан адамдардан құрылған қоғамның әлеуметтік

**әрекеті үнемі үстемеленіп отырады, егерде қаның араласуы оте төмөн болса, онда қауымның белсенділігі де соншама төмөндейді”, — дейді.**

Бұл реттен алғанда қазақтың жолы болмады.

Әңгіме — орыс қоғамында емес, сол орыс қоғамына сыймаған жырындылардың қазақдаласына “құрметпен” жер аударылуында еді. Зиялыштардың ортасына сыймаған “зиялыштар”, шіркеуді шіріткен поптар мен тақуалар, әскери антты бұзған есерлер, кенсениң кадірін кетірген шенеуніктер, су жүқпас сот пен паракор прокурор, мақтан сүйгіш генералдар мен жалған ақпарат жазғыш көшірмешілер келді.

Ал саяси сенімсіздердің жөні басқа болатын. Қысқаша қайырсақ, С.Аспендияровтың сөзімен айтқанда:

“**Жаңа отарлау саясатын жүргізу үшін патша әкіметтіне салиқалы “мамандар” керек болды. Әкімшілік аппаратының жоғарғы және ортаңғы буыны Салтыков-Щедриннің сайқымазақ қаламы мен қарғыс таңбасы басылған ресейлік бюрократияның сұжүқпастарынан сұрыпталып алынды. Осы топқа жататындардың ішіндегі ең сорақысы Қазақстанға тап болды. Алыс аймактан лауазым мен орден іздеғен мансапқор, қымқырып-жымқырып қойған не тақырға отырған дворянлардың бозөкпелері т.б. осында ағылды. Олар сайлау барысындағы жөнсіздіктермен күресуді ойлағаны былай тұрсын, патшалық отарлау жүйесінін ең сорақы әрекеттерінің гүлденіп, өркендеуіне тікелей қолғабысын тигізді. Қазақстанды басқару туралы низамнан кейінгі кезеңде — қызмет бабын бас мұддесіне пайдалану, паракорлық, қарапайым халықты әкімшілік атынан тану, мұндай бейбастақтығы үшін жаңадан келген келімсектердің қолтығына су бүркү әрекеттері барлық жерде жаппай орын алды. Сол кездегі патша әкімшілігінің үстінен сот істерінің құжаттарын (Мәселен, губернатор Головачевтің, полковник Колзаковтің қылмысты істерін) архив сөрелерінен көтеп табуға болады”.**

Мұндай сорақылықты әр болыс пен би сайлауында көріп жүрген Абайдың отаршылдық әкімшілікten және оларға сүйенген миссионерлерден түнілсе-түнілгендей-ақ жөні бар еді. Өйткені бұзылған қоғамға бодан болған ел де бұзылып сала берді.

Олардың азып-тозбауга мұрсаты келмеді.

Параға, жалаға, пәлеге, өтірікке, арызқойлыққа бойы үйреніп, еті қызып алған соң оларды тоқтату мүмкін болмады. Бұл үлттық дертке айналды. “Күие тез жүғады” деген сол. Ал жақсылықтың жолы қашанда ауыр. Қазақ даласына Пушкиннен бұрын пушка, Толстойдан бұрын

такуа жетті. Соның салдарынан, “жауынды алдап қайттым деп, күдайдан корықпай, иман жүзін тоздырған”, “саудасы — ар мен иман болған” антүргандар пайда болды. Ондай насықтардың пиғылышын астарын ашқан Абай:

“**Басына ham өзіне ерекшелік бермек — адам ұлын (баласын) бір бұзатын іс. Әрбір наданың біз тарихатқа кірдік деп жүргені — біз бұзылғық дегенімен бір болды**”, — деп түйіндейді.

Мұндағы “тарихат” — пайғамбардың ақ жолы, сенім мен танымның, адал ниеттің, ақ тілектің жолы. Сол ниеттің өзі қылмысқа пара-пар. Рухани қорғану үшін күрестен бас тартқан оны мойындағысы келмей, сылтауратып “әрекеттен” бас тартқан “тарихатшы” — “бұзылғанмен бірдей”, яғни “бұзылған”, ниеті бұзық, демек, көпірдің азғырындысы. Ол өзіне қаншалықты “ерекшелік бермек” болса да надан, имансыз қойінде қалады. “Адамның ұлы” атанбайды. Абай мұны тезге салатын рухани көсем іздең, қорғансыз көп әулиеден тұrlаулы бір тұлғаны артық көріп:

*Имансыздық намазда,  
Кызылбастар салған жол  
Көп шүйлдәк не табар,  
Бастамаса бір кемел, —*

дейді.

Абай бұл пікірді дер кезінде және өте орынды айтып отыр. Рухани тоқырауға ерген “уайымсыз салғырт” тобырдың ден алып бара жатқан тұсында топан сұындағы лықсыған тобырды салауат пен сабырға шақыратын “бір кемел” керек-ақ еді. Өйткені:

“**Патша ұлықтары қазақтың “қаймағы бұзылмаған таза рухына” мұсылмандардың ықпал етуіне қатты сескенді. Сондықтан да қазақ даласын әкімшілік тұрғысынан қайта құрумен қатар бұл өлкені будандастыру мен орыстандыру жұмыстарын қоса жүргізетін миссионерлік-отаршылдық мақсаттағы мекемелер құрылды. Сонымен қатар, бұл әрекет бағынған халықтардың боландыққа деген сенімін, самодержавиенің “мәңгілік” екендігіне деген көзқарасын қалыптастыруға да бағытталды, олардың қатарына қазақтар мен келімсек мұжықтар да жатқызылды”** (С.Аспендиев).

Ресей жаһангерлігі ел мен жерді отарлау туралы пигыл таныткан Петр I патшаның тұсында-ақ рухани езгіні қоса камдастырды. “Қазақ даласын Азияның қақласы” деп Петр нұсқаған заматта шіркеудің “әулие әкелері” рухани арбасудың жоспарын жасады. Үлттың “ең шетін, ең нәзік” (Абай) талмауыт тұсын деп басып, сананы уландыруға ұмтылды.

Бодан жұртты орыстандыру мен шоқындыру өрекетін түбегейлете жүргізу үшін 1731 жылы Сенаттың қасынан “Шоқындыру кеңесесі” құрылды. Ол негізінен Еділ бойындағы татарларды арбауга бағытталды. Бұл азғыруды ғылыми негізге түсіру мақсатымен 1797 жылы Қазан руханият (духовный) академиясы ашылды. Миссионер мамандар дайындалып, олар “орыстандыру палатасы” мен “қоныстанушылар кеңесесінің” дәбірі болып шыкты. Солардың бастамасымен 1869 жылы Мәскеуде миссионерлер қофамы үйимдастырылды. Олар бодан үлттарды орыстандырып, шоқындырудың нақты іс жоспарын талқылап, жүзеге асыруды ұсынды.

Ондағы басты бағыттың бірі — коныстанушылар арқылы күштеп шоқындыру еді. Ал әскери жорықты сәл кейінге қалдырды. Қазандығы руханият академиясының жанынан “қазақ үлттының сүйікті қамқоршысы” Николай Иванович Ильминский жаныбып жүріп “Мұсылмандарға карсы күрес бөлімін” ашып, оны өзі басқарды. Оның “достығының” астарын осыдан-ақ түсінуге болады. Патша ағзамның тікелей жарлығымен Түркістан өлкесін шоқындыруға дайындайтын архиерей кафедрасы құрылып, ол Алматы қаласында орналасты. 1901 жылы Алматыда миссионерлік епархиальдік мекеме үйимдастырылды. Алматыдағы кафедралық соборда қазактарды салтанатты түрде шоқындыру рәсімі өткізілетін болып жоспарланды.

Мұндай рухани шабуылды Абай өте жіті бақылып отырды. Ақыры өзі де таным майданына араласып кетуге мәжбүрлік танытты.

Себебі, бұл аяр саясаттың артында шіркеудің можантопай жаһилдері тұрды. Жалпы еуропа елдеріндегі шоқындыру өрекеті өте дөрекі, күшке сүйенген қатігездікпен және барлық ғылым, мәдениет атаулыны тұншықтырумен жүргізді. Бұл ретте Америкадағы “қайырымды әкейлердің” оқу орындар мен аурухана ашып, садакалар беру арқылы дінге тартқанын тілге тиек ете келе Джон Виллиам Дрэпер:

“Жана сатыдағы дамыған қоғамға Рим шіркеуінің жіберген ұлы, тіпті өліммен пара-пар қатесін үнемі есте ұстай отырып баға беруге болмайды. Егер де ол дер кезінде ғылымды қамқорлыққа алып, оның дамуына септессе ғой, онда бүгінгі күні бүкіл Еуропаны билеп-тостеп отырар еді. Тамаққа тығылған тасқа ұқсамай, ісі адамзаттың дамуының жанды рухани күшине айналар еді. Күшпен зорлан оқытуды жүзеге асырамын деп “қасиетті кітаптың” бетін тас қып жапқызы, ол табиғаттану окулығының көзін құртқысы келді, бірақ та

ол мүмкін емес екен... Біздің ұлттық санамыздың дамуы барысында американдық әулие әкелер мұндай аса зор жойыттық қателерден бойын тартып жүргені аблаз. Олар: Қасиетті кітапты жаппай оқыту үшін табиғаттың заңдылығы туралы оқулыққа да тиісті орын қалдырмай тұрып, ниеттерінің жартысы ғана орындалатынын есте ұстауды қажет. Олар: жаратылыста екі-ак ұлы кітап — Сөз (уағыз) бен іс (ғылым) барын — әрбір адам сол екеуінің қайсысын болса да ешқандай қауіп-қатерсіз, алаңсыз окуға және өзінің ақылына сай пікір білдіруге құқылы екенін де ұмытпағаны жөн”, — дейді.

Православие шіркеуі римдік ықпалдың шенгелінен шыға алмады. Мұндай діни таным әуелі аярлықпен, алдаумен, акыр сонында құшпен насиҳатталды. Насиҳатталған жок зорлықпен танылды.

Абай мұндай тоңмойын зорлыққа рухани қарсылықты қарсы қойды. Ұлтын антка беріктікке, рухани қаталдыққа, тұрлаулы тәуекелшілдікке, “атылып, иә сол үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ғой” — деп “қалышылдайтын” (Абай) қазакты қанышылдыққа шақырады. Ол ойының ойлаған нысанадан алыс жатқанына өкініп:

“Өздерің көріп-ақ жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтының қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдаймын деген де қазақ көргенім жоқ, өз кеңірдегін ғана көрсетеді-ау: “Қылыш қана қалайың!” деп. Егер осы бойынша лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да қайратымен-ақ кісі айданындыратуғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде кірер жерін таба алмайтының даракы, жүртты: осы сезіммен айданындырамын, мына көпірден кісі шошитын екен — дегізіп айданындырайын деп айтып отырган құр домбытпасы болып, босқа қоқып отырса, соны не дейміз? Әй, құдай-ай! Жанға мырзалиқ қылатуғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалиғы, дүниені бір тыын есепті көрмейтығын жомарттығы — әр түрлі белгісі бойынша тұрмас па! “Ұялмас бетке талмас жақ береді” деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі-дағы”, — дейді өзінен түніліп.

Абайдың бұлай ашынатын жөні де бар болатын.

Біріншіден, сенген елінің белбеуі бос еді. Жаппай шоқынып кетпесе де ерікті-еріксіз, лажды-лажсыз, шын ние-тімен немесе алданып, обырлықпен шоқынып жатқандарға сұрау салынбады. Тіпті жетім-жесірлерді шіркеуге әкеліп “миссиядан” өткізіп жатқанда да бас көтерер мұсылман табылмады. Рухани қорғанышсыз қалған байғұстар ата-баба аруағын қор етіп, “әулие әкейдің” жетегінде кете барды.

Елді үйіріп отырған бай мен билердің көз еті өсті. Мұскінді қайтын. Құні өртең сол крест менің мойныма тағылар деген ой қаперіне кірмеді. Пәлен рудын ішіндегі пәлен дегенниң ұлы “Ақшіркеуге кіріп шоқынып кетіпті. Әлгі менімен бакталастыратын түген болыс не қарап жүр. Қанын қәпірге сатып. Әй, өзіне де сол керек, пәлемнің” — деп іркілдей күлді.

Мұндай пұшайман күйге түскен екі баланы Абай шіркеудің қасынан қонақжайына әкеліп, кейін аулына алдып кеткен еді. Ал надан, жалған намысшыл:

“Байлар ... бір күн болса да дәулет қонып, дүниенің жарымы басында түр. Өзінде жоқты малмен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда: алалық, арамдық, ақыл, ғылым, білім — еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса құдайтағаланы да паралап алам — дейді. Оның діні, құдайы, халқы, білім-ұты, ары, жақыны, бәрі — мал. Сөзді қайтіп үксын, үтгайын десе, қолы тиे ме?».

Жаны тотықлаған жастардың қайраты қайралмаған, сана мен намысқа суарылмаған жасық қаңылтыр сияқты еді. Отаршыл билердің іріткісі мен уағызы өтіп кетіп еді. Абайдың “Жас өспірім замандас қапы қылды” деген олеңінде олардың құлқынның құлдығана болып қалғаны қатты әжууланады. Мақсат, мұрат, ұлт. рух мұддесі оларға жат. Себебі:

Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс,  
Диң ісін, құдай ісін айыра алмас  
Арын сатып, айт үрын іздеғені —  
Бір семіз ат, аяғы — бір табақ ас.

Мұндай жалмауыз қомағаймен ұлттың рухани қарсылығын оята алмайсың. “Алbastы қабаққа қарап басады” деген.

Миссионерлер ұлттың қалғып кеткен осынау мәтпақы тұсын дәл тауып, шұғыл әрекетке көшті. “Уайымсыз салғырттарды” тұртіп ояtpас үшін 1903 жылы мамыр айында Абай тіміскіге түсіп, тергеуге ілінді. Сондағы тағылған басты айып: “мұсылман діншілдерінің реакциялық қозғалысына қатысты” — делиңген желеу еді.

В.О.Ключевскийдің тауып айтқанында, полицияның міндетін атқаруға көшкен дін уағыздаушылары осы бір өліара шақта жанталасып-ақ бақты. Аласұрып айдынданып шыға келді. Өйткені, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың алғашқы баспалдақтарында қазақ даласы марғау тыныштыққа оранғандай болды. Ұлт-азаттық құрес толас тауып, құрбандыққа үнсіз мойынсынғандай еді. Шоқындыру рәсмиятын дереу бастап жіберуге үмтүлді.

Алайда казак ұлты өзінің қарсылық рухын толық тұншықтырмап еді. Дрэпер айтқан “әлеуметтік белсенділік” козғалысы шымырлай жүріп жатқан. Жаппай шоқындыруға кіріспек болған православие архиерейінің жарлығының көшірмесі қолына түскен Шаймерден Қосшығұлов сонау Қекшетаудан бұл хатты Шыңғыстаудағы Абайға жолдайды. Ол хат Абайдың қолына жетпей жатып, 1903 жылы 21 мамыр күні Омбыдағы Дағы генерал-губернаторының кеңесесінен Семей облыстық әскери губернаторына шұғыл телеграмма соғылды. Онда Дағы генерал-губернаторының:

**“Олкениң бас архиепископының өтініші бойынша, Сізден мынаны анықтаған беруіңізді өтінемін. Қекшетау қаласынан Шаймерден Қосшығұловтың атынан Арқат Почта-телефон кеңесесіне Ибрагим Құнанбаевқа жолданған хатты хат иесі алды ма, жоқ па, соны біліңіз. Хат тапсырылмаса ұсталыныш қалынын”, — деген мағынадағы бүйрұғы жазылған еді.**

Діни көсемінің пәрмені өлке ұлығының, облыс ұлығының, оядың алдынан бір-ак күнде өтіп, сол күні Арқат бекетіне:

**“Қекшетаудан Қосшығұловтың атынан Ибрагим Құнанбаевқа жолданған хат Арқат почта кеңесесіне келіп тұсті. Қастандық насиҳаттың тоқтатылуына және Құнанбаевті ақылды, түсінігі мол адам ретінде білетіндігіме байланысты хатты тапсыруды өтінемін. Оны алған кезде ояз бастығы қатысып тұрысын”, — деген пәрмен тұсті.**

Хат қандай жағдайда болсын, әйтеуір, Абайға табыс етілгені анық.

Дін — исламның қауіп-қатерге ұшырағаны, бірігіп күресу үшін не істеу керектігі, қандай ақыл қосары какындағы Шаймерден Қосшығұловтың жеке хатымен қоса архив тігіндісінен 1891 жылғы қыркүйек айында Діни (архиерей) басқармасының Мәртебелі Ағзамға мұсылмандар арасына Иса пайғамбардың православиелік дінін тарату туралы жасаған ұсынысын қабылдағаны туралы құпия мәліметтің көшірмесі де шықты.

Мұны оқығанда Абайдың қандай көніл күйде болғанын нақты сезінбесек те шамалап түсінуге болады. Құпия тапсырма:

**“1902 жылы 22 наурызда Мәртебелі ағзамның бекіткен заңына сәйкес мемлекеттік құпия істер жөніндегі кеңесші: “Патшаның бодандығындағы барлық бағыныштылар бір дінге кошуі керек, бірақ та оларды бағындыру және шоқындыру, бір дінге кіргізу Ережеге байланысты құпия, ың-шыңсыз, бірте-бірте, күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда асқан етіллікпен, айламен; “Олардың өздері дінге кіруге ризалығын берген-міс”**

— деген желеумен жүргізілуі тиіс. “Өздері православие дініне енуге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енді” — деген айлалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек” деп нұсқау берді”, — деген сөзден басталатын.

Архирей ағзамның, екі бірдей губернатордың, ояздың тәбе шашы тік тұра алашапқынға неге түскені енді түсінікті. Мұндағы қауырт һам құпия мәліметті таланға тастағаны үшін патша да, патриарх та бастарынан сипамайды.

Бұл мәлімет Шаймерденнің қолына қалай түсті, бізге беймәлім. Бірак та 1902 жылды 22 наурызда патшаның мұсылмандарды шоқындыруға жарлық бергені, ол науқанға дайындықтын құпия түрде жүріп жатқаны анық еді. Егер дүние тыныш, төңкеріс пен соғыс басталмаған жағдайда, бұл шоқындыру шамамен 1913-1925 жылдардың арасында “салтанатты түрде” ресмияттан ететін еді.

Бұдан кейін Абайдың жүргегінің басына толған азы запыран мен у жарылып-ақ кетті. “Ішім толған у мен дерт” десе — дегендегі күйікті күйге түсті. Күніренді де тунілді.

Бетін бұл дүниеден теріс қаратып әкетті. Артына:

“Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас үргызыса керек еді.  
Жок, біз олай қылмадық. Ұзақтай шулап, қарғадай барқылдан,  
ауылдағы боқтықтан үзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп  
жүр екен. Ер жеткен соң, күш енген соң оған билетпелдік. Жанды  
тәнге бас үргызық. Еш нәрсеге қөнілмен қарамадық, көзбен  
де жақсы қарамадық. Қөніл айтып тұrsa — сенбедік. Көзбен  
көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сыры қалай  
болады деп қонілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті  
дейсіз... Қөкіректе сәүле жок, қонілде сенім жок. Құр көзбен  
көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде  
жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те — білсек екен деген  
адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуанинан да  
жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұк  
білмейміз, (бірак): “Біз де білеміз!” — деп надандығымызды  
білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре  
тамырымызды адырайтып кетеміз”, — деген сөзі қалды.

Бұл, “Қарғыстың ең жаманы” — “өзің білме, білгеннің тілін алма” деген сөздің кері іспетті.

Абай ұлтының бар қасіретін жүрек тамырымен сезінді. Уайымға да, үмітсіздікке де, торығуға да салынды. Қайта сергіді. Қолын сермеді. Алайда рухани қорғаныстың құдіретіне бас идіре алмай кетті. Ашынса — ашынатындей жөні де бар еді.

Ол ұлтының ұлы кемшіліктерін кешіре білді.

Ал ұсақ-түйекке келгендері “қырт мінезі” мен “қырт мақтанына”, “уайымсыз салғырттығына”, “қорыкқыш жүргіне, айнығыш көніліне, босаңсыған буынына”, рухани корғансыздығына төзбеді. Соншама ұлы да жұмбак, алып ой мен парасат иесі, ел ағасы мұратына жете алмады. Бұл орайда Герман Гессенің Гете марқасқа туралы:

“Оның бойындағы бір қасиеттің: күйкі тірлікке қанағаттандай ұлы мақсатты іздеуі, мәңгілік орындалмайтын арманды аңсан, соны нұсқаудың өзі-ақ адамды өзіне ынтық етті әрі соның өзі таңданатындай ғажап көрінетін. Алайда жыл откен сайын мениң түсінігім еселеі теренден, мынаған: — Гетеңің жан күйігі — тек оның жеке басының ғана жан күйігі емес, тек зиялъялардың ғана жан күйігі емес, сонымен қатар рух пен сөзді қалір тұтатын әрбір немістің жан күйігі екендігіне көзім жетті. Гетеңің тағылымы мен тәліміне соқдай, сәтті, сәтсіз аяқталған мақсат сүзгісінен өтпей неміс жазушысы атануы мүмкін емес”, — деген пікірі тұра Абайға қаратыла айтылғандай.

Өзін қазақ жазушысымын деп есептейтін әрбір каламгер, өзін оқымысты санайтын әрбір қазақ зиялъысы, өзін қазақпын деп санайтын әрбір қазақ Абайдың жан күйінің сүзгісінен бір өтіп шығуы тиіс. Өйткені Абай қазақ ұлтының бүкіл болмысы мен ар-ожданының, рухының, ақыл-ойының нысаналы нысанасы. Кешегісінің, бүгінгісінің, ертеңгісінің де кепілі. Ол тек қана ұлы ақын емес, ол тек қана бір елдің рухани көсемі (идеолог) емес, ол бір ұлтың жиынтық қасиеті. Тіпті ол соның барлығын қосқанда да асқақтарап тұратын, “ішкі қазынасын” бермейтін жұмбак жан.

Ол сол мәңгілік “жұмбак жан” күйінде қала береді.

Тағдыр оған барлық тауқымет пен тауфихты, ракат пен азапты, қуаныш пен ренішті, махабbat пен ғадауатты, даналық пен балалықты, мәрттік пен қарттықты, жомарттық пен сарандықты, дана мен наданды “әк бүйрекпен” (*Абай*) алдына тосып отырды. Оны сол арқылы сынағысы келгендей, тілін ашығып жаратып, соның уытын төгіп кетсін дегендей сыңай танытып, “соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіріп, мыңмен жалғыз алыстырып” қойып, “қолайты жағдай” жасаған сияқты.

Абай соның бәріне тәзді.

Бірақ патриарх ұсынып, мәртебелі ағзам қол қойып, мақұлдаған мына рухани қорлыққа шыдамады.

У бойына тұтастай жайылып кетті.

Себебі бұл хатта шоқындырудың барлық қитұркысы айтылған еді.

Ол келесі өнгімеде сабакталады.

## 11. “ОЙЫНДА ЖОҚ ОЛАРДЫҢ, ШАРИФАТКА ШАЛАСЫ...”

(*Абай және шоқындыру мектептері*)

Арнасын таппаған — ақыл, өрісін таппаған — ой, сарасын таппаған — сана жаңында жайылып, тәнінде сіңген умен тен.

Ақылдың азабын тартқан Абай: “Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп қалып, қамалып қалмақ — ол өзі де бір айт үргандық және әрбір кісінің қызығына күлсөң — оған ракаттаныш күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі — өзі де қайғы”, — деп өзгені уатқанымен де өзін-өзі жұбата алмады.

Жұбатуға “жан қуаты” жетпеді.

Ал ғұламалардың ғұмырдан түңілуі — “негылайыны жоқ” түңілу. “Ақылың — у, ойың — кермек” татыған соңғы түңілу, өмірден “жалығу” — “әрнені қорем детен, көп қөрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсыздығын білген, ойлы адамнан шығады”. Фаламның қандай құбылысына зер салса да оның тәркілігін, жалғаның жалған екендігін, жарық сәуленің арасында да өлім шуағы бар екенін санасымен саралап, қайырымсыз қайғыға “бой алдырды”.

“Бұны тіпті Абайдың өзі пейіл бере мойындан:

“Соншалық өмірдің баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын қөрген, білгендер тіршіліктен жалықса (да) болады”, — деп актай сөйлейді.

Бұл не: Абайдың жалған мен жарық дүние арасындағы, мәңгілік пен бақылық арасындағы, өлім мен өмір арасындағы ақыл арпалысының қайшылығы ма? Жоқ, пейілін пенделікке женғізіп, тәркі дүние пәлсағасына ырық берген ақындық пәни сезімі ме? Бәрі де мүмкін.

Бірақ Абайдың танымы — “ұлттың жиынтық қасиеті”, “Рух пен сөздің жан күйігі” (*Г. Гессе*) екендігін ескерсек, бұл пайымға байыз табу қыын.

Демек, дүниеден түңілу пәлсағасы — ақынның пәнилік тіршіліктерінен сезімге беріліп кеткен тұсындағы осалдығы. Санасы — саралыққа, ақылын — сабырға, ойын — ұстамдылыққа үйіта алмаған. Дәлірек айтсақ, “акыл козі ашылып”, “жан қуаты” шымырқанған сәтіндегі жалғаның, пәнидің ашы шындығына шыдай алмай, осы “дүниедегі ... басының бір ауырғаны” (*Абай*) болса керек.

Бұл — ақылдың азабы, сананың сарғауы, жүректің “жалығуы”. Ызалы қулкінің өзі де қайғыға айналған отамалы тұс.

Әрбір пенденің, жеке тұлғасының, мұқым үлттың “ақыл көзінің ашылуы” (самосознание) қашанда “уайым-қайғысыздығында уайым-қайғы қылады” да сананың сөулесінен ұстаган пенде мен тұлға, исі үлт:

**“Сол уайым-қайғысыздықтан құтылатын орынды харакет табуы керек һам (солай) қылу керек. Әрбір орынды харакет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз құлкімен азайтпайды, орынды харакетпен азайтады!”**

Осылай дей тұра Абайдың пәниден сырт қарап кетуіне не себеп болды? Етекbastылық па, бірбасына ерік тимегендік пе, соқтықпалы, соқпаксыз заманы ма?

Әйтеуір. “ақыл. қайрат, жүректі бірдей ұстаган” “толық адамның” торығуы емес. Осы үшеуіне де бағынбайтындағы боп асқынған, асып-төгілген дүлей күштің долы сезімінің, жүйкелері жалаңаштанған намыстың шарасыздығы. Адамның төзім атаулы тамырлары заман запыранының қысымынан жарылып, денеге тұтас у жайылып:

*Егер менің шимді жарып көрсөң,  
Жылауынды ұмытып, шошыр едін’ —*

дегізген шарасыз шактың шарпуы.

Мұны пәлсафалық тұрғыдан ақылға салып, жокқа шығаруға болады. Бірақ өмірлік шындық тұрғысынан алғанда мойынсынасың. Мойынсынасың да Абаймен қоса түнделіп кетесің. Түнделмесенде, әйтеуір, жүйкенің бір тамыры үзіліп кетері анық.

“Ақылдың көзі ашылған” мұндай катерлі сәттерде жекелеген пенделер өзіне қол салып, тұлғалар торығып, ал кейбір үлттар жанталаса қыстығып, жаппай бақильтікка мойынсынып, өзін-өзі өлімге байлаған не жанұшыра жаттың жағасынан алып, қылыштың жүзінен жан тапсырған.

Шындықпен бетпе-бет келгенде сана ақылды есендіретіп жібереді. Оған қарсы төзіп тұра алатын пенде де, тұлға да, үлт та аз. Миы темір болмаса, әйтеуір бір күйзелісті бастан кешірері анық.

Санадағы мұндай киямет кайыннан өткен ақыл иесі мәнгілікке бет алған парасатты қасиетті бойына сіңіреді. Ондай қасиеттің иесі өзіне-өзі кез келген сәтте тоқтау салып, басу айта алады. Алдағы күннің сөулесі үшін бүтінгі азабына шыдайды. Ал мұны женғен үлт ешқашанда мінезіне жендермейді, ақылтына жүгінеді. “Ақыл көзінің ашылған” түсіндағы мұндай жанталас күйді В.О.Ключевский:

**“Санамен өзінді-өзің тану — жеке адамның немесе исі халықтың өзін-өзі қалай танып-тәрбиелегенін көрсететін өте**

кин және баяу жұзеге асатын тар жол, тайғақ кешу арқылы жететін құбылыс. Сол жанкешті өткелге төтелей жетудің бір жолы — абзал жандарды еске алуға ариалған салтанатты мінәжаттар болып табылады, бұл — сөл аялап, демінді ішінде тартып, өткен өмір, кешкен ғұмырыңды саралап, санада екшетін қас-қағым сәттегі айшықты мезет. Осындаи кемелділік кезеңінде тоқтап, демінді ішінде тартып тұрып кейін қалған заманның салмағын саралап, алдағы күннің барадағытын анықтайсын”, — деп бейнелайді.

Абай да өзінің ғұмырының аяқталып келе жатқанын сезінгендей күй кешіп, өмір мен өлімнің есебін жүргізді. Абай өсте өлімнен сескенген пенде емес. Ол “иманына сеніп”, ажалға қарсы жүрді. Тіршіліктің пәнилігіне көзі жеткен Абайды түнделірген сананың сары уайымы еді. “Өзін-өзі тануды” адамдықтың белгісі ретінде санаған ғұлама:

“Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса, жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіннен-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алған бергі өмірді қалай өткіздің екен, ахиретке, не дүниеге жарамды күнінді өзің өкінбестей өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылыш өткізгенінді өзің де білмей қалыштысың?” — дейді.

“Ақылдың көзін” күн сайын аршып, өз жүргінен өзі есеп алып отырған Абайдың көніл қалтарысында қалып қойған көлеңкесі болып, сол өкініші өзегін өртеп жалғаннан теріс қарап кетуге мәжбүр етті ме?

Зады. Абай өзінің жеке басы үшін ешқашанда опық жеп, өксіп құскан пенде емес. Ол “жарлы емеспін, зарлымын” дегенде — адами тілегінен тұған арманды қозғап отырған жоқ. Оның әр сөзінің астарында “ел” деген үғым жатыр. Қарақан басының қамын ойлап қамықкан ақын болса — Абай, ұлттың Абайы, ұлттың мұқым қасиетін бойына жиган, соның өзінде де алдырмайтын “жұмбақ жан” денгейіне жетпес еді.

Ол “акылдың көзін” өзі үшін емес, елі үшін аршыды. Сол елі үшін санаасын саралады.

Абайдың “өзінен-өзі есеп алуы” — Абайдың Абайдан есеп алуы емес, ол — қазақтың-қазақтан, ұлттың-ұлттан есеп алуы. Бұған Абайдың толық қақысы бар еді. Абайдың тұсында сондай бір ұлы кезенге көтерілген қазак ұлты жардымын шетінде тұрды. Не еніске қарай құлап кетуі, не өзін-өзі тежеп, буырқанып барып бетін түзеп алуы қажет еді.

Мәселенің ең бастысы: ұл боп өмір сұру керек пе, жоқ сініп, жер бетінен жойылып кетуі керек пе — деген сұрапқа жауап табу болатын.

Мұндай зауалды шақтарды ұлт өміріндегі шешуші кезең екендігін дәп басқан В.О.Ключевский:

“Ұлы тұлғалар — халық өмірінің талқыға түсетін шағымды сәттеріндегі кепілдік сияқты. Қөзге көрінбейтін сондай бір нәзік қарым-қатынас арқылы өзін қоршаған ортаның ұсақ әрі құм боп шашылып кеткен мұдделері әлгі тұлғаның бойына жинақталады да жеке адамның құдіретті қасиеті оның құлшынысы мен қайраты арқылы қекейкесті мәселелердің басын қосып, ұлken мақсатқа ұластырады, сонымен қатар қоғамның бойына жинаған қуат күші мен мүмкіндігінің көзін ашады және дамуының алдағы жолын көрсетіп береді. Мұндай ұлы тұлғалар — халық санасының даму өлшемі мен оның келешек өмірінің көрсеткіші ретінде бағаланады. Олардың сәулеесінің шағылуынан біз өзімізді өзіміз тұра айнадағыдай ап-анық көреміз, сол сәуле арқылы өзіміздің жаңымызға үнілеміз, ол біздің кім екенімізді өзімізге түсіндіріп береді. Тарихтың ұлы қорғандарының (құлыптастарының) қасиеті сонда, олар халықтың өзін-өзі тануға деген санаасын оятады”, — дейді.

Шындығында да В.О.Ключевский пір тұтып отырған Пушкин орыс халқы үшін сондай ұлттық тұлға.

Сондай-ақ ұлттың тағдыры ұлы талқыға түскен заматта оның барлық қасиетін бойына жиған Абайдан басқа тұлғаны қазақ арасынан табу қыын. Тіпті іздел әуре болудың қажеті жоқ. Кеше де, бүтін де, ертең де Абай — Абай болып қала береді. Әрине, таланттар да туар. Бірақ Абай жалғыз.

Бұл осал әрі құрметті сыбага емес еді.

Абай ұлтының мұқым мұн-зырын, бақыты мен сорын, қызығы мен қасіретін сезіп қана қойған жоқ, оны санасына сінірді, жүргегінде шайқады, ақылымен саралады. Ақыры тұла бойы “у мен дертке” толды. Қеудесінен асып миына шапқан запыран 1903 жылы мамыр айындағы Шаймерден Қосшығоловтың хатымен қоса келген Діни басқарманың құпия жарлығын оқыған сәтте жарылды да кетті. Сол күннен бастап Абай миына жарық дүниеге ту сыртын беріп, пәниден бақылышқа бетін бұрды. Тура бір жыл өткенде ахиретке оранды.

Бұл ұлттың қазасы емес, азасы еді.

Абай өз өлімі арқылы қазактын рухын оятып, В.О.Ключевский айтқандай, “халық өмірінің талқыға түскен шағымды сәтінде” өзінің өлімі арқылы “қөзге көрінбейтін сондай бір нәзік” түйсікпен “бас-басына би болған қазақтардың” “ұсақ әрі құм сияқты шашылып кеткен мұдделерінің басын қосып”, ұлттық ортақ мақсатқа тоғыстырып кетті. Ел жұрты Абайдың

“жүрөгінің түбіне терен бойлай” отырып, өзін көрді, өзінің жанына үнілді. Жидебай — корған да, құлыптас та емес, халықтың үлттық санасын оятқан, қазақтың рухы көмілген касиетті мекенге айналды. Сонда Абайдың:

*Егер менің ішімді жарып көрсөн,  
Жылауынды ұмытып, шошып едін!*

деп отырғандағы сүмдығы не еді? Ол:

“Патша бодандығындағы барлық бағыныштылар бір дінге көшуі керек, бірақ та оларды бағындыру және шоқындыру, бір дінге кіргізу ережеге байланысты құпия, ың-шыңсыз, бірте-бірте, күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда асқан ептілікпен, айламен: “Олардың өзі дінге кіруге ризашылықтарын берген-міс” — деген желеумен жүргізілуі тиіс, “Өздері православие дініне енуге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енді” — деген айалалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек”, — деген патшалық діни басқарманың жарлығы еді.

Мұны оқыған бәйтерек морт сынды. Бірақ өртенге шыққан өміршеш тымырын сактап қалды. Қектегендеге де өртенге қектеді.

Мына хаттан кейінгі Абайдың жан азабы шындығында да адам “шошырлық еді”. Мұқым үлттың ең соңғы рухани тәуелсіздігінің тамыры қылтамақ, “Қалың елі қазағы, қалың жұрты” имансыз ғұмыр кешпек. Сол сәтте Абай жүрөгін жұбататындағы тиянақ таппай, тірі қүйік болғанша, рухты өшірмейтін өлі аруақ қүйінде үлттың рухын демейін дегендегі тәркіл дүниенің етегінен ұстаған сияқты.

Бұдан артық азалы хабарды ешкім естірте алmas.

Ол бұған дейін екі рет күдер үзіп көрген. Бірақ соңынан ақылға женгізіп, айныған. Әуелі де Коңырқөкшеде Әбеннің камшысы сермелгенде, ел ішінен безген. Оны найман Серікбай мен керей Бегеш: “Ей, Абай, сен тобықтының Абайы емес, мұқым қазақтың Абайысың. Тобықтыға сыймасаң да алашқа сиясың. Елінді тастап ер атанбассың”, — деп барыпрайынан қайырған.

Екінші жолы Әбдірахман қыршынынан қылғанда: “Бұдан кейін де өмір сүрдім деп ахиретке қайтіп айтамын”, — деп бетін күнбатысқа қаратып жатып алғанда қалың қауым жиылып кеп үйіріліп тұрыпты. Сонда елінің бір ақсақалы Абайға кеп: “Абайжан, мына еліңе неге көніл айтпайсын. Әбіш деген ұлы қайтыс боп, қайғыдан не істерін білмей сенделіп қалды”, — денті. Абай басын көтеріп алып: “А, солай ма еді. Әбіш менің ғана балам деп жүрсем. Ел баласы еken ғой. Мұным ағаттық болған еken. Барайын, барайын”, — деп басын көтеріпті.

Дәл осы жолы оны жұбататын ешқандай дауа, амал жоқ еді. Өйткені, елдің өзі жұбату тілеп тұрған. Ал оларды жұбататында “жан қуаты”, “ыстық жүрек”, “сұық қызыл” Абайда да қалмап еді.

Бұған өзге түгелі өмірін мектеп ашып, қыр қазақтарын “орыс рухында” оқытуға арнаған Ыбырай Алтынсарин марқұм да шыдай алмапты. Ол 1889 жылы 20 акпан күні Орынбор оку аймағының татар, башқұрт, казак мектептері жөніндегі бақылаушы Василий Владимирович Катаринскийге Ор қаласындағы мұғалімдік мектептің директоры туралы:

“Аса қадірлі Василий Владимирович! Сізге қайғылы хабар естіртуге тұра келеді. Біздің Бессонов Александр Григорьевич ақылынан адасқан тәрізді. Оның өз оқушыларына жасаған мұлдем қысынсыз қылықтарын осылай деп түсінірмесе ешбір болмас. Әңгіме мынада: ол мұғалімдік мектептің үшінші және төртінші класында “Інжіл” мен “Ұағыз” сабактарын бере бастаған көрінеді. Бұл кластардың оқушылары оны қаламаса да бастаған ісін бір ай бойы жүргізген. Сонын салдарынан, бір жағынан мұғалімнің ашуы келіш, кейіп, өз шекірттерін мұттейім, тағы сол сияқты намысты сөздермен балағаттауға дейін барған, тіпті балаларды желкелеп сабаған кездері де болған... Бұл оқиғаға менің қатты қынжылатын себебім сол: мұғалімдік мектеп оқушылары ықыласпен келетін орын болып қалып еді, олар осында белгілі бір дәрежеде білім алуға біржолата бекінген еді және іс жүзінде қазақтардың тұрмысына пайдалы адамдар бола алады. Егер, олар Александр Григорьевич тілегендей, христиан дінін таратушылар болып қалмаса, онда дүниеге парасатпен қарайтын, түрлі фанатикалық идеяларға тосқауыл қоятын қазақ халқының ойы мен экономикасының өркендей беруіне көмектесіп отыратын адамдар болар еді. Мұндай орашолақ, жарымес басшы тұрғанда мұның бәрі күл-талқан болып, көкке үшпак! Қаттырақ айтқаныма кешіргейсіз, тіпті кісінің ызасы келеді екен!” — деп ашына жазды.

Арада бес ай откен соң үлкен Ыбырай дүние салды. Дерттің емін ешкім таба алмады.

Екі Ыбырайды да өлтірген — құсалық еді. Оның ішінде екеуі де шіркеудің аярлығына шыдамады. Рухани тәуелділікке қоңғісі келмеді. Дерттің тамыры бір. Екеуі де өмірінің сонында миссионерлік аярлығы үшін тіршілігінде қатты бағалаған Ресей мәдениеті мен гылымынан күдер үзdi.

Үлкен Ыбырай соңы екі жылда мектепті тастанап ел ішіне барып жатып алды. Ашық пікір карсылығына барды. Сол үшін облыстық губернатордың тергеуінде болды. Қандай үқастық десеңізші. Бүкіл ғұмырлық мақсатының күл

болғаны екеуінің де күре тамырын қылп кетті. Олар сөздері үшін емес, елінің келешегінің кесілгеніне құйінді. Әйтпесе, екеуі өз дініне берік, ойындағы жек көрінішін:

*Мейлін өзің, монастырь қылған істі,  
Алла ісі деп көнілінде көрсөн күшті.  
Хал салған жол — кеудемде бір закон бар,  
Оны құдай өзегенен кем демес-ті.  
Актыымды біледі сол көкірек,  
Сол законға билеткен біздің жүрек.  
Алла берген қауіпті осы сырым,  
Көргө бірге өзіммен барса керек, —*

деп айта алатын, иманын сатпайтын тұлғалар еді.

Тұнұска Михаил Юриевич Лермонтовтікі. Бірақ соған өзгеше астар бере, ұлтының ішкі шеменін сыртқа шығара аударған Абай. Абай діні уағыздың жүріп жатқанын білді. Көзімен де көрді. Тіпті ашық мінбे арқылы пікір де таластырды. Қалайда мұсылман қауымын жолдан тайдырудың қамын қарастырган миссионерлердің қара ниетін Абай аңғарды. Ал Үбірай Алтынсарин өзі басынан кешірді, белгілі мөлшерде шырмауыққа шырмалып, шырғаға да тусти. Өмірінің соңында гана екініп, бойын жылп алды.

Алайда “қолын тым кеш сермеп” еді. Әйткені, Алтынсарының баласы шәкірттікке ілінген күні-ак миссионерлік уағыздың ырқына көшкен болатын. Шәкірт кезінде-ак Үбірайға өзінің сүйікті ұстазы “аса қайырымды Николай Иванович Ильминский”:

**“Миссионерлік дегеніміз — бұл да өзінше рухани соғыс, мұнда да соғысуыш жақтар өздерінің жоспары мен қүштерін еш уақытта ашық жарияламайды”, —** деп жасырын майдан ашқан болатын.

Қайран даланың аңқау да аңғал азаматы!

Мұны өлерінен бес ай гана бұрын білді-ау. Сондықтан да “тіпті кісінің ызасы келеді екен!” — деп қүйінгеніне шынымен сенесің. Ол өзінің іс-әрекетінің, Н.И.Ильминскийдің сөзімен айтсак, “орыс мектебінің шет аймактардағы халық ағарту жұмысы — миссионерліктің бір түрі болып табылатынын” — білді ме екен. Білген. Кештеу білген. Әйтпесе:

**“Қазақ халқына тамырын терең жайған өзбірлікка қарсы күресу — қын-ак. Ал болмашы бір сылтату тауып, қара басының қүйік тірлігі үшін адад аламды жойып жіберуге дейін баратын әкімшіл өкімет орындарымен жұмыс істеу бәрінен де қын және қауіпті”, —** деп жазбас еді ғой Үбірай.

Ал “күпия соғыс” толассыз жүріп жатты.

Абайға келген хат соның ең түйінді жарлығы болатын. Үбірай Алтынсаринді аңдыған шіркеу Абайды да еркіне

жібермеді. Омбыдағы бас архиепископ Абайдың өзіне жолданған хатты біліп отыруына қарағанда В.О.Ключевскийдің: “Іңжіл” — полицияның жарғысына айналды — деген сөзінің өте дәл табылып айтылғанын дәлелдейді. Шіркеудің барлық пиғылы Абайдың:

*Балы тамған жас камыс,  
Ормасаңы көктейін, —*

деген өлеңін еске түсіреді.

Олар бала тәрбиесі арқылы қазақ ұлтының болашағын құртуға үмтүлді. Белгілі дәрежеде оған қолдары да жетті. Мына құпия хаттан миссионердің өз қүшіне сене бастағаны анық байқалады. Онда бұл жөнінде:

“Ауылдарда, старшындарда “ауыл мектебі” деген бүркеніш атпен мектеп үйімдастырылып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, алғашқыда қазактардың көnlін табу үшін оларға қазақ мұғалімдерін жіберу керек. Оларға міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалармен орысша сейлеуді, қазақ әрпін қандай жағдайда болсын қолданбауды тапсырып, сөйтіп қазақ кітабын оқи алмайтында жағдайға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбау керек” — деп жазылды.

Яғни, бұл:

*Жұрт — бала, еш нәрсені тартып алма,  
Білдіртней енпен алсаң — залалы жоқ, —*

деген Абайдың тәржімасына дәлме-дәл келеді.

Жазылған сөздің мағынасы біреу, бірақ мақсаттары көрегар.

Архирейдің жарлығы — елді азғыру, діннен бездіру; ал Ю.Лермонтов жазып, Абай аударған өлең сол шіркеудің қомағай уағызышыларының қорқау пиғылының әшкереңеу мақсатын көздейді. Баланың пейілін пиғылға айналдырған ата-анаға ыза болған Абайдың:

*Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,  
О да өзіндей им болсын, азғыр, азғыр! —*

деп күйініп кететіні осындай сұрқиялыштарды сезінгендіктен болса керек.

Шындығында да азғыру, діннен бездіру майданы өте ұқыптылықпен, әккілікпен жүргізіліп жатты. Бұл бағыттың ту ұсташысы Н.И.Ильминский әрбір қадамын өте сактықпен басып, Ыбырайға қарап түсін жылдытты да синодтың обер-прокуроры К.П.Победоносцевеке:

“Бұратана халықтар арасындағы миссионерлік мектептердің жағдайын жақсарту керек, жақсартқанда оның програм-

масын жаңа педагогиканың талабы бойынша ұлғайтып, оқыту әдістерін жетілдірудің қажеті жоқ, керісінше, Қазанның қасиетті өулиелерінің жүйесі негізінде бұратаналық-миссионерлік бағытты қүшету керек” — деп ақыл береді.

Бұл нұсқау орындалды да. Абайдың:

*Интернатта оқып жур,  
Талай казак баласы  
Жас өспірім, көк өрім,  
Бейне қолдын саласы.  
Балам закон билди деп,  
Куанар ата-анасы.  
Ойында жоқ олардын,  
Шаригатқа шаласы, —*

деген өлеңі сол өмірлік шындықты қөргендіктен туған ойлар.

Абай орыс мектептерінің түпкі мақсатын түсінді. Қалай болған күнде де “жас өспірім, көк өрімнің” ең бірінші рухани бостандықта болғанын, иманның аузынан кетпегенін қалады. Шаригатқа берік, дінге катал болса олардың шіркеу шығрасына шырмалмайтынын білді.

Сондықтан да “закон іздеген” баланың санасы миссионерлердің уағызына уланбай тұрып тілі кәмилаға келсе — деген тілек косады. Мектепке бір ілінген соң Ильминскийдің жоғарыдағы тәсілінің ықпалында кетері сөзсіз. Ондай баланың “енесіне шапқан жаман айғыр құсан” шыға келетінін Абай көріп жүрді. Көзі өріп таниды, яғни “көз ғана сауатты”. Ал көкірегі үйқыда, “көніл көзі ашылмаган”. Оған елдің, ағайынның, ақиқаттың қажеті шамалы.

Өйткені, миссионерліктің шалығына ұшыраған “жас өспірім, көк өрім” патшалық ұлықтар мен миссионерлердің арқасында еш нәрсеге қаймығып, намыстанбайды. Сондықтан да олар:

*Бінесапсызға не керек,  
Істін ақ нең карасы  
Нан таппаймыз демейді,  
Бұлнене елдің арасы, —*

деген мәңгүрттің, Абайдың тілімен айтқанда, “антүрғанның нақ өзі” болып шығады.

Оларды мұндай күйге душар еткен миссионерлік мектепке жүргізілген:

“Сонан кейін мына тәсілге көшу ұсынылады: барлық мектептердің мұғалімдерінен “мұғалім” деген инспектордың арнайы бесіктен қуәлігін тарап ету керек, ал инспекторға қазақ мұғалімдеріне қуәлік беруді әдейі қындардып, сарсаңға салып,

қасақана кешіктіру туралы алдын ала тапсырылып қойылуы тиіс. Куәліксіз сабақ берген мұғалімдер қатаң түрде заң арқылы жауапқа тартылсын. Осы тәсілмен молдалардың санын кемітіп, ол міндеген ауыл старшиндеріне жүктелсін. Поптарға белгілі адамдар ғана мұғалімдікке алынын. Содан кейін ретіне қарап сылтау тауып: “Старшындар өздерінің ақымақтығынан және істің мәнісін білмегендіктен аданымынан бұлдірді-міс, халық санының өсуі кеміп кетті-міс” — деген, тағы басқа да молдалар туралы лақап таратып, ауыл мектептерін молдалардың қолынан алып, поптың ықпалына еріп, айтқанына қөнетін және оның үнемі қол астында жүретін адамға тапсыру керек” — деген саясат еді.

Таныс көрініс. Мұны кеңес өкіметі тұсында “отарлаушы коммунистер” өтө әkkilіkpen пайдаланды. Ұлт мектептерінің мұғалімдері жұмыссыз қалып, қазақ факультеттері бірінен соң бірі жабылды. Сырттай оқу жүйесі сондай шала сауатты маман дайындаудың “оңтайлы тәсілі” болды.

Өзге-өзге, дәл осы “тәсіл” Николай Иванович Ильминскийдің қаламынан шыққаны анық еді. Өйткені ол әлгі жарлықты дайындаған синодтың прокурорына:

“Біз үшін бұратаналар орысша сойлегенде — жаңылып, қызырып, ал жазған кезде — көптеген қате жіберетін болып, тек губернатордан ғана емес, тәменгі шенді бастықтардың бетіне де үрейленіп, қорқып тұратын болса — тіпті жақсы болар еді” — деп нұсқау берген еді.

Мұны Абай аңғара қойып, мұндај “қамқорлықта” өскен шәкірттерді:

*Орыс тілі, жазуы —  
Білсем деген таласы.  
Прощение жазуга  
Тырысар келсе шамасы, —*

деп баға береді.

Бұл — кекесін де, мінеу де, жек көру де емес. Истің озегін жарып, мәнісін аңғарған ақыл иесінің ацы наласы. Шәкірттерге жаны ашығандық. Өйткені олардың білімі “еліне қарауыл болайын” деген ниетті көзdemейді, керісінше, “қаракшылыққа” итермелейді.

Шала сауатты, дұмбіләздердің кесірі жауындан да жаман. Олар тоңмойын, тоғышар, топас келеді.

Бұларды дәл осындағының дайындаған отырған Ильминский мен Победоносцевтің “тылыми жүйесі” еді. Николай Ивановичтің жоғарыдағы сөзі соған толық дәлел. Ал отаршыл әкімшілік мұны жуан жұдырықпен одан бетер тұқырта орындаады.

Осындай шала сауаттылардың белең алып бара жатқанын және оған әкімшіліктің қасакана жол бергенін көрген Ыбырай марқұм сол жүйені ойлап тауып, жүзеге асырып отырған Ильминскийге:

“Мен қазақ бастауыш училищесіне қолөнер сабағын енгізуге қарсы пікіріммен губернатордың ашуын келтіріп алып әлі Орынборда журмін, егер губернатордың ойын-дағыдай кең көлемде қолөнер сабағын енгізсе, ол қазақ училищесінің басты мақсатына — қазақ балаларына орыстың тілі мен жазуын үйретуге кедергі жасайды деп айрыз беруге де батылым жетті. Өйткені, мұқым оқу мерзімін және сабақтың пәндерді жалпылама білім беретін арнаға түсірудің кесірінен қазақ балалары орыстың тілі мен жазуын шала мемгеретінін, тіпті соның өзін әрең игеретінін тәжірибе көрсетіп отыр. Мұның өзі губернаторды қатты ашу-ланьдырыды, ол мені итжеккенге де аударып жібере жаздады. Дегенмен, В.В.Катаринскийдің араға түсүнің арқасында істің бәрі тағы да жөнделіп келе жатқан сияқты. Жалпы айтқанда, осы соңғы уақытта мені орынсыз болса да бірнеше рет сілікпеге салды. Не істерсің?!” — деп шағым айтты.

Мұның жауабын Ильминский одан бұрын “жасырын соғыс” тәсілімен беріп қойған. Оған керегі можантопай можандар еді. Миссионерлік мектептің мақсаты — кәдімгі мұжық дайындау.

Білімді адам — бодандықтың жауы. Ол рухани бостандыққа үмтүлады. Діннің ықпалына көнбейді.

Сондыктан да Ыбырайды соншама биікке шығарған Ильминский енді оның туған халқының рухани дербестігін қорғауға қарсы шықты. Алтынсариннің қудаланып, мектептен шеттетіліп, жер аударуға дейін жеткені, сайлау кезінде тергеуге алынып, одан шеттетілуі Ильминскийдің ықпалынсыз жүргізілді деуге болмайды. Николай Ивановичтің өзгеге дәргейі журмесе де Ыбырайды қудалатпайтындағы құдіреті бар болатын. Жоғарыдағы өзі жазған мәлімдемедегі “қазақ мектептерінен казақ мұғалімдері шеттетілсін” деген жарлыққа “бауырына басқан баласындағы” Ыбырайды да күштеп мойынсындырығысы келді.

Оны “жемтіктің орнына тастанды”. Аңғал ұстаз одан көмек сұрап, құлшылық етумен болды.

Бірақ ол “аса қадірлі ұстазының” түпкі пиғылын анғарды. Қолөнердің жаксылығын Ыбырай білді. Ол арнайы қолөнер мектебін ашуды үсынды. Ал білім алатын мектепте бүл қол байлау еді. Кәдімгі шала сауатты ағаш шебері, етікші,

ұста, тігінші жасау үшін миссионерлік мектеп ашып не қажеті бар? Оның ұлтқа пайдалы маман, азамат тәрбиелегісі келді.

Ал мына бағдарлама бойынша православие мен мұсылман дінін ажыратса алмайтын, миссионерлік рухтағы “шаригатқа шала” (*Абай*) шоқындылар шығатынына анық көзі жетті. Ол өз ұлтын аздыруға жаңы түршіге қарсы күресті. Ыбырай мен Абай үшін шәкірттері орыс окуын:

“Қазаққа құзетші болайын дең, біз де ел болып, жүрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік дең ииеттегіп үйренуі керек” еді. Можантопай можандарды көріп: “Қазірде орыстан оқыған балалардан артық кісі шыға алмай жүр”, — деуі де сондықтан. Әйтпесе:

*Аз билгендін көтінсе,  
Көп қазакқа еңсінсе.  
Кімге тиер пайдасты? —*

дейді.

Расында да, мұндай дүрегейлердің пайдасынан зияны көп.

Олар өздерінің ғана рухани басыбайлы болған қүйімен шектелмейді, өзгелерді де мойынсындырып, бойын үйретеді. Жаман ғадет — жүқпалы індетпен тең. Ыбырай мен Абай олардың аяр әрекетіне іштей де және ашық та қарсы шығып, қал-қадірінше күрескен. Бұдан шығатын қорытынды: патшалық әкімшілік пен діни миссионерлік басқарма казақ халқының арасындағы мектептерді сауаттандыру үшін емес, керісінше, ұлтты аздыру, жүртті рухани тәуелді ету үшін ашқан және ол бағытта “өте сақ әрі әккілікпен, табанды түрдे” жұмыс істеген. Абайдың қолына тиғен жарлық пен Ильминскийдің синод прокурорына жазған нұсқаулары мұны толық дәлелдейді. Оны мына дәйектемeden жете анғаруға болады.

Біріншіден: миссионерлік жоспар бойынша қазақ мұғалімдері мектептен шеттетілді. Ыбырай Алтынсариннің өзінен бастап исі мұғалімдер қудалануға түсті. Сонау Торғай өлкесінде өскен Ахмет Байтұрсыновтың — Каркаралыға, Міржақып Дулатовтың — Зайсанға, баянауылдық Сұлтанмахмұт Торайғыровтың — Қатонқарағайға келіп сабак беруі қандай қажеттіліктен туды? Сол шеттетудің ықпалы.

Екінші: мектеп — миссионерлердің ұясы болсын деді. Оған Ыбырайдың үзінді келтірілген хаты да айғақ. Сондай-ақ “Абай жолындағы” “Ақ шіркеудің” оқиғасы да соған куә.

Үшінші: Ильминскийдін жобасы бойынша шала оқыған қазақ баласы губернатордан бастап губернанткаға (күтүші) дейінгі орыстардың алдында “корқып, сескеніп, үреленіп” тұруы тиіс еді. Оған да қол жеткізді. Абайдың сондайларға қарата айтылған:

Өнерсіздің қылышы,  
Тура сөзін ашта алмай,  
Қит етуге бата алмай,  
Корлыкленен шіруге;  
Аз ақшага жалданып,  
Өнбес іске алданып,  
Жол таба алмай жүргуге, —

деген жолдарынан миссионерлік оқу өтіп кеткен шәкірттердің сықпытаң көресің.

Рухани құл деген осы. Бұлар бірен-сарап ғана үлттың ішінен шетінеп шыққан “табиғи шығындар” болатын.

Сол қаралы үкім бүкіл үлттың басына түскенде күйін-беске шарап да қалмайтын. Ондай бишара басыбайлыққа тап болған тобырдың бетін қайыра алмағанына Ыбырай да Ибраһим (Абай) де өкінеді. Бұлардан қандай адам шықсын. Сол дүргейлер туралы миссионерлік “ізгілікті” жақтаушылардың бірі, Шоқанның тілеушісі М.Н.Ядринцев:

“Сондай сәтсіздікпен жүргізілген орыс тілін оқыту тәжірибесі қазақтардың арасында да орын алды: біз оларға арнальш қолдан жасанды түрде үйымдастырылған пансионаттар туралы ауызға да алмаймыз. Азиаттық мектепті бітірген, тағы жүрттап шықса да орыстанып кеткен тәржімашылар, көшірушілер, тағы да басқалары барын түрған онбагандарға, қатігез қанаушыларға, паракорларға айналды, олар тағы жүрттың арасына сәл де болса сөule түсіріп көрген емес”, — деді ашынып.

Мұны Абай да растайды. Ол өзінің “Жиyrма бесінші сөзінде”:

“Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен қазақты аңдысам еken дейді... Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай жүр... Кедейдің балаларын орысқа зорлан берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және кейбір қазақтар ағайынымен араздақсанды: “Сенің осы қорлығыңда қонгенше, баламды солдатқа беріп, басыма — шаш, аузыма — мұрт қойып кетпесем бе!” — деуші еді. Осындай жаман сөзді құдайдан қорықпай, пендеден ұлмай айтқан қазақтың баласы оқығанмен не бола қойсын?... Кірді, шықты. Іллі, қашты. Түбегейлеп оқыған бала жок”, — дейді.

Абай шындықтың бетіне тура қарайды.

Жаңағы “ел арасы бүлінсе мал таба алмай қаламыз-ау” легенді қаперіне алмайтын дурегейлердің шығуна басты себепкер — ортасының тәрбиесі. Әке-шешесі. Ағайыны. Оның ішінде Абайдың өзі де бар. Олар миссионерліктің, отаршыл әкімшіліктің топас әрі ашқөз мінезін бойына тез сініріп ала қойды да мәдениеті мен адамгершілігін мансұқ етті.

Рухани тәуелділікке, зорлап шоқындыруға, аяр ояздар мен ұлықтарға жанымен қарсы Абай әлгіндегі дурегейлерден орыстың мәдениетін коргайды. Егер “көніл көзі ашылып, орыстың ғылымы мен өнерін” менгерсе, “дүниенің құны — бостандықтың құны арзанырақ түсер еді”. Өзінің ұтының, әке-шешесінің, елінің алдында “есеп беру” олардың қаперіне кірмеді. Бойындағы жаманатын жатқа жапты. Өзінің өзегіндегі қүйелі қақырықты тастауға келгенде дәрменсіздік танытты. Әділ Абай мұны:

*Орыс теріс айтпайды,  
Жаман бол деп оларды.  
Каны бұзық өзі ойлар,  
Ку менен сүм боларды  
Орыста қалар жасасы,  
Бұл иске кім виноват,  
Иә, Семейдің қаласы,  
Иә, казактың аласы?  
Ойында жок бірнің,  
Салтыков пен Толстой  
Иә тилемаш, иә адвокат,  
Болсам деген бәрінде ой,  
Көнлинде жок санасы, —*

деп дәл басып айтты.

Архирей басқармасының хатында айтылған дәл осындай зауалдың құндердің күнінде ұлттың басына төнерін Абай сонау 1886 жылы ескертіпті. Ендеше, “тыңдаушымды тәнірім, ұғымсыз ғып берген-ді” — деп күйінсе күйінетін жөні бар.

Миссионерлік “ізгілік” канша баурап әкетсе де тілін менгерген соң сол ұлттың “дагуасына кіру киынга сокпайтыны” анық қой. Кемел ойдың иесіне қаратылған сөз кешенің түйсігіне жетпейді. Дүниеде біліп тұрып, сол білгеніңді үқтыра алмағаннан үлкен азап бар ма? Абай жаптай шоқындырудың әйтеуір бір заманда көпке жария болатынын, “құпия соғыс” иелерінің түбі бір ашық майданға шығатынын түсінді және дер кезінде бойын тартып алды. Үбірай Алтынсарин да тура сол жылдары, дәлірек айтсақ 1884 жылы

қыркүйекте “аса қадірлі Николай Ивановичке” бұл бағыттың қатерлі екендігіне емеурін жасап, сыпайы тілмен:

“Осындай көңілсіз жағдайлармен қоса, дәл қазір менің толып жатқан астыртын жауларым көбейіп кетті. Осының бәрі мұлдем орынсыз нәрселер, мұның барлығы маған жиіркенішті ықпал жасады, ол жөніндегі арманшыл рухымның отын өшірді... Заман солай болған соң не істерсің, қымбатты Николай Иванович, мүмкіншілік туған сөтте қазақтардың қоғамдық күш-куатын жегідей жеген, олардың келешегін кескен арандатушы зұлымдыққа қарсы тұру үшін әйтеүр бір нәрсе істеу керек болып тұр: суга батып бара жатқан адамдарды көрген кезде оларға жәрдемдеспеу арсыздық қой, ал оларды құтқарайын деп қимыл жасаудың өзі аса қауіпті еken. Ертеректе, мұндай жағдайда бастықтардың өзі мені қолдар деп сенген едім, бірақ бұл үнемі актала беретін үміт емес еken және оларға сенуге болмайтын көрінеді. Алланың жазымышы сол болса — орындала берсін, бірақ мен өзімнің негізгі пікірімнен таймаймын, күшім жеткенше қандастарыма пайдалы адам боламын деген талабымнан қайтпаймын. Пәле құғандарға қарсы тұруға құдайым қуат берсе еken, жазықсыз жазага тартқандардың жәбірі мен қайғысына тұншықтырып өлтіре көрмесін”, — деп жан айқайын жадағайлап жеткізді.

Ал бұл кезде “аса қадірлі Николай Ивановичтің” аты көпірден өтіп кетіп еді. Ол өзінің аяр да өккі азғыруы арқылы “сүйікті шәкіртін” “жазықсыз жазага тартқызып”, жәдігей-лікпен “жәбірлеп, қайғыға тұншықтырып өлтірді”. “Әйда, Пушкин, әйда иттің баласы!” — деген орыстың ұлы мәтелі осындай “қаражұзілерге” қаратыла шыққан сиякты. Соның тонын аударып, біз де “аса қайырымды, аса қадірлі, мархабатты, біздің қымбатты, қымбатты Николай Ивановичке” олеңмен:

*Өзі шошка өзгені им деп ойлар,  
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке, —*

деп “сүйіспеншілігімізді” білдіреміз.

Әрине, ондай улы тілмен, ызалы кескінмен Абай ғана айта алады. Сөздің кисынын келтіріп, тұра Ыбыраймен қатарласа Абай да “аса қайырымды Николай Ивановичке” жауап беріп кетіпті. Н.И.Ильминский өлген соң төрт жыл кейін жазылған бұл өлең оған тікелей арналмаса да “саудасы — ар мен иманы” болған қандастарына қаратылған емеуріннің соңындағы:

*Осыны оқып, ойлай бер, болсан әзек,  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?*

*Үші-ақ нәрсе — адамның қасиеті  
Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, —*

деген сөздің өзі Абайдың ішкі пікірін ашып тұрған жоқ па.

Өлеңнің “Малға достың — мұңы жоқ малдан басқа” — деп аталауының өзі тегін емес.

Дүрегейлер мен шүргегейлердің “ақылды малдан” айырмасы шамалы еді. Елін, арын, намысын “сорпа мен суға сатып, сүйекті сүйгендерге” бұдан асып қандай тенеу тапсын.

Міне, “ізгілік миссиясының” будандастырылған жемісі осындай болатын. Бұл ғұллі тікенмен будандастырғанмен бірдей табиғатқа киянат қылмыс еді. Абайдың:

*Ермен шыкты ит қылып,  
Бидай шыккан егінге, —*

дейтіні де сондықтан.

Ақынға елінің болашағының кесілуінен үлкен қасірет жоқ. Тек миссионерліктің “балы тамған жас қамысты қоктей оруының” өзі-ақ олардан түнілуге жетіп жатыр еді.

Абай түнілді.

Бұл оның бұл жалғаннан бетін теріс бұрып кетуінің бір гана себебі болатын. Өйткені “қайрымың, ізгілікті миссияның” жан шошырлық жасырын соғысының құпиялары толық ашылмап еді. Бірақта олар сонау 1862 жылы қазақ мектептерінде жүргізілетін оку бағдарламасында-ак дүрөгейлерді дайындаудың бағдарламасын жасап қойды. Онда:

“Ю.Христиан діні туралы заңдар (Закон божий) бойынша оку кестесі былай жүргізіледі: а) Екінші кластың бірінші жылы Ескі және Жаңа заңның (Ветхий и Новый завет) тарихымен қысқаша таныстырады, екінші жылда христиан дінінің шарттары (катехизис) оқытылады. б) Үшінші кластың бірінші жылында шіркеудің мұнәжат дүғасы мен рәсімі (литургия) түсіндіріледі, екінші жылында православие дінінің басқа ағымдардан айырмашылығы мен артықшылығы туралы ләріс оқылады. Діннің көне дәстүрін ұстанғандар (старообрядчиктер) мен жікшілдерге (раскольниктерге) қарсы күрес тәсілдері баяндалады”, — деп жазылған еді.

Қазақ тілі және “Құран”, яғни “Мұхаммедтің заңдары” тек жексенбі күндері гана оқылатын болып бекітілді. Кестенің қатаң орындалуын Шекара комиссиясының торағасының орынбасары тікелей бакылап отырды. Бұл:

“Ауыл мектептерін молдалардың қолынан алғып, поптың ықпалына еріп, айтқанына көнетін және оның үнемі қол астында жүретін адамдарға тапсыру керек” деген архиреи

басқармасының нұсқауының тікелей орындала бастауы болатын.

Абайдың мойнына осындай “шоқындыру қамытының кигізлетінін” әкесі Құнанбай білді ме, кім білсін, әйтеуір “Інжіл” мен “Таураттың” уағызынан Абайды құтқарып әкетті. Бірақ ол есі кірген соң “Қасиетті кітаптың” бәрін санамен зерлей оқып шығып, оны талдады. Христиан достарымен пікір алысты. “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” — деген корытындыға келіп:

“Кімде-кім аһиретте де, (бұ) дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көнілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайты — олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айту мүмкін емес. Олай болғанда: қай адамның көнілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы — аһирет қуанышынан артық болса, мұсылман емес. Енді ойлаң қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен. Егерде екі нәрсе кез болса: бірі — аһиретке керекті, бірі — осы дүниеге керекті, бірін алса — бірі (саған) тимейтүғын болса, сонда біреу аһиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жок, (егер), кез келмейтүғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпен кешірер-дагы, мына кезі келіп түрғанда мұны жіберіп болмас” — деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жаңын берсе: “Аһиретті дүниеге сатқаным жок” — деп, (онда соған) нануға бола ма?” — деп тұжырым жасады.

Бұл өте терең тұжырым. Адамның рухына қатысты пәлсафалық ойын таратқанның өзінде де бір еңбекке жүк боларлық пайымдау. Ал рухани тәуелсіздік түрғысынан қарасақ, Абай діні қозқарасқа каталдық керек дейді.

“Екі өмір жок, демек, екі өлім де жок”.

Бұ дүние мен о дүниенің бірдей алдап, пәнніді де, бақиды да жалпағынан басып жүре алмайсың. Тіршіліктің қамхаракетіне орай арынды аһиретке айырбастама. Бір дінмен бол. Сен мұсылмансың, сол мұсылмандықтың жолын қатаң ұста. Егер иманыңа жүгініп, Алла жолын ұстап, Пайғамбардың ақ туынды астында болғың келсе және оған рухыңмен берік сенсең, “Алла асыраған пендесі аш болмайды”, онда сені:

*Антүрғанның қылышын Алла ісі деп,  
Нандырап қандай сопы, қандай молда, —*

дейді.

Миссионерлер шоқындырып, діннен аздыру іспетті “антүрғанның қылышын” зорлап таңып. Иса пайғамбардың дініне нанғысы келмесе де күшпен, айламен, аярлықпен нандыруға тырысты.

Ол үшін не бір сұрқия амалдарға барды. Мұқым бір үлттың тарихын жойып жіберуді де көзdedі. Сондықтан да сол үлттың ең қасиетті сезімдері мен осал тұстарын дәл басып, тұра қылтасынан қиды. Қуре тамырды үзіп, оны жат жүрекке жалғауға құлшынды. Соның бірі — қазактың әліппесі еді. Әріпті өзгерту арқылы “орыс рухын” тезірек қабылдауға ықпал еткісі келді.

Олар бұл мақсатына жетті.

“Миссионерлік ізгіліктің” ең үлкен жетістігі де осы әріпті өзгерту шарасы еді. Бұған Ұбырай Алтынсаринді сондай әккілікпен пайдаланды. Әуелде ұсыныс ретінде айтылған бұл әрекетті Ұбырай өз еркімен орындаған берді. Кирилл харпінде “Қазактарға орыс тілін үйретудің бастауыш кластарға арналған оку құралы” жарық көрген соң миссионерлер де, әкімдер де кәдімгідей қанаттанып, енлі оку жүйесі мен кенес жұмыстарын жаппай Кирилл харпіне көшіруге ұмтылды.

1879 жылы желтоқсанның он бірінші жүлдзызы күні генерал Крыжановский ояздарға жеделдете қатынас жіберді.

“1) Торғай мен Орал облыстарында іс қағаздарын қазақ тілінде орыс харпінің негізінде жазу қажет, сөйтіп біртіндеп қазақтардың татар (лұрысы араб — Т.Ж.) әріпінде іс қағаздарын жазуын тоқтатуымыз керек. 2) Қазақ тілінде қатынас қағаздарын жазуға әбден болатынын біздің дарынды қазағымыз Алтынсарин орыс харпіменен “Қазақ хрестоматиясын” жазып, баспадан шығару арқылы тамаша дәлелдеді. 3) (Сол харіппен) қазақ тілінде газет шығаруымыз қажет...”, — деп нұсқау берді.

Дер шағында жүзеге аса қоймағанымен де бұл пікірге қазақтардың бойсынып, көніп қалғаны анық еді.

Үлттың танымы мен тарихын, келешегі мен қадамын шешетін мұндай зауалды шара жөніндеі сол халықтың өз пікірі сараға салынбады. Тіпті, қаперге де ілінбеді. Қанша үлтжанды әрі ағартушы болғанмен де Ұбырайдың ел үшін өкілдік ететін жөні жоқ еді. Үлттың таным тағдырын тұлға шештейді.

Ел мұддесін өз мұддесіне бағындырып, шешім кабылдағанды Абай да жақтырмадан. Ол:

Жатты “Жау ” деп елнәді үрнитіп ап,  
“Жауға жабдық” деп жиып, пайда қыл тез’ —

деп “ызалы құлқімен”, “қайғы шақыратын құлқімен” іштей назаланды.

Ұбырайдың: “Осылай еткенде ғылыммен қарулануға, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында

көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады, татар фанатизмінің күлі қекке ұшады”, — деп “тездетіп” окулық жазып, қаржы жиып, елін әбігерге түсіргені рас еди.

Оның қолтығына су бүріккен “аса қайырымды Николай Иванович” болатын.

Отыз жыл бойы аңсаған арманы жүзеге асқан сәтте Н.И.Ильминский байыз таппай, іске шұғыл кірісті. Енді түркілердің өз қаруын өзіне қарсы жұмсады. Шоқынғандарды қазақ даласына қуана-қуана жөнелтті. Өзінің “әулие-лік өмірі” қақында уағыздай жазған естелігінде Н.И.Ильминский сол кездегі іскерлігі жөнінде:

“Алтынсариннің өтініш-тілегін ескеріп, 1879 жылы өзім басқаратын оқушылар семинариясын тәмемдәған Семен Меркурьевті — Ырғызға, Иван Григорьевичті — Торғайға мұғалімдік жұмысқа жібердім. Бұл екеу де христиан дінін қабылдаған татарлар болатын, сондықтан да олар қазақ тілін тез үйренер деп ойлаймын”, — деп еске түсірді.

Қаншама жанталасқанмен бұл әрекет Николай Ивановичтің көзі тірісінде жүзеге аса қоймады. Бірақ та үлтты ішінен іріту әрекеті тыбылмады, қайта өрши түсті. Бұратаналардың рухымен қоса әйелдерін де азғыруға көшті. Ендігі басты назарды соған аударды.

Шіркеуді қазақтың өлімі мен тойына дейін араластырып, бүкіл ішкі рухын билеп, қолқасын өкпесімен қоса сұрып алғысы келді. Ең қасиетті рәсімнің бірі — жаназа мен жерлеуге қол сұкты. Қылыш-қылыш күйтүркы насихаттар мен уағыздар жүргізді. Мұндай сұрқия әрекетті жүзеге асыру үшін Діни басқарма төмөндеғілерге құпия түрде:

“Олген қазақтарды жерлеуге поп басшылық етуй тиіс, ал қазақтар олген адамдары туралы оларға міндетті түрде хабар беруі керек. Тек поп рұхсат бергеннен кейін ғана үш күннен соң жерленуі тиіс. “Олген адамның жаны әлі шыққан жок, тірі комуге болмайды, ол дүниеде жұмаққа бармайды-мыс” — деген сылтау айту керек. Мұндай тәртіптің кіргізуін: “қазақтар кісі өлімі туралы үнемі жалған ақпар береді, ал дененің іріп, еті босағанға дейін көмілген адамның неден өлгенін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да қазақтардың арасындағы дақпырт пен дауды болдырмау үшін өлген кісіні жерлеу кезінде міндетті түрде попқа көрсету қажет”, — деп нұськау жолдады.

Қандай қара жүректі десенізші! Қазақ елінің мәндейіна біткен сордың қалыны әрі басынудың ең сорақы түрі осы еді.

Үлттың аза рәсіміне жат діннің араласуы — ол халықтың өлі тобыраға айналуының басы болатын.

Миссионерлердің бұл қақпанына Ыбырай Алтынсарин қалай түсіп қалғанын өзі де аңғармаса керек. Өлген адамды үш күнге дейін көмбей, оның денесін сақтап, дәрігерге не попка көрсетіп барып көмуді ол өзінің “Надандық құрбаны” атты әңгімесінде көркем дүние арқылы уағыздал берді. Зираттың касынан өтіп бара жатқан жолаушы кеше ғана көмілген қабірдің ішінен айқайлаған әйелдің дауысын естиді. Жақын ауылға келіп көргенін айтқанда бір әйелдің талма аурудан өлгенін біледі. Қабірді қаздырады. Сөйтсе, әйел үсті-басындағы аһиеттің бәрін жыртып тастапты. Қабірдің топырағын тырмалап, тұншығып өліпті. Тірідей көмілген әйелдің тағдырына налып, оның надандықтың құрбаны болғанына жаңы ашиды. Дәрігерге көрсетсе олай болмас еді — дейді Ыбырай Алтынсарин сөз түйінінде.

Мұның түлкі астарында, қазактар өлген адамның мәйітін попқа міндettі түрде хабарлап, нақ өлгеніне көз жеткісін деген жоғарыдағы жарлықтың пәрмені жатыр еді. Ыбырайдың өзі осылай алданып қалғанда, өзге қарапайым қауымға не жорық.

Шүкіршілік ететін жағдай сол, әйтеуір, жаназаға поп араласа алмады. Жаназа шығаратын мәйіттердің саны азайғанда қабіршілер табытты қағып, өлім тілейтін болған. Шіркеу де сондай корқау пиғылға жендерді. Абайдың:

*Күрнілдек мактанд,  
Табытын қаккан,  
Андығаны, бақканы, —*

деп отырғаны да солар.

Оқінішке орай, өлікті қорлаудан құтылғанымен, әйел баласын аздыруға араша түсे алмады. Ары, жаңы, тәні таза әйел — ұлттың тазалығының кепілі. Анасы азбаған елдің қызы да тозбайды. “Шешесіне қарап қызын ал” — деген.

Отарышыл діни қаскөйлер енді ұлттың үйиткысы — аналарды арбап, елді емшек сүтінен бастап ірітуге құныға кірсті. Ұлттың осал жерін дәл талты. Тапқанда да максатына жетіп тынды. Мәдениетке тарту деген сылтаумен қыздар мектебін ашты. Ондағы ойы:

“Қыздар мектебін ашу керек және қазақ қыздарын орыс оқуына оқытудың мақсаты мынау: ол ертең қазаққа тұрмысқа шығып, ана болған соң өзінің күйеуі мен баласын орыстарға бейімдейді. Олай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз және орыс оқуын ғана оқытамыз. Содан кейін арнайы (ең шешуші) Зан шығарылуы тиіс, сол заң арқылы

**казақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап, оларды крестьянга айналдырамыз”, — деген пиғыл еді.**

Осы екі мақсатқа да миссионерлер XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында ішінара қол жеткізді. Адвокат Плеваконың шешесі — Алма, генерал Корниловтың шешесі — Рахия, Жұсіпбек Аймауытовтың әйелі — Евгения, сол қыздар мектебінің жемісі еді.

Бұл ең нәзік әрі қатерлі де қаскунем жол.

Сол саясаттың ықпалы кеңес түсінде да тыбылмады. Зияллылар жаппай жат жүрттан қалыңдық айттырды. Олардан туған үрпак XX ғасырдың аяғында қазақ үлттының белгілі бір мөлшерін құрады. Оған заманның зауалын қоссақ, бұл өзі кәдімгідей үлттың басына қатер төндіретін қауіпке айналды.

Жат діндегі ананың емшегін еміп өскен үл мен қыздың бойында үлттық қасиет қалмады. Ақыр соңында шоқынған немесе кришнаға табынған балаларын көріп көз жасын токкен ата-аналардың зарын есту таңсық болмай қалды. Зинақорлық та, от басын қадірлемеушілік те, кең етектік те солардан шықты.

Ер-азаматтың сесі қайтты. Абай айтқан:

*Ойнашыл қатын болса қар,  
Аңдыған ерде бола ма ар! —*

деген күнге жеттік.

“Миссионерлік ізгіліктің” қазақ халқына жасаған қайрымдылығының бір парасы осы. Мұны оқыған әрі сонын жүзеге асуының әбден мүмкін екендігін білген Абай қалай күйінбесін, қалай түнілмесін. Соны аңғарған Мұхтар Әуезовтің де:

“**Ал, қазақ! Мешел болып қаламын демесең — тағылы-мыңды, бесігінді түзе!**” — деуі де сондықтан.

Бесігімізді түзейік, ағайын!...

## **12. “КӘППР КӨЗДІҢ ДУНИЕДЕ АРАНЫ ҮЛКЕН...”**

*(Абай және православиелік жазалау саясаты)*

Дін — мемлекеттік саясатқа айналған түстан бастап рухани басқыншылық пен өктемдік, барлық танымға ортак бір Алланың атын жамылған аярлық, бір үлттың екінші үлтқа деген қаскунемдік пен басынушылық пиғылы өршиді. Мұның астарын қаншама жылы сөз, жымыски жүзбен

бүркемелесе де, оның бетін тырнап қалсаныз — ар жағынан арам ниеттің бояуы аршылып шыға келеді.

Алла біреу екенін барлық дін мойындайды. Мәселе, сол Алланың елшісі — пайғамбарларға келгенде азғыру жолына түседі.

Санағы бұл түйнек — ғалам заңы ашылып, жұмыр жердің қатпар-қатпарына адам ойының сәулесі түскен шақта да жазылмай отыр. Өзін-өзі сыйлайтын және өзгелерге сыйлатқысы келетін, жек көрінішті кейіпте көрінгісі келмейтін ұлт мұны түсінуге тиісті еді.

Санаға сабыр берген саясат бар, бірак рухани жақтан азғыруға тыйым жок.

Әсіресе, ғылыми мен мәдениеті дамыған, әлемге ықпал етіп отырған елдің елшілерімен бірге діни уағызыдаушылары да қоса келеді. Қазақ елі тәуелсіздік алғанда Алматыға америкалық “әулиелер” саяси әріптестерінен бұрын табалдырық аттады.

Бұл жаңалық емес. Абайдың заманында да белсенді турде жүргізілген сұркия әрекет еді.

Бір дәуірде буырқанып, бусанған ислам діні XX ғасырда өз ішіндегі бүліншілікпен әуреге түсіп, мұсылмандықты саясат немесе қол күші арқылы таратуға мұршалары жетпеді. Керісінше, Айса пайғамбардың ұмметтері табанды және тиянақты түрде шоқындыру әрекетін тапқырлықпен жүргізді. Бұған олар қару таңдал жатпады. “Қол қайратын” да, “жан куатын” да, байлығын да жұмсады. Еңбегі қатпаған, буыны бекіметен, сенімі орнықлаған “көк өрімдер” дүниеге дінін айырбастап та жатыр. Оларға кінә тагу да киын, сондай-ақ;

*Көпір көздің дүниеге араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тояма екен? —*

деген Абайдың сөзінің астарын түсіндіру де оңай емес.

Ойткені ықылым заманда кешкен өзара өшпендейлік уыты мұсылман жұртының арасында қайта өршілі де барлық саяси және діни ықпалдан айырылып қалды. Алланың жолын үстап, Мұхаммед пайғамбардың ақ туының астына жиналып, мұһминдердің мұддесін қорғаудың орнына өзі бодандыққа айналды.

Отаршылдық бұғауы түспеген мұсылман ел тек Түркияға болды. Оның өзінде де жаттың ықпалынан құтыла алмады. В.Ирвингтің дәл тауып айтқанында:

“Ол кезде патшалықтар мен жаһангерлер бірде өсіп, бірде өшіп жатты, ежелден ел билеген қаракөктің тұқымдары жер

бетінен жоғалып, шекаралар мен тұрғындардың құрамы толассыз өзгерді, ал кейбірі мұлдем қырылып қалды, кейбірі тұтқынға әкетілді. Арабия жүртіс өзінің көрші қауымдарының ішінәра сапырылысып жатқанына қарамастан, құм ішіндегі қиянда өзінің жаратқан ием жаратқандағы тұмса қалпында қалды, тәуелсіздігін сақтады, олардың көшінің қосынындағы тайпалар басын құлдықтың қамытына ұсынған жоқ. Ақыры, осы бір өзара қырқысқан тайпалардың бір діннің айналасына бірігіп, ортақ бір мақсат-мұддемен шабыттанатын заманы да келді: қырық пышақ болған осы жүртты жұдырықтай жұмылдырып, оларды қуатты, құдіретті бір идеяға құлшындыра қүштарландырган, сөйтіп осы бір құмшөлейттің бураларын жұмыр жерді дүр сілкіндіріп, жердің бетіндегі патшалықтарды қайтадан құратын аса құдіретті дана дуниеге келді”, — деген улы нысанадан жаңылып қалды.

Мұны тәжірибесі мол Айса үмметі өте әkkілікпен пайдалана білді. “Крест жорығы” мен инквизицияның орындалмаған міндеттерінен бас тарта қоймаған олар, Абайдың “Ескендір” дастанында суреттелетінідей:

Жазасыз жақын елдің бәрі шапты,  
Дариянын суындаі қандар акты.  
Шапқан жердің бәрін де бодан қылып,  
Өкіметпен қолына тартып апты

Абай дұрыс анғарып отыр. Дін — мемлекеттік саясатқа айналып, “өкіметтің билігін қолына тартып алды”.

“Ескендір” дастанынан үзінді алушын дәл осы рухани тәуелсіздік тұрғысындағы ойтолғауға еш реті жоқ сияқты. Ежелгі аңыздың негізінде жазылған пәлсафалық шығарма деуініз мүмкін. Жоқ, мұлде олай емес. Бұл — жауыздыққа, жаһангерлікке, бір үлтты екінші үлттың бодан етуіне, рухани құл жасауына, діннен бездіруге қарсы әдейі жазылған ақынның “жан күйігі” (Г. Гессе).

Ол Ескендір Зұлхарнайынның “тоқтаусыз данғойлығын” тілге тиек ете отырып, “жазықсыз елдің бәрін шауып” отырган жаһангерді, оның ішінде Ресей патшасын мезгейді. Эйтпесе:

Аз-ак сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.  
Қарның тоіса — қайғырма мактандын үшин,  
Толмас көзің толар деп қайғы жеме.  
Қы өмір жолдас болмас, ал-ак өтер,  
Оз күлкінде өзін қарық болма бекер!  
Ұятың мен арынды малға сатпа,  
Ұятызыда иман жоқ, тұпке жетер, —

деп дастанның соңында мұны неге жазғаны туралы түсінік берे ме?

Неге “мұны өзге сөздің бірі деме” — деп ескертеді?

Абай дастаның оқиғасының астарын ұлты түсінін. Жаһангердің жаһилдігі бір күндік. Ал рухани бостандық — мәнгілік. Оған рухынды қарсы қой. Азаматтық мойынсынбау нысанасын түт. Күрес. Өйткені:

*Көпір көздің дүниеде араны ұлken.  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен, —*

деп емеурін танытып отыр.

XVII-XX ғасырдың арасындағы Ресей патшаларының “тәбеті” Ескендір Зұлхарнайыннан кем емес еді. Қайта “араны” одан да асып түсті әрі ұзақ биледі. Сондықтан да ұлттың бас билігін жойғанына қанағаттанбай, енді рухани басыбайландыруды қолға алды. Ол жәй ғана тілек дәрежесінде емес, мақсатты мемлекеттік бағдарға айналды.

Жалғыз Ресей патшалығы емес, исі отарлаушы жүйенің ашқөздерін әшкөрелегісі келген Абай Ескендірді мысалға алып, сол арқылы казак қауымының рухани мұддесін жоқтап, адамның бас сүйегіне қарата “ақылы мол Аристотельдің” аузына:

*“Бұл адам көз сүйегі, — деді ханға,  
Тоя ма адам көзі мың иен санға?  
Жетім көз — жер жүзіне тоймаса да,  
Олсе тояр — көзіне күм күйілғанда”, —*

деген сөз салады.

Бұл тек қана Аристотельдің “сөзі” емес, Абайдың да сөзі.

Қай заманда да ғұламалар рухани тәуелсіздік пен бас бостандығын жақтаған. Сондықтан да, “өз күлкіне өзің қарық болма бекер, ұттың мен арынды малға сатпа, ұтсызда иман жоқ, түбіне жетер!” — деп қадағалай айтады.

Абайдың отаршыл “ашқөздердің” “түбіне жетеді” дегені — дініңнен айырады дегені.

Ал казак ұлтының “түбіне жету” үшін отаршыл әкімшілік пен шіркеудің тақуалары дүниедегі төрт ұлы діннін бірі — исламды оның үкіметіне жек көрінішті көрсетуге тырысты. XX ғасырдың аяғында демократиялық бағыт, адам құқы, адамзаттық ортак идея деген массондық желеудің бір парасына айналды. Мұны жамылғы етіп ислам дінін сүрқияландырып, адамзатты шошындыра сескендіруге ислам фундаментализмі деген ұғым қолданылды. Абайдың тұсында мұның аты — панисламизм еді. Ұғымның

аты өзгерді, насыхат өзгерген жоқ. Мұндай рухани арандатуды Абай да аңғарған. Танымның талқыга түскен түсында ол:

*Өмір жолы — тар соқпак бір иген жас,  
Илтіп екі басын ұстайтын — һаx (Айла)  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлан кетпе, тура шық, көзіне бақ, —*

деп “нахтын” жолынан тайып кетпеуді мегзейді.

“Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ” — деп отырғаны — діни миссияның қитұрқылы уағызы. Неге осыншама ислам дінін жек көрінішті етуге мемлекет те, шіркеу де мүдделі болды? Ислам дінінің қағидаларының отбасынан бастап мемлекеттің басшысына дейінгі аралықтың қамтитын инсандық аяттарының ғана әсері ме?

Жоқ. Мұнда жек көрінішті жүйкеге әсерін П. Я. Чаадаев:

“Ұлы діни танымдардың даму тарихы тұрғысынан алғанда Мұхаммед пайғамбардың ислам дінін дүниеге әкелуін ақыл-ойдың тамырлы бұтағының қоктеуі деп бағалау қажет. Мұндай маңызды шындықты қандай да бір кертарапта таным болса да сыйналмай мойындауы шарт: егерде біздің дініміздің жауы — мұсылмандар екенин ойымызға қүштеп сіңіргенін ескеріп бір рет пайыммен сарапласақ оған көзіміз анық жетеді, өйткені оларға деген өшпендейліктің соқыр сенімін тудырып отырған да сол дүлей сенім. Әйтпесе, Иисус Христос туралы еске алынбайтын “Құранның” сүресі жоқ екенин сіздер білесіздер”, — деп баяндағы.

Діни мойынсынбаушылыққа, әрине, тәрбиенің де үлкен әсері бар. Бірак барлық кілтипан тек осында ғана емес. Тұрақты және мемлекеттік саясат дәрежесінде жүргізілген жек көрсетудің астарында шемен бол қатқан пиғыл жатты.

Оның бірінші себебі: дін — ұлттық рухани бірліктің, ұлттық тұтастықтың, ұлттық тәуелсіздіктің, ұлттық қасиеттің, ұлттық дәстүр мен рәсімнің көрінісі әрі соның құдіретті кепілі. Отарлаушы елдің ең сескенетіні де осы және түпкі мақсаты да сол ұлттық мақсатты жою. Ұлттық намыс пен рухани тұтастық тұрған жерде ұлттың басыбайлы болуы мүмкін емес. Демек, өктемдікке орын жоқ.

Қандай да болмасын қасірет пен қырып-жоюға қарамастан ұлттық тұтастығын сактаған жұрттың жұтап қалғаны жоқ. Бостандық рухы ғасырдан-ғасырға көрінбейтін сезімнің нәзік сәулесі арқылы сүзіле отіп, үрпактан-үрпакқа жалғасып отыр. Мұны уағыздаушылар да, уәкілдер де жақсы білді. Сондықтан да отарлаушы елдің ақыл-ойы ұлттық дербестік сананы өшіруге бағытталды.

Бұл ретте патшалық әкімдердің де, ғалымдардың да, тақуалардың да мүддесі тоғысып, бір арнада табысты. Ұлттық бірлікке іріткі салудың тәсілдері мен әдістері ұзақ талқыланды. Соның ішінде қазақтың “қадірлі камқоршысы” ғалым Н.М.Ядринцев мынадай “оку бағдарламасын” ұсынды. Ол өзінің “Шет аймақтағы ұлттардың тұңғыш шырағандары және артта қалған халықтарды ағарту” атты еңбегінде “ағартудың” тәжірибесі мен нәтижесін талдай келе:

“Бұдан біраз уақыт бұрын қазақ даласындағы кейір мектептер мен интернаттарға бұратаналардың балаларын зорлап беруге мәжбүр еткенде, мұны заманақырдың белгісі деп ойлаған олар кедейлердің балаларын сатып алған, мектепке өткізді. Ұсақ ұлттарды орыстандыру мәселе — өзекті құйдіретін мәселе, бірақ орашолақ және дөрекі жүргізілген бұл мәселе іс жүзінде жиі-жиі ашық зорлыққа ұласып, жек көрініш туғызып келеді. Өкінішке орай, ақырының не боларын ойланбастан, орыстандырудың бұл түрін бұратаналардың мектептеріне де енгізу ұсынылып отыр. Егерде әлігі ұлыстар орыстармен жақындастып, орыс тілін жақсы меңгеріп кетсе, әрине, онда сөз басқа... Ал өзінің ұлттығын, өзінің тілін, өзінің дінін сақтап қалуға барынша тырысып отырған, осы қасиеттерін бұзуга барынша түршіге қарайтын ұлттар мен ұлыстар жөніндегі іс-әрекет мүлдем өзгеше жүргізілуі тиіс. Мұндай ұлыстарға білімді ана тілінде сіңіріп, қасиетті кітаптардың окулығын тәржіма арқылы оқытқан дұрыс; оның өзінде де сол ұлыстың сенімі мен мінезіне қарай білім беруді қандай бағытта жүргізу қажеттігін ойластыру лазым... Біздің ойымызша, жат дінді ұстанатын, бірақ оларды шоқындыруға бірте-бірте бейімдеп келе жатқан ұлыстардың барлығын оку мен ғылымға тарту үшін бұратаналарға арналған арнаіы бағдарлама керек, оларды зорлықпен мәжбүр етіп өшпенділігін қоздырғаннан гөрі ебін тауып еппен қимылдаған абзал”, — деп ақыл береді.

Бұл — балға араластырып берген умен тең еді.

Жалпы білімге тәрбиелеуі, мектеп ашуы, оған шәкірттерді мәжбүрлікпен тартпай, еркімен қабылдауы — бал да, ал оларды бірте-бірте шоқындыруға бейімдеуі, ұлттық бірлікті, дінді, дәстүрді, тілді жоюға ұмтылуы, тек бүкіл білім бағдарламасын соған орайластыра жасауы — у болатын. Қазақ ұлтын Н.М.Ядринцев даланың аңғал қекжалы ретінде бағалап, оның ішіне у себілген жемтік тастанап, алдағ аранға түсірмек болды. Ал әkkі бөрі арбауға қөнбекенмен, көзі ашылмаған бөлтіріктердің аузы қүйетіні анық. Арбалғандар да, аузы қүйгендер де, араннан шыққандар да, шыға

алмагандар да болды. Қазақ даласына көз қиығы түскен. Шоқанды өзге ұлтка насихаттауға ынталы пейіл танытқан. сол арқылы “бірте-бірте орыстандырудың жүзеге асыруды көздеңген, сырты жылы, өзегі мұз Н.М.Ядринцевтің және сол сияқты “жанашырлардың” түпкі пифылын танығын Абай:

*Ішімен жау бол, сыртымен,  
Кім тояр Қылған Құрметке, —*

деуі сондықтан.

Шындығында да, қырға келген оқымыстылардың “іші жау, сырты ғана” дос еді.

Озге-өзге, түркі халықтарының әдеби үлгілерін жиып, мәңгілік ескерткіш қалдыրған В.В.Радлов сияқты ғұламалардың өзіне қазактың рухани сенімі, ұстанған діні ұнамады. Ашық айтпағанымен, іштей қазақтарды шоқындыруды жақтады. Ислам дінін жек көрінішті етіп көрсеткісі келді. “Түркі тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері” атты жинақтағы алғы сөзінде ол сол ниетті аңғартып:

“... Ал кітаби өлең халық арасына там-тұмдаш болса да берік орныға бастаған исламның өкілі — ислам дінін таратуды мақсат тұтқан және бірте-бірте халық рухын ығыстырып келе жатқан діннің ұрығы. Шындығында да, ол баяу өсер ететін у тәрізді, бірден-бірге қүшейіп келеді... Маган қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір “Жұм-жұмандың” өсері даланы кезіп жүрген молдадан артық тәрізді” — деп жазды.

Демек, ұлты неміс, тікелей отаршылдық әкімшілікке қатысы жоқ В.В.Радловтың өзі өмірін арнаған ұлттың дінін мансұқтап, оның жазуын жоғалтып, кирилл харпіне көшіруді ұсыну — миссионерліктің еуропалық сипат алғанын дәлелдейді.

Ұлттың рухани тұтастырын ыдыратудың аса қауіпті әрі аяр, ұзақ жалдарға арналған жоспарын Абай өлерінен бір жыл бұрын білді. Архирейдің нұқсауында жоғарыдағы Н.М.Ядринцев пен В.В.Радловтың ұсыныстары толық ескерілді. Онда қазақ даласына орыс окуы деңдеп кірген соң:

“... Қазақтардың өз атынан бізге шоқындырушы үағызышы керек деген арыз үйимдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам (үағызышы) қазақтардың барлық таланттарын орындауға, көмектесуге міндетті, оларды өзімен бірге ертіп жүріп бойын үйретсін, өзімен қол беріп амандақсан қазақтардың өкіліне сый-сияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: “Қазақтардың дініне ешкім де қысым көрсетпейді” — деп пікір тарата берсін, ал олардың үағызыга келуі және тыңдауы

өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауга, шындықпен өмір сүрге көмектеседі деп сендіреін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынадай ұсыныс жасау керек: “Мұның барлығын қазақтардың өзі сұрап жасаттырып еді, ол үшін миллиондаған сом ақша кетті, қазақтардың өзі уағызыны сұрап еді, ол да қанағаттандырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті аллады, сол үшін жазага тартылуы керек” — деп жарлық жасау керек. Қазақтарды жазага тарту туралы мәртебелі ағзамнан пәрмен сұралады. Пәрмен берілгеннен кейін қазақтарды жазалау үшін әскер жабдықталады және олар кресті алға ұстап жорыққа аттанады. Қазақтардың бәрін де шоқындыруға және православие дініне кіргізуге мәжбүр етеді. Ал бұл талапты өз еркімен орындамағандарды қырып салу керек”, — деп кесімді үкім шығарылып қойған еді.

Бұл сөзді оку Абайға өте ауыр сокты. Өзіне бодан болған елдің тағдырын сол мемлекет емес, дін басқармасы шешеді деп ойлады ма, жоқ па, кім білсін. Бірақ кез келген жылы жүзді миссионердің жылмиғанына еріп жүре беретін қандастарын Абай жақтырмады. “Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға”, “Ояз бардағы қылықты, ояз жоқта етпейді”, “Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындал” — дегеннің бәрінде Абайдың ішкі қыржылы бар.

Елдік бірлікті ірітіп отырған сол мінез.

Жоғарыдағы дін басқармасының жоспарының дені іске асты. Он алтыншы жылғы көтерілістің қанды оқиғасы әлгі “крест жорығының” бір көрінісі болатын. Бұл қазақ ұлтының ең соңғы түяқ серпер тұсы еді. “Қалың елім, қазағым, қайран жұртый!” — деп құніренген Абай мұндай жаппай қырғынды көрмегенімен, оның үрпактары зауалдан құтыла алмады.

Он алтыншы жылғы, отыз бірінші жылғы, қырық бір-қырық бесінші жылғы тауқыметтен соң алты қазақтың бірі ғана тірі қалды. Үш жігіттің екеуі соғыста қаза тапты. Бұдан артық “крест жорығының” өзі де “қырып сала алмас” еді.

Ислам дініне деген өшпенделілікті қоздырудың екінші бір себебі: еркін елдін азат рухын өлтіру еді. Дін — адамның ең соңғы медеті. Кейде ол үлгітың үлттық қасиетін сақтап қалуға барынша ықпал жасайтын күш ретінде көрінеді.

Мысалы, шоқынған қазақтардың арасынан қайта үйірін тапқандар шамалы. Олар өздерінің қаны қазақ екенін білді. Бірақ пайғамбары басқа болған соң пәлендей парық таппай, ақыры сіңіп кетті. Олардан кері қайткан із жоқ. Мұсылман-дыхты қабылдан, қатарға қосылғандар сирек. Тек Сәбит

Мұқановтың әнгімесінде ғана ондай оқигалар ұшырасады. Мұның кілтипаны, миссионерлер шоқынған адамның бірнеше үрпағына дейін үзілмейтін анду қойып, бақылау астына алғандығында және олармен қалай жұмыс істеудің әдіс-тәсілін сыйып, қағазға жазып кеткендігінде. Абай оқыған хатта бұл туралы:

“Сол кезде қазақтар: “Бізді орыстар үнемі күзетіп отырап деймісің” — деп православие ділін қабылдайды, іле-шала орыстарды алдап, кресті сандықтың түбіне тыға қойып, өзінің дінін ұстауды жалғастыра береді. Міне, осы кезде барып ауылға шіркеу мен мұнара салып, қолына құн сайын крест ұстасып отыргызып, уағыз тыңдату қажет. Сонда ғана татар мен сарттардың қазақтарға жасайтын ықпалтынан құтыламыз”, — деп көрсетілген еді.

Бұған карсы уәж айтып жатудың өзі артық. Тек өзегінді өксік пен буырқанған қорлық сезімінің қыстықкан ызасы ғана үнсіз өртейді.

Сол уытты ызаны Абай Лермонтовтан аударған:

Өлтірер, жерге тығар, мойда коимас,  
Сүйтсе де жер томпайттай койын болмас.  
Дірілеп сол молаға шықса шалдар,  
Баскыш болып аспанга шығара алмас.  
Биқунә зорлықпенен шықкан жаңым,  
Бейіске басшы болар деме, зағым! —

деген жолдар арқылы жеткізеді.

Ұлттың “крест жорығынан” кейінгі үйілген денесі — тақуалар мен “әулие әкейлердің” төбесін бейістің көгіне жеткізер баспаңдағы бола алмайды дегенді аңғартады.

Әрине, “әулие әкейді” — деп аударуы түсінкіті. Абай бұл сөзді өзегеге емес, өз халқына қаратып айтып отыр. Ал неге татар мен сарттарды жек көрінішті етіп көрсегіті дегенге келсек, оның шешуі оңай. Сол арқылы текстес халықтардың арасына сына қағып, өзара өшіктіру мақсатын қөздеді.

Ұлттық өшпендейлік — діни соғыспен параллель. Зорлап, мәжбүр етіп шоқындыру — Абай үшін тан емес. Ол әр діннің жолын, қағидасын білді. Сондықтан да оның құдай жолы емес екенін түсініп:

“Құдай тәбәрака уә-тагаланың барлығының үлкен дәлелі: неше мың жылдан бері әркім әр түрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі һам неше мың түрлі діннің бәрі де: ғаділет, махаббат құдайға лайықты — дегендігі. Біз Жаратушы емес, Жаратқан көлеңкесіне қарай білетүғын пәнлеміз. Сол ғаділет пен махаббатқа қарай тартпактыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен

**артылады. “Нандым, сендім” демек — “нандырамын, сендеремін” деген емес”, — дейді Абай.**

Демек, “қылыш үстінде серт жүрмейді”, яғни адамды зорлап сенімге мәжбүр етіп, шоқындыруға болады, бірақ оның рухын өлтіре алмайсың. Өйткені оның сенгені — бір Алла. Алла біреу. Ол сенің зорлық пен корлығыңды көріп түр, сезіп түр және үкімін әділ әрі махаббатпен шешеді — дегенге саяды.

Абай діни басқарманың мұндай қитұрқы кулықтарымен таныс еді және кал-қадерінің жеткенінше өз дәргейіндегі күшпен қарсы қуресті.

Шаригаттың билігін қазақ арасынан аластауға тырысқан миссионерлер мен дәбірлердің ұмтылсына тосқауыл қойып, дәстүрлі заның негізіне шарифат жолын кіргізді. Қарамола сиязындағы Абай қол қойған занда соның барлығы қамтылған И.Мельниковтің және басқа ұлыктар мен тақуалардың жазбаларында, ғалымдардың макалалары мен кенестерінде, тіпті Радлов, Бартольд іспетті ғұламалардың енбектерінде де қазақтың дәстүрлі билігінен шаригаттың зандарын аластауды ұсынады. Бұған Абай да көнбеді. Оның себебін әрі інісі, әрі рухани шәкірті Шәкәрім:

**“Қазақтың ескі жолының бірталайы шарифатқа да жанасады. Шарифат ешқашан тастай қатып қалмайды әр заманың ықпалына қарай іс қылтуға лайықтайды. Оны тастай қатыратын шала молдалар. Шаригаттың тастай қатқан жері — әр заманға бірдей іс те. Тастай қатпайтынның мысалын көрсетуге болады. Мысалы: ғазар. Яғни қыын болса — қылмай-ақ, өзгерт — деп кеңшілік қылады”, — деп дәлелдейді.**

Ислам қағидаларының мағынасын теріс түсіндіріп және теріс түсініп келгендер баршылық. Ал шаригатты шала түсінгендер дін жолын халыққа жек көрінішті етіп көрсетеді. Қасаң тартқан бұл теріс тұжырым XX ғасырдың аяғында да санамызда жібіл, жөнін таппады Абайдың:

*Алға асыраған пендесі аш бола ма? —*

дегенінің мәнісіне де үнілмей келдік.

Исламның басты қағидаларының бірі — Алланың кешірмейтін күнәсі жок. Тек шын көніліңмен сеніп сұра деген уәж.

Ал біз шарифат жолы десе бітті, катігез тобырдың жиылып алып бір адамды таспен үрып өлтіргенін көз алдымызға елемстеміз. Бірақ, Аиса пайғамбарды кергіге сап, қол-аяғын керіп тұрып, шегелеп асып өлтіргенін де білеміз фой. Демек, Абаидың аитқаны дұрыс. дүниедегі “неше мың

түрлі діннің бәрі де бір үлкен құдай бар деп келді”. Алла пендесін ешқашан алаламайды. Раҳым да, қайырым да, жаза да, әділеттілік те, мейірім де — ортақ.

Ендеше, өзге діндердегілерді азғыру — Алланың жолынан тайдыру деген сөз.

Бірақ отаршыл ел мен өккі әулиелер оған назар аудармады. Қалайда бодан елін шоқындыруға құлшынып, ол пиғылын занмен бекітті. Мешіттерге жандармериялық бақылау жасалды. Мұны 1868 жылы “Екінші низам” арқылы заңдастырыды. Осы “Низамның” “Қазақтардың құқы” және “Қазақтардың діни істерін басқару” туралы бөлімдерінде шоқындыру бағыты анық көрініс берді. Оны:

“251. Қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мұфтиятына қарайды. 252. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін молда жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. 253. Қазақтардың арасында бір болысқа бір молда бекітіледі... 255. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. 256. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернатордың шешімімен бекітіледі не босатылады... 258. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады... 259. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек”, — деген заң баптарынан анық байқауға болады.

Мұнда дін үстаяу жолының бәріне шек қойылған.

Сайлаған молланы ұлықтар бекітеді. Оған ішкі істер министрлігі, яғни полиция бақылау жасайды. Өз бетімен мешіт салуға еркі жоқ. Бала да оқыта алмайды. Жоғарыдағы хатта айтылған архирей басқармасының нұсқауының барлығы заң жүзінде бекітілді. Мұнда тек дінге тыйым салу деген сөз ғана жетпей түр. Бірақ та дәл осы низамның 247 және 248-баптарындағы:

“Христиан дінін қабылдаған қазақтар өзінің ауылында тұра береді немесе қырдағы орыс тұрғындарының арасына көшіп келуіне де болады, ол қазақтарға тиісті құқықтың бәрін пайдалана алады. Христиан дінін қабылдаған қазақтар қауымдастарының рұқсатынсыз-ақ қалаға немесе селолық жерге емін-еркін орналаса алады”, — деген заң ережесінен халықты қайда қақпайлап отырғаны анық көрінеді.

Оның үстінен христиан дінін қабылдаған қазақтарға көмек көрсету және олардың құқын корғау туралы ерекше нұсқаулар оязға үздіксіз түсіп жатты. Құнарлы жерді меншіктеуге, кәсіпшілікпен айналысуға, тегін несие алуға келгенде оларға

орыстармен бірдей женілдіктер берілді. Сыйлық ретінде ақшалай қаражат та бөлінді.

Дайындалып жаткан үшінші низамда мұның барлығы ашық айтылып, тікелей шоқындыруды зандастыруға бағытталды.

Шоқындыру науқаны тек діни мекеменің ғана құзырындағы шаруа емес, мемлекеттік сыпат алды. Бұған монархияның жеке өктемдігіне тосқауыл қояды деген Думаның мүшелері де ықпал жасаған. Оған Тұrap Рысқұловтың “1916 жылғы қазак-қырғыз көтерілісі” атты мақаласындағы:

“**Бұл тұрғыдан алғанда Мемлекеттік Думадағы** пікір талаастары істің мәнісін ашып берді. Сонау 1910 жылы министр Кривошнейнің баяндамасынан кейінгі Думадағы жарыссең қызу етті, әсіресе, оңшыл курескер (октябрист) Трегубовтың сөзінде Тағая және Қыыр шығыстағы “қозғалыстың” мақсаттары мен міндеттері туралы анық айтылды. Сейтсек бұл (отарлау — Т.Ж.) тек ішкі жер дағадарысын шешу үшін ғана емес, сонымен бірге жерді кеңейткеннің үстіне кеңейте беру үшін жаңа аймақты жауап алуды көздейді екен. Думаның кейір мүшелерінің (ұлтшылдар) аузынан шыққан сөздерге қарағанда бұл орыстардың “мәдени парызын” орындау бол саналады және ол (отарлау — Т.Ж.) азиаттық халықтардың арасында православие дінін таратып, шоқындыруға жағдай жасауы керек көрінеді. (Сол Трегубовтың бес миллион қазақ халқын православие дінінде деудің орынына мұсылман етіп көрсеттің дег әкімдердің біреуіне ашуланып сөйлем, қатты реніш білдірген сөзін оқыңыз). Жерге қоныстандыру және өндіреу басқармасының бастығы Кривошней 1912 жылы Туркістанға келіп кеткеннен соңғы өзінің есебінде Қазақстан мен Түркістандағы отарлау ісін барынша қүшейту керектігін атап етті”, — деген пікірі анық дәлел болады.

Демек, Думаның мүшесі Трегубов тегін шаптығып отырган жоқ. Ол үшін қазақтар “Екінші низам” шыққан соң-ақ жаппай шоқынуы туіс еді. Қошпелілерді православие дініне көшіру — күн тіртібіне қойылудан кеткен, шешілген, біткен іс. Эйтпесе, қаншама “қара жұзді” болса да бұлай аптықлас еді.

Шоқындыру саясаты мемлекеттік қупия болудан қалып, ашық әрекеттің майданына айналғандығын осыдан-ақ көруге болады. Мемлекеттік дәбірдің өзі мұншама “намыстанатын жәйбаракаттақ іс” болғанына қарағанда шоқындыруға аттанатын “крест жорығының” әскери-жазалау шаралары да күні бұрын қарастырылып, қаражат бөлініп, жасақтары дайындалып қойған. Түркістан

уәләятындағы жазалау өскерлерінің 1916 жылы сақадай сай түруы соны тиянақтай түседі.

Абай өлгеннен кейінгі алты жылдан соң мемлекеттік ашық саясат ретінде талқыланған бұл науқанды ақын жантәнімен сезінді. “Фақлиясының” соңғы сезін діни беріктік пен “нандыру” мен “нандырамның” арасындағы айырмашылықты талдауға арнауы тегін емес. Басына күн туған үлт жер бетінен жойылып кетпес үшін жорта “нандым” дер, бірақ рухты күшпен “нандыргамың” деудің өзі де — “антұрғандық”.

Әрине, миссионерлер мұны да ойластырып, “тиісті нұсқауын” қағазға түсіріп койды. Оны жоғарыда оқыдыңыздар. Бірақ та рухани қурес ешқашанда тоқтамайтын еді. Бұған православие дінін ертерек қабылдаған және исламның ибадатына енбеген қалмақ, хахас, саха, бурят жұртының Көк-Тәнірін қайтадан жаңғырта бастауы дәлел. Олар атабаба сеніміне қайта орала ма, жоқ па, тарихтың талқысындағы мәселе.

Әңгіме — рухтың өлмеуінде. Оның өлмейтін және өлтірмейтін жолдарының бірі — ант.

Ант — ең қасиетті үғым. Адамзат адамзат болғалы ант беруден асқан қасиеттілік, антты бұзғаннан, Абайша айтқанда, “антұрғаннан” асқан қасиетсіздік жоқ. Ел мен ер арасындағы бітім мен соғыстың кепілі де осы ант. Есте жоқ есکі заманда көшпелілер білек тамырын жарып, қан алмасып барып андасқан (анттасқан). Бір сез үшін қас, бір сез үшін дос болу да содан қалған. Абай зерттей оқыған Монтень анттың адамзат ғұмырында алатын орны туралы:

“Кез келген анттың құштілігі сондай, сезінде тұру үшін адамдарды өз өмірін қиюға мәжбүр етеді. Гректер мен парсылардың арасындағы соғыс кезінде: сондай шабытпен және көтеріңкі рухиен жазылған және сол сертінде тұрған гректердің антының бірінші бабында: өз еліміздің заңын парсылардың дәстүріне өзгертукенше қан майданда қаза тапқанымыз жақсы деп жазылған. Ал гректер мен түркілердің арасындағы соғыс кезінде қаншама адам өзін сұндетке отырғызбас үшін немесе шоқындыру рәсімін көрмес үшін азаппен өлуді таңдаған алды десенізші! Дәл осындай жаның қасым ететін антқа нетізделмеген дін жоқ”, — деп жазды.

Дін жолындағы мұндай қаталдықты Абай да айтқан.

Біз бірнеше рет жүгінген: “иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек” — деген сезі соны толық жеткізеді. Сондай-ақ Абайдың өлеңдері мен “Қара сездерінде” “ант ұрған” деген үғым көп қолданылады. “Ант ұрғанға косылмай, кел, кет қаңғып”, “Ант ұрғанға

қосылма, қапылыста!”, “Антын, арын саудалап”, “Антпен тарқайды, жиылса кеңеске”, “Ангасып тарқады”, “Арын сатып, ант үрүп іздегені”, “Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп”, “Ант ішіп күнде берген жаны құрсын”, “Ант ұғаннан құдайым сақтасын деп”, “Ант ұғандық қылышын Алла ісі деп” — келетін тіркестер жайдан-жай айтылмаған. Мұнда ерекше мағына бар.

Абай үшін дүниенің ең үлкен қарғысы — “ант үру”, анттың атқаны.

Өйткені қасиетті “Құран -кәрімде” ант беруді ерекше қадірлейді және сақтандырады. Себебі: Аллаға берген антыңың айғакшысы — бір Алла. Антыңа Алла кепілдік береді. (91). Антты тек жақсылық ниетпен қабылдасаң ғана сауапқа жатады. Анттың жолы ауыр. Сондықтан да “Қуранда”:

“Біреуге жақсылық жасамаймын десендер, дін жолынан қашсандар, адамдардың арасын жақындастыруға дәнекер болғыларың келмесе, онда Алла атымен ант етпендер. Алла сендердің сөздеріндегі де естіп, жағдайларыңды да біліп тұрады. Мақсатсыз берген анттарың үшін Алла сендерді жазаға тартпайды, жазаны сендерге қасақана ішкен анттарың үшін бүйіралды. Анығында Алла әрі кешірімді, әрі мейірімді”, — деп жазылған.

Ал отаршыл ұлттар мен миссионерлер шаригат жолын үстанып, “Құранды” қолына алғып ант бергендерді ғазаут сахабалары іспетті денесі түршіге жек көрді және өзгелерге де жек көрінішті етті.

Қай елде де сол ұлттың дініне орай қасиетті кітап үstan, мандаудына төсеп, ерніне тигізіп ант рәсімін жасайды. Казакта Абылайдан кейін “Құран” үstan қазаққа серт берген ел басы әзірге жок. Хан Кененің жөні басқа. Ол ұлт-азаттық көтерілісінің басында тұрғандықтан да бодан елдің қасарыскан рухының нысанасы болды. Тұтас билік қолына тимеді. Біздің “Құранды” құрметтемеу мізде империялық миссионерлік пен коммунистік миссионерліктің дін исламды жек көрінішті етіп көрсетуінің рухани тәуелділігі жатыр. Ал, Борис Ельцин “Інжілді” қысылып-қыттырыл-мастан, жан бауыры ери ерніне тигізді.

Әрине, мұның барлығы психологиялық тәуелділіктің Абай айткан “нәзік әрі шетін жолын” кесіп өте алмағандық. Ес жиғызып, етек жапқызатын нағыз рухани бостандық алда. Ол заман сөзсіз келеді. Дінің үшин қысылып-қыттырылатын заман да ұмытылатын күн де туды. Енді соны рухыңа қайтадан шықпастай етіп сіңдеру ғана қалды.

Ант - ардың шекарасы. Пәни мен бақыға бірдей жүретін иман кепілдігі. Өйткені, ант, “Құранда” жазылғандай, бір Алланың өзі айғакқа жүретін рәсім.

Ұлтының рухани тәуелсіздігін қалайда сактау үшін Абай “ақыл ойын да, қол қайратын да”, қалам үшін де аяған жок. Өзі болыс, би, төбе би болған тұстарда қазақтың дәстүрлі заны мен шаригат жолын қатаң ұстанды және оны жүзеге асырды.

Бұл да тәуелсіздік үшін әрекеттеген құрестің бір түрі еді.

Ол 1885 жылы мамыр айында өткен Қарамола сиязында бұл тұрғыдан алғанда қатты күш шығарды. Ояз бастығының үйғарымымен Абай Қунанбайұлына тапсырылған қазактарды басқару туралы “Ережеде” ант беру рәсімі реңде қағазға түсті. Әрине, оған ұлыктар мүдделі емес еді. Бірақ та көпке топырақ шашудан сескенді. 74 баптан тұратын “Ереженің” он бір бабы ант рәсіміне арналды. Бұл — шаригат жолының биліктен, рухани өмірден шеттетілмеуінін кепілі еді. Абай соған отарлаушы әкімдерді мәжбүр етті.

Бұл тарихи дерек дәстүрлі казак заны мен билеу құқығы туралы өте мол мағлұмат береді. Оны тубірлеп түбегейлі зерттеу заң ғылымы мамандарының еншісіне тиесілі. Біз тек рухани тәуелсіздіктің бір белгісіне саналатын ант рәсіміне аял жасаймыз. Әрине, оның астарын терендете талдауға да ишара танытар ек. Бірақ негізгі арнаға түсінікті. Әрі ұзағырақ сөз болғандықтан да әлкисасыз қысқа қайрамыз.

Ант рәсімін билік “Ережесіне” кіргізу — шешімнің, даудың, айғақшының, бидің қара қылды қақ жаратын әділетті болуын көздеген ниеттен туған. Ант рәсімінің орындалуы “Ережеде”:

“10-бап... Мұбәда, жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растиғына дау сомасына қарай ел салынып, бір кісі жан (Ант — Т.Ж.) берсе керек... 14-бап. Құмән жауапкердің елінің болыснай молдасының алдында құран бірлан қасам (ант — Т.Ж.) айтылады. 15-бап. Құмәнға (ант беретін кісі — Т.Ж.) төрт кісі ұсталса, бір кісі өтпесе даудан төрт бөліктің бір бөлігі тиеді, өтпегені осы рауішли болып хасапланады-дур. 16. Құмән етілген уақытта даугердің көз болмағы міндетті емес, бірақ молла даугердің келмегендігін жазып қойса керек. Құмәннің (анттың) уақыты сол уағдалы құннің күн батуына шақты. 18. Құмәнға ұсталмайды: молда, ел билеушілер, қажылар, 18 жасқа жетпегендер, алтыс үштен асқандар; төре қазақ үшін һам қазақ төре үшін құмәнға жарамайды. 21. һар құмән болыснай молданың хұзырында

өтсе керек. Молданың қателігі зұлымдығы болса жүрт тексереді. 22. Жалған күмән еткен кісіге айыш салынар-дүр. Түйе бастатқан бір тоғыз. 23. Күмән етпесе қанша мал, нәрсе бүйірылады-дүр — күнөға кім ұсталған һаммасын толық қылышп билігінде анық қылыш жазарға би міндеті-дүр. 24. Күмәннің күнін ұзарттырмаққа сыйымды себеп болса болыс, яки өз елінің бір биінің куәландыруы бойынша мүмкін. 25. Күмәнші, жаншы, төреши болып даугердің ықтияры бойынша билік айтады-дүр. Мұның билігін жауапкер бұза алмайды. Бұл билік копияның сыртына жазыла-дүр” — деп баяндалған.

Соншама жек көрінішті, сүмдышқ көрінетіндей еш катігезді де, қораштығы да, оғаштығы да жоқ кәдімгі өділетті көздеңген ниеттің көрінісі. Дүние елінің бәрінде де өздерінің қасиетті кітаптарын ұстап, ақиқатты ғана айтатынына күәлік беретін сенім кепіл ғана.

Ант рәсімінің бір парасы “Құранның” “Шәмші сүресінде” жазылған. Айғақ иесі, куә адам “Құранды” ұстап тұрып:

“Мейірімді, қайырымды Алланың атымен бастаймын!

Құннің және оның нұрының (Алланың) атымен ант етемін! (1).

Күннен кейін шығатын Айдың (Алланың) атымен ант етемін! (2).

Күн жарығы нұрландырған күндіздің (Алланың) атымен ант етемін! (3).

Қарандылық басатын түннің (Алланың) атымен ант етемін! (4).

Аспан және оны жасаған иемнің (Алланың) атымен ант етемін! (5).

Жер мен оны жаратқан иемнің (Алланың) атымен ант етемін! (6).

Рұхтың және оны құдіретті етіп берген, оған жақсылық-жамандықты білдіріп тұратын жасағаның (Алланың) атымен ант етемін! (7,8)” — деп ішінен қайталаудың керек.

Ант беруден бас тартуға қақын бар. “Құран” оған салауат жасайды. Антты жақсылық үшін ғана бер — дейді.

Ең қыныны — жалған ант беру. Ол адамға екі дүниеде сауап жүрмейді. Бұл да түсінікті. Ант болған соң оның бір қатаң тыйым салатын құдіретке ие болуы да занды Абайдың ықпалымен жүзеге асқан ант рәсімі коммунистердің жарғысы шыққанша жойылған жоқ. Үлтты рухани түрғыдан сілкіп, сестендіріп келді.

Демек, Абай рухани тәуелділіктің сақталуына қalam әрекеті арқылы үлес косты. Өкінішке орай, осындағы рух

карсылығына қарамастан ресейлік архирей басқармасы жаппай шоқындыру науқанына кірісу туралы жарлық берді. Шаймерден Қосшығұлов жіберген хаттағы Абай оқыған жарлықта:

“1902 жылы 61 пәрмен бойынша Ақмола мекемелерінде жарлыққа сәйкес қазақ молдалары дін ісінен шеттетілді. Егер молдалар пәрменді бұзса қатаң жауапқа тартылып, “Ереженің” 79 тармағы бойынша жазаланады. Крестьян басқармасының бастығы мұны қатаң бақылауға алып, мәлімет беріп отыруға тиіс. Осындаш шаралар арқылы істі өнға қойып, жолға түсіріп алған соң миссионерлерді жіберу керек. Олар қазақтардың үстанған дінінің дұрыс емес екендігін және Иса пайғамбардың жіберуімен келгендігін, сонымен қатар Заң бойынша патша ағзам қандай дінді үстанса, оның құзырынлағылар да сол дінге кіру керек екендігін, ал қазақтардың дінінің бұл дінге... жат екенин дәлелдеуі тиіс. Содан кейін император ағзам бүкіл консульдықтарға: “Мениң құзырымдағы қазақтарым ислам дініндегі мұфтигеге бағыннатын, бірақ та ислам шаригатына қазақтардың бағынғысы келмейді. 68 жылғы Ереженің 97 және 98-тармақтарына сәйкес олар мұфтилік бағынудан алынып, әр болыста діни рәсімді өтеу үшін жеке-жеке молда сайланған болатын. Сонымен бірге молдалардың міндеті — туған балаларды тіркең, оларға ат қою болатын. Қысқасын айтқанда, шаригаттың барлық заңын орындауға тиіс еді. Алайда қазақтар өзінің молдаларының талаптарын орындаамады, оларды көзге ілмеді, өзінің рухани дәстүрін үстанды, балаларына — Қойлыбай, Жылқыбай, Итаяқ деп ат қойды, кейін өздеріне арнап орыс мектебін ашууды талап етіп, өтініш білдірді. Мектеп ашылды. Енді қазақтар өзінің дінін өзгерктісі келетіні туралы өтініш жасап отыр” — деп хабарлау керек”, — деп жазылып түр еді.

Мұндай қолдан жасалған арандатуларды кенес өкіметі түсында да сан рет көргенбіз. Демек олар да коммунизмнің немесе Лениннің жолымен емес, әkkі “әулие әкейлердің” жолымен жүргені фой. Мемлекеттің аты өзгерген, заты қалған. Әйтпесе, қазақ ұлтының дінін өзгерту туралы хат жазып, күнәні мойнына көтеріп жүрген кім? Кремльде қазақ халқының атынан тілімізді құртсын деп сөйлеуге кай қазақ өкілдік берді? Бәрі де Әбілхайырдың жасырын анты құсаған жалған дактырттың кесірі.

Өзін-өзі құрбандыққа байлаған ұлт — ұлт емес. Ал қазақ ұлты бойындағы көптеген қиянкилы мінездеріне қарамастан ондай миғұлалық пен мәңгүрттікке жеткен жок. Жүрек оты өшкен емес.

Мұның зауалына кім үшірайды? Және оны кім сұрайды? Бір ұлттың екінші ұлтка көрсеткен жәбір-жапасы қақында “Құранда”:

“Ей, иман көлтіргендер! Бір қауым екінші бір қауымды мазақ етпесін. Тәлекекке үшыраған қауым Алла алдында өзін тәлекекке салған қауымнан жарқынырақ көрінуі мүмкін” — (II) — деп жазылған.

Ал сондай “тәлекекке түскен қауымның” бірі — қазақ ұлты.

Жат жүртты қарғаудан аулақ болайық. Мүмкін, тарих пен тағдырдың пешенеге жазған жазмыны сол шығар. Бірақ Абай сияқты ұлылардың “күйесін жүрек, күйесін” деп кеткен запыраны енді қайтып сыртқа төгілер. Олар “жан күйігі мен жар күйігін” көрге өзімен бірге ала кетті гой. Оны қуып қайтеміз. Өзінің ойын Лермонтовтан тәржімалаған:

*Менің сырым, жігіттер, емес онай,  
Ешкімің ортагы жоқ, жүрсін былай.  
Нені сүйдім, дүниеде, нeden күйдім,  
Қазысы онын — арым мен бір-ак құдай.  
Жүргегім екеуине жалбарынар,  
Ракымы мен әділі сол деп жылар.  
Мен тентек пе, түбінде кім жазалы,  
Қайғыны жіберуші озі сынар, —*

деген өлеңі арқылы айтқан Абайды Жаратушы иемнің өзі арашадар.

Көптің күнәсін біз көтере алмаймыз. Анығы: Абай айтқандай, “екі өлмек жоқ, екі аһиret жоқ, екі жұбаныш жоқ... Дүние қайғысын — аһиret қайғысынан, дүние қуанышын — аһиret қуанышынан, дүние қызығын — аһиret қызығынан жоғары қойған адам — мұсылман емес”. Демек, Абай: өзінің тұтқан дініңен айырылма. Иманды айырбастама. Қандай жек көрінішті етіп көрсетсе де ол сенің рухың дейді.

Сонда да пендешілікке салынып, кей кезде мұндай киянат пен аярлыққа шыдамай:

*Ендігеге не сұрау бул жалғанда?  
Ақыл-ој, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы манда' —*

деп күйіне тұнліп кетеді Абай.

Адам ретінде, ақын ретінде Абайдың күйінде күйінетіндей жөні бар. Бірақ ұлттың жүрегіне дауа мен жұбаныш тауып беріп кетті. Рухани төуелсіздіктің ұрығын

септі. Рух қайсарлығын жырлады. Тәуелді үлттың тауқыметін қалай таратпау керектігін ұқтырды. Өзі де азап шегіп, арұтымен, жан-тәнімен, тағдыр-таланттымен арпалыса жан-таласты. Сүк көздін сұғы қадалды. Тергеу мен тінтуден өтті.

Рас, 1903 жылға тінту Абай үшін ығырысыз аяқталды. Генерал-майор Галкин Даға генерал-губернаторына:

“Сіздің 1 тамыз күнгі сұрауынызға орай мәртебелі тақсыр мынаны хабарлаймын: Шыңғыс болысының қазағы Ибраһим Құнанбаев қазір 60 жаста, үш некелі, олардан 20 бала сүйіп отыр, өзгелерге қарағанда ауқатты тұрады (1000 жылқысы мен 2000 қойы бар). Құнанбаев өте ақылды әрі білімдар адам: ол үш жылдан екі мәрте би боп сайланды, үш жылдан үш мәрте Шыңғыс болысының болысы боп қызмет етті. Үкіметтің тағайындауы бойынша үш жыл Мұқыр болысында болыстық етті.

Қызмет бабында Құнанбаев өзінің пайымды билігімен, ықтияттылығымен, жігерлілігімен, үкіметке берілгендердігімен және діни байсалдылығымен дарапана көрінді.

Құнанбаевтың бір ұлы Михайллов артиллериялық училищесін бітіріп, офицерлік шен алды, ол Түркістан округінде қызмет етіп жүргенде қайтыс болды. Құнанбаевтың күйеуге тиген қызы қазақ интернатында оқып арнағы курс бітірген, оның басқа балаларының барлығы орыша жазып, оқи алады. Олардың сауатын ашқан әкесі. Құнанбаев орыс әдебиетін ерекше ынта қойып оқиды, кітаптарды, газеттер мен журналдарды жаздырып алып отырады.

Бұрын ол бүрратана дала тұрғындарының арасында ерекше ықпалға ие болған еді, қазіргі беделі ондай емес. Өйткені ол тым тез қартайып, денесі ауырлан кетті, қазақтардың ісіне араласпайды, рубасылардың үздіксіз кенес сұран келгеніне қарамастан, ол партия таласына араласпайды.

Жергілікті әкімшіліктің ұлықтарымен әңгімелескендегі Құнанбаев өзінің мемлекеттік мүдделені толық түсінеттіндігін байқатты және Азиялық аймақта жүргізіліп жатқан отанымыздың мәдени миссиясына он қабакпен қарайтынын көрсетті.

Ол мұсылман діншілдерінің үкіметтің көздеген мақсатына қарсы әрекеттерін айыптаиды. Оның айтқан пікірінің шындығын оның мінезі дәлелдейді деп ойлаймын.

Осы мәліметтердің өзі-ақ саяси тұрғыдан алғанда Құнанбаевтың ешқандай айыбы жоқ екенін дәлелдейді, сондықтан да сенімді адамның қатарында тізімге алынуы тиіс”, — деп мәлімдеме жасады.

Иә, Абай Құнанбаевтың Семей ұлықтарының арасында ерекше беделге ис болғаны рас. Ресейдің отарлау кенселерін-

дегілердің бәрі Жаһил емес еді. Лобановский іспетті ояздар Абайды өте жоғары бағалады. Сондықтан да оны ғазаут майданының сахабасына қослады. Қорғап қалды.

Бірақ та патшалық өкіметтің мәдени миссиясының бірі - діни шоқындыруды жақтайды дегені үлкен ұлыкты тыныштандырудың амалы екені сөзсіз.

Рухани тәуелділікке Абайдың жаны туршіге қарсы болғанына жоғарыдағы пікірлерді оқи отырып көз жеткізу киын емес.

Тек, Абайдың құсадан өлгені анық. Азапқа, ақылдың азабына толы:

*Ол күндер — өткен күнинен бәрі бір бәх,  
Келер, кетер. артына түк калдырmas  
Соның бәрі — арнаулы таусыншак күн,  
Арғысын бір-ақ Алла биледі рас, —*

деген шумақпен рухани тәуелсіздік туралы тұжырымымызды тәмәмдамақпаз.

Абай айтпақшы:

*Көптің қамын өзуелден тәнір оилаған,  
Мен сүиғенді сүйді деп иең сүйсін, —*

дегендей, біз де тәнірімізді, рухани тәнірімізді — тәуелсіздігімізді ойлайық.

Тәмәт-тәмәм.





*Екінші бөлім*

**“Дүниеде  
нені  
сүйесің?..”**



### **13. “КӨҢІЛДЕ – ҚАЙФЫ, ҚАЛЫҢ ЗАР, АЙТАТҰҒЫН СӨЗІМ БАР...”**

*(Абай жөне Ницше)*

#### **I**

Бір Жаратушыдан кейінгі ен ұлы қасиет — сана.  
Барлық қасиетті кітаптарда солай жазылған.

Бұған танымдық түрғыдан келгенде құлшылық етіп, тағым жасайтын және бас шайқап түрып алатын ойлы тақуалар бар. Біз олармен тап осы арада талқыға түспейміз. Аргы-бергі дүниедегі ғұламалардың ақыл мәйегін шайқау қынға соғар. Бірақ олардың санасын сауып, түйсігі арқылы тұжырымдаған қағидалары мен хадистерін қарастырған сөттердегі ерекше бір құбыльсты салыстырсақ, тосын, алайда занды қорытынды жасауға болатын сияқты.

Ол — ұлылардың ойының тоғысы мен болмысын түйсіну түсындағы түйсіктерінің тамырластығы. Ең қасиетті ұғым — сана танымға сара жол ашады, бірақ та түйсік болмаса танымның жолы белгілі бір түсқа келгенде түйікқа тірелері сөзсіз. Сол бір ой іірімі үйірлген ұйықтан шығаратын “жан қуаты” (*Абай*) — түйсік. Абайдың:

*Қайғы шығын шыққа,  
Камалтнасын түйыкқа, —*

дейтін, “акылыңың кермек” тартатын тұсы осы шақ.

Мұндай сана сабылысынан саңылау тауып, таным сәулесінін ұшынан ұстаган не өзегеге ұстатқан ғұламалар аз. Ұлылықтың қасиеттерін талдаған, түсіндіріп берген, түйсікті түсіндірткен ғұламалар көп те, сол іірімнен жол тауып шыққан данышпандар аз. Алдыңғы топтағы — ұлылардың, соңғы дегдарларын — данышпанның катарына жатқызу лайық.

Қазақ ұғымына карайлатақ, Мұхтар Әуезов — ұлы тұлға, ал *Абай* — данышпан.

Сол сияқты ықылым мен ығылымның да өз ұлылары мен данышпандары бар. Мысалы: “Тауратты” жазған — Мұса, “Забурды” жазған — Дәуіт, “Інжілді” жазған — Иса, “Құранды” жазған — Мұхаммед пайғамбарлар дана. Ал солардың жолын түсіндірушілер және олармен ой таластырушылар — ұлы адамдар.

Дүниенің ақыл-ойының даму тарихында даналар аз. Танымға өзінше жол салған саналылардың ойы мен ойлау жүйесі тоғысып жатады да, ұлылардың пікірлері кейде қабысып, кейде қайшыласып жатады. Оның себебі: ұлылар өз заманының қат-қабат құбылыстарын бойына жинақтап барып салыстырмалы түрде пікір түйеді, ал данышпандар дүние — дүние боп жаратылғаннан бергі болмысты бойына сініреді де, соған дейінгі таным атаулыны санасында сапырып, түйсігі арқылы жаңа таным әлемін жасайды.

Міне, дәл осы тұста даналардың пікірлері тоғыс табады.

Бұл өзі таным тарихында тереңдеп зерттелмеген, бірақ Ай мен Құннің тоғысқаны сиякты, Абайдың сөзімен айтқанда, “Аспанда Ай менен Құн шағылғаны” іспетті сирек құбылыс. Әр данышпан өзінің іштегі ойын әр түрлі сипатта жеткізеді. Ол — қасиетті кітап, пәлсафалық қагидалар, дастандық жырлар, өлең, есеп, дыбыс, сурет тұрғысында көрініс табуы мүмкін.

Қалайда, дана атаулыларға тиесілі сыйбаға — өзінің рухани әлеміндегі бірінші тұлға болу құрметі.

Алла елшісі, уағызышысы пайғамбарлардың санамыздығы бейнесі — кіршіксіз. Олардың жолы исі адамзаттың рухани киесіне айналып кетті. Ал қалған, өмірде нақты ізі мен дерегі бар даналар кәдімгі пенденің бірі болғандықтан да біз олардың түйсік арқылы тапқан тұжырымдарын жарыстыра талқылауга жүрексіне қоймаймыз.

Даналар дәүірге тәуелсіз. Тек уақыттың еншісінде. Оның өзінде де пенде тұрғысынан алғандағанда.

Көшпелілер әүлетінде ұлылар көп болған. Соның ішінде, қазақ қауымының тарихындағы дара дана — Абай. Өйткені, Адам-Атадан бастап Абайға дейінгі және Абайдан басталатын қазақтың шетсіз-шексіз ғұмырына дейінгі жарық дүниеде дәл Абайдай дана туа қоймады. Әлі талай даналар келеді дүниеге. Бірақ олар Абай емес. Абай болмайды да. Егер Абай болса — онда олар дана емес. Ол адам өзге адам, өз атымен келетін адам. Абайдың арман еткен “келешектегі достары”. Ол — Абайдың өзі:

.. Қекірсінде оты бар,  
Құлағын ойлы ер салсын.  
Мендей гаріп кез болса,  
Мойын салсын, ойлансын  
Қабыл көрсө сөзімді,  
Кім таныса сол алсын.  
Не пайда бар — мың надан,  
Сыртын естіп тандансын.

*Онандағы бір есті,  
Ішкі сырын аңгарсын, —*

деп өситет еткен “ойлы ер”, Абай сияқты ақылдан азап шегетін “ғаріп”, “даналықты” ішкі сырын аңгаратын “бір есті”.

Дәл сондай пікірді пәлсафа әлеміндегі жаңа жол ашқан, Еуропаның ақыл-ой тараразысына жаңа өлшеммен баға өкелген, дүниеаудан адам, ерік, қасиет туралы тың ұғымдарды қалыптастырған дана Фридрих Ницше:

“Барлық жалғыз қалған ғарыштарға және мыңның ішіндегі жалғыздарға мен өзімнің сөзімді үлгі бермек үшін жазамын: сондай-ақ түзелген сөзімді естігісі келген, сөзімді қабыл көрген “ойлы құлакты” у толған жүргімнің түбіне бойлатамын”, — деп жеткізеді.

Міне, даналық ойдың мәйегінің тоғысуы деген осы. Оларға бұл тұжырымды айтқызып тұрған — түйсік, ішкі түйсініс.

Әйтпесе, Абай немісше, Ницше қазақша білмейді. Абай бұл өлеңді 1890 жылы жазды, ал Ницше 1883 жылы жазғанымен де, Заратустраның толғауы қазақша түгілі орысшаға да аударылмап еді. Бұл пікірге демек, екеуі де өзінің түйсігімен келіп отыр. Ал оларға ортақ адам — Абайдың бұдан бұрын да хабары бар дана — Заратустра еді. Әйткені:

“Осынау бір санадағы қатерлі сандалыста, рухани жолды салған Заратустраның өзі еді, демек, бұған ақылы жетіп, тұнғыш түйсінген дана да соның өзі болуы тиіс” — дейді Фридрих данышпан.

Көшпелілердің даналық ойын білдіретін: “Ғалымның хаты ортақ” — деген канатты сөздің бір дәлелі осы.

Демек, даналардың ойлау жүйесі мен түйсігіне уақыт та кедергі жасай алмайды. Олар әлдебір дүниеауды түйсікпен жалғаның жалғандығы туралы ойға қалып, көрінбейтін сананың санылауы арқылы, мүмкін рух арқылы байланысып жатады. Әрине, бұл дәлелсіз пікір. Бірақ олардың ойлары мен түйсінүлеріндегі коніл күйінің үштасып жатуы оны жоққа шығаруға мүмкіндік бермейді. Сірә, осындағы рухтардың жұмбақ тоғысуын мегзеп, Абай “Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла” — деп отырған шығар.

Мүмкін. Бәрі де мүмкін. Даналардың ашық айтып кеткенін түсіну үшін қаншама ұрпақ санасын сарықты. Бірақ ұлы атанып, олардың бір жұмбағын шешіп беріп кеткен ғуламалар да аз ғой.

Әлде, қазактың “жұлдызы жоғары”, “жұлдызы қарсы”, “бақ жұлдызы қарайлас” деген аспанауи пәлсафасының астарын аңғартатын “жұмбақ” жатыр ма?

Кім білсін? Ол да ғажап емес. Әйтеуір, қарапайым пенде-нің санасынан тыс бір тылсымның бары анық. Ол тылсымның аты — әлемдік ортақ “растық па” (Шындық емес — растық. Абай шындық, ақиқат, рас деген ұғымдарды әр түрлі пәлсафалық мағына беріп қолданады — Т.Ж.), жок, кездейсоқтық па, әлде барлық танымның түпкі тұжырымы біреу ме?

Анығы — қадым заманнан қазіргі заманға дейінгі даналардың барлығының растыққа, сол растықтың шындығы мен себебін және оның өуелті және соңғы ақиқатын ашуға ұмтылуы. Сол растыққа жету жолында өзінің көзқарасы мен тіршілік хараетіне, уағызы мен мақсатына мұлдем қарама-қарсы сокпакқа түсіп кеткен Ницше сияқты дегдарлар да бар.

Адамзат тарихының ажал аранына заулап бара жатқанын көріп, әлемдік салыстырмалық қағидасын ашқан Эйнштейн сияқты өзінің даналық ойын өзі қарғап кеткендер де ұшырасады.

Сананың ең биік ойлау сатысына жетіп, дүниенің шегін көрген даналардың өз түйсігіне сүйеніп ашқан растығы мына жалғандағы жандарға түйсікті бола бермейді. Олар түсінген растық — пенде ушін шындыққа, шындық түгіл ақиқатқа айналмайды. Өйткені, “жаны жұмбақ емес жандардың” “ой өлкесінің гүлденеуі” (Абай мұны “православие” деген ұғымның баламасы ретінде қолданған — Т.Ж.) сирек.

Ал акыл-оізы — ақиқатқа, ақиқаттан шындыққа жетіп, “гүлденген” адамды — ұлы дейміз.

Абай — дана. Оның “ой-өлкесі гүлденген”, “жүрегінің түбіне бойлауға шақырган жұмбақ жан”. “Ой өлкесі гүлденген” тұстағы растықты түсінген Абай дүние шындығы мен ақиқатына, одан да бергі заман қайшылығына, одан да кейінгі өз ұлтының тағдырына, тіпті жеке басының тағдырына үнілгенде:

*Ойлы адамға дүниеде еш қызық жок, —*

деп түніліп кетеді.

Бұл — барлық даналарға ортақ күйзеліс, ортақ көңіл күй, ортақ түнілу. Абайдың: “Уайым — ер қорғаны, есі барлық”, “Уайымсыздық та бір қасірет”, “Жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын — бәрінің де баянсызын біліп, жеткен, ойлы адамнан шығады” — деп отырганы сол.

Даналардың өү бастағы өмір сүрген ортасы, тәрбиесі, дәстүрі, махаббат көзі басқа болғанымен де ғұмырының ортасына қарай, Абай айтқан “ойға түсіп, толғанған”

шағынан бастап олардың арасындағы өмірлік, көзқарастық, мінездік, рухтық ең аяғы өлімінің өзінен де сәйкестік байқалады.

Бұл не? Даналарға тән әулиелік пе, жоқ, кездейсоктық па? Әлде барлық “ойлы адамдардың” түйсігі мен түйсінуіне, жүйесінен қатысты ортақ заңдылық па?

Жалпы, ой-сана саласындағы адамдардың жүйесінің шүйкеленуі (психика творчество) түсіндіріп беруге келмейтін күбылыс. Өйткені, даналықтың, ұлылықтың, таланттың, ақылдың, шындықтың өлшемі мен дауасы жоқ. Бірақ ғылым үшін болмаса да қызық үшін салыстырып көруге болады. Біз соған бел будық.

Әлкіссаны, Абайдың құрдасы, бірақ бір-бірінен хабарсыз, тек заманы ортақ, туған, өлген уақыттары қарайлас еуропалық жаңа ойлау жүйесінің тұтқасы Фридрих Ницшеден (1844-19000) бастайық.

Мұқым адамзаттың ақыл-ой қыртысын бір төнкеріп тастаған бұл екі данышпанның ойын өзектестіріп тұрган ең бастысы — заман.

Екеуі де сол дәүірге дейінгі ісі адамзаттың даму тарихы мен ақыл-ойының даму тарихын кеменгерлікпен білді. Еуропаның ілімін емген Фридрих толысқан шағында Шығыска қараса. Шығыстың даналығын қанына сіңірген Абай енді “Шығысын Батысқа қаратты”.

Яғни, екі дана шамамен бір сәтте, мұмкін, бір жылда бір-біріне бет бүрді. Екеуінің дүниеауылқ ой алмасуы 1880 жылдары басталды. Мұны әулиелік дейміз бе, даналық дейміз бе, кездейсоктық дейміз бе, оған сөуегейлік жасамаймыз. Бірақ та жұмыр жердің екі түкпіріндегі екі данышпанның ой шарпсысуы орайлас келді.

Фридрих — 1844, Абай — 1845 жылы өмір есігін ашты. Абай 34 жасында ғана өзінің бойындағы ақындық қасиетін өзі мойындалады. Шабыттың желігінде жүрді де, 1885 жылы: “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” — деп бірден “ұлы сияға” қаламын малып, 1886 жылы: “Картайдық, кайғы ойладық, үйқы сергек” деп күніреніп, өзінің “журегіне үңілді”.

Фридрих Ницше де 39 жасында “тарихта аса қарама-қайшылыққа толы орны бар... парсыға” (Заратустрага — Т.Ж.) назар аударды. Іштей дайындығы қүшті Фридрих 1883 жылы аклан айында он күннің ішінде “Заратустра осылай деген” атпен 25 баптан тұратын философиялық толғауын жазып таstadtы. Маусым айында тасқа басылды. Кітаптың ыстық-сұғыбы басылмай, шілде айында екінші бөлімін жазып,

тамызда тамам жұртты тамсандыртты. Ойын сұытпай үшіншісін қолға алды да 1884 жылы қантарда тізгінің қайырып, наурызда сүйінші данасын алды. Әрқайсысы жеке-жеке тәмсілге құрылған төртінші бөлімді төрт айда бітірген Фридрих кітабын шығарудан бас тартқан баспагерлерге ерекесіп, қолжазбасын 40 дана етіп көшіртіп тек қана ет жақындарына таратып берді. Таратып берді де адамзаттың ой қаптарын бір төңкөріп тастаган Фридрих Ницше бол шыға келді.

Бұл үш жыл Абайдың тауып айтқанында, Фридрих Ницшенің “ой өлкесінің ғұлденген” тұсы еді.

Қалай жазып бітірді. солай дананың жүргегіне “уайым түсті”, ол көпті түйсінген, сананың сабылысын түсік пен жалғанға бет бүрғызыған, “дәмін, бағасын — бәрінің де баянсызын біліп, жеткен, ойлы адам” ретінде дүниеден торыға бастады. Қарындасты Элизабет Ферстер-Ницшенің байқауынша:

“Ол сол уақытта сондай тұңғық тартып, жалғыз қаллы және сондай түсініп болмайтын құсалы күй кешіпті”. Сонда, Абайдың:

“Ойлы адамға дүниеде түк қызық жок, қебінің сырты бүтін, іші тұтін”. — дегені өзінің құрдасы Фридрихтың құсалы күйіне дәл келіп тұрған жок па!

“Уайымсыздықтың өзі де қасірет” — деген Абай, уайыммен “ой өлкесі ғұлденген” адамның қасіретін ол “жалығу” деген үғымға сыйғызады. Бірақ “уайымсыз” бен “уайымдының” қасіретінің арасында жер мен қоқтей парық бар. “Мен үшін — елім қасірет, ал сен еліңнің қасіретің!” — деп ақымақ грекке акылды Анақарыстың жауап бергеніндей, “уайымсыз адам” — елдің қасіреті, “уайымдының қасіреті” — өз қасіреті.

Бұл ойға Ницше де, Абай да тұра қырық бір жасында келіпті. “Заратустраның” алғашқы үш бөлімін шабытпен жазған тұсында Ницшеге саналы ақыл жол қөрсетіп, қолтығынан демеп аспанға шығарды. Қанат бітірді. Төртінші бөлімнің соңында “ащуы — ашынған уға, ойы — кермекке” айналды.

Абайдың Абай болуына жол ашқан, яғни Абайдың өзін ақынмын деп сезіндіріп, Ницшені Заратустра қалай ойға батырса, Абайға да сондай “сап, сап көнілім, сап көңілім!” — деп тәубеге келтірген өлеңі — “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” — деп аталады. Тұра 40 жасында Абайдың да “ой өлкесі ғұлденіпті”!

Ал айтыңызы, осы әулиелік пе, тағдырдың жазмышы ма, кездейсоқтық па? Қайдам. Ницше “Заратустраның” алғашқы бөлімін жазған тұсында Абай:

*Сан, сан, көнілім, сан көнілім,  
Сана қылма бекерге!  
Сана қылғанмен пайда жок.  
Дүниес даяр етерге,  
Ажал даяр жетерге! —*

деп өзін-өзі жұбатып, өзін-өзі сабырға шақырып, ажал деген сөзді тұнғыш рет аузына алмап па еди.

Арасында “Қансонарда”, “Қактаған ак күмістей кен мәндайлы” деп екі өлең жазса да соның өзінен де “уайымның” салқыны есіп тұрды емес пе?

Мұхтар Әуезовтың ұлылығы сонда, ақынның — Абайдың жүргегіндегі осы бір толғаулы сәтті дәл басқан. Абай өзінің мұнды қөнілін жұбату үшін, уайымды сергіту үшін аңға шықпаушы ма еді? “Ойлы адамды алдарқататын” қызық — аңшылық емес еді. Тоғжанның қасіретін жан қасіретіне ұластырып барып Абайдың бетін жалғанның жалғандығына қарай бұрады ғой.

Абайдың “ой өлкесінің гүлденуі” дәл осы 40 жаста жазған “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” — деген өлеңінен басталады. Мұндағы Абай — алдыңғы Абайға ұқсамаиды. Ол өзінің қасіретіне жол ашқанын осы өлең арқылы өзі де біледі және өзгеге де білдіреді.

Өлеңді түгел оқып қаранызышы, сонда мұны толық сезінесіз. Мұндағы уайым — Абайдың өз уайымы. Уайым Абайдың ішіне түсken. Бірақ толық торығу емес, ойсоқты бол жүрген кезі. Бірақ таза ой емес, кермек тати бастаған ой. Абайдың қөніл толқынына зер салыңызышы:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді ұсыныма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл маҳрум қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?  
Адамның бір қызығы — бала деген,  
Баланы оқытууды жек көрmedім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.  
Өзім де басқа шауып, төске өрлемедім,  
Қазақта қара сөзге дес бермедім.  
Еңбегінді білерлік еш адам жок,  
Түбіндө тыныш жүргенді теріс көрmedім, —*

дейді қырық жастағы Абай.

Дәл осы өлең — ақын, ойшыл Абайдың тағдыр талайын анықтаған өлең. Біз үшін жұмбак Абай туралы осы өлеңнен тамыр тартады.

Мына дүниенің тартысынан, “етекбастылығынан” бас тартып, бетін танымға — мәнгілікке бұрады. Өзінің жүргегіне үңіледі. Ақыл-ойы кемелденіп, “казакта қара сөзге дес бермей жүрген” дер шағы.

Демек, Ницшеңін “Заратустраны” қолына алған жасы.

Ал осы өлеңде білім мен болмыстың арасындағы таным таршылығын — рухани азықтың аздығын сезіне бастаған. “Заратустрадағы” айтылатын ғылым, өкініш, таным, талап, бала болмысы, данқ, дәреже, түнілу іспетті ұғымдар әр жолдың ішінде нысаланып тұр. Енді тек осыны тарату ғана қалды.

Пәни мен бақидың арасындағы мәселені Ницше бір еңбегі арқылы сарқып айтса, Абай мұны өзінің өмірлік таным өзегіне айналдырды.

“Заратустраны” тамамдаған соң Ницше терең торығуға түсіп, Элизабеттің байқауынша: “Кітаптың осы бөлімін (төртінші — Т.Ж.) өзінің ең бір терендегі жан құпиясы сияқты жасырып бақты, оны алған адам өте құпия сақтайтыны туралы ант берді”. Абай да күрт торығудың торына ілініп, қырық бір жасында:

*Картайдық, кайғы ойладық, үйқы сергек,  
Ашуың — ашиған у, ойың — кермек.  
Мундасарға кісі жок сөзді үгарлық.  
Кім көнілді көтеріп, болады ермек?  
Жас картаймак, жек тумак, туған өлмек,  
Тағдыр жек откен өмір қайта келмек  
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,  
Бір құдайлдан басқаның бәрі өзгермек, —*

деп күніреніп шыға келді.

Қандай тез есейген!

Әрине, осы жылы дүниеден қайтқан әкесі Құнанбайдың өлімі Абайға оңай соқпаған. Үнемі кеменгер әкенің кемелдігін сезініп өскен Абайға жалғызырап қалу да жүргегін шаншыған. Бірақ түнілу қайдан келді? Сол жылғы арыздар мен абақтыға қамалу да әсер етті.

Бұл — жан ашуы.

Ал мына өлеңде — “ашуым — ашиған у, ойым — кермек” татыды деп тұр ғой. Демек, “ої өлкесі гүлденген” Абай сананың шегіне жетіп, енді түйсіктің ііріміне түскені байқалады. Ницше де әуелде “Заратустраның” аузына пәннілік ойларды салады ғой. Абай да сол тіршіліктің тартысынан ой суыртпақтап:

*Наданға арам — ақылды құлакқа ілмек,  
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.*

*Рас сөздіп кім білер қасиетін,  
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек, —*

деп растыкты іздеуге бет бүрады.

Рас деген ұғым Абайдың осы өлеңінен бастап пәлсафалық категорияға ие бола бастайды. Бара-бара оның сыры ашылып, толық ұғым дәрежесіне көтеріледі. Әрбір қайталанған сайын жаңа бір мағынаға ие болып, ең сонында Ницшенің тұжырымымен сабактасып барып тиянақ табады.

Ницшенің “Эссо һомо” атты автобиографиялық жазбасында неліктен Заратустранның таңдал алғаны туралы пікірлері Абайдың “Бірінші қара сөзімен” астасып жатады. “Заратустра осылай деген” еңбегі 40 дана етіліп көшіріліп, ерекше құпиялықпен жеті-ақ адамға үлестірілсе, Абайдың өлеңдерін ауыл молдалары көшіріп алып, оны өз беттерінше емін-еркін таратқан. Абай шығармаларын ресми түрде баспаға ұсынбаған. Өзінің жансыры іспетті сақтап, жүртқа жаймаған.

Таным терендей бастағанын сезінген Ницше: “Бог умер — мен үшін құдай өлді!” — дейді. Бұл біздің қазіргі түсініп жүргеніміздегідей діни құдай емес, табиғаттың құпиясын аштым, болмысты таныдым, түйсікпен жалғанның кілтін таптым, өз әлемінді көрдім деген мағынаны білдіреді.

Абай мұны Ницше сияқты ұғымды Заратустранның аузына салмайды, керісінше, аспанға шарықтаған қанатты қиялды тіршілікпен астастырып, Фридрих сияқты ұғымды жалпылама жайып жібермей, жалқы ұғымға — шындыққа жақындастып:

*Ел бұзылса табады шайтан орнек,  
Періште томеншіктеп, қайғы жемек  
Өзімін үттігімнен болды демей,  
Женді гой деп шайтанға болар көмек, —*

дейді.

Санамен сараласаңыз, “құдай өлді!” дегенмен “шайтанға көмекші” болудың мағынасы бір.

Шайтанның азғыруына ерген пенде құдай жолын тәрк еткен, иман тілемейтін, азған адам. Ол үшін шындық та, ақиқат та, демек растық та жок. Құдайсыздың нақ өзі. Яғни періштені — шындықты корлаған қасқунеч, азғырынды пері. Шайтанның тұрағы — жаһаннам да, періштенің тұрағы — жаннат.

Заратустра — Ницше үшін өз ойын жеткізуші. Ницше мұны:

*“Менің аузыммен, алғашқы құдайсыздың аузымен айтылған Заратустранның толғауын неге мен ғана айттым,*

**мұның себебін ешкім сұраган жок, ал бұл сауалды міндетті түрде қоюлары керек еді**” — деген сөзімен анғартады.

Абай алдына ешкімді қалқан ғып ұстамайды. Мәселені ашық қояды. Ницше Заратустраның атын пайдаланып, “мен — құдаймын!” — деп сезіне бастайды. Абай адам ретінде кәдімгі қүйкі тірліктің құбылыстарын тұжырымдау арқылы түйсінеді. Ол бұл ойын:

Сырттансынбак, қусынбак, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап болек-болек  
Арамдықпен бар ма екен жаңнан аспак,  
Озимен-өзи бір күн болмай ма өлең? —

деп түсіндіреді...

Бұл пікірін “Бірінші қара сөзінде”:

“Софылық қылыш, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көзілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық?” — деп дамытады.

Оның себебін:

“Мұндастып шер тарқатар кісі болмаған соң, тылым(ның) өзи — бір тез қартайтатуын қүйік” — деп пайымдайды.

Абай өзінің жаңын кинаудан жасқанбайды, растықты тапқанына көзін жеткізетін Ницше сияқты хакімнің жоқтығына өкінеді. Ницше өзінің толғауының надандарға, түсінігі төмендерге жетпейтінін біліп, қолжазбасының бетіне:

“Қалың көпшілік емес, тек қана өзімнің достарым ғана оқысын” — деп белгі соғады.

Алғашындағы “Көпшілікке арналған және ешкімге бағышталмаған кітап” деген ескертпесіне құдік келтіреді. Демек, өзінің ақыл-оыйның тұжырымын сөзсіз мойындауды талап етпейді. Бірақ асқақ леппен баяндалған ой ағымынан бас та тартпайды.

Абай да өзінің түйсігімен жеткен санасындағы түсініктерді растыққа кепіл ретінде ұсынады. Таразыны танымға қалдырады, салмақты санага салады. Ол:

“Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімдекім ішінен керекті сөз тапса — жазып алсын, иә оқысын, керегі жоқ десе: “Оз сөзім өзімдікі” — дедім де, ақыры осыған (бел) байладым” — дейді.

Екі данышпанның ойын баяндау тәсілі өр түрлі болғанымен, ойының өзегі өрімдес, негізгі мақсаты біреу.

Ницше — Заратустраның аузымен сөйлейді, Абай өз пікірін өз атынан айтады. Біреуі асқақ леппен өзін Жаратушыға балап толғанады, екіншісі тіршіліктің

етекбасты пендесі ретінде ақындық көніл құймен, өмірден көргенін дәйекке келтіре отырып ой қозгайтын сана иесі ретінде пікір ұсынады.

Екеуі де данышпан. Түйсіндері мен түйсіктері үнемі тоғысып отырады. Бұл тоғысу — санамен ойлан жеткен тұжырым. Тәжірибе әр түрлі тәсілмен жүзеге асса да, нәтиже біреу.

Бір қызық тосын жайт, осы еңбекке қатысты үш тұлғаның да — Ницшеңің де, Абайдың да, Заратустраның да (Ол отыз жасында тау ішіндегі үнгірге кіріп алып, он жылдан кейін, қырық жасқа толғанда таудан туседі) “ой өлкесінің гүлденуі” бір мезгілде, 40 жасқа тап келеді. Үшеуі де қырық жасында ой әлеміне терендей беріліп, уағыз, пәлсафа, толғау, өлең, қара сөз жазады. Нициш.

“Заратустра отыз жасқа толғанда елін, айдын көлін тастан, тауга шығып кетті. Ол осы арада өзінің рухымен сырласып, жападан-жалғыз емін-еркін ойланып, он жыл бойы осы бір бақыттың көусарын ішті. Бірақ та оның жүрегі кенеттен лупілге толып, бір күні таң арайлан атып келе жатқан шақта орнынан түрді да Қүнге карсы қарап тұрып оған быттай деп тіл қатты” — деп анықтама береді.

Мұндағы “жүректің лупіл қағуы”, “жүректің түрленуі” Абайдың “сап. сап, көnlім, сап, көnlімімен”, “ой өлкесінің гүлденуімен” сай келеді.

Ақылы нұрланған Заратустра өзінің биіктегі тұрып, Құнмен сөйлескен растықтың бейнесінде елестетеді. Әрине, мұнда Фридрихтың да серпілген ойлы шабытының рухы сезіледі. Абай да 40 жасында “ойға түсіп, толғанады”. Ол өзінің бұл “гүлденуін”:

*Осы жасқа кеігенше,  
Оршелепті елгениші,  
Таба алмадық бір адам,  
Біздің сөзге ергеніді  
Өмірдің өріш тауысын,  
Білімсізбен алысын,  
Шықтық, миңе, белгे енді  
Енді аяңда, жығылма,  
Сыймас жереге тығылма  
Қой бұрынғы жеселгенді,  
Қайғы шығып ишкка,  
Қамалтпасын түйүкка,  
Серег, көnlім, сергі енді. —*

деп өлеңмен жырлайды.

Салыстырыңызшы: Нициш де өзіне тоқтау айтып, жүрегін жұбатады.

Заратустра айналасынан қолдау таппай тауда үнгірге тығылды. Бұырқанған ойымен алысып, он жыл толғанады. Абайдың да “өмірдің өрін тауысып, шықтық, міне. өрге енді” — дегені сол емес пе.

Ницше де, Заратустра да, Абай да акыры бір шешімге келіп, “сыймас жерге тығылмай”, “иыққа шыққан қайғыны серпіп тастап”, “қамалған түйіктан шығып”, көнілін шабытпен шамырқандырады. Екі даныштан да танымның жаңа сәулесінің үшінан ұстап, “иықты басқан қайғыдан” сергіп, жалғанның жарығына үмтүлады, жалғаннан мағына іздейді. Ницше Заратустра арқыты:

“О, ұлы шырак! Жалғанның жарығына жүргегінің саусағын жайған жандар болмаса, сенің бақытың ашылар ма еді? Он жыл бойы менің үнгіріме сәулеңді түсірдің: егерде сәулеңді сіңірген мен болмасам, менің қырандарым мен жыландарым болмаса, сен өз сәулеңе өзің түншығын, тұтылар едің. Бірақ та біз әрбір таңды асыға күттік, сенің жарығыңа шомылып, тілеуінді тіледік. Енді, міне, қараша! Омартастыңың ернеуінен асырып бал жинаған ара сияқты, менің де ақыл-оіым гүлденіп, шарамнан асып тұр: сондықтан да менің уағызымыды тыңдайтын аялы алақанға зәрумін. Иықтан басқан қайғысына түншыққан даналардың данасы дүниеге келгенше, ол мына жалғанның жалғандығын әшкереlegенше, кедейлер өзінің байлықтарына құньяққанша — мен оларды жарылқап, сыйыма тойдырысам деймін. Сондықтан да мен ойға түсіп, о, шырақтардың шырағы, күн сайын кешке қараңғылықтың теңізіне батып, төменгі дүниеген жарық сыйлаған сен сияқты, менің де ойға түскім келеді” — деп жалғанға жар салады.

Ақылдан тыс растықтың — Заратустраның атынан аян беріп отырған Ницшенің “төменгі дүниесі” — кәдімгі етекбасты өмір. Құннің сөуесі сияқты адамдардың санасына санылау түсіріп, олардың үйқылы-ояу түйсігін ояткысы, пасық ойлардан тазартқысы келді.

Ницшенің кейіпкері аспаннан жерге қарай шүйлсө, Абайдың “мені” жерден аспанға қарай самғайды.

Ницше өзін Тәнір дәрежесінде ұстап, асқақ тіл қатады. Ал Абай етектен жоғары өрлейді.

Ницше кіршіксіз, таза, жарық әлемнен — қараңғы, ойын да, өмірін де кір шалған, жиіркенішті “төменгі дүниеге” қарай бет алады. Керісінше, Абай “етекбасты”, “соктықпалы, соқпақсыз” өмірдің “иықтан басқан қайғысын” сыбырып тастап, тіршіліктің “кейісінен”, қоқысынан арылып:

*Балапан күстай онданып,  
Қанатыңды қомданып,  
Үш, көңілім, көкке, кергі енді.  
Көнілде қайғы, қалың зар,  
Айтатұғын сөзім бар,  
Өрбі, көңілім, өрбі енді.  
Іште қайғы, дерт қысып,  
Көкіректі өрт қысып,  
Айтуға көңілім тебіренді, —*

деп “кейістен” — еркіндікке, жерден — гарышқа, гарыштан — ғаламға, ғаламнан — растыққа, растықтан — Аллаға қарай қанат қағады.

Олар бір-біріне қарама-қарсы жүрген. Сейтіп барып бетпе-бет келіп тұр.

Бағыттары қарама-қарсы. Мақсаттары біреу. Таным жолы ортақ. Сана мен түйсіктерінің тоғысатын ендіктері мен бойлықтары да тұспа тұс. Екеуі де түйінді тұжырымға — растыққа санамен жеткен.

Тәнірі текті Заратустра өзін-өзі мырзақамаққа салып, он жыл бойы ғаламды бағып жатады.

Қарындасты Элизабеттің айтуына қарағанда, Ницше де өзін-өзі жалғыздықтың жазасына бүйірған. Тұнғиық күй кешіп, ойдың тереңіне батқан. Өзі жазған “төменгі дүниенің” ит тіршілігінің “кейісіне” тап болған.

Абай үшін бұл өз басынан кешкен, кәдімгі өмір тартысы еді. Қырық жасында “бағусыз елді күзетіп”, “алысып, жұлдызып, айттысып, тартысып, әурешілікті көре-көре” осы қүнге жетіп еді.

Арыз, жала, мырзақамақ, тергеу легендерініз ол үшін шындық, өмір шындығы болатын. Сондықтан, “Көнілінде қайғы, қалың зар”, “көкірегін өрт қысып, көнілін дерт қысып” түрғандықтан да “айтатұғын сөзі бар еді”. Оның:

*Озгеге қоңылм тоярысын,  
Өленді қайтіп қоярысын?  
Оны айтқанда толғанын,  
Іштегі дерпті жоярысын.  
Сайра да зарла қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын  
Жыласын көзден жас аксын,  
Омырауым боялсын.  
Қара басқан қанғыған,  
Қас надан нені үға алсын?  
Көкірегінде оты бар,  
Құлағын ойлы ер салсын.  
Тыңдамаса еш адам,  
Өз жүргегім оянсын.  
Әр сөзине қарасын,  
Іштегі дертім козғалсын, —*

деген өлеңі Заратустраның кіріспе толғауымен астасып жатыр.

Абай бойындағы уыттан арылып, іштегі дерпті жуу үшін санасын сабылдырады. Қарайған қоңілін ағартқысы, қамалған түйектан жарыққа шыққысы, “кекірегінде оты бар” “бір естімен” сырласқысы келеді. Ақылға ұмтылады.

Ал Тәңірі текті Заратустра тазарған жанын дүние кіріне батырып, Құнгे қаратады:

“Тура сен сияқты, менің де қара түнекке батқым келеді, мен сапар шегетін адамдар мұны осылай деп суреттейді. О, аяулы күн жанары, еш қызығанышсыз жанарыңмен жанды жылытқан және ұлы бақыт иесі, тілеуімді тілеші! Сенің шарапатты шанағатыңды шартарапқа шашатын, құт тамшыларын тәгетін тостағанның тілеуін тілеші! Қарашиб! Бұл тостаған тағы да тамшысыз қалуга әзір тұр, ал Заратустраның тағы да адам болғысы келеді”, — деп жар салады.

“Заратустраның зауал кеші осылай басталды”.

Байқасаңыз, Ницше — Тәңіріден пендешілікке бет алып барады да, Абай пендешіліктен Тәңіріге қарай сапар шегеді. Өйткені ол өзінің сезін өзгеге таратып, ақыл боліскісі келеді де:

Әуелесін қалқысын,  
От жасалын бол шалқысын.  
Жылай, жылай олғенде,  
Арттағыға соғ қасын.  
Мендей гарін кез болса,  
Мойнын салсын, ойлансын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын.  
Не пайда бар — мың надан  
Сыртын естіп таңдансын  
Онаң-дағы бір ести,  
Ішкі сыртын ағтарсын, —

дейді.

Ал Ницшенің “ой өлкесі гүлденген” кейіпкері даналықтан қашады. Алдынан кесе-көлдененде шыға келген дана қария Заратустраны тоқтатып, оны бетінен қайырғысы келіп:

“Сен бір кезде таута күл тасып едің, енді жан отыңды жа-зыққа жағу үшін әкетіп барамысың? Қастанышқағырлардың қарғысынан қорықпаймысың, шынымен? Иә, Заратустраны білемін. Оның жанары таза, иман жүзді. Тал шыбықтай бұральш келе жатқандығы да сондықтан шығар. Заратустра өзгеріп, пәк сәбиге айналды, үйқыдан жаңа оянды. Ал үйқысынан оянбағандардан сен не күтесің? Жалғаннан

жалғыздық көріп, тұнғиық тенізге баттың, сол тұнғиық қой сені сенделткен. Әттең десеңі! Сенің тағы да жағаға шыққың келе ме? Тағы да шірік тәнінді сүйретіп сүмелекке айналғың келе ме?” — дейді кеменгөр карт.

Дана дегдар мына жалғанның — жалған екенін, тәркі дүние екенін, “ойлы адамға қызық жоқ екенін”, пендешіліктін батпағының жылымға тартып әкететінін, жан дүниенде кір шалатынын, ақыры мәңгілікке күй кешіп, тіршіліктен түнілетінін ескертіп тұр.

Ницше жан сарайы таза адамның өзегін өртеп, қөнілін кірлетіп, азап шектіріп, рух отын өшіріп, тәнін құлге айналдырып барып өзінің тұжырымын ұсынады.

Абай болса мұның бәрін бастан кешкен:

“... Әурешілікті көре-көре жер ортасы жасқа келді: қажыды, жалықты. Қылыш жүрген ісінің баянсызын, байлаусызын көрді, бәрі қоршылық екенін білді. Ал енді қалған өмірін қайтіп, не қылыш өткізеді? Соны таба алмай өзі де қайран болып” — жүр еді.

Қос данышпан тура осы арада тағы да ой тоғыстырып тұр.

Адам атаулының әйтеуір бір тұрленіп барып түнілетіні анық деген емеурін танытады.

Әлі дүниенің “етекbastылығын” басынан кешпеген Заратустра жолына тосқауыл қоймақ болған, жалғаннан жалықкан картқа:

“Мен адамды сүйемін!” — дейді.

Істық табы басылмаған таза танымның көрінісі. Бұл пікір Абайда да бар.

Ол: “Атанды баласы болма, адамның баласы бол” — дейді.

Екі ғұламаның ішкі инсаны тағы да тоғысады және бұл тоғысу олардың бүкіл шығармаларының рухани желісіне тартады. Барлық ақыл-ой нысанасы осы адамгершілік, адамды сую, ізгілік мәселесіне жұмсалады.

Қос ғұламаның негізгі ақыл мәйегінің үйытқысы — адамгершілік екен. Ал максаты не? Заратустра тәні де, жаны да таза тәнір тұлғасын неге тәргіге салады? Осы сауалды қойған карияға Заратустра:

“Мен осы мейірім-қайырым туралы нәрсе айттым ба? Ендеше мен адамдарға қасиетті қайырымдылық апара жатырмын” — дейді.

Демек, Заратустра мына дүниеге жақсылық әкелмек, сол арқылы олардың мейірім шапағатын оятып. Сол ізгілік дәнін адамдардың жүргегіне сеппек. Сол үшін өзінің тәнірлік сыпатын тәрк етіп, пенделікке түсіп отыр. Абайдың:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жок-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр үкпас, талапты үзар,  
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін, —*

дегендегі айтпағы Заратустраның мақсатымен астасып жатыр.

Мейірім-қайырым, шапағат-шафхат, жақсылық пен қайырымдылық өз-өзінен рухқа себілмейді. Сөз арқылы жанға сінеді ғой. “Заратустраның” барлық баптары сол “үлгі сөзден” құралған. Кітаптың алғы бетіндегі: “Баршага арналған және ешкімге бағышталмаған кітап” — деген ескертпесінің өзі-ақ соны танытады. Заратустраның адамдарға әкеле жатқаны да сол сөз емес пе.

Ойды жеткізуғе тағы бір сабактастықтың тамыры байқалады. Ол — әрбір үғымды, сөзді, пікірді өз орнында қолдану.

Ницше де орынсыз ашылмайды.

Сырттай қарағанда шалқып, шабыттанып, ғаламды құшағына толық сыйғызынан көрінгенімен, тұжырымын түйсікке қапысыз сіңіру үшін ойын үстемелетіп дамытпай, дер кезінде тұсау сала қояды. Кеменгер карт тақымдал, алқымынан алып қоймай қойған кезде Ницше — Заратустраға ішкі сырын толық ашқызбай, оның аузына:

**“Мен саған не бере аламын? Оданды мен өзінен бір нәрсені тартып алмай тұрғанда, менің осы арадан кетуіме мұрсат бер”** — деген сөзді салады.

Бұл арада Ницше кеменгер мен кеменгердің пікір таластыруына ілік таба алмай тұрған жоқ. Сөз жаңа басталды. Сол сөз санаға сіңсін деп үзіліс жасап, тыныс алдырады. Нағыз талайлы толғау алда. Мұның өзі қаламгерлік тәсіл, кәдімгі шеберлік. Абай да, мысалы, “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” — деп күніреніп, дүниені асты-үстінен төңкеріп толғап келіп:

*Олең шіркін, өсекші, жүртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын, айта бермей, —*

деп жарыла жаздал барып, кілт қайыра салады.

“Ашуың — ашыған у, ойың — кермек” боп тұрғанда тұздықты үстемелетіп күя беру де санаға салмақ, қиялға қиянат. Демек, Ницше мен Абай ойын қалай жеткізуді, қай үақытта тыныс алдыруды, қай тұста бастырмалата баяндауды жақсы менгерген. Сөз қалірі мен ой қалірін білген. Өздерінің бойындағы күш пен шабытты іркіп отырған.

Бұл олардың жалған шабыттың, женіл ой ағымының еркінен ілесіп кетпей, әр сөзін ақылмен таразылап барып қағазға түсіргенін, олардың пайым байсалдылығын, ойға сабырлығын танытады. Абай мұны “Қырық үшінші қара сөзінде”:

“... Шітегі жан қуатымен жинаған нәрсенің аты — ақыл, тылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң — айырытасың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса — жарамайды. Өлшеуін білмек — бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болыш та кеткені де болады... Өлшеуінен асырса боғы шығады” — деп түсіндіреді.

Абайдың бұл айтып отырганы — қанағат емес. Ол мұлдем басқа сатыдағы ұтым. “Өлшеуін білмек” дегеннің астарында сөз шеберлігі де бар. Сөзді сабырмен саралаған Ницшенің түпкі мақсаты:

*.. Адамнан жоғары адам тәрбиелеу*

Абайдың да рухани мақсаты сол. Қара сөздерінде де, өлеңдерінде де сол рухани қуатты “ескеріп, .... үлкейтіп, үлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады”, яғни дамыта түседі. Өлеңінде айтқан пікірін “Қара сөздерінде”, “Қара сөздерінде” қозғаған ойын өлеңінде тағы да қайталап, мағынасын тереңдете береді. Ол Ницшенің “Адамнан жоғары адам” деген ұғымын “толық адам” деп алады.

Сол “толық адамның” сыппаттарын таным арқылы тарқатады. Соның бір белгісін:

Әуелде бір сұyk мұз — ақыл зерек,  
Жыlyткан тұла бойды ыстық жүрек  
Токтаулызық, талапты, шыдамдылық,  
Бұл — қайраттан шығады білсөн керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден болек, —

деп анықтайды.

Ақылдың да, қайраттың да, жүректің де сан қылышасиеттері бар. Оны Ницше де, Абай да тиянақтап түріп түсіндіріп береді. Ол туралы әнгіме басқа, бұл арадағы анғартарымыз — екеуінің де түпкі нысаналы нәтижесі — толық адам тәрбиелеу.

Шығармаларының ішкі рухы мен қуатына зер салсаңыз, қос данышпаннның бойынан ессіз жастықтың, асау мінездің, тентек кимылдың шалығы есіп тұрады. Кейде ақылдарын жан буырқанысы женіл кететініндей сезіліп барып, қайтадан сабасына түседі.

“Ақыл — сүйк мұз”. Осыны екеуі де байқап қалып, арда мінездерін ансан:

“Сіздің тіліңді қаритын наизағайлы жасын қайда? Сендерді естен тандыратын ессіздік қайда?” — деп Ницше күйінсе, Абай:

*Жастықтың оты қайдасын,  
Жүректі түртпін козғамай?  
... Адамның тауып айласын,  
Кісілкті ойламай.  
Қаруын көніл сайласын,  
Қолға от түспей бойламай.  
Махаббат, қызық кім көрер,  
Онын да дәмін таптаса?  
Біржола басты кім берер,  
Жанына қайғы батпаса, —*

деп “жастық, ессіз қуатты” сөз арасына косады.

Демек екі кеменгер өү баста өміріне өш бол тумаған, өмірге жиіркенішпен келмеген. “Ішпек, жемек, кимек, құлмек, көніл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап ізdemек, айлалы болмақ, алданбастьқ — (іспетті) — бұл нәрселердін бәрін де өлшемімен” көрген. Соңдықтан да олардың тіршілік туралы толғаулары шындықтың камырына иленген.

“Толық адам” — тобырдан шықпайды. Екі ғұламаның да көнілі құлайтын адам — тұлға болуға тиісті. Демек, олардың зерттеуі тобырға емес, тұлғаға арналған және сол тұлғаны негіз еткен. Тобырдың ішінен тұлғаны тұлету — екеуінің де көздеген мұраты. Мұны Ницше адамнан жоғары адам тәрбиелеймін дегенді айтқызып барып, сәл тыныс алдырған соң:

“Осы сөзді айта салысымен Заратустра тағы да тобырға каралы да ішінен тына қалды. “Міне, мыналар гой қарап тұрып ыржың қағады, — деді өзінін жүрегімен тілдесіп, — бұлар менің сөзімді үқпайды: менің сөзім олардың құлағына да кірмейді. Тым құрыса, көзін жеткізу үшін оларды құлағынан айыру қажет пе? Әлде бақсы құсап данғыра қағу керек пе, жоқ, жалбарыну үағызын айтқан такуага үқсап орынсыз айқайлау қажет пе?” — деп налиды.

Дәл осы сөзді Абайдан табуға болатынын, мұның “Көнілсіз құлақ — ойға олақ” — дегенімен астасып жатқанын түсіну үшін пәлендей білім дәрежесін талап етпей-ақ қоюға болады.

*Орынсыз ыржан,  
Болымсыз қылжан,  
Бола ма дәүлет, несіп бұз! —*

дегені тағы бар.

Ол аз десеніз, Заратустра тобырдың алдында тұрып сойлегенде:

“Бізге толық адам емес, соракы адам керек, Соны көрсет!” — деп айғай-шуга басады. Сонда оның тобырга назаланып: “Олар мені түсінбейді, менің сөзім бұлардың қулағына тұрпідей тиеді... Бәрі мені мазақ етіп күліп тұр, күлін тұрып іштен мені жек көріп тұр. Күлкісі — күлкі емес, кекесін” — деген наласы Абайдың:

*Өздерің де ойландар,  
Неше тұрлы жан барсың  
Ғылым да жок, ми да жок,  
Даладағы андарсың  
Жүргегімен тыңдамай,  
Қулағынмен қармартың  
Соны көріп соларға,  
Қайтп қана сарнарсың? —*

деген өлең жолдарының тұра мағынасын беріп тұрған жок па.

Бұл қазақтың: “Ақыл ауыс” деген қанатты сөзінің растығын дәлелдейді.

Ницше де, Абай да “Наданның сүйегені — көп пен дүрмек” — деген нысананы ұсынады және соны өздері де мықтап үстанады. Ойдың қазығы — кесірлі тобыр. Өйткені олар акылды жүргегімен емес, қулағымен тыңдайды. Ал саналының бойындағы ең үлкен қасиетсіздік осы.

Бұларды осыншама мardымсытып, манғазынғансытып тұрған не? Ницше оны кекесінмен:

“Осылардың кеудесін кергізетін бір желік бар. Олар өздерінің сол мақтанышын қалай айтатынын білесіздер ме? Олардың айтуынша, өздерін жалшыдан ерекше етіп көрсететін нәрсенің аты — “мәдениет” еken. Сондыктан да олар “қасам” деген сөзді жек көреді еken. Ендеше, мен бұларды сол өздерінің жалған мақтанымен уағызға шақырамын”, — деп анықтама береді.

Тура осы “жалған мақтан” Абайдың “Жиырма бірінші сөзінде” бүте-шігесіне дейін талданады. Ол:

“Аз ба, коп пе, адам баласы бір тұрлі мақтанин аман болмағы — қын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын — үлкендік деп атایмын... Үлкендік — адам ішінен өзін-өзі бағалы (бағалап) есеп қылмақ... Жарамсыз қылыштардан сақтанип, сол мінезді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Ол өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем еken деп

азаптанады. Екінші (сі) — мақтаншақтық... Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі — жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол — надан, надан болса да адам. Екінші (сі) — өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі — өз үйіне келіп айтпаса, иә ауылнина ғана келіп айтпаса өзге көбі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол — наданның наданы һам өзі адам емес” — дейді.

Екі үзіндідегі “мәдениет” пен “мақтан” деп отырған ұфым бір ұфым. Адамның бойындағы жалғандық, жалған намыс, жалған жақсы атты көріну пифылы. Абайдың “ұлкен мақтаны” — тұлғалардың бойындағы мін. ал “мақтаншақтық” деп отырғаны — тобырдың, топтың, дүрмектің топастық психологиясы. Осыған ашынған Ницше:

“Бұлардың арасында бақташы жок, тек қана табын бар” — десе, Абай:

*Единица кеткен соң,  
Не болады өңешсөз ноль, —*

деп, “наданның наданы һам надан емес” — деп тұжырымдайды.

Міне, жекелеген ұфымдарға тоқталмағанның өзінде, Ницше мен Абайдың “ой өлкесі гүлденген” жастағы кезіндегі ой ағыстары осылай тоғысып жатады. Бұл “акылмен жеткен — шындық” (Абай). Осы жаста Ницше “Заратустра осылай деген” атақты пәлсафалық еңбегіне кіріссе, Абай тұра сол жылдары, әсіресе 1886 жылы өзінің атын шыгарған 22 өлеңін жазды.

Әрине, мұның бәрі тек сыртқы ұқсастықтар. Бірақ, қалай дегенмен де, даналардың арасында қандай да бір жалғанды жалғастырып тұратын қупия сана ағысы бар сиякты.

“Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла!” — деп Абай,  
“Қараңдаршы: мен — жасынның жай оғымын, қара бұлғтың тамшысымын мен, жасынның аты — Толық Адам!”  
— деп Ницше тегін айтпаған.

#### 14. “ATA-АНАҒА КӨЗ ҚУАНЫШ... ”

*(Абай және баланың еркін тәрбиесі)*

Жалған дүниедегі тірі пендениң жұбанышы не? Жалғыздық дегеніңіз қарғыспен тең қасірет. Оның бетін аулақ қылсын. Төрт құбыласы тең адамның да түбінде бір жантәсілім сөтке келіп, жаны алқымға тығылған қасым

шактағы үміті: бірінші — бакидың мәнгілігі мен рухынды өлтірмейтін Алла есімі де, екіншісі — сонында қалып бара жатқан мына пәни дүниедегі жұбаныш — нәресте. Бойындағы ыстық қанынды құйып, тамырынды ийтіп, өзің жан берген балаң. Өзегінің өртеніп тұратыны да сондықтан.

Мүмкін, мәнгілік өлмейтін рух дегеніміз сол шығар. Баладан немере тәтті дейді. Мұның құпиясы сәби көnlінің мүбәрәк тазалығында шығар.

Толысып, ержетіп, бойжетіп кеткен баладан гөрі нәрестенің мүмкіндігі мол. Ол — рухани жағынан да, жан дүние тұрғысынан да, сезім мен түйсік, түсінік пен түйсіну танымы жағынан да кіршіксіз пәк. Бала — армандағы елес, ертеңгі құннің бейнесі. Сондықтан да ең нәзік сезімнің сәүлелері нәрестенің жүргегімен жалғасып жатады. Абайдың:

*Ата-анаға көз қуаныш,  
Алдына алған еркесі.  
Көкірекінде көп жұбаныш,  
Гүлденіп ой өлкесі, —*

деп жырлауында сондай шуакты үмітпен жан жылдытыры жатыр.

Колқа жүргінді қоса үзіп беретін нәрестен үшін аянар мейірім-қайырым жок. Бірақ та дәл осындай мейірім танытқан Абай келесі жолда:

*Еркелік кемті,  
Ер жетті,  
Не бітті? —*

деп неге тіксіне қалады?

Әңгіме, Абайдың баланы қалай көруінде емес, оны қалай тәрбиелеу туралы пікірінде болып отыр.

Рас, Абай бұл өлеңді өзінің он алты жасында дүниеге келген тұнғыш ұлы Ақылбайға арнап шығарған. Өмір бойы Құнанбайдың бауырында өскен бала Абайды әке ретінде емес, ағасы қатарында санаған. Сондықтан да есейген кезінде де Абайдың сөзін жүре тыңдайтын болған. Оспан дүниеден қайтқан соң оның жесіріне әменгерлік етіп, иеленуді дәметкен. Аңғал да аңқау, жүрттің мінезіне сенгіш Ақылбайдың бұл мінезін бақталас ағайындары әkkilікпен пайдаланып, шешесінің орнына жүретін Еркежанға сөз салдырган.

Сонда Абай қатты ашуланып, Ақылбайды шақырып алды, жанын көзіне көрсете сілікпесін шығарыпты. Ағаттығы үшін қатты қысылған Ақылбай осы өлеңді естігендеге ішінен тынып:

*Бір жасаман мен бе? —  
Дедін бе,  
Көңгіліндегі? —*

деген жолды өз ойынан қосыпты деседі.

Әрине, бұл Абайдың өлеңдерінің шығу тарихы туралы аңыздардың бірі. Мүмкін. Ақылбайдың мұнан басқа, Оспанның өлімінен бұрынғы бір мінездеріне қаратыла айтылған шығар. Бірақ естіген құлакта, жазған қолда, жеткізген сөзде жазық жоқ. Әйтпесе, Ақылбай Абайдың балаларының ішіндегі ең талантты, рухани жан дүниесін бай, өлеңге де, өнерге де бейімі күшті, адап жан болған.

Тек оның аңғалдығын ағайын-жұрты үнемі әкесіне қарсы пайдаланып, орынсыз жерде сөз айтқызып, Абайдың шешіміне қарсы пікір білдіртіп, арандатып отырған. Соны кейін түсінген Ақылбай ешқандай биліктің әрекетіне қатыспаған. Өзімен-өзі боп, оңаша тірлік кешкен. Еріншектігі, болбырлығы, аңғалдығы болмаса адам ретінде бетіне тірі жан қарсы келмеген сүйкімі күшті азамат болыпты.

Жә, әңгіменің арқауы басқа жаққа ауып-кетті, Алайда бұл өлеңнің шығу тарихы арқылы ойымызды өрбіте келіп, негізгі арнаға көшешік. Себебі, осынау бір алты шумақтан тұратын өлеңде баланың сәби, “ата-анаға көз қуаныш” болған кезінен бастап оның бүкіл ғұмыр жолын бейнелей келіп:

*Сүйер ұлың болса сен сүй,  
Сүйінерге жарап ол.  
Сүйкімі жок, құр масыл би,  
Сүйретіліп етер сол.  
Табылmas қайла,  
Ойбайла,  
Не пайдада? —*

деп өкіндірген тұсына дейін қамтиды.

Байқап қарасаңыз, мұндағы басты мәселе — бала тәрбиесі. Оның ішінде рухани тәрбие, дербес ақыл-ой, бойдағы қайрат, санадағы еркіндік, яғни тәуелсіз ойлау жүйесі туралы баса айтылады. Бала өзінің тіршілігі үшін ата-анасына борыштар. Белгілі бір жасқа жеткенше әкесі мен шешесіне, ағасы мен әпкелеріне, ағайындарына тәуелді. Бұл — ақырат. Абай соны көре отырып баланың рухани тұрғыдан тәуелсіз болып тәрбиеленуіне қатты назар аударады. “Сүйкімі жок, құр масыл би” болып шығуына ата-анасы кінәлі деген пікірді үстанады.

Сондықтан да, бала тәрбиесін әрбір әке-шеше сәби дүниеге келмей тұрып ойластыруы кажет деген қағида ұсынады. “Жарық дүниеге адам әкелуге дайынбысың. Оны

тәрбиелей аласың ба? Кейіс — дүниеге келтіріп алып, кейістікпен өтетін азап сыйлайсың ба? Әлде айтқаныңа қөніп, айдағаныңа жүретін, қоғамға да, өзіне де масыл біреуді өмір бойы мәпелеумен бәйек боламысын? Баланы дүниеге келтірмес бұрын оның келешегіне көз жүгірт”, — дейді Абай.

Ойткені ұрпақ — ұлттың келешегі, Ал ұлттың келешегінің кепіліне немкетті қарау — қылмыс.

Жалпы алғанда баланың рухани дербестігі мен ақыл-онының еркін дамуы, “жан қуаты мен тән қуатының” толысыту табиғи түрде жүргізілуі шарт. Сырттай жағдай жасау — коршаган органың міндеті. Ағаштың тамырын қопсытып, су қую қажет. Бірақ оның жапырағын күнде сыйрап, дінін қозғап отырсан түзу әрі тамыры мықты терек бол өспейді. Бала сол сияқты. Бұл мәселеге пікір білдірмеген дүние ойшылдары аз. Соның ішінде біз өзіміз ілгеріде сөз еткен Фридрих Ницше мен Абайдың ойларын жарыстыра отырып, кейбір тұсініктер жасасақ дейміз. Екі ғұлама да өз пікірлерін мағыналас құрқардан бастап, бірден рухани мәселеге назар аудартады. Абай:

**“Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?”**

— десе:

“Сен әлі жассың, бала сүйіп некеге отырғың келеді. Бірақ маған жауап берші: сен өзі бала сюю туралы армандауға қақың бар ма, соны ойладың ба?” — дейді Ницше дәл сол сауалды кайталап.

Бұл кездейсоқ алынған сөз емес. Монтең де дәл осылай шамырқанған пікірмен ой толғайды. Адамды дүниеге әкелу үшін о дүние жөнінде қалай жаңың қинала отырып ой жібердің, өзің өлімге қандай дайындалдың, тұра сол сияқты жауапкершілікпен қара. Әрине, бұл жолы қуаныш сәулесін үміттің жібі етіп ұста — дейді олар. Тенеулері тосын. Бірақ шындықты сұыртпактап отыр.

Расында да, біз осы баланы не үшін тілейміз? Абай мен Ницшеге жүгінсек, бұл тілеуіміз мынадай пиғылдар арқылы дамиды екен.

Иә, баланы ақ тілеуімізben тілесек те, оның арғы жағында пенделік пиғыл басын қылтитып тұрады екен. Тілек — таза сезім, оның астарында қоленке жок. Ал пиғыл — “ішсем, жесем, алсам, солай істесе, былай болса, пайдасын тигізсе, керегімді алып берсе” — деген іспетті тұтынушылық дәметудің көрінісі. Яғни баланың рухани тілегін қанағаттандырып, оның жан дүниесін жақсылықпен толтыруға ұмтылмайсың, оның әрбір харакетінен, қылышынан, ертеңінен өзімнің мұддемді қанағаттандырады-

ау деген мінезді іздейсің. Сол өзіне жаққан қылышын мадактап, сол жаңыңа жаққан өрекетін дамыта бересің. Баланың сәби санасын осылай жіптікеп отырып, еріксіз өзіне тәуелді етесің. Кез келген қазақтың: “Өзіме тартқан”, “Атасына тартқан”, “Түрі бабасына, батырлығы нағашысына үқсайды”, “Тура өзіміздің тұқымым” — деп баласын мақтайдыны дәстүрлі жайт. Мұндай көпшіл қоюлар баланың жұлын-жүйкесіне қанымен сіңіп, өзімшілдік түйсікті, менменсуді, жатқан жеріне қарауды қалыптастырады.

Сейтіп, олар қоғамның толық мүшесі болмай жатып қоғамнан тыс қалады. Бүгінгі күнге дейінгі рушылдықтың санадан жойылмай келе жатуының бір кілтипаны осында. Қазақ тәрбиесінің ең бір нәзік әрі зиянды талшығы бұл.

Оқінішке орай, осы жолдарды жазып отырған біз де, оқып отырған сіз де, бәрімізге ойтартқи салған Абайдың өзі де әлгі мінезден тәрбиеленді. Баламызды да сол жолмен ер жеткіздік. Яғни баланың санасының еркін көзкараспен суарылуына тосқауыл қойдық. Қасақана емес, қалжың ретінде қолданғанымызбен, ол белгілі бір дәрежеде сәби санасына із қалдырыды. Үрпағымызға рухани пейілімізден көрі тұтыну пигылымызды сінірдік. Демек, біз баланың рухын емес, өзіміздің құлқымызды ойладық. Түйсігі оянбаған сәбиді сол арқылы өзімізге рухани жағынан да, тұтыну жағынан да тәуелді еттік. Мұны Абай қазақтың қарапайым түсінігімен:

**“Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем — орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?”** — деп баяндайды.

Озі сұрақ беріп, өзі оған жауап қайырады. Бірақ Абай өзінің ойын әлі толық ашқан жоқ. Себебі, жаңағы жауап — жаттанды жауап. Абай көпшілкітің ойланbastan айтатын сезін қайталай отырып сауал қояды. Ойды бұдан әрі өрбіту үшін бұдан басқа да берілетін жауаптың аңысын аңдиды. Баланың дүниедегі мәні мен маңызы, орны, парызы қақында айтылар пікірдің бағыт-бағдарын аныктайды. Сырттай қарағанда түкке тұрмайтын мәселеге ойлы көзben қарайды. Ал Нищше Абай жұмбактап отырған емеурінді төтесінен тура қайырып:

**“Сен өзінді, өзіңнің пигылтыңды жеңдің бе, өзіңнің сезімінде әмірің жүре ме, пигылтыңды жүгендей аласың ба? Айт, мен сенен сұрап тұрмын гой”** — дейді.

Мұндағы “пигылдың” орыс тіліндегі баламасы — “добродетель”. Сөзбе-сөз тәржімаласа” — жақсылықтың иесі, жақсылық жасаушы, қайырымдылықтың қамкоршысы.

Талай философтарға дәл осы үзікті оқып бергенімізде олар мұны тұра осы “шапағат иесі” деген мағынада түсіндіріп берді. Біз олармен келіспедік. Себебі, біріншіден — Фридрих Ницше өзінің шығармасын жыраулық толғаумен жазып отырғандықтан да әдеби баяндау тәсілінің барлық түрін қолданған. Ойлау жүйесін соған орайластыра құрган. Екіншіден — Заратустраның толғауының астарында кекесін бар. Мысалы, “мәдениет” деген ұғымды жек көрінішті сыппатта бейнелейді. Ол дүниені теріс тоңкеріп түсіндіреді. Бұл арада “добродетель” — деп отырғаны қәдімгі — пифыл. Абай айтқан “ішсем, жесем” демектен тұган сезім қоленкесі. Баланы өзімнің дегенімнен шықсын деген пифылынды жендін бе, жоқ па? Егер сол пифылынды женсөн ғана сәби сүюге құқың бар — дейді Ницше.

Бұл салыстырудан түйетін қорытындымыз: әрбір атана дүниеге сәби келерде өзін-өзі рухани түрғыдан дайындал, тіршілік сөүлесі түспеген пәк сананың еркін дамуына мүмкіндік жасауы керек. Сонда ғана еркін ойлы адамды өмірге әкелуге қақылышын. Пендершілік пифылға бейімделсөн — баланы басыбайлылыққа байлағаның.

Екі ғұлама да таным мәселесін түп тамырынан қозғап отыр.

Осы түп тамырдан ұстаған ой жүйесін Абай да, Ницше де одан әрі сыздықтата сұыртпақтап, терендете дамытады. Ол үшін әрбір жарық дүниеге келген пенденің қоқейкесті ұлы арманын алдыға тартып, пифылды женгеннен кейінгі пейілінді талқыға салады. Пейіл — Абайдың қолданысында табиғи тілекті білдіреді. Артына ұрпақ қалдыру да сондай занды пейілге жатады. Тіршілік жалғасын тапса ғана — тіршілік. Адамның ұрпағы өзге хайуани тұқымдардан ерекше жаратылғандықтан да, оның дүниеге келуінде де сондай ақылға сыйымды мағына болуы шарт. Адамның орнын адам алмастырады. Ол — үлкен сананың иесі. Сондықтан да Абайдың:

“**Балама орнымды бассын демек не сөз? Өзінен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын жемек не едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтуғын сенің не қылған артықша орның бар?**” — деп сұрак қоюы орынды.

Абай пифылын женген адамның пейілін жүзеге асыру үшін өмірден әуелі өз орнынды тап. “Кірпіш боп қалан”. “Балаң орнынды басатындаі” болсын. Екінші: оған “өзінен қалған дүниең иесіз қалмау үшін” тәрбие бер. Саған “сүйкімі жоқ күр масыл би боп” жүрмесін. Егерде өз

бетіншіе іс басқарып, тізгінің алып кете алмайтын үрпак өсірсөн, онда “қалған дүниенің қамын кім жемек?” Өзінің де, баланың да өмірге келгенінен не пайда? “Өзгеден қызғанған дүниен” өзінмен кетеді. Ізсіз келіп дүниеге, дүниеден іzsіz өтесің. Сенің бала сую сезімің адами емес, хайуани сезімнен туған. Әйтпесе, “өзгеге қимайтуғын сенің не қылған артықшылығың бар?” — дейді Абай.

Мұны “Ата-анаға көз куаныш” атты өлеңінде де:

*Оқытартсың молдаға оны,  
Үйретерсің әрнени.  
Медеу етіп ойы соны,  
Жаны тыныштық көрмеді.  
Жасында күтті,  
Дәме етті,  
Босқа өтті, —*

деп таратып кетеді.

Мұндағы ата-ана — үрпағын ойлаған ата-ана. Тіпті Абайдың өзі “медеу етіп жүрген”, “жаны тыныштық көрмей молдаға оқытып, әрнені үйретіп, жасында дәметіп жүрген баласының өзіне мін тағып отыр”. Сол арқылы өзін де сынға алады. Өзі толық сініре алмаған тәрбиесіне өкінеді. Ницшениң:

“Бала сую тілегі сенің хайуани сезімінен туды ма, жоқ, табиғи қажеттілігінді өтеудің жемісі ме?” — деген сауалына орай іздеген жауабы сияқты әсер қалдырады.

“Босқа өткен” өмірге налыған Абай:

“Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік, не түрлі боларын біліп сүрады”? Дүниеде өзінің көрген қорлығың аз болды ма? Өзінің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мүнша неге құмар болдың?” — дейді күйіне.

Расында да, баланың дүниеге келуіне Абай мүнша неге күйінеді? Сәби сана, сәби жүрек, сәби сезім — пәктіктің белгісі емес пе? Тіршіліктің талқысына түскен соң әлгі мүбәрәк әлемді де кір шалады еken. Ол да бара-бара бұзылып, лайланады еken.

Танымның талқысы тығырыққа тірелген тұста Ницше:

“Бала суюге мүмкін сені жалғыздық мәжбүр еткен шығар?”

— деп сұрақ қояды.

Орынды, табиғи, пендешілік пейілді аңғартатын пікір. Жанындың жалғасы жалғаннан орын тапқаннан артық жұбаныш бар ма. Артындың жақсы болып, түкым қалуының өзі де медеу емес пе. Сол үшін де дүние жиынп, баланы қызықтайсың. Бәрі де қисынды. Бірақ Абай бұл мәселеге ойшыл

ретінде мұлдем басқаша және өте қатал қарайды. Ол әуелі өтіршілтігінен мағына ізде. Одан жақсылық таппасан, жалғызылдықтан корқып адамды өмірге әкелме деген сыйай танытып:

“Артыманан балам құран оқысын десен, тірліктे өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманышылдықты көп қылған болсан, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кесіп қып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің — балам жасында өлсін дегенің!” — деп кесіп айтады.

Адамның алпыс екі тамырын бойлаған ғұламалардың ойлары да мұндай қамшының өріміндегі жымдастып, кей түстарда өзара әнгімелесіп отыргандай өсер қалдырады. Ницше де дәл осы пікірлерді сабактай келіп, табиғи тілекті актап алғысы келгендей бол:

“Мүмкін өзіңде-өзіңнің қөнілің толмағандықтан да бала сүйгің келген шығар?” — дейді.

Жалғыздықтан құтылу үшін бала сүюге үмттыту — табиғи тілек. Ал өзіңнің қөніліндегі қалдырган өмірге, өзін қызығын көріп жарытпаған кейіс-дүниеге, өзін ештене бітіре атмаған тіршілікке есемді қайырып береді — деп, кінәсі жоқ сәбиді шырылдатып жарық дүниеге әкелу де шынайы пейілдің ісі емес. Пиғылдың ішіндегі жек көрініш араласқан кекті сезімнен туған қара пиғыл. Кектенген сезімнен жаратылған шарана да өмірге өштесіп өседі. Одан ата-анаға қандай қайыр болуы мүмкін. Мұны түйсінген Абай:

“Картайғанда асырасын десен, о да бір бос сөз. Әуелі — өзің қаруын қайтарлық қартауға жетемісің, жоқ па? Екінші — балаң мейірімді болып, асырарлық болып туда ма, жоқ па? Үшінші — малың болса кім асырамайды? Малың жоқ болса қай толымды болады? Баланың мал табарлық болары, малишарлық болары — ол да екі талай”, — деп бір кайырып гастандайды.

“Масыл бидің” өзі де бір “күйік”. Ол өзіңнің өмірден қалған қөнілінің орнын толтырудың орнына, өштігіндегі коздыра түседі. Қапаланып, құсаланып, қайғына қайғы қосады. Содан кейін еріксізден еріксіз:

Зарланарсын, ойланарсын,  
Не болам деп енді мен  
Құрбылардан корланарсын,  
Тәнірі қсіне сен де көн  
Қайғысыз пенде  
Көрдің бе,  
Өмірінде?

деп өтің өзегіне құйылады.

Бұл үзік ойларға қарап отырып дүниеге сәби әкелудің “күйіктен” басқа сүйініші жоқ деп қорытынды жасауға болатын сияқты. Мәселе мүлде олай қойылып отырган жоқ. Толық адам дүниеге келуі үшін оның ата-анасы да сол толық адамның қасиеттеріне ие болуы шарт. Абайдың да, Ницшеңің де түпкі мақсаты сол ғой. Ендеше оған қойылатын талап та жоғары. Арпалысы көп тіршілікте бұл талаптың барлығын орындауға мүрша да келе бермес. Алайда қалайда биік нысананы қөздел, соған ұмтылған абзал. Ата-анаңың тәрбиесінің өзі толықтай және рухани ерік пен жігердің, ақыл-ойдың бостандығына негізделуі лазым. Бұл мақсатты Ницше:

**“Сенің Женімпаз және Бостандықты сүйгіш рухыңдыңғана тілегі дүниеге сәби әкелуді қаласа деп тілеймін. Бостандыққа ұмтылған Женімпаздарғағана тірі ескерткіш қойылуы қажет!”** — деп түсіндіреді.

Міне, қос данышпанның бағанадан бергі тұқырта түйіліп отырган түпкі нысанасы! Олардың аңсағаны — тәуелсіз, рухы еркін, ер қонілді, мейірім-қайырымы табиғатымен тұтасқан тәрбиелі үрпақ. Соған лайық ұлгілі ата-ана! Ницшеңің “Женімпаз” деп отырганы — тәуелсіз адам. Адамзат басыбайлық үшін жаратылмаған. Үрпақты да сол рухта тәрбиелу шарт. Жоғарыдағы пигылдан туған адамзаттың келешегіне қоленке түсіреді. Сондыктан да ол рух жағынан да, тұрмыс жағынан да толық қамтамасыз етілуі тиіс. Абайдың:

**“Қош, құдайтағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе?”** — деп отырган да сол. Ницше болса болашак ата-анаға:

**“Сен өзінді-өзің күн сайын тәрбиелен, өзінді-өзің жетілдіре берің керек. Ең алдымен өзінді-өзің тәнің мен жаныңда сәйкестендіре тәрбиеле!”** — деп талап қояды.

Бұл реттен алғанда Абай өзінің ойын өмірге жақындастыра жеткізеді.

Ницше мен Абайдың оқырманының дүниеге қөзқарасы да, өмір сүру дәстүрі де, даму сатысы да мүлдем басқа. Тіпті алдына койған мақсаттары да әр қылы. Ницше өзінің шығармасын аса жоғары дәңгейдегі таза зиялыштарға арнады. Оны сол дәуірдегі неміс ұлтының өкілдері де түгелдей түсінген жоқ, түсінулері де мүмкін емес еді. Қолдан таратылған қырық дана кітапты оқыған да, оқымаған да бар. Оның идеясы кейіннен барып тарапалды. Ал Абай өзінің ұлтының ұлттық санасын ояту үшін ойына азық болар мысалдарды сол халықтың өз өмірінен алды және барынша

қарапайым, жатық, түсінікті етіп жазуға ұмтылды. Ницше “өзінді-өзің тәрбиеле” деп шалқи сөйлесе. Абай ондай шалқымалы үғымдарды тіршілікте қарабайыр көріністермен салыстыра бейнелейді. “Жаның мен тәніңе сәйкестендіре тәрбиеле!” — дегеннің мағынасын Абай:

“Кош, құдайтағала бала берді, оны өзін жаксы асырай білесін бе? Білмейсің. Өз күнәнді өзің көтергенінмен түрмай, баланын күнәсіне тағы ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: “Әне, оны берем, міне, мұны берем” — деп. Басында балаңды алдағанға бір мәз боласың. Соныра балаң алдамшы болса кімнен көресің?” — деп түсіндіреді.

“Жаның мен тәнінді тәрбиелеу” — дегеннің қарапайым түсінігі осыға. Ол барлық қөлеңкелі қасиеттен арыл, сарайың тазарсын, баланы да адалдыққа үйрет дегенге саяды. Әуелі өзінді-өзің тәрбиелемесең, өзің алдаумен өсірсең, ертен өзінді алдайтын алаяқ өсіріп шығарасың деп емеурін танытады Абай. Ондай үрпак өсіргеніше:

Тәнірі сорлы етсе пенде,  
Не бітреді құр жылан.  
Жігері жок акылы кенде,  
Жанбасынан жат сулан! —

дейді өлеңмен.

Абай өз ұлтының бойындағы ата-ана тәрбиесіндегі кемішлікті әшкерелей отырып үлгі ұсынса, Ницше тұтастай қиялдағы бейіш қоғамды ансайды. Біреуінікі — “етекbastы өмір”, екіншісінікі — елес. Елестің аты — елес болғандықтан да Ницше:

“Тамырыңды тереңге жібер, бұтағыңмен аспанға ұмтыл. Жұбайлықтың жұмагы жар болсын саған!” — дейді.

Бұл тіркес Жұмекен Нәжімеденовтің: “Бұтағым менің биікте, тамырым менің тереңде” — деген жолдарын еске салады. Әрине, жәйғана ойға келген нәрсе. Абай осы “бұтақ пен тамырдың” өз ішіндегі күбылысты талдаپ, оны топырак пен шаңнан аршиды. Сөйтіп барып еркін қанат жаюға жол ашқысы келеді. “Теренге ұмтылар тамыр мен аспанға саусағын жаятын” бәйтерек — Адам. Адамның тәрбиесі. Абай өмір сүрген тұстағы қазақ қауымының ең талмалы тұсы сол ғылыми тәлім-тәрбие болатын. Сонын кесірін Абай:

“... Эбден тентектікке үйретіп қойып, сабакқа бергенде молданың ең арзаның іздең тауып алып, хат таныса болады деп, қу, сүм бол деп, “Пәленшешің баласы сені сыртынан сатып кетеді” — деп, тірі жанға сенірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?” — деп ашына жазады.

Міне, сол тұстағы сақара баласының “тамыры мен бұтағы” нәр алған топырақ. Бұл араға Ницше ансаған “жұбайлық жұмакты” орната алмайсын. Бағанағы Абайдың шүйіле сұраған сауалының жауабы осында жатыр. Ұрпақ өсіруден Абай түнілмейді, оның тәрбиесіне қарап келешегінен қудер үзеді. Қанша армандағанмен де:

*Ата көңілі жанбаса бір,  
Артық өнер шықпаса  
Ел танымай, үй таным қур,  
Шаруасын да үкласа,  
Үміт қайда?  
Соны ойла,  
Абайла! —*

демеске шарасы да жоқ еді онын.

Демек, бала — балапан бәйтерек десек, оның бабын бағбан құспап таппасаң, еккен ағашың қисық, қыңыр өседі екен. Мұнда тұрған еш жаңалық жоқ. Жаңалық — ата-ананың рухани жауапкершілігі мен тәуелсіз ақыл-ой иесін тәрбиелеу жөніндегі Абай мен Ницшенің пікірінің бір арнала тоғызында. Қанша мәпелеп бақсан да жан сарайы таза, еркін, тәуелсіз өспеген бала — болашақтың бәйтерегі бола алмайды. “Бесігінді түзеу” үшін өзінді түзе! Сонда ғана жазықсыз жан иесін өмірге келтіруге құқын бар! Әйтпесе, “ит төлеуі бір күшік!” деп қарасаң, өмірге Толық Адамды емес, “әйтеүір бір ит қазақты (адамды — Т.Ж.) әкелген” (Абай) боп шығасын. Себебі:

“Баланы құлша тәрбиелесен — құл болады, ұлша тәрбиелесен — ұл болады!”. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының бұл сөзі біздің осы пікіріміздің тиянакты тұжырымы бола алады. Гәп — тәрбиеде. Тәрбиенің түпкі мақсаты — толық адам. Сондай толық адамды ансаған Абайдың өзі:

*Жазу жаздық,  
Хат таныдық,  
Болдық азат молдадан  
Шала оқудан,  
Не жарыдық.  
Калғаннан соң қур надан?  
Бағасыз жастық —  
Бозбастық,  
Адастық, —*

деп өкінді.

Абайға жетпеген ата-ана тәрбиесі ме? Ел тәрбиесі ме? Пәлен деп жіп таға алмайсын.

Құнанбай өз заманындағы даланың ең қадірлі де қайратты қайраткері болды. Өзінің бойындағы бар қасиетін

Абайға сінірді. Абай оның ақылын да, міnezін де, қаттылығын да нәсілдік мұра етті. Мүмкін, соның нәтижесінде Ұлы Тұлға дәрежесіне көтерілген шығар. Сонда, көнілі толмағаны — елінің тәрбиесі болдығой.

Калайда хат таныған сауатсыздан “шала сауатты” Абай асып түсті. Қош, сонымен, “заманды түзетпек болған” Абай баланы түзетудің жолын таппады ма? Тапты. Тәрбиенің танымы сан тарам еді. Соның ішіндегі ғылымды жеке дара бөліп айтты. Ол ғылымды менгеріп, толық адам дәрежесіне жету үшін кесірлі әдettі, ғұрылты, тіпті дәстүрге айналып кеткен салтты білім арқылы жеңуді ұсынды. Қатыгездік, немкурайлылық, зұлымдық, аярлық, бақастық, керенаулық, басыбайлылық іспетті қырсықты ғылымның күшімен жуып-шайғысы келді. Абайдың:

**“Адамның көнілі шың мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі”,** — деуінің мәні сонда.

Оқініше орай, Абай заманында қазақ жастары үшін “мейірленіп тұрған” ғылым жок еді. Отаршылдық қанау, рухани тәуелді ету саясаты, миссионер үағызышылар ғылымның күші арқылы “қазақты аңдыды” (*Абай*). Тыншы шенеунік, жалдабы жандарал, осқырынған ояз еркін білім алуға мүмкіндік берmedі. Жоғары оку орындарында саяси және әскери мәні бар пәндерге қатыстырылмады. Ауылды жерлерде мектептерге қысым көрсетілді. “Жүрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жеуге” ұмытылғандардың жолы кесіліп, ғылым: **“асырап алған шешенің мейірімі секілді болды”** (*Абай*).

Ал есебін тауып білім алғандардың ақыл-ойы өзара бәсекеге жұмсалды. Арыз жазу, тыңшылық істеу, ағайынның аражігін ажырату, сол арқылы пайда түсіру — олардың ғадетіне айналды. “Оқалы киім”, “жез түйме” ұлтының мұддесін ұмыттырды. Бұл міnez кеңес тұсында тіпті ушырып кетті. Зиялыш қазақтардан түсken арыз-шағымды қараудан Мәскеудің де жүрегі шайлыкты. Бұл — ұлттық міnez емес, арандатушы саясаттың санадағы сарқыншағы еді. Абайдың:

**“Ғылымды үйренгенде — ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрепбек керек. Бақасқа бола үйренбе... Оның себебі: әрбір бақасын адам нақты шығармақ үшін ғана бақас қылмайды, жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас — хұсдшілдікті (куишілдікті) зорайтады, адамшынықты зорайтпайды... Мақсаты — ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жендірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жұз тұра жолдағыларды шатастыруши кісі — бір кисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бақас**

— өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хұсырлану жарамайды”, — деген (“Отыз екінші сөз”) сөзі қазақ зиялдырының ұмытуға тырысып жүрген бір ғақлиясы.

Ғылымның өзі бүтінді бүлдіруге қызмет еткен тұста шәкірттің толық адам қатарына ұмтылуы мүмкін емес. Оқымысты сауатсыздан сақтасын! — дегендегі Абай сөзінің астары осында жатыр.

Бала тәрбиесіндегі үлкен рухани жара салатын толымсыздықтың бірі — әлеуметтік әділетсіздік. Рухани тәуелділікпен рухани теңсіздіктің өзі содан басталады. Бұл мәселе күн санап ушығып барады. Мектептегі көпестер мен ортақолдылардың балаларының жік-жік боп топтанып бөліне бастау соны ангартады. Абай айтқан:

*Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы, —*

дегеннің кері келе коймағанмен, еркін рухпен өсуге үлкен зиянын тигізеді.

Бұл өлеңдегі тауқымет пен тағдырдың табы нәрестенің жанаарынан тамшылаған көздің жасы арқылы өмірдің қатал да аңы теңсіздігін көрсетеді. Бала үшін мұның өзі үлкен қасірет. Әлгі екі бала бір-біріне кектеніп өседі. Татулыққа шакыратын ата-ана да табылмайды. Әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікке сүйенген тәрбие үлттың рухани бірлігін ыдыратады. Абайдың:

*Әкесі мен шешесі баланы андыр,  
О да озиңдеи им болсын, азғыр, азғыр, —*

деп күйінуінің себебі сонда.

Мәселе байлық пен кедейлікте, барлық пен жоқтықта емес. Кішкентай жүректе шым-шымдаң ояна бастаған мейірім мен қайырымды қатірез әлеуметтік әділетсіздіктің көз жасымен тұншықтырып тастауында. Бұл да тәрбиесіздік. Үлттық тәрбиенің жетілмелегендігі. Ал Абай айтқан “Толық Адамға” ұмтылмай, баланы тәуелсіз рухта тәрбиелеуге жағдай жасамай ешқашанда үлттық тәуелсіздікке жете алмайсын.

“Ата-ананың көз куанышы” — үлттың көз куанышына айналғай!

## **15. “ЫНСАП, ҮЯТ, АР, НАМЫС, САБЫР, ТАЛАП... ”** *(Абай және “толық адам” мәселесі)*

Аламның бойындағы қасиетсіздіктің бірі — қызғаныш. Бұған ем тауып, елін дауалаған данышпан жоқ. Бірақ оның себебін ашып кеткен оқымыстылар да өткен. Санасын сауып айтқан ақылы өзіне оқ бол тиген дегдарлар да тарихта кездеседі. “Әркімнің аңдыған бір жауы бар” деген сол. Кейде осы сөздің өзі әрбір адамның жеке басына ғана емес, оның ішкі пиғылына қаратыла айтылған сияқты көрінеді. Өзінің пиғылын жеңе алмаған адам — ақыл, ойына, нәпсісіне де тоқсауыл қоя алмайды. Абайдың:

*Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеккызыар, жалмауыз, —*

деген тіркестерінің астары соны аңғартады.

Әр үлттың бойында бар мұндай қасиетсіз түйсікті тудыратын себеп рухани мұқтаждық па, әлде, табиғи заңдылық па? “Ынсан, үят, ар, намыс, сабыр, талап” іспетті тәлімді қасиеттерді ығыстырып, сүйкімсіз әрекетке жетектеген пиғылға тыым салынбауының қандай құпиясы бар?

Әр данышпан мұны өзінше бағалайды. Ал Абайға салсаңыз, осындай сүркія сезімді оятатын себеп — пиғыл.

Пиғыл дегеніміз — қанағатын таппаған көңілдің азығы. Тояты қанбаған ашқөз аран. “Қазакты қаскүнем етуге” (Нищеде — адамзатты) итермелейтін басты тұртқті сол. Пиғыл “рухани кедейліктен” ғана туындағы, ол кәдімгі жетімсіздіктен де тамыр тартып, ешкі котыр сияқты өрши бермек.

“Егер де пиғылыңа жендерсең, онда оны қөппен бөлісудің қажеті жоқ, ол сениң өзінің ғана несібен” — дейді Нищеше.

Қанағатсыз көңіліңе қолдан тоят жасап бере алмайсың. Кәдімгі мұқтаждық ешқашанда сені ақылыңа билетпейді. Тәбетіңе тәуелдісің. Абай:

“Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?” — деп (“Жыирма бесінші сөз”) түсіндіреді мұны.

Демек, қызғаныш пен пиғылдың түпкі тамыры — мұқтаждық.

Емініп өскен көңілің еріксізден еріксіз әр нәрсеге емексиді. Бардың байлығына қызығасың. Қызығу дегеніңіз — қызғанышқа апаратын баспалдақ болып табылады. Ауылы консы қонған сезімдердің ауытқымалы күй кешіп, айнымалы түрге өзгеріп отыруды табиғи заңдылық. Колыңа түскенді өзіңе

қарай итермелеп тартасың. Еркінен тыс икемдене бастайсың. Иглікті өзіне тілейсің.

Қайырым мен мейірімін өзінің пифылының мұқтажын өтеуге қызмет етеді. Мұқтаждық туыс таңдамайды. Қалайда өзінің қажеттілігінді қанағаттандыруға құлшынаады. Сондықтан да пифылда адамгершілік қасиет болмайды. Оған орын жоқ.

Егер иглікті ойласаң, адамгершілікті көнілінің төріне шығарсан — онда өз пифылың жетім қалады. Үнемі ашкөз күйде жүресің. Ницше:

**“Мұндай азапқа түспе, жаныңды жанықтыратын не жай таптыратын көнілінің қүниясын ашпа, ашкөз араныңың тоятын тап”** — деп емеурін танытады.

Оз пифылыңды қанағаттандырмай өзгеге қанағат сыйлай алмайсың. Қанша ұмтылғанынмен түйсігінін түкпіріндегі сарбас жылан басын көтеріп, улы тілін сумандатып тұрады. Оның себебін Абай:

**“Асап ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да әр түрлі бәлелеге: ұрлық, зорлық, сұмдық секілді нәрселерге үрейлендіруге (үйрлендіруге — Т.Ж.) себеп боларлық нәрсе”,** — деп (“Жиырма бесінші сөз”) түсіндіреді.

Біз қызғанышты ата текке қатысты жағымсыз мінез-құлық ретінде бағаламаймыз. Абай мен Ницше оны мұлдем қарабайыр тіршіліктің қаракеті ретінде бағамдайды. Адамның бойындағы мұқтаждық — қызғаныш. Қызғаныш пифылды қанағаттандыру үшін жанығуға түседі. Сондықтан да Абай иглік иелеріне:

*Озиңде бармен козге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндестигін коздырып,  
Азапқа салма езбеден, —*

деп ақыл береді.

Қанша қазбалап қарасаң да Абайдың қызғанышты тікелей құсталанаған пікірін таба алмайсың. Тек өзге ұғымдармен сабактастырып, себебін ашып барып талқыға салады. Ницше:

**“Қызғаныш, пифыл — менің жеке сыбағам, оның қожасы — мен, сондықтан да оған ешкімнің сұғын қадауға қақысы жоқ — деп айт”** — деген ақылды ұсынады.

Яғни тәнінің тәбеті ашылады. Жаныңның құмарлығы күшнейеді. Көзің “көрсекзызарлықтан” қанталады. Пифылыңа ие болудан қалдың. Құлқынды — құлқын мен құнығу женді. Тән мен жанның қызғанышына булығып:

“Жақсы білгенді жорғалықпенен көңілін алсам (көңілін тапсам — Т.Ж.) деген надан — әке-шешесін, ағайын жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатты”. (“Жиырма бесінші сөз”).

Құныққан мен қызыққан үшін Алланың да, Адамның да кадірі жоқ. Оның ансары — көздің күрті болған дүниеғана. Ницше:

“Тек қажеттілігін өтейтін табиғи тәбет те, Алланың қасиетті заңы да, адамның қолынан шыққан заң да пигылды қанағаттандыруға бөгет бола алмайды, оларды басшылыққа алғып аспан астындағы жұмаққа барудан да бас тартуға болады”, — дейді.

Абай мұны өз басынан мысал ала отырып дәлелдейді. Пигылдың өзгеруін Абай:

“Сол өрістетіш, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиган қазынамызды кебейтсек керек (еді), бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас үрғызса (н) керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық: ұзактай шулап, қарғадай барқылдан, ауылдағы боктықтан ұзамадық. Жан бізді жас қунімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң оған билетпедік. Жанды тәнге бас үрғыздық. Еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көңіл айтып тұрса — сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенде-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық”, — деп (“Жетінші сөз”)

ықтияттайды.

Пигылдың тілегі — Алланы да өзіне қаратып алу. Пигыл, сол пигылды туғызған құмарлық пен қызғаныш иман іздемейді. Өйткені бұл ашқөз сезім. Өмірі қанағатты білмеген, араны жабылмаған және жабылмайтын “ынсан, ұят, ар, намыс, сабыр, талапты” қалеріне де алмайтын жұлымыр корқаудың өзі. Ницшенің пайымдауынша ол:

“Ақылды қажет етпейтін, мән-мағына ізден бас ауыртпайтын, тек қана тән қанағатына құлышынатын дүлей. Сол сезімнің шыңырауына пигылдың алтын құсы ұя салған, енді алтын жұмыртқаны жия беруден басқа алаңы жоқ жалмауыз тілек қана өмір сурмек”.

Дәл осындағы қасиетсіздікті бойына сінірген, игіліктің үясына жұмыртқа басып, жан-жағына жалмаңдай көз салып, білім арқылы дүниенің құлық-сұмдығын, “баласына үйреткен” жандар “соның қаруымен тағы да қазакты (Ницше — адамзатты, игілікті — Т.Ж.) андысам екен дейді”. Ақыры әлгі қызғанышың, пигылдың, көрсекзызарлығын мінезге айналады.

Мінезге уласқан жүгендесін сезімнің өзі де дерпт.

Бір кездегі жек көрінішті көрінген қылыштар — сүйікті іске, жаңынды түршіктіретін жат әрекеттер — әдетіне, жиіркене қарайтын жат кіслер — жақының айналады. Қызғаныштың, құмарлықтың, пиғылдың құлы болдың. Өзінді-өзің билеуден қалып, мінезге айналған мініңе тәуелді болдың. Жүргегіне жын кірді.

Ақылыңың азғыны — аярлық, жаңынды азығы — жалдаптық, тәнінің қуаты — тауқымет болды. Мұның барлығын ессіз құмарлық биледі. Ницше:

“Бойындағы құмарлықтың барлығын жүргегіне сіңіріп, сенің ашылған араныңа қызмет етті. Сенің ендігі жарылқаушың сол. Жанашырың да сол. Қызба мінездісің бе, зинақорсың ба, құбыжықсың ба, жоқ кекшілсің бе, бәрібір — сенің құмар көңлің — жанашырыңа, бойындағы жының — перштеге айналады” — дейді.

Мұндағы жанашыр деп отырғаны пиғылдың екінші мағынасын білдіреді, яғни, кекесінмен айтылған “добродетель” дегеннің баламасы. “жын жүргегіне кірді. Оны мінезінен таптың” — деген Ницшенің ишарасын Абай:

“... ақылды сақтайдығын мінез деген сауыт болады. Сол мінез бұзылмасын! Қорсекқызыарлықпен, жеңілдікпен не біреудің орынсыз сөзіне, не бір кез-келген қызыққа шайқалып қала берсен, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып, үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайдың? Қылам дегенін — қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік — бір ақыл, ар үшін болсын!” — деп (“Отыз екінші сөз”) тәрбиеге негіздей бағамдайды, өз ұлтының мінезіне лайықтап жеткізеді.

“Ақылдың сауытына” сыймаған пиғыл мен қызғаныш, Ницшенің сөзімен айтсак, “жалған жанашыр” о бастағы таза тән мен адап жанды, ак бата мен пәк тілекті кірлетіп тынды. “Азғырылды”, “беріктігінен айырылды”, “қайраты” қайтты. Өйткені, ар мен ақылдың сауыты арам пиғылға толы. Енді адамгершілікке “орын жоқ”. Ницше мұны: бір кезде сені құмарлық билей бастағанда оны жек көріп, қараниет деп жиреніп едің. Енді сен үшін жалған жанашырдан басқа жақын жоқ, ол сенің құмарлығынан жаратылды — деп түсіндіреді. Содан кейін кекесінмен:

“Бір кезде сен жыртқыш тәбетті жаңындың түкпірінде тұқыртып ұстап едің, енді сол тәбетің күміс көмейлі бұлбұлға айналды”, — дейді Ницше. Абай бұл ойды:

Бір нәрсепі ұнатса,  
Кайта ойланып қарамас.

*Мактанаң жұртты шулатса,  
Құмары сол қызба бас, —*

деген өлең жолдары арқылы білдіреді.

Пиғылдың, қызғаныштың “жыртқыш тобеті” “күміс көмей бұлбұлға айналды” деп отырғаны — құлқынның құлы болдың, енді бұрынғы қылмыс көрінген істің бәрі саған иғілік іспетті әсер етеді. Батқан былығың мен шылығың сенің жаныңа рахат әкелетін болады. Сол “иттігін” үшін өзің-өзің риза болатын қүйге үшінрадың дегені Ницшенің.

“Жаныңа жын үялаган соң жанығасың. Өзгенің азабынан ләzzат аласың. “Қанағат, ракым, терең ойдан” ада-күде арылған соң, “ар үялар істі” ұмытасың. Әрбір әрекетің өзге үшін айналса, олардың іші қүйсе, “қүншілдігі қозса” деген “кесірлі пиғыл” бойынды женелі. Арамза ой тәнің мен жанынды жаулайды. Соның бірі — кейбір қазақтардың ағайынмен араздасқанда айтатын:

“Сенің осы қорлығыңа көнгенине баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма — мұрт қойып кетпесем бе!” — деген (“Жиырма бесінші сөз”) көкайылдығы.

Бұл адам бойындағы ерік-жігердің, намыстың, ақылдың, әрекет, пиғылдың ерегеске ұласқанын байқатады. Көрсекзызарлықтан, дәлірек айтсақ, рухани не түрмистық мұқтаждықтан туған қажеттілік пендені ерегеске итермелеп отыр. Егер ол өзінің алпыс екі тамырын тіксіндірген мұқтаждықты сезінбесе өзгеге итінбес еді, құмарлығы оянбас еді, тілемсектенбес еді.

Ал “жыртқыш тәбетті” “күміс көмей бұлбұл” ретінде ұстаған жыртқыш пиғылдың иесі — момынның қүйіп-піскен минезінен ләzzат алады.

Біреуді ызаландырмақ — пиғыл үшін түпкі мақсаттың бірі. Егер арамзалағықтан рахат алмаса, онда оның сойылын соғып қажеті қанша? Мұндай мінез қазақтың да бойында бар. Болғанды қандай! Тіпті сондай мекерлікпен істеп, иненің көзінен өткізіп жіберетін кездері көп. “Жалған намыс” деген үғымды талдаған тарауда оған көз жеткізгендей де болдық емес пе. “Жалған намыс”, “жалған мақтан”, “орынсыз бекер мал шашпақ”, “көрсекзызарлықтың” бәрі:

“... Қазақтың (Ницше бойынша — адамның — Т.Ж.) қазақтан (адамнан) басқа жауы жоқ, биттей нәрсөні бір ұлken іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландыраам екен демек. Біреуді ызаландырмақ — шаригатта һарам, шаруаға залал, ақылы теріс. Әншнейін біреуді ыза қылмақтың иесі дәулет (деп) біліп, қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза

**булушы соңшалық неге жер болыш қалады екен?”** — дейді (“Жиырма алтыншы сөз”) Абай өзі де налып.

Сонымен адамның бойындағы ең қасиетсіз сезімнің бірі — пифыл. Ол көрсекзызарлықтан, арамзалықтан, мекерліктен рухани және тұрмыстық, мұқтаждықтан туындайды екен. “Көрсем, білсем” дегеннің бәрі “мен ғана көрсем, мен ғана білсем, өзгелер қызықса, қызғанса, маған төуелді болса, жыртқыш төбеттерімнің өзі — күміс қөмей бұлбұл боп сайраса” — деген есек дәмеге жалғасады екен. Яғни адамгершілік қасиеттен жүрдай боп айырылады. Бетін пифылдың қияметтіне қаратқандарға Нище:

**“Бауырым, егер сенің жалған жанашырың қолтығындан демеп тұрса, онда өзгеге алаңдама, бетіңден жарылқасын, ол сені көпірден өткізіп жібереді”** — дейді.

Нищенің бұл көпірі — қыл көпір ме, жок, ардың, ұяттың, адамгершіліктің көпірі ме? Әлде зұлымдық пен мейірімнің, қатыгездік пен қайырымдылықтың арасындағы көпір ме? Адам именбей өтетін көпір — жұмактың көпірі емес, адамды тітіркендірмейтін жел — жұмактың желі емес. Демек, Нище: теріс бақкан бетіңден жарылқасын — деп түр ғой. Абайдың:

*Арсыз болмаи атак жок,  
Алдамиш болмай бак қайдада?*

дегені де соны мегзейді.

Демек, адамның түйсігінде әлдекандай шекара бар болғаны ғой. Мұны Абай “қанағат” деп атайды. Қанағат-сыздықтың пифылы, яғни қанағатсыздық — барлық ібілістік жексүрін қылықтардың “кесірлі үясы” екен. Оны Нище:

**“Сен өзіңнің бойындағы зәрлі уындан бал жасадың, сен қасіреттің сауын сиырын саудың — енді соның тәтті желінін еміп отырсың”** — деп бейнелі тілмен баяндайды.

Абай осы мінезді сынай отырып, елінің болашағына алаңдап, дүниеден баз кеше отырып, халқының жарасына дауа іздейді. “Қасіреттің сауын сиыры” — Абай үшін өзінің туган ұлты. Сондықтан да ол барынша ашына актарылып, жұртын сынадай сынап, ескіндерді сақтандыра сес көрсетіп:

**“Кұлық саумақ, көз сұзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі”,** — деп (“Төртінші сөз”) бір-ақ қайырады.

Расында да, қызғаныш пен құмарлықтан туган жалған жанашыр жақсылыққа жетелемейді. Өрге емес, көрге сүйрейді. Ол — “өнерсіз иттің ісі”. Рухани мұқтаждық та рухани мүгедектіктің белгісі.

Сол мұқтаждыққа бас идіріп отырған мінез — тәуелділік. Рухани тәуелділік. Егер пифылыңа жендірсөн — қызғаныш-

тың, көрсекізарлықтың қызыл отына күймес едін. Рұхынды, аранынды билей алмасаң — құлқыныңың құлы болғаның.

Ал “құлқының құлынан” “есті адам” шықпайды. Тәуелді, басыбайлы күйкі тіршіліктің иесі ғана атанып жүрмек. Ол ешқашанда “толық адам” бола алмайды, тек соның көлеңкесі ғана болып қунелтпек. Өйткені рух — бәрінен жоғары. Ал әлгі “құлқының құлының” рухы өлген. Тірі өлік деген сол. Ницше ойын дамыта келіп, кекесінді ызасының мәнін аша келе:

“Жалған жанашырлықтың болғаны жақсы-ақ; бірақ та ол — аңы сыбаға, әлгі жанашырлықтың талайы сондағы толассыз соғыс пен қырғынның майданына аттанып, қыршынынан киылған құрдым ол. Бауырым, соғыс пен қырғын зұлымдықта жата ма? Алайда сенің жанашырыңа олардың арасындағы бықсыған өсек-аяң, қызғаныш пен күншілдік қандай қажет болса, саған зұлымдық та сондай қажет... Әрбір жанашырың — қызғаныштан жарапған, ал қызғаныш — онбаған қасиет. Сенің жанашырың — жаңың да қызғаныштың отының құрбаны болмақ. Қызғаныштың жалыны — шаян сияқты, сені де улы тілімен шағады. О, бауырым, сен әлгі жанашырыңың (пиғылыңың) сені де, өзін де шағып жатқанын көрдің бе? Адам — пиғылдың құлы (мағынасы бойынша аударылды — Т.Ж.), ендеше сен жанашырыңды сүюге міндеттісің. Өйткені сол үшін сен жаңыңды бердің”, — дейді.

Кекесінмен, таным құдайы Заратустраның атынан айтылған үағызды қазақтың қарапайым тілімен жайдактап жіберіп, жанашыр деген сөзді адамның бойындағы барлық жаман пиғылдың жиынтық ұтмы деп түсінсек, онда мұның толық баламасын Абайдың:

*Кеселді жалқау, қылжасқ бас,  
Әзір тамақ, әзір ас.  
Сырты — пысық, ши — нас,*

болып жүріп, тірімін деме, онанда Алла жіберген ак бүйректы өлімнің өзі артық”, — деген сөзі жеткізіп түр емес пе.

Бұл пікірді талдап, түсіндірудің өзі артық. Тек Ницше “Жанашыр” деп бейнелеп алған ұтимды Абай қазақтың көп мағыналы астарлы сөзімен әр түрлі тіркес арқылы қолданғандығы ғана ұтимның жігін ашып түр. Егерде:

“Земная добродетельді” — “кеселді жалқау”, “все демоны — в ангеловты” — “қылжақ бас”, “золотые яйцоны”

— “әзір тамақ”, “сладкое молоко вымениди” — “әзір ас”, “тяжкий жребийді” — “сыртың пысық”, “она требует всего духа твоегоны” — “ішің нас” деп аударды десек:

— онда “Жалған жанашаырға жаңынды бергенше” — “Алланың жіберген ак бүйрықты өлімінің өзін артық санаған” Абайдың қаламына іліккен бұл сөз Ницшенің де, Заратустраның да емес. Пайғамбарымның — Абайдың сөзі болды ғой!

Бұдан шығатын қорытынды: пиғыл мен құмарлық, қызғаныш пен көрсекзызарлық іспетті жексүрін мінездер адамға тұя бітпейді оны бұзатын — рухани және тұрмыстық мұқтаждық, “Толық адам”, тәуелсіз азamat атану үшін рухың тәуелсіз болуы керек. Рухың ақылыңа, пиғылыңа билік ете алмаса, онда “ак бүйрықты өлім де” бүйірмайды.

Демек, пендешіліктің күйкі тірлігіне түспеу үшін тәуелсіз ұлт, “толымды қоғам”, “толық адам” болуы шарт екен.

Абай мен Ницшенің ақыл тоғыстырған жүйелі тұжырымының бірі осы. Әзірше ондай қам-қараетсіз қоғамға жеткен қауым жок. Бірақ ақылың арқылы қасиетсіз қылыштарға сананда тұсау салып:

Жамандық корсен нөфірәтті (жексүрін),  
Сұтын коніл тыїсаныз, —

дегеніңіз адамгершіліктің ұсынан шықпайсыз.

“Мінездің сандығындағы қоймаңыз” қашанда иғліктің нұрына толып тұрмак. Мұқтаждығыңыздың өзі рухани тазалыққа қызмет етпек. Сондаған, “нысап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап” жаңыңызға жолдас болып, сізді муратка жеткізеді. Қос данышпанның осы ой тоғысының өзі түсінген құлдың “тәніне — қуат, жаңына — азық”.

## 16. “БҮЛ СӨЗІМДЕ ЖАЛҒАН ЖОҚ... ”

(Абай және ұлттық намыс мәселесі)

### I

Озіне-өзі сын көзімен қарамаған ұлттың даму келешегі шектеулі. Өткір ой, ашы тіл, мірдің оғындар дәл тиген сөз ұлттың намыс қайрағы іспетті. Ширықтырып, шамырқан-дышып, бойын жинақы ұстауга дағылданырады. Ұнемі сергек жүрген ұлт қалғымайды. Бірақ та мұқым ұлтты сес-кендіріп, тітіркендіріп, айтқанын мойыннататын тұлғалар

әр дәүірде тұа бермейді. Ондай тұлғаға қай ұлт болса да қашанда зәру.

Қазақ қауымының жолы болған бір бақтыы сондай тұлғаны — Абайды тудырыуы.

Біз өзіміздің бойымыздағы, өзгенің мінез-құлқындағы, сол арқылы мұқым ұлттың ішіндегі жағымсыз қылыштарды айнадан көргендей қымсынып, демімізді ішке тартып, мінімізді түзейміз. Жақсылыққа да, жамандыққа да, жан күйігіне де Абайдың сөзін алдыға тартып, бір-бірімізді жұбатамыз, үялтамыз, марапаттаймыз. Сондыктан да қандай бір ұлттық оқиғаны Абайдың сөзінсіз аттап өте алмаймыз. Абайға жүтініп, Абайға иек сүйеп, Абайдың бағасымен куаныш, жұбаныш, кайғымызды өлшейміз.

Бұл тағдырдың қазақ халқына жасаған ұлы жомарттығы. “Ит қазақ” (Абай) болса да Абайдың үәжіне бас имейтін бұл ұлттың өкілі жоқ. Ондайлар табыла қалса өзін қазақпен деп есептеуге қақысы жоқ. Бұған бәріміз де мақұлмыз. Абайға барлығымыз бас иіп, тәжім етеміз.

Зады, “ұлттың үйіткысы” (“отец наций”) деген ұғым Абай сияқты тұлғаларға қаратыла айтылса керек. “Ұлттың үйіткысы” болғандықтан да өзінің ұлты туралы қалай сүйініп, қалай күйініп айтамын десе де еркі. Біз соның сөзіне карап өзімізді тәрбиелейміз. Мұндай ұлы тұлғалар туралы В.О.Ключевский әзіл араластыра:

“Соловьев пен Толстой екеуінің ғұламалығы таңғаларлық тосын құбылыс: Толстойдың өзіне философияны оқытқаны үшін де Соловьев философ, ал Соловьевтің өзіне философия тауыш, одан дәріс алғаны үшін Толстой да философ. Міне, сойтіп екеуі де таңғаларлық істі жүзеге асырды: біреуі ештеңе оқытпай-ақ ұстаз атанды, ал екіншісі ештеңе оқып жа-рытпастан ғалым болды” — деп айтса да, астарында ұлкен шындық бар.

Өйткені бізге, жалпы қазақ ұлтына, Абай ешқашанда окулық жазған жоқ. Бірақ бәріміз оны ұстаз деп сезінеміз. Сондай-ақ Абай бізге ешқашанда дәріс оқыған жоқ. Алайда бәрімізде өзімізді оның шәқіртіміз деп есептейміз. Әрине, В.О.Ключевский сөзінің астарында аздаған кекесін бар. Ал біздің ниетіміз қалыс. Толстой кімнен не үйренсе де орыстың ұлттық ойының атасы болып табылады. “Ақымақтың да ақылын ал!” — деген Олжас Сүлейменовтің емеуіріні соны аңгартады. Біз Абайды сынай алмаймыз. Толстойдың алдында тұрған Соловьев сияқты дәріс оқи отырып өзіміз үйренеміз. Сойтіп, табынған Абайымыз өз ұлтының барлық қоябасын сыртқа шығарып:

“Біздің қазақтың достығы, дүшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, жұрт тонауы ешбір халыққа үқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, жаулап, үрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз”, — деп (“Жиырма төртінші сөз”) айдай әлемге жайып салады.

Ұлттық ойдың үйіткиси деп танылған Абайдың бұл пікірін мойындауымыз және Абай арқылы дүние жүзіне мойындауымыз ұлттық намысқа тимей ме? Соншама жек көрінішті көрсететіндегі қазак халқы тым сүйкімсіз бе еді? Одан да Абайды аудармай-ақ, ішкі дертімізді өзіміз емдеп көрсек, қоябадан арылған соң ғана сыртқа сырмызызды алдырасқа кайтеді?

Дәл осылай түсініп, дәл осылай түсіндіріп жүргендер бар. Абайдың тек жоғарғыдай пікірін теріп алып, баспасөзде жариялад: қазак деген өз бетінше ел бола алмайтын ел екен — деп Б.Супрунюк пен Е. Курдаков сияқтылар арандатып та тынды. Сонда Абайды жат жүрттан жасырып ұстағанымыз тиімді ме?

Жоқ! Біз дүниеге Абай арқылы және Абайдың өткір де терең ойы арқылы танылуымыз қажет. Өзін-өзі сыйлайтын үлт, өзін-өзі сыйлайтын зиялы қауым Абайды өте дұрыс түсінеді, және Абайдың пікірлерін өз үлтты туралы, сол үлттың бойындағы дерті туралы айтып отыр деп кабылдайды. Өйткені Абайдың идеясы жалпы адамзатқа ортақ идея. Жалғыз қазақ үлттының бойындағы кемшілікті қозғамайды, исі адамдық мәселені тілге тиек етеді. Қазақ үлтты ойға үйіткы болатын ашытқы, өмірлік мысал ғана. Толстойды, Бальзакты, Т.Маннды, Лу-шынды, Акутагаваны, Фолькнерді біз де солай қабылдаймыз. Олардың кейіпкерлері арқылы бүкіл үлттың жан толғанысын сезіне отырып, өз үлттымызды да күйінш-сүйінішін жүректен өткіземіз. Әйтпесе, кайырымсыздық пен қатыгездікті туғызатын:

*Күйріғы шаян, беті адам,  
Байқамай сенбे күрбыға!  
Жылмаңы сыртта, ші арам,  
Кез болар кайда (канда) сорлыға, —*

дейтін кесірлі сумақайлар әр үлтта бар. Екіншіден:

Абай ешқандай сескенбестен, қысылып-қымты-рылмастан, жүрексінбестен, сеніммен өз үлтты жөніндегі аңы пікірді жалпак әлемге жариялад отыр. Демек, үлттының ғұмырының мәңті екенине, жалған намысты емес, шындықты айту арқылы өзін-өзі тәрбиелеп, қоябасын тазартап, жан сарайын жаңғыртып отыратын белсенді қауым екенін, үлттық сана-сезімінің жоғары дәрежеде дамығанын паш

етеді. Демек, қазақ ұлты өзіне-өзі сенген үлт. Парасатты қоғам құруға толық қабілетті. Сол қоғамға бет алған қауым ретінде өзін көрсеткен халық екендігін танытты.

Жалған ұлттық намыс — сол ұлттың әлі де толық жетілмегенінің айғағы. Абай өз ұлтын биік саналы сатыға жетті деп, сөздің астарын исі адамзаттық дәрежеде түсінеді деп есептейді.

Ендеше көпке ортақ ойды ішке жасырудын қанша қажеті бар? Дүние ойшылдары Абайды сол ашық жүргегі мен өткір пікірі үшін жоғары бағалайды.

Өлеңдерінің аудармасы жеткізе алмаған тұстарын “Қара сөздері” толықтырып, оның “жұмбак жүргегінің” құпиясын ашады. Әлемге беймағлұмдау болып келген ұлтының жан дүниесін түсіндіруге септігін тигізіп, оның мұң-мұқтаждын, мақсат-мұддесін, арманын, рухани мұмкіндігін, өмір сүру кабілеттілігін, ойлау дәрежесін танытты. Абайды оки отырып, оның туған елін ешкім де корлай алмайды. Қорлағанның өзін қорландыруға Абайдың шығармалары толық кепілдік береді.

Ол өзінің ұлтын жаңын бере сүйген. Сондыктан да қүйіне сойлейді. Мұндай құбыллыс ұлы адамдардың барлығының да басынан өткен. Белгілі бір сана, таным дәрежесіне жеткенше халқын, түсінуге тырысады, түсіндіруге үмтүлады. Кемелділікке бет алғанда ұлтының бойындағы кемшіліктерді кегі кеткендей ызбармен әшкөрелейді. Толстойдың, Лу-шыңың, Достоевскийдің, Гогольдің, Бальзактың тәжірибесі соны дәлелдейді. Абай да солар көтерілген кемелдік шыңына шықкан. Ол тіпті қатты мінеуінен сескеніп:

“Қазакты жақсы көрем бе, жек көрем бе?” — деп күдіктенеді. Ұлтының қүйкі мінездері үшін қүйінгені сондай, дел-сал қүйге түсіп:

“Мен өзім тірі болсам да — анық тірі емесін. Әншейін осылардың (қазақтардың — Т.Ж.) ызасынаң ба, өзіме-өзі ыза болғаннаң ба, бәтен бір себептен бе? — еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім оліп қалыпты. Ашулансам — ызатана алмаймын. Құлсем — қуана алмаймын. Сойлегенім — өз сөзім емес, құлғенім — өз күзкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты құнімде қазақты қиып бәтен жаққа кетиек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде: өзге жаққа барып, жатты өз қылыш, уйр боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін деймін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде: “Әттең-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!” — деп қайтылы болмай, алдағы тілеу болмаса —

**артқа алаң болмай өлуге”** — деп те (“Тоғызының сөзі”) түнделеді.

Мұндай көніл күйді:

*Ойлы адамға дүниеде түк қызық жок,  
Көбінің сырты бутін, іші тұтін,* —

деген Абайдың өз ойымен ғана түсіндірге болады.

Жалғаннан жалыққан “ойлы жан” жалғыз Абай емес. Дүниеден түнделген де, “алаң болмай өлуге” бекінген де тек Абай емес. “Ақылдан азап шегіп”, рухани жалғыздықты сезініп, құмыққан да бір Абаймен шектелмеген. Барлық қасірет пен кесепат тек өзінін басына үйіп, оған өмір сүрген ортасы мен айналасы кінәлі іспетті көрініп қапаланып, қашып құтылуға тырыскан бәдәуи — дана да Абай емес. Толстойдың бар мұрасынан бас тартып, үйінен қашып кетіп, түзделі бекетте өлі — бұл шешімінің дұрыс емес екендігін, даналардың балалық мінезін танытады. Олар қайда болса да бұл уайымнан құтыла алмайтын. Өйткені, олар өзі өмір сүрген қоғамнан қайда қашып құтылар еді? Ешқайда. Абайдың ұлылығы сонда, дерптің, қоғамның, ұлтының ұшыраған дертінің себебін ашып, оны талдап кетті. Даусын білгенде ол ешкімнен жасқанбайды. Ол өзінің ұлтына қараты:

“... **Остіп, жер жүзіндегі ұлттың қоры болыш, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ...** өнерді, малды түзден, бөтен жақтан тұзу жолмен іздең, өрістетерлік күн болар ма екен? Эй, не болсын!.. Жұ қараға екі жұ кісі сұғын қадап жүр той, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?” — деп (“Жиырма төртінші сөз”) сөз тастап, намыс қайрайды.

Абай ұлтының дертін тапты. Дерптің себебін ашты. Емін ұсынды. Енді емдеу ғана қалды. Сол кеселді дерпті сылып тастауға ұмтылған ұлы емші, ұлтының емшісі — Абай.

Абай ұсынған емнін ең даусы — өзіңе-өзің сын көзбен қарауын. Адамның сыншысы — адамның тәрбиешісі де. Тәрбиеші сыншы — намысына тот бастырмайды. Мұны Абай:

“Әрбір жаман кісінің қылығына күлсен, оған раҳаттанып күлме, ыза болғандықтан күл, ызалы күлкінің өзі де — қайғы”, — деп (“Төртінші сөз”) түсіндірледі.

Мұндағы “қайғының” астарына мән берсөң, Абай “ызалы күлкінің өзі де — тәрбие”, — деп емеурін танытқанын аңғарасын. Бұл ретте “ызалы күлкі” деген сөз тіркесі Ницшеңің “дух тяжести” деген үғымның мағынасын береді. “Дух тяжести” де адамзаттық тәрбиенің құралы. Абай қазактың танымы арқылы пікір қорытса, Ницше исі адамзаттың биігінен тұжырымдайды. Мәселе, бірінің

оыйның кеңдігінде, екіншісінің аясының тарлығында емес, ойды өрістетудің тәсілінде. Эйтпесе, Ницценің адамзатқа ұсынып отырған өзге “емі” жок, ол да тұра Абай айтқан дауаны ұсынады. Ол Заратустраның атынан шалқи әрі астарлай сөйлем:

“Мен өзімнің жүргегімдегі дүлей періме (пигыл, жаман қылыш — Т.Ж.) үнілгенімде, оның әрі терең, әрі өүегей (кулкі) (“рахаттанып күл” — Т.Ж.) екенін, әрі байыпты (“ызалы күлкі” — Т.Ж.) әрі салмақты (“Ызалы болғаннан күл” — Т.Ж.) екенін байқадым. Бұл — Қасірет Рухы (“Ызалы күлкі”, “қайры” — Т.Ж.) еді, барлығының салын суға кетіріп, төмен қараташ тұрған сол. Ашумен емес, ызалы күлкімен оның көзін жояйық. Аттаныңдар, Қасіретті сейілтейік!” — дейді.

Сөз қолданыстары мен тіркестерінің өзгешелігі болмаса, жақша ішіндегі ұғымдармен салыстырсаныз, екеуінің де пікірлері орайлас. Адам өзінің бойындағы “жаман қылышты” “ызалы күлкімен” емде дейді.

Ал “ызалы күлкі” дегеніміз — ұлттың өзін-өзі қорғау қабілетін арттыратын сынни көзқарас. Сөз. Ызалы сөз. Уытты сөз. Улы сөз.

Сөздің тындаушысының құлағының тосаңдығына, санасының салғырттығына, сезімінің сұлесоктығына, жігерсіз талабына назаланбаған ғұлама жок. “Жанбай жатып сөнуге” бейім тұратын немкеттілік пен немқұрайлылық әр ұлттың бойында бар. Әзірше кілең зерек зиялыштардан тұратын ұлттық қофам дүние тарихында кездескен емес,

Абайдың тұсында қазақ жұрты рухани отаршылдықты басынан кешіргендіктен де томага түйік, үмітсіздеу өмір сүруі заңды да еді. Өйткені оларға дүние сәулесі өлеусіреп барып жететін. Соған қарамастан Абай бұл бүйірғылық пен бойсынушы-лықты жақтырмайды, сілкініс пен сергек көнілді. саналы әрекетті, рухани қарсылыкты, әрбір ұлттық харақеткө ой сала қарауды қалайды. Мұны ол:

“Көкіректе сәуле жок, көнілде сенім жоқ. Құр көзben көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұк білмейміз: “Біз де білеміз!” — деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, куре тамырымызды адырайтып кетеміз” — деп (“Жетінші сөз”) жеткізеді.

Ұлттық үмітсіздік — хайуани сезім. Заманың қасапханасына кетіп бара жатқаныңды білтіп тұрып түяқ серіппеу —

хайуандық түйсік. Ақылға, ашуға, қайратқа, ерікке ерік беріп, “шырақ жағатын” кез осы.

“Көзінен басқа ойы жоқ, адамның надан өуресін” көре-көре қапаланған Абай кейде:

*Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп көр тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ак зор тұтып  
Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысын  
Көнбеді ешкім сөзіме,  
Әдеміне қарасып, —*

деп түніліп кетеді.

Абай өзінің тұлға дәрежесіне жеткен кемелділігін түсінеді. Бірақ етегінен тартқан надандықтың осыншама тұңғирық, топас, томырық күш екеніне назар салмаған. Үміт ете жүріп әбден ығыры шыққанда бірден өзегі өртеніп, ойының еті жарылтып шыға келген.

Мұндай түнілу әрбір “ойлы адамға” тән құбылыс. Абай казактың надандығына ғана емес, сол заманың, сол қоғамның, сол ортаның әлі толық жетілмегеніне, адамның өмір сүруіне рухани жағдай жасалмағанына назаланады. Сөйтіе тұрып сол назалы елінің ішіндегі “көкірегінде сөүлесі барларға” сөзін арнап:

*Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанын.  
Жұрттың деуге арлымын,  
Өзге жүрттап үялын, —*

дейді олармен сырласқысы келіп.

Егерде бүкіл ұлтты жек көріп, оның келешегін үмітсіз деп таныса, жаппай “сыптыра елірме, сүркия” десе — онда қазак үшін мұншама намыстанып несі бар. Абай өзінің ұлттық намысын, ұлтының намысын жат жүрттың алдына жығып бермейді. Қайта солармен иық тіресе тұрып адамзаттың белсенді қауымына айналса, өзге жүрт та қазақпен санасса, оның пікірімен, мұлдесімен, ырқымен есептессе, сойтіп, төрткүл дүниенің төрт құбыласы түгел қазақ ұлтының жұмыр жерде өмір сүріп жатқанын сезініп отырса, азаматтарының ақыл-парасаты ұлтының ішінде үйлішіп қалмай, “түзден қанағат іздесе” — деп армандаиды. “Шіркін, сондай күн туар ма екен!” — деп аh үрады.

Әйтпесе, “қазақтың жауы — қазақ” — дегенде, өз ұлтын мұлдем түқыртып, іске алғысыз тобырдың жиынтығы деп отырған жоқ.

Абайдың осы бір ауыз сезін малданып, орынды орынсыз қолданып: міне, бізден елдік шықлады, Абайдың өзі солай деген — деп даурыққандардың өзі топас. Сол адамның өзі “жаулық істеп” отыр. Абайға да, ұлтына да өштік, менсінбеушілік сезімін оятып, теріс түсінік берген адамды бұдан басқа калай бағалауга болады.

Абай “казактың жауы — қазақ” — дегенде ұлтының өзін емес, заманға сай бейімделмеген самарқаулығын, дәстүрге айналып бара жаткан жағымсыз қылыштарын, отаршыл жүйе тудырған билік жүйесін, қасқунем саясатты, соған “сыпра еліккен” шенқұмарларды, араздықты қоздырудың себепкери — рушылдықты, жалған намыс пен мактанды мегзейді. Міне, соны түсінбей елді де, өзін де желіктірген қазактың ұлттық ынтымағын бұзып, бірін-біріне жауықтырып жүргендер, соған “eccis ғлескендер” “казактың жауы” дейді.

Осы бір “жаныққан ессіз жанталастың женсе, соны ұлттық мұддеге айналдыrsa, “бір қазакты бір казақ дос көрсе” — Абайдың арманы сол.

Әйтпесе, жаулық, өшпенділік, күншілдік, басыбайлық, есірік пен жалған желігү — қазактың ұлттық қасиеті емес. Ол тәуелділік әкелген жабыспак дерт. Не рухани, не экономикалық, не діни. Не билік, не ұлттық еркіндігі жок елден не құтуге болады? Ештеңде де.

Өуел баста, “қазактың ата-бабасында ерік те, намыс та, елдік те, ұлттық мұдде де” болған. Абай оны өлеңінде де, “Қара сезінде” де ұлғі ретінде ұсынады. Тіпті жеріне жеткізе талдап та береді. “Берекеге қас қылған, айтаққа желіктірген, ел тыныш болса ерігіп оле жаздайтындар” кімдер? Ұлт бол үйіп, ел боп еркін жүрген кауымды:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсекызыар, жалмауыз,  
Соры казак (ты) сол үшін,  
Алты бақан ала ауыз, —

еткен;

Озине-өзин күндеткен,  
Жақының жалған миндеткен,  
... Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай  
“іс қылдырған”,  
Мал мен бақтың дүшишаны,  
Кеселді пысықты, —  
“кобейткен” кім?

Қазактың өзі ме? Өзі болса соны еркімен істеді ме? Соңда ол шынымен берекесіз, бейімсіз, желөкпе ұлт болғаны ма?

“Қазақтың қазаққа жаулығы” — қазақтың мұддесін қозғаушы ма еді? Әлде елдікке ұмтылған ел болмай, ерлікке бастайтын ер тумады ма?

Онда тұра сол заманда даланы кекті құйындаидүрліктіріп жүрген Хан Кене қайдан шықты? Тіпті Абайдың өзі осы ақылды іштеп тұа үйреніп келген жоқ қой. Оның ойына шырақ жаққан сол қазақ қауымы, оның ата сөзі.

Ендеше, “қазақты қазаққа жау қылған” жүйе — отарлау саясаты. Билік, заң, дәстүр, діни таным, тәрбие отаршыл мемлекеттің ықпалына көшкен соң, қазақ ұлты барлық тұрғыдан алғанда да қантарылып қалды. Зорлықшыл мемлекеттің күшімен, шіркеу мен шенеуніктердің арбауымен еріксіз жаңа қоғамға бейімделді. Сол отаршыл қоғамның ұлт еркінен тыс ұлтқа зорлап жат қызықты тануының және жанықтыруының нәтижесінде тәуелді ұлттың ішінен:

*Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жұз құбылған салт шықты.*

Міне, “қазақтың жауы” болған қазақтар осылар!

Әйтпесе, қазақ ұлтының ұлттық қасиеті — жаулық емес! “Қазақтың жауы — қазақ!” — деп жүргендер Абайды түсінбеген, түсінгісі келмеген. Абайды арандатып, Абай арқылы өз мұддесін көздеп, өзінің сүйкімсіздігін өзгеден көріп, “жақынын жалған мінейтін” “кеселді пысықтың” нағыз өзі! Жаласын Абайға қалдырып, “ел тыныш болса... ерігіп өле жаздал!” жүрген “сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсекізар, жалмауыз!” ол. Өзінің иттігін ұлтына жауып құтылғысы, акталғысы келген “мал мен бақтың” дүшпаны.

Ондайларға бұдан артық сөз шығарудың өзі өсірелілік. Әйтпесе:

*Бұл сөзімде жалған жсок,  
Айтылмай сөзім қалған жсок.  
Абайланыз, байқаныз,  
Елдің жайы солай-ды, —*

деген Абайдың емеурініндегі “елдің жайының” қандай екенін ойлы, аңғарлы қауым аңғарса керек. Ал Абайдың ұлттық мұраты:

“Шынықтың сөулесі мені шапағатқа бөледі: мен сөзімді кесірлі тобырға (мағынасы бойынша аударылды — Т.Ж.) емес, сөзлі үгарлық көкіреп ояуларға аринаймы! Заратустра табынды (тобырды — Т.Ж.) қорыған бақташы да, ит те емес! Ол сол табынның (тобырдың — Т.Ж.) арасынан соңынан еретін кемелді ізден келді!” — деп Нищеше айтқандай:

*Өзін-өзі зор тұтын,  
Түзету еді заманды*

Оның бұл мұраты дәл осы заманда жүзеге аса қалмаған-  
дығымен де өзінің жемісін берді, қазір де беріп келеді,  
болашақта да:

“... Қөп өсіп, қөктей өсіп... өсе бермек күн санап та жыл  
санап!” (М.Әуезов). Абайга:

*Алашка ши жау боп, сырты күлмек,  
Жақынын тіріде аңдып, өлсे — өкінбек, —*

болған “кеселді пысықтың” қажеті жоқ.

Сондықтан да қазактың “иығынан асыра сөз сөйлейді”  
және оған толық қақысы бар болатын.

Себебі ол өзін ұлтынан жоғары қойған жоқ. Сол ұлтының  
қызығы мен қүйігіне қатар малынып, қуанышынан  
қүйіншін көп көргендіктен де денесін ақылдың уы жайлады.  
Әсіресе, “алашка іші жау боп, сырты күліп” жүрген “кеселді  
пысықтың” ланын көргенде жаны қатты түршікті.

“Кесірлі пысық” — “толық надан” емес. Мына “күйле-  
ген заманың” күйітін білді, оның айнымалы тілін тапқан.  
Сауаты да бар. Алайда олардан қайыр жоқ. Қайырсыз пы-  
сықтан жат жаксы. Өйткені:

“... орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның  
қаруымен тағы (да) қазакты аңдысам еken дейлі. (Олар мұны)  
... қазакқа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жүрт білгенді  
біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеппін  
үйренуі керек еді. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық  
кісі шыға алмай тұр” (“Жиырма бесінші сөз”).

Қазакты аңду үшін қазак боп туып, “дүниенің кілтін  
тауып”, “кеселді пысық” атанудың пәлендей қындығы жоқ.

Мұндаилар Абай заманында да болды. Бірақ олардың  
іскерлік аясы тар еді. “Кеселді пысықтар” қазір де бар.  
Білімді. Шалымды. Ғылыми дәрежеге де ие. Дүниенің төрт  
бүрышын шарлайды. Алыпсатарманға келгенде алдына жан  
салмай жалақтап тұр. Ендігі пигылы — қазакты аңду. Өзі  
жетіп алған соң қолындағы байлығы мен “қаруын” қазакқа,  
туған ұлтына қарсы пайдаланбак.

Саудаменен аты шыққан саудагерлердің мінезіне  
Абайдың “Қара сөзіндегі”:

“Осы күнде қазақ ішінде: “ісі білмес, кісі білер” деген  
мақал шықты. Оның мәнісі: ісінің түзулігінен (әділдікке)  
жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің деген  
сөз... Байлар, олар өздері де бір күн болса да дәүлет қонып,  
дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малмен

сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда: адалдық, арамдық, ақыл, ғалым, білім — еш нәрсе малдан (ақшадан — Т.Ж.) қымбат демейді. Мал болса (ақша болса — Т.Ж.) құ-дайтағаланы да паралап алам дейді. Оның діні, құдайы, халқы, білім-ұты, ары, жақыны, бәрі — мал (ақша — Т.Ж.). Сөзді қайтіп үқсын, ұғайын десе де қолы тие ме?” — дегеннен (“Сегізінші сөз”) асырып мінездеме бере алмайсың.

Абай әр сөзді орнына қойып тұрып бағалап берген.

Дүниеде байлықтан да қымбат құндылық — ұлттық қасиет екенін жадынан шығаруға ешқандай азаматтың құқы жоқ. Абай:

“Қазақтың жауы — қазақ!” — дегенде сондай “кесірлі пысықтарды” айтып отыр.

Иә, заманың бұлай боларын Абай білмеді. Бірақ өз ұлттының жан дүниесі мен жүйке-жүйесіне ой жібере отырып, мұндай да “азғыруға бейімділігі” барлығын байқап, ашына сойлеген. Тіпті өткіншек мінез емес екеніне көзі де жеткен сияқты. Алданып, арбалып, қорланып, әрекеден зәrezап болғаны сондай:

“Осы мен өзім — казакпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді? Уә өрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілі тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке. не онысы болмаса, мұнысы бар той деп, көңілге қуат қылуга жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем: сөйлеспесем, мәжілісте, сырлас, кенесте болмасам керек еді. Тобына бармай: “Не қылды, не болды?” — демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқаның (екеуінің) бірін тұттай болмас еді”, — деп өзінен өзі күдік келтіреді.

Абайдың бұл күдігі — саудагерлердің көздеген пайда-күнem күдігінен баска. Рухани түңілу, ұлттынан безіну немесе ұлтын жасырып жақсылаттану емес.

Жағымсыз мінез, сумақай-сылтың, қасқунем, көрсекзы-зар, биликкүмар, ақшакүмар адамдар әр ұлтта бар. Абай ұлттын сүйе отырып, сондайлардың қазақтың ішінде болғанына намыстанады. Сол жағымсыз мінездің ұлттық мінезге айналып кетпеуі үшін жаныңа батыра айтады.

Өзінің туған анасы мен өгей анасының мейірленуін енбегі катпаған сәби де сезеді екен!

Ендеше, Абайдың казақ туралы батыл қолданған сөздері мен айтқан пікірлеріне исі ұлттың оқілінің бас иіп мойындауы

занды. Абай ол үшін өзінің екі туып бір қалғаны, “ұлтының үйіткесі!” Сондықтан да исі казақ халқының өкілі оның:

*Мұндай елден бойын тарт,  
Мен қажыдым, сен қажы!  
Айттып-айттай өтті карт,  
Конбеді жүрт, не ылажы? —*

деп қынжылуының себебін түсінеді.

Шындығына көшсек, ұлтымыздың бойындағы адамды қажытса — қажытатындағы кесірлі қылықтар көп-ақ. Бірақ ол мүккем жүртты жек көрінішті етуте немесе одан бас тартуға себеп бола алмайды.

Кезінде атышулы Г.В. Колбин де: “Мен Абайды оқып шықтым. Қазақтың барлық жамандығын жақсы жазыпты. Өзі нағыз интернационалист ұлы ақын екен!” — деп мысқылдан еді. Оның сүйсініп тұрып оқығаны Абайдың қазақты мінеген тұстары. Партияның “оқшантайынан шыққан адамның” можантопай түсінігі соған ғана жетуі занды. Ал зиялды қауым Абайдың қазаққа айтылған — әрбір ұлттың бойындағы “кесірлі қылыққа” айтылған сын екенин түсіндірмей-ақ түсінеді.

Сондықтан да, Абайдың ілімі исі казаққа ортақ. Әттен, ен өкінішті жері, Абай өзге тілге аударылғанда онын сөзінің астарының қағыс қалып қалуы, айттар ойы ашылмай, басқа үргандағы етіліп қарадүрсін, сөзбе-сөз жеткізілуі. Мұның өзі Абайды әр сакқа жүгіртүте ілгішек болып келеді. Ал әрбір санасты тұманды орманның жанына барып оны талдалап тұра алмайсын.

Бұл енді өзіміздің, исі зиялды қауымның кінәсі. Оған Абайдың қатысы шамалы.

Дегенмен де, ұлттың өз ішіндегі “кесірлі пысықтарды” “желіктіріп” отырған жасырын күш те аз емес. Олар Абайдың қазаққа қадірінің қандай екенине көзі жеткен сон, арандатуды тұра Абайдың өзінен бастады! Әсіресе, казақ елі тәуелсіздік алған тұста мұндаидай рухани қастандық өрши түсті. Оның себебі...

## II

Тәуелсіздіктің жолы ешқашанда тауқыметсіз болған емес. Оның ішінде рухани, психологиялық тәуелділікten арылу үшін сананың көлеңкесіндегі күдіктің жойылуы кажет. Өзге халықтың парасатына, ақыл-ойына үстемдік жүргізіп

дағдыланған өктемдік пиғыл бір үрпак ауыспайынша жойыла қоймайды. Американдықтардың зәңгірлерге, ағылшындардың индиялықтарға, француздардың алжирлықтарға, испанцыктардың үндістерге деген астамшылдығы мен кемсітіү екі ғасырдан бері сақталып келеді.

Демек, бұл қазақтың да пешенесіне жазылған “сыбаға” деп түсінген абзал. Бірақ барлық рухани “жан бостандығын” (*Абай*) “егеменді” деген елеусіз сөзben, екішты ұғыммен бүркемеленбей, ұлттың рухани тәуелсіздігі ашық наси-хатталуға тиіс.

Қазақ елінде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты рухани тәуелсіздікке қарсы оте қауіпті азаматтық қасарысу, ішке бүккен егес, тістене отырып дық, сыздана отырып сес көрсету қозғалысының пайда болуы заңды. Мұны азаматтық мойынсұнбау деп те бағалаған жөн. Ерте ме, кеш пе ол күш бұырқанбай қоймайды. Оның басты себебі қазақ елін мекендерген орыс тілді түркіндардың сол елдің Мемлекеттігін мойындауында және оның ең асыл нысаналары мен қасиеттерін менсінбеуінде. Өзінің тарихи “міндеттін” орындаі алмаған өктем ұлт енді өзі бастап, бірақ аяқтай алмай кеткен рухани, саяси және экономикалық қастандық әрекеттерін бодаңдықтан құтылған азат ұлттың мойнына арта салды. Сөйтіп, отаршылдықтың барлық кесірін сол ұлттың бойындағы “кесірлі қасиет” деп жарияладап, дербес мемлекет ретінде өмір сүруге қабілетсіз деп көрсету үшін қандай да болсын арандатудан бас тартпады. Бұл рухани қастандық-өктемдіктің, отарлау саясатының кесірі толық жойылғанша тоқтамайды. Мұләйімси қалып, мұқатуға тырысады. Мысалы: көпұлтты мемлекеттің ішіндегі ұлттық түйіншектерді тек қана жергілікті ұлт шешуі керек және ұлттық қауіпсіздікке сол ғана жауапты, кез келген шиеленістің түйткіл жергілікті ұлттан шығады, сондықтан да олардың төзімді, шыдамды болуы керек деген бір жақты саясат сондай “кесірлі ойдың” кермегінен туған. Тәуелсіз мемлекеттің тағдырына оның азаматтығын алған өзге ұлттардың да жауапты екенін назардан тыс қалдырып, мемлекет өміріндегі күнделікті қам-қараетте қалайда олардың көнілін табу-майпаздау, басынан сипап жұбату саясатын жүргізуге мойынсындырады. Сөйтіп, енді қазақ елі солардың рухани кепіліне айналмақ. Бұл тәуелділіктің бір түрі. Олар өзіне өктемдіктің онтайлы жолын таңдал алды. Ал экономикалық өктемдік те өзге ұлттың қолында. Жекешелендіру толық аяқталып болған соң өндіргіш күштердің дені жергілікті емес ұлттардың иілігіне айналды. Оған еш таңданудың реті

жоқ. Өйткені өнеркәсіптің дені ұлы империяның саясатынан ыркымен ауып келген отарлаушы “енбек армиясының” қолында. Олар экономикалық тәуелсіздік пен жекеменшіктік құқ алған соң әкімшілікке бағынбайды, өз дегенін істеп алпауыттар күні ертең Сіздің мемлекетіңіздің муддесін ойламақ түгілі жалынан да сипаттайды. Ал рухани өктемдік пен арандату үстемелеп жүргізіле бермек. Әкімшілік әрі экономикалық тәуелділіктен арылмаған мемлекеттің қауқарсыздығынан және еркіндікті желеу еткен жел сөздің желігінің салдарынан рухани өмір саласында бейпілаузылыштық, қолгірсіген қосемдік, аярлықта құрылған “анқаулық” өрши түседі. Тағдыр басқа салды, біз көндік, үлттардың туыстығын сактайық деген ниет те, саясат та дұрыс. Бірақ бұл екі жаққа да тен жүргізуі туіс.

Жоғарыда айтылған азаматтық мойынсынбау — тұра осы рухани салада ерекше байқалады. Мысалы: қазақ елі арғыбергі заманда өмір сүрген ардакты тұлғаларының әруағын көтеріп, халықтың өшкен рухын қайта жандандыру үшін иғлікті шара жасады. Бірақ та қай үлттың өкілі соны дәріптеді? Керісінше, американдан келген миссионерлердің ығында қалды. “Караван” газеті Бұқар жыраудың тойында пәленбай адам өліпті. Ол өзі Абылайдың жаршысы болған адам екен деп жар салды. Біз мемлекеттігіміздің нысаналы тұлғасы деп отырған адамымызға берілген сыйбага осындей. Демек, бұл қазактар өздері даурыға берсін, оның бізге қатысы жоқ деген ішкі еgestен туған кесірлік.

Ол ол ма, тіпті Абайдың өзіне азуын білеп, арандатуға кірісті. Өктемдік пен рухани өшпенділікті сактап қалу үшін Абайға “қазакты аңдышты”.

Әңгімені тікелей Абайды арандаткан әрекеттен бастамай, тамырын әріден суыртпактап отыруымыздың бір себебі, қозгалар такырыптың жекелік емес, жалпылық сыйпат алып отырғанында. Рабинранат Тагор:

“Әр халық өзінің тағдыр-тауқыметін әлем алдында айта алғатын болуы керек. Егер ол халық төрткүн дүние үшін ештеңе бере алмаса мұны үлттық қасиетті қылмыс деп бағалау қажет, бұл өлімнен де соракы және оны адамзат тарихы кешірмейді. Әр үлт өзінін ең асыл қасиеттерін адамзатқа ортақ қазынаға айналдыруы туіс. Өзінің ғана жеке муддесін жеңіп, оны сиртқа шығару арқылы бұл халық өзінің рухани мәдениетінің салтанатына бүкіл адамзатты шақырады” — деп жазған еді.

Ал қазак халқының әлемдік парасат майданына шығарған тұлғасы — Абай. Сол Абай арқылы біз өзіміздің мәдениеттіміздің дәрежесін өзгелерге таныта аламыз.

Иә, бұған қуану керек еді ғой! Дегенді өдейі өткен шақпен, айтып отырымын. Оның себебі...

Абай қазақ халқы үшін қасиетті болғанымен, империяның рухани өкілі үшін ол мазактың қуралына айналды. Олардың сөзіне сенсек: “Қалың елім. қазағым, кайран жүртүм!” — деп ет жүргегі езілген ұлы ақын өзінің туған халқының бойынан бір тал жақсылық көрмепті. Бұған Сіз таңданбаңыз. Мәселе былай: 1993 жылы қазан айының соңында ғалым, жазушы Нығмет Фабдуллиннің сілтеуімен маған Қазақстан Республикасының аға прокуроры Бақытжан Еркебаев пен Солтүстік Қазақстан облыстық прокурорының тергеушісі Саян Ахметжанов жолығып, Қызылжар қаласындағы орыс қауымдастырының атынан шығатын “Вознесенский проспект” деген газетсымақтың 1993 жылғы 15-санында жарияланған “Абай: өсiet сөздер” деген мақаланы оқып шығып, пікір айтуды өтінді.

Максаттары — ұлтараздығын тудырғаны үшін газетті жауапқа тартпак екен. Абайдың сөзін малдана отырып, қазақ ұлтының бетіне түкірген көрінеді. Сондыктан да маған әдеби төреші (эксперт) болуды өтіне келіпті. Одан кім бас тартсын. “Изучите”, яғни “оқып, зерттедер” деген айдарды көргенде көдімгідей заң қызметкерлеріне мұнда тұрған не бар дегендей таңдана қарадым.

Бірақ та астарлы жазылған түсініктемеден кейінгі Абайдың “өсietтерін” оқығанда жағамды ұстадым. Бір халықты екінші халықтың алдында дәл осындай жек көрінішті етіп көрсететін мақаланы өз басым ешқашанда оқығаным жоқ және Абайдың қазақ халқын дәл осылай “қарғайтынын” бұрын байқамаппны.

Байқайтын жөнім де жоқ екен. Өйткені, мақала авторы (оның осы газетті шығарушы, журналист Б.Супруньюк жазғанын маған тергеуші айтты) сондай бір ептілікпен Абайдың “Қара сөздеріндегі” қазақ туралы ашына айтқан пікірлерін арасынан теріп-теріп алыпты да; “Міне, қазақтың сиқы осы” дегенді емеурін етіп, сөзінің аяғын;

“Осындай сөз танымайтын елге сөз айтқанша, өзінді танитуғын шошқа жақсы деп бір хаким айтқан екен, сол секілді сөз болды”, — деп бұл сөйлемді қара әріппен тергізе отырып ойын қорытыпты.

Яғни Абайдың қазақ туралы пікірінің түйіні осы және газет оқырманы мұны есте ұстасу керек екен. Өйткені, “дәл осы сөзден артық оның ойын жеткізетін” өсiet жоқ көрінеді. Қысқасын айтқанда, қазакты қазақтың — ұлы Абайдың көзімен жек көрінішті көрсетіп, өзі ту сыртында тұрып аяrlана, айызы қана миығынан күліп түр екен.

Міне, мен жоғарыда айтқан іштей егестің бір парасы осы. Бұл дегеніңіз кәдімгі арандату және қазақ халқын масқаралау.

Автор осындай жымысқылықтен Абай сөздерін іріктең ала отырып, оның айттар ойын мүлдем өзгертіп жіберген. Мақалада қазақ халқы барып тұрған ұры, керенау, өз бетінше елдік сақтай алмайтын, өтірікші, пәлекор, көрсекізар, жалмауыз, алаяқ, арызқой болып шықты. Оның “Факлиясы” тек қазақ халқын қарғаудан, корлаудан тұрады екен.

Ал бұған не дейсіз? Әлде журналист Абайдың сөзінің астарын білмей отыр ма? Жок. Қасақана істеген арандату бұл. Қазақ халқының ең қасиетті рухани мұрасын бұрмалап, әдей өшпендейлік сезімін оятуды, ал өзге ұлттарға (бұл арада орыс тілді тұрғындарға) қазақ халқын мазақ етіп көрсетуді көздеген.

, Оған дәлел:

Біріншіден, газеттегі айдар сол мақаланың айттар ойын ашып, мақсатын білдіріп тұруы керек. Бұл — журналистиканың әліппесі. Оны түсіндірудің қажеті шамалы. “Изучите”, яғни “оқы, зертте” деген сөзді Абай оқып, үйрен деп мегзеп отыр деп түсінуге болады. Жарайды, солай-ақ болсын. Соңда оқырман ұлы ақынның өз ұлтын “қарғаганынан” не үйренуге тиіс? Неге әрбір “Қара сөздің” мазмұнын ашпай, Абайдың әр жердегі “қарғыстарын” теріп алған?

Демек, автордың түпкі мақсаты — Абайдың ілімін насиҳаттау емес, Абайдың ұлты сондай, ал одан үйренетін ештене жок, орыс халқынсыз өмір сүре алмайды — деген пікірсұмакқа саяды.

Мысалы, “Үшінші сөзіндегі”: “Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, іә болмаса орынсыздығынан елден кетпек — әр қазактың ойы осы. Осылар біріне-бірі достық ойлай ма?” — дегенді алады да, содан кейін екі-үш бет тастап кетіп: “Осы қазақ халқын осындай бұзықтылыққа тартып, жылдан-жылға төмендел бара жатқанын көрген соң менің ойыма келді: халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадарлы орысша образование алған кісі болсын” — деген сөзді келтіреді.

Яғни, “Үшінші сөздегі” Абайдың айтайын деген ойы осыға сияқты.

Шын мәнінде Абай “Үшінші сөзде” мемлекеттік билік, сайлау жүйесі, зан мен дәстүр, қазактың ескі билерінің басқару құрылымы, “Қасым ханның қасқа жолы, Есімхан-ның ескі жолы”, Әз-Тәуkenін “Жеті жарғысы” туралы айтып, бұрынғы билік дәстүрін үлгі етпей ме. Бұғынғы Конс-

титуциялық сот үлгісін ұсынбай ма? Мұндай бүрмалаудың астарын оқырман енді түсінген болар.

Екінші, мақалаға кол қоймаған. Демек, бұл бүкіл редакцияның пікірі болып табылады. Егерде “Вознесенский проспектін” ұстанған бағыты өзге ұлтты мазактау, оның қасиетті рухани мұрасын қорлау болатын болса, онда қай мемлекеттің мұддесін қозғап отыр. Негізгі мақсаты не? Ұлт араздығын тудыру ма? Әрине солай. Ол өктем ұлттың өктем боп қалатындығын мегзеп отыр.

Үшінші, ол түсіндірмесінде: мұның барлығы Абайдың өз сөзі, біздің алып-қосарымыз болған жоқ — дейді. Бұл мүлдем олай емес. Абай ешқашан өз халқы туралы дәл осылай жиып-теріп бір жерге сыналады, теріс тұжырым түйген емес. Егерде біз ұлы ойшылдардың шығармаларын дәл осылай пайдаланатын болсақ, онда керісінше әрекет етуге де болады. Мысалы: Гогольдің “Өлі жандарындағы” Плюшкиндердің сөзін тізсек, не Лермонтовтың “Прощай, немытая Россия, страна рабов” — деген іспетті өлеңдерін теріп алсақ, Достоевскийдің, Пушкиннің, Толстойдың, Буниннің, Горькийдің шығармаларындағы сондай мысалдарды үзік-үзік етіп құрастырасақ, П.Я.Чаадевтің “орыс жұрты өз бетінше ел бола алмайды, өйткені ол ешқашанда өзін-өзі билеп көрген жоқ, билеуге де кабілетсіз... Тек өзгені жауап алушмен күнелтеді” — деген іспетті пікірлерін терсек, онда мақала емес, пәленбай том кітап шығар еді гой. Біз үшін ондай арандатуға баруымыз — “ар ұялар іс” (*Абай*) болар еді.

Төртінші, қаншама мұләйімсігенмен, бұл мақалада авторлық (яғни Б.Супруньюктің) пікірі бар. Ол — ең алдымен Абайдың “Фақлиясындағы” қысынды, акынның философиялық, этикалық, адамгершілік, рухани тәуелсіз, ғылым мен өнер, мемлекет пен зан, дәстүр мен салт туралы пікірлерінің жігін жіктеп, негізгі ойынан әдейі адастыру үшін сұғанақтық жасап үзік-үзік пікірлердің басын қосып отырған журналист. Абай дәл осы қалпында оны баспасөзге ұсынған жоқ, сондықтан да оның барлығын “қыыннан қыстырып” таңдал алған, барлық сөйлемдердің мағынасына карай белгілі бір арандатушылық пиғылға сай етіп “тұтастандырып” жазған адам осы топтаманың авторы болып табылады. Әйтпесе, ол сөздер өз-өзінен газет бетіне сап түзей қалған жоқ.

Бесінші, сондай әккілікпен берілген, ортасына қыс-тырылған:

“Ең дұрысы ұлы Абайдын осы ұлы ойларын осыдан тұра 100 жыл бұрын жазылған “Он тоғызыншы сөзімен аяқтаған лазым” — деп, — “Осындай сөз танымайтын елге сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны жақсы деп хаким айтқан екен, сол секілді сөз болады” — деген асты сызылып берілген мысал соған дәлел”.

Бұл арада жалтарып кете алмайсың. Талай әдеби арандатушылар пайдаланған, тәжірибеден откен қитұрқы тәсіл. Ал “сөз үкпайтын елдің” кім екені және оны Абай емес, мақала авторы айтып тұрғаны бел-белгілі болып тұр.

“Абайдың өсиет сөздерін” қарғысқа айналдырган Б.Супруньюктің мақсаты не сонда? Абайды мазақтау ма? Ол да бар. Мұның астарында “Ардақтаған ұлыларыңың не дегенін көрдіндер ме?” — деген емеуірін, мысқыл әжуа жатыр. Абай — халықтың, қазақ халқының сөзі мен өзінің, арының, рухының нысанасы. Егерде сөйткен Абайды мазаққа айналдыруға жол берілсе — онда мемлекет боп даурығудың не жөні бар. Бірде оны жарылқап, бірде мұны қостайтын болса, ондай саясаттың құны неге тұрады?

Тәуелді, тәуелсіздік деген осы. Бұл империялық рухани өктемдіктің арандату, басыбайлы ету, ұлттық сананы іріту саясатының жалғасқан жаңа тәсілі. Мақаланың ар жағында заманға қарай құбылған “ізгі ниеттілердің” арамза пиғылы қылаң береді. Өйткені мұны жазып отырған қатардағы көп оқырманның бірі емес. Кезінде облыстық газеттің жетекшілігінің бірі болған, Мәскеуден университет бітірген, Ресей газеттінің Қазақстандағы тілшісі, Солтүстік Қазақстандағы Орыс қауымдастырының төрағасы (предводитель) — Б.Супрунюк.

Демек, бұл мақаланы бір адамның пікірі, жергілікті газеттің “қүнкілі” деп қарауға болмайды. Орыс емес, орысшыл қауымдастықтың пікірі. Мақсаты — Абайды, Абай арқылы қазақ халқын келемеж ету. Тәуелсіз мемлекетті мойынсынбау. Оны әлі де отар ел деп қарау. Дәл осылай демеске лаж жоқ, өзге бағаны ойлан табу да қыын. Демек, Солтүстік Қазақстандағы Орыс қауымдастырына, оның төрағасы Б.Супрунюкке, “Вознесенский проспект” газетіне Абай да, оның елі де бодан қалпында қалды деген сөз.

Оқінішке орай, Абайға жасалған арандату жалғыз бұл емес. Кезінде Мәскеулік “Книжное обозрение” газеті де шу шығарды. Оның авторы Шығысқазакстандық Е.Курдаков еді. Дәл осы екі аймакта ұлыимпериялық өктемдіктің байқалуы тегін емес. Қазақ ұлтының мәдени мұддесінене, рухани мұрасына, оның тіліне қырын қараушылық анық байқалды. Өйткені бұл өлкеде миссионерлік, отаршыл пигыл екі ғасыр-

дан бері жүргізіліп, әбден етіне сіңіп кетіп еді. Петрушенко кеткенмен Васильевалар орнында қалды. Ал оларға қандай шаралар қолданылды? Мемлекеттік тәртілке бойынушылық қайда? “Вознесенкский проспект” тіркеуден өткізген мемлекеттік мекемелер оның жарғысын қалай бекітті? Әлде онда ұлтаралық араздықты, жек көрінішті қоздыру, мазак ету туралы бап бар ма? Жок. Бірақ тәуелсіз мемлекеттің заны тәуелді баптардан толық арылып болған жок.

Қазақ халқының қасиетті тұлғасы Абайды өзінің елінде дәл осындай келекеге үшыратса, онда дүние жүзіне қалай насиҳаттамақ? Өзгені қайдам, дәл осы оқиға үлт арасындағы іштей егесудің өршүіне мұрындық болды. Арандатушы Б.Супрунюк екі жылға шартты түрде жазаға кесілді. Азабын Абай емес, арандатушының өзі тартты.

Алайда — мұндай ыргасудың жақсылыққа әкелмейтіні белгілі.

Төзімді текетіреспен сынауға болмайды. Абай үлттық қасиетіміз. Абайды арандатпайық — ардақтатайық.

### III

Пікірімізді тұжырымдасақ, Абай — ұлттымыздың айнасы. Біз соның іліміне иланып, ойымызды да, бойымызды да түзейміз. Егерде үлттың атын емін-еркін иініне қарай қолданып, жанымыздың бататын сөз айтқысы келген данаға да, дара адамға да қояр талабымыз біреу-ақ:

Абай қазақ жұрттың қалай сүйді, сен де солай сүй. Сонда гана сөзің әрі дәрі, әрі рухани дауа болады демекпіз.

Ал “кесірлі пысықтар” оларсыз да өз арамызда өріп жүр. Оған мысал іздел бас қатырмайық. Бірімізге-біріміз тұра қарап, жана ырымбызбен жүргімізге үңілсек жетіп жатыр. “Көзінен басқа ойы жоқ па”, “жүргегінің көзі ашылған ба, жабық па”, “қисық, қыныр келмей, тұзу кеп түр ма”, оны анғару киындыққа сокпайды.

Абай ойының көзі де, жүргегінің айнасы да үнемі ашық және “жүргіне кір жасырмай” айтарын емін-еркін айтады. Сол мінезі үшін де оны қасиет тұтып, бас иеміз. Өйткені ол біздің ақыл-оійымызды, рухымызды өзгеге тәуелді еткізбейді әрі басындырмайды. Айтатын адам Абайды жақсы көріп, Абайды зерттеп, Абайдан асырып айту керек.

Ондай ұлы жүрек сирек келеді дүниеге. Бәлкім, енді тумауы да ғажап емес. Бірақ өзін-өзі тәрбиелеген үлт тәрбиешісіз қалмайды.

## 17. “ЖЫЛЫ ЖҮРЕК СУЫНДЫ, ЖАРА ТҮСТІ...” (*Абай және Гете*)

### I

Адамзаттың ойлау жүйесі мен көркемдік өлемін, рухани танымын, касиетті бағалау безbenін, түйсіну түсінігін астанаң кестенін шығара сапырылыстырып жіберіп, мұлдем соны ақыл таразысына ұсынған, мойындаған, мойындауға мәжбүр еткен даналар әр үлттың маңдайына біте бермеген. Ондай тұлғаларға исі адамзат үнемі зәру болып қелді және ол зәрулік ешқашанда жойылмақ емес. Даналық қайшылыққа толы, жеке басының әурешілігін жеңе алмаған, “етекbastылықтан” құтыла алмаған, “ит тіршілікті көре-көре дүниеден жалыққан” (*Абай*) қәдімгі пенде бола тұра өлемдік ақыл-ойдың өлшемі болмақ.

Сондай дегдардың бірі — Гете. Оның бар болмысымен неміс ұлтының даналық мәйеңі болғанына қарамастан, кез келген зиялды жан Гетеңі өз жан жүргегінің жарышы деп таниды және оған ешкім де араша түсे алмайды. Олар өз дәүірінің көркем бейнесі арқылы мұқым адамзаттың тарихи және ақыл-ой дамуының күрделі таным жолын талқыға салып, таразылап кетті.

Даналар өз заманының рухани ескерткіші сияқты. Ондай ескерткішті өзін “өмір сүруге қабілеттімін деп есептейтін әрбір үлт” (*P. Tagor*) орнатуы тиіс.

Гете марқасқаға қатарластыра қойған казак ұлтының ұлы тұлғасы — Абай. Абайдың өмірге келуінің өзі қазак ұлты үшін ұлы күбылдыс. Өлемдік ақыл-ой түрғысынан есептегендегі, біз Абайды Гете мен Пушкиннің қатарындағана елестетеміз. Тіпті аса инабатты әрі зиялды адамдарымыздың кейде Абайды даңқ тұғырына жалғыз қойғысы келіп тұратыны да бар. Әрине, бұл үлттық өзімшілдік. Өйткені, дәл осы қошпелілердің қадым тарихы мен таным тарихын, бүтін болмысын, жан дүниесін, оның тағдыр тауқыметі мен бақталайын, ақыл-түйсігін Абайдай көркем оймен жеткізіп берген тұлға өлемде жок. Ал “қанына тартпағанның кары сынсын” — дегендегі, жалғызын жанына тартпайтын пенде аз.

Абай қазақ ұлты үшін даналар даңғылындағы жалғыз тұлға. Ол үшін мактану — масаттану емес. Ұлтының ұлылар мәйегіне үлес қосқаны үшін өзін-өзі зор тұтқан жұбаныш. Ондай сезімді әрбір дананың жұрты басынан кешірген. Біз бұл ойға Гете дегдарды сөз еткелі түргандықтан да келіп

отырмыз. Гете мен Абайдың өмірі мен жан дүние құбылыстарының тоғыса тамырласқаны сондай, олардың пенде, ақын, ойшыл, ғұлама ретіндегі даралықтарының ортақ қасиеттерін табу зерттеуші үшін әлдекайда женіл. Гете данышпаннның жан құпиясына санасын саралай үңілген оқымысты Александр Абрамович Аникст тарихтағы даналардың танымын талқылай келе:

“Әлем әдебиетіндегі аса сирек кездесетін даналардың бірі Гете — әрқайсысының өзі бір-бір дәүірлің рухани тәжірибесін өз шығармасының бойына сіңірген азғана ой алыптарының қатарында түр. Қоңе дүние дәүіріндегі ежелгі әдебиет үшін — Гомер, ортағасыр үшін — Данте, дәүірлеу дәүірі үшін — Шекспир, ал бізге жақындау заман үшін — Лев Толстой сондай тұлғалар болды. Олардың шығармашылығының тарихи астары мен маңызы өздерінің өмірбаяндарының шеңберіне сыймайды. Данышпан ақындардың даналық ойы бірнеше үрпақтардың рухани құлшынысын, үмті мен күйіншін, мұраты мен мұддесін жеткізеді”, — деп баға береді.

Дәл осы тізімге Абайды да қосып, бүкіл көшпелілер әлемінің, исі қазақ ұлтының қайғы-қасіретін, қуанышжұбанышын, өткені мен ертеңін, рухани азабы мен үмтүлісін өлеңіне өзек етті десе — еш артықтығы жоқ және дәл солай деп қымсынбай бағалау қажет. Тек соны жеткізіп, сендіріп, дәлелдеп, мойынсындырып, орнын тауып айтатын оқымысты жетіспейді.

Өйткені, Абай жай өлеңші емес, аса талантты ақын. Ол — дана. Адамзат көркем ойында сирек кездесетін кеменгер.

Жер бетінде осындай тамырлас даналардың бар екенін және бір-бірімен қатар иықтасып тұра алатынының дәлелі ретінде Абайдың туған жеріне Гете, Лермонтов, Абай үшеуінің ескерткіші орнатылды. Оларды қатарластырып тұрган — жасанды күрмет емес. Даналар рухының табысусының айғағы.

Даналар үлтка бөлінбейді. Әр тілде сойлекенімен “акыл азығы” біреу. Ол рух пен даналық мәйегі.

Үшеуінің бедерінің астына “Қаранғы тұнде тау қалғып” деген сөзден басталатын өлең қашалып жазылған. “Тұнгі жолаушының әнін” неміс тілінде жазған — Гете, орысша аударған — Лермонтов, казақша әнмен сөйлеткен — Абай. Осы өлең арқылы даналар өздерінің рухани үндестігін барша әлемге дәлелдеп, жар салып түр. Бұл өлеңнің шығу, аударылу тарихы туралы осы үш тілді суша сіміріп өскен Герольд Белгер ықтиягты түрде баян етіп кеткендіктен де оған тоқталмаймыз. Көзі каракты оқырман оны назарынан тыс калдырmas. Алайда:

“Ол үнемі біздің санамызда өмір сүреді, тек анда-сандағана оқтын-оқтын, ал кей кезде ұзак мерзімге тасаланып қалады. Ол үшін уақыт есеп емес, өйткені кез келген даналық уақыттан тыс тұрады. Олардың жүректегі бейнесі де өзгеріп отырады, өйткені кез келген дана өзінің бейнесін жүргегіңе сіңіріп жібереді”, — деп Герман Гессе айтқандай, әркім даналардың ой тоғысына өз көңіліндегі бейнесі арқылы түсіндіруге қақысы бар.

Оның үстіне, Гете мен Абайдың өз ұлтының рухани өміріндегі орнын, жеке бастарының қайшыласқан тағдырын, рухани және пенделік торығуын, “махаббат пен ғадауаттың” жүргегінің мұнын, олардың өз ұлтының ойлау жүйесіндегі ақыл арналысын бағамдасақ, қос дегдардың тұлғасынан тамырлас таным негізін аңғарамыз. Бұл жай ғана кездейсок оқиға емес, даналардың дара тұлғаларында ұшырасатын табиғи заңдылық. Даналар өз заманымен бірге пенде ретінде дүниеден көшкенімен өмір орнында тұрмайды. Бір қайшылыққа екінші қайшылық қосылып, қоғам құрылышы күрделене бермек. Ал ондағы тіршілік ететін адамзат пен адамның пиғылына өзгеріс ене қоймады.

Демек, “алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен көміліп, кезекпенен өлінгенімен” (*Абай*), тіршіліктің күйкі мәселесі даналардың алдына тағы да жаңа аңызы сыбағасын тосады.

Өзінің даналық болмысын Абай Гетеден қабылдап алған деуге өміrbаяндық, туған орта, шыққан тек тұрғысынан болмаса да, рухани тұрғыдан толық негіз бар. Өйткені екеуі де өмірінің соңында дүниеден қатты тұңліп кетті. Ал сондай тұңлуге алып келген қоғамдық және өміrbаяндық себептер де бір-бірімен қабаттасып жатыр. Тіпті ұсақ-түйек түйіншектерге дейін қатар түйінделіп, ортақ дәрежедегі көңіл күй ренішін тудырган. Соның ішінде оларды рухани жалғастырып тұрған “тұнгі жолаушы” — Гetenің:

*Қаранғы тұнде тау қалғып,  
Үйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-салғып,  
Тун басады салбырап.  
Шан шығармас жол-дағы,  
Сілкіне алмас жапырак.  
Тыншиғарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсан азырак,* —

деген өлеңіне қатысты жан күйігі де жүргегінді шымырлатады.

Адамзат ойының алыбы Гете ғұмыр соңында тіршіліктен, қоршаған ортаниң даңғазасы мен өсегінен, жеке басындағы қайшылықтардан, үй ішінің ырду-дырдуынан катты жерінген. Ақылдың азабынан жалғыздық та құтқара алмаған. Сарай маңының сыйбырынан қашып, онда өмір сүрмек боп, сан рет түкпірдегі иен өлі мекенге кеткен. Бірақ ағыны катты, ірімі терен, сұы лай өзен сияқты катал өмірдің ағысы оны ііріп әкеп тағы да тіршіліктің талқысына қосып отырған.

Абайдың да дүниеден тұңқолуіне себепкер болған тауқыметті тағдырдың сыйы осы еді.

Абай өз ортасынан асып туған дана болғандықтан да сырласарға кісі таба алмай құмығып, жалғыз өмір сүрді. “Кайран елі, қазағы” мұның “қырық жамау жүрегін” жамаудың орнына оны бөлшектеп жыртып, жыртыс етті. “Нені көксесе — сол өзіне дерт әкелді”. Өтірік, өсек, даудамай, арыз, домалак арыз, жала, пәле, арандату, сату бір басынан арылмады. Ақыры зәрезеп бол биліктен бас тартып, дүниеден безініп, бетін теріс бұрып әкетті. Қеудесі налаға толып, жүрегін запыран қыжылдатты. Іштегі жиылған назасын:

Әрекемен ел кетті,  
Қоқыланды, мактанды.  
Құат бітті, күн өтті,  
Жарылқа, күдай, жастқанды.  
Мен — қажыған арықпын,  
Қатын, бала қонағы.  
Сендерге де қанықпын,  
Жұртың анау бағы.  
Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанын, —

деген күйікпен жеткізеді.

Ақыры “кейіс дүние” оны тағы да талқыға салды. Ағайынның арашашысы болғысы келген Абайдың басына қамшы үйірлді. Атының тізгінін ұстаған Серікбай мен Бегеш іспетті дала данышпандарының аркасында гана алған бетінен қайтты. Жасыртыны жок, бірге туған аға-бауырдың, үш рет неке қиып, үйленген әйелдерінің арасында да тыныштық табарлық береке болмады. Күндестьікке бой алдырыды. Тек туған балаларының төбесін гана көріп, алыстан ақыл айтты. Өзі онашаланған күйі Жидебайға Еркежанның колына бүтіндей көшті. Кісі қабылдамады. Еркежан Абай үшін соңғы жан ұялайтын бәйтерек іспетті көрінді. Демеу тұтты. Сәл сергігендей күй кешті.

Жалғаның жалғандығына көзі жеткен дана Гете де жүрегіне жұбаныш іздеді. Махаббатшыл кәрі жүрек тағы да бір рет және соңғы рет тұтанды. Он сегізде бір гүлі ашылмаған Ульрикіге ғашық бол, некелесуге қарсы болған қызыдың әке-шешесінің уәжіне ренжіп: “Бір жыл күт дейді! Неге бір жылдан соң? Сүмдік қой бұл!” — деп құсаланады. Махаббатпен қоса өмірдің де соңғы нұрының өшіп бара жатқанын сезінген Гете Карлсбадқа аттанып, жүрттап оңашаланады. Туған күніне жолдаған неше түрлі қимас сөздер де оны жұбатпады.

Сондай мазасыз күй кешкен Гете жастық күндері откен Ильменауға жасырынып келіп, орманды өлкені аралады. Ульрикеге үйленуге қарсы болған баласы Август пен досы, шаһзада Август дүниеден қайтқан соң қайғылы қөнлі еш сергімеді. “Өліктерді аттап алға кетіп барамын!” — деген қапалы Гете мәңгілі жүріп бір кезде өзі аң аулайтын тошалаға бас сұғады. Қалың орманның ішіндегі төбеде орналасқан үйді айналып жүріп, есіктегі қарындашпен жазылған жазуға көзі түседі. Бұл осыдан елу жылдай бұрын өзі жазып кеткен әйгілі “Жолаушының тұнгі жыры” еken. Соны қөзінен жас парлай ағып тұрып оқып шыққан Гете:

Тыншығарсын сен-дағы,  
Сабыр қылсан азырак. —

деген жолдарды дауыстай қайталап, өзінен-өзі күбірлеп:

“— Иә, тыншығарсың сен-дағы!..” — деп біраз үңсіз тұрып қалады. Иле қасына ерген хатшысы Эккерманға:

Ал, “енді кетуге болады”, — деген еken.

Зерттеушілер осындағы: “Тыншығарсын сен-дағы... Ал енді кетуге болады!” — деген сөздердің арасын байланыстыра мағына тауып, Гете өзінің өletінін біліп, соны мегзеп айтты деп емеурін жасайды. Расында да, араға жыл отпей Гете көз жұмды.

Махаббатының қызығын, өмір шырынының өзіне бүйірган соңғы тамшысын тата алмай кетті.

“Жолаушының тұнгі жырын” аударған 1892-1893 жылдары Абайдың да өмірінде қайғылы оқигалар бірінен кейін бірі жалғасып, өзегі ортеніп жатты. Өкінішінің орны толмайтын өлімдер акынды азаның астында қалдырды. Биліктен, ел арасындағы дау-дамайдан жүрегі шайлышып, тіршілік таласынан, өмір тартысынан қажыған кезі еді. 47-48 жастагы Абай жасына жетпей дүниеден тұнліп еді.

Гетеңін дүниедегі ең кымбат адамдары қос Август 1828, 1830 жылдары қайтыс болып, жаралы жүрегі кансырап қалса,

Абайдың да ең сүйікті інісі Оспан 1892 жылы, сүйікті ұлы Әбіш 1894 жылы өліп, бауыры езілген тұс: “Әбіштен кейін өмір сүрдім деп қайтып айтамын?” — деген азалы да қазалы ауыр мезет болатын. Тура сол тұста ол да өзіне-өзі Гетеңің: “Тыншығарсың сен-дағы” — деген сөзін айтып, бетін бақиға бүрганы туралы емеурін етіп еді.

Олардың бұл өкінішін ешқандай жұбаныш, тіршілік қуанышы толтыра алмайтын. Екі дегдардың өміріндегі екі өлім олардың рухына өлім ұрығын септі. Шаһзада Август пен Август Гете — Гетеңің, Оспан мен Әбіш (Әбдірахман) Абайдың тіршіліктегі үмітінің соңғы сәулемесін үзіп кетті. Екеуінің де “махаббат пен ғадауаттан” жұбаныш табамын деген дәмесі де жүзеге аспады. Әр қайсысы өзінің өмір сүрген ортасы мен дәстүріне тән азапты басынан кешірді.

Бірақ адам ретінде жеке басының қорлануы тұрғысынан шеккен қасіреті мен азабы бірдей еді. Абай өзінің жеке басының қүйігін:

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,  
Өмірдің қызығынан күдер үздік.  
Жылы жүрек сұынды, жара тусты,  
Шықпаған шыбын жсанмен күн откіздік, —

деген жолдармен емеуірін танытты.

Бұдан артық дәл Абай өмір сүрген заманда ашық айту мүмкін емес еді. Әрине, ойына келген әрбір ойды қағазға түсіріп отыратын хатшысы бар Гетеңің жан дүниесі Абайға қарағанда біз үшін жалаңаштаңып қалғандай көрінеді. Сонда да өміrbаяндық жазбаларының соңғы бөліктерін көзі жұмылғанша жария етпеуі Гетеңің де “жұмбақ адам” қуйінде қалғанын байқатады.

Ұлылардың жан сырын ұлылар ғана айтпай түсінеді. Ал кәдімгі пенде үшін оның бәрі жұмбақ және жұмбақ қуйінде қалады. Олар өзінің қасіреті мен азабы туралы ешқашан да ашып айтпайды. Даналардың өз заманының қам-харакетімен, мұдде-мұратымен, уайым-жұбанышымен кірігіп кететіні сондай, олардың жеке басының көніл-күйі мен қоғамдық тарихи ой астарының ара жігін ажырату мүмкін емес. Және бұл екі ұғымды бөліп қарастаға тағы да болмайды.

Даналар сол болмыс-бітімнің бүтіндігі үшін де дана атанып отыр. Әйтпесе, жекелеген ұлы тұлғалар әр үлттың ішінде ондаған саналатыны анық. Абайдың “Жиырмасыныш сөзіндегі” өлшем — кез келген адамның ойы мен бойына шақ келмейді. Ақылда да, сол акылды билеген жүректе де,

жүрекке “куат беретін қайратта” (*Абай*) да шек бар сиякты. Дұниеден алаңсыз тұнілу тек қана даналардың сыбағасы іспепті. Мінезіне жеңдіріп барып шешім қабылдаған қызба талант иесі болмаса, саналы түрде құнығу данышпандардың ғана еншісіне жазылған “жазымыштың жазуы” сиякты көрінеді де тұрады. Бұған осындай дананың бірі Абайдың:

“... Осы жалығу деген — әрнені қорем деген, көп қөрген: дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп-жеткен ойлы адамнан шығады. Соншалық өмірдің баянсызын, дұниенің әрбір қызығының акырының шолақтығын қөрген, білгендер тіршіліктен жалықса да болады. Бұлай болғанда: қымақтық, қайғысыздық та бір ғанимат екен деп ойлаймын”, — деген сөзі айғақ.

Гете де, Абай да даналық ойдың тұғырына тірелген, мәнгіліктің ірімінен үйіріліп шыға алмаған жандар. Оларды өмірден тұнілдірген тұрмыстың, болмыстың түйіктығы емес — ойдың түйікқа тірелуі. Себебі даналардың бұл торығуы жай ғана реніштен тумаган, жалғанның жалғандығына козі жеткен соң ғана денесіне де, санасына да у боп жайылған. Жасында “әр нәрсені күтті, дәметті. Не бітті?” (*Абай*).

Есейе келе соның “баянсызына көзі жетті”. Гете де, Абай да жас кезінен бастап рухани бостандыққа үмтүлды. Бірақ “ер жеткен соң да уысына түспеді”, “ерте оянды, толғанды, алайда “еркі өзіне тимеді” (*Абай*).

Рухани тәуелділік — даналар үшін тозақтан да, түрмеден де аскан азап еді.

Ауыздығымен алысқан асau қоңілдің жуасуы не оған шек қойылуы қорлықпен тен қорінді. Олар өмірде де, өлеңде де, қоғамда да рухани тыйымның болмауын қалайды. Өзгенің ойы мен муддесін сыйлай отырып, өздерінің де киялды мен қылышына тосқауыл болуын талаға етті. Бұл тілегін:

“Мен жас кезімнен-ақ: өзімнің ішкі жан дүнием өзінің табиғи ерекшелігіне қарай дамуы қажет, ал сыртқы дүние — маған өз заңы бойынша әсер етсін — деп шешкен болатынмын... Мен жан дүниемді барлық жат нәрседен азат етуге тырыстым, ал сыртқы дүниедегі әрекеттің бәріне құрметпен қарауга үмтүлдым”, — деп түсіндіреді Гете.

Бұл арманына Гете жете алмады. Абай да сол үшін қамығып:

*Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.  
Өзі ермей, ерік бермей жүрт кор етті,  
Сен есірке, тыныш үйықтат, бақ созіме! —*

деп жалбарынғандай күй кешті.

Бойларының қуаты, ойларының қуаты бар кезінде “айлаға да, ашуға да шырақ жағып”, мысымен басқан тіршіліктері қайшылықтар енді оларға дес бермеді. Өз дәүірі өздерін салынды құсап сыртқа итере бастады. Ал ондай корлыққа қөнетін тұлға Гете мен Абай емес еді. Абайдың да, Гетеңің де шығармаларының тамырының қасіретпен суарылуының кілтипаны сонда. Олар рухани тірі өлік болудан қатты корланды. Абайдың:

“Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін. Эншейін, осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен себептен бе? — еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам — ызалана алмаймын. Құлсем — қуана алмаймын. Сөйлегенім — өз сөзім емес, құлгенім — өз құлкім емес, бәрі де әлдекімдікі”, — деп (“Тоғызының сөз”) түнделі соны растайды.

Сол қасіретімен де олар өз өмірін өнер туындысына айналдырды. Тіршілік тынысының әр сатысы қайшылықты құбылысқа толы болды. Бұл оларға әрі рухани, әрі шығармашылық азықтың нәрін берді. Бірақ та адам ретінде жүйкесін тоздырып, ғұмырын қыскартты. Үміті мен жұбанышынан айырды. Оқымысты А.А.Аникст бұл қасіреттің басты қозғаушы запыраны жөнінде:

“Гетеңің трагизмінің тамыры — ол өмір сүрген кездегі Германияның әлеуметтік-саяси өмірінің қайшылығында жатыр”, — деп пікір түйді.

Дәл осы тұжырымды Абайға да қарата айтуга болады. Абайды “тірі өлік” еткен де сол Абай өмір сүрген қоғамның, оның ішінде басыбайлы, бодан үлттың деріт еді.

Гетеңің тұсында Еуропа жұрты азамат тарихындағы мұлдем жаңа дүниенің табалдырығын аттау алдында тұрды. Француздардың саяси, қоғамдық, әскери қозғалыстарының өзі немістердің түсінігінің астаң-кестеңін шығарып кетті. Бұл дүрлігүй Гетеңің де жүрегін тілімдеп, санасын сабылдырыды. Сол аласапыранды “Фауст” арқылы бейнеледі. “Фауст” — Гетеңің өзі.

Фаустың түнделі — Гетеңің түнделі, Фаустың толғауы — Гетеңің толғауы. Махаббаттан да, гадауаттан да, жалғаннан да жалыққан Фауст шыбын жанын Әзірейлге сатып тынады.

Сейтіп, “дүние кейістің” азабынан құтылғандай күй кешеді. Абай да мұны сезініп:

*Мен көрдім дүние дейтін имтің көтін,  
Жен жүр ғой біреупің біреуі етін.*

*Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,  
Көбінің сырты бүтін, шіл тұтін, —*

дейді ғой.

Жалғанның жалғандығы мен тәркі дүние — Гете де, Абайда да басты тақырып болып табылады. Оларды табыстырып тұрған да, “тыншығарсың сен-дағы” — дегізіл тұрған да осы жан күйігі. Құмығып өлуден сақтап қалған басты күш — олардың таланты. Гете мұны өзі де:

**“Мениң қалай қайғырғанымды жеткізу үшін құдай маган қабілет берді”, — дед мойындайды.**

Демек, ішіне у толған “у мен дергіті” өлең арқылы сыртқа шығарып, жүргегінің басына тұнған запыранды ақ қағазға теккен. Сөйтіп жанын жұбатқан, рухын тазалаған. Абай да дәл сондай жолмен жүргегіндеңдіртті емдеген. “Іші өлтөн, сырты сау” Абай құсаланаған сәтінде өлең жазып, зар-мұнын соған шаққан. Содан соң ғана бойы жеңілдеп:

*Жаныңның ауыр жүзі женилгендей,  
Көңілден кернеген кек көмілгендей  
Болады жылауга да, сенуге де,  
Жүректің басына у төгілгендей, —*

күй кешті.

Бір сәтке жүректі сыздатқан күйіктен дамыл таппады. Демек, қабілет — екі данышпанға да аса қажетті қасиет болған.

Егерде олар дарыннан ада-күде болғанда қалай тіршілік құрып, ғұмыр кешетінін елестетудің өзі де киын. Құсалықтан құмығып жүректері жарылып кетуі де мүмкін еді. Оларды бір жаратушының өзі ғана мұндай азаптан құтқарды. Қайшылық пен қасіретті бір басына үйіл-төгіп бере тұрып, одан арылатын мүмкіндікті де сыйлады.

Бұл Гете мен Абайдың өзі үшін тауқыметті азап болғанымен де, ісі адамзат үшін игілікке айналды. Дүние тағы бір данамен толықты. Даналардың тіршілік алдындағы дәрменсіздігі сондай, өзінің өмірлерін ықтиятпен өткізуге шамалары жетпеді. Герман Гессенің:

**“Гете өзінің жеке өмірімен де және бойындағы қабілетімен де кәдімгі ақындық пен сарай қызметкерінің, рух пен ақындың, табиғатқа табынушы мен рухани үағызшының арасындағы үйлесімсіздіктің басын біріктіре алмай кетті, бір адамның екіге болінуінің нәтижесінде күйініші қатты күйікке, адам төзгісіз қақтығыстарға жолықты, сөйтіп, жан дүниесіне қым-куыт жарықшақтар тұсті” — деген пікірдің жаны бар.**

Қайшылықсыз тіршілік болмайды. Бірақ та даналардың қайшылығы қашанда сәбілік анқаулық пен даналық ойдың

арасынан туындайды. Тыйым салған нәрсеге әуес келеді де, істелуге қажетті әрекеттен бас тартады. Ақылына сезімі жеңістік бермейді. Гете ақындықты ұстанып, шаңзаданың министрі болудан бас тартса, рухын ақылға бойсындырса, табиғат пен таным арасындағы сергелденін токтатса — талай күйіктен құтылар еди. Бірақ оған тәуекел етпеді.

Абайдың да “етекbastы” болуының бір парасы осында жатыр. Ол да талантты тағдырының, ақындығы мен ақылының, болыстығы мен болмысының арасындағы қайшылықты жеңе алмады. Өмірде де, олеңінде де “сұық ақылдан бойын аулақ тартып”, “жүрек, сенің дегеніне көндім” — деп сезімге бас иді.

Бұл ақылсыз жүрек, алғаусыз сезім билеген тұста “адамды заман билемек” (*Абай*).

Ал Гете мен Абай өздерін заманға билеткісі келмеді. Әрі адам, әрі дана болып өмір сүргісі келді. Бұл дерптік екеуіне де ортақ еди. Сондықтан екеуінің де өмірі құсалықпен аяқталды.

## II

Сананың торығуы — ақылдың ісі. Гете мен Абайды “дүниеден жалықтырған да” сол ақыл. Олар бұл тұжырымға тосын немесе әлдекандай нәрсеге көnlі қалғандықтан, жеке басындағы уайым-қасірет жүрегін кеміргендіктен келген жок.

Әрине, олар да пенде.

Бірақ “өліктерді аттап алға кетіп барамын” — деген Гетеңін, “жүрегінде қайғы теспеген иненің жасуында жер қалмаган” Абайдың торығуында будан да үлкен заманауилық себеп бар.

Жақыны мен балаларының өліміне екеуі де қатты күйзеліп, жоқтау жазған. Тіпті Абайдың шығармаларының тәң жартысы Экімбай мен Оспанды, Әбдірахманды жоқтаудан тұрады. Ал Магауияның қазасының түсында Абай дүние қайғысын сезуден қалып еді. Оның денесі құсаға толып, зар болып төгіліп жатты. “Тән қуаты мен жан азығының” өзі Абайды қасіреттің теңізінен алып шығуға дәрменсіз болатын.

Алайда, кез келген дана сияқты Абай да жанына үніліп, өткен іс, кешкен тағдыр, татқан дәмнің бәрін санасында саралап, өлеңі мен “Кара сөзі” арқылы түбіне жеткізе талдан койған болатын. Ол үшін әрбір құбылыстың мәні айқын, анық әрі бәрі де магынасыз сырпат алған-ды.

Гете де осындай корытындыға келді.

Ол өзінің өмірбаянын жарты ғасырдан астам уақыт бойы жазды. Арасында ұзақ-ұзақ үзіліс жасады. Өмірінің аяқталып келе жатқанын білген ол өзінің іс-әрекетін, мінезін қайшылықтары мен кемшиліктерін, жақсылықтары мен жамандықтарын, торғуының себептерін, өмірден іздеген және тапқан не таптаған арман-мұратын, жұбаныштары мен реніштерін, ақылға, қайратқа, жүрекке жүгінген тұстарындағы шешімдерін талқыға салды.

Талдады. Өкінді. Жұбанды. Тағы да талқыға салып, тағы да таразылады. Өзін-өзі аямай ақылдың талауына тастанды. Гете өзінің бойындағы бұл касиеті туралы ескертे келіп:

“... Мен өмір бойы бір ғадетімнен жаңылған жоқцын: мысалы, мені қуантқан, не азапқа салған немесе қызықтырған нәрсенің бәрін дереу өлеңге түсіріп, көркем бейне жасауға машықтандым, сол арқылы өзімнен-өзім есеп алдым, сыртқы дүние туралы түсінігімді түзетіп не тексеріп барып іштей өзімді-өзім жұбаттым”, — дейді.

Демек, Гетеңің әрбір көркем бейнесінде, өлеңінің астарында ақылдың ықпалы мен тәжірибелін табы бар.

Өлең — шабыты қысқандықтан, біреуді жек көріп не ұнатып қалғандықтан кездейсок жаза салған ұшпа сезімнің желігінен тумайды екен. Әр алымын осындай ақылды есепке женілдірген Гетеңің өмірде де, өлеңінде де жалғандықка баруы мүмкін емес. Бірақ жеке басы мен кабілетінің арасындағы қайшылықты женуге “күнделікті тексеру мен тергеу де” септігін тигізбеген. Мұндай өзін-өзі сақтандыруды Абай да үстанған. Ол өзі түргіл өзгеге де соны үлгі тұтып:

“Егерде есті кісілердің катарында болғың қелсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіңден-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай откіздің екен, не білімге, ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылышкен откізіпсің (откізіптісің)? Жоқ, болмаса не қылышп өткізгенінді өзің де білмей қалышпышсың?” — деп сұрақ қояды.

Екі деглардың айтар ойы мен нысанасы біреу: ол — адам өз өміріне есеп беріп, қөргенін қөнілге түйіп, содан тиісті корытынды жасап, мағыналы ғұмыр кешуі керек, яғни Абайша айтқанда, “толық адам” болуға ұмтылған лазыым. Гете де “есеп беруді” өз басына қаратада айтқанмен, ішкі сырын қауыммен бөлісіп отыр. Өйткені ол әрбір сезінің түптің-түбінде оқырманға жетерін білген. Ол Шиллерге жазған хатында:

“Мениң өзімнің жеке басымың өзімшілдігінен биік түрғаным сондай, өзімнің откен өміріме және іс-әрекеттеріме

үшінші бір адамның басынан кешкен тарихи оқига ретінде салқынқандылықпен қараймын”, — деп жауап береді.

Ақылына жендірген адамның жүргегі де сұық болады. Өзін өзгелермен тең ұстайды. “Өмірбаяны” арқылы жан құпиясын ашудың мәнісі де сонда. Абай да оны түсінген. Түсінгендіктен де:

*Арғын, найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме, —*

немесе:

*Сонда ақын белін буынып,  
Алды-артына қаранар.  
Дүние кірін жууынып,  
Көрініп ойға сөз салар.  
Қыранша қарап Қырымға,  
Мұн мен зарды колға алар.  
Кектеніп надан зұлымға,  
Шиыршық атап толғанар, —*

деп өзінің ақындық харакетінен хабардар етеді.

Мұндағы: “арғын мен найманды жиып сөзіне таңырқа-тудың, “акынның бел буынып, дүние кірін жуу үшін ойды сөзге айналдыруы, қыранша қарманып мұн мен зарды қозғаған надан мен зұлымға кектене толғанып, шиыршық атуы” — Гетеңін “көргенімді көркем бейне жасауға асығамын” — деген мағынасын толық береді.

Гетеңің оқырманы — карсы алдында, кітапқа шүйіліп, ширығып отыр.

Ал Абай өзінің қауымының бейнесін дала дәстүріне сай суреттейді. Абайдың тыңдаушысы — би қенесінің, ауызекі айтыс пен даудың, билік төрелігінің ішінде. Ол жазулы қағазға емес, естіген құлакқа сенеді. Сондықтан да оның сомдаған образы — өмірлік құбылыс. Соны сығымдалап тұжырымдан барып өзіне-өзі “есеп береді”.

Бұл — еліктеу, ой алмастыру, сөз жарыстыру емес. Даналардың ақыл-оїнының өз беттерінше іздең тапқан ой жемісі. Ой толғанысы.

“Даналар ешқандай да ережеге бағынбайды, өзгелер еліктейтін өмір құбылысын олардың сөздері жасайды”, — деген А.Аникстың пікіріне еш нәрсені алып-қосуға болмайды.

Сөйтіп күн сайын өзін-өзі тергеп, әр қылышы мен мінезін ақылға жендірген “есті кісінің” өзі өткенінен сескеніп:

*Көңіліңе дайын түр ғой менің жайым,  
Дүшпандығың қатайған шығар сенің.*

*Егер мениң шымді жарып көрсөн,  
Жылауыңды ұмытып шошып едін, —*

деп тұла бойынды шымырлатады.

Бұл жәйғана тәржіма басындағы тілге оралған сөз емес. Ермек үшін, тіл жаттықтырып, ойын қайрау үшін Абай өзгениң өлеңіне жүргінбейді. Ақын мен ақынның шеккен қасіреті мен кешкен қүйінің тағдырластығынан, соны түсінуден және өзінің айттар ойымен қабысып жатқандығынан да өзі: “Ішін дерт мендеген ақын” — деп бағалаған Лермонтовтың өлеңін аударған. Сол арқылы өзінің көңіл-күйін білдіріп отыр. Өйтпесе:

**“Өуелі ойлан үйреніңдер, содан кейін барып жазуларыңызға болады!”** — деп Буало оқымысты айтқандай, ойламай өлең жазатын ақыныңыз Абай емес.

Абайдың “өзінен алған есебінің” басты нәтижесі осы.

Қош, екі данышпан да үнемі өзінің жүргінен есеп алып отырыпты. Сонда өткен өмірлеріндегі қателіктері мен қайшылықтары, көздері жеткен міндері не екен? Неге қанағаттанбады? Әлде көңілге медет, жұбаныш тұтатындағ ештеңе жоқ па екен?

Ата тек, тұрмыс, билік, дәулет, бак тұрғысынан алғанда олардың өзегін өртейтіндей ешбір себеп жоқ еді. Тұрмыстан мұқтаждық көрmedі. Ешкім оларды басынған емес, басынғысы келсе де басына алмайтын. Махаббаттың ғазауаты ма? Ол әрбір пенденін пешенесіне жазылған табиғи сезім. Бұл реттен қарағанда екеуінің өмірлік ұқсастықтары өте көп. Қарабайырлау тәсіл болса да қызық үшін, білмек үшін салыстырып көрейікші. Сонда мынаны байқаймыз:

Гете тоғыз жасында эпистолярлық роман жазып, оны кәдімгідей бастырып шығаруға ниеттengen. Абай да өзінің ақындық қабілетін 9-10 жасында аңғартып, Зере әжесіне еркелеп дұға — өлең шығарған. Ал төркініне қайтып бара жатқан әйелге арнаған:

*Кім екен деп келип ем түйе құған,  
Катынғо күлдәрімен белін буган  
Төркіннін берген жауыр айғыр,  
Бауырыңды үрайын бірге туған, —*

деген өлеңін 10-11 жасында сұрып салып айтыпты.

Роман болмаса да романға лайықты көркем ой мен суреткерлік, көрегендік бірден байқалады.

Бір ауыз өлеңмен айдалада түйесін қайыра алмай далақтап шауып жүрген, белін күлдәрімен бұған әйелдің астындағы жауыр айғыр журмелендіктен ызаға булықканын,

ол айғырды сараң төркінің бергенін тасқа таңба басқандай анық әрі қысқа сөзбен толық жеткізіп түр емес пе? Бұдан артық суреткерлік шеберлік бола ма?

Он-он бір жастағы бала үшін жарап түрған шығарма. Гетеңін романы да сол дәрежелес еді.

Екінші: екеуі де өміріндегі өз орын қаршадайынан бастап-ақ сөз өнерінен іздеген және ұстаз тұтқан адамдары да бірдей. Мысалы Абай: “Физули, Шамси, Сайхали, Науай, Сағди, Фердоуси, Хожа Хафіз — бұ хаммаси медет бер және ақындықтарыңа сыйынамын (“Ия шағири фарияд”)” — деп он үш жасында табынған шығыстың шайырларына Гете ақылы марқайған тұста басын иеді. Соларға еліктейді, “Шығыстың жеті жүлдзызы” — деп атайды оларды.

Керісінше, Гете “пір тұтып, ізбасары ретінде мойындал, үлгі тұтқан Спинозаны” (Аникст) Абай отыз бен қырықтың арасында оқыды. Оқыды да оны өзіне рухани ұстаз тұтты. Мұның өзі екі данышпанның көзқарастары мен рухани тағылымының тамырластығын танытады.

Ұстаздары ортақ шәкірттің мақсаттары мен пікірлерінің де үштасып жатуы табиғи. Өмірге, өнерге, қоғамға деген пайымдаулары мен түсініктерінің де үндесуі соның дәлелі.

Үшінші: Гете де, Абай да өзі өмір сүрген ортадағы ең лауазымды мемлекеттік биліктің басында болды. Гете — герцог Августтың сарай министрі дәрежесіне көтеріліп, қашан көз жұмғанша тақтан түспеді. Абай да қазакқа тиесілі болыстық пен би кеңесінің тізгінін ұстады. Ресми сайланбаған аға сұлтанның міндетін атқарды. Сондықтан да:

*Қазакта қара сөзге дес бермедім,  
Өзім де басқа шауып, төске өрлемедім, —*

деп Абайдың өзі айтқандай, Гете екеуінің билікке жетпедім деп өкінетін жөні жоқ.

Ал “еңбегінді білерлік еш адамның жоқтығы” мүлдем басқа нәрсе. Ол — жеке адамның өзіне емес, көпке тиесілі шаруа.

Төртінші: олардың ақындық мінездерінен де ұксас ұшқындар байқалып қалады.

Шабыт — ақынның қанаты. Бірақ ол сол бір сәттің ғана көрінісі емес. Шабыт дегеніміз — сол құнгі, не бір айдан бергі, тіпті өмір бойғы ойыңа жиған нәрсендің бір мезетте бұырқана бас қосып, сыртқа шығуы. Ақынның құдіреттілігі сонда, сондай бір қас-қағым шақты қалт жібермей қағып алғып, ойын шашыратпай жинақтай әсерлендіріп беруінде.

Абай ақынның мұндай шағымды сәтін өте дәл басып:

*Адамның кейібір кездері,  
Көңілде алаң басылса,  
Тәнірінің берген өнері,  
Көк бұлттан ашылса —  
Сылдырап өңкей келсім,  
Тас бұлактың сұындаі,  
Кірлеғен жүрек өзі үшін,  
Тұра алмас әсте жуынбай.  
Тәнірінің күні жарқырап,  
Үйқыдан көніл ашар көз.  
Куатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз!*

деп осындаі бір тамаша сезіммен рахаттана бейнелейді.

“Куатты ойдан бас құрап, еркеленіп шыққан сөзде” арман да бола қоймас, сірә! Бірақ ойды ерітіп, сөзді еркелету үшін де “бас” талант керек! Денсаулық та қажет екен. Гетеge де бұл таныс жай. Ол өзінің шабыт құшағына бөлениген сәті туралы:

“Ақындық дарынның оянуына, әрине, кездейсок, тосын жайлардың әсер етуі мүмкін, бірақ та жаңынды жадыратып, көңілінді шайдай ашатын қуанышты сәті — шабыттың тосыннан келген кезі, тіпті ол кейде өз еркінде еш көнбейді... Үйқынан ояна келген сәтте де сені қытықтап, үйқынды ашады... Сол кезде көңілімді қозғаган ерке сезімді асыга қағазға түсіруге үмтүламын... Оңды-солды шашылып жатқан параптардың қайсысы қандай күйде қолыма түссе, соны аударып жатпастан өлеңді сүйкектете жазып шығамын... Мұндайда қарындаштан оңтайлы құрал жоқ, сырлылықтың білінбейді, ал қаламұш сыйқырлап ойынды бөледі... Эдette мен таңертен erte жазуға отырамын, алайда кешкепе қарай, тіпті жеңіл шарап пен көңілді ортаниң әсерінен желігін келген түн ортасы кезінде кез келген өтінішті орындаі аламын, тек көңілімді қозғайтын себеп табылса болды, қалғанын менің өзіме жіберініз” — деп сүйсіне жазады.

Байқайсыз ба, шабыт қысқан кездегі Гетеңің де, Абайдың да көніл күйі бірдей. Екеуі де: “еркеленіп шығатын сөздің басын құрайтын — қуатты ой” дейді. “Адамның кейібір кездерінде... Тәнірім берген өнердің бұлты ашылып, тас бұлактың сұындаі сылдырап”, өлең бол қүйылады екен. Оған “көңілдің алаңы басылған” тыныштық қажет екен Өнерге үйір дерт иесінің бәрінің басынан кешетін күй. Бірақ та даналардың толғанысының орны басқа. Тұрагұл Абайдұлы әкесінің шабытты шағын:

“Таңертенен кешкепе дейін көбінесе кітабын оқиды да, аратура жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында

карындаш, күніреніп отырып өлең жазып тастайды. Сол өлең жазардағы түрі: бір құсаға мінген кісідей өні қашынқырап, азырак ентіккен кісідей танауы кебінкіреп, көзі жасаурайды; естір-естімestей қып күніренгеннің үстіне күбірленкіреп, жазып кеп кеткенде көп тоқталыш ойлана бермейді де, өлеңдің тығыны суырылып кеткенге үқсайды”, — деп еске алады.

Гете мен Абайдың шабыты қысқан сәттерінде “өлеңнің тығыны суырылып кеткендей” емін-еркін құйылады екен.

Екеуі де ойын қағазға қарындашпен түсіреді. Шабыттың тасқынына ие бола алмай, ойларын түсіруге қарындашы жазып үлгермейді екен. Шабытты пір тұтып:

“Ол — қуат, табиғат сыйы, қудай сыйы... Ақындық шабыт шын келгенде адам — жай жабайы адам болмайды” — деп отырады екен Абай.

Сондай рахат күй сыйлаған өлеңді жазып біткен соң Абай керексіз бір зат құсатып оны қасына тастай салады екен. Өзге біреу жинаиды. Кей түндері тан атқанша шамның жарығымен отырып, шабытын түнмен жарыстырып шығатын әдеті де болыпты.

Қысқасы, Гете де, Абай да шабыты келгенде күй таңдамаған. Нөсер сиякты құйылып, арыны басылғанда бір-ак тынған.

Кос дегдардың тағы бір әдеті — өз замандастарының бойындағы мінді көрсе бітті, іле соны сынап, өр түрлі түспалмен суырып салма сыққаттар шығаруы... Абай үшін бұл дәстүрлі және өзі ең жиі қолданған жай. Шығармаларының негізгі өзегін құрамаса да елеулі орын алған. Өзі бастапқы бір, не екі жолды айтып, қалғанын өзгелердің жалғастыруын машықты әдетіне айналдырығаны тағы бар. Неміс ұлтының дәстүрінде болмаса да дәл осы тәсілді Гете мен Шиллер екеуі біраз ермек қылған екен.

Бұл Гете оқырманы үшін танданарлық құбылыс.

Адамның сыртқы келбетін табиғат жаратады. Ата-ананың тегі пішіндейді. Бірақ та ұлылардың сырт тұлғасы ішкі әлеміне қабысып жатса бір ғанибет емес пе. Егде тарта келе адамның ішкі қасиеті сыртына шығып, оның ақыл-оійының да дәрежесін аңғартатыны анық. Алайда даналықты қалай бағаларсың? Ал Гетеңің сыртқы пішіні ішкі даналығына сай болыпты. Ол туралы ұлы ақын Г. Гейне:

“Гетеңің сыртқы тұлғасының өзі оның ішкі даналық ойымен үндесіп, таңғажайыш адамға тән қасиетпенен дараланып тұратын. Оның сыртқы тұлғасының өзі шығармашылығының дағы толғаныстарына сай даналықпен даралана көрінетін”, — деп жазды.

Абайдың да қасына сырт көз жақындауға батпаған. Ешқандай адам көзіне тұра қарай алмайды екен. Кірпігінің астарына қызыл сзыбың жүргізгендей бол қанталай қалғанда, үлкендердің өзі сескеніп, не темен, не қырын қарап кететін болыпты. Тұрағұл Абайұлы мұны:

“Жасынан ашу мен маҳаббаты қатар қолданғанинан, қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, бір жағынан, жылы маҳаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан, жазатайым болса ашуланып кететүүн мінезінен қорқыш жүретүүн еді”, — деп баяндайды.

Мұны қаталдық дейміз бе, даналықтың пішіні дейміз бе. Әлде табиғи жаратылысынан біткен мінездері ме? Оған баға бере алмаймыз. Тек қос ұлы адамның мінезінің де, тәлімінің де, сыртқы тұлғасының да адамға бірдей әсер етуі таңдандырады.

Сонымен, олар өзінен-өзі есеп алғанда, бойындағы бар артықшылық пен кемшіліктерін електен өткізгенде тапқан түйткілі кайсы? Соншама қапаланып, дүниені сыртқа ысырғандағы торығуының себебі не екен?

Біз олардың пенде ретіндегі күйінүлерін назардан тыс қалдырайық. “Жұмбақ жандардың” құпиясы оңай ашылмайтынын және оған мұрсат та бермейтінін:

Мениң сырым, жігіттер, емес оңай,  
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!  
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,  
Қазысы оның — Арым мен бір-ақ Құдай! —

деп өздері айтып кеткен.

Сонда олар неге налып, өмірден неге тұніліп кетті? Тіршіліктің қай қызығынан тоят, қай құбылысынан қанағат таппады?

Оларды Тәңірінің орнына қойып, табынып жүргендер де болды. Керісінше, қарсы шығып, мінез көрсетіп, жанын күйреткен сол заманның арыстандары да бар еді.

Гете мен Абайдың ақыл дүшпаны болу үшін де ақыл керек! Тек олар сол ақылын “етекбасты ит тіршіліктің қамы” үшін жұмсал, қадірін кетіргені болмас!

Екіншіден: олардың бойында ішкі зар-мұнын жеткізетін табиғи қабілеті жоқ болды. Истеген харакеті мен айтылған сөзі өзімен бірге кетті. Ал олардың қарсыластарының — Абай мен Гетеңің бақыты сонда, олар даналық мәйегін сыртқа шығарып, үрпакқа үғындыратын сөз қалдыратын ұлы талантка ие еді. Әйтпесе, даналардың өмірінің сонында дүшпанына айналған адамдардың барлығы да әуелде олардың досы болды. Ақыл жарыстырды, ақыл қосты, тіршіліктің сан қынышылығынан алып шықты.

Абай дүниеден өткенде бір шабарман туысы Оразбайдын ауылына құйынданша шауып келіп, алқын-жұлқын есіктен кіре салып, “Сүйінші, Абайдан құтылдық, сүйінші!” — деп айқай салыпты. Сонда Оразбай басын көтеріп алып, қамшымен әлгі туысын тартып-тартып жіберіп есер немеге:

“— Ей, сен не деп отырсың? Абай бүкіл қазактың Абайы емес пе? Мен оның өзімен — жаумын, сөзімен — дос емеспін бе! Енді мен сөзімді ұғатын адамды қайдан табамын. Кім сөзімді ұғады!” — деп жылап жіберіп, бата оқырына қысырақтың үйірін қосыпты. Ақылсыз болса Оразбай мұны істемес еді. Гетеңің де ақылды дүшпандары мінез түрғысынан Оразбайдан кем түспеген. Әркімнің жауы да өзінің ақылына сай. дәрежелес келмек. Әйтпесе, данышпан мен ақымақты өзара жауықтыратында ортақ мұddenің табылуы да кәдік нәрсе ғой. Дүшпан мен данышпан, не ақымақ пен ақымақ қана жекпе-жектің майданына шығуы тиіс. Ал Гете мен Абай өздерінің данышпан екенін білген. Гете өзінің жай пенделіктен даналыққа жеткенін мойындалп отырып, олеңді құреспұралына айналдырганын: “*Поэтикалық дарын өзгелерге қараганда маған аса қажеттірек еді, ейткені менің мінезім өзімді дүниенің бір басынан екінші басына (пендеден даналыққа — Т.Ж.) бір-ақ шығарды. Соңдықтан да, менің осы уақытқа дейінгі жариялағандарым — үлкен бір жансырының бөлшектеген мінәжаты еді*” — деп баяндайды.

Абай да өз тұлғасының даналық сыпат алғанын қысылып-қымтырылмай ашық жарияладап:

*Мен боламын демеддер,  
Аякты алашаң басқанға.  
Екі көзің аларып,  
Күр караисың аспанға, —*

деп көпшілікке мәлімдеме жасағандай болады.

Гетеңің жеке басының қайшылығы, өз ұлты өзін түсінбей, “ұлы керенау” жан атағанын тарқатып жатпайык. Қандай жала мен нала болса да басын тік ұстап, арыстан текті кейіпін сақтапты. Әрине, өз қатесін де үққан. Бірақ, олеңнен басқаға оны ашып айтпаған. Абай да өзінің бойындағы дарын қасиетін және оған ешкімнің тенесе алмасын білген. Ақылы мен қайратына сенген. Сол сенімнің салдарынан өмірде қарама-қайшылықтарға тап болған. Кейде мінезіне де жендірген. Соны Гете сиякты мойындал.

*Боидагы минди санасам,  
Тау тасынан кем емес*

*Жүргімді байқасам,  
Индейін таза емес! —*

деп өзін-өзі тергеуге алады.

Мұның басты себебі: екеуіне де өзі өмір сүрген заманының қайшылықтарына ресми түрде баға беру өте қыынға соқты. Өйткені олардың пікірі — шешуші пікірдің бірі еді. Қай пікірді қостаса да міндетті түрде үлтаса екіге бөлініп, қарсылас жақ бұлардың дүшпанына айналады. Ал топпен алысудан гөрі жеке адаммен “айтысып, тартысу” — өздеріне де оңай соғатын. Бірақ “тобырларды” үнемі өлеңмен шашып отырды. Сондықтан да олар өзгеден гөрі өнеріне сенди. Өз жанына үңіле келіп Абай:

*Сеніскең досым да жоқ, асығым да,  
Ақыры өлең қылым жасасыдым да, —*

дейді.

Демек, “поэтикалық дарын” Абайға да қажет болыпты әрі содан өзге дос таппапты. Гетеңің “жан сырының бөлшектенген мінәжаты еді” — деуі соны аңғартады. Бір өлең арқылы тағдырын байланыстырып, бір тұғырда тас құдай бол турған үш ақын — Гете, Лермонтов, Абай үшін: өлең-өмірлік қажеттілік еді. Мұны олар:

*Өмірде ойта түсін кем-кетігің,  
Тұлағыш мінезің бар жүрек сенің.  
Сонда сенің отыңды басатүғын,  
Осы өлең — оқитүғын дүғам менің! —*

деген жолдары арқылы жеткізеді.

Әрине, өлеңге Абай мен Лермонтовтың ғана катысы бар. Бірақ дәл осы жолдарды Гетеңің де айта алатынына және оған толық қосылатынына шұбә жоқ. Енді ілгеріде қойған сауалға жауап іздесек, Гете мен Абайдың, жалпы даналардың өмірден жерінүйін басты себебі — олар өзінің талантын еш шұбә, күмәнсіз және мойынсына мойындауды талап етеді екен! Йә, құдіксіз мойындауды, күмәнсіз илануды және ешқашанда алдынан кесе көлденең өтпеуді талап етеді!

Бұл — дананың даналығы ма, балалығы ма, жоқ ақылы үшін талап еткен кепілдігі ме? Тым өркөкірек пе? Герцен күрескердің:

“Гетеңі өмірге әкелу үшін немістерлің жиырма үрпағы құрбан болса да мен өкінбес едім!” — дегеніне қарағанда әлгіндей тәкапарлықты қаралай да алмаймыз.

Мүмкін, тарихи һәм табиғи зандылық па екен?

Себебі даналар өзінің жан азабын ешқашан да тікелей дүшпанинан көрген емес. Олар жалпылай тұжырымдайды да, ақыры торығуын дүниедегі етекбастылықтан көреді. Біздің ұзақ қазымырлап келе жатқан салыстырулары-мыздың түпкі межесі — осы торығудың себебін ашу.

Ендеше, даналардың торығуының тамыры — етекбастылықта.

Бұлар өзі өмір сүрген дәуірден әлдекандай бір санадан тыс келісім іздеғен. Ал ондай келісім тарихта болған жоқ. Қазақтың кара өлеңінде айтылғандай, “бірде көл, бірде шөл болған дүние” заманалар сайын алмасады. Соған даналар өзгеріс енгізгісі келеді.

Бірақ өзі қойған затын өзі орнынан таба алмайды. Екінші рет түзетеді. Тағы да талқаны шығады. Ақыры ыза болып, созінен у төгеді де бетін теріс қаратып әкетеді. Әлгі “етекбастылығына” ақыры өзі қорланады. Мұндай ізсіз кеткен есіл уақытына өкінген Гете:

“... Мені жұрттың бәрі ылғи да тағдырдың еркесі деп атайды. Өзімнің сыйбагама өкпелейтін не өмірдің тауқыметтіне налитын жайым жоқ. Алайда соның барлығы — ауыр еңбек пен қажырдың жемісі, жетпіс бес жас өмірімнің ішінде өзімнің рахатым үшін бір ай өмір сүрмеппін деп батыл айта аламын. Мен өзінің орнында жатпаған тастандарды орнына қоюдан қолым тимеді... Менің әрбір адымымды іштең де, сырттан да шалушылар болды. Нағыз бақыттым — менің поэзиялық шығармашылығым еді”, — депті.

Абайдың да жан дүниесі түршіге еске алатыны — осы етекбастылық. Оның: “Агадан — алтау, анадан — төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ” — деген болатын. Бірақ та, бар арманын, қапалы қоңғлін “Бірінші сезіндегі”.

“Алыстық, жұлыстық, айқастық, тартыстық — өүрешілік көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық — қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын... Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса — жазып алсын, яки оқысын; керегі жоқ десе: “Өз сезім өзімдікі” — дедім де, ақыры соған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ”, — деген пікір толық жеткізеді.

Мұны өлеңінде де тілге тиек етіп:

*Сүм дүние, тоңап жатыр, ісін бар ма,  
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?*

*Алды үміт, арты өкініш алдамышы өмір,  
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма? —*

немесе:

*Жасымда албырт өстім, ойдан жырак,  
Айлаға да, ашуға жақтый шырак  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етекбасты көп көрдім елден бірак, —*

деген жолдары арқылы “сыртқа жайды”.

“Нағыз бақытЫМ — менің поэзиялық шығармашылығЫМ еді”, — деген Гетеңің өзін-өзі жұбатқан сөзін Абай:

*Өзгеге көңілім тоярысын,  
Өлеңді қайтып Коярысын.  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дерпті жоярысын, —*

деген өлеңімен білдіреді.

Демек, екі дегдардың дерті де, дертінің дауасы да — өлең екен. Торықса да толғануын тоқтатиапты. Олардың тыныш та өмір сүруіне болатын. Тіпті махаббаттан да тоят табуы мүмкін еді. Алайда олар тарих пен туған үлтЫНЫң тектік нысқысы алдындағы парызын түсінді. ҮлтЫНЫң ішкі әлемін сыртқа шығарып:

“Ақындық ойдық жасампаз ғұламасы, адамның ішкі әлемінің құдіретті патшасы әрі әміршісі ретінде көрінді” (В.Г.Белинский).

Өлең — олардың жан дүниесін “етекбастылықтан” емдеген ортақ дауасы болды.

### III

Өзінің үлтЫНдан данышпандары сияқты беріле сүйетін және олардан артық туған халқын сынайтын ақыл иесі табыла қоймайды. Қазақ ұғымымен айтқанда, даналар үлтЫН “қанын шығара сүйеді. жанын шығара күйіндіреді”. Міне, осы бір тәуекелшіл сезім қайшылығынан барып ішкі рухани егес пен түсінбеушілік туындаиды. Мұндай екіудай түйсінуге тұлға емес тобыр араласқан тұста барып дананың “мінезі сандығынан шығып” кетіп (Абай), ие болудан қалады.

Ал тобырдың жанығуы басталады. Абай айтқан “жалған намыс”, “жалған мақтан”, “жалған отаншылдық” өршелене өршиді. Ақыры “тән мен жанды улап” (Абай) тынады.

Үлт пен дананың арасын ушықтырып, “жанын күйірген” оқиғалар Гете мен Абайдың да басынан өтті.

Олардың өз үлтүнә деген сезімінің күрделілігі де сонда жатыр. Әрине, даналар үлттүң түпкі қамы мен мұратмұддесін көздеді. Ал тобыр дәл казіргі сәттегі шолақ әрекетті дәме етті.

Барлық ұлтылар сияқты, Гете мен Абай да үлтүнің тағдырына ұшқалақтық танытпады. Әр нәрсениң астарын байыптаң барып, іштей шешім қабылдады.

Германия сияқты тарихтың талқысына сан рет түсіп, әлемнің даму бағытын өзгерткен, пәлсафалық мектебі — ақыл-ойдың бесігі болған мемлекетте, бәрін де есеппен істейтін, әр қадамы мен сөзін санаپ барып шешім қабылдайтын неміс үлтүнің өз ішіндегі Гете дегдардың тағдыры бірде — дана, бірде — диуана дәрежесінде бағаланып келеді. Оның аты мұқым үлтқа жек көрінішті болған жылдар да кездесті. Гетеңі nemis үлтүнің қасиетті тұлғасы ретінде қайтып оралуы үшін басын өлімге тіккен оқымыстылардың саны да біраз баршылық. Сондай күйіншіті рухани кезеңде Бехер неміс жастарына:

“Гете туралы жазылған өсіетсімақтан тұратын қайдағы бір кітапшалардың желігінде кетіп, өздерінді өздерін адастырманшар, өздерінді өздерін шырғалаңға салмаңдар, оның атына байланысты таратылған адам тәзгісіз өсекке еріп, өздерінді Гетеден бет бұрғызып әкетпендер. Ақкеріштен жасалған Гетеңің қартайған сәтіндегі ұлыққа ұқсаган бейнесіне қарап өздерінді алдауга жол бермендер; Гете туралы жазылған күлді бадам шимайға сенбендер, керісінше, одан жиренбей, Гетеңің нақ бейнесін оның шығармаларынан іздендер, сонда гана оның өзін табасыңдар”, — деп үндеу тастады.

Даналар саясатқа бағынбайды. Сонысымен де әрбір билеушіге қауіпті.

Гете сол өзі өмір сүрген заманда да корғасыннан күйилғандай тік әрі тәкәппар қалпынан жазбалты. Тіпті ішкі жан дүниесіне де ешкімді жақыннатпапты. Жеке адамға қатысты болса бір жөн, үлтүнің, тіпті мұқым Еуропаның тағдыры талқыға түсіп, тас-талқаны шығып жатқан тұста да сыртқа сыр берменті.

Гете өмір сүрген дәүірде дүние астан-кестен төңкеріліп, қоғамның іші судай салырылысып жатты. Жеті жылдық қантөгісті соғыс, американың азаттық күресі, француз төңкерісі, Наполеонның данқ тұғырына көтерілуі және күйреуі, қасиетті Рим империясының құлауы іспетті оқиғалар бүкіл адамзат тарихындағы зауалды мезеттер еді. Соның барлығын басынан кешіре отырып, ешқандай саяси іске араласпай не пікір білдірмей, томага-түйік өмір сүруі

расында да адам сенгісіз жай. Гетеңі біресе — Прометей, біресе — Зевс, біресе — “ұлы керенау”, “тәкәппар тақуа”, “тас құдайға” теңеуге себепкер болып келе жатқаны да оның осы үнсіздігі.

Тіпті неміс ұлтының тағдыры оны толғандырмады, тек қана өзінің данқын қүйттеумен құйбен тіршілік өткізді — деген желеудің кейде тарихи шындық ретінде қабылданатыны да бар. Мұның барлығы Гетеңің жеке басының қайшылығы. Дейтүрғанмен де ол ішінен неміс ұлтын өте нәзік әрі ұлы махаббатпен сүйді. Сүйе тұрып оның даму жолын, дәстүрлі билік пен құрылымнан ауытқудың жолын қолдамады. Өз ойын ол:

“Әрбір ұлтқа өзінің болмысына тән мінезі мен заманалар бойы рухани қажеттілігін өтеп келген дәстүрлі тіршілігі ғана жарасады, ал өзге ұлттан көшіріп алған мінез оған қонбайды. Белгілі бір дәуірде белгілі бір ұлтқа азық болған тағам, екінші ұлтқа у болып тұнышқытуры мүмкін. Сондықтан да, ұлттың өз жатырында өсіп-өнбеген, қажетсінбеген қайдағы бір жат жүргіткіш ықпалды жүзеге асырамын деп жанталасуы бәрібір сәтсіздікке ұрынады, әрі ол ессіздік, мұндай төңкерістердің барлығы да сәтсіздікке ұшырайтыны анық” — деп білдіреді.

Гете мемлекеттік құрылымның күрт өзгеруін онша мақұлдамаған. Ұлт ішіндегі бұлғақ пен аласапыранның зардабынан сескенген.

Дүние тарихы төңкеріліп жатқанда “тас құдай” қалпын сақтап, айтар пікірін тек көне грек, рим аңыздарының оқиғасы арқылы білдіруі топ пен тобырға ұнамады. Оның атақ-данқына ежелгі әдебиеттің әсер еткені сондай, Генрих Гейненің өзі Гетеңің неміс тілін білетіндігіне таңданыпты. Әйтпесе, грек тілінде сөйлесуге дайындалып келіпті.

Әрине, қылыш пен семсердің, зенбіректің, атойлаған аттың күшімен тарих жасалып жатқанда Гетеңің ештене естіп, білмегендей, көрмегендей “керенау күй кешуі” таңданарлық.

Әсіресе, бүкіл Германияның түрғындары бірігіп Наполеонға қарсы көтеріліске шығып, мемлекетін азат ету майданын ашқанда да Гетеңің үнсіз қалуын неміс жүрті сатқындыққа балады. “Жаза” атты ұлттың ерлік сезімін, қаһармандық рухын оятатын журнал шығарып жатқан тарихшы Г.Луденнің ерлікке шақыратын өлең жазып беруі туралы өтінішінен бас тартуы сондай кінә тағуға түрткі салды. Сонда қаны қайнап кеткен Гете бұған сестене қарсы шығып:

“Бостандық, халық, отан деген ұлы идея мені бейтарап қалдырады деп ойлан отырғаннан саусыз ба? Онда қателесесіз,

ол идея біздің жаңымызда, ол біздің жаңымыздың бір бөлшегі, ешкім де ол сезімді өз денесінен сұлып тастай алмайды. Германияның тағдыры менің жүргіме ыстық қан құйып тұр. Көптеген қасиеттері арқылы сүйіспеншілік ояттын, бірақ жалпылай алғанда бақытсыз неміс халқы туралы ашы ойлар жүргігіндегі қызылдатады”, — деп жауап берді.

Гетеңің ұлтын шын ниетімен сүйеттініне, ол үшін жаңы күйеттініне профессор Г.Луден сенді. Бірақ та отан басына қасіретті күн туып, азаттық үшін мұқым ұлт қанын төгуге ұмтылып жатқанда Гетеңің осыншама салқындық тартқанын тарихшы фалым түсінбеді. Алайда жаманаты ақынға қалды.

Сонда Гетеңің көздегені не? Жан тыныштығы ма? Бейжайлық па? Наполеонның монархияны құлатуын іштей жақтағаны ма? Мұндай үміті де болған. Бірақ ол үшін ұлтының азаттық сезімін тұншықтыра ала ма? Гете өзінің бұл шешімін мұлдем басқаша ойлау жүйесі арқылы түсіндіреді. Ол Луденге:

“Сіз неміс халқының оянуы, дәуірлеуі туралы пікір айттыңыз, сондай қасірет пен қанының құнына келген сол бостандықты осы халық қолында ұстап тұра алады деп ойлайсыз ба? Жүрттың үйқысының қатты болғаны сондай, дәл осындай сілкіністен кейін де оның санаасының оянуы екіталай. Бұл қозғалыстың барлығы дәуірлеу емес қой. Құшпен көтеріліске шығару да намыстың оянуы болып табыла ма? Әңгіме мыңдан қана саналатын сауатты жастар мен ересектер туралы емес, миллиондар мен қалың қауым жөнінде болып отыр. Біз сонда неге қол жеткіземіз немесе қандай жетістікке жетеміз? Сіз ғой: бостандық дейсіз, алайда бостандық дегениңің орнына арылу, құтылу дегенді қолданасақ орынды болмас па еken, құтылғанда да жаттың жапасынан емес, жат мінездің қанауынан құтылайық — деп ұрандасақ қайтеді...” — деп қарсы сұрақ қояды.

Гетеңің бұл болжамы бұлжымай келді. Германия биліктің қысымында қалды.

Гете ең бірінші ұлттың рухани тәуелсіздігін алдыға бекер көлденен тартқан жоқ. Рухани бостандық — ұлттың дәуірлеудің кепілі. “Жат жүрттың емес, жат мінездің қанауынан құтылайық” — деп жар салуының себебі сондыктан. Өркеннисеттің ағысында азат ұлт ретінде өмір сүрген неміс жүрттының ішіндегі қайшылықтардың өзі Гетеңің санаасын сабылдырғанда, ұлты отарға айналған, рухани басыбайлылықта түскен Абайдың назасы қандай болғанын тәптіштеп жатудың өзі артық, бірақ қажет.

Гете айткан, “бостандық, халық, отан” деген үш ұлы идея Абайдың да “жанының бір бөлшегіне айналып, жүргегіне ыстық қан құйып тұрған” киелі күш еді.

Қазақ халқының да “қөптеген қасиеттері сүйіспеншілікті оятқанымен”, жүрткының аузынан “тағы, қасиетсіз, жабайы, мақұлық, сауатсыз” деген сөзді ғана естіді. Гете ұлттың өзін-еzi билеуіне өзгеріс енгізсе деп тілесе, Абай сол ұлттың отарлаудан құтылуын армандағы. Гетеден гөрі оның қазақтың “бакытсыз халық” деп атануына себебі жеткілікті болатын. Неміс ұлттың өкілі “жат жүрттың мемлекеттік құрылымын орнату үшін” күрессе, Абайдың ұлты үлт азаттығына жетуді аңсады. Ал Гете:

“Ұлттың өз жатырында өсіп-өнбекен, ол қажетсінбеген қайдағы бір жат жүрттық ықпалды жүзеге асырамын деп жанталасуы — ессіздік” — десе, сол “ессіздік” қазақтың басына тәніп, оны тұншықтырып бара жатқан болатын.

Кенесары хан, Шоқан іспетті бостандыққа ұмтылған жеке тұлғалар шыққанмен, Гете айткан “калын қауым мен миллиондар тобы” әлі де үйқыда болатын. “Күшпен көтеріліске шығарып, қасірет пен қанның құны арқылы” бостандық алу мүмкіндігі де қазақтың пешенесіне бұйырмай тұр еді.

Сондықтан да жоғарыдағы үш мәселе жөніндегі Гетенің пікірі мен Абайдың ойы бір жерден шықты.

Абай да ен алдымен ұлттық намысты ояту үшін рухани бостандыққа жетуіміз керек — деді. Ол қолға қару емес, қалам алу қажеттігін, яғни ұлттың үйқыдан толық оянып, сана-сезімінің биік дәрежеге көтерілуін насиҳаттады. Ол үшін сол өзін тәуелді болып отырған елдін — Ресейдің “дағуасына кіру үшін тілін біл, өнерін үйрен”, кашан “заңсыз законына қоңбейтін қүйге жеткенде ғана” қымылға көш. “Іркына қөнбе!” — деді.

Міне, дәл осы пікірі үшін Абай өз заманындағы билік иелеріне жек көрінішті көрінді. Олар Абайды “орысшылсың!” — деп кемітті. Өзгені былай қойғанда әкесі Құнанбайдың өзі оны мін етіп таңды. Бұл Гетеге тағылған айыппен бірдей еді. Бірақ Абайдың үлгі-насихатының астарын “калын қауым мен миллиондар түсінбеді”. “Шоқыншашекен Абай!” — деген өсек те таратты. Оның орыс достарымен араласуын, ауылына қонаққа шақыруын түршігеп қабылдап, Мефистофельге жанын сатқан Фауст сияқты тіксіне қарасты. Ал кеңес тұсында Абайды ұлттың жауы деп жариялады. Сөйтіп:

Нениң қайдан екенин таба алмассын,  
Телміріп терең ойдың соңына ермей, —

деп ақыл айтқан жүртты өзін талдауға салды.

Өмірінің соңғы он бес жылында Абай билікке мүлдем араласпады. Ресми сайлаудан бас тартты. Бірақ та қоршаған ортасы одан қалыс қалуға мүмкіндік бермеді. Ақыры “тұңы етіне ацы қамшы тиді”. Содан бастап мүлдем “жасып”, “жүргегін кемірген қайғыға” карсы қайрат көрсетпей, бойын өлімге ұсына берді. Абай адамның уайымын жеңетін “жан қуаты” — қайрат екенін жақсы білді. Гете де сол рухани құшті өте жоғары бағалаған. Эккерманның құнделігіне үңілсек, бұл туралы өмірлік дерекке жолығамыз.

1831 жылы 12 акпан күні Эккерман “Қасиетті кітапты” оқып отырып, ондағы бір суретке көзі түседі. Онда Христостың теніздің бетімен жүзіп бара жатқаны бейнеленіпті. Ал әулие Перт толқынның үстінде оған қарай жүгіріп барады екен. Бірақ бір сәтке өзінің сенім рухын жоғалтып алады да, суға бата бастайды. Осы сәттің бейнеленгенін көрген Гете:

“— Бұл ең бір ғажайып аңыз. Соңдықтан да осы суретті мен өте жақсы көремін. Мұнда ақсақ ой жатыр: адам өзінің сенімі мен қайратының, қажырлы рухының нәтижесінде ең қыын бастаманы (Істі — Т.Ж.) жүзеге асыра алады, ал қалай рухани сенімнен айырса, солай өзінің басын өлімге тігеді”, — депті Эккерманға.

Шындығында да бұл аңыздың астары терең. Адам рухы — тіршіліктің қуат көзі. Онсыз тіршілікте тиянақ таба алмайсың. Барлық істің үйіткісі — рухани сенім. Абай да өзінің өлеңінде мұны:

*Өзіңе сен, өзінді алып шығар,  
Ақылың мен қайратың екі жақтап, —*

деп тілге тиек етеді.

Мұндағы Абайдың “ақыл” деп отырғаны Гетеңің сөзіндегі — сенім, яғни рухани күш.

“Қара сөзінде” Абай бұл мәселеге әр қырынан оралады. Және Гетеңің “рухани сенім мен қайрат” деген сөзін әр түрлі мағынада береді. Кейде оны әнгіме ретінде қарай “жүрек” деген сөзben де алмастырады. Жүрек — қуаттың көзі. Мәселе: жеке ұғымдардың қалай аталуында емес, оның беріп тұрған мағынасында. Мысалы, қайрат, ақыл, жүрек туралы сөз қозғалатын “Он жетінші сөзінде” ушеуінің таласына төрелік айта келіп:

“Ушеуін ала болсаң — жүректі жақтадым. Құдайшылық соңда, қалпыңды таза сақта, құдайтағала қалпыңда әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы”, — деп түжірымдайды.

Дәл осы арадағы Абайдың жақтап тұрған “жүрегі” — рухани сенім. Гете сүйінген адамның бойындағы ең ұлы

қасиет. Ал осы “жүрек” ұғымын талдаған “Он төртінші сезінде” Абай жаңағы айтылған сенім, қайрат, рухани табандылықтың барлығын бір “жүректің” ішіне сыйғызады. Адамдық қасиеттің мағынасы жөніндегі ойын дамыта келіп, өз ұлтының бойындағы мінін сынап, оның себебін:

“Қазақ та адам баласы ғой, көбі акылсыздығынан азбайды, ақылдың сезін ұтып аларлық жүректе — жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегенің көбіне наnbаймын. Білсе де, арсыз, қайратсыздығынан — ескермей, ұстамай кетеді”, — деп түсіндіреді.

Бұл Гетеңін: рухани сенімі мен қайраты жок адам суға кетеді — дегенің мағынасын толық береді. Абайдың “байқау” деп отырғаны — сенім, жүректегі қажырлы жігер, рух; ал қайраты — кәдімгі қайрат, “жан қуаты”. Бұларсыз адам өзінің басын өлімге тігеді — деп түсіндірсе Гете, Абай әлгі қауқарсыздықтың салдарын:

“Әйтпесе, құдайға терістікten, ар мен үятқа терістікten сілкініп, бойын жып ала алмаған кісі, өз бойын өзі тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгілі, адам ба өзі”, — деп мінейді.

Өзіне-өзі қatal талап қойған Абай өмірінің сонында өзі соншама сипаттап, насиҳаттаған рухани қайратты неге ұстай алмады? Қаншама рет “өзінен-өзі есеп алып”:

*Оұға түстім, толғандым,  
Өз мінімді колға алдым.  
Мінезіме көз салдым,  
Тексеруге ойландым, —*

десе де, дегеніне жете алмады. Гете:

Әр ойымен өмірдің құпиясын білуге үмтүлған жан,

Оның қайнар бұлағын өзінің жүрегінен (рухынан) табады, — деп (жолма-жол аударма), барлық дүниенің құтін рухтың қолына береді. Абай да билікті “жүрекке сеніп” тапсырады. Өмірдің мұқым құпиясы мен болмысын:

*Толқының жүргегінің хаттай тамыр,  
Бұл еткізбек калайша соқса тамыр, —*

деп түсіндіреді.

Гетеңің “өмірдің құпиясы” дегені — “жүрегінің толқыны”, ал “тамырдың соғуы” — “жанның қайнар бұлағы”. Әр түрлі сөзben бейнеленсе де, поэтикалық, философиялық емеурін біреу. Ол — тәуелсіз, қайратты, жігерлі, өзіне-өзі сенімді рух.

Абай сол рухты да тәркі етті.

Гетеңің ең ұлкен бақытты — оның отаны, ұлы бостандықта еді. Сондыктан да ұлттық басыбайлылық, рухани

тәуелділік деген үғымдар ол үшін өмірінің сонында санасынан сызылып қалды. Жүргегінде ешқандай да алаң болмады. Оны толғандырган — мәңгілік пен бақылық, жеке бастың қайшылығы мен еркіндігі, дүниедегі құбылыстардың қарама-карсы заңдылықтары мен себептерін көркем бейнелеу, пенде ретіндегі уайым-қайғысын жену мәселесі.

Бірақ дана суреткер ретінде өзі өмір сүрген қоғамның қайшылығы жүргегінде шайырланып, тұтқырлана берді. Жұбанышты жырынан тапты.

Абай үшін мұның барлығы керісінше болды. Эр жыл өткен сайын үлтynың тағдыры темір ноктаға қысыла түсті. Жаппай жазалау, жаппай шоқындыру, қазақ үлтyn құнарлы жерден ығыстырып, оны крестьяндандыру, басыбайлы жұмысшыға айналдыру, тілін жою, рухани тәуелді мәнгүртке үшырату саясаты барған сайын қатты қарқынмен жүргізіліп жатты. Оның себебі мен салдарын Абай түсінді. Сондыктан да жеке басының уайым-қайғысына үлтynың қасіреті қосылған Абайдың “тілі — абы, сиясы — у” болды. Ресейдің отарлау мен шоқындыру, крестьяндандыру саясатын өшкөрелей отырып, оның өркениетінен үйренуді насиҳаттады. Өз сөзімен айтсақ:

*Әділет пен ақылға,  
Сынатып көрген, білгенін.  
Білдірер алыс-жакынға,  
Солардың свіле дегенін.  
Ізалау жүрек, долы кол,  
Улы сия, абы тіл —  
Не жазып кетсе — жайы сол,  
Жек көрсендөр өзін біл, —*

деп жүргегі налаға толды.

Ол соңғы үш-төрт жылда қолына қаламды сирек алды. Мына дүниеден баз кешіп, жақсылығына да, жамандығына да сүлесоқ қарап, өз жүргегін өзі уайыммен кемірді. Соншама сенген, сүйген, сырын ашқан өлеңі де оған қолұшын бермеді. Абай жалғаннан жалыққан соң не жалықтырган соң бетін теріс қаратып кеткен жоқ. Ол шын мәнінде санасымен сарғая езіліп, жүргегімен егілген құсадан қаза тапты. Иә, жай өлген жоқ, қаза тапты. Себебі, Абай өзінің рухани күрес майданын ешқашанда тастаған емес.

*Жүргегім менің — Қырық жамау,  
Киңнатышыл дүниеден.  
Қайтып аман қасын сай,  
Қайтқаннан соң әр неден.  
Өлді кейі, кейі — сай,  
Кімді сүйсө бұл жүрек.*

*Кімі — қастық, кімі — дай,  
Сүйенерег жоқ тірек, —  
... Қанжұректі қайғылы-ау,  
Қайрыла кет сен маған.  
Қасиетін ойлан-ау,  
Қам көнілдің тынбаған, —*

деп тағдырын торығуга шалдырганына кешірім сұрағандай болды. Жасып, шарасыз қалып танытып, “тынышмаған қам көнілімнің қасиеті мен қасіретінің себебін сен ойларсын, енді” — дегендей емеурін жасап, дүниеден Абай өтті.

Гете де өтті. Бірақ ол дегдардың “ғадауатты махаббаттан” басқа онша көп жүргінің басына төгілген запыран жок еді. Ол ақын ретінде де, адам ретінде де, адамның ақыл-оійының барлық мүмкіндігіне ие болған дана ретінде де бойындағысын сарқып беріп кетті. Өмірі де, қогамы да, үлтү да оған бұл мүмкіндікті жасады.

Ал Абайға сол құрметтің бірі де бүййымады. Абайдың “ұлы сия, аңы тілі мен долы қолы жазып” кеткен ең соңғы олені:

*Несі өмір,  
Несі журт?  
Өңшең қырт,  
Бас қанғырт, —*

деп аяқталды.

Шынында да, Абайдың қадіріне жетпеген қандай жұрт едік? Онда “несіне өмір сүрді?”. “Өңшең қырт” болмасақ, бұған да бір жауап іздеп, “бас қанғыртуға” тура келетін шығар.

Абайға тарих өз бағасын берді. Енді әрбір қазақ сол қасиетті бойына сініріп, келер үрпактың жүргегіне дән етіп себүі парыз. Арына жүктелген аманат.

Даналар өлді. Даналық ойы қалды. Олардың даналық мәйегі — адамзаттың мәңгі таусылмайтын рухани азығы. Біз сол үшін де олардың рухының алдында бас иіп, мың мәрте тағзым етіп, тізе бүгеміз.

## **18. “МҰНЫ ЖАЗҒАН КІСІНІҢ АТЫН БІЛМЕ, СӨЗІН БІЛ!..”**

*(Абай және исламияттағы жадиттік бағыт)*

Даналардың таным құпиясы ешқашанда толық ашылмайды. Тамыры табылып, түбірі жалаңаштанып қалған дана — данышшпан, яғни, “жұмбак жан” (Абай) болудан қалады. Абай да сондай түйсік түйіні шешілмейтін шынырау, Оның “сүық ақыл, күшті қайрат, ыстық жүректің” қуатына сүйеніп, көніл көрігінде балқыткан ойының астарын Ұлы Мұхтар Әуезов те толық аша алмай кетті. Ақыл мәйегі мен түйсіктанымының жетпегенінен емес, “арпалысып тұрып алған заманалардың” (Қасым Аманжолов) екпіні ырық бермеді.

“Заман адамды илеп” (Абай), тағдырын өктемдіктің ділірменіне салып, үгітіп жіберді.

Сол “заманның қас-қабағына қарап қүйлемегендіктен де” (Абай) Мұхтар Омарханұлы рухани әкесі Абайдың “зарлы да жаралы” жандүніесін, “заманына сыймаған” даналық тұлғасын бар болмыс-бітімімен көркем ой мен ғылыми пікірі арқылы зерлеп берді. Ол ушін ғұлама ойлы ғалымдық зейінін де, ұлы қуатқа ие суреткерлік таланттын да беріле жумсады. Өкінішке орай, ұлы қаламгердің өзі де дана Абай туралы толғамын, ең бір шағымды тұспалдары мен тұжырымдарын ашық әрі еркін білдіре алмай, әр кезде орайы келген тұста сөз арасын қөмбе ғып қөміп кетіп отырды.

Ұлы Мұхтар Абайдың “қаралы көніліне түскен ақылдың нұры”. Ал жарық бар жерде — көленке де бар. Сол сиякты Абайдың “қырық жамау жүргегіне” сөүле түспей қалған, түссе де Мұхтар Омарханұлы қыртысын жаза алмаған, жазуына мүмкіндік бермеген, бірақ, “есті кісіге” емеурін танытып кеткен қалтарыстар бар.

Соның бірі — Абайдың исламият дүниесі мен түркі әлемінен тартқан тамыры.

Түркілік дүние танымының тамырын таппай Абайды танып-білу мүмкін емес. Ол — ақыл бәйтерегіне тамырсыз тамсанғанымен бірдей. Тағдырдың тәлкегіне орай дана Абайды дәл осылай “таным тамырынсыз” талдап, түсіндіріп келдік.

Ойткені түркі жүрті даналыққа дәрменсіз, ақыл-ойға қабілетсіз деген, сол арқылы олардың үлттық намысын, өзіне деген сенімін өлтіріп, дербес өмір сүре аламыз-ау деген үмітін өшірмек болған нәсілдік өктемдік өнешті жыртты. Дауысты тұныштырыды. Бұл қастандық Мұхтар Әуезовке де жасалды.

Бірақ, казақтың, Абайдың бақталайына орай амалын тауып аман қалды. Сондықтан да ұлы ойшыл өзінің бар талант-қуатын “Абай жолы” эпопеясына жұмсап, іштегі запыранын төкті. Онда да мысқылдан отырып шығаруға мәжбүр болды.

Қарсылыкты — қасқунемдік туғызады. Өшпенделікті — өктемдікті қоздырады.

Ісі ислам дуниесі мен түркі тектес ұлттарды басып-жаншып, басыбайлы етіп, тұқыртып тұншықтыруға тырысқан шіркеулік һарам пиғыл мен жаһангерлік отарлау саясаты, өздері түркі жұрттына бодан болған заманың кегін қайтарудан туған нәсілдік өшпенделік — исламият пен түркілік қозғалысты өмірге өкелді.

Бұл — ғазғаут та, түркішіл ортақ майдан да емес, кәдімгі, рухани қарсылық болатын. Діні, тегі, тілі жат жұртқа жасаған шабуыл емес, керісінше, дінін, ата тегін, ана тілін сактап қалуға ұмытылған рухани қозғалыс еді.

Өйткені ислам мен түркілердің бірлік нысанасы Римде немесе Ресейде насиҳатталған жок.

Ол өзінің тарихи таным кеңістігінде, тарихи ұлттық Ота-нында ұрығын септі. Арандату, аздыру, ыдыратып-қоздыру, қырып-жою, шоқындыру, тәуелдендіру іспетті қастандық әрекеттер сол жаншылған ұлттың ішінде зорлықпен, діні, тегі, тілі жат сыртқы жұрттың зорлығымен жүргізілді.

Бұғауға қонгенімен де былауға қөнетіндегі түркі тектілер мүлдем мәнгүрттеніп кете қойған жок болатын.

Олардың да арасынан Шаһабуддин Маржани, Каюм Насири, Исмағұл Гаспаралы, Абай, Ата Түрік сиякты “ақылдың кені” шықты. Олар ұлттың санасын оятып, екі түрлі ұлы қауіптен: дінді уағыздай отырып тілін ұмыттырған “арабияттың” (М.Әуезов) рухани жалауынан; дініне де, тегіне де, тіліне де, жеріне де өктемдік жасамақ болған ресейлік жаһангерлікten сактап қалды. Алдыңғы қауіп — Түркияға, Әзіrbайжанға, Шығыс Түркістанға тонсе, екіншісі — мұқым Шығыс, Орта, Батыс Түркістанның, Ібір-Сібір елінің басына қарғыс үкіміндегі бол үйірлді.

Бұл пиғылды ұлы Мұхтар Әуезов дер кезінде ашық жария етпегенімен, шәкірттерге арналған дәрісінде айтып, дәптеріне:

“... Жұз жыл бойында орыс әдебиеті патшаға қарсы ереуіл ойдың үлгісі болған. Осыны түсінген бүратана елдеі азаматтар қазақ елінде де шыға бастаған. Тіл бір, тарихы жақын түрік, қырғыз, өзбекті алсақ тез ояна қойған жок, ертерек ояңған қазақ халқы болды... Шоқанның осындай жолға тусуі, тарихтың қалай көшетінін түсінгені. “Зар заман” ақындары

таба алмаған жолды осылар табуы керек еді... Ертеде арабтан көп мәдениет тараса, бұл шама оның тоқтаган кезі болатын. Иран мәдениеті де музейдің ішінде сақталған мәдениет сияқты. Шагатай, түрік тілін алсақ, бұл тілдегі әдебиет те әлсіз еді. Орта ғасырда шағатай мәдениетінің тарап, бірнеше ақынның шыққан кезі. Бұл 400-550 жыл бұрын болған әдебиет мұралары. XVIII ғасырда сол ертедегіні қайталап қана жырлады. Шығыста да батыстың қысымына қарсы қозғалыс болған. Бұл ескі режимді қайта құру негізінде болды. Дінді қолдарына ту етіп үстады. Еуропаның өнерінен қашпау керек. Бірақ, (оны) алғанда исламды қүштейту үшін алу керек дейді. Мысырдан Мұхамед Фабдуку шықты. Бірнеше медіреселер болды. Мұсылманшылықтың логика, философиясын оқыды. Бірақ ертеде жазылған кітаптан ғана оқыды. Оナン тыскары кете алмады. Панисламизм көтерілісі Ресейде пантюркизм деген қозғалыстың тууына өсер етті. Халықты діні арқылы үтіттеді. Абай, Ыбырай сияқты жаңа дүниеге жаңа қозқарас тузызу керек деген ұғымды бастаушы аз болды”, — деп жазды.

Емеурін танытып қана кеткен Мұхтар Әуезовтің құпия көмбесінің бірі, міне, осы ұзак үзіндідегі пікір.

Ісі түркістандық ұлттардың маңдайына қарғыс таңбасындағы басылған, еуропашылдық шовинистік қастандық пен шіркеулік аяр пиғылдан өршіген, қасақана арандату үшін тасталған: “пан — исламизм, пан — тюргизм” — деген атышулы қасташықлағыр ұран осылай туды.

XIX-XX ғасырдағы түркі жүртіның басына тәнген жан алғыш Әзіретті осы екі “пан — ... изм” болды.

Бұл обадан бетер қауіп төндірді.

Ұлтының ең кекті, зияллы, рухы күшті зияллыларын отап түсірді. Ел “өңшең нольдің” ортасында “бір кемелсіз” қалды. “Жынды су” ішкен машайықтар құсан “есті кісіні” (*Абай*) ойранға ұшыратты. Көшеге сүйреп шығарып, таспен атып өлтірді. “Ақ”, “қызыл” жаһангілердің “түрмесіне сап қинауын” (*А. Байтұрсынұлы*) қозғап, жұлын-жүйкені тоздырмай-ақ қоялық.

Мұндай рухқа, ұлтқа, дінге нәсілдік насап жариялаған қасапхана — қоғамға Мұхтар Әуезов те жария түрде қарсылық білдіре алмады. Ойткені, ол сол “қасапхананың” түрмесінде екі жыл жатып, жүрегін тітіркендіріп алып еді. Сондықтан да ақыл-айламен айтар ойының, ащы запыранының барлығын Абай арқылы көркемдік шындықпен елжүрттына жеткізді.

Өнер адамын құғын-сүргіннен, тіміскілік пен жымыс-қылыштан, рухани қорлаудан күтылуға мүмкіндік беретін

ең беделді сыйлыққа ие болғанда, можантопайлау, ғалымсымақтың бірі:

— Мұқа, “Абай жолынан” да артық шығарма жазыныз! — деп қолпаشتапты. Сонда шығарманың астарын түсінбеген дүмбілездің жадағайлығына Мұхтардың күйіп-пісіп:—

— Ей, сен не дейсің! Не дейді мына сүмелек! “Абай” — менін өмірім, өмірлік мақсатым, мәнгілік айтарым емес пе! Абайдан басқа жүкті кім көтереді? “Абайдан” қай шығарма аса алады. Сен мені тірі өлтірдің ғой! — деп тас-талқан ашулануның себебі сондықтан.

Шындығында да, “Абай” романы мен Абай тұлғасы арқылы Мұхтар Әуезов қазактың барлық қасиеті мен қасіретін, тарихы мен танымын, ұлттың рухани қозғалысы мен ұмтылысын үрипакка аманатташ кетті. Ғұлама Қаныш Сәтбаевтің “Абай жолы” эпопеясы — казақ ұлтының энциклопедиясы — деп бағалауда тегіннен тегін емес. Ол да екі “пан — ... измнің” пиғылын жақсы түсініп, жасында соларға ниетін қоскан еді.

Бұл екі “пан — ... изммен” Абай да жақсы қанық болатын. Ойткені ол: исламиятты да, түрікшілдікті де ана сүті, ата тәрбиесімен қосып, бала шәкірт шағында бойына сінірді. Абайдың медіреседе оқыған кезі осы екі рухани қарсылықтың қоғамдық қозғалыска үласуы түсініп келіп еді. Алғыр да ойлы, қанышыл шәкірттің жас жүргегіне намысты қоздырып, қанды қыздыратын, тәуелсіздік рухын оятатын пікірлер “жүргегінің басына” мәңгі үялап қалды.

Көзі тірісінде жариялаған макалаларында тіс жармай кеткен Мұхтар Омарханұлы өзінің тартпасында сакталған жазбаларында Абайдың түркі әлеміне деген құштарлығын тиянақтап тұрып жазып кетті. Ол бұл пікірін лекция сабағында еркін айтты. Дәрістерінің көшірмелері сакталған шәкірттерінің дәптерлерінде де ойы кенірек қамтыла қағазға түсіріліпті. Л.М.Әуезова мен М.Мырзахметов құрастырған “Абайтану дәрістері” атты жинақта Абайдың түрікшіл көзқарасының қалыптасуы жөнінде айта келіп, оның тұптымдыры туралы:

“Абайдың оқыған медіресесінде ... арабияттан басқа түркіні оқыды. Түркі тілі деген бертінге шейін келген. Бұл тіл — кітап тілі, әдеби тіл болып есептелген. Түркі тілі — 1915 жылға шейін түркі елдерінде ортақ тіл болатын. Түркі тілінің негізі шағатай әдебиетінен шыққан. Шағатай әдебиеті — сол уақыттағы бүкіл түркі еліне ортақ әдебиет болған. XV ғасырда әуелде парсы тілінде, соңынан түркі тілінде жазыла бастаған Науай, одан кейін Хұсайин Байқара деген кісілер шығады. Осы кезден

бастап түркі тілінде кітаптар жазылды. Сондықтан “Құраннан” әрі шыққандағы оқытындары Орта Азия ақындары еді. Абай үйінде, бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медіреседегі 3 жыл ғана емес, Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медіресесіндегі оқыды. Түркінің қандай, араб мәдениетіне көніл бөлудің қандай екенін, араб тарихынан әсер алғын Абайдың шығармаларынан көруге болады... Осы шамада екі ананың арасындағы Телғара — кітаптан және елдің аузындағы әңгіме, ертегілерден нәр алған Телғара еді”, — дейді Мұхтар Әуезов.

Яғни, әжесі мен туған аناсының мейіріміне қалай қанып өссе, араб пен түркі мәдениетін де солай тел емді.

Абай бұл сәбілік махаббаты мен ынтызарлығын ғұмырының соңына дейін ұмытпады. Турікшілдік пен исламият идеясын жаңына жақын тартты. Кейіннен орысқа, европалық ілімге ден қойды. Бірақ ол жандунесіне сінген тума ілім емес, өзі акылмен іздел тапқан сұyk таным болатын.

Ол Шығыс пен Батыстың парасат тізгінін тен ұстап, өзі жүретін сара жол іздеді.

“Абай батыстың өнер көрмесіне қазақ сақарасынан, Шығыстан шығып: сапар шегін келіп, әдейі не барын, нендей сырлы екендігін таныш қайтайын деген кісі сияқты. Бірақ шын өнер, шын мәдениетті көру — мұғ. Көрген соң дәмін татып, нәрін алған соң жым-жылас, тұқ жұқтырмай кетуі мүмкін емес... Рас, “Шығысым — батыс, батысым — шығыс боп кетті” — деген сөз Абайдың ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетті дегенді білдірмейді. Еуропаның ғылым, өнер, мәдениеті мұны барған сайын қызықтыра тартып, соңына шындал телміргенін білдіреді. Өз ішін бермеймін деп журсе да ақын көп жанасу арқылы, бірқатар жаңғырыш, түлей бастады” (М.Әуезов).

Әуелде, таңғы шықтай тұнық наным байырқалай келе запыранға айналды. Мұның өзі ақындық рухын ашындырды. “Ақыл — ашыған у, ойы — кермек” татыды.

Абайдың таным қайнары — қазақтың дәстүрлі даналығы. Содан кейін барып: “... түрік, араб, парсы”, ақыры соңында орысқа ауысты. Өмірінің соңында тағы да исламият пен түрікшілдікке қайтып оралды. Ишкі рухы қатайып, беріштеніп оралды.

Ол дәүірде Шығыс пен Батысты тұтастырған тұлғалар өте аз еді. Абай бұл бағытты ұстанған тұнғыш түркі қазағы болғанымен де, одан да бұрын исламият пен түрікшілдік әлемінде ұлы өзгеріс әкелген ғұламалар болды. Абай рухани түрғыдан солардың таным жолын ұстанды. Мұхтар Әуезов бұл оқымыстылар туралы:

“Осыған жақын (тұлға) татардан шыққан Маржани. Тәрбиені ескі медіреседен алады. Өз бетімен көп ізденип білім алған. Араб, иран әдебиет тарихын оқуға беріледі. Математика, химия ғылымын оқып, сол пәннің медіреседе оқытуын талап етеді. Өзі медіресе салғызыды. Орыс мектебіне мұсылманша береді. Бұл да орыс мектебіне көңіл бөлген адамның бірі. Абайға әсері күшті болды. Осыдан кейін татарда Абаймен замандас татар баспасөз әдебиетінің қайраткері Каюм Насири XIX ғасырдың 70-80 жылдары көп еңбек сінірген адам. Бұратана елдегі хал-жай осындай еді. Башқурда, өзбекте жаңалыққа қол созған Абай, Ыбырай сияқты адам жоқ еді”, — деп мағлұмат береді.

Зерттеушілердің таңдайын тотыяйын бол ойып, тілін байлаған тақырыптың екіншісі осы. Әйткені жоғарыдағы ғұламалар исламияттың жолын, дінін, үлттық дәстүрін қатты ұстанды. Сонымен қатар жаратылыстану ғылымын да жоғары бағалап, европалық дәрежедегі білім жүйесін жақтады. Өз үлттының діні мен тілін қадір тұта отырып, өзге жүрттың да ғылымын сыртқа ысырмады, бауырына тартты. Ғылым үшін олар басты нысанаға айналды. Сөйті тұра жаһангерлік пен рухани бостандықтың арасындағы қарама-қайшылыкты барынша терең түсініп, оған қарсы шықты. Исламият пен түрікшілдікті қуаттады.

Әйткені екі қозғалысты тудырған тарихи және рухани себебі зиялды қауымның бәріне анық еді. Ол — христиандық шоқындыру уағызы мен отарлау жүйесі болатын. Бірақ та оны Ресей жаһангерлерінің өктемдік кесірінен жария түрде талқыға сала алмады. “Қара тақтаға жазылған” Абайды “буржуазиялық кәкүр-шүкірден” енді ғана тазарта бастағанда ақынның мұрасын арандатудан, оны шектеп тастаудан сактау үшін шын ниетін бүркемелеп, астарлап түсіндіруге көшті. Сынағансып отырып Мұхтар Омарханұлы:

“Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабғузи, Рашид ад-дин, Бабыр, Эбілғазы Баһадүр хан және басқалар сияқты Шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен де танысты, мұсылман дінінің барлық шаригат негіздерін біліп алды. Абай Шығыс елдерінің бағзы замандағы тарихымен ғана танысып қойған жоқ, ол сонымен қатар Таяу Шығыс (тың) өз тұсындағы мәдениетін де өте жақсы білді. Татардың тұнғыш просветитель — ғалымы Шаһабуддин Маржанилің еңбектері де оған жақсы таныс еді. Абай сол кезде тұа бастаған панисламшыл жалған діни-саясат ағымының ықпалы қалай күшіе бастағанын сезіп, біліп отырды. Египет жазунысы Мұхамед Габдуку, Жалаладдин Аугани таратқан панисламизм

ағымының идеясы бірте-бірте өршіп, бұл ағым Ресейдегі мұсылмандар арасына да жайылды. Алланың құлы болу, айға табыну, халфелерге бағыну сияқты ұстаған бұл ағымды қазақ елінің қажы-моддалары, феодал-бектері де жақтады. Бұл ағымды жақтаушылардың газеттері, журналдары да болды. Соның бірі — әйгілі пантүрікшіл Исмаил Гаспиринскийдің басшытымен Бақшасарайда шығатын “Тәржіман” газеті Абай заманының өзінде-ақ қазақ даласына көп тарады”, — деп Абайдың түпкі нысанасын астарлай түсіндірді.

Бұдан басқа оның амалы да жоқ еді.

Әрине, рухани исламият пен отаншылдық, түрікшілдік рухында басталған екі бағыттың да өз ішіндегі қайшылығы мен мақсат-мұдде айырмашылықтары болды.

Абай соның ішінде ең бір байсалды, пайымды жолды үстанды.

Поэзиядағы шығыстық дәстүрде сезімнің шынайылығынан ақыл шындығы басым тұратын. Абай өзінің ақындық шабытын қазактың халық мұрасы мен шығыстық даналыққа суарғандықтан да, осы екі қайнардың тунығын қанып ішті және де соны үстанды. Алайда ақыл тоқтата келе европалық үлгіге дендей бас қойып, үш арнаның тамырын тоғыстыруды.

Ал дүние туралы көзқарасының қалыптасуына барлық бағыттағы танымдық пікірлер өсер етті. Ол белгілі бір таным тәсілін мәнгілік үлгі ретінде ұстаған жоқ. Әрбір ойды ақыл сүзгісінен өткізу барып, өзінше тұжырым жасады.

Исламдық ілімді жетік біле тұра, Алланың ҳаң екенін мойындағы тұра, тек қана “Мұтәкәләм” бағытына жүгініп қоймады. Шындықтың бәрін бір ілімге сүйеніп дәлелдеуден бас тартты. Барлық кисынды “Құран” сөзінен ғана таратуды үғымның тарлығы, әсіресе шарттылық деп қабылдады. Бұл ретте Абай сол замандағы “жәдидшілерді” — “жаңашылдарды” қатты қолдап, солардың ілімінің тезірек ғылым жүзінде іске асуын асыра күтті. Мұны Тұрағұл Абайұлы да:

“Өкем жаңа ілімді сондай аңсан күтіп, сол оқу келгенде ғылымды игеру женілге түседі деп отыруши еді”, — деп растап кетті.

Таным түрғысынан алғанда Абай күй талғамады. Бақассыз ғылымды жақтап, дініне, тіліне, тегіне қарамастан көніліне жаққан ғұламаның сезін сөйлеп, тұжырымын шындық деп ұқты. Солардың пікірін көкіргенінде токи жүріп, өзі де оқымыстық ақын болды. Абайдың көзқарасының қалыптасуы жөнінде Мұхтар Әуезов:

“Абай — имам Фазалидей сынышы, мұсылман, үя бұзар діндарға үқсай бастайды. Діні әрі-беріден соң Файса дініне де

жакындалап, өзінше: ақыл — діні бола бастайды. Осы жайлары қара сөздерінде де айқын көрініп тұрады. Міні, Шығыс жағасынан Абайдың барлық тұлға мазмұнына орнаған поэзиялық, ой-саналық ілгелері осындай. Аз нәрсе емес. Үстіңгі бір жамылшы гана, бір қабат жұқа кабыршақ қана емес. Қоңілне орнаған терең тамырлы бүйімдар... Сонымен өз тұсында, XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылдар дін реформашыларының шеніне араласады. Абай татардан шыққан Каюм Насыри (дін) алдындағы Шаһабуддин Маржаниды костайды. Осы айтылған рационалшылдық пен салт-сана, ой-өнер жүзіндегі жаратылған жаңашылдыққа бейім болмаса, Абайдан Еуропа жағасының белгілерін көре алмас едік”, — деп түсіндірме береді.

Сондағы “реформашылдар” — жәдидшілер (жаңашылдар), рационалшылдар — есепті ақылдың иелері кімдер және олардың мақсаттары қандай еді? Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің Абай туралы мақалаларының бәрінде де тұрақты түрде іш тарта айтып, Абайдың үстазы ретінде алға көлденеңде ұсына беретін, қайта-қайта бауырына баса көзкарасын тәпсірлей емеурін танытқан Шаһабуддин Маржани мен Исмағұл Гаспаралы, Каюм Насыри кім еді? Олардың исламият пен түрікшілдікке катысы қандай?

Біз бағанадан бергі ұзак-ұзак үзінділер келтіріп, сөзбүйдалатып отырганымыздың өзі де осы есімдерді көзқанық ету еді. Мұхтар Әуезовтің: егер Шаһабуддин Маржанидің жәдидтік бағдарламасы мен есепті ақылға құрылған пікірін ұстанбаса Абай Еуропалық ғылым мұхитының жағасына жете алмас еді — деп сенімді түрде айтуы әрбір аңғарлы зерттеушіні ойға қалдырса керек.

Пан-исламизм мен пан-тюркизмнің шығу тегін таратада келіп, ұлы Мұхтардың өзінің ой тұжырымын Шаһабуддин Маржаниге әкеп тірей беруі тегін емес. Мұхтар Әуезов орынсыз пікір мен кисынсыз кисынды тәптіштей қайталауға құштар ғұлама емес. Абайды өзге қырынан да сөз етіп ойын дамыта алатын еді.

Сонда неге сөзінен жаңылмай Маржаниді, Насыриді, Гаспаралыны әспеттейді? Егер Абайға бұлардың, оның ішінде Маржани әсерінің күштілігі сондай болса, онда оның ғылым мұрағаттарын неге жан-жақты таратып айтпаған? Осы уақытқа дейін отандық ғылымда аты естілмеген ол қандай ғұлама?

Мұның бәрін бір сөзben түсіндіру мүмкін емес. Өйткені ол: ғылыми да, саяси да терең мәнісі бар күрделі мәселе.

Мұхтар Әуәзбетің үшінші көмбесі осы — Шаһабуддин Маржани мен оның ізін қуушылардың ғлімі болатын.

XIX ғасырда өмір сүрген, дін ислам мен түркі ұлтының арасынан шыққан, дүние гылымына түбірлі өзгеріс енгізіп, мұқым мұһимдер мен түркі жұрттының көзқарасын жаңаша қалыптастырып, ойлау жүйесінің дәрежесін биіктetіп, исламды дін ретінде де, ғылым ретінде де жаңа сатыға көтерген Шаһабуддин Маржанидегі ғұламаны табу қыын. Осы уақытқа дейін Абайдың діни көзқарастары мен таным тамырын араб пен парсы философиясынан іздел, нақты ой тоғысын таба алмай сандалудың бір себебі — айбаттанушылардың жәдидшілерді, олардың ой ағымы және Маржани, Гаспаралы, Насыри іспетті оқымыстылардың ілімін назардан тыс калдыруы еді. Ұлы таным тамырының ұшы сонда жатыр.

Сейтіп, Абайдың акылын үйіткан даналық мәйегі — “арабияттан да, парсияттан” да емес, туркияттан — түркі әлемінен табылды.

Бұл занды да еді. Өйткені, түркі жұрты сол тұста бір-бірімен керегар екі діннің, екі қоғамның, екі мұдденің шарпуына түсіп, ұлттық тұрғыдан да, діни сенім тұрғысынан да жанталаса арбасқан күйді кешіп жатыр еді. Ресейдің отарлау саясаты мен шоқындыру піғылы қарсылық тұғызды. Ал күрес бар жерде — жаңа нысаналардың тузы табиғи. Шығыс пен Батыстың ырғасуының нәтижесінде — жәдидшілер дүниеге келді.

Оларды заманның өзі екшеп шығарды.

Дінислам дүниесіне: “Алланың өзі жар болған” діни философияның даналық негізін қалаушы Софы Алладардың “Құран” хадистеріндегі қасиетті түсінікке айналған тәпсірлеріне түзету енгізген Шаһабуддин Маржани де оқымыстылардың оқымыстысы, Абай айтқан нағыз “хакім” еді.

Оның әлемдік тұлға дәрежесіне көтерілуіне — тұған ұлтының түйікка тірелген тағдыры, рухани және ұлттық басыбайлылыққа ұшырауы ықнап етті. Ол дінді — ұлттық, рухани езгіге қарсы қасиетті құрал деп түсінді. Сондықтан да исламияттың философиялық көзқарасы мен дін тарихын, әрбір ұлы тұлғалардың тұжырымын зерттеп, соларды таным талқысынан өткізеді. Еуропалық жаһангерлік пен жаһилдіктің қармағына іліккен исламият пен түркі жұрттының рухани және ұлттық езгіден құтылуының жолын қарастырды.

Ғұламалық жолға түсіп “ғылымды — Алланың бір сыйпаты ретінде имани парызы” (Абай) деп түсінген Шаһабуддин Багаудинұлы 1818 жылы Қазан шаһарының іргесіндегі Маржан қаласында дүниеге келді. Ғұламағалым Ақжан

Машановтың мәліметіне жүгінсек, оның атасы Сұхбан аскан оқымысты: “Откенді білгендейтін (ол туралы тарихи хаттарды) жинаимын, келешекке (не боларын) білмендейтін үмтүлмаймын” — деген қанатты сөз қалдырған данагей бопты. Медреседе хат таныған Шаһабуддин “әуелі түркіні, содан араб, парсыны біліп”, орыс тілін еркін менгеріп, сол тілдерде ғылыми еңбек жазған. Өмірінің соңында Ресейдің оқу орындарында дәріс берген. Туған қаласының атын лақап есім ретінде алған Маржанидің түркі тарихын баян еткен: “Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығының тарихы”, “Мустафад Әл-Ахраб фи ахуали Қазан уә Булгар” — атты кітаптары орыс, араб, татар тілінде жарияланды. Онда казак тарихы да қамтыған. Содан парсы, араб, түрк елдеріне ұзак жыл сапар шегіп, өзінің атын дүние жүзіне жайған “Откен бабалар өмірінен” (“Вафиат әл-аслеф”) деген әйгілі жеті томдық еңбекті араб тілінде жарыққа шығарды. Бұл мұқым шығыс халықтарының ұлы тұлғалары мен ғалымдарының, мәдениеті мен әдебиет қайраткерлерінің, тарихшыларының, философтарының өміrbаяндaryнына, ғылыми еңбектеріне түсінік берген, солардың көзқарастарын талдаған ұлы энциклопедиялық дүние болатын. Сондағы ірі реформалық пайымдаулары арқылы исламият пен түркі тарихының ғұламасы атанды. Әл-Фарабидің түркі екенін, казак даласынан шыққандығын тұнғыш рет дәлелдеп, оның еңбектеріне талдау жасаған да осы Маржани.

Осы жеті томдық Абайдың кітапханасында болған. Кейін Мұхтар Әуезовке сыйға тартылған. Бірақ Абай үрпактары құғынға ұшыраған жылдары қолды болып, із-түzsіz жоғалып кетті.

Ол отанына қайтып оралған соң жәдидтік — жаңашыл бағыт үстап, Қазаннан “Галия” медресесін ашты. Бұхара, Самарқан, Стамбул, Мысыр, Таю Шығыс сапарларындағы діни тәжірибелі жинақтай келіп, исламияттағы кате түсіндірілген қағидалардың шын мәнін мұһминдерге уағыздады. Оның жәдидтік ілімі қазақ елінің арасына Семейдегі, Омбыдағы, Троицкідегі, Қарқаралыдағы мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы кеңінен тарады. Абай оқыған Ахмет Риза мешіті де сол Маржанидің бағытын ұстанып, ғылымның бар саласын оқытты. Ол:

“Озінің дінін, тілін, елін білгендер ғана орысша оқыса, ол жақсы. Оны білмей орысша оқыса, онан қайыр күту киын” — деген қағиданы ұстанды. (A.Машанов. “Әл-Фараби және Абай”).

Абайдың “Жиырма бесінші сөзіндегі”:

“Балаларды оқыткан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана таза оқыса болды. Оның үшін бұл жер дәрілхарап. Мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек... Онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек... залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, окуын, ғылымын білмек керек”, — деген пікірі Маржанидің жоғарыдағы жәдидтік бағдарымен тікелей үштасып жатыр.

Ол 1889 жылы 71 жасында дүниеден қайтты.

Ғұламағалымның жолын құған баспагер Каюм Насыри мен И司马ғұл Гаспаралы түркі ұлттының оянуына, олардың ортак мұддеге топтасуына, рухани тәуелсіздік пен ұлттың азаттыққа үмтүлүүсіне жаңкештілікпен еңбек сінірді. Кезінде ата-бабалары шоқынған, тегі түркі орыстың ұлы жазушысы И.С. Тургеневтің көмегіне сүйене отырып И司马ғұл Гаспаралы өзінің туған қаласы Бакшасарайда “Тәржіман” атты газет шығарды. XIX-XX ғасырдың ішінде мұқым түркі текстес ұлттардың арасында дәл “Тәржімандай” беделге ие болған басылым жок. Рухани бостандық пен ұлт-азаттық рухты, адамзатқа ортақ итілікті насиҳаттағаны үшін И司马ғұл Гаспаралы Нобель сыйлығына ұсынылды. Бірак та, “массондар ложасы” мен римдік, ресейлік миссионерлердің, шовинистердің кесірлі кедергісінің нәтижесінде сыйлық берілмеді. Мұхтар Әуезовтің кепілдігіне жүтінсек, Абай “Тәржіман” газетін жаздырып алыш, үзбей оқыпты. Міне, осындаи дүниежүзілік беделге ие болған жадидшілер исі ислам дүниесі мен түркі әлемінің санасына төңкеріс өкелді. Олар біріншіден: барлық тұжырымды “Құраннан” алатын “мұтәкәләм” бағытын өзгертіп: математика, химия, жаратылыстану, қоғамтану, жағырафия пәндерін игере отырып, дінді ғылым дәрежесіне көтерді, сөйтіп Алланың жасырып қойған шындығын ақылмен табуды ұсынды.

Екіншіден: Әр халықтың өзінің тіл ерекшелігіне сай жазу-сызуын қалыптастырып, дыбысталуы бойынша әріптермен белгілеуді максұт етті. Сол арқылы “Құранды” да әр ұлттың өз тіліне аудара отырып оның мағынасын сол тілде жеткізіп, түсіндіріп, тәмсілдерін талдап дінді “жаттаумен” емес, санамен сініруді шарт етіп қойды.

Үшіншіден: ұлы рухани (дін исламның) және тарихи (түркілердің) тұтастыққа үмтүлүүн басты нысана — идеология дәрежесінде көтерді. Бұл мәселені ғазауат пен жаһатсыз, сана мен санат, таным мен тарих тұтастығы арқылы ғылымға сүйене отырып, ақылмен бейбіт түрғыда шешуді көзdedі.

Жәдидшілер: руханият пен тектік, тілдік, тарихи тұгастыққа жеткенде ғана жаһанды билеген жаһангерлердің аранына жұтылмай, дін мен тілді, жерді сақтағ қалуға болады деп есептеді. Бұлай істемеген жағдайда, бет-бетімен кеткен мұһминдер мен түркілердің бірінің басын біріне қоспай, шіркеулік және отарышылдық жаһангерлердің оларды отарлап, рухани төуелді етіп алуы, текті аздыруы әбден мүмкін екендігін ғұламалар білді.

Тіпті, болжап білген жоқ, тарихи және рухани төуелділіктің корлығын өз бастарынан кешті. Әсіресе, Ресейдің бодандық бұғауына бұрын түскен татар, ногай, қырым татары, оған іле қазақ елі діни және саяси езгіні жүргімен сезініп, рухани намысы ерте оянды. Жаһангердің араны — кең, ақылы — аяр еді. “Еділ мен Жайыққа қол салып, ел мен жерді алған” (*Мұрат Мөнкеұлы*) қомағай жаһангер, тәбетін тояттатуға келгенде барлық ар-ұяttan, сабырдан айырылып, “жемтігін” бірден шайнамай жұтып жіберуге тырысты. Империяның бұл пиғылын көрнекті татар тарихшысы Альфред Хасанұлы Халықов деректі құжаттарға сүйене отырып:

“Татарлардың ұлтының негізін құртып, орыстандыру үшін олар (Ресей империясы — Т.Ж.) өздерінің әдеттегі әрекетіне көшіп, қалайда зорлықпен шоқындыруды қолға алды. 1713 жылы: жарты жылдың ішінде барлық татар мырзаларын қүшпен шоқындыру туралы Петрдің жарлығы шықты. Егер бұдан бас тартқан жағдайда олар барлық құқынан айырылып, үйі мен жері тартып алынатын болды. Татар жер иелерінің бір бөлігі өзінің байлығынан айырылып қалудан сескеніп христиан дінін қабылдалы да кейіннен орыстанып кетті (Мысалы: Карамзиндер, Аксаковтар, Басқаковтар, Юсуповтар, Ишболдиндер, Тенишевтер, Молосовтар, Шереметьевтер т.т. әулеті). Татар мырзаларының бір бөлігі өзінің қора-қопсы, қонысымен бірге Орта Азия мен Орал өндіріне қоныс аударды... Олардың саны 1730 жылдары 200 мың адамға жетті... 1730-1760 жылдары Архиепископ Лука Кониашевичтің жауызық-қорқаулықпен жүзеге асырған шоқындыру әрекеті Еділ бойын қан қақсатты. Соның нәтижесінде 100 мың діні басқалар шоқыншық атанды. Мешіттер жабылды (тек 1744 жылды ғана 418 мешіт қираптылды), мектептер жабылды, шоқынудан бас тартқандар ата мекенінен зорлықпен құылды”, — деп әшкереледі.

Дәл осындаған күлдік нен көнірліктің қамытын ілгерінді-кейінді түркі ұлттарының бәрі де киоге тиісті болды. Көнбесе — зорлықпен мәжбур ететін. Қалай қарай қоныс аударып, іргесін аулақ сақтағанмен “темір ноктадан” қазактың кең

даласы да, Орал таулары да, Орта Азия өлкесі де күткара алмайтын. Сол дәүірде “қәпірдің қызыны” жалаңдал тұрды да дүниені түтел отарлауға көшкен еді. Ал Фазірет-Әлінің зұлпұһары қынында жатты, тіпті пайғамбар жұртының өзі — арабтар ағылшының құрығына мойынсынып келе жатты.

Бұл қасіретті ғазаатпен де, жаһатпен де серпіл тастауға исламият пен түркі жұрты дәрменсіз еді. Қанаарлы қару — қәпірлердің қолында болатын. Жалған намыс пен көзсіз мұсылмандық мұқым үлтты қырғынға әкелетін. Құрбандар — шейіт, жер — бейіт болатын мұндай зауалға өзге амал табу қажет еді.

Жадидшілер “зар заманның” мұндай зауалды ағымын “сүйк қылмен” талдады. Олар XIX-XX ғасырларда ислам дүниесі мен түркі әлемінің адамзаттың даму сатысынан кейін қалып, тоқырауға ұрынғанын мойындағы.

Құдіреті күшті жалғыз Алла жебе, Түркістанның тұтастығы мен азаматтығын сақтау үшін — дінге де, үлттық дәстүр мен санаға да, оку жүйесіне де, сыртқы-шілкі саясатқа да жаңаша көзқараспен қараша қажеттігін түсінді және сол үшін құресті. Ахмет Байтұрынұлының “Төте жазу әліппесі” мен Әлихан Бекейханұлы құрған “Алаш” партиясы сол жәдидшілердің ықпалы арқасында өмірге келді.

Бірақ өзі сондай аңсаған бұл күнді Абай көре алмай кетті.

Мұхтар Әуезовтің де Маржани мен Насыриді қайта-қайта атап, Исмағұл Гаспаралының “Тәржіман” газетінің қыр еліне көпtek таралуын ескерте беруі — бұл нысанала-рдың қазақ ішіне сіңіп, жеміс бере бастағанын айту еді.

Патшалық Ресей түсында да, Кеңестік Ресей түсында да осындаи игілікті ұлы бағыттың ғылыми тұжырымы, саясат ретінде кудалануының, оның ту ұстаушыларын жазаға тартыш, есімін ауызға алдырмауының, ілімін насихаттатпай, талдатпай, тыйым салуының себебі не? Себебі жәдидшілердің ілімі империяның отарлау, шоқындыру, жерді жаулау пигылына карсы еді.

Екі империя үшін де исламиятпен рухтанған түркі халқының бауырласуы, тілінің, дінінің, тарихының, жазуының ортақ болуы — аса қауіпті бағыт болатын. Ежелден еркіндікке, кеңестікке бойын үйреткен түркі қауымы бірлесіп кетсе, оларға жалынан да сыйпаттайтын. Негұрлым өзара ала ауыз, дінге селсок, бірінің жазуын бірі оки алмаса, соғұрлым тез басыбайлануға, рухани тәуелденуге бейімделетін.

Сондықтан да Абайдың жадидшілерге деген көзқарасы, олардан алған үлгісі, тәлімі айтылмай келді. Абайдың діни,

тариҳи, мантихи (логика), танымдық, философиялық, дүниеауылдық, ұлттық, қоғамдық пікірлері арабияттан, парсияттан таралды. Таяу Шығыстан тұған рухани ілім мен көзқарасты бойына сіңірді деген біржакты ұғым қалыптасты.

Бетін қасиетті Қағбаға қаратқан абайтанушы ғалымдардың ниеті дұрыс болғанымен де, түркі дүниесінің акыл-ойының даму тариҳы мен тәжірибесін сыни пікірден сырт қалдыруы жалған пайымдауларға жол ашты. Тек қана түркі өлеміне ғана емес, исі исламияттың қағидаларына тың көзқарас әкелген, оның даму жолын анықтаған Шаһабуддин Маржани, Каюм Насыри, Исмағұл Гаспаралы, Заки Уәлиди іспепті түркі нәсілінің рухани көсемдері ұмыт қалды.

Абайтанушылардың жүргі дауаламай, тәуекел еткендерінің таным қайнарын таба алмай, түспалға ұрынуының кілтипаны осында жатыр. Бірақ та олардың ілімі мен есімі аталмаса да:

*Мұны жазған кісінің,  
Атын білме, сөзін біл!  
Осы жалған дүниеден,  
Шешен де откен не бұлбұл,  
Көсем де откен не бұлбұл.  
Сөз мәнісін билсендіз.  
Ақыл — мизан (таратызы), өлшеу қыл, —*

деп Абайдың өзі айтып кеткендей, түркі табигатының акыл өлшемі болып Абай, Мағжан, Мұхтар сиякты ұлылардың жүргегінде өмір сүрді.

Алайда, бір өкінішті жайт, бұл ғұламалар жәдидшілер жөніндегі түйінді тұжырымдарын ұлтының игілігіне жарата алмай, үрпағына жеткізе алмай, мәтқапыда кетті. Қазақ оқымыстыларының арасында бұл мәселеге назар аударып, абайтанудың жаңа бір қайнарының көзін ашқан адам — сол жәдидшілердің ықпалында сауатын ашқан “қаратаяктардың” соңғы өкілінің бірі Ақжан Машанұлы. Келер сөзді сол дегдардың пікірінен өрбіте отырып, Абайдың рухани ұстазы Маржани кім, көзқарасы қалай қалыптасты, ойлары мен тұжырымдары қай жерде тоғысты, соны аңғартамыз.

Исламият пен түркі тарихындағы жәдидшілердің заман сахнасына шығуы кездейсок күбылыс емес. Дін тарихы — таным тарихы. Ал танымда тоқырау болмауга тиіс. Ол да адамзаттың даму сатысымен коса жаңа баспалдакқа көтерілп, қоғамның ішкі заңдылығына байланысты бағыт-бағдарын анықтап, уағызын соган орай жүргізу парыз.

Дүниедегі қасиетті кітаптардың барлығы да қадым заманындағы қалпын сақтап келеді. Оған ешкім өзгеріс

енгізген жоқ, Өзгертуге қақысы да жоқ. Бірақ сол қасиетті кітаптың ішіндегі айтылған қудай сөзінің астарын жіті аңғарып, заманың ағымына, даму дәрежесіне қарай тың түсініктер беріліп, талдау жасалып, жаңаша мағынада тәпсірленіп отырмаса — акыл-ойдың тоспасына айналады.

Әлемдегі ұлы діндердің барлығы да мұны іс-тәжірибеде қолдануды ұмметтік парыз ретінде мойынсына қабылдады. Ислам дүниесінде де дәстүрге айналды. Әрбір жұма сайын мешітте уағыз айтылып, діннің түрлі қағидаларының мағынасы талқыланды. Заман тудырған қайшылтықтарға сол аптаның, күннің арасында өткен оқиғаларға діни түрғыдан баға беріледі. Шаригат бойынша оған қандай көзқарас ұстану кажеттігі шешіліп, оны “Құран” хадистерімен негіздейді.

Мұхаммед пайғамбардың салып кеткен бұл жолы өлі де ықтиятпен орындалып келеді. Сол дәстүрдің негізінде ислам діні діни таным ретінде де, саяси қозғалыс ретінде де, рухани дәстүр ретінде де дүние жүзіндегі ең беделді және белсенді руханияттың бірі есебінде алдыңғы қатарда келеді. Мұқым муһимдер сол үшін де тәубе етіп, иманыңызды үйресіз. Бұл заңдылықты Абай:

“Аманту” (иман келтіру) оқымаған кісі бар ма?  
“Үектубихи” (іліміне сену) дегенмен ісі бар ма?  
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,  
Жарлықпен — ол сіздерге, сіз де — оларға.  
Заман, шаруа, минез күнде өзгерді,  
Оларға кез-кезімен нәби (елші) келді.  
Қағида шаригаты өзгерсе де,  
Тағриф (алланы тану) Алла еш жерде өзгермеди, —

деп баян етеді.

Мұндағы негізгі тұжырымын, өзінің “Отыз сегізінші сөзіндегі”:

“Аллатагаланың өзі — хахихат жол... Сіз “Аманту биллаһи көмәһуа би әсмайиңи үәсифатиңи” дедіңіз. Ол есім — Алланың һамма ол Аллатагаланың ғиғылғазимларының (ұлы іс-ниетінің) аттарын, олардың мағынасын біл” — деген пікірмен тиянақтайды.

Алланың елшілеріне — нәбилері және ғылыммен ақырат көзі жеткен хакимдер шаригаттың қағидаларына заманға сай өзгеріс енгізбек. Демек, қатып қалған уәжіп жоқ. Тек: “Алланың өзі де, сөзі де рас” — екендігіне кәміл сенсөң болды. Ғиғылыша — иманың күзетші — дейді Абай.

Әрине, бұл сөзді құдайсыздықтың тиірменінен өткен үрпақтың алдында қымсынбай айтуға болады. Бірақ та XIV-XIX ғасырларда осы пікір үшін отқа өртеніп, лақтырылған тастың астында қалып өлуге болатын.

Жасыратыны жок, бұл тұста ислам діні өзінің танымына өзі түйікталып қалды. Таным талқысына түспеген соң, бір кезде дүниені даналығымен таң қалдырган араб жұртының ғылымы құлдырап сала берді. Ғұламалардың орнын такуашыл молда мен имам басты. Олар барлық білім-ғылымды жоққа шығарды.

Бұл бағыт исламиятқа көп кесірін тигізді. Шарифат қағидалары заманға бейімделе талданбады. Софы Аллаяр ғана дінді ғылым дәрежесіне көтерді. Ұлы өзгеріс пен түсініктерді мұһимдеріне сінірді. Соның өзінде де әуел бастағы қалыптан аса алмады.

Ислам діні өү баста екі түрлі танымдық әдіспен таралған еді. Оның бірі — ғылыми факты бағыты. Бұл — дінді ғылым жолымен танып үстану. Екіншісі — діни нақли ғурып. Ол жаттанды уағызға бойсынды. Ұлықбектен кейін алдыңғы жолды ұстағандар болмады. Әсіресе, Орта Азиядағы имам-ұстаздар мұны дінисламның бірден-бір таза жолы деп қабылдап, жайдақтыққа ұрынды. Сөйтіп, екіудай жол қалыптасты.

Діни — нақли жолының алды-артын соқыр нағым билеп алды.

Бұл — кәдімгі жаттанды сөз, исламиятты кемсіту, Алланы жокқа шығару емес. Софы Аллаяр, әл-Фазали, әл-Фараби, Маржани назарын салған, Алланың сөзін сөйлеп, оның мағынасын сабырлы парасатпен мұһимдерге жеткізген ғұламалардың пікірі.

Өйткені, “Алланы жүрекпен сезіп, ақылмен танып барып иман келтіру” (*Абай*) парыз. Ал “құранды теріс оқыған шала молдалар” адамның санасын тұмандандырып, сенімді соқыр түйсікке айналдырыды. Адамды әрекетсіздікке, рухани басы-байлылыққа, тағдырға қонбістікке, басына қандай бак қонып, касірет орнаса да оны Алланың жазмышы деп мойынсына қабылдауға ғадеттендірді. Соның нәтижесінде, харекетсіз құлшылық пайда болды. Жақсылықта, жамандықта, байлықта, кедейлік те, ақылды-ақымақ болу да тек бір Алланың колында — деп жүрттың үнжырғасын түсіріп жіберді.

Рұхты өлтірді.

Бұл Алланың ақ жолына мұлдем қарама-қайши қағида еді. Жәдидшілердің жолын ұстаған Абай мұндай бағыттың имансызыққа жетелейтінін қатты ашып айтты. Ол мұһмин жамиғаттың назарын өзіне аудара келіп:

“Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу есті, біреу есер болса; біреудің қоңілі — жақсылыққа мейілді, біреудің қоңілі — жамандыққа мейілді; “Бұлар не!ліктен?” — десе біреу, сіздер

айтасыздар: “Құдайтағаланың жаратқанынан, (соның) бүйрүғынша болған іс” — деп. Жә, олай болмаса, біз құдайтағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдайтағала бір антүрганға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, еңбек қылыш, пайда іздеғен кісінің еңбегін жаңдырмай, қатын-баласын жөндең асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Бір залалсыз момынды ауру қылыш, қор қылады екен. Тамам жүртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті — бейіске шығарамын деп, бұзықты — тозаққа саламын деп айта тұра: пендесінін біреуін жақсылыққа мейірлендіріп, біреуін жаманшылыққа мейірлендіріп, өзі құдайлық құлдіретімен біреуін — жақсылыққа бұрып, біреуін — жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдайтағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур (кешірімді) ракымдығына, әлілдігіне лайық келе ме? Жүрт та, мұлік те — бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылганын не дей аламыз? Өз мұлқін өзі не қылса (не істегісі келсе) қыла (істей) береді. “Оны ғайыпты болады дей алмаймыз” — десен, ол сөзін: “Құдайтағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толық жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз” — дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығымен не табады? Бәрін қылушыға (істеушіге) қылдыруши (істетуші) өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтін еш нәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы, құдайдан келген жарлықты қылыш (істен) жур екен дейміз бе? Құдайтағала: әрбір ақылы (ғылымы) бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге — ғибадат парыз деген екен. Және әрбір рас іс ақылдан (ғылымнан) қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдайтағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда? “Мені таныған — ақылмен (ғылыммен) таныр” — дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрган жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақылы тоқтамаған соң діннің өзі нeden болады? Әуелі иманды түзетпей жатып қылған ғибадат не болады?” — деп терен магыналы сұрақ қояды.

Алла туралы ұғым “Бек шетін, бек нәзік” мәселе болғандықтан да, біз Абайдың сөзін толық келтіріп отырмыз. Осы сұрақты өзімізге де қоялықшы. Байқап қарасаңыз, Абайдың киуюн тауып, кисынмынен өрбіткен сауалының бәрі орынды сияқты. Қаншама діни пайымдылықты үстандық дегенмен, біздің өзіміз де Алланың жазмышын мойындеймиз ғой.

Сонда Алланың ұлы кисыны қайда?

Абайды осыншама терендең, Алланың жеке басына көз киғын салуын М.Әуезов “Фазалидегі сыншылықты үстанып,

Файсаның дініне жақындап барды” — деп түсіндіреді және оны жәдидшілердің әсерінен көнілге түйген пікірі есебінде талдайды. Ал Абай өзінің “Кара сөзінде” Алланың құдіреті туралы әрбір ойын сондай реттілікпен сабактап, бір ойдан бір ойды тудырып, сөзінің салмағын арттыра келіп, соңындағы бір-ак сөзben пікірін түйіп тастайды.

Бұл — дінсіздік те, “Файсаның дініне жанасқандық та”. “Фазалидің сыншылығын ұстанған” таза тәпсіршілдік те, Софы Аллаярдың “діни философиясы” да емес, дүниені жана көзқараспен тануға үмтүлған Шахабуддин Маржани сияқты жәдидшілердің ғылыми бағыты. Соны тереңдете тамырлатып, көркем философиялық факлия дәрежесіне жеткізіп, батыл сұрақ койып отырған Абай ғұлама.

Шындығында да, егерде дүниедегі барлық жақсылық пен жамандықты істеп және істетіп отырған Алланың өзі болса, онда оған қалай “ақылмен сеніп, иман тілең, ғибадат етесің?” Осылай жазудың өзі қунә. Бірақ Абай Алланың шындығына күмән келтірмейді. Алланың хантығын, растығын мойындаиды. Сондықтан да ол:

*Махаббатпен жаратқан ада изатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаңнан тәтті.  
Ада изаттың бәрін сүй “бауырым” — деп,  
Және хан жолы осы — деп әділетті”, —*

деп “Кара сөзіндегі” пікірдің астарын аша түседі. Бұдан әрі:

*Алла — міңсіз әуелден, Пайғамбар хан,  
Мұһимин болсан, үйреніп, сен де үқсан бақ.  
“Құран” — рас, Алланың сөзі дұр ол,  
Тәүіліне жетерлік ғылымның шақ, —*

деп ойын нақтылайды.

Сонда Абайдың айтқысы келгені қандай нысана?

Мұндағы басты мұраты — Алланың атымен көз алдын көлелгейлеп. Растьың бетін көрсетпей, танымды емес, тек мұнәжәтті ғана уағыздаған әсіре ұстаз — имамдарды. казак арасындағы молдаларды әшкереleу. “Бұзық пиғылды”, ғылымға карсы, жаттанды нақыл иелерін:

*Ақыл мен хауас (сезім) барлығын,  
Білмей-дұр, жүрек сезе-дұр  
Мұтәқәлімін мантиқин (дінди түсіндіруші адам),  
Бекер босқа езе-дұр, —*

деп оларды сынға алады.

Алла атын жамылдып, халықтың, ұлттың, жеке адамның басына түскен ауырташылық пен қасіретті, жақсылық пен

жанашырлықты “жазмыштың ісі” деп мойындау — өзінің үмметіне, ұлтына, жекелеген пендене олім тілеу. Барлық хикмет пен нигметті тек Алладан күтіп, өзінді-өзін төрбилемесен, ішінді иманмен тазартпасаң, жамандықтың, зұлымдықтың бетін қайтару үшін харекеттенбей, құдайтағаланың жазуы сол деп мойынсынсаң, онда өмірде не мән қалады? Соны ақылмен таразылап, шешім қабылдап жүзеге асыр. Құр құлшылық — сауап емес дей келіп Абай:

“Жоқ, сен: жақсылық, жамандықты жаратқан қудай, бірақ қылдырыған (оны істеткен) қудай емес; ауруды жаратқан қудай, ауыртқан қудай емес; байлық, кедейлікті жаратқан қудай, бай қылған, кедей қылған қудай емес, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ”, — деп ойын түйіндейді.

Бұл өзі, Абайдың ескерткеніндей, “бек шетін, бек нәзік” мәселе. Барлық діни танымдардың терен ғылыми зерттеулерге негізделгеніне қарамастан, әр заманда да әрбір адамның жүре-гін тітіркендіріп, ішкі карсылығын тудыратын пікір. Абай сол екі ұдай сезім күйін ете ептілікпен шиыра келіп, қара қылды қак жарып отыр. Оның бұл қозқарасын өз замандас-тары мен шәкірттері де жақтыра қоймаған. “Орысшылсың, діңсісің!” — деген құстаналаулар содан туған. “Бірақ осының бәрімен қатар Абай фанатик те емес. Мұсылманның көп молда, көп кітaby даттаған фанатик, схоластик дінді үстанбайды. Шығыс жағасынан алған нәрдін бәрін Абай өз ақылмен, сыншыл, ойшыл ақылмен, бірақ, әрине, сана-шылдық жолымен өзінше корытып алады. Бұған кірген бұ-йымдардың басы — ислам діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-сонғы ғұлама философта-рының сөздері болады”. Абай осындағы биік танымға тек өзі ғана жол тауып шықпаган. Оған жогарыдағы Мұхтар Эуезов емеурін танытқан “шығыстың ғұлама философтары” ой са-лып, бағыт сілтеген. Ал солардың ең беделділері Софы Аллаяр мен Фазали, Жалаладдин Аугани мен Дауани, түркі жұртының ішінен шыққан Шаһабуддин Маржани. Қасан қағидаларды сынаған, дінді ғылыми арнаға бұрган да солар еді.

Исламияттағы қайшылық — Алланы танудан, оған күмән келтіруден немесе пайғамбардың ақ жолына сенімсіздікten туған жоқ. Қайшылық — мұһимндердің өз танымында еді. Ол “Құранды” түсіну, талдау мәселесіндегі қарама-қайшы бағыттардың мәмілесіз қақтығысынан туды. Кейір тәмсілдерге заманының ағымына қарай өзгеше баға берілмеді. Шарифаттың қатып қалған қағидаларын жібіткілері келмей, оны мәңгілік заң ретінде қабылдады. Бұл Алланың өзі сілтеген ақ жолын түйіккә тіреді. Мұхаммед пайғамбардың:

**“Кімде-кім ғылымды және ғалымды сүйсе, жаинатта сол мениң көршім болады”** — деген хадисін ұмыт қалдырады.

Соның нәтижесінде бір кездері даналық пен ғылымның бесігі болған елдің ақыл-ойының дамуы тоқырауға ұшырады.

Дінислам — қатып қалған қағида емес, рухани ұлы ұғым.

Дін — адамзатты ілгері жетелеп, итілікке жеткізуі тиіс еді. Таза мұсылмандық таным жөніндегі пікірлердің өзара қайшылығын былай қойғанда, қоғамдық ойдың дамуына тұсау болды. Бұл — ислам дінінің емес, соның насиhatшылары мен уағыздаушыларының жіберген қателігі болатын. Шаһабуддин Маржани бұл ағымға тосқауыл қойып, исламның ұлы Мусаллихы — реформаторы атанды. Ол: дінді — біліммен сіңруге, Алланы ақылмен тануға, Ала жаратқан нәрсені адамның ақылмен зерттең, білуге болады. Шындыққа нұқсан келтірмей, нақты жазаға тартпай, ақиқатты ақылмен дәлелдеу керек. Ол үшін діні мен нәсіліне қарап жатырқамай, адамзаттың әр қауымы тапқан амалды танымның мұддесіне пайдалану қажет деп төрелік айтып, өз көзқарасын дәлелдей шыкты.

Бұл өзі ертеден келе жатқан діни философияның шешілмеген түйіні болатын. Ақжан Машановтың зерттеуі бойынша баяндасақ, “Құранды” түсіндірудегі пікір карама-қайшылығы атақты халиф әл-Мумин мен ғұлама Ахмед ибн Ханбалдың тұсында басталыпты. Халифтың ықпалындағылар: “Құран” араб тілінде жазылған. Сондыктан оған талдау жасап, түзетіп, түрліше түсіндіруге болады деген қағиданы ұсынып, қолындағы биліктің күшімен хадистерді орынды-орынсыз бүрмалаған, хадистердің мағынасын өз мұдделеріне пайдаланған. Ал ғұлама Ханбал бұған үзілдікесілді карсы шығып, Алланың аяны арқылы жазылған “Құранды” еш өзгертуге де, басқа кітаптар сиякты онымен пікір таластыруға да болмайды деген.

Шындығында, дұрыс пікір осы екі бағыттың ортасында еді.

Жәдидшілер: “Құранды” түзету — күнә, бірақ шариғаттың қағидаларын түсіндіріп, оның астарлы сырын ашып, мұһимндерді дұрыс жолға бағыттаң, заманға үйлестіре қолдану — парыз деп тұжырым жасады.

Абай бұл пікірді өзінің “Отыз сегізінші сөзінде” тиянақты әрі пайымдылықпен талдаң береді. Ол:

Ала — хаһ, пайғамбар — шын, иман — кәміл, ғибадат — парыз екендігін сөзсіз мойындаиды. Бірақ “Құранды” жаттанды діни құралға айналдыруға қарсы. Абай — Алланы ақылмен танып білуді жақтайды. Ол құр илануға қанағаттанбайды.

“Сен Аллатағаланың билігіне, “Құранның” оның сөзі екендігіне, пайғамбарымыз — Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу ғәлійхи уассалам оның (Алланың) тарағынан елші екендігіне иландың. Жә, (сонымен) не бітті? Сен Аллатағала үшін иман келтіремісің, ия өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де Аллатағалага келер ешбір кемшілік жоқ еді. Жә, өзің үшін келтірдің, жә иландың. Ол инанмақтығың құрғана инанмақтықен қалса, саған пайда бермейді... Оның үшін Аллатағаланың Хаят (өмір), Фылым, Құдірет, Басар (көру), Сәмір (есту), Ирада (тілеу), Қәлам (сөйлеу), Тәкин (жоқтан бар жасау)”, — іспепті “ғайышты сипаттарын” ақылмен, ғылыммен біліп, жүрекпен сез” — дейді Абай.

Абайдың тұжырымдары, ғұлама Ақжан Машановтың мағлұматы бойынша, тікелей Шаһабуддин Маржанидің пайымдауымен астасып жатқан көрінеді. Әл-Мұхмин мен Ахмад ибн Ханбалдың бақасына (таласына) ғылыми талдау жасаған Маржани, Алланың рухани өсietіne нұқсан келтірмейтін, бірақ әл-Мұһминнің пікіріне тоқсауыл қоймайтын ортақ тұжырым ұсынышты.

Қазіргі дінисламның даму бағдары соған сүйенген.

Алла туралы түсінікке Абай сан рет оқталып, әр түрлі қырынан, әр түрлі көзқарастардың тоғысуынан ой түйеді. “Жиyrма жетінші сөзіндегі” Сократ пен Аристодимнің ғұламалық таласында да Жаратушының сыпаттары жанжакты тәпсірленеді. Соған қарағанда Абай өзінің діни философиясына тек қана мұсылман ғұламаларының даналық ойын азық етпеген. қоңе римдік, ежелгі юнандық, европалық ғалымдардың да пікіріне жүгінген. Барлық ой тоғысын ақылмен сарапай келе, әр сөз бер сөйлемді ақылды есеппен бір-біріне сабактастыра отырып, тұжырым түйеді.

Бұл реттен алғанда, Абайдың пікірі Маржаниден де теренірек тамыр тартқан. Маржани барлық діни-философиялық бақастықтарды салыстыра отырып, қарама-қайшы пікірлерді “жарастырушы” (A. Машанов) міндетін аткарды. Тарихи танымды тәжірибе арқылы тоғыстырып, отken жылдардың сабағын корытқан ғұлама тұжырымдамашы, жаңашыл — мұссалих атанды. Ал Абай болса, танымды түсіндіруші ғана емес. өзінің ойын өзгелер талдайтын философқа айналды.

Бұған Маржани төрелік айтқан әл-Фараби мен әл-Фазалидің арасындағы философиялық таласқа назар салып, тұра сол мәселеге Абайдың қалай қарағанын аңғарта кетсек те, көзіміз анық жетеді.

Бір ескерте кететін жағдай, әл-Фарабидің қазақ топырағына қайтып оралуына Маржанидің осы макаласы тікелей септігін тигізіп, тұртқі салған. Фалым Ақжан Машанов бала кезінен жаттап өсken Мағжанның:

*Түрктің кім кемісткен мұзыкасын,  
Фараби тоғыз шекті домбырасын?  
Шерткендеге тоқсан тоғыз тұрлендіріп,  
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын? —*

деген өлеңін еске алып, оның шығу тегін тектей келе Маржанидің “Фалия” медресесіне ат басын тірдейді. Мол қазынаға жолығады. Сонда сақталған әл-Фарабидің араб тілінде шыққан кітабын ғалым бізге де көрсетті. Әрине Маржанидің төл еңбегінің қолда болмауы ойды еркін өрбітуге оре салады. Бірақ та ғұлама ғалымның нақты дерекке негізделген пайымдаулары қиялға қанат бітіріп, пікірге тұртқі болды. Іргесі ашылған іргелі мәселе келешектегі зерттеушілердің көкжиегін кеңейтері сөзсіз. Сонымен, бастапқы ойымызға қайтып оралайык.

Ежелгі ғылымның барлық саласына санасын сарғайтқан әл-Фараби дүниенің тылсымын ашу үшін Сократ, Аристотель, Платон іспетті оқымыстылардың ғылыми еңбектерін талдан, түсініктемелер берді. Ибн-Сина да табиғаттың сырына ғылым арқылы үнілді. Бұл ұлы көш Ұлықбекпен аяқталды. Шығыс ғылымын тоқыратқан Әбу-Хамид әл-Фазалидің діни көзқарасы болды. Ол Алланы ғылым жолымен тануды барынша қостай отырып, “ғылым-білімді исламдық жолдан іздеу керек. басқа елден, әсіресе, бұтқа табынған гректерден ғылым іздеу, оның логикасын, философиясын, ғылымын қолдау исламды бұзады” — деп есептеді (*А.Машанов*).

Діни философия, табиғаттану, таным тұрғысынан ислам әлеміне жаңа түсінік әкелген әл-Фазали сынни пікірімен өз заманында өте жоғары бағаланған ғұлама. Оның әл-Фараби туралы жоғарыдағы сынны Фарабидің ұмыт қалуына себепкерлік еткен сиякты. Дегенмен де, Ибн Рушд өзінің “Карсылыққа қарсылық” атты зерттеуінде әл-Фарабидің “Табиғат матбуғатын” білімнің көзі деп бағалап: “Жаратылған дүниені танымаған Жаратушыны тани алмайды” — деп тұжырымлады. Әл-Фарабидің де, Ибн Рушдтың да жат жерде қайтыс болуы ұсынған діни философияларының исламиятқа жақпағанынан деп түсіну керек.

Шаһабуддин Маржани осы екі бағытты талдай қеліп тағы да “жарастырушы пікір айтып, ғылыми мәмілеге келтіреді”. Әл-Фазали “Философтарға карсылық” атты еңбек

жазуы арқылы ғылымға өлшеусіз үлес косты. Екеуде шындыққа бас иіп, ақыры бір жерде тоғысты. Ғылым — адамның бір парызы ісі — деп тұжырымдады.

Абай “Отыз жетінші сөзінде” ғылымды Алланың сегіз сипатының бірі ретінде түсіндіреді. Жаратушы — ұлы үгым. Оған үкім жүрмейді. Ал ол жаратқан нәрсеге ғылыммен талдау жасап, түйсіну — адамдықтың, ақылдың, хайуандықтан айырмашылықтың белгісі. Ақылды ғылымды пайдалана отырып адамның иғлігіне пайдалану уәжіп. Аллатагала:

“Жансыздарға еті ауырмайтын қылыш, жан иесі — хайуандарды ақыл (ды) адам баласы асырайтын қылыш һам олардан маңшарда сұрау бермейтүғын қылыш, олардың һаммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылыш жаратқан... Миллион хикмет бірлан (ғылыммен) жасаған машина, фабрика адам баласының рахаты, пайласы үшін жасалса, бұл жасаушы (ның) махабbat бірлан адам баласын сүйгендігі емес пе”, — дейді Абай.

Абай үшін қасиетті үш үгым бар. Ол — Алланы жанынан да тәтті көріп сую. Адамзаттың бәрін “бауырым!” деп жақсы көру және һах жолын ұстау. Демек, адамзаттың ақылы мен махаббаты ортақ. Қай дәуірде өмір сүрсе де ол Алланың жаратқан пендесі. Ендеше, әл-Фазалидің ежелгі юнан ғылымын шеттетуі — бакас ғылым. Ол:

*Дін де осы, шын ойласаң — тағам та осы,  
Екі дүние бұл тасхид (рас) — хантың досы, —*

деп қорытады.

Яғни, ісі адамзатты сую ҳантың — Алланың ісі. Жаратылыстың құпиясын ашып, адамның керегіне жаратуды Алланың өзі парыз еткен — дейді.

Абайдың бұл пікірі Маржанидің талдау, түсінігімен толық қабысып жатыр. Ендігі бір ой тоғысы Абайдың өзі:

*Шын сөз қайсы биле алмай,  
Әр нәрседен күр қалма.  
Мұны жағзған білген күл,  
Гұламда Дауани,  
Солай депті ол шыншыл, —*

деп есімін құрметпен атаған Жалаладдин Эд-Дауанидің философиясын талдау барысында нышан танытады.

Абайдың өзі терендел оқып, философиялық пайымдауларын зерттеп:

*Сөзін оқы және ойла,  
Тез үйренип, тез жоіма, —*

деп үрпакқа үлгі тұтқан ғұламаның бірі және бірегейі осы Дауани.

“Кырық үшінші сөзіндегі” шығыстық ғылыми атаулардың дені “Тәннің азығының бәрі — жибили, жанның, акылдың азығы — кәсіби”. Жанның қуаты, тәннің қуаты — деген үғымдар Дауанидің пікірінен өрбіген. Жеуән-мәрттік, сезім түрлері, толық адам іспетті пайымдаулары М.Мырзахметовтың енбектерінде барынша толық талданғандыктан да оған тоқталып жатпаймыз.

Дауанидің философиялық көзқарастарын Ш.Маржани де тәпсірлеп, ғакли ғылым мен нақли сөздердің мәнін терендей ашады. Сондыктан да Абайдың діни көзқарастарының бір тамыры ретінде ескертке кетудің еш әбестігі жоқ.

Тұптін түбінде, Ш.Маржанидің “Откен бабалар өмірінен” атты энциклопедиялық еңбегі тәржімалана қалса, онда абайтанушылардың көкейіндегі шешілмей жүрген біраз мәселелеріне жол ашылатыны даусыз. Ғакли ислам мен нақли ислам бағыттарының арасындағы танымдық бақастықтың өзі бір ғалымның өмірін арнауды қажет ететін аса аукымды әрі құрделі тақырып. Әзірше бұған тісі бата қоятын философтың да, әдебиет зерттеушісінің де табыла қоюы киын. Ол үшін ең алдымен Дауани мен Маржанидің ілімін менгеруи тиіс. Онсыз бұл бағытта нәтижеге жету мүмкін емес. Соларды таратып талдағанда ғана Абайдың философиялық көзқарастарын толық ашуға, түсінуге болады.

Әзірше Абайдың шығыстық діни философиясының тамырын іздеңдегі ілтерілеген бір сала — софылық ой ағымы. Қазақ даласында тұған немесе тектік туыстығы бар Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғані іспетті ақындардың өлеңдеріндегі софылық дәстүр қазақ ғылымында біршама талданды. Бірақ та Софы Аллаяр, Әбу-Хамил ибн әл-Фазали, Жалаладдин Әд-Дауани сияқты исламның аса ірі ғалымдарының философиялық пайымдауларын таратып талдамай, алдыңғы екеуі арқылы түйікталып калу да діттеген мақсатқа жеткізбейді. Абай соғы үшіуінің енбектерін түпнұсқадан оқығандықтан да, “турлендіріп шықкан ойдың” күретамарының өзін үстамай, ой үшіғын аңғара алмайсыз.

Бірақ та “Отыз сегізінші сөзіндегі” софылық, тәркі дүние, диуаналық, Аллаға ессіз ғашықтық туралы пікіріне қарағанда Абай софылық көзқарасты колдамаған. Оны ғакли исламға да, нақли исламға да жатқызбайды. Сондыктан да дүниенің бар қам-харакетінен бас тартқан пенде өзінің адамдық парызын толық орындаі алмақ емес, ол толық мұсылман қатарына косыла ма, жоқ па — деген сауал қояды. Бұл ойын:

“... Күллі адам тәркі дүние болып жүді тарихатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Олай болғанда малды кім бағады,

дүнпанды кім тоқтатады, кімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Харами микрухи (арам, мәкіру ырыздық) былай тұрсын: құлайтағаланың қуатымен ижтиһал (зейіл) акыльцмен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген нигметтеріне (нәсібіне), онан көрмек хұзырға (берекеге, уайымсыз тыныштықка) сұық көзben қарап, ескерусіз тастап кетпек — ақылға, әдепке, нысалқа дұрыс па? Сахиб нигметке (кулайдың бергеніне) шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздіктен күнәшар болмайсың ба? Екінші: бұл жолдағылар қор болып, дүниеден жоқ болып кету де қаупі бар. Кәпірлерге жем болып кетуі де. Қайсыбір сабырсызы жолдан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын деген болып көрсөлөр керек. Егер де бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты растиқ дүниеде бола ма? Рас болса, әммаға бірдей растиқ болсын, аллаға растиқ бола ма һам ғаділет бола ма? Олай болғанда, ол жүргтта ғұмыр жоқ болса керек”, — деп жеткізеді Абай.

Шындығында да, исламияттың бар мұһмині софылық құрып, тәркі дүние көшіп кетсе, онда ол халық, ұлт, адам қалай күн көреді. Кәпірдің құлы бола ма? Алланың адал парызын кім орындайды? Кім еңбек етеді, оларды кім асырайды? Барлық ұмметтің осылай істеуі ақылға сыймайды. Ендеше, Алла әуелде: сен соғы бол, тәркі дүние кеш, ал сен оларды ғылымиңмен, еңбегіңмен асыра — деп бөле-жара жарлық та берген жоқ. Ендеше, софылық — барлық дін исламға ортақ және міндетті жол емес. Ол жеке басының тәні мен жанының құйігіне шыдамаған пенделердің бірен-саранының әрекеті ғана. Дін орына софылықты ұстануға болмайды.

“Міне, Абайдың берер тұжырымы осы.

Абай мен Қожа Ахмет Иассаудің арасындағы философиялық софылық сабактастықты тым дәріптеп, екеуінің пікірін бір арнадан тарату — қисынсыз. Өйткені екі ойшыл да жалған жалғастық пен туыстыққа зәру емес. Себебі екеуі де бір-біріне мұлдем қарама-қарсы бағытты ұстанған, ғылыми мұраттарына “акылмен” келген ой иелері. Қандастығын ғана сылтау етіп, қайшы келетін көзқарастарын зорлықпен телу — екеуіне де күнә.

Дінислам философтарының арасындағы үлкен даулы мәселенің бірі — “ғалами бақас” ұғымы. Мұны, “Ғаламның жаратылуы туралы пікір таласы” деп те тәржімалауға болады. Он сегіз мың ғаламның, оның ішінде, Ай, Күн, Шолпан, Жер, Сөule, Жел, Су іспепті табиғи құбылыстардың пайда болу себептерін ашатын ғылым. Бұл мәселеге өзге діндерілер де ортақ жауап таба алмай келеді. Әзірше тоқтасқан мәміле

жоқ. Бірақ айтыс, тартыстар толассыз журіп жатыр. Ақжан Машанов мұны:

**“Фалам бақас дегеніміз — даналық пен нағандықтың майданы”** — деп дәл тауып айтты.

Үздіксіз таластың майданына айналғандықтан да бүл ұғым ғылымдағы жалған бәсеке деген мағынаны да береді. Дауды — дауласу үшін туғызған жаттанды уағызышыларды Абай қатты мінеді. Әрбір пікірдің арасынан бақастық іздеу — һарам пиғылдан хараеті. Бақастық үшін ғылым үйренбе. Ғылымды жақсылыққа жұмсау үшін менгер. Анық хакім бол. Хакім — ең жоғарғы ұғым. Ол жаратушыға бір табан жақын адам дейді Абай. Ол өзінің бүл ойын:

**“Аласпай тұра іздеген хакімдер болмаса — дүние ойран болар еді. Фиғыл пендениң қазығы (пиғыл дүниесінің тұтқасы) — осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде солардың истихражы (ақылы, ойы) бірлан рауаж (шешімін) табады. Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі, ләкин осы хакімдер жасаған, таратқан істер “әлдүния мәзрәғатат” аһирет (дүние — аһиреттің егіні) — дегендей, аһиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым... Бүл заманың молдалары хакім атына дүшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық пиғыл, “әлнисан ғадду ләма жаһилге” (көңілін жаманшылыққа жендіргендерге) хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе: бірлі-жарым болымсыз сөз — бақас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түтіл, түрлі-түрлі заарлар хасил қылады... Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ...”, — деп тәпсірлеп береді.**

“Фалам бақастың” ғұмыры келте бағыт. Бірақ та: “Шала молда дін бұзар” — дегеннің мән-мағынасы өлі де құнын жойған жоқ.

Абай дінді қатты үстанды. Ал қожа-молдаларды “білімсіздігі, бұзық пиғылы, жалған бақастыққа құмарлығы” үшін аяусыз сынады. Өйткені олар “дағарадай” сәлдесін басына орап ап, “Құранды” теріс оқыды. Бүйтіп, өзін де, өзгені де күнәшар қылғанша, тыныш жүрсін деді.

“Фалами бақаска” Шаһабуддин Маржани де түсініктеме берген. Алайда Абай іспетті ашына әшкерелемегенімен де, ғакли ғылымының Ұлықбектен кейін тоқырап қалғанын осы “фалами бақастың”, “нақыли исламның” кесірі деген емеурін танытқан.

### III

Міне, Абайдың діни философиясына жәдидшілердің көрсеткен өсері, оның ішінде Шаһабуддин Маржанидің сыртқы ықпалы, осындай.

Әрине, мұның барлығы нақты ғылыми дәлел емес, ой үшкіндарының жарқылын ғана аңдатқан емеурін. Абай — жәдидшілердің де ойын дамытып, “өз ақыльмен” тың пікірлер тұжырымдаған, өзінің ойлау жүйесі мен философиясын қалыптастырган дербес ойшыл ретінде де тұлғаланады. Бірақ та, қағидасы катал исламияттың еркін ойына есік ашқан жәдидтік бағыттың ықпалын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Корыта тұжырымдасақ, Абайдың діни философиясының ұлы өзегін:

*Алла деген сөз женел,  
Аллаға ауыз жол емес  
Ынталы жүрек. шын көніл,  
Өзгесі Ханқа жол емес, —*

деген өлең шумағы толық анғартады.

Абай дінді рухани тәуелсіздіктің рухы, “жан қуаты” деп бағалады. Ал пінденің жаны бір Алладан басқаға тәуелді болмауы тиіс. Исламияттың ұлы ойшылы “Құран” хадистерінде мұлдем тосын және тың түсінік беріп, діни философияны жана сатыға көтерген:

“Ақындықтың Әбілхаят (Мәңгілік өмір сыйлайтын — Т.Ж.) сүйін ішкен, өлімді жеңген, мәңгілік тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жыл жылдан қайырмак”.

Ұлы Мұхтардың осынау сөзін сәл ғана өзгертип: “Абайдың тарихтағы мүшелі мың жылдан қайырмак” — деген пікірмен ойымызды аяktаймыз.

### 19. “ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІК...” (Абай және Монтенे)

Аузынды Айға білеп. ақылынды сауып, шабытынды шакырсан да, өмірлік тәжірибеден алынған қанатты сөзді халықтың өзі шығарған даналықтан асырып айта алмайсын. Сенін ақылың — бірдің ақылы, халықтың ақылы — мындікі. Сен бір өмірдің тәжірибесінен пікір түйесін. Ал халық тәжірибесі — миллионның тәжірибесі, мындаған жылдың өмірлік корытындысы.

Сондай ғайыптан тұған қанатты сөздің бірі — “Ақыл — алыс, ой — шалыс” — деген нақыл. Қай ділмардың аузына түссе де шындықты дөп басып, тауып айтқан.

Өйткені, ісі адамзатқа ақыл ортак. Ақылмен істеген істен үлгі, ғибрат, тәжірибе аласын. Өнерін үйренесін. Ақылға сондықтан да шекара қойылмайды. Ал “оидың шалыс екені” де рас. Ешқашанда бір адам мен екінші адамның, бір үлтпен екінші үлттың мұддесі мен діттеген ойы бір арадан табылмақ емес. Тек адам ойының шынцырауына жеткен данышпандарға өмірлік тәжірибе арқылы бір арнада тоғысып қалуы мүмкін. Олардың бірін-бірі білуі, көзбе-көз отырып пікірлеусі, кітаби дүние арқылы танысусы шарт емес. Бірінің өмір сүріп кеткенін не оның дүниеде бар-жоғын екінші дана білмеуі де мүмкін.

Бұл — даналықтың қағидасы. Монтень мен Абай да сондай өзара бейтаныс тұлғалар.

Олардың арасын үш ғасыр уақыт бөліп тұр. Тілі де, діні де, өмір кешкен ортасы да жат. Алайда. М.Горькийдің: “Араға бір ғасыр салып барып Монтень Вольтердің қолын қысты” — деп бейнелеп айтқанындей, үш жұз жылдан кейін Монтень мен Абай бір-біріне қол созды. Екеуінің де дүниеден қайтар алдында тыңшылық тінтуден өтіп, мырзақамаққа түскені болмаса, олардың мұддесін одактастыратын ештене жоқ еді. Бірақ “акыл — алыс, ой — шалыс”. Екеуінің басын артына қалдырыған “Өмірлік тәжірибелері” мен “Қара сөздері” қосты. Олардың саяқ жүріп, санатқа қосқан ой үшіншін үрпақтары жалғады. Бұл — қыыннан қыыстырыған қысын емес, кәдімгі ғылыми сабактастық. Өзгеге дәлелді былай қойғанда, Спиноза мен Спенсерді, Дрэперді, Дарвінді, Льюис пен Шопенгауэрді оқыған Абайға Лев Толстойдың сүйікті кітабы “Өмірлік тәжірибелерді” білмеді деудің өзі оғаш пікір. Қалай болған күнде де Монтень мен Абайдың ісі адамзат ойына тәжірибеден тұған философиялық пайымдаулар арқылы үлес қосқаны және оны дамытқаны анық. Тіпті бір кезде Монтеньнің “Тәжірибелері” — европалықтар үшін, Абайдың “Қара сөздері” — қазақтар үшін тағылым оқулығының орнында да жүреді. Екеуі де даналық ойларын жеке бастарының өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, ішінара дәйекке келтіргені болмаса, қағидалы ақылгөйсүден бастартып, пікірлерін еркін жеткізді. Даналар мен даналықтың күрметтей отырып, ділмарсадан бойларын аулақ ұстады. Дербес, тәуелсіз және өз пікірін ешкімге күшпен таңбайтын ойлау жүйесін қалыптастыруды.

Мұндай үлгідегі даналық кітап: Монтеньге дейін — француздардың, тіпті мұқым европалықтардың, Абайға дейін — қазактардың, исі түркі кауымының арасында жазыл-мап еді. Бұлардан кейін де ол дәрежеге көтерілген ғұламалық пайымдаулар ұшыраспайды. Өзгені ойға алмағанда, Монтень мен Абайдың шығармаларының өзі ерекше тағдырымен бір-бірін бауырына тартып тұр.

Адамға араша жүргенмен, даналыққа дәнекер жараспайды. Олар өз ырқымен ынтымақ құрады. Еңбектерін қалай тәпсірлесен де Монтень мен Абай шамданбайды. Өйткені екеуі де өздерінің іштегі запыраны мен жалынын сыртқа шығару үшін жазған. Пікірлерін қабылдауды міндет етпейді. Монтень:

“Озгелер үшін өзегіміз талғанша өмір сүрдік, енді тым құрығанда, қалған өмірімізді өзіміз үшін сүретікші... Мен өзімнің пайдам туралы да, данқымлы шығару үшін де құлшынып отырғаным жок. Ондай жүкті көтеруге күшім де жетпейді. Бұл кітаптың басты мақсаты — өзімнің ағайындарым мен достарымның көңілін жұбату... Сөйтіп, бұл кітаптың мазмұны — менің өзім бол табыламын, ал осындаі келімді-кетімді ойларға мән беріп, назарынды саласың ба, жоқ па, ол өз еркің. Хош!” — десе;

Абай да Монтеньнің тұра осы пікірін қостагандай болып:

“... Жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірді қайтып, не қылып өткіземіз? Ақыры ойладым: осы ойымда келген нәрселерді қағазға жаза берейін... кімде-кім ішінен керекті сөз тапса — жазып алсын, ия оқысын, керегі жоқ десе — өз сөзім өзімдікі... ” — дейді.

Жә, “акыл — алыс, ой — шалыс” — деген. Бұл акылмен ойлап табылған данышпандық пікір емес. Шарпысқан ойдың шалыс тусуі. Кездейсоқтық та болуы ғажап емес дейік. Бірак:

“Ойлы сөзді ханзадалар жақтырмайды, ал қырт сөзді менің жаным жек көреді” (Монтень): “... Сөз танымайтуын елге сөз айтқанша, сөзді танитуын шошқаны бакқан жақсы — деп бір хакім айтқан екен” (Абай); “Философтардың дені өзіне-өзі пікірімен өлім кесті немесе акыл-оймен соған бойсынып, дүниеден түніліп кетті” (Монтень); “... Осы жалығу деген — әр нені көрсем деген: көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің баянсызын біліп-жеткен ойлы адамнан шығады. Соншалықты өмірдің баянсызын, дүниенін әрбір қызығының артының шолақтығын көрген, білгендер тіршіліктен жалықса да болады. Бұлай болғанда: акымақтық,

кайғысызың та бір ғанимат екен деп ойлаймын” — (Абай) — деген пікірлердің жарыса мазмұндасып жатқанын да “Ойдың шалыстығына” жатқызамыз ба? Мұның бәрін кездейсоқтық тели берсек, онда кездейсоқтықтың өзі кездейсоқтық емес заңдылыққа айналып кетпей ме?

Ендеше, Монтең мен Абайдың арасындағы ой мен пікір жарыстығын даналардың өмір тәжірибесі арқылы қорытқан тұжырымдарының тоғысуы деп бағалаған және оны мойындаған жон. Оған Мұхтар Әуезов нұскаған дәлел де бар. Абай Лев Толстойдың шығармаларын өте сүйіп оқып, оны рухани серік еткен. Даналығын дәріптеп, інісі Шәкәрім арқылы хат жаздырып, онымен ой бөліскісі келген. Тірісінде сол мақсатына жетпегенімен Шәкәрім Абайдың дегенін орындаған, Ясная Полянаға барды. Орыстың данасымен сұхбаттасты. Онда да көркем шығарма туралы емес, ғалам философтарының пікірлері хакында әңгіме-дуken құрды. Оның ішінде марқұм Абайды мазалаған, ынтықтырған мәселелердің болуы көміл. Ал Лев Толстой Монтеңнің “Тәжірибелерін” күн сайын парактады, өзіне жаңа пікір тауып, өзінің жүргегімен өзі сырласу мақсатында “Круг чтение” атты еңбек жазған. Мұхтар Әуезов “Қара сөзді” талдай келіп:

“Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сиындық, ойшылдық және қебінше адамгершілік, мораль мәселелеріне ариалған осиет, толғау тәрізді. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жұзбе-жұз кездесуге мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл үстаз тәрізді көрінеді. Кейбір сырт сипаттарын қарағанда, Лев Толстойдың “Круг чтение” деп аталатын еңбегіне үқсас. Толстой өзінен басқа ойшылдардың көп-көп жайлардан жазған толғаулы терең пікірлерін жиынш топтап, өз оқушыларына бірнеше кітап етіп ұсынған. Бірақ Толстой “Круг чтениеде” оқушылармен тыныши, тату әңгіме откізем дейді. Сөз бастағанда әрбір жайлардан өз ойларын көлтірмейді. Абайдың “Қара сөздерінде” Сократтың сөздерін, дін үтішілерінің сөздерін көлтіргендей болады”, — дейді.

Толстойдың “Круг чтениесін” Абай сөзсіз оқыған. Оған кепілдік беруге болады. Ендеше, ондағы Монтеңнің “Тәжірибелерінен” алынған үзінділерге Абайдың назарын аударуы табиғи нәрсе. Сондықтан да Монтең мен Абайдың арасынан үндестікті іздеуіміз де заңды әрі соншалықты үмітсіз де тақырып емес. Әрине, Абай Монтеңді қандай дәрежеде білді және қалай қабылдады — деген сұраққа толық жауап

беру киын. Танымдарының тамырласып жатуы да неғайбыл нәрсе. Алайда даналардың ойының тоғысып түруының өзі кез келген тәуекелді ақтауға татиды. Оның үстіне неғізгі арна — рухани тәуелсіздік мәселесі тұрғысындағы ой өрімдері де “ұйықтап жатқан жүректі ояты” . Сондай-ақ:

**“Әуелі ақылыңды, миынды тазартып ал: бұл ақсазаныңды тазартқаннан гөрі өлдекайда пайдалы”,** — деп Монтень:

*Кірлеген жұрек өзи үшін,  
Тұра алмас әсте жуынбай,* —

деп Абай айтқандай, біз де ойлардың ойын шайқап көрейік.

Монтень мен Абайдың: “Оз сөзім өзімдікі” — деуі, шындығына келсек, олардың сыртқы емеуріні, өздерінің ойларын еркін жеткізу үшін өзін-өзі жұбатқандары. Мұндай “қыстырмалар” ғұламалардың барлығында кездеседі. Екіншіден, дәл осы сөз екеуінің де баяндау тәсілін, шығармаларының құрылымын, тақырыпты таңдау мүмкіндігін аңгартады. Екеуі де еркін әңгіме арқылы “жанының жарасын” (Абай), “рухани тәжірибесін” (Монтень) ашады. Оларда жалаңдық жок. Бәрі де қарапайым тілмен, бірақ сондай түйінделген пікірмен, шымыр да ширап баяндалады. “Жүргегінің түбіне кір жасырмайды”, “қисық, қыныр келгендерді” (Абай) өздері де кабылдамайды. Өздерінің “жан тазалығына, пікірлерінің адалдығына” сенімді, мақсаттары анық. Мұны Монтень:

**“Қай кезде болса да барлық адамның мақсаты біреу: ол бостандықта және тәуелсіз өмір сұру, бірақ та адамдар соған жеткізетін дұрыс жолды дұрыс таңдай білмейді”,** — деп баян етеді.

Ал рухани бостандық пен азат өмір Абайдың арманы. Ол өзінің барлық қуатын ұлтының “дұрыс жол таңдай білуіне” жұмсалып:

**“Остіп жер жүзіндегі жүрттың қоры болып, бірімізді-біріміз андыш өтеміз бе? Жок, ... әнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен ізден, ерістерлік күн болар ма екен?”** — деп өзегі өртенеді.

“Ерістерлік күн бар ма?” — деп Абайдың мегзеп отырғаны Монтеньнің: “еркін және тәуелсіз өмір сұру” — деген ұғымын толық жеткізеді. Ойткени Монтеньнің тұсында Францияда тақ пен діни көзқарас үшін кескілескен майдан жүріп жатқан. Лев Толстой Монтеньнің осы рухани ерлігін жоғары бағалап, “еркін тәрбие туралы бірінші пікір білдірді” — деп мақтады.

Монтень де, Абай да жан сырын сыртқа шығарудан жасқанбайды және ешкімнен еш нәрсе жасырмайды. Тіпті діні көзқарастарды да ашық талдалап, өз тұстарындағы такуа

мен молдаларды, “әулие әкейлер” мен имамдарды қатты сынады. Қатып қалған діни қағидалар катігездік тудырды. Монтенің өмір сүрген кезінде сондай тәуекелшіл көзқарастары үшін Этьен Доле, Пьер де Ла-Раме, Джордано Бруно сияқты ғұламалар тірідей отка өртелді. Сондай қауіптің төнгеніне карамастан Монтен:

“**Өзінің еркін ойы үшін адамды тірідей отқа өртеу — оның өмірін өте жоғары бағалау болып табылады**”, — деп тұра айтты.

Абайдың “Жырма сегізінші”, “Отыз сегізінші” сөздерінде Алланы тану туралы пікірлері батылдығы жағынан Монтенінен кем түспейді. Ол жаттандылыққа — нақылы исламға қарсы болып, олардың құдайтағаланың құдіретін бүрмалағанына ашынады. Пікірін дамыта келіп:

“**Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге бола ма?**” “... Егерде бұл жолы жарым жартыларына ғана (соғылар мен диуаналарға) айтылған болса, жарым-жарты растьық дүние бола ма? Рас болса әммаға бірдей растьық болсын, алалаған растьық бола ма **ham ғадалет бола ма?**” — деп сұрак қояды.

Әрине, Монтен мен Абайдың жоғарыдағы сөздеріне қарап оларды дінсіз деуге болмайды. Екеуі де өз діндерін қадір тұтқан және Құдайды мойындаған. Монтен:

“**Құдайдың құдіреті жердегі өлшемге сыймайды, ол одан әлдеқайда кең.** Егерде құдайдың құдіретін біздін ақыл таразымызben өлшесек, онда сөзсіз күнәға тап боламыз, жер бетіндегі қам-харакеттердің жақсы жолға қойыльш, табыска жетуіне қарай құдайды бағалауға болмайды, өйткені сол әрекетімізben құдайдың қаһарына ұшырауымыз ғажап емес?” — десе; Абай: “... Аллатагаланың заты ешбір сыртқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сырттар бірлан тағрифлап (анықтап, айыршып) танымакқа керек... Біз Аллатагаланы өзінін білгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмеккеп мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім (ғұлама) ақыл еріштіре алмайды. Аллатагала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды”, — дейді.

Демек, Монтен мен Абайдың Жаратушы туралы үғымдары бір арнада тоғысады еken. Анық нәрсені дәлелдеп жатудың өзі де артық. Тек әр үғымның астарын діни қафидар тұрғысынан түсіне білу қажет. Бұл арада пәлендей түсініктің қажеттілігі шамалы.

“**Бізге зұлымдықты, мейірімділікті беретін тағдыр емес, ол бізге тек шикізатты ғана ұсынады**”, — дейді Монтен.

Тағдыр мен жазылышты Абай да мойындаиды. “**Тағдырың жарлығын білесіздер, өзгермейді**” — деп нақтылаш ту-

рып айтады. Жаратушы адамға керектінің бөрін жаратты. Бірақ: “Жақсылық, жамандықты жаратқан — құдай, бірақ (жамандықты) қылдырған (істеткен) құдай емес; ауруды жаратқан — құдай, ауыртқан құдай емес; байлықты, кедейлікті жаратқан — құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес”, — дейді Абай.

Монтеңінің “тағдыр” мен “шикізат” деген сөзін Абай нақты үгыммен қолданады. Өзгеше мағына жоқ. Екеуінің де түйіні бір. Жаратушының адам иғлігіне жаратқан ырыздыңын қалай үқсата аласың, ол — адамның өзіне байланысты. Қисынды келмеген іске Алланы қуәға тартып, тағдыр мен жазмышка ренжуге болмайды. “Бай қылмақ, кедей қылтак — құдайдан” — деген сөз жай ғана сылтау. Оны жену үшін Аллатагалам саған қуат берді, ақыл сыйлады, ғылымды осиет етті. Қорсін деп — көз, естсін деп — құлақ, істесін деп — қол, жүріп-тұрсын деп — аяқ берді дегенге саяды екеуінің пікірі. Мұның өзі даналардың ой тоғызының ең үлкен бір дәлелі. Бір танданарлық нәрсе қос ғуламаның орайлас ойын індете келе:

“Барлық философиялық пікірге қызығу — танданудан басталады да, содан кейін барып зерттеу жалғасып, ақыр аяғында түк те түсінбеумен аяқталады”, — деп Монтеңінің өзі айтқан қүйді біз де басымыздан кешірдік.

Оның басты себебі, Монтең мен Абайдың көзкарасының алшақтығында емес, керісінше үнемі үндесіп отыруында. Егерде:

Максат, талап, тәрбие, бала тәрбиесі, таным, бостандық, жан бостандығы, рух, рухани азаттық, діни еркіндік, еркін ой, мінез, мінездің қалыптасуы, таным, шындық, намыс, жалған намыс, жалған мактан, жан, тән, жан мен тәннің азығы, мейірім, қатыгездік, қызығу, қызғаныш, өмір, өмірдің мәні, тәжірибе, заң, дәстүр, билік, жүректің сипаттары, қайғы, уайым, ерік, жігер, ар, ұят, нысап, байлық, кедейлік, фани, баки дүние, өлім, ақ өлім, өлім философиясы, мәнгілік ғұмыр, құдірет, ғайыптың ісі, сезім, түйсік, хайуани және адами түйсік, жан қуаты, тән қуаты, бақас дүние мен бақас ғылым, жақсылық пен жамандық, мінәжат, сенім, махабbat пен ғадауат, тәркі дүние, өнер, сөз өнері, өз еркінді билеу, өзінді-өзің тәрбиелеу, достық пен дүшпандықтың себебі, қанағат, рахым, жалған, жалған дүние мен жалғыздық, қасаң қафіда мен кисындар, сана мен сезім, болмыс пен жаратылыс, адамгершілік пен қатыгездік туралы Монтең мен Абайдың пікірлерін жарыстыра салыстыратын болсақ, онда бұл еңбек-тің аяғына жету үшін бір ғұмыр да аздық ететін жайы бар.

Сондықтан да, Абай айтқандай:

**“Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес”,** — деген пікірді қанағат етуге тұра келеді.

Жоғарыда тізіліп берілген философиялық ұғымдардың әрқайсысы қақында пайымдалған ғылыми еңбектердің өзі кіші-гірім кітапханалардың сөресіне сыймайды. Білім — теңіз. Ал теңіздің сүйнің ащылығына көз жеткізу үшін, оны тойғанша мөлдектетіп ішудің қажеті жок, бір тамшысын таңдайына тамызсан да жетіп жатыр. Сондыктан да құшағың жетпейтін нәрсени құшақтаймын деудің өзі әбестік. Өйткені, Монтең мен Абайдың үштасқан ойларын салыстырып қана ету — жеткіліксіз, олардың айтайын деген пікірінің ортақ екеніне дәлел көлтіріп, түсінік беру керек. Танымның талабы осылай.

Бұл біздің жағдайымызда мүмкін емес және оның аса ділгірлігі жоқ сияқты көрінеді.

Ең бастысы — бұл екі еңбек те еркін ойдың жемісі екеніндегінде. Монтең мен Абай өздерінің өмірлік тәжірибесінен түйген тұжырымдарын адамның игілігіне жаратуға ұсынады. Күнделікті етекбасты өмірдің көріністеріне мән бере назар аударып, жақсылығына — сүйіндіріп, жамандығына — күйіндіріп, ақылға таразы боларлық ғибрат қалдырыды.

Мағыналы өмір сүрудің кепілі — өзіне-өзі синшы бол, әрбір әрекетіне себеп беріп, оны “жүрек-айнасына” түсіріп, көкірегінді шаң қаптырмай тазартып отыру екен. Сондағана толық адам дәрежесіне — кемелдікке жетесін. “Кірлеген жүректі дер кезінде жуып” отырсан — жан сарайын да, рух сарайын да, ар-ұтын да таза қалпын сақтайды. “Өзіне-өзі құн сайын, алта сайын, тіпті болмаса жылында бір есеп алып отырмаған адамды есті кісінің қатарына жатқызуға болмайды” (*Абай*). Мұны Монтең ғұлама да костайды. Ол:

**“Сократ сыйынған тәңірінің: “Озінді-өзің таны” — деген осиетін шын пейілмен орындалап, өзін-өзі дүшпанындаған да, ол данышпан деген атаққа ие болды. Кімде-кім дәл осындаған жолмен өз ішіне үнілсе, оның нәтижесін ешқандай қысытыш-қыттырылмастан жария етуіне болады”** — дейді.

Оінен-өзінің жайғана есеп алуы “толық адам” болу үшін жеткіліксіз екен. Егерде:

“Жан қуатымен адам хаси. қылған өнерлерді қүнде тексересен, (ол) қүнде (устемелеп) асады. Қоғам заман тексермесен, тауып алған өнеріңің жоғалғандығын және өзіңің ол мезгілдеріден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: “Ат мен жоғалдым” — деп, хабар беріп жат-

пайды. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуындан қынырақ тиеді... Жүректі: мақтаншақтық, пайдакунемдік, женіллік, салғырттық — бұл төрт нәрсеменен кірлетпей, таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған нәрсенің суреті жүректің айнасына анық раушан болыш түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңда жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, ия қисық, ия қунғарт көрсетеді. Енді ондай нәрселерден онды ұғым болмайды”, — дейді Абай.

“Жүрек” — адамгершіліктің бейнесі, “ақылдың сауыты” (Абай). “Айна” — ар, ұят. Адам өзін-өзі тексергенде ең бірінші “жүрек айнасына” үнілуі шарт. Яғни, “ар ұялар іс қылдың ба”, жоқ па, соған көзін жетуі тиіс. Ол — табиғатка, адамға, жанды, жансыз нәрсеге жасалған киянат па, жоқ па, бәрібір. Тура осы талапты Монтень де қояды. Ол Абайдың сөзін:

“Табиғат — аданың таңғажайып суретін көз алдына елестете отырып, өзін соның бір бояуы санаған адам... дүниедегі құбылыстың құдіретін толық сезінеді. Мынау айдай әлем — өзінді-өзіңе толық таныттын, бізді құн сайын түзетіп отыратын қасиетті айнаның өзі”, — деп қостағандай болады.

Баяндау тәсілдері, мысалға алған дәйектемелері, ойын жеткізу мәнерлері әр қылыш болғанымен де, айттар ойы және бейнелеп жеткізген тенеуі — бір нәрсе. Айна. Жай айна емес, жүректің айнасы. Ар мен ұятың, адамгершіліктің кіршіксіз айнасы.

Абайдың ең жиі әрі қылыш-қылыш мағынада қолданатын сөзінің бірі — жүрек. Жүрек — кейде тұра мағынасында қолданылса, көбінсе, адамгершілік, тағдыр, көңіл, өмір, махабbat, сезім іспетті жалпылама ұғымды береді. Абайдың шығармаларындағы “жүректің” образы дербес зерттеуді қажет етеді. Және адамды қызықтыратын таңғажайып тақырып. Дегенмен де, “жүрек — айна” дегенді адамгершілікке қатысты қолданды деуге толық негіз бар. Өйткені Абайдың:

Жүректе айна болмаса,  
Сөз болмайды өзгесі.  
Тындағыш каша көп болса,  
Сөз үгарлық кем кісі,

деген өлеңі сол пікірді растайды.

Мұндағы емеуріні: әуелі адамгершілігің болмаса, онда қалған ақылды тыңдамай-ақ қой. Сен сияқты жүргімен емес, “құлағымен тыңдайтындар” онсыз да көп дегенге саяды. Яғни “Көңілсіз кулак — ойға олақ” — дейді.

Даналардың ой тоғысуы — туғызық тылсым. Оған бойлау — ақылға сын. Монтень мен Абайдың арасындағы философиялық ойлардың үндестігі соны аңғартады. Бұл

мұратқа жеткізетін жалғыз-ақ жол бар. Ол — таным. Ал ең қын жол — таным жолы. Сондыктан да ойымызды:

“Жоғарыдағы талдаған пікірлеріме қайта оралыш, қадағалап айтарым мынау: ең бастысы — талғам мен ғылымға деген ма-хаббатты ояту, онсыз біз кітап кемірген есектерді ғана тәрбиелеп шығарамыз”, — деген Монтеңьнің сөзімен аяқтаймыз.

Абай мұны:

“Терінде адам баласы — адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым той демектің бәрі — ақымақшылық”, — деп кысқа қайырады.

Ал бізге бұған қосылудан басқа амал қалмайды. Себебі жөн сөзге қарсы шығып: кімнің “есек” немес “ақымак” болғысы келеді дейсін.

## 20. “ОЙЛЫ АДАМҒА ДУНИЕДЕ ТҮК ҚЫЗЫҚ ЖОҚ...” (Абай және көне қытай философиясындағы “өлім” мәселеци)

Өлімге өлшем жүрмейді. Анығы: кез келген өлім — ұлттық қасірет емес. Құніне мың адам пәнніге келіп, мың бір адам бақиға кетіп жатады. Марқұмдардың әрқайсысына мына жалғандығы исі пенде кірпігін бұлай берсе, дуниенің көз жасы күрғамас еді. Бірақ әр адамның қазасы — аза. Ол — ең алдымен сол адамның рухының өшүі. Айналасы үшін тағы бір шырағының сөнгені. Тіршілікте жанына жақын тартқан жанаңырлары үшін — уайым-қайғы.

Өлімнің өзіне өлшем жүрмегенімен де, сол өлімді өлшейтін сезімге өлшем жүрсе керек. Әйтпесе, бір адам үшін исі адамзат, мұқым ұлт, бір қауым ел, бір ру, бір топ ағайын мәңгілік қара жамылдың отыра алмайды. Қанша қайғырса да белгілі бір мөлшерде сезімін тежейді. Тежей алмаса тағдырын теліміне түскені. Мұның екінші астары — тіршіліктен жалығу, дуниеден құдер үзу, тәркі дуниеге бет алу. Ондай шешімте кез келген пенде бел буып, бетін бұра алмайды. Өлімге бойсыну үшін де сол өлімнің мән-мағынасын, тіршілік философиясын, жалғанның түпкі тұжырымын (“конечный смысл бытия”) түсінген тұлға болуы шарт. Сондай пәрүәрдигер ғана өлімді өлшей алады немесе өлшеуге қақысы бар. Әрбір пенде өлімнің өлшемін кесіп-пішсе, онда осы өмірдің мағынасы жойылуы мүмкін.

Абай — өлімді өлшеген тұлға. Абай қазасы — исі адамзат ойының бір алыбының өлімі, қазақ ұлты үшін қасірет болды. Әрине, оны мұқым дүние аза тұта алмады. Оған Абай емес,

Абайдың отаршыл елдін тепкісінде өмір сүрген заманы кінәлі еді.

Өлімді өлшеп айту — тосын ұғым. Дегенмен де Абай әрбір адамның қазасының үстінде сол адамның бағасын беріп, өлімінің өкініші мен жұбанышын таразылап отырады екен. Тұрагұл Абайұлы: “Әкем айтып отыруши еді: “Қайғы жас жүрекке қатты батады екен. Бәкемнің өліміндегі қатты батқан өлімді көрмедім” — деп (Құдайбердіні — Бәкем деуші еді). Мағауияның өлгендегісін айтқан жок, бұрынғы Оспан мен Әбдірахманның өлімін өлшеп айтып еді”, — деп еске алады.

“Оспанның өлімі — елдік пен ездіктің сыны” — депті.

Әбдірахман дүниеден қайтқанда: “Әбіштей баласы өлген әрбір әке — қалған өмірін өмір сүрдім деп есептемеу керек. Енді несіне өмір сүремін” — депті. Келіні Мағышқа басу айтқан:

*Бір шешеден туғанда  
Бәрінен кетті тәүірім.  
Көтермеске амал жок,  
Көрдім дүние ауырын.  
Аясаңы, апұрмана,  
Әке, шише, бауырын  
... Шыны сорлы мен-дагы,  
Мағаш байқан қараса, —*

деген әкелік өксігі де соны аңғартады.

Мағауияның қазасы тұсында қасіреттің уыты Абайдың бойына толық жайылып кетті. Оған өз өлімі арқылы жауап берді. Мұндай пайымдаулар көп.

Көршілес төлеңгіт елінің сыйлы биі Менәяқ қайтқанда бата оқырға барған Абай: “Менәяқ өзінің атының басын алып жүретін адам еді” — депті. Абайдың бұл өлшеміне риза болмаған ағайындары: “Ол не дегенініз, Абай-ау, Менәяқ өз атының басын ғана емес, рұлы елді билеген адам емес пе?” — депті. Соңда Абай: “Елді билеуден адам өзін-өзі билеуі киын. Жағдайы келсе, бағы көтерілсе әркім таққа отырады. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыро-йын ашатындар көп. Менәяқ содан аулақ жан еді. Оның зор адамдық қасиетінің өзі соңда”, — деп жауап беріпті.

Бұл — дүниенің және адамның ішкі құпиясын білген адамның бағасы. Сондай-ак көңіл жықпас үшін көңіл айтқан мезірет те емес. Өлім арқылы марқұмның тіршіліктері бағасын, тіршіліктері іс-әрекеті арқылы оның өлімінің өлшемін білдірген сұық ақылдың жемісі. Яғни “Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме”, — деген Абайдың өз сөзінің уәжі.

Ал казақ халкының рухани өмірі үшін Абайдың қазасы ешқандай өлшеммен өлшенбейді.

Өлімге соншама сұық қарап, әр адамның қазасын өлшеп отырган Абай өзінің дәл сол жылы, Мағауияның қырқына қарсы өletінін білген. Ағайын жұрты соған дайындалған. Жидебайдан елін көшіріп, Балашақпаққа қоныс жаңғырту — бой жасауға. Елдің басы қосылған жайлауда, кең жерде пәнимен қоштасуды жөн көрген. Келімді кетімді кісілердің “Бауырымдап!” келуіне ынғайлы орын сайлаған. Мұның барлығын Абайдың бір кезде өзі жазып кеткен:

“**Тағдырың жарлығын білесіздер — өзгермейді. Пенде де бір іс бар — жалығу деген. Ол — тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны өзі тапқан емес. Оған егер бір ілксе — адам баласы құтылмағы қын. Қайраттанып, сілкіні тастап кетсөн де ақырында тағы келіп женеді**”, — деген сөздің өз басына келуі еді.

Сүйікті ұлының өлімін “өлшей алмаған” данышпан Абай, оған тенер сөз таба алмай қиналған жок. Сол өлімге өзінің өлімін қосып өлшеуді кейінгіге калдырған.

“Мені дерт мендеп барады. Мағауияның қырқын мерзімінен үш күн бұрын беріндер. Ұзамаспын” — деуі; қөңлін сұрай келген дәрігер Бөжейге: “Менің дертім тәннің дерти емес — жанның дерти. Оған ем журмейді” — деп емделуден бас тартуы; баласының қырқын берген күні күтушілердің бәрін таратып: “Сендерге үш күн мұрсат. Демалыңдар. Үшінші күні таңнан қалмай келіндер” — деп жөн сілтеуі бетін өлімге бүрған пенденің жай емеуріні емес.

Дәл айтқан күні танертең көз жұмған.

Сонда мұның барлығы кездейсоқ өулиелік пе? Жок.

Абай өзінің “жан қуаты мен тән қуатының” сарқылғанын, енді қаншалықты қүшінің қалғанын есептеп болжаған. Болжай отырып:

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,  
Әсте өлмесін білгендей қылым қылған.  
Ажал келіп бас салса, жанды үрласа,  
Омір қайды, сен қайды, соны да ойлан, —

деп, өлімге өзі де бойсынады.

Бұл өлімді әбден зерттеп білген адамның ғана қолынан келетін салқынқандылық. Мұндай салқынқандылық кез келген пенденің, оның ішінде ақылды пенденің қолынан келе бермейді. Ал Цицероннан бергі философтардың барлығы да, Монтень айтқандай, ақылын өлімге дайындалуға жұмсады.

Ең бакытты адам — өзінің бакталайына жазылған ең қын пьесаның соңғы көрінісін жаны қиналмай, сұық

акылмен, тән рахатымен орындағ, Алланың аманатын өзіне ризалықпен қайтарып берген адам. Өйткені, өлім мен өмірдің арасында ымыра жоқ. Иманды үйріп тұрып өтірік айта алмайсың дей келіп Монтень:

“Өлім менің өмірлік әрекетімнің жемісі, менің сөздерім аузымнан ғана шықты ма, жоқ, шын жүргімнен шықты ма, сол сәтте ғана анықталады”, — деп өзінен-өзі сынақ алады.

Абай да өміріне есеп беріп, өлімге бес жыл бұрын дайындалып қойған. Соңғы бес жылда тек қана ажалдың келетін сәтін күтумен күнелткен. Иә, өмір сүрмелеген — күнелткен! Оның мұндай құмығулы көңіл қүйін үйін тінтіп, тергеу үшін келген орыс тыңшылары да байқап. Абайды о дүниеге бет бұрған адам екенін реесми мәліметтерінде баса көрсетіп, жазып кеткен. Соның бір дәлелі:

Өлсем, орным кара жер сыз болмай ма,  
Өткір тіл бір үялашқ қыз болмай ма?  
Махаббат гадаудын майдандасқан,  
Кайран мениң жүргегім мұз болмай ма?  
Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,  
Біреуег жай, біреуег тез болмай ма?  
Асау жүрек аяғын шалыс басқан,  
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?  
Сонда жауап берे алман мен бейшара,  
Сіздерге еркін тиер байқап кара.  
Екі күймек бір жаңға гаділет пе,  
Каны кара бір жаңынин, жаңы жара.  
Жүргімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбак адаммын оны да ойла.  
Соктықпалы, сокпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! —

деген өлең жолдары.

Бұл жай ғана өлең емес. Абайдың соңғы айттар сөзі. Өміріне есеп беріп, өлімге бет бұруы. Ол өзінің үмітсіздігін жария ете отырып, жанын түсіну үшін сауға сұрайды.

1898 жылы жазылған бұл өлең — оның өз өміріне берген қорытындысы. Өзі көп айтатын “жан қуатының” қайта бастағанын сезінген зауалды тұсы. Өлімнен сескенбей, оның бетіне тұра қараган қасіретті кезеңінің басы. Бұдан кейінгі “таусыншаш құндері” сол өлімнің мән-мағынасын талдаумен, өзін-өзі іштей жеумен, ақылын кемітумен өтті. Ойы сан саққа сабылып:

Адам ғапыл дүниені дер: “Менікі”,  
“Менікі” — деп жүргеннің бәрі онықи.  
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Сонда ойла, болады не сенікі? —

деп сұрақ қояды.

Абай дүниедегі ғұламалардың өлімі мен өмірі туралы пайымдауларының біразын ақытмен саралаған адам. Барлық діннің философиясын оқыған, көnlіне тоқыған. Соның ішінде: “Будда діні — мен айналысатын нәрсе екен. Әттең қолыма кеш түсті!” — деп өкінгені белгілі. Абай жай оқырман болып қалатын адам емес. “Будданың” ғұламалық пәлсағасын тереңдеп түсінген. Соған жаңы құмартқан. “Будданың жолын” тани келіп, өзінің ақыл-оыйның жемісін тергісі келді. Бірақ та “акылы кермек татыған” тұста тағы да бір удың дәмін татуға жүргегі дауаламады. Оның кейінгі тұстағы өлеңдерінен бұл сарын анық байқалады. Әрине, мұны Абай дінін айырбастауға ынтыққан екен деп түсінуге болмайды. Будда — Абай үшін танымның бір көзі. Бұрын құпиясын білмеген ғылымның жолын тәнті көру ғана. Бір таңғаларлық жай, әлемді ақытмен табындыған даналардың барлығы да өмірінің соңында осы Буддаға бір соғып, көне қытай философиясын ақылына жұбаныш етіпті. Монтең де, Гете де, Ницше де, Толстой да, Абай да бұл салада қатты қайрат танытып, құлышына кіріспек болған. Бірақ бәрі “қолын тым кеш сермегеніне” өкінген. Мұның өзі зандастықпа, әлде таным таңсықтығы ма, кім білсін. Ұлылардың түсінігінің — тәркі дүниемен аяқталуының өзін қандай сыпат — себеппен түсіндіреміз? О дүниеден рахат іздеу олар үшін мына дүниеден тез құтылудың оңай жолы сияқтанған іспетті бір амалдары емес пе? Бойларын басқан ой мен ақылдың салмағын женілдетудің, одан құтылудың бір тәсілі деп қараған жоқ па екен? Ол да мүмкін-ау!

Ендеше, біз де Абайдың өлімге көзқарасын сол көне қытай дегдарлары мен әлем философтарының ойымен жарыстыра бір талдап көрсек қайтеді. Талдауға жеңіл соғу үшін біз олардың пікірін тырнақшаға алмай, өз атымыздан баяндау арқылы жеткіземіз. Таным жолындағы барлық кілтиппанның тамыры — дүниеден жалығудан басталады. Бірақ соны қалай қабылдап, шешім шығарсан, қалған өмірінің мәні соған байланысты болмақ.

Монтең: “Олімнің өзі — өмірден күтқаратын бостандық, сондықтан оған құшак жая үмтүлу қажет” — дейді. Кун-цзымен (Конфуциемен) ақыл жарыстыған Мен-цзы да соған ден кояды. Ол: данышпандар өзінің тәні мен жаңын дүниенің құлы етпейді. Сондықтан да қуанышы мен қайғысының өлшемі бірдей. Қаранды бақи дүниені, ақылды қамаған ой арпалысын шетке ысырып тастанады. Сөйтіп, Даомен (Мәнгілік өмір иесі) өзі жалғыз бетпе-бет шығады — дейді. Абай да сол сарынмен:

*Қаранғы санырау қайғы ойды женген,  
Еркелік пен достыкты ауыр көрген.  
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты,  
Күнде көріп, тұла бойы жиіркенген, —*

дегіді.

Мұндағы: “каранғы баки дүние” мен “Қаранғы санырау қайғы”, “шетке ысырып таста” мен “еркелік пен достыкты ауыр көру” — деген ұғымдар бір мағынаны білдіреді. Абай: “Қайраттанып, сілкініп тастасаң тағы келіп женеді” — деген тағдырдың жазмышын айтады. Ал тағдырдың иесі — Алла. Демек, бәрі бір жасағанның колында. Соны ақылмен танып, өліммен бетпе-бет жүзdes дегенді емеурін етеді. Бірақ ол бұл пікірге бірден келмеген. Неше түрлі айла-амал қарастырған. “Ақ өлімді” мойындай тұра соған тең келетін дауа іздеген. Алайда:

*“Ақылы түгел, ойлы адамның баласы — осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтанда, ойыннан да, күлкіден де, мақтанинан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көніл аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің айбын көреді, баянсызын біледі, көнілі бұрынғыдан да суи бастайды”.*

Енді не шара? Пенде шіркіннің мына “кейіс дүниеге келгенде” өмір сүрдім дейтін жұбанышы жоқ па? Әлде бәрі де Абай айтқандай “жалығудан” тұра ма?

Нище: “Жан дегеніміз — жалығу, ол тек қызыл сөзғана. Тәнінді күт, сонда мағына бар” — десе; Монтень: “Аз өмір сүрдің бе, ұзақ өмір сүрдің бе, екеуі де өліммен аяқталағын болған соң, бәрібір емес пе? Өзі жоққа айналатын тәнің үшін өмірдің қысқалығы мен ұзындығының пайдасы шамалы” — дейді. Қытай данасы “Хуайнаныңзы” да: сені ештеңе қызықтырмаса, ашуландырмаса, өкіндірмесе, онда баки қараңғылығының өзі сені ең қасиетті қазынаға бастап түр ғой. Онда ақиқат та, өтірік те, туу да, шалықтау да жоғалады — деп уағыздайды. Абай да бұған ой қосып:

*Ақыл мен жсан — “Мен өзім”, тән — “Менікі”,  
“Мені” мен “Менікінің” мағынасы еki  
“Мен” өлемекке тағдыр жоқ әуел бастан.  
“Менікі” — өлсе өлсін, оған бекі, —*

деп тиянақтай түседі.

Мына дүниенің қымбатсынып тұрған бірі жоқ. Өлім — олар үшін ең раҳат тыныштық, барлық қам-харакеттен, азаптан арылудың ақ жолы іспетті. Абай жалғанның бұлай құбылатының да талдаң, оның тұрақсыздығын:

“Дүние бір қалынты тұрмайды. адамның уақыты, өмірі бір қалынты тұрмайды. Эрбір мақұлыққа құдайтағала бір қалынты тұрмағты берген жок. Енді көніл қайдан бір қалынта тұра алады?” — деп баян қылады.

Абайдың мұндағы танытып отырған емеуріні — тіршіліктерінің барлығы қозғалыста. Қозғалыстың соны — жалығу мен токырау. Бұл екеуде өзге өлшемге — өлімге алып келеді — деген тәмсіл. “Хуайнан-цзы” да: “Тірімін, демек, өлімнің қарамағындамын”, — деп жазылған.

Абай болса өзгеге емес, өзін нұқсанап: “Мен өзім тірі болсам да анық тірі емесін”, — дейді.

Мұның себебін, осындай тәркі дүниелік қорытындыға келіп отырған даналардың өзі түсіндірмесе, біздің ой-өреміз оған жетпейді. Тек бәрінің де пайымдауларын жарыстыра келгенде байқағанымыз, олардың “өлім өлшемі” бойынша кез келген данышпан өмірінің бір белесінде дәл осындай тұжырымға келуі тиісті екен. Сократ: “Ой куу дегеніміз — өлімге дайындалу”; Монтең: “Соңғы жантәслім — өмірден жалығудың соңғы сәті” — десе; қытай даналығы: “Шын дана өзінің ішкі тұжырымын санамен бекіткен кезде, бұдан хабары жок адамға олар тірі өлік боп көрінеді” — дейді. Абай да дәл соны растағысы келгендей:

“Әншнейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? — еш білмеймін, сыртым сау болса да — ішім өліп қалынты”, — дейді ой жарыстыра.

Абайдың өзінен бұрын өмір сүрген ғұламалардан айырмашылығы — тіршіліктен үміттенеді. Әлдекандай жұбаныш іздейді. Өзінің “іші өлген” жағдаятын бақильтық занұлылық деп қабылдамайды.

*Тірілтіп өткен күнди, тағы шөлден,  
Осы күнді күн демес карғап, миңеп  
Кейде тилеп бақ пенен тағы тыныштық,  
Кейде қайы, азапты тағы да ізден  
Кейде ойлайды жылауга қайғы зарын,  
Тыныссыз күнде ойлаған дерптін бөрін.  
Кейде онысын жасасырап жүрттап үрлап,  
Кетірер деп мазактан жүрттых арын, —*

деп, өлімнен ойын тартқысы келеді.

Бірақ ақыры соған бойсынып: “ашулансам — ызалана алмаймын. Құлсем — қуана алмаймын, сөйлегенім — өз сөзім емес, бәрі де әлдекімдікі” — деп жұмбақ емеурін ғана танытады. Өзге ғұламаларда мұның барлығы мәнгілік тыныштықпен табысу болып табылады.

Даоның уағызы бойынша: өлім арқылы аспанның аясына

канат қағып. Тәнірдің құшағына еніп, онымен бірдей дағуаға ие боласың. Яғни әлемнің өлшемі — Тәнірдің өзі. Абай сияқты бойын тексеріп, қиналмайды. Даоның жолы — соғылық жол. Ал соғылықты Абай қабылдамайды. Адамды Алланың жолынан тайдыратын бағыт ретінде сынайды:

“Бұл — ұстануға келмейтін, пәндені аздыратын бағыт. Адамның адамға масылдығын уағыздайтын жол. Сен үшін кім өнер құмак, сені кім асырамак, жауыздықпен кім күрес-пек? Өништегін, шындықтан, “кейіс дүниеден” бас сауғалаған бір да ғасан сананың жетегінде кеткеннен не пайда? Соғылық қызып, лін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көнілде, не көрген қүнде бір тыныш-тық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған соғылық?” — деп кейіс білдіреді.

Абайдың өлшемі жалаң ои қуған, ақыл сауған қуакы мен тақуа пәлсағашылардың тақылдақ пайымдауына негізделмеген. Барлық қүйініші мен сүйініші өмірден алынған. Өз ғұмырының пайдасы мен өтеуін есепке алмаған. Абайдың философиясы — өмірлік тәжірибеден туған философия. Оны ескермей “есті кісінің” қатарына қосылмайсың. Абайдың ойының қарапайымдылығы да, курделілігі де сонда.

Ол Даоның тақуаларына ұқсан: өзіммен-өзім болсам жетіп жатыр. Дүниенің түркі мағынасы сол, аспанның аясында үндестік тапсам, мәңгілікке жеткенім демейді. Монтеньге бойсынып:

“Маган салса, құдай дәл қазір жанымды алса да ризамын, жантәсілім сәтінде қиналасам өзге үшін емес өмірім үшін қиналатын шығармын. Мениң жолым ашық; мен өзімнен басқаның бәрімен де жарым-жартылай қоштасып қойғамын” — деп өзімшілдікке де баспайды.

“Ішім өлген”, “Тірі емеспін” десе де, Абай көптің мұқтажы үшін қүйіп отыр. Абайдың дерті өз дерті емес, көптің дерті. Максатының дәл солай екенін:

Мазлұмта жаңың ашып, шин құйсіп,  
Харакет қыл, пайдасы көпке тисіп.  
Көптің қамы әуелден Тәнірі ойлаған,  
“Мен сүйгенді — сүйдің — деп иен сүйсіп  
Көптің бәрі — көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит женіп, көк итті күнде жемек.  
Ғаділет пен мархабат — көп азығы,  
Қайда көрсөң, болып бақ соған көмек,

деп білдіреді.

Ал мұндан “өлімді өлшеуге” аспан асты да тарлық жасайды. Сондықтан да кейде өзінің “ақылына” өзі күйініп:

“Ақымақтық, қайғысызыңық та бір ганибет екен деп ойлаймын” — деп азаптан шығар жолды іздейді.

Өзіне ғана жұбаныш іздесе, онда:

“Біздің өзіміз тірі жүргендіктен ғана — айналамыздағының бәрі тірі көрінеді, біз өлген соң олар да бізben қоса өледі. Бір өлім — екінші өлімнің басы болып есептеледі”, — деп Монтень сиякты қысқа қайыра салар еди.

Абайдың ойы осы араға келгенде түйікқа тіреледі.

Өзінің “өлімнің өлшемін” тауып тұр. Философ ретінде жалғанның жалғандығын баяғыда-ак анғарып койған. Абай үшін “өлімнің өлшемі” жаңалық емес. Бірақ әрбір өлімнен тіршіліктің мағынасын іздеген. Әйтпесе, жат жұртты былай қойып, өзінің бауыр еті — балаларының “өлімін өлшеп бер” деген ешкім жоқ оған. Өзі көнілімен екшеп, ақылымен таразылап отыр. Өлімнің өзінен мағына, көніліне жұбаныш таппак. Мына “сүм жалғанның” бодауы боларлық көпке ортақ ой тұтқасын ұстамақ. Ал ажал құрығының құтқармасын:

*Адамзат — бүгін адам, ертең — топырак,  
Бүгінгі өмір жарқылдан алдар бірак,  
Ертең өзін қайдасын білемісін,  
Өлмек ушін туғансын, ойлан, шырак, —*

деп өлеңмен айтып кеткен.

Абай санасын қамалаған ойдан шығар жолды өзі таппаса да, торығып, түңілгенін “жұртқа жаймай”, көптің көнілін сергіткісі келгендей сәл байыз тауып:

“Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де бір антиғандық және әрбір жаман кісінің қылышына күлсөң, оған рахаттаныш күлме, ыза болғандықтан күл, ызалы күлкінің өзі де қайғы”, — деп өз уайымын өзгеден аулактатып әкетеді.

Кандай азапты ақыл, неткен темір төзім? Ақылға уландым десе — дегендей. Шын күліп, шын сойлей алмаған соң, ойының да кермек татитыны анық қой. Абайды күйдіріп түрған — ақындығы мен азаматтығы. Үлттына деген сүйіспеншілігі. Ал өзге философтар бұл мәселе үшін онша басын ауыртпайды. Тек қана даналықтың емшегін сауған. Әрине, бұл — өзге данышпандарды өз үлттының тағдыры толғандырмады деген пікір тудырмайды. Бірақ дәл Абайдың басындағыдай азапты олар сезінген жоқ. Азат үлттың азат ойшылдары болды. Тәуелді үлттың тәуелсіз ойшылы болудың өзі де адамды тірідей кеміретін күрт қой. Ол — ақылдың, ойдың, намыстың жемісі.

Дао ғұламасы:

“Жалыну мен торығу — жанның есігі мен терезесі” — дейді.

Абай сол “есік пен терезені” таба алмады. Өзінің ақылы мен жанының “есігі мен терезесі” емес, көптің көnlін жұбататын “есік пен терезені” таппады.

Себебі ол — өлім мен өмірдің мағынасын философиялық тұжырым, ғылыми қорытынды шығару үшін іздең жоқ. Ұлттың үшін ақыл азабымен алысты. Жанын жегідей жеді. Сондыктан да қытай тақуалары құсап: “Өлім — азап, шудан құтқарады, қүйіншіті де көрмейсін; танғажайыл кеністікке тап боласын, көзінді қүйбен тіршілікке салмайсын, ақылың еркін самғайды. Қалғып кеткендей бір рахат қүй кеш, өлім өмірінді өлділейді. Туғаның мен өлгенің бірдей болады. Өлім мен өмірдің айырмасы жоқ” — деген тақуалық үағызға қанағаттанбайды. Ондай “женіл олжаны” көсіп көретін Абай емес.

*Саяз жұзер сайдалдар ғапыл қылар,  
Хакиҳат та, дін-дағы тереңінде, —*

деп таным тамырын қаза береді.

Абай “Хуайнань-цзыдағы”: Аспан Тәніріне жанымды аманатқа тапсырғанда, “акылды еркімен жібере отырып”, сонын сонына ерсең пейішке баrasын — деген уәжге де ой жібереді. “Иман — парыз” туралы пікірлері соның айғағы.

Пейіш дегенін бар нәрсе ме? Бар болса — оған кім барады? Ақылы сенбей Абай еш нәрсеге аял қылмайды. Тіпті жұмаққа да сенбейді. Міне, Абайдың касіреті осы. Ол қасірет — ақырат пен ақылдың қасіреті.

Ол өзінің санасын өзі алдап, жанын жалған жұбатқысы келмейді. “Ақ өлімнен” де, “қара өлімнен” де мән іздейді:

*Кім жүрер тіршілікте көніл болмей,  
Бақи қоймас ғанидің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін таба алмассын,  
Терең ойбың телмірін соғына ғрмей, —*

деп. ақыры-сонында ол “мінді” де табады. Мұны “Отыз төртінші сөзінде” ашық айттып, бір түйінді ұстағандай болады. Ол:

“Жұрттың бәрі біледі, өлеңтүшінин және өлім үнемі қартайтып келмейтүшінин, бір алғанды қайта жібермейтүшінин. Қазақ осыған да амал жоқ — наиды, анық өз ойына, ақылына тексерітпе наңбайды. Және: “Намманы жаратқан құдай бар, аниретте сұрау алады, жамандыққа — жазғырады, жақсылыққа — жарылқайды: жазғыруы да, жарылқауы да иенде ісіне үксамайды, бекірек есепсіз қинауы бар, бекірек есепсіз жетістіруі де бар” — деп; “Бәріне сендік” — дейді. Жоқ, онысина мен сенбеймін. Олар: “Сендім!” — десе де, анық ақырат көзі жетіп, ден қойып, үйип сенбейді. Ол екеуіне анық сенген

кісіге уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздең таба береді. Егерде осы екеуіне бұлдыр сеніп отыrsa, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтып түзете аламыз? **Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?** — деп сұрақ қояды.

Неткен сұық ақыл! Исі адамзат данышпандары көніл тоқтатып, адамның жұбанышы сол болар деп үнсіз қалдырыған мәселеғе де Абайдың ақылы байыз таппайды. Шындығында да, о дүниенің барлығы рас, ол қандай — оған ақыл жетпейді. Абай мұны мойындаиды. Бірақ жұмақ па ол, жоқ, гайып дүниесі ме? Сол жұмактың өзінде мағына бар ма? “Абай сынына толмаған сөзді аузына алмайды” — деп замандастарының айтқан сезінің бір шындығына дәлел осы.

Жаңағы пендені дәметтірген екі үміт — екі үдай қүйге түсу, екіге жарылу — деген сөз. О дүние мен бұ дүниенің қызығын қатар көремін деудің өзі — күпірлік. Екі дүниені қатар алдама. Бакидағы қызықтан үміттенсөн — бұ дүниеде жанынды аялама, еңбек қыл, ақылынды сау, дүмше, дүмбіlez тіршілік кешпе дейді.

Байлықты — барлық, қызықты — жұбаныш, саулықты — мәнгілік кепіл деп ұкла. Осы өмірде көрген қызығына о дүниеде сұрау бар. Сонда иманды жолдас ете аласың ба, жоқ па? Оған қандай сенімің бар? Жалған намыс, “сөз сауған мактан”, бопса мен құкай, мәрттігі жоқ “мырзалақ”, қақарсыз карғану, салмақсыз ант қай мұратыңа жеткізеді? Екі үшты сенім — сенім бе?

Бұл сұракты қытай ғұламалары да қояды. Олар:

“Даңқ пен билік, байлық пен пайда — бұлар өктемдіктің құралы, бірақ сол қолынды тәнірғе ұсынып, он қолынмен өзінді-өзің бауыздай аласың ба, бұған нақұрыс та келіспейді. Демек, өмір Тәнір дүниесінен де қымбат дегенің ғой?” — дейді.

Іә, пенде атаулы байлықтан бас тартып, өзіне-өзі кол салмайды. Өлімнен өмірді жоғары қояды. Демек, әлгі Тәнірғе сендім дегені қайда? Абай осыны талдай келе:

“Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көнілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы — олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айту мүмкін емес. Олай болғанда қай адамның көнілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы — ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса — мұсылман емес”, — дейді қатал қабакпен.

Яғни екі өмір, екі өлім, екі тумақ, екі тірілмек жоқ. Бәрі де бір-ақ беріледі. Ендеше ол дүниенің, не бұл дүниенін

қамын же. Алланы да, адамды да алдама. Бір — өмірге, бір — өлімге дайындал. Сол үшін күрес деген қағида ұсынады.

Өмірді қадірлемесең өлім де сені қабылдамайды. У Гуан барлық байлығын тәрік етіп Тәнірінің құшағына кіремін деп өзін-өзі іірімге лақтырды. Бірақ оны Тәнірім қабылдамады. Себебі, тәні мен жанын қадірлемеді — дейді қытай данышпандары. Абай да өмірден мысал алып, бұл ойды:

“Егерде екі нәрсе кез болса: бірі — ахиретке керекті, бірі — осы дүниеге керекті, бірін алса — екіншісіне тимейтүғын болса; сонда біреу ахиретке керектіні алмай: “Екінші бір кез келгенде алармын” — деп, “Жоқ, егер кез келмейтүғын болса, кең құдай өзі қеңшілікпен кешірер — тағы, мына кезі келіп түрганда мұны жіберіп болмас” — деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге саткан жоқ деп науға бола ма? ... Тілеуді құдайдан тілемей, пеңдеден тілеп, ... құр “Ой, Тәнір-ай!” — деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?” — деп корытады.

Расында да, екі дүниенің бірдей алдағанның несі адам? Монтең де, Ницше де, Мен-ізы да, Абай да өлімге тұра қара дегенді ұстанады. Болмыстың билгіне көнестің. Ендеше санаңа сабыр бер. Тәнірге сен. Бар жұбаныш — соның қолында дегенге Абай өзінше қырынан келеді. О дүниедегі көретін қызығынды өзің білесің. Бірақ мына дүниеде тату, дос бол. Рахатын бірігіп көр дей келе:

“Адам баласына — адам баласының бәрі дос. Не үшін десен:

дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің — бәрі бірдей;

ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, маңшарда сұрауың бірдей;

екі дүниенің қайғысына, пәлесіне — қаупің; екі дүниенің жақсылығына — рахатың бәрі бірдей екен;

бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе бірің қонақ екенсің, өзің де дүниеге қонақ екенсің;

біреудің білгендігіне білмestігін таластырың, біреудің тағына, малына күнdestік қылыш, іә көрсекқызарлық қылыш көз алартпақ лайық па?” — деп өсiet etedі.

Иә, бұл Абайдың өсietі. Өлеңінде де соны баса айтып:

*Қай қызығы татиды кү өмірдин,  
Татуды — араз, жақынды — жат қытарға!* —

деп сауал қояды.

Қайталап айтамыз, бұл — өлім мен өмірдің мән-мағынасын талдайтын философиялық пайымдау емес. Өситет. Абайдың өситеті.

Сонда нені медет тұтып, неге мойынсын дейді? Өлімге ме, өмірге ме? Екеуі де емес — иманға сен:

“Иман — Алланың ... пайғамбар арқылы жіберген жарлығына мойынсынып, иланбақ, Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның нахтығына акылмен” жетпек. Екінші — оқып, үйрену арқылы иман келтіріп, соны берік ұстап қалу керек. Біреу өлтіремін десе, мың кісі мың түрлі қорлық көрсетсе де, одан айнымай, шыдау керек”.

Өзге амал жок. Өзін де, өзгөн де, адамды да, Алланы да, өмірді де, өлімді де, иманды да алдау — арсыздық. Мәселе — мұсылман дінінің тіліндегі “көлимаға келтіру туралы” парызында емес, ол барлық діннің уәжінде бар. Соңғы сөзің — жаңынды бір Жаратушыға аманат тапсыруға бағышталуы тиіс.

Иманның салмағы ауыр. Зілді. Иманды алдаған адам — өз мәйітін өзі қорлаған адам. Абай жантәсілім сәттегі психологияны саралаудың киындығын түсінеді. Соңдықтан да иманның кадірін ерекше бағалайды. Ол иманды, антты бұзған:

“... Мұндай пенденің жүзі күйсін!” — дейді.

Қарғыспен тең сез! Бұдан откен қарғыс болмайды.

Мағынасы: өз мәйітіндегі, өз өлігіндегі, шіритін дененде, өшкен рухынды сыйла. Тым құрыса, соларды қорламай өл! — деген иман үкімі. Бұл үкімді Абай:

*Дүниеге дос — ахиретке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей орынға алмас  
Дүниеге — ынтық, машинаға — аматыздық,  
Иманың түгел деуге аузым бармас, —*

деп қостайды.

Тірі адам — тірлігін жасайды. Өлгендеге — иман парыз.

Адам — өмірге жылап келеді, кейіп өлеңді. Оның медеті, “көр жолдасы” (Абай) тек қана — иман.

Демек, “Өлімнің өлшемі де” — иман!

Абайдың Өлімге көзқарасы қатты түнгілуден барып қалыптасқан. Ол өмірді жек көрмейді. Қызығын иманға айырбастамайды. Бейіштің бағынан да, хор қызынан да, жұмақтың төрінен де дәме етпейді. Оны бір жаратушының еркінеге қалдырады. Тек қана: “Көр жолдасым — иман болса екен?” — деп тілейді. Бар тілеуі:

*Сен есірке, тыныши үйықтат, бак созиме! —*

деген жалбарынуға пара-пар өкініші ғана.

“Есірке!” — дейді!

Озінің құсалы жанына бұдан басқа лайықты сөзді таба алмайды.

“Есірке!..”

О, опасыз өмір! Пендені соншама зәрезеп етіп, запы кылғаны несі екен? Жаны қысылғанда:

*Күйесін, жүрек, күйесін,  
Күгениңнен не пайда  
Дүниеде нени сүйесін.  
Өмір кайда, дос кайда? —*

деп көмекке шақырғандай болады.

“Есірке!...” — дейді тағы да!

Шың жалықкан екен-ау, жарыктық? Аясақ етті! Есіркесек етті тірісінде!

Абайдың өзі бұлай құмығып өткенде, расында да:

*Ойлы адамға дүниеде түк қызық жок, —*

екен гой дейсің.

Қандай үрейлі, зілді, ауыр әрі қатал, бірақ ғаділетті сөз!

Абай қазакта жалғыз. Сол жалғыздықтан құсалы болды.

Мұның тауқыметін оның өзі:

“Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені.  
Қапашылдықтың бәрі соның басында!” — деп айтып кетті.

Абай — акыл майданында жалғыз қалған адам. Алла, мұндай жалғыздықтан сактасын!

Абайдың жанына үңілсен — үрейленесің!

Тәні де, Жаны да мынау жалғаннан жалықкан.

Бетін теріс қаратып алып, тірі адамға тіл қатпай үш күн жатып, таң алдында: “Ух, келген екен гой!” — деп ажалдың келгеніне қуанғандай боп курсініп, тіршіліктен уланған ішкі жалыны сыртқа бір-ақ шығыпты.

Ақылдан уланған сана солай тыным тапты. Ақылдың азабы — қарғыспен тең екен гой! Ақыры, “Өлген орны — кара жер — сыз болды”. Жеке зират бүйірмады. Қабірі үш рет қазылды. “Есірке, тыныш үйықтат, бақ сөзіме” — десе, дегендей еттік-ау!..

Енді есіркейік, тыныштық тап, “куйіп тұрып сүйген жүрек!..”

## **21. “МЕН КЕЛМЕСКЕ КЕТЕРМІН... ”**

*(Абайдың үрім-бұтагы немесе сөз соңы)*

Өзінің өлімі арқылы мұқым ұлтты ойландырып, сол ұлттың кешегісі мен бүтінгісінің, ертеңінің мұддесін біріктіріп кететін ұлы тұлғалардың бірі — Абай Құнанбайұлы. Өйткені ол өз заманына дейінгі ісі көшпелілер әлемінің дүниетанымының, рухани болмысының, парасатының, көркем ойының барлық мүмкіндігін бойына сіңірген және сол арқылы адамзат санасының дамуына үлес косқан дана.

Өз халқының тарихы тағдыр талқысына түскен шакта еркін елінің отаршылдықтың бұғауына ұшыраған тәуелді тұсында дүниеге келген ақын ойшыл туған ұлтының жан бостандығы үшін барлық ақыл-ойын сарқа толғады.

Көшпелі дәүірдің ең соңғы, өркениетті заманының ең бірінші ұлы ойшылы ретінде ұлттық психологияның аса қарама-қайшы шиеленіскең сәтінде өмір сурғендіктен де ол “соқтықпалы, соқпаксыз” ғұмыр сүрді. Сондықтан оның жеке басы-ның өмірі де, үрпактарының тіршілігі де аса зауалды қүйді басынан кешірді. Нобель сыйлығының лауреаты Герман Гессенің:

**“Қорыта тұжырымдағанда Гете дегеніміз — өмірден соққы жеген кәдімгі жазушыдан да жоғары ұғым, кәдімгі ұлттың үйіткісі дегенин де аскәқ бейнен... Оның барлығына көз сұғымды қадауга тырыссам-ақ болды, менің көз алдыма мұлдем басқа, жаңа, бізге бейтаныс, келбеті әлі ашылмаған, ешкім тереніне сұңғаш көрмеген аса жұмбақ Гете — Гете ғұлама елестейді”, — деген пікірі Абайдың да дәл келеді.**

Кез келген ұлы тұлғалар іспетті Абай да өзінің өмірін құсалықпен аяқтады. Оның ғұмыр кешкен жағдайында бұдан өзге сыйбага құту де заман табиғатына жат еді. Ұлтының отаршылдық құрсауында рухани тұншығуы, қазақтарды жаппай қүштеп шоқындыру, жазалау жасақтарын жіберіп қырып тастап, даланы көшпелілерден тазарту, жазуларын өшіріп, тарихын ұмыттыру туралы патшаның саясаты ақынның жанына батты.

Ұлтының ғұмыры түйікка тіреліп, жардың жағасында тұрғанын сезген Абай елінің соңғы жойылып біту қасіретін көрігісі келмеді. Өмірден тунделді. Құтуші келіні Қемәлияға: “Биыл мен өледі екенмін” — деп алдын-ала ескертуі соның айғагы. Ол ел-жүртінан оқшаулаңып, көп кісімен сөйлеспей, үнемі үнсіз ойланып, тұнғиық күн откізген. Өмірінің соңында қолына қалам да, кітап та алмаған. Сөйтіл, “атадан — алтау, анадан — төртеу” бол туған Абай өз өмірін жалғыздықпен аяқтады.

1904 жылы мамыр айында өзінің күтушісіне айтқан аян-үкімі орындалды. Қыр еліне исі Еуропа мен Шығыстың мәдениетін сепкен Абайдың дәстүрін ілгері дамытады деген ен сүйікті шәкірті, үшінші ұлы Мағауия ауыр дерттен дүниеден қайтты. Бұл — Абайдың рухани үмітінің үзілүі еді.

Құсаға құса қосылып, қайғыға қайғы жамалды, Абайдың жүргегін аза жайлады. Өлімнің жакындағанын сезген ол Мағауияның қырқын мерзімінен үш күн ерте бергізіп, үшінші күні бетін ел-жүрттан теріс қаратып жатып, Шығыстаудың сыртындағы Балашақпак деген жерде дүниеден өтті. Оның денесін сырғауыл бесікке салып, жұз шақырым жердегі Жидебайдағы қыстауға әкеп жерледі. Абайдың қырқын Семей қаласында берді. Сол күні тұнде үлкен ұлы Ақылбай кенеттен қайтыс болды. Абай ауылы үш бірдей өкінішті қазаға үшшырады.

Сол жылы ел ішінде жұт болып, мал мен жан күйзеліске түсіп, казақ ұлты қатты қиналыска жолықты.

Шындығында да, бұл бүкіл Абай тұқымының басына түскен зауалдың басы еді. Жыл өткен сайын өлімге өлім, азапқа азап қосылып, бір кезде исі қазаққа үлгі болған үрпактан XXI ғасырға жалғыз ғана тұқым аманат жетті. Екі некеден туған жеті ұл, үш кыздан қалған үрпак сол ғана. Олар тосын дергтен кеткен жоқ, барлығы да патшалық, содан кейін кеңестік жазалау саясатының құрбаны болды.

Күғындау мен жер аударылудың нәтижесінде Абайдың ата мекенінде бірде-бір тұқымы тұрмайды. Бұл қазақ тұрмысында кездеспейтін аса қасіретті көрініс. Бұл мағлуматтарды айтпай Абайдың үрім-бұтақтарының басына түскен зауалды түсіндіру және түсіну мүмкін емес. Иси адамзаттың қазақ даласындағы ақыл-ойының шамшырағы атанған Абайдың артында тірі қалған үрпактары да осал емес болатын. Олар әке ісін одан ары жалғастырды. Шығыс халықтарында әке дәстүрі катаң сакталғандықтан да, ұлы ойшылдың үрпактары әкесіндей болмаса да, соған үқсан бақты, соның жолын үстады. Өкінішке орай, қазақ ұлтын бодан еткен Ресей империясында азаттық пен демократияға, рухани бостандыққа жол ашыла қоймады. Патша түсында да, кеңес екіметі кезінде де ұлттың зияльшарын жаппай жазалау, бас еркін шектеу, мысын басу, атып, жер аудару саясаты мемлекеттік басты шараға айналды. Сондай ауыр да қасіретті қүй ең бірінші Абай үрпактарының басына төнді. Бұл жөнінен алғанда, Абайдың шығармаларынан ғори үрім-бұтақтарының жолы болмады.

Абай үш рет неке қильған. Ен үлкен бәйбішесі Ділдәға он алты жасында үйленген. Ол казактың анызға айналған

би Қаз дауысты Қазыбектін тұқымы, Алшынбайдың Жүсіп деген баласының қызы. Ділдә Абайдан екі жас үлкен болатын. 1924 жылы мойынсеріктің тұсында дүниеден қайтты. Ділдәдан Ақылбай (1861-1904), Әкімбай (1866-1874), Әбдірахман (1869-1895), Мағауия (1870-1904), Гүлбадан (1863-1932), Райхан (1871-1896) атты алты бала көрді. Ал екінші әйелі өзі ұнатып қосылған Айгерімнен (1856-1918), Тұрагул (1875-1934), Мекайыл (1884-1931), Ізкайыл (1895-1929), Кенже (қыз, 1901-1932) есімді төрт бала дүниеге келді.

Абайдың көзі тірісінде және өзімен катар өлген балала-рынан басқаларының барлығының да 1924-1934 жылдардың арасында шаһит болғанын жақша ішіндегі цифрдан байқауға болады. Бұған сол жылдардың аумағында көз жұмған 8 немересін, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жеті шөбересін коссаныз, ұлы ақынның үрпактарының қандай заман зауалына ұшырағанын аңғару қыынға соклады.

Қазақ дәстүрімен үйленген үшінші әйелі Еркежаннан бала сүймеген. Абайдың інісі Оспаннан көтерген Еркежан-ның сәбилері ерте шетінел кеткен. Абай осы Еркежанның отауында дүние салды.

Кеңес өкіметі тұсында жалғыз Абайдың емес, Абайдың әкесі Құнанбайдың да өзге балалары қуынға тұсті. Оның басты себебі: Құнанбай кезінде тек төре тұқымдары ғана сайланатын аға сұлтандық қызметке сайланып, “карадан шыққан хан атанғандығы”, Меккеге барып қажылық етіп, қасиетті қалаға “Тақия” — мейманхана салдыруы еді. Қарағандыға қарайтын Қарқаралы қаласындағы “Құнанбай мешіті” әлі де бар. Құнанбай да, Абай да және өзге де тұқымдары 1924 жылға дейін өз аймағындағы билікті өзгеге бермеген болыс, билер еді. Сондай-ақ заманың ауқымын, дүние өркениетінің бағытын, ел болашағын, құнделікті саясаты және оның астарын қалт жібермей бағып, өзіндік бағдар жасап, іс-әрекетін белгілейтін өте сауатты, елін сүйген, талантты тұқым болатын. Ол екі биліктің тұсында да жалған даурықпаға ілеспеді.

Абайдың үлкен ұлы Ақылбай ақын, композитор болды. Ол Кавказдағы ұсақ үлттар өмірінен “Дағыстан”, Африкадағы тайпалар туралы “Зұлыс”, Шемілдің үлт-азаттық көтерілісі жөнінде “Шеміл” дастандарын жазды. “Ақылбайдың әні” атты ән осы күнге дейін ел ішінде аса ынтамен тыңдалады. “Жаррах” деген дастаны бүгінгі күнге жетпеді. “Медғат-Қасым” дастаны ғана сакталған. Абайдың колжазбалары мен балаларының шығармаларын және суреттерін, үй іші заттарын конфискеге ұшыраған тұсында Жағыпар

Магауияұлы оны Ділдө мен Әйгерімнің зираттарының қасына көміп кетеді. Ишагы Жағыпарқызы елуінші жылдары арнайы топшен іздел барып қаздырганда көмбені біреу үрлап әкеткені анықталады. Сейтіл, бұл — Абайдың және оның балаларының рухани тоналуы болып шықты.

Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман Томскіде, одан кейін Санк-Петербургтағы Михайлов артиллерия училищесінде оқып, әскери қызмет істеп жүрген кезінде Алматы қаласында сырқаттан қайтты. Оның Рахила атты жалғыз қызынан калған Ай (Мағрипа) Бестәмиқызы Жаймурзина Алматы қаласында тұрды.

Тағдыр зауалына үшірал, ерте дүние салған осы үшеуінен басқа Абай тұқымының барлығы да кенес түсінда әділетсіз қуғын-сүргіннің кесірінен қаза тапты. Шыққан тегі бай болғандықтан да Абай шығармалары 1933 жылға дейін даудамайдың арқауы болды. Одан кейін де оның көзқарастары бүрмаланып көрсетіліп келді. Ұлттық бодандық, рухани бостандық, діни еркіндік, таным қақындағы шығармалары теріс түсінлірді. Ал 1927-1931 жылдардың арасында Абай тұқымының бірде-біреуі өзінің туған жерінде қалмады. Сол кездегі үштіктің тілімен айтсақ “байшыл-буржуазияның кәкір-шүкірінен (халам) толық тазартылып, тамырымен жұлдынып бітті”.

Абайдың Әйгерімнен туған үш ұл, бір қызы бұл азапты түгелдей бастарынан өткерді. Ел ағасының орнын Тұрағұл Абайұлы басты. 1917 жылы қазактың тұнғыш саяси партиясы “Алаштың” басқарма мүшесі, халық биі болды. “Алашорда” үкіметінің құрамына кірді. 1919-1920 жылдары кенес үкіметі алаштықтарға кешірім жариялаған соң Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов іспетті мемлекет қайраткерлері Тұрағұл Абайұлының аулынан баспана тапты.

Қазак автономиясының “Алаш Орда” үкіметінің негізін қалаушылар тұтқындалған кезде Тұрағұлға да тергеу жүргізілді. 1927 жылы жер аударылды. Баспалап жүріп Ташкент қаласының маңына орналасты. 1932 жылғы ашаршылықта Алматыға келіп, тұрмеден жаңа ғана босаған жазушы Мұхтар Әуезовтің көмегі арқылы үкімет басшысы Ораз Исаевқа жолықты. Ол осы 1932-1933 жылдары “Әке туралы” естеліктер мен “Абай шығармаларының жазылу тарихы” атты еңбектерін М.Әуезовтің үйінде жатып жазды. Бұдан бұрын да М.Горькийдің, Неверовтің, Дж.Лондонның әңгімелерін қазақшаға аударған болатын. Құғынға үшыраған Тұрағұл Абайұлы 1934 жылы Шымкент қаласында жасырынып жүріп Мәкен деген қызының қолында қайтыс болды. Сүйегі Шымкенттегі қорғасын заводының астында қалды.

Ізкайыл мен Мекайыл Абайұлдарының тағдыры да осының көрін құшты. Ізкайыл 1929 жылы қуын мен тергеудің нәтижесінде 34 жасында өмірмен қоштасты. Ал Мекайыл Абайұлы мен Шәкерім Құдайбердіұлының өмірін кеңес өкіметінің жалдаптарының туралап атқан оғы қиды. Шәкерім Құдайбердіұлы — Абайдың немере інісі. Құнанбай-дын Құдайберді деген баласынан туған. Жасынан жетім қалғандыктан Абай бауырына салып тәрбиелеп өсірген. 1905-1906 жылдары Стамбол, Каир. Бағдад, Мекке шаһарларына сапар шегіп, қажылықпен қоса кітапханаларды да қарап шыққан. Лев Толстоймен жолығып, Шопенгауэрдің философиялық ішімдері туралы пікір алmasып, хат жазысқан. “Жолсыз жаза”, “Қалқаман-Мамыр”, “Қазак -қырғыз һам хандар шежіресі”, “Әділ мен Мария”, “Үш анық”, “Ләйлі-Мәжнүн” іспетті дастандар мен прозалық романдардың, философиялық толғаулардың авторы. “Алашорданың” төбе биі болған.

1907 жылдан бастап Шыңғыс тауының сыртындағы жалғыз үлі тошаласына жеке коныстанып, жалғыз өзі өмір сүрген. Жиырмаға тарта ән шығарған. Қазактың философиялық поэзиясы мен философиялық ағымының негізін қалаушылардың бірі.

1931 жылы Шыңғыстау ауданының түрғындарының барлық малы тартып алғанған соң ел-жүртты ашаршылық жайлады. Бұған шыдамаған халық кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. НКВД-нің А. Қарасартов бастаған жалдаптары иен қыстауда жалғыз жатқан Шәкерімді ұстап, далада атып өлтірді. Сүйегін құдықтың ішіне тастайды. Араға тура 30 жыл откен соң Ахат Шәкерімұлы әкесінің сүйегін тауып алып, Абайдың Жидебайдағы зиратының қасына жерлейді. Абайдан кейінгі қазактың ұлы ақыны, философы 1989 жылыға ғана акталды. Ол орыс, фарсы, түркі, араб тілдерін жетік мәнгерген еді.

Мекайыл Абайұлы да сол 1931 жылғы қарулы көтерілісті үйімдастырушылардың қатарында ұсталып, Абайдың қүйеу баласы Саниязбек Медеуұлы Оразбаевпен бірге атылып кетті. Бұл көтерілістің әділетті іс үшін басталғанын тарих актады. Мекайыл Абайұлы қазақ халқын жорта ашаршылыққа үшіндірып, даланы олардан босату туралы әуелде патшалық самодержавие жоспарлаған, кейіннен большевиктер, сталиндік-голощекіндік “коммунистік колонизаторлық” (С. Сәдуақасов) жүйе жүзеге асырған қырып-жою әрекетіне қарсы күресіп, елінің қамы үшін каза тапты.

Абайдың белінен тараған ұлдарының көзін осылай құртқан кеңес өкіметі оның немерелерін де жазасыз

қалдырған жок. Бішкек, Таңкент, Тоқмак, Жамбыл қаласына жер аударылған немерелері ашаршылықтың зардабын тартып, саяси күтінің сүргінінде жүріп қыншылықпен көз жұмды. Әубәкір Ақылбайұлы аскан шешен, кісін бетке қаратпайтын суырып салма ақын болған. Інісі Исрайылмен қосылып Огинскийдің “Полонезін”, Моцарттың “Түрік шеруін”, татардың “Бала Мискенін”, “Цыган қызы Аза” тағы да басқа романстар мен қазақ қүйлерін скрипка, мандолин, домбыра, сырнай, гитараға қосып, оркестрмен музика ойнайтын болған. Бұған бүкіл Абай ұрпақтары қосылған. Оларға еуропалық өнерді арнайы үйреттірген Абай еді. Ақылбайұлы Әубәкір “Шыңғыс таумен қоштасу” атты өлеңінде өзінің тағдырын, құғынға, тәргіге, ашаршылыққа ұшырағанын толғана жариялады. Ақыры, босқында жүріп көз жұмды. Зұбейір Тұрағұлұлы осындай тауқыметпен 1933 жылы пәнимен қоштасты. Абайдың аса бір үмітті немересі Жебірейл Тұрағұлұлы 1930 жылы Таңкент қаласында Орта Азия ауыл шаруашылық мақта институтында оқып жүргендеге отті. Әниші, әдебиетші, күйші болатын.

Абайдың үміт еткен сүйікті ұлы, еуропалық романдары мен өнерін ел ішінде насиҳаттап, ауызша таратушы, әдебиет сыншысы ретінде танылған Мағауия Абайұлының отбасы да ауыртпалықты қөп көрді. Абайдың бірінші әйелі Ділдә 1924 жылы (кей деректе 1926 жылы. Біз М.Әуезовтің дерегіне жүгіндік) кіші ұлы Жағыпардың қолында дүние салды. Жағыпар 1927 жылы тәргіге түсіп, бас паналап орыс ішіндегі Ульба-форфост деген жerde қоныс аударып, мұғалімдік етеді. Мағауияның әйелі Дәмегөй және Мұхтар Әуезовтің жары болған, таптық түрғыдан қүйінді бол, арандатушылардың кесірінен ажырасып тынған Кәмилә Мағауияқызы Қазақстан мен Қырғызстанның біраз жерін қайғылы қам көңілмен аралап, өмір сүру үшін қажырлықпен талпынып, ақыры ашаршылықтан сүзіліп жүріп, Арқага аты шыққан ару осы Жағыпардың шаңырағында 1932-ашаршылық жылы дүниенің опасыздығы туралы опық жеп жатып күрсіне көз жұмды. Араға екі жыл салып барып Жағыпар да өмірмен қоштасты. Сөйтіп, 1934 жылы Абайдың ең соңғы ұлы мен немерелері толықтай “тамырымен қылыш”, қенес өкіметі мақсатына толық жетті.

Тек Бішкекке кетіп (жер аударылып), ашаршылық жылдары тігіншілік өнері қолғабыс тигізіп, базарга такия, қамзол, орамал іспетті ұсак-түйекті тігіп, соны сатып күнелткен Үәсілә Мағауияқызы ғана аман қалды. 1934 жылы қазақтың опера және балет театры ашылғаннан кейін Мұхтар

Әуезов Үәсиләні сонда үлттық киім тігетін шебер етіп орналастырды. Үәсилә өте зерек, алғыр, Абайды көзі көрген парасатты адам еді. Ол өзінің тігіншілік өнері арқылы жиырма жылдың ішінде толықтай жоғалуға айналған үлттық өрнектер мен киім үлгілерін қалпына келтіріп, қазақ өнерінің жаңа арнасының дамуына зор үлесін қости. Үәсиләнің үлгісімен тігілген киім-кешектер Абай атындағы опера және балет театрының, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында әлі де пайдаланылып келеді. Қазір де соған қарап қошпелі өмір тұсындағы қазақтың киіз үй жиһаздары мен киім үлтісін, ою-өрнектерін, қолданбалы өнер бүйімдарын сол Үәсиләнің үлгісіне қарап жасайды. Үәсиләнің және Бәстәми Мұсабаевтың, Әрхам Үсқақовтың, Қатпа Қорамжановтың (Абайдың күтүшісі болған) әңгімелерінің негізіне сүйене отырып, Абайдың рухани баласы Мұхтар Әуезов “Абай жолы” эпопеясын жазды. Ол дүние жүзінің отыздан астам тіліне аударылды. Лениндік және Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Үәсилә Мағауияқызы 1954 жылы Алматыда жерленді.

Тағдырың тәлкегімен сан-саққа бытырап, әр жердегі балалар үйі мен жатақтарда өмір сурғен Абайдың шөберелері бір-бірін жақын танымастан Ұлы Отан соғысына аттанды. Ғабдісәлам және Әлихан Әубекірұлы Ақылбай немересі, Енгіман мен Ехсан Әбдірахман немересі, Берекехан мен Жошыхан Мағауия немересі, Ғұзайыр мен Әлішер Мекайылұлы Абай немересі, Токташ Зікайылұлы Абай немересі, Алпаш (Алғарсылан) Жебіреілұлы Тұрағұл немересі және Ищағы Жағыпарқызы Мағауия немересі, жиыны он үл бір қыз майданға катысты. Олардың арасынан екеуі ғана Алпаш Жебіреілұлы мен Қыыр Шығыста авиаполкта болған Ищағы Жағыпарқызы ғана аман оралды. Алпаш Жебіреілұлы 1990 жылы Алматыда қайтыс болды.

Тағдыр тозағының торынан сүзіліп шықкан Абай үрпактарының XXI ғасырға тірі жеткендері — Мәкен Тұрағұлқызы Абай немересі (2000 жылы дүниеден кайтты), Ищағы және Фазел Жағыпарқыздары, Ай (Мағырипа) Әбдірахман немересі, Құлзипа және Нәзипа Исырайылқыздары Ақылбай немересі. Үлдан жалғыз-ақ еркек кіндікті қалды. Ол — Айдар Бағыфурұлы Ақылбаев, 1949 жылы туған. Геолог. Оның жалғыз ұлы Данияр Санкт-Петербургтегі гидрометоргеология институтының мұхиттану (оceanология) факультетін тәмамдады. Қазақтың тұңғыш Жан Кустосы бола ма, жоқ па, оны болашақ қөрсетеді. Ал ондай мүмкіндік Даниярдың тегінде (генасында) бар. Бұл шежіреге

казақ дәстүрі бойынша Эбдірахманнан басқа қыздан тараған тұқымдарды қосқамыз жок.

Айта кететін бір жайт, қудалауға түскен тек қана Абай ұрпактары емес, исі Үрғызбай тұқымдары да сол күнді басынан кешірді. Соның ішінде Абаймен бірге туысқан он баланың біреуі Смағұлдың үрімі еш хабарсыз гайып болған. Абайдың тұнғыш кітабын 1909 жылы Сант-Петербургтан шыгарған Қекітай Ыскакұлы Құнанбаевтың Даниял атты мемлекет қайраткери болған ұлы 1930 жылы бір рет ұсталып босатылды да. 1937 жылы ату жазасына кесілді Әрхам Қекітайұлы Абайдың Семеидегі мұражайының іргесін қалады. Ақын турасында естелік қалдырыды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге көп үлес қосты. Әрхамның үрім-бұтақтары өзінің туған жерінде тұрады.

Сондай-ақ 1927-1931 жылдары Үрғызбай тұқымдарын жаппай жазалау науқанында большевиктік террор мен "коммунисттік колонизаторлық" саясатқа қарсы болған Абайдың бірге туған ағаларының балалары Бердеш Құнанбаев пен Зият Шәкерімұлы Құдайбердиев 1931 жылы Қытай жеріне ауып кетті. Зият Шәкерімұлы Шығыс Түркістанда мәдени үйірме ашып, газет шығарды, ойын-сауық үйірмесін құрды. 1938 жылы НКВД-ның барлаушылары үстап әкетті. Зиятты Монгол Республикасында атылды деген жорамал бар. Анық-қанығы белгісіз. Зият пен Бердештің балалары елуінші жылдардың аяғында казақ еліне қайтып оралды. Олардан еркек кіндікті ұрпактар бар. Бердеш Әзімбайұлы отанына қайтып келген соң да тергеуге алынды. Бірак жаппай кешірім жариялаған жарлық шыққан соң босатылып, өзінің туған жерінде қайтыс болды.

Сейтіп, соңғы жетпіс жылдың ішінде Абайдың екі әйелінен туған 10 баласы мен 19 немересінен жалғыз-ақ ұл бала қалды.

Шәкерімнің Сұфиян, Fafur, Қабыш атты ұлдары да кеңестің құғынында ажал тырнағына ілікті. Fafur 1929 жылы түрмеде өзіне-өзі қол салды. Скрипкашы, музықант, ақын Қабыш Шәкерімұлы 1932 жылы ашаршылықта айдалада қаңғып өлді. Кәмилә Fafurқызы тірі. Ахат Шәкерімұлы ұзақ жылдар бойы шет жақта тасаланып жүріп, 1961 жылы елге қайтып оралды. 1984 жылы дүние салды. Дәулет Физулиұлы Ахат немересі Алматыда.

Жарық дүниеге келген әрбір адамның ұрпактарының үзілүі үлкен қасірет. Сол ұрпакпен бірге тектік негіз де (генафонд) жойылады. Оны қайта қалпына келтіру құдіреті күшті табиғаттың да қолынан келмейді. Оның ішінде тектік

әрі рухани мәйектің өшіүі ұлт үшін орны толмас өкініш. Белгілі бір тек сол халықтың рухани жұбанышы және ұлы тұлғаның ұлт ішінде өмір сүргендігінің тарихи кепілі.

Әлем тарихына көшпелілер әлемінің қайталаңбас ұлы парасаты мен адамгершілік сезімінің, ақыл-ойының жиынтық тұлғасы ретінде үлес қосқан Абайдың рухани көркем әлемі мен оның үрім бұтақтарының дамуы арасындағы тағдырының керегар сыйын толық түсіндіріп беру мүмкін емес. Абайдың үрпақтары туралы сөз қозғағанда қуғындалды, атылды, жер аударылды, ашаршылықтан өлді деген тіркестердің жиі қайталаңуы ұлттың тағдырының бостандықта дамымағанын көрсетеді. Зорлықпен танылған өлім бүкіл Абай үрімін отап түсірген дүлей күшке үқсайды.

Бұл тек ұлы тұлғалардың ғана қасіреті емес. исі ұлттың қасіреті еді.

Сондықтан да қазақ елі тәуелсіздік алған тұста Абай сияқты әлемдік тұлға арқылы өзінің рухани күші мен мәдени өресін, тәуелсіз ұлт ретінде еркін өмір сұруге кепілдігі бар екенін дүние жүзіне дәлелдеуге мүмкіндік алуы — қазақ ұлты үшін тарихи құбылыс және өте онтайы келген сәт. Осы арқылы түйікка тірелген өмір соны тыныспен жана арнаға жол табатыны күмәнсyz.

Біз соған сенеміз және кепілдік береміз.

## МАЗМУНЫ

“ҚАЙФЫ ШЫФАР ІЛІМНЕН...” (Ой қайрағы) .....	3
1. “ТҮЗЕТПЕК ЕДІМ ЗАМАНДЫ...” (Абай және отарлау саясаты) .....	12
2. “ӨЗ ҚОЛЫҢНАН КЕТКЕН СОҢ ЕНДІ ӨЗ ЕРКІН...” (Абай және рухани бостандық мәселесі) .....	19
3. “ӨНКЕЙ ЖАЛҒАН МАҚТАНМЕҢ, ШЫННЫҢ БЕТІН БОЯДЫ” (Абай және жалған намыс, орынсыз мактан мәселесі) .....	34
4. “ЖАЛЫНАМЫН, МҮНДАЙ СӨЗ АЙТПА БІЗГЕ ...” (Абай және идеологиялық тәуелсіздік мәселесі) .....	51
5. “ӨЗІМДІКІ ДЕЙ АЛМАЙ ӨЗ МАЛЫНДЫ...” (Абай және экономикалық тәуелсіздік мәселесі) .....	66
6. “БАС-БАСЫНА БИ БОЛҒАН ӨНКЕЙ ҚИҚЫМ ...” (Абай және тәуелді билік мәселесі) .....	89
7. “ҚУ ТІЛМЕН ҚҰЛЫҚ САУФАН ЗАҢЫ ҚҰРЫСЫН ...” (Абай және дәстүр мен тәуелді заң мәселелері) .....	110
8. “АДАМДЫ СҮЙ, АЛЛАНЫҢ ХИҚМЕТИН СЕЗ...” Абай және діни таным мәселелері .....	100
9. “ИМАН ИЗДЕ!...” (Абай және шоқындыру саясаты) .....	182
10. “САУДАСЫ АР МЕН ИМАНЫ...” (Абай және “әулие әкейлердің” миссионерлік ілім) .....	200
11. “ОЙЫНДА ЖОҚ ОЛАРДЫҢ, ШАРИФАТҚА ШАЛАСЫ...” (Абай және шоқындыру мектептері) .....	221
12. “КӘПІР КӨЗДІН ДУНИЕДЕ АРАНЫ ҮЛКЕН...” (Абай және православиелік жазалау саясаты) .....	241
13. “ҚӨҢІЛДЕ – ҚАЙФЫ, ҚАЛЫҢ ЗАР, АЙТАТҰҒЫН СӨЗІМ БАР...” (Абай және Ницше) .....	262
14. “АТА-АНАФА КӨЗ ҚУАНЫШ...” (Абай және баланың еркін тәрбиесі) .....	281
15. “ЫНСАП, ҰЯТ, АР, НАМЫС, САБЫР, ТАЛАП...” (Абай және “тольк адам” мәселесі) .....	294
16. “БҮЛ СӨЗІМДЕ ЖАЛҒАН ЖОҚ...” (Абай және ұлттық намыс мәселесі) .....	301
17. “ЖЫЛЫ ЖҮРЕК СУЫНДЫ, ЖАРА ТҮСТІ...” (Абай және Гете) .....	320
18. “МҰНЫ ЖАЗҒАН КІСІНІҢ АТЫН БІЛМЕ, СӨЗІН БІЛ!..” (Абай және исламияттағы жадиттік бағыт) .....	349
19. “ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІКІ...” (Абай және Монтень) .....	375
20. “ОЙЛЫ АДАМҒА ДУНИЕДЕ ТҮК ҚЫЗЫҚ ЖОҚ...” Абай және көнег қытай философиясындағы “өлім” мәселесі) .....	384
21. “МЕН КЕЛМЕСКЕ КЕТЕРМІН...” (Абайдың үрім-бұтағы немесе сөз соны) .....	398

Художественное издание

**ЖҮРТБАЙ Тұрсын Құдакелдіұлы**  
**КҮЙЕСІН, ЖҮРЕК... СҮЙЕСІН...**  
*(Абай “Жан бостандығы...”  
немесе рухани тәуелсіздік)*

*(на казахском языке)*

Редакторы *К.Хамзакызы*  
Көркемдеуші редакторы *Н.Нұрмұханбетов*  
Техникалық редакторы *Ф.Овчиникова*  
Терген *Л.Темірбекова*  
Каттаушы *А.Биданеева*

ИБ № 239

Теруге 4 01.01 жіберілді.  
Басуға 5.07.01 қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік № 1 қағаз.  
Карп түрі “Таймс”. Шартты баспа табагы 21,4.  
Есептік баспа табагы 23,0. Таразымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 558. Бағасы келсімді

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және қоғамдық көлім министрлігі ЖШС “Санат”  
баспасы, 480012, Алматы қаласы,  
А.Байтұрсынулы көшесі, 65 “А”.

Кітап ЖШС “Санат” баспасының компьтерлік  
орталығында өрерліп, қатталды.

Республикалық мемлекеттік қазынашылық  
көсіпорын “Жедел басып шыгару баспаханасы”  
480016. Алматы қаласы, Д.Конаев көшесі 15/1-үи.



**Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай-**  
1951 жылы 15 тамызда туған. Жазушы, ғалым,  
филология ғылымдарының докторы.

“Қоңыр қаз”, “Жүргімде-жұмыр жер”,  
“Бесқарыгер, жер бесік”, “Дара тұлға”, “Бейуақ”,  
“Дұлыға” (1-2кітап) “Кетбұға”, “Бесігінді түзе!...”,  
“Талқы”, тағы басқа да жиырмада жынық  
кітаптары жарық көрді. Шығармалары мен зерттеу  
еңбектері 15 тілге аударылған.

Қазақстан жазушылары одағының Ш.Құдайберді-  
ұлы атындағы “Алаш” және І.Жансұтқұров атындағы  
әдеби силықтардың лауреаты. “Құйссін, жүрек...  
сүйесің” атты бұл шығармасы ұлттық рухани  
тәуелсіздік мәселесіне арналған алғашқы зерттеу  
болып табылады.

**Тұрсын  
ЖҰРТБАЙ**

**“Құйесін,  
жүрек...  
Сүйесің.”**